



Пайдалану нұсқаулығы



FORESTER



SUBARU

Алғы сөз

Сатып алған SUBARU автокөлігіңіз құтты болсын. Бұл нұсқаулықта SUBARU автокөлігіңіздің жағдайын жақсы күйде ұстау және пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті ақпарат бар. Сізге осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуды ұсынамыз, өйткені бұл сізге автокөлігіңіздің құрылысы мен жұмысын жақсы түсінуге көмектеседі. Осы нұсқаулыққа кірмеген және автокөлікті жөндеу, техникалық қызмет көрсету және реттеу ерекшеліктері туралы қосымша ақпарат алу үшін әрқашан өз автокөлігіңізді сатқан SUBARU дилеріне немесе жақын маңдағы SUBARU дилеріне жүгіне аласыз.

Осы нұсқаулықтағы барлық ақпарат, техникалық сипаттамалар мен иллюстрациялар жарияланған кезде жарамды. SUBARU CORPORATION компаниясы алдын ала ескертпестен, автокөліктің техникалық сипаттамалары мен құрылымына өзгертулер енгізу құқығын сақтап қалады және бұрын сатылған автокөліктерге осындай немесе ұқсас өзгертулер енгізу міндеттемелерін мойнына алмайды. Осы пайдалану нұсқаулығы модельдің барлық модификациясы үшін қолданылады және барлық жабдықтың, соның ішінде өндіруші зауытта опция ретінде орнатылған қосымша жабдықтың сипаттамасын қамтиды, сондықтан кейбір түсіндірмелер сіздің автокөлігіңізге орнатылмаған жабдыққа қатысты болуы мүмкін.



Өтініш, автокөлікті кейін сатқанда осы нұсқаулықты оның ішінде қалдырыңыз. Ондағы ақпарат автокөліктің жаңа иесіне де қажет болады.

ЕСКЕРТПЕ: «SUBARU дилері» термині кез келген ресми SUBARU дилерін білдіреді.

SUBARU CORPORATION компаниясы, ТОКИО, ЖАПОНИЯ

«SUBARU» тауар белгісі және алты жұлдыздан тұратын шоқжұлдыз бейнеленген логотип — SUBARU CORPORATION компаниясының сауда белгілері.
© SUBARU CORPORATION, 2021

Осы нұсқаулықта бензиндік қозғалтқыштары бар және сол жақтан басқарылатын автокөліктер сипатталған.



002038

Кепілдік міндеттемелер

Кепілдік міндеттеменің толық сипаттамасы, оған кепілдік қолданылатын жағдайлар және ерекшеліктер «Кепілдік кітапшасында» берілген. Өтініш, кепілдік шарттарымен мұқият танысыңыз.

Осы пайдалану нұсқаулығын қолдану тәртібі

■ Автокөлігіңіздің пайдалану нұсқаулығын қолдану

Автокөлікті пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Онда баяндалған пайдалану ережелерін сақтаудың арқасында қауіпсіздігіңіз қамтамасыз етіледі және автокөлігіңіз ұзақ мерзім қызмет етеді. Осы ережелерді сақтамау салдарынан ауыр жарақат келіп, автокөлігіңізге зақым келуі мүмкін.

Осы нұсқаулықта 14 тарау бар. Әр тарау қысқаша мазмұннан басталады, бұл Сізге қажет ақпараттың бар-жоғын тез анықтауға мүмкіндік береді.

1-тарау. Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары

Бұл тарауда орындықтар мен қауіпсіздік белбеулерін пайдалану ережелері, сондай-ақ қауіпсіздік жастықтарын пайдалану кезіндегі сақтық шаралар берілген.

2-тарау. Кілттер, құлыптар және әйнеккөтергіштер

Бұл тарауда автокөліктің кілттерін, құлыптары мен терезелерін пайдалану тәртібі келтірілген.

3-тарау. Бақылау аспаптары және автокөлікті басқару құралдары

Бұл тарауда индикаторлардың, көрсеткіштердің және бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері, сондай-ақ басқару құралдары мен басқа да ауыстырып қосқыштарды пайдалану тәртібі туралы ақпарат берілген.

4-тарау. Климат-контроль жүйесі

Бұл тарауда климат-контроль жүйесімен жұмыс істеу туралы ақпарат берілген.

5-тарау. Аудиожүйе

Бұл тарауда автокөлігіңіздің аудиожүйесімен жұмыс істеу туралы ақпарат берілген.

6-тарау. Салон жабдығы

Бұл тарауда автокөлігіңіздің салонында орнатылған жабдықты пайдалану тәртібі сипатталады.

7-тарау. Қозғалтқышты оталдыру және автокөлікті басқару

Бұл тарауда қозғалтқышты оталдыру және автокөлікті басқару туралы ақпарат берілген.

8-тарау. Көлік жүргізу бойынша кеңестер

Бұл тарауда автокөлікті әртүрлі жағдайларда басқару ерекшеліктері туралы ақпарат, сондай-ақ автокөлікті қауіпсіз жүргізуге қатысты бірнеше кеңес берілген.

9-тарау. Төтенше жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

Бұл тарауда қозғалыс кезінде пайда болатын әртүрлі ақаулардың тәртібі сипатталған, мысалы, шинаның тесіліп қалуы, қозғалтқыштың қызып кетуі және т.б.

10-тарау. Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау

Бұл тарауда автокөлігіңіздің тамаша сыртқы көрінісін сақтауға қатысты ұсыныстар берілген.

11-тарау. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Бұл тарауда SUBARU ресми дилерінде автокөлігіңізге жоспарлы техникалық қызмет көрсету мерзімі туралы ақпарат берілген, сондай-ақ автокөлікті жарамды күйде ұстау бойынша ұсыныстар беріледі.

12-тарау. Техникалық сипаттамалар

Бұл тарауда автокөлігіңіздің өлшемдері, отын құю сыйымдықтары туралы ақпарат және басқа да техникалық сипаттамалары келтірілген.

13-тарау. Қосымша ақпарат

Бұл тарауда кейбір елдерде ұсынылуы міндетті қосымша ақпарат беріледі.

14-тарау. Әліпбилік көрсеткіш

Көрсеткіш осы нұсқаулықтың мазмұнының әліпбилік тізімін білдіреді. Бұл қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі.

EyeSight жүйесі бар модельдер үшін

EyeSight жүйесі туралы толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз.

Жинақтамасына қарай суретте көрсетілген автокөлік оған орнатылған жабдық тұрғысынан сіздің автокөлігіңізден өзгеше болуы мүмкін.

■ Ескерту жазбалары

Осы нұсқаулықта НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АБАЙЛАҢЫЗ және ЕСКЕРТПЕ жазбалары бірнеше рет кездеседі.

Бұл жазбалар Сізге немесе басқа адамдарға жарақат келтіруі ықтимал қауіпті жағдайлар туралы ескертеді.

Сізден ескерту жазбаларының астында келтірілген ақпаратты, сондай-ақ осы нұсқаулықтың басқа бөліктерін мұқият оқып шығуды сұраймыз. Бұл Сіздің автокөлігіңізді қауіпсіз пайдалану принциптерін жақсы білуге көмектеседі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ жазбасы назарыңызды белгілі бір жағдайға аударады, оны елемей ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

АБАЙЛАҢЫЗ ескерту жазуы белгілі бір жағдайды білдіреді, оны елемей автокөліктің зақымдануына, жарақаттануға немесе жоғарыда айтылғандардың жиынтығына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

ЕСКЕРТПЕЛЕРДЕ автокөлігіңізді тиімді пайдалану туралы кеңестер немесе ақпарат берілген.

■ Ескерту белгісі



Нұсқаулықта көлбеу сызықпен сызылған шеңбер кездесетін болады. Мәнмәтінге қарай бұл белгі «Тыйым салынады» немесе «Рұқсат етілмейді» дегенді білдіреді.

■ Қысқартулар тізбесі

Осы нұсқаулықта кейбір қысқартуларды таба аласыз. Бұл қысқартулардың мәндері төмендегі кестеде келтірілген.

Қысқарту	Мәні
ABS	Тежегішті бекіту жүйесі
A/C	Ауа кондиционері
ADB	Бейімделетін шалғай жарық жүйесі
ALR	Қауіпсіздік белбеуі тартқышының автоматты түрде бекітілуі
ALR/ELR	Қауіпсіздік белбеуі тартқышының автоматты түрде бекітілуі / қауіпсіздік белбеуі тартқышының апаттық бекітілуі
AVH	Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы
AWD	Толық жетек
BSD	Көзден таса аймақтарда кедергіні анықтау функциясы
CVT	Сатысыз трансмиссия
CVTF	Сатысыз трансмиссия сұйықтығы
EBD	Тежеу күшін электронды түрде үлестіру
ELR	Қауіпсіздік белбеуі тартқышының апаттық бекітілуі
GPS	Орынды жаһандық анықтау жүйесі

Қысқарту	Мәні
INT	Үзік-үзік
LED	Жарықдиод
MPW	Максималды рұқсат етілген салмақ
OBD	Борттық диагностика жүйесі
Rear MPAW	Арты оське түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме
RON	Зерттеу әдісімен анықталған октан саны
SI-DRIVE	SUBARU Intelligent Drive (SUBARU интеллектуалды жетері)
SRH	Бейімделетін бұрылыс фаралары
SRS	Қосымша бекіту жүйесі
SRVD	Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі
TPMS	Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі

Автокөлігіңізде қолданылатын белгілер

Төменде автокөлігіңізде қолданылатын белгілердің мағынасы түсіндірілген.

Белгі	Мәні
	НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
	АБАЙЛАҢЫЗ
	Осы нұсқаулықтармен мұқият танысыңыз
	Қорғаныс көзілдірігін киіңіз
	Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар
	Балалардан сақтаңыз!
	Оттан қорғау керек!
	Жарылу қаупі бар!

Автокөлікті басқару кезіндегі сақтық және қауіпсіздік шаралар

■ Қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөліктегі барлық адам автокөлік қозғалысы басталғанға ДЕЙІН қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек.** Әйтпесе, күрт тежеу кезінде немесе апат орын алғанда ауыр жарақат алу қаупі артады.
- **Апат жағдайында ең жоғарғы қорғанысты қамтамасыз ету үшін жүргізуші мен барлық жолаушы автокөлікте әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс.** Қауіпсіздік жастықтары болғанымен, қауіпсіздік белбеулерін тағу керек. Қауіпсіздік жастықтары ауыр апат кезінде жүргізуші мен жолаушыларды тек қауіпсіздік белбеулерімен бірге оңтайлы қорғауды қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттілігін елемей, тіпті Сіздің автокөлігіңіз қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, апат кезінде ауыр

жарақат алу немесе өлім қаупін арттырады.

- **Қауіпсіздік жастығы өте жоғары жылдамдықпен және күшпен ашылады.** Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс жайғаспау салдары қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы ашылуы үшін орын жеткілікті болуы қажет, сондықтан жүргізуші рульден мүмкіндігінше алыс, бірақ сонымен бірге автокөлікті толық бақылауды сақтай отырып, орындықтың арқалығына сүйеніп, әрдайым тік күйде отыруы керек. Алдыңғы орындықтың жолаушысы орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытуы керек және орындықтың арқалығына сүйеніп, тік отыруы қажет.

Нұсқаулықтар мен сақтық шараларға қатысты келесі бөлімдерді мұқият оқып шығыңыз.

- Қауіпсіздік белбеулері жүйесіне қатысты «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін (☞56-бет) қараңыз.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты «SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша бекіту жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)» бөлімін (☞99-бет) қараңыз.

■ Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік қозғалысы кезінде баланы тізеге немесе қолға алып отыруға болмайды. Апат орын алғанда жолаушы баланы жарақаттан қорғай алмайды, өйткені бала жолаушы мен автокөлік салонындағы басқа заттар арасында қысылып қалады.
- Омыраудағы және кішкентай балаларды тек АРТҚЫ орындыққа бекітілген бала бекіту құрылғыларында тасымалдау керек. Бала бекіту құрылғысы баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес келуі керек. Бала арнайы бала бекіту

құрылғысы үшін тым үлкен болса, онда қозғалыс кезінде оның қалпын АРТҚЫ орындыққа қауіпсіздік белбеулерімен бекіту керек. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес, баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Баланың орындыққа тұрып алуына немесе оның тізерлеп отыруына жол бермеңіз.

- 12 жастағы және одан кіші және бойы 1,5 м немесе одан аласа баланы АРТҚЫ орындыққа немесе бала бекіту құрылғысына немесе штаттық қауіпсіздік белбеулеріне әрдайым бекітіңіз. Қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен өте тез ашылатындықтан, 12 жастағы немесе одан кіші, бойы 1,5 м немесе одан аласа, сондай-ақ тасымалдау кезінде қалпы бекітілмеген немесе нашар бекітілген бала жарақат алуы және тіпті өліп кетуі мүмкін. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады.



Ескертуші жапсырма
А) ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдына БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орнатылған орындыққа балаларды тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын ЕШҚАШАН теріс қаратып орнатпаңыз, бұл баланың ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫНА әкелуі мүмкін.
- Бала артқы орындықта отырған кезде есіктердегі бала бекітпесі механизмін міндетті түрде «ЛОСК» күйіне ауыстырыңыз. Егер бала есікті кездейсоқ ашып жіберсе, автокөліктен құлап кетіп, ауыр жарақат алуы мүмкін. «Есіктердегі бала бекітпесі механизмі» бөлімін (☎159-бет) қараңыз.
- Балаларды тасымалдаған кезде жолаушылар есіктеріндегі әйнеккөтергіштер құлыпталуы тиіс. Әйтпесе, бала электр әйнеккөтергішті іске қосып, жарақат алуы мүмкін. «Терезелер» бөлімін (☎159-бет) қараңыз.
- Балаларды, ересектерді немесе жануарларды автокөлікте қараусыз қалдырушы болмаңыз. Олардың кездейсоқ іс-әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіріп, салдарынан олар өздері де, айналасындағылар да жарақат алып қалуы мүмкін. Сонымен

бірге ыстық немесе шуақты күндері жабық автокөліктегі температура тез көтеріліп, көліктегі адамдарға ыстық өтуге немесе оларды өлімге жетелеуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

- Автокөліктен шығып бара жатып, барлық терезені жауып, барлық есікті құлыптаңыз.
- Жүксалғыш есігінің электржетегі бар модельдерде бұл есік біршама күшпен қозғалады. Жүксалғыш есігі адамды қысып қалса немесе оған соғылса, жарақат келуі мүмкін, сондықтан келесі сақтық шараларды сақтаңыз.
 - Жүксалғыш есігінің электржетегін қосар алдында оның жанында балалардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
 - Балаларға жүксалғыш есігінің электржетегін қосуға рұқсат бермеңіз.

Нұсқаулықтар мен сақтық шараларға қатысты келесі бөлімдерді мұқият оқып шығыңыз.

- Қауіпсіздік белбеулері жүйесіне қатысты «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін (☎56-бет) қараңыз.
- Бала бекіту құрылғылары жүйесі жөнінде «Бала бекіту құрылғылары» бөлімін (☎72-бет) қараңыз.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне қатысты «SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша бекіту жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)» бөлімін (☎99-бет) қараңыз.

■ Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары (улы газ)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарымен дем алудан аулақ болыңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында көміртегі тотығы, түссіз және иіссіз көміртегі тотығы газы бар, ол тыныс алғанда қауіпті немесе тіпті өлімге әкеледі.

- Қозғалтқыштың газ шығару жүйесін жақсы күйде ұстау арқылы пайдаланылған газдардың автокөлікке енуіне жол бермейсіз.
- Кіру және шығу кезінде қысқа мерзімді кезеңдерді қоспағанда, қозғалтқышты жабық жайда, мысалы, көлікжайда жұмыс істепін қоймаңыз.
- Қозғалтқышы оталып тұрған автокөлікті тұрақта ұзақ тұрғызбаңыз. Мұндай жағдай мүмкін болмаса, желдеткішті қосу арқылы автокөлікке сырттан ауа беріңіз.
- Желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету жүйесінің ауа қармауышының алдыңғы торы әрдайым қардан, жапырақтардан және ауа легіне кедергі келтіретін басқа заттардан таза болуын қамтамасыз етіңіз.
- Пайдаланылған газдар көліктің салонына кіріп жатыр деген күдік болса, шұғыл түрде ақауды анықтап, оның көзін жою шараларын орындаңыз. Егер сізге әлі де сапар шегу қажет болса, көліктің барлық терезесін толығымен ашыңыз.

- Пайдаланылған газдардың автокөлік салонына енуіне жол бермеу үшін қозғалыс кезінде жүксалғыш қақпағының жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.

■ Автокөлік жүргізу және алкоголь

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алкогольді ішкеннен кейін автокөлік жүргізу өте қауіпті. Қандағы алкоголь реакцияңызды баяулатады, жағдайды көру мен бағалауды нашарлатады, зейін қоюды әлсіретеді. Алкогольді тіпті аз мөлшерде тұтынғаннан кейін автокөлік жүргізеңіз, онда өзіңіз, автокөлігіңіздегі жолаушылар немесе айналаңыздағы адамдар ауыр жарақат алуы немесе қаза табуы ықтимал апаттың орын алу қаупі артады. Оған қоса, алкоголь апат салдарынан алған жарақаттың ауырлығын арттыруы мүмкін.

Алкогольді ішкеннен кейін автокөлікті басқарудан бас тартыңыз.

Мас күйде автокөлік жүргізу – жол-көлік апатының жиі кездесетін себептерінің бірі. Алкоголь адамдарға әрқалай әсер ететіндіктен, оны тұтынғаннан кейін

қандағы алкоголь деңгейі заңда рұқсат етілген деңгейден аспаса да, қауіпсіз жүргізу дағдыларын жоғалтуыңыз мүмкін. Сіз үшін ең қауіпсізі — алкогольді ішкеннен кейін ешқашан рульге отырмау.

■ Автокөлікті басқару және дәрілік препараттар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дәрі-дәрмектердің кейбір түрлері бар (рецепт бойынша да, онсыз да сатылады), олар реакцияңызды баяулатуы, қоршаған ортаны көру мен бағалауды нашарлатуы және зейін қоюды әлсіретуі мүмкін. Осындай дәрі-дәрмектерді қабылдағаннан кейін автокөлікті жүргізе отырып, өзіңіз, автокөлігіңіздегі жолаушылар немесе айналаңыздағы адамдар ауыр жарақат алуы немесе қаза табуы ықтимал апаттың орын алу қаупін арттырасыз.

Егер қандай да бір дәрілік препараттарды қабылдасаңыз, міндетті түрде емдеуші дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз немесе дәріге қоса берілген нұсқаулықтан дәріні қабылдау салдары автокөлікті басқару қабілетіңізге әсер ете ме жоқ па, соны нақтылаңыз. Ұйқы келтіретін немесе қауіпсіз жүргізу дағдыларыңызға өзге де жағымсыз әсер ететін қандай да бір дәрілік препараттарды қабылдағаннан кейін рульге отырмаңыз. Егер қандай да бір дәрілік препараттарды қабылдау

денсаулығыңызға байланысты болса, олардың ықтимал әсері туралы емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Егер сіз мидың жұмысына әсер ететін тыйым салынған препараттардың әсерінде болсаңыз, ешқашан автокөлікті басқарушы болмаңыз. Сіздің денсаулығыңыз бен амандығыңыз үшін біз мұндай препараттарды қабылдамауға, ал есірткіге тәуелділік қалыптасқан жағдайда тиісті емдеу курсынан өтуге кеңес береміз.

■ Шаршаған немесе ұйқы келген күйде автокөлік жүргізу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шаршаған немесе ұйқы келген күйде реакцияңыз баяулайды, қоршаған ортаны көру мен бағалау нашарлайды, зейін қою қабілеті әлсірейді. Бұл жағдайда автокөлік жүргізу кезінде автокөлігіңіздегі жолаушылар немесе айналаңыздағы адамдар ауыр апатқа ұшырауы мүмкін.

Шаршасаңыз немесе ұйқыңыз келсе, көлікті тоқтатып, қауіпсіз орынды тауып, жақсылап тынығып алыңыз. Ұзақ сапарға шығу кезінде демалу үшін ауық-ауық аялдап тұру керек. Мүмкіндігінше автокөлікті басқа біреумен алмаса отырып жүргізіңіз.

■ Автокөлікті басқаша жабдықтау

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Навигация жүйесінің және/немесе SUBARU аудиожүйесінің түпнұсқа блогын алып тастамаңыз. Навигация жүйесінің және/немесе SUBARU аудиожүйесінің түпнұсқа блогын алып тастасаңыз, онда артқы көрініс камерасы мен көмекші жолақтардан алынған кескін (қашықтық маркерлері, динамикалық бағыттауыштар және автокөліктің габариттік енінің сызықтары) бұдан былай көрсетілмейді.
- Автокөлік артқа жүргенде автоматты тежеу жүйесімен (RAB) жабдықталған болса, онда осы жүйе, сондай-ақ нысандардың анықталғаны туралы ескерту функциясы қосылған болса да, RAB жүйесінің визуалды ескертуі көрсетілмейді. Алайда дыбыстық ескерту және осы жүйенің басқа функциялары жұмыс істей береді.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлігіңіздің конструкциясына өзгерістер енгізуге тыйым

салынады. Конструкциялық өзгерістер оның пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігі мен қызмет ету мерзіміне теріс әсер етуі, сондай-ақ мемлекет белгілеген нормативтердің бұзылуына алып келуі мүмкін. Оған қоса, автокөлігіңіздің құрылымдық өзгерістерінің салдарынан туындаған зақымға немесе жұмыс проблемаларына кепілдік берілмеуі мүмкін.

■ Автокөлікті басқару және мобильді телефон

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік жүргізу кезінде телефон арқылы сөйлеспеңіз. Бұл назарыңызды алаңдатып, апатқа әкелуі мүмкін. Мобильді телефон арқылы сөйлесу үшін жолдан шығып, қауіпсіз жерге тұраққа тұруыңыз керек. Кейбір елдердің заңдары автокөлік жүргізу кезінде тек дауыс зорайтқыш байланыс жүйесі бар телефондарды пайдалануға мүмкіндік береді.

■ Навигация жүйесімен жабдықталған автокөлікті басқару

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Навигация жүйесін қолдана отырып, сапар шеккенде жүргізушінің басты назары автокөлікті жүргізуге бағытталуы керек. Автокөлікті жүргізгенде навигация жүйесін басқару құралдарын қолданбау керек. Автокөлік жүргізуге тиісінше назар аудармау салдары апатқа әкелуі мүмкін. Навигация жүйесін басқару құралдарын пайдалану қажет болса, жолдан шығып, қауіпсіз жерге тұраққа тұруыңыз керек.

■ Жануарларды тасымалдау

Жануарларды тасымалдау кезінде олар назарыңызды алаңдатпауы және автокөлік жүргізуге кедергі келтірмеуі керек. Автокөлік соқтығысқан немесе күрт тоқтаған жағдайда жануарлар немесе жануарлар салынған торлар салон ішінде қозғалатын болса, сізге, автокөлігіңіздегі жолаушыларға жарақат келуі мүмкін. Оған қоса, мұндай жағдайларда жануарлардың өздері зардап шегуі мүмкін, сондықтан оларды тасымалдау кезінде автокөлік салонындағы қалпы бекітілуі керек. Үй жануарыңызды қауіпсіздік белбеуін пайдаланып, артқы орындыққа бекітуге болатын арнайы тасымалдау қарғысымен бекітіңіз. Немесе жануарларды тасымалдауға арналған контейнерді қолданыңыз, оны артқы орындыққа бекітіп, қауіпсіздік белбеуін контейнердің тасымалдау тұтқасынан өткізіңіз. Жануарларды немесе олар салынған контейнерлерді автокөліктің алдыңғы жолаушысының орындығына, тіпті олардың қалпы бекітілген болса да, тасымалдаушы болмаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін үй жануарларыңызды бақылайтын ветеринарға, жергілікті жануарларды қорғау қоғамына немесе зоодүкенге хабарласыңыз.

■ Шиналардағы қысым

Айына кемінде бір рет, сондай-ақ әрбір алысқа сапар шегетін кезде әрбір шинадағы, соның ішінде қосалқы дөңгелек шинасындағы (орнатылған болса) ауа қысымын тексеріңіз және қажет болған жағдайда реттеңіз.

Қысымды тек шиналар салқын кезде тексеріңіз. Өлшеу үшін манометрді қолдана отырып, шинаның қысымын шина қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында келтірілген нормативтік мәндерге сәйкес реттеңіз.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Шиналар мен дискілер» бөлімін (☎548-бет) қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналардағы қысым өте төмен болған кезде жоғары жылдамдықпен жүру шиналардың қатты деформацияға ұшырауына және тез қызуына әкелуі мүмкін. Температура күрт көтерілсе, протектор қабыршақтануы және шина бұзылуы мүмкін. Осыдан кейін автокөлікті басқара алмай қалып, апаттық жағдай туындауы мүмкін.

■ Жолда және жолсыз жермен жүру

Сіздің автокөлігіңіз кроссоверлер санатына жатады. Кроссоверлер, әдеттегі автокөлік түрлеріне қарағанда, төңкерілуге әлдеқайда бейім болып келеді. Автокөлігіңіздің клиренсі, әдеттегі жеңіл автокөліктерге қарағанда, биік, ал ауырлық ортасы аса жоғары, ал бұл оның төңкеріліп кету қаупін арттырады. Оған қоса, автокөлігіңізді басқару және әртүрлі маневрлерді орындау басқа автокөліктерден өзгеше. Осыған байланысты автокөлікті басқара алмай қалудан, оның төңкерілуінен және басқа да апаттардан туындаған ауыр жарақатты немесе өлім-жітімді болдырмау үшін төмендегі бөлімді мұқият оқып шығыңыз және ондағы нұсқаулар мен сақтық шаралады орындаңыз. «Жолда және жолсыз жермен жүру» бөлімін (☎469-бет) қараңыз.

■ Аксессуарларды бекіту

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңғы әйнекке ешқандай аксессуарларды бекітпеңіз, құлақшаларды немесе жапсырмаларды (техникалық байқаудан өту туралы дұрыс орналастырылған жапсырмалардан басқа) жапсырмаңыз. Мұндай заттар көру мүмкіндігін нашарлатуы мүмкін.
- Егер аксессуарды (мысалы, электрондық жол ақысын төлеу құрылғысы (ETC) немесе қауіпсіздік жүйесі рұқсаты) алдыңғы әйнекке бекіту қажет болса, оны дұрыс орналастыру туралы толық ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Жалпы мәлімет

- Берілісті ауыстырып қосу индикаторы (қарастырылған болса)

АБАЙЛАҢЫЗ

Берілісті ауыстырып қосу индикаторының көрсетімдері тек аса үнемдеп жүргізуге арналған үшін ұсыныс ретінде беріледі. Индикатор жүргізушіні берілісті ауыстырып қосудың қауіпсіз сәті туралы хабардар етпейді. Жүргізуші берілістерді ауыстырып қосу жол жағдайына және қозғалыс жағдайларына (мысалы, басып озу немесе өрге шығу) сәйкес болуы үшін жауапты болады.

Индикатор жүргізушіге автокөлікті барынша үнемді жүргізуге көмектеседі. Жүйе қозғалыс жағдайына байланысты берілісті ауыстырып қосу сәтін анықтайды және жүргізушіге аспаптар тақтасындағы индикатор көмегімен хабарлайды. Толығырақ ақпарат алу үшін «Берілісті ауыстырып қосу индикаторы» бөлімін (☎ 374-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Әдетте берілісті ауыстырып қосу индикаторы көлікті барынша үнемді жүргізу үшін ұсыныстар береді, оған қоса, иінді білік төменгі жиілікте айналғанда қозғалтқыштың тоқтауына жол бермейді.

Автокөлік ішіндегі шу деңгейі (Кеден Одағының заңнамасы)

TR CU 018/2011

(«Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТІ),

№ 3-қосымша, 2-тармақ

(Көлік құралдарының ішкі шуына қойылатын талаптар): 2.1-кесте. № 3 ескертпе, Үдеу кезінде өлшенген шу деңгейі 81 дБА максималды мәніне жетуі мүмкін.


Автокөлігіңізді қоғамдық мақсаттарда пайдалануға болмайды (мысалы, такси ретінде).

Мазмұны


<i>Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары</i>	1
<i>Кілттер, құлыптар және әйнеккөтергіштер</i>	2
<i>Бақылау аспаптары және автокөлікті басқару құралдары</i>	3
<i>Климат-контроль жүйесі</i>	4
<i>Аудиожүйе</i>	5
<i>Салон жабдығы</i>	6
<i>Қозғалтқышты оталдыру және автокөлікті басқару</i>	7
<i>Көлік жүргізу бойынша кеңестер</i>	8
<i>Төтенше жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі</i>	9
<i>Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау</i>	10
<i>Техникалық қызмет көрсету және жөндеу</i>	11
<i>Техникалық сипаттамалар</i>	12
<i>Қосымша ақпарат</i>	13
<i>Әліпбилік көрсеткіш</i>	14

Суреті бар көрсеткіштер

■ Автокөліктің сыртқы элементтері




- 1) Қозғалтқыш капоты (534-б.).
- 2) Алдыңғы әйнектазартқыш (289-б.).
- 3) Шамдарды ауыстыру (567-б.).
- 4) Фаралар (271-б.).
- 5) Төбедегі люк (173-б.).
- 6) Төбедегі рейлингер (479-б.).
- 7) Сыртқы айналар (294-б.).
- 8) Есік құлыптары (155-б.).
- 9) Шина қысымы (550-б.).
- 10) Ауасы шығып кеткен шиналар (493-б.).
- 11) Сырғытпайтын шынжырлар (477-б.).
- 12) Тұман фаралары (284-б.).
- 13) Бекіткіш ілгектер (504-б.).
- 14) Сүйреу құлақшасы (504-б.).




- 1) Артқы әйнекжылытқыш (299-б.).
- 2) Отын құю аузының люгі мен қақпағы (357-б.).
- 3) Есіктердегі бала бекітпесі механизмі (159-б.).
- 4) Бекіту саңылауы (504-б.).
- 5) Шамдарды ауыстыру (567-б.).
- 6) Артқы әйнектазартқыш (292-б.).
- 7) Жүксалғыш есігі (162-б.).
- 8) Сүйреу құлақшасы (504-б.).

■ Автокөлік салоны

▼ Жолаушылар салоны




- 1) ISOFIX жүйесінің бала бекіту құрылғыларын бекітетін қапсырмалар (95-б.).
 - 2) Қауіпсіздік белбеулері (56-б.).
 - 3) Алдыңғы орындықтар (37-б.).
 - 4) Артқы орындықтар (49-б.).
 - 5) Бала бекіту құрылғыларына арналған ескертуші жапсырмалар (77-б.).
- A) ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ.
- * Алдына БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ орнатылған орындыққа балаларды тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын ЕШҚАШАН теріс қаратып орнатпаңыз. Бұл БАЛАНЫҢ ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТЫНА әкелуі мүмкін.



- 1) Электр әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары (159-б.).
- 2) Есік құлыптары (155-б.).
- 3) Селектор тұтқасы (369-б.).
- 4) USB ағытпадан алынатын электр қуаты (336-б.).
- 5) Қосымша электржабдықты қосуға арналған алдыңғы розетка (333-б.).
- 6) Ұсақ-түйек бөлімі (330-б.).
- 7) Стақанқойғыш (331-б.).
- 8) Орталық консоль (330-б.).

002066




- 1) ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің «SOS» түймесі.
- 2) Төбедегі люк ауыстырып қосқышы (174-б.).
- 3) Электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышы (398-б.).
- 4) Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің ажыратқышы (401-б.).
- 5) X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышы (389-б.).
- 6) Алдыңғы орындық жылытқыштарының ауыстырып қосқыштары (48-б.).
- 7) Алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышы (346-б.) / қаптал көрінісі камерасының ауыстырып қосқышы (350-б.).
- 8) TPMS жүйесінің режимін орнату ауыстырып қосқышы (396-б.).
- 9) USB ағытпадан алынатын электр қуаты (336-б.).
- 10) Артқы орындық жылытқыштарының ауыстырып қосқыштары (49-б.).

ЕСКЕРТПЕ

- ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі Ресейде, Қазақстанда және Беларусьте қолжетімді болады. Осы нұсқаулық жарияланған сәтте сервис тек Ресей мен Қазақстанда қолжетімді. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі бойынша автокөлікті пайдалану нұсқаулығының толықтыруын қараңыз.
- EyeSight жүйесі бар модельдер үшін: автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз.

■ Аспаптар тақтасы




- | | |
|--|---|
| 1) Сыртқы айналарды қашықтан басқару ауыстырып қосқышы (295-б.). | 4) Жүксалғыш есігі электржетегінің ауыстырып қосқышы (164-б.). |
| 2) Сыртқы айналарды жиятын электржетек ауыстырып қосқышы (297-б.). | 5) Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ажыратқышы (бейімделетін бұрылыс фаралары бар модельдер) (278-б.) / аспаптар тақтасының көмескі жарығының жарық деңгейін реттеу дискісі (фаралардың жарық шоғының деңгейі қолмен реттелетін модельдер) (188-б.). |
| 3) Орындықтың қалпын тіркеу түймесі (41-б.). | |

- | |
|--|
| 6) Фаралардың жарық шоғы деңгейін реттегіш (фаралардың жарық шоғы деңгейі қолмен реттелетін модельдер) (283-б.) / жүксалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу түймесі (фаралардың жарық шоғы деңгейі қолмен реттелмейтін модельдер) (169-б.). |
| 7) Аспаптар тақтасының көмескі жарығының жарық деңгейін реттеу дискісі (фаралардың жарық шоғы деңгейі қолмен реттелмейтін модельдер) (188-б.) / жүксалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу түймесі (фаралардың жарық шоғы деңгейі қолмен реттелетін модельдер) (169-б.). |
| 8) Аспаптар тақтасы (184-б.). |
| 9) Көпфункционалы дисплей (қара-ақ) (233-б.) / көпфункционалы дисплей (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) (240-б.). |
| 10) Аудиожүйе және навигация жүйесі* (321-б.). |
| 11) Апаттық жарық сигналын беру жүйесі ажыратқышы (184-б.). |
| 12) Климат-контроль жүйесін басқару тақтасы (303-б.). |
| 13) Еңкею бұрышы / шығарылуы реттелетін руль (301-б.). |
| 14) Сақтандырыштар блогы (565-б.). |
| 15) Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің ажыратқышы (458-б.). |
| 16) SRVD жүйесінің ажыратқышы (428-б.). |
| 17) Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесінің ажыратқышы (417-б.). |
| 18) Капотты ашу тұтқасы (534-б.). |

001891


- 19) VDC жүйесінің ажыратқышы (387-б.).
* Аудиожүйені және навигация жүйесін (орнатылған болса) пайдалану тәртібі туралы толығырақ ақпарат алу үшін навигацияны/аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.

■ Руль



- 1) Рульдегі аудиожүйені басқару түймелері*1.
- 2) «А» типті көпфункционалы дисплейге арналған «INFO» түймесі (қара-ақ) (233-б.) / «В» типті көпфункционалы дисплейге арналған «INFO» түймесі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) (240-б.).
- 3) Круиз-контроль жүйесінің ауыстырып қосқыштары (408-б.)*2.
- 4) Руль астындағы беріліс ауыстырып қосқыштары (372-б.).
- 5) SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқыштары (378-б.).
- 6) Руль жылытқышының ажыратқышы (301-б.).
- 7) Қауіпсіздік жастығы (99-б.).
- 8) Дыбыс сигналы (302-б.).
- 9) Аспаптар тақтасының дисплейін (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) басқаратын ауыстырып қосқыштар (225-б.) / көпфункционалы дисплейді (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) басқаратын ауыстырып қосқыштар (242-б.).
- 10) Дауыс зорайтқыш байланыс жүйесінің ауыстырып қосқыштары*1.
 - *1 Аудиожүйені және навигация жүйесін (орнатылған болса) пайдалану тәртібі туралы толығырақ ақпарат алу үшін навигацияны/аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.
 - *2 EyeSight жүйесі бар модельдер үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз.


■ Жарықты және әйнектазартқыштарды басқару тұтқалары/ауыстырып қосқыштары



- 1) Алдыңғы әйнектазартқыш (289-б.).
- 2) Әйнектазартқыштың бір рет іске қосылуы (289-б.).
- 3) Алдыңғы әйнекжуғыш (291-б.).
- 4) Әйнектазартқыштың және артқы әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышы (292-б.).
- 5) Үзік жұмыс режимінде әйнектазартқыштың іске қосылу аралығын реттегіш (291-б.) / датчик сезімталдығының реттегіші (290-б.).
- 6) Әйнектазартқыштарды басқару тұтқасы (286-б.).
- 7) Жарық ауыстырып қосқышы (271-б.).
- 8) Тұман фараларының ауыстырып қосқышы (284-б.).
- 9) Фараларды қосу/өшіру/автоматты түрде қосу (271-б.).
- 10) Фаралармен және таяу/шалғай жарық фараларымен «жыпылықтату» ауыстырып қосқышы (273-б.).
- 11) Бұрылыс көрсеткіші (282-б.).

■ Аспаптар тақтасы


▼ «А» типі



- 1) Тахометр (185-б.).
- 2) Селектор тұтқасы / қосулы беріліс тұтқасының орналасу индикаторы (218-б.).
- 3) Жүріп өткен қашықтық есептегіші және одометр (185-б.).
- 4) Спидометр (184-б.).
- 5) Отын деңгейінің көрсеткіші (186-б.).

Жоғарыдағы суретте сәйкес мысал келтірілген. Кейбір модельдерде аспаптар тақтасы суретте көрсетілгеннен сәл өзгеше болуы мүмкін.

▼ «В» типі



- 1) Тахометр (185-б.).
- 2) Селектор тұтқасы / қосулы беріліс тұтқасының орналасу индикаторы (218-б.).
- 3) Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) (224-б.).
- 4) Жүріп өткен қашықтық есептегіші және одометр (185-б.).
- 5) Спидометр (184-б.).
- 6) Отын деңгейінің көрсеткіші (186-б.).

Жоғарыдағы суретте сәйкес мысал келтірілген. Кейбір модельдерде аспаптар тақтасы суретте көрсетілгеннен сәл өзгеше болуы мүмкін.





■ Ескерту және бақылау шамдары

Белгі	Мәні	Беті
	Қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын ескерту шамы	191
	Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы	194
ON / 	Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы (орнатылған болса)	195
OFF / 	Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының сөндірілуін бақылау шамы (орнатылған болса)	195
	Ақауды анықтайтын бақылау шамы («Check Engine» бақылау шамы)	195

Белгі	Мәні	Беті
	Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы	196
	Аккумулятор батареясы зарядының таусылуы туралы ескерту шамы	198
	Майдың төмен қысымы туралы ескерту шамы	198
	Мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы	198
AT OIL TEMP	ATF температурасының ескерту шамы	199
R.DIFF TEMP	Артқы дифференциал майының температурасының ескерту шамы (орнатылған болса)	199
	ABS жүйесінің ескерту шамы	202
	Тежеу жүйесінің ескерту шамы (қызыл)	204


Белгі	Мәні	Беті
	Электр тежегішінің тұрақ ескерту шамы (сары)	205
	Электр тежегішінің тұрақ бақылау шамы	206
AVH	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы	206
	Автокөліктің іске қосылған бір орында ұстап тұру функциясының бақылау шамы	206
	Тежегіш педалін басу қажеттілігінің бақылау шамы (орнатылған болса)	207
	Ашық капот туралы ескерту шамы	207
	Ашық есік туралы ескерту шамы	207
AWD	Толық жетек туралы ескерту шамы	208






Белгі	Мәні	Беті
	Руль күшейткішінің ескерту шамы	208
	VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы	203
	Өшкен VDC жүйесінің бақылау шамы	204
	Бұрылыс көрсеткішінің бақылау шамдары	219
	Фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы	219
	Жарықдиодты фаралардың ескерту шамы	209
	Фаралардың жарық шоғы деңгейін автоматты реттегіштің ескерту шамы (орнатылған болса)	209

Белгі	Мәні	Беті
	Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ескерту шамы / сөнген бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса)	209
	Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің ескерту шамы (сары) (орнатылған болса) / бейімделетін шалғай жарық жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (орнатылған болса)	209
	Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары) (орнатылған болса) / фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл) (орнатылған болса)	210
	Тұман фараларының бақылау шамы (орнатылған болса)	219

Белгі	Мәні	Беті
	Артқы тұман шамының бақылау шамы (орнатылған болса)	220
	Қашықтан ашу кілтіннің ескерту шамы (орнатылған болса)	210
	Имобилайзердің бақылау шамы	217
	Фара жарығының бақылау шамы (орнатылған болса)	219
	Круз-контроль жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса)	219
	Круз-контроль қондырғысының бақылау шамы (орнатылған болса)	219
	X-MODE жүйесінің бақылау шамы	220
	Ылдиға түсуді бақылау функциясының бақылау шамы	220

Белгі	Мәні	Беті
	Отынның төмен деңгейі туралы ескерту шамы	207
	Шинадағы төмен қысым туралы ескерту шамы (орнатылған болса)	200
	Әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейі туралы ескерту шамы	207
[S]	«Sport» (S) режимінің бақылау шамы (орнатылған болса)	218
[I]	«Intelligent» (I) режимінің бақылау шамы (орнатылған болса)	218
	Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесінің өшірілгенін бақылау шамы (сары) (орнатылған болса)	221

Белгі	Мәні	Беті
	Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл) (орнатылған болса)	221
	Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесін іске қосу үшін шарттардың орындалмағанын білдіретін бақылау шамы (орнатылған болса)	222
	SRVD жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)	222
	SRVD жүйесінің өшірілгені туралы бақылау шамы (орнатылған болса)	222
RAB	RAB жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)	222
RAB OFF	RAB жүйесінің өшірілгені туралы бақылау шамы (орнатылған болса)	222

Белгі	Мәні	Беті
	Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесі жұмысының бақылау шамы (жасыл) (орнатылған болса)	222
	Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары) (орнатылған болса)	222
	Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің өшкені туралы бақылау шамы (орнатылған болса)	223
	Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесі жұмысының уақытша тоқтатылғаны туралы бақылау шамы (орнатылған болса)	223
4^ 	Жол төсемін мұз басу ықтималдығы туралы ескерту шамы (орнатылған болса)	223

Функция баптаулары

■ Аспаптар тақтасының дисплейіндегі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) функция баптауы және реттеуі

Автокөлігіңіз аспаптар тақтасының дисплейімен (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) жабдықталған болса, төменде көрсетілген позициялардың баптауларын дисплейде жеке қажеттіліктеріңізге сәйкес қолмен өзгертуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлігіңіз аспаптар тақтасының дисплейімен (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплеймен) жабдықталмаса, төменде көрсетілген позициялардың баптауларын Subaru дилерінде өзгерту керек. «Дилердің функция баптауы және реттеуі» бөлімін (☎32-бет) қараңыз.

Позиция			Қолжетімді баптаулар	Зауыттық әделкі бойынша баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелері	2-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің реттелетін параметрлері	3-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің таңдалатын параметрлері			
Экран баптаулары	Сәлемдесу экраны	—	Қосұлы (дыбысты) / Өшірулі (дыбыссыз) / Өшірулі	Қосұлы (дыбысты)	225
	Қоштасу экраны	—	Қосұлы / Өшірулі	Қосұлы	225
	Көрсеткіш меңзерлерінің бастапқы ауытқуы	—	Қосұлы / Өшірулі	Қосұлы	187
	Өлшем бірліктері (қарастырылған болса)	—	км, км/сағ, л/миль, миль/сағ, галлон	Әдепкі бойынша баптаулар автокөліктің сатылу нарығына байланысты	233 және 240
	Шиналардағы ауа қысымының өлшем бірліктері (қарастырылған болса)	—	кПа / Фунт/шаршы дюйм	кПа	228
	Тілдер	—	Көрсету тілі автокөліктің сатылатын нарығына байланысты	Әдепкі бойынша баптаулар автокөліктің сатылу нарығына байланысты	240

Позиция			Қолжетімді баптаулар	Зауыттық әделкі бойынша баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелері	2-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің реттелетін параметрлері	3-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің таңдалатын параметрлері			
Ескерту сигналының дауыс деңгейі (қарастырылған болса)*	—	—	Максималды / Орташа / Минималды	Орташа	443 EyeSight жүйесі туралы толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз
Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескерту	—	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	71

Позиция			Қолжетімді баптаулар	Зауыттық әдепкі бойынша баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелері	2-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің реттелетін параметрлері	3-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің таңдалатын параметрлері			
EyeSight жүйесі (орнатылған болса)	Алдағы автокөлікке ілескені туралы дыбыс сигналы	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	Автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз
	Алдағы автокөліктің қозғалысын қадағалау функциясы	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	
	Круз-контроль жүйесінің үдету сипаттамалары*	—	4-деңг. (динамикалық) / 3-деңг. (стандартты) / 2-деңг. (жайлы) / 1-деңг. (экологиялық)	3-деңг. (стандартты)	
	Қозғалыс жолағының ортасында ұстау функциясы	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	
	EyeSight жүйесінің көмекші мониторы (орнатылған болса)	EyeSight жүйесінің көмекші мониторының қызыл индикаторы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	
		EyeSight жүйесінің көмекші мониторының сары индикаторы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	
		EyeSight жүйесінің көмекші мониторының жасыл индикаторы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	
	Сол жақ бағыттағы/ оң жақ бағыттағы қозғалысты таңдау	—	Сол жақ бағыттағы қозғалыс/ Оң жақ бағыттағы қозғалыс	Сол жақ бағыттағы қозғалыс (рулі оң жақта орналасқан модель) / оң жақ бағыттағы қозғалыс (рулі сол жақта орналасқан модель)	

Позиция			Қолжетімді баптаулар	Зауыттық әдепкі бойынша баптаулар	Жүйе жұмысы туралы ақпараты бар беттің сілтемесі
1-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелері	2-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің реттелетін параметрлері	3-деңгей мәзірі / автокөлік жүйелерінің таңдалатын параметрлері			
RAB жүйесі (орнатылған болса)	Сонар ескертуші дыбыс сигналы	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	443
	Автоматты түрде тежеу	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	443
Автокөлік баптаулары	Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі	Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	141
		Қауіпсіздік мақсатында есіктерді қайта құлыптау	20 секунд / 30 секунд / 40 секунд / 50 секунд / 60 секунд / Өшірулі	30 секунд	232
	Артқы әйнек жылытқышы	—	15 минут / Үздіксіз жұмыс	15 минут	299
	Салон жарығы	—	10 секунд / 20 секунд / 30 секунд / Өшірулі	30 секунд	327
	Есіктерді автоматты түрде құлыптау және ашу	Есіктерді автоматты түрде құлыптау	Автокөлік жылдамдығы / Тұраққа қою режимін қосу немесе өшіру / Өшірулі	Автокөлік жылдамдығы	156
		Есік құлпын автоматты түрде ашу	Тұраққа қою режимін қосу немесе өшіру / Оталдыру жүйесінің ажыратқышы / Жүргізуші есігін ашу / Өшірулі	Жүргізуші есігін ашу	156
	Қозғалыс жолағын бір рет тұрту арқылы ауыстыру көрсеткіші	—	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	282
	Сыртқы айналар баптаулары (бар болса)	Сыртқы айналарды жию электржетегі	Қосулы / Өшірулі	Қосулы	232
Артқа жүру кезінде айналарды еңкейту		Қосулы / Өшірулі	Қосулы	232	
Әдепкі бойынша баптаулар	—	—	Жоқ / Иә	—	232

* Бұл параметрді қозғалыс кезінде орнатуға болады.

■ Дилердің функцияларды баптауы және реттеуі

SUBARU дилері төмендегі баптауларды Сіздің жеке қажеттіліктеріңізге сәйкес өзгерте алады. Толығырақ ақпарат алу үшін жақын маңдағы SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Позиция	Функция	Қолжетімді баптаулар	Зауыттық әдепкі бойынша баптаулар
Қашықтан ашу жүйесі (орнатылған болса)	Есік құлыптарын іріктеп ашу функциясы (жүргізуші есігін ашу)	Тек жүргізуші есігі / Барлық есік	Барлық есік
	Есік құлыптарын іріктеп ашу функциясы (жүксалғыш есігінің құлпын ашу)	Тек жүксалғыш есігі / Барлық есік	Барлық есік
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі	Есік құлыптарын іріктеп ашу функциясы (соның ішінде қашықтан ашу функциясы бар модельдер)	Қосулы / Өшірулі	Өшірулі
	Алдыңғы әйнеккөтергішті басқару (қарастырылған болса)	Қосулы / Өшірулі	Өшірулі
Кілттердің құлыптануының алдын алу	Кілттердің құлыптануының алдын алу	Қосулы / Өшірулі	Қосулы
Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы	Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы
Қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескерту сигналы	Қозғалыс кезіндегі дыбыс сигналы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы
Жаңбыр датчигі бар алдыңғы әйнектазартқыш (орнатылған болса)	Әйнектазартқыштың іске қосылу аралығын автоматты түрде реттеу режимі	Жаңбыр датчигіне қарай істеу режимі / автокөліктің жылдамдығына байланысты істеу режимі	Жаңбыр датчигіне қарай істеу режимі
Фаралардың жарығының автоматты түрде қосылуы/ өшуі	Әйнектазартқышпен бірге фаралардың автоматты түрде қосылуы/өшуі	Қосулы / Өшірулі	Қосулы
Фараларды кешіктіріп өшіру функциясы	Жұмыс кезеңі	Өшірулі / 30 секунд / 60 секунд / 90 секунд	30 секунд
Артқа жүру берілісі қосылған кезде автоматты түрде қосылатын артқы әйнектазартқыш	Артқа жүру берілісі қосылған кезде автоматты түрде қосылатын артқы әйнектазартқыш	Қосулы / Өшірулі	Қосулы

Позиция	Функция	Қолжетімді баптаулар	Зауыптық әдепкі бойынша баптаулар
Аспаптардың көмескі жарығының жарық деңгейін реттеуді автоматты өшіру (қарастырылған болса)	Аспаптардың көмескі жарығының жарық деңгейін реттеуді автоматты өшіру функциясының іске қосылу сезімталдығы	Өшірулі / Минималды / Төмен / Орташа / Жоғары / Максималды	Орташа
Фаралардың шалғай жарығы көмекшісінің функциясы (қарастырылған болса)	Фаралардың шалғай жарығы көмекшісінің функциясы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы
Электржетегі бар жүксалғыш есігін ашу және жабу функциясы (қарастырылған болса)	Қашықтан ашу пультінің/қашықтан ашу кілтінің көмегімен электржетегі бар жүксалғыш есігін ашу және жабу	Басып тұру / Екі рет басу / Өшірулі	Басып тұру
Шұғыл тежеу сигналы	Шұғыл тежеу сигналының функциясы	Қосулы / Өшірулі	Қосулы
Артқа жүру кезінде айналарды еңкейту функциясы (қарастырылған болса)	Сыртқы айналардың іске қосылуы	Екі жағы да / Алдыңғы орындықтың жолаушы жағы ғана	Алдыңғы орындықтың жолаушы жағы ғана
	Соңғы қалыпты сақтау функциясы	Қосулы / Өшірулі	Өшірулі
Сыртқы айналарды жию электржетегінің функциясы (қарастырылған болса)	Айнаның жазылу сәтін таңдау функциясы	Көмекші жабдықтың электр қуатын қосу / Есік құлыптарын ашу	Есіктердің құлпын ашу

Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары

Алдыңғы орындықтар	37
Колмен реттелетін орындық (орнатылған болса)	39
Электр жетекпен реттелетін орындық (орнатылған болса).....	40
Бассүйегішті реттеу.....	46
Орындықтарды жылыту жүйесі (егер орнатылса).....	48
Алдыңғы орындықтарды жылыту жүйесі.....	48
Артқы орындықтардың жылытқышы.....	49
Артқы орындықтар.....	49
Шынтақтаяныш (орнатылған болса)	50
Бассүйегішті реттеу.....	50
Артқы орындықтардың арқалықтарын жию	52
Орындықтың арқалығын еңкейту (қарастырылған болса).....	55
Қауіпсіздік белбеулері	56
Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолдану ұсыныстары....	56
Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары (ELR).....	58
Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеуінің тартқыштары (ALR/ELR) (орнатылған болса).....	58
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі.....	58
Қауіпсіздік белбеуін тағу	59
Қауіпсіздік белбеулеріне техникалық қызмет көрсету ...	66
Қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары	66
Белбеудің иық және бел бауларының алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеуі.....	67
Иық баудың алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеуі (орнатылған болса)	69
Жүйенің күйін бақылау	69
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	70

Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары.....	70
Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескертпе (аспаптар тақтасының түрлі-түсті дисплейі бар үлгілер)	71
Бала бекіту құрылғылары	72
Сақтық шаралары	72
Бала бекіту құрылғыларын орнатуға қатысты қауіпсіздік ұсыныстары.....	74
Бала бекіту құрылғылары орнатылатын орындар.....	74
Бала бекіту құрылғысын таңдау	77
Алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы бар модельдер үшін	81
Алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдер үшін	84
Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату	85
Қосымша бала орындығын немесе қосымша бала жастығын орнату.....	92
ISOFIX бекіту қапсырмалары арқылы бала бекіту құрылғысын орнату.....	95
Зәкір белбеуін бекіту нүктелері.....	98
SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша бекіту жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)	99
Қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары	100

Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары

Компоненттер	108
Қауіпсіздік жастықтары	110
Жүйе жұмысы.....	117
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау	127
Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне техникалық қызмет көрсету	129

Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары.....	130
--	-----

Алдыңғы орындықтар

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Қозғалыс кезінде орындықты реттеуге тыйым салынады, өйткені бұл автокөлікті басқарудан айырылуға немесе жарақат алуға себепші болуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықты реттеудің алдында жүк, сондай-ақ артта отырған жолаушылардың қолдары мен аяқтары реттеу механизмінің жұмысына кедергі жасамайтынына көз жеткізіп алыңыз.
- Орындықты реттегеннен кейін, орындықты артқа және алға жылжытып, оның сенімді орныққанын тексеріңіз. Егер орындық орнықпаса, ол өз қалпынан қозғалып кетуі мүмкін. Оған қоса, бұл қауіпсіздік белбеуінің дұрыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Алдыңғы орындықтың астына ешқандай затты салмаңыз. Ол алдыңғы орындықтарды бекіту механизмдеріне түсіп кетіп, апатқа ұшыратуы мүмкін.

- Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде алдыңғы орындықтардың арқалықтары әрдайым тігінен орналасуы тиіс. Егер алдыңғы орындықтардың арқалықтары шалқайтылса, онда соқтығысу кезінде дененің қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету немесе қауіпсіздік белбеуінің бел бауы жоғары қарай құрсақ қуысы тұсына жылжып кету қаупі ұлғаяды. Екі жағдайда да ішкі органдардың ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.
- Қауіпсіздік жастығы өте жоғары жылдамдықпен және күшпен ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс жайғаспау салдары қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастығы ашылуы үшін орын жеткілікті болуы қажет, сондықтан жүргізуші рульден мүмкіндігінше алыс, бірақ сонымен бірге автокөлікті толық бақылауды сақтай отырып, орындықтың арқалығына сүйеніп,

әрдайым тік күйде отыруы керек. Алдыңғы орындықтың жолаушысы орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытуы және орындықтың арқалығына сүйеніп тік отыруы қажет.




▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

12 және одан кіші жастағы және бойы 1,5 м және одан аласа балалар тек АРТҚЫ орындықта тасымалдануы тиіс. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен өте тез ашылатындықтан, 12 жастағы немесе одан кіші, бойы 1,5 м немесе одан аласа, сондай-ақ тасымалдау кезінде қалпы бекітілмеген немесе нашар бекітілген бала жарақат алуы және тіпті өліп кетуі мүмкін. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады.

Арнайы бала бекіту құрылғыларының **БАРЛЫҚ** түрі (соның ішінде балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған орындықтар) әрдайым АРТҚЫ орындыққа берік бекітілуі тиіс.

ЕШҚАШАН БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ОРЫНДЫҒЫН АЛДЫҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТУШЫ БОЛМАҢЫЗ. ОСЫЛАЙ ОРНАТҚАН КЕЗДЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.


Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген 72-б.



100085

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Соқтығысу кезінде жолаушының қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кетуіне жол бермеу үшін автокөлік қозғалысы кезінде орындық арқалығы әрдайым тігінен орналасуы тиіс. Оған қоса, ешқашан жолаушы арқасының астына жастықтарды немесе басқа ұқсас заттарды төсеменіңіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел бауының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі органдардың ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.



101778


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы орындықта отырған жолаушыларға аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалығы мен жастығы арасына қыстыруға рұқсат етпеңіз. Бұл төменде аталған жүйелердің дұрыс істеуіне кедергі келтіруі, сондай-ақ ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Жолаушылардың отыруын анықтау жүйесі (орнатылған болса).
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары.
- Орындықтарды жылыту (егер орнатылса).
- Электр жетекпен реттелетін орындық (орнатылған болса).

■ Қолмен реттелетін орындық (орнатылған болса)


- ▼ Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу



102102

Тұтқаны жоғары тартып, орындықты өзіңіз қалаған күйге орнатыңыз. Одан кейін тұтқаны жіберіп, орындықты алға/артқа жылжытып, жаңа күйге сенімді бекітілгенін тексеріңіз.

- ▼ Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу




102103

Орындық арқалығының еңкею бұрышын бекітетін тұтқаны жоғары тартып, арқалықты өзіңізге ыңғайлы күйге орнатыңыз. Содан кейін тұтқаны жіберіп, арқалықтың күйі сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Егер орындықтың арқалығы еңкейіп тұрса, онда тұтқаны тартқан кезде, ол артқа қарай күшпен тік күйге серпіле қайтады. Егер тұтқаны қозғалтып арқалықты тік күйге қайтарғыңыз келсе, арқалықтың баяу қозғалуын қамтамасыз ету үшін оны ұстаңқырап тұрыңыз.

▼ Жүргізуші орындығының биіктігін реттеу




- 1) Тұтқаны басқан кезде орындық түседі.
- 2) Тұтқаны көтерген кезде орындық көтеріледі.

Орындықтың биіктігі орындық көпшігінің биіктігін реттеу тұтқасын жоғары және төмен жылжыту арқылы реттеледі.

■ Электр жетекпен реттелетін орындық (орнатылған болса)

▼ Жүргізушінің орындығы



- 1) **Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу ауыстырып қосқышы**
Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышын алға немесе артқа жылжытыңыз. Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу кезінде орындық көпшігінің еңкею бұрышын және биіктігін реттеу мүмкін емес.
- 2) **Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**
Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.

3) **Орындықтың биіктігін реттеу ауыстырып қосқышы**

Орындықтың биіктігін реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының артқы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.

4) **Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышын жылжытыңыз.

▼ Алдыңғы жолаушы орындығы



- 1) **Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу ауыстырып қосқышы**
Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышын алға немесе артқа жылжытыңыз.
- 2) **Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы**
Орындық көпшігінің еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.

- 3) Орындықтың биіктігін реттеу ауыстырып қосқышы
Орындықтың биіктігін реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышының артқы бөлігін жоғары тартыңыз немесе басыңыз.
- 4) Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы
Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін реттеу ауыстырып қосқышын жылжытыңыз.
- ▼ Орындықтың қалпын тіркеу функциясы (қарастырылған болса)

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Қозғалыс кезінде орындықты реттеуге тыйым салынады, өйткені бұл автокөлікті басқарудан айырылуға және жарақат алуға себепші болуы мүмкін.
- Алдыңғы орындықты реттеудің алдында жүк, сондай-ақ артта отырған жолаушылардың қолдары мен аяқтары реттеу механизмінің жұмысына кедергі жасамайтынына көз жеткізіп алыңыз.
- Қозғалыс кезінде орындықтың күйін қалпына келтіруге тыйым салынады, өйткені бұл автокөлікті басқарудан айырылуға және жарақат алуға әкелуі мүмкін.

- Жүрмей тұрып орындықтың күйін қалпына келтіріңіз. Орындықтың күйін реттеген кезде селектор тұтқасы «Р» күйіне орнатылғанына, ал автокөлік тұрақ тежегішіне қойылғанына көз жеткізіңіз. Орындықтың күйін қалпына келтіру процесі аяқталмайынша, қозғалысты бастамаңыз.
- Орындық күйін қалпына келтірген кезде, артта отырған жолаушылардың аяқтары мен қолдары және олардың заттары реттеу механизмінің жұмысына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Егер орындық күйін қалпына келтірген кезде қандай да бір ерекше жағдай немесе ақау туындаса, келесі әрекеттердің бірін орындап, орындық күйін қалпына келтіруді тоқтатыңыз.
 - Орындық күйін реттейтін кез келген ауыстырып қосқышты басыңыз.
 - «SET» түймесін басыңыз.
 - «1» немесе «2» түймесін басыңыз.
 - Сыртқы айналарды басқару ауыстырып қосқышын басыңыз.

Орындықтың кейбір күйін және сыртқы айналарды орнату бұрыштарын тіркеу мүмкін емес. Күйді тіркеуді, кейін оны қалпына келтіруді «1» немесе «2» түймелері көмегімен немесе қашықтан ашу салпыншақтарының әрқайсысымен (бар болса) орындауға болады.

Орындық пен айналар күйінің келесі реттеулерін тіркеуге болады.


- Орындықтың ілгері-кейін күйі.
- Орындық арқалығының еңкею бұрышы.
- Орындық көпшігінің еңкею бұрышы.
- Орындық биіктігі.
- Сыртқы айналарды орнату бұрышы.
- Артқа жүргенде сыртқы айналарды еңкейту функциясы (орнатылса) іске қосылған кезде сыртқы айналарды орнату бұрышы.

ЕСКЕРТПЕ

Орындықтың күйін жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің пайдаланушысы туралы ақпарат функциясы көмегімен де қалпына келтіруге болады. Бұл үшін жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің баптауларында пайдаланушыны тіркеңіз. «Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесін баптау» бөлімін қараңыз ☎255-6.

▽ Күйді «1» немесе «2» түймесі көмегімен тіркеу

1. Келесі жағдайларда тіркелетін күйді реттеңіз.
 - Автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.
 - Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұр.
 - Селектор тұтқасы «P» күйінде тұр.



2. Реттелген күйлерді тіркеу үшін келесі рәсімдердің бірі қолданылады.
 - Дыбыс сигналы 5 секунд ішінде іске қосылмайынша, «SET» түймесін, одан кейін «1» немесе «2» түймесін басыңыз.
 - Дыбыс сигналы 5 секунд ішінде іске қосылмайынша, «SET» түймесін басып тұрып, «1» немесе «2» түймесін басыңыз.

Күйдің тіркелгенін растайтын бір реттік дыбыс сигналы естіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Егер түйме үшін орындықтың жаңа күйі тіркелсе, онда алдыңғы тіркелген күй жадтан жойылады.

- ▽ Артқа жүрген кезде сыртқы айнаның еңкею бұрышын орнатуды «1» немесе «2» түймесі көмегімен тіркеу

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Артқа жүрген кезде сыртқы айнаның еңкею бұрышын тіркеу кезінде тежегіш педалін басыңыз.

1. Селектор тұтқасын «R» күйіне жылжытыңыз, бұл кезде сыртқы айналар артқа жүрген кезде еңкею қалпына орнатылады.
2. Сыртқы айналарды орнату бұрышын реттеңіз. Баптаулар туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Сыртқы айналарды қашықтан басқару ауыстырып қосқышы» бөлімін қараңыз ☎295-б.
3. Селектор тұтқасын «P» күйіне орнатыңыз, бұл кезде сыртқы айналар бастапқы қалпына оралады.

4. Реттелген күйлерді тіркеу үшін келесі рәсімдердің бірі қолданылады.

- Дыбыс сигналы 5 секунд ішінде іске қосылмайынша, «SET» түймесін, одан кейін «1» немесе «2» түймесін басыңыз.
- Дыбыс сигналы 5 секунд ішінде іске қосылмайынша, «SET» түймесін басып тұрып, «1» немесе «2» түймесін басыңыз.


Сыртқы айналарды орнату бұрышының тіркелгенін растайтын бір реттік дыбыс сигналы естіледі.


ЕСКЕРТПЕ

Бұл функция үшін зауыттық баптау (әдепкі баптау) бойынша тек алдыңғы жолаушы жақтағы сыртқы айна іске қосылады. Оң және сол жақтағы сыртқы айналар / алдыңғы жолаушы жақтағы сыртқы айна функциясының іске қосылу баптауларын SUBARU дилеріңде өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▽ Қашықтан ашу салпыншағы көмегімен күйді тіркеу (қарастырылған болса)

1. Келесі жағдайларда тіркелетін күйді реттеңіз.
 - Автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.
 - Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйінде тұр.
 - Селектор тұтқасы «Р» күйінде тұр.



2. Қашықтан ашу салпыншағыңыз болса, «SET» түймесін басып тұрыңыз. Кейін қашықтан ашу салпыншағында «» түймесін басыңыз.

Күйдің тіркелгенін растайтын бір реттік дыбыс сигналы естіледі.

ЕСКЕРТПЕ


Орындықтың күйін тіркеген кезде тіркегіңіз келетін қашықтан ашу кілті қолыңызда болуы керек. Қолыңызда 2 немесе одан да көп қашықтан ашу кілті болса, тіркеу мүмкін болмайды.

- ▽ Артқа жүрген кезде сыртқы айнаның еңкею бұрышын қашықтан ашу салпыншағы көмегімен тіркеу

АБАЙЛАҢЫЗ

Артқа жүрген кезде сыртқы айнаның еңкею бұрышын тіркеу кезінде тежегіш педалін басыңыз.

1. Селектор тұтқасын «R» күйіне жылжытыңыз, бұл кезде сыртқы айналар артқа жүрген кезде еңкею қалпына орнатылады.
2. Сыртқы айналарды орнату бұрышын реттеңіз. Баптаулар туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Сыртқы айналарды қашықтан басқару ауыстырып қосқышы» бөлімін қараңыз ☎295-б.

3. Селектор тұтқасын «P» күйіне орнатыңыз, бұл кезде сыртқы айналар бастапқы қалпына оралады.
4. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне орнатыңыз.
5. Қашықтан ашу салпыншағын алып, «SET» түймесін басып тұрыңыз, кейін қашықтан ашу салпыншағында «» түймесін басыңыз.

Артқа жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышының тіркелгенін растайтын бір реттік дыбыс сигналы естіледі.

ЕСКЕРТПЕ


- Бұл функция үшін зауыттық баптау (әдепкі баптау) бойынша тек алдыңғы жолаушы жақтағы сыртқы айна іске қосылады. Оң және сол жақтағы сыртқы айналар / алдыңғы жолаушы жақтағы сыртқы айна функциясының іске қосылу баптауларын SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Жүйе оталдыру жүйесінің құлпын «OFF» күйіне орнатқаннан кейін шамамен 45 секунд ішінде реттелген сыртқы айналардың орнатылған бұрышын сақтайды. Тіркеу функциясы қолжетімді болса, сыртқы айналардың еңкею бұрышын тіркеңіз.

- ▽ Тіркелген күйді «1» немесе «2» түймелері көмегімен қалпына келтіру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтың күйін қалпына келтіріп, қажет тіркелген күй белгіленген түймені басқаныңызды тексеріңіз. Егер орындықтың орнатылған күйі сіз үшін ең оңтайлы болмаса, бұл автокөлікті басқаруға теріс әсер етуі мүмкін және қауіпсіздік белбеуінің тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Апат кезінде осының салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.



1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырыңыз.
2. Селектор тұтқасын «P» күйіне ауыстырып, автокөліктің тұрақ тежегішін қосыңыз. Одан кейін «1» немесе «2» түймесін басыңыз.

Дыбыс сигналы естіледі және орындықты және сыртқы айналарды тіркелген күйге орнату басталады.

Селектор тұтқасы «R» күйіне орнатылса, сыртқы айналар артқа жүрген кездегі тіркелген еңкею күйіне ауысады.


ЕСКЕРТПЕ


- Егер функция ұзақ уақыт бойы үздіксіз қолданылса, орындықтың қалпына келтірілген күйі тіркелген күйден ерекшеленуі мүмкін.

- Егер күйі тіркелген орындықты реттеуді сіз кез келген бағыттағы ең шеткі реттеу күйінде тұрған бағытта жалғастырғыңыз келсе, орындықтың қалпына келтірілген күйі тіркелген күйден өзгеше болуы мүмкін.
- Автокөліктің аккумулятор батареясын ажыратқан кезде тіркелген күйлердің деректері сақталады.
- Егер «1» немесе «2» түймесі жүргізуші есігін ашқаннан кейін 45 секунд ішінде басылса, онда тіркелген күйді, тіпті оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK» немесе «OFF» күйінде болса да, қалпына келтіруге болады.
- «1» және «2» түймелерін бірге басқан кезде орындық күйін қалпына келтіру мүмкін болмайды.
- Егер қалпына келтірілген күй орындықтың ағымдағы күйіне сай келсе, екі реттік дыбыс сигналы естіледі.

▽ Тіркелген күйді қашықтан ашу салпыншағы көмегімен қалпына келтіру (қарастырылған болса)

1. Тіркелген қашықтан ашу салпыншағын алыңыз.





2. «» түймесін басып немесе есік тұтқасының артында орналасқан датчикті басып, жүргізушінің есік құлпын ашыңыз.
3. Жүргізуші есігін ашыңыз.

Дыбыс сигналы естіледі және орындықты және сыртқы айналарды тіркелген күйге орнату басталады.

Селектор тұтқасы «R» күйіне орнатылса, сыртқы айналар артқа жүрген кездегі тіркелген еңкею күйіне ауысады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер функция ұзақ уақыт бойы үздіксіз қолданылса, орындықтың қалпына келтірілген күйі тіркелген күйден ерекшеленуі мүмкін.
- Егер күйі тіркелген орындықты реттеуді сіз кез келген бағыттағы ең шеткі реттеу күйінде тұрған бағытта жалғастырғыңыз келсе, орындықтың қалпына келтірілген күйі тіркелген күйден өзгеше болуы мүмкін.
- Егер тіркелген күй жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін қалпына келмесе, келесі әрекеттерді орындап көріңіз.
 - (1) Жүргізуші есігінде «SET» түймесін басыңыз.
 - (2) Қашықтан ашу салпыншағында «» түймесін немесе есікті құлыптау үшін есікті құлыптау түймесін басыңыз.
 - (3) Жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайтадан орындаңыз.
- Егер қашықтан ашу функциясы сөндірілсе, онда жүргізуші есігі тұтқасының артында орналасқан датчикті басып, тіркелген күйді қалпына келтіруге болмайды. Дегенмен бұл жағдайда қашықтан ашу салпыншағында «» түймесін басып, тіркелген күйді қалпына келтіруге болады. Қашықтан ашу

функциясын қосу/сөндіру тәртібі туралы ақпарат алу үшін «Қашықтан ашу функциясын сөндіру» бөлімін қараңыз [☎147-б.](#)

- Егер қашықтан ашу салпыншағы үшін жаңа күй тіркелсе, онда бұрынғы тіркелген күй туралы деректер жадтан жойылады.
- Егер қолыңызда 2 немесе одан да көп қашықтан ашу кілтіңіз болса, орындық күйін қалпына келтіру мүмкін болмайды.
- Егер қолыңызда қашықтан ашу кілті бола тұра қашықтан ашу функциясының әрекет аймағына кірген сәттен бастап 45 секунд өтсе, тіркелген күйді қалпына келтіру есікті ашқан кездің өзінде мүмкін болмайды. Қашықтан ашу функциясының әрекет аймағы туралы ақпарат «Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде есіктерді құлыптау және құлыпты ашу» бөлімінде келтірілген [☎139-б.](#)

▽ Қашықтан ашу салпыншағы көмегімен тіркелген күйді жою (қарастырылған болса)

1. Жүргізуші есігін жабыңыз.
2. Қашықтан ашу салпыншағын алып, «SET» түймесін басыңыз, содан кейін қашықтан ашу салпыншағында «A» түймесін басыңыз.

Тіркелген күйдің жойылғанын растайтын дыбыс сигналы естіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Орындық күйін жойғаннан кейін орындықтың жаңа күйін тіркемес бұрын бірнеше секунд күтіңіз.

■ Бассүйегішті реттеу

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бассүйегіштері шешіп алынған автокөлікті басқарушы болмаңыз. Олардың мақсаты — автокөліктің артынан соққы тиген жағдайда мойынға келетін ауыр жарақаттың қаупін азайту. Оған қоса, бассүйегіштерді ешбір жағдайда кері бағытта орнатушы болмаңыз. Өйткені бассүйегіштер ойдағыдай іске қосылмай қалуы мүмкін. Осыған байланысты, егер бассүйегіштерді шешіп алсаңыз, автокөліктегі жолаушыларды қорғау үшін оларды орындарына дұрыс орнатуыңыз керек.
- Апат кезінде мойынды жарақаттау қаупін азайту мақсатында бассүйегіштер тиісті күйге орнатылмайынша, жүргізуші автокөлікті басқармауы тиіс, ал жолаушылар автокөліктің орындығында отырмауы тиіс.


- Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері тек алдыңғы орындықтарға орнату үшін әзірленген. Артқы орындық бассүйегіштері тек артқы орындықтарға орнату үшін жасалған. Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерін артқы орындықтарға немесе керісінше орнатуға тырыспаңыз.

Жүргізуші орындығы мен алдыңғы жолаушы орындығының бассүйегіштері төменде келтірілген бағыттарда реттеледі.

ЕСКЕРТПЕ

Тек алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерінің еңкею бұрышын реттеуге болады. Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерін орнатқан кезде, бассүйегіштердің еңкею бұрышын реттеу мүмкін екендігіне көз жеткізіңіз.

▼ Бассүйегіш биіктігін реттеу



- 1) Бассүйегіш.
- 2) Бекіткіш түйме.
- 3) Шешу түймесі.

Бассүйегішті көтеру

- Шеткі төменгі күйден 1-деңгейге дейін: бассүйегішті жоғары көтеріңіз.
- 1-деңгейден 3-деңгейге дейін: орындық арқалығының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіш түймені басып тұрып, бассүйегішті жоғары көтеріңіз.

Бассүйегішті түсіру


Орындық арқалығының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіш түймені басып тұрып, бассүйегішті төмен басыңыз.

Бассүйегішті шешіп алу

Шешіп алу түймесін кілттің немесе басқа қатты өткір заттың көмегімен басыңыз, кейін бассүйегішті шығарып алыңыз.

Бассүйегішті орнату


Бассүйегішті орындық арқалығының жоғарғы бөлігіндегі тесіктерге бекітілгенше енгізіңіз.



Әрбір бассүйегіштің биіктігін реттегенде, оның ортасы орындыққа отырған адамның құлақтарының жоғарғы бөлігі деңгейінде орналасатындай болуы тиіс.

▼ Бассүйегішті еңкею бұрышы бойынша реттеу

Өртүрлі еңкею бұрышымен бассүйегіштің бірнеше күйін орнатуға болады. Жүргізуге ыңғайлы күйде жайғаса отырып, шүйденің бассүйегішке барынша жақын жанасатындай етіп бассүйегішті реттеңіз.



Бассүйегіштің еңкіштігі

Бассүйегішті қалаған күйге дейін алға еңкейтеңіз. Бассүйегішті бекіткен кезде сырт еткен дыбыс естіледі.

Бассүйегішті тік күйге қайтару

Бассүйегішті барынша ықтимал күйге дейін еңкейтеңіз. Бассүйегіш автоматты түрде тік күйге қайтады. Содан кейін бассүйегішті қалаған күйге реттеңіз.

Орындықтарды жылыту жүйесі (егер орнатылса)

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Орындық жылытқышын ұзақ уақыт қолданған кезде, тіпті қоршаған орта температурасы төмен болған кездің өзінде, терісі сезімтал адамдар аздаған күйіктер алуы мүмкін. Егер жолаушылар орындық жылытқыштарын пайдаланғысы келсе, оларға бұл туралы ескертіңіз.
- Орындықтарға көрпелерді, жастықтарды және басқа жылу оқшаулайтын заттарды қоймаңыз. Бұл орындық жылытқышының қыздыру элементінің қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Орындық жеткілікті түрде қызғанда немесе сіз автокөліктен шыққан кезіңізде, орындық жылытқышының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Орындық жылытқышы ұзақ қосулы болған кезде аккумулятор батареясының қуаты таусылуы мүмкін.

■ Алдыңғы орындықтарды жылыту жүйесі

Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйінде болғанда ғана орындық жылытқышы жұмыс істейді.



- 1) **HIGH** — Орындықтарды жылдам жылыту режимі.
- 2) **LOW** — Орындықтарды қалыпты жылыту режимі.
- 3) Сөндірулі.
 - A) Сол жақ.
 - B) Оң жақ.


Орындық жылытқышын қосу үшін қажетті қыздыру температурасына байланысты ауыстырып қосқышты «LOW» немесе «HIGH» күйіне басыңыз. «HIGH» күйін таңдағанда орындық барынша жылдам жылытылады.

Орындық жылытқышын сөндіру үшін ауыстырып қосқыштың ағымдағы күйге қарама-қарсы жағын басыңыз.

Жылытқышты қосқан кезде ауыстырып қосқышта орналасқан индикатор жанады. Автокөліктің салоны жеткілікті түрде жылыған соң немесе автокөліктен шыққан кезде, орындық жылытқышының ауыстырып қосқышы сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз.

■ Артқы орындықтардың жылытқышы

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда ғана орындық жылытқышы жұмыс істейді.



- 1) «HIGH» режимінің бақылау шамы.
 - 2) «LOW» режимінің бақылау шамы.
- A) Сол жақ.
B) Оң жақ.

Артқы орындық жылытқышын қосу үшін артқы орындық жылытқышының ауыстырып қосқышын басыңыз. Кейін температураға байланысты «HIGH» немесе «LOW» режимін қалауыңыз бойынша таңдаңыз. Ауыстырып қосқышты аз уақытқа басқан сайын режимдер келесі тәсілмен өзгереді.




Егер «LOW» режимі таңдалса, артқы орындықтар жылытқышының ауыстырып қосқышында «LOW» режимінің бақылау шамы қосылады. Егер «HIGH» режимі таңдалса, «LOW» және «HIGH» режимдерінің екі бақылау шамы қосылады. Егер жылытқыш сөндірілсе, барлық бақылау шамы сөніп тұрады.

«HIGH» режимін таңдағанда орындық барынша жылдам жылытылады.

ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқышты қайтадан іске қосқаннан кейін, орындық жылытқышының таңдалған жұмыс режимі тек алдыңғы орындықтар үшін сақталады. Артқы орындықтар үшін жылытқыштың жұмыс режимі сақталмайды.


Артқы орындықтар



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Жолаушы мен орындық арқалығы немесе орындық көпшігі арасына жастықтарды немесе басқа заттарды төсемеңіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел бауының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қаупі артады.


Екі жағдайда да ауыр жарақаттану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тасымалданатын жүк немесе басқа жүк орындықтың арқалығынан жоғары орналаспауы тиіс, өйткені автокөлік күрт тоқтаған немесе апатқа ұшыраған кезде жүк алға қарай құлап, жолаушыларға зақым келтіруі мүмкін.

■ Шынтақтаяныш (орнатылған болса)



Шынтақтаянышты түсіру үшін оны жоғарғы шетінен төменге тартыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Ешбір жағдайда жолаушыларға ортадағы шынтақтаяныш үстіне отыруға жол бермеңіз, өйткені олар ауыр жарақаттануы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде оның шынтақтаянышты орай өтпеуін бақылаңыз. Қауіпсіздік белбеуі шұғыл жағдайда функцияларын орындамайды, сондықтан бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

■ Бассүйегішті реттеу

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бассүйегіштері шешіп алынған автокөлікті басқарушы болмаңыз. Олардың мақсаты — автокөліктің артынан соққы тиген жағдайда мойынға келетін ауыр жарақаттың қаупін азайту. Осыған байланысты, егер бассүйегіштерді шешіп алсаңыз, автокөліктегі жолаушыларды қорғау үшін оларды орындарына орнатуыңыз керек.
- Апат кезінде мойынды жарақаттау қаупін азайту мақсатында бассүйегіштер тиісті күйге орнатылмайынша, жүргізуші автокөлікті басқармауы тиіс, ал жолаушылар автокөліктің орындығында отырмауы тиіс.


▼ Шеткі артқы орындықтар



- 1) Бассүйегіштің жұмысқа жарамсыз қалпы (бассүйегіш шеткі төменгі қалыпта).
- 2) Бассүйегіш жұмыс қалпына келтірілді (жоғарғы күйге көтерілген).

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Бассүйегіш құрылымы бойынша шеткі төменгі қалыпта қолданыла алмайды. Орындыққа жайғаспай тұрып бассүйегішті жоғарғы күйге көтеріңіз.



- 1) Бассүйегіш.
- 2) Бекіткіш түймені.

Бассүйегішті көтеру

Бассүйегішті жоғары көтеріңіз.

Бассүйегішті түсіру

Орындық арқалығының жоғарғы жағында орналасқан бекіткіш түймені басып тұрып, бассүйегішті төмен басыңыз.

Бассүйегішті шешіп алу


Бекіткіш түймені басып, бассүйегішті шығарып алыңыз.

Бассүйегішті орнату

Бассүйегішті орындық арқалығының жоғарғы бөлігіндегі тесіктерге бекітілгенше енгізіңіз. Бассүйегішті түсіру үшін бекіткіш түймені басып тұрыңыз.

Орындықтар бос болса, артқы көріністі ұлғайту үшін бассүйегіштерді түсіріңіз.


▼ Ортаңғы артқы орындық



- 1) Бассүйегіштің жұмысқа жарамсыз қалпы (бассүйегіш шеткі төменгі қалыпта).
- 2) Бассүйегіш жұмыс қалпына келтірілді (жоғарғы күйге көтерілген).

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Бассүйегіш құрылымы бойынша шеткі төменгі қалыпта қолданыла алмайды. Орындыққа жайғаспай тұрып бассүйегішті жоғарғы күйге көтеріңіз.



- 1) Бассүйегіш.
- 2) Бекіткіш түйме.

Бассүйегішті көтеру

Бассүйегішті жоғары көтеріңіз.

Бассүйегішті түсіру

Бекіткіш түймені басып, бассүйегішті төмен басыңыз.

Бассүйегішті шешіп алу

Бекіткіш түймені басып, бассүйегішті шығарып алыңыз.

Бассүйегішті орнату

Бассүйегішті орындық арқалығының жоғарғы бөлігіндегі тесіктерге бекітілгенше енгізіңіз. Бассүйегішті түсіру үшін бекіткіш түймені басып тұрыңыз.


Артқы ортаңғы орындық бос болса, артқы көріністі ұлғайту үшін бассүйегішті түсіріп қойыңыз.


■ Артқы орындықтардың арқалықтарын жию

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Артқы орындықтардың арқалықтарын жию кезінде артқы орындықта жолаушылар немесе заттар жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Мұны жасамасаңыз, орындықтың арқалығы кенет жиылған кезде жарақат алу немесе мүлікті зақымдау қаупі туындайды.
- Жолаушыларды артқы орындықтың жиылған арқалығына отырғызып немесе жүксалғышта тасымалдаңыз. Бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.
- Жүктерді және әсіресе ұзын заттарды тасымалдаған кезде, олар берік бекітілуі тиіс. Әйтпесе күрт тежеу кезінде, рульді күрт бұру немесе жылдамдықты тез үдету кезінде, олар салонның ішіне лақтырылып, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

- Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына қайтарған кезде, бекіткіш түймеде бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбей тұрғанын тексеріп алыңыз. Оған қоса, орындық арқалығын ілгері-кейін жылжытып, оның берік бекітілгенін тексеріңіз. Егер орындықтың арқалығы берік бекітілмесе, күрт тежеу кезінде немесе жүксалғыштағы заттар жылжығанда, ол кенет жиылып кетіп, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге жетелеуі мүмкін.





1) Бекіткіш.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Орындықтың арқалығы бастапқы қалпына қайтарылған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Оларды сақтамау ауыр жарақатқа немесе апатқа әкелуі мүмкін, өйткені қауіпсіздік белбеуін тиімді қолдану мүмкін болмайды.

- Қауіпсіздік белбеуі орындық арқалығына қысылмауы және толықтай көрініп тұруы тиіс.
- Қауіпсіздік белбеуі орындық арқалығы бекіткішінің артынан өтпеуі тиіс.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бекіткішке жүкті және т.б. ілмеңіз. Орындықтың арқалығы орнына берік бекітілмеуі мүмкін. Бұл апатқа ұшыратуы мүмкін.
- Егер қозғалыс кезінде қандай да бір зат бекіткіштің ысырмасын соқса, орындықтың арқалығы жиылып қалуы мүмкін. Жүк және т.б. ысырманы соқпау үшін абай болыңыз.

1. Бассүйегіштерді түсіріңіз.




Бекіткіш түйме



Жүксалғыштың екі жағындағы бекіткіш ысырмалары (орнатылған болса)

2. Бекіткіш түймені немесе бекіткіш ысырмасын (орнатылған болса) тартып, орындық арқалығын босатыңыз да, орындық арқалығын жиыңыз.

- ▼ Артқы орындықтардың арқалықтарын бастапқы қалпына қайтару




⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтың арқалығы бастапқы қалпына қайтарылған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

Сақтық шараларын сақтамау қауіпсіздік белбеуін зақымдауы, оның тиімділігін төмендетуі және нәтижесінде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

- Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына қайтарған кезде, ол орындықтың арқалығы мен ішкі әрлеме панелі арасында қысылып қалмауы үшін қауіпсіздік белбеуін автокөліктен сыртқа тартыңыз.



Бекіткіш түйме


- 1) Бекітілмеген.
 - 2) Бекітілген.
- A) Бекітілмеген қалыптың қызыл белгісі.

Орындықтың арқалығын бастапқы қалыпқа қайтару үшін орындықтың арқалығын бекітілгенше көтеріңіз және бекіткіш түймедегі бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбей тұрғанына көз жеткізіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына қайтарған кезде, бекіткіш түймеде бекітілмеген қалыптың белгісі көрінбей тұрғанын тексеріңіз. Оған қоса, орындық арқалығын ілгері-кейін жылжытып, оның берік бекітілгенін тексеріңіз. Егер орындықтың арқалығы берік бекітілмесе, күрт тежеу кезінде немесе жүксалғыштағы заттар жылжығанда, ол кенет жиылып кетіп, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге жетелеуі мүмкін.

■ Орындықтың арқалығын еңкейту (қарастырылған болса)



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Көлік соқтығысқан кезде жолаушы қауіпсіздік белбеуінің астына сырғып кетпеуі үшін келесі сақтық шараларын сақтаңыз.


- Автокөлік қозғалысы кезінде, орындықтың арқалығын тік күйге орнатыңыз.
- Жолаушы арқасының астына жастықтарды немесе басқа ұқсас заттарды төсемеңіз.

Әйтпесе дене қауіпсіздік белбеуінің бел бауының астына сырғып кетуі немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кетуі ықтимал. Екі жағдайда да ішкі органдар ауыр зақымдануы мүмкін немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыштың жылжымалы пердесін қолданған кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- Артқы орындық арқалығын еңкейту кезінде бассүйегіш пен жүксалғыш пердесі арасына қолды кездейсоқ қысып алмау үшін абай болыңыз.
- Жүксалғыштағы шығарылатын қалқаның алдыңғы бөлігін жылжытыңыз, ол орындықтың арқалығын еңкейту кезінде зақымдалмайтындай болуы керек. «Жүксалғыштың шығарылатын қалқасы» бөлімін қараңыз 341-б.



Бауды тартып, орындық арқалығын ыңғайлы күйге орнатыңыз. Кейін берік бекітілгеніне көз жеткізу үшін бауды жіберіп, орындықтың арқалығын ілгері-кейін жүлқып көріңіз.

Қауіпсіздік белбеулері

■ Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолдану ұсыныстары

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Автокөліктегі барлық адам автокөлік қозғалысы басталғанға **ДЕЙІН** қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек. Әйтпесе күрт тежеу кезінде немесе апат орын алғанда ауыр жарақат алу қаупі артады.
- Барлық қауіпсіздік белбеуі денеге нық жанасып, оның қалпын барынша бекітіп тұруы тиіс. Бос тартылған қауіпсіздік белбеулерінің жарақаттардың алдын алуда немесе олардың ауырлық дәрежесін азайтуда тиімділігі төмен болады.
- Әрбір қауіпсіздік белбеуі тек бір адамның қалпын бекітуге арналған. Бір қауіпсіздік белбеуін екі немесе одан көп адамды, тіпті балаларды бекіту үшін қолданушы болмаңыз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.

- Ауыр жол-көлік апатына ұшыраған автокөліктегі жүргізуші мен жолаушылардың орындықтарында қолданылған қауіпсіздік белбеулерінің барлық тораптарын, соның ішінде тартқыштары мен бекіту тораптарын ауыстырыңыз. Оған қоса, қатты тозу немесе кесілу белгілері бар қауіпсіздік белбеулерінің тораптарын міндетті түрде ауыстырыңыз. Зақымдар көрінбесе де, барлық торапты ауыстыру қажет.
- Қауіпсіздік белбеуін ауыстырған кезде жаңа жүйе сертификатталуы және ауыстырылатын қауіпсіздік белбеуі орналасқан жерге орнатылуы тиіс.
- Қауіпсіздік белбеуін таққан кезде, оның тілшігін қажетті тоғаға салыңыз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.
- Тізеңіздегі баланы қауіпсіздік белбеуімен бекітпеңіз. Әйтпесе апат кезінде бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.

- 12 және одан кіші жастағы және бойы 1,5 м және одан аласа балалар тек **АРТҚЫ** орындықта тасымалдануы тиіс. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен өте тез ашылатындықтан, 12 жастағы немесе одан кіші, бойы 1,5 м немесе одан аласа, сондай-ақ тасымалдау кезінде қалпы бекітілмеген немесе нашар бекітілген бала жарақат алуы және тіпті өліп кетуі мүмкін. Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады.

Арнайы бала бекіту құрылғыларының **БАРЛЫҚ** түрі (соның ішінде балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған орындықтар) әрдайым **АРТҚЫ** орындыққа берік бекітілуі тиіс.

ЕШҚАШАН БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ОРЫНДЫҒЫН АЛДЫҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТУШЫ БОЛМАҢЫЗ. ОСЫЛАЙ ОРНАТҚАН КЕЗДЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМ ҚАУІПІН АРТТЫРАДЫ.

Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады. Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген **72-б.**

▼ Нәрестелерді немесе кішкентай балаларды тасымалдау


Балалар автокөлігіңіздің конструкциясына үйлесетін бала бекіту құрылғыларында ғана тасымалдануы тиіс. «Бала бекіту құрылғылары» бөлімін қараңыз **72-б.**

▼ Балаларды тасымалдау

Бала арнайы бала бекіту құрылғысы үшін тым үлкен болса, онда қозғалыс кезінде оның қалпын артқы орындыққа қауіпсіздік белбеулерімен бекіту керек. Баланың орындыққа тұрып алуына немесе оның тізерлеп отыруына жол бермеңіз.

Қауіпсіздік белбеулері ересек жолаушыларға арнап құрастырылған. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық бауы баланың беті немесе мойны деңгейінде орналасса, қауіпсіздік белбеуінің иық бауының дұрыс күйін қамтамасыз ету үшін оны бау тоғасына жақынырақ жылжытыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы баланың белін емес, санын бекітіп, барынша төмен орналасуына да назар аудару керек. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық бауы баланы тиісінше қамтымаса, бала бекіту құрылғысын қолдану қажет. Ешбір жағдайда қауіпсіздік жүйесінің иық бауын баланың қолы астынан немесе арқасының артынан өткізбеңіз.

▼ Жүкті әйелдерді тасымалдау



Жүкті әйелдер де қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек. Олар өз дәрігерлерінен жеке ұсыныстар алуы керек. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы бел тұсын емес, жамбасты қамтып, барынша төмен орналасуы тиіс.

■ Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары (ELR)

Автокөліктің барлық қауіпсіздік белбеулері апаттық бекіту функциясы бар тартқыштармен (ELR) жабдықталған. Қауіпсіздік белбеуінің тартқышын апаттық бекіту режимі қалыпты жағдайларда дененің еркін қимылдауына мүмкіндік береді, бірақ кенет тоқтау, соғылу немесе қауіпсіздік белбеуін тартып қалу кезінде автоматты түрде оны бекітеді.

■ Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеуінің тартқыштары (ALR/ELR) (орнатылған болса)

Кейбір үлгілерде артқы орындықтардың әрқайсысының қауіпсіздік белбеулері автоматты/апаттық бекіту функциясы бар тартқыштармен жабдықталған. Бұл құрылғы әдетте қауіпсіздік белбеуінің тартқышын апаттық бекіту режимінде жұмыс істейді. Алайда автоматты / апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеуі тартқышының қосымша бекіту режимі — бала бекіту құрылғысын бекітуге арналған «Кергішті автоматты бекіту» режимі бар.

Алдымен автокөліктің қауіпсіздік белбеулері тартқышты автоматты бекіту режимімен жабдықталғандығын тексеріңіз. Қауіпсіздік белбеуі тартқышының автоматты түрде бекітілу режимі болса, қауіпсіздік белбеулері келесідей жұмыс істейді.

Егер сіз қауіпсіздік белбеуін толығымен тартсаңыз, тіпті аздап тартқаннан кейін де, тартқыш қауіпсіздік белбеуін осы күйде бекітеді және оны қайтадан шығаруға мүмкіндік бермейді. Қауіпсіздік белбеуін тартқан кезде, тартқыш автоматты бекіту режимінде жұмыс істеп тұрғанын білдіретін шерту дыбыстары естіледі. Егер қауіпсіздік жүйесі толығымен тартылса, автоматты бекіту режимі тоқтап, апаттық бекіту режимі қалпына келеді.

Артқы орындыққа бала бекіту құрылғысын бетін алға қаратып қауіпсіздік белбеуімен бекіткен кезде, автоматты/апаттық бекіту функциясымен жабдықталған қауіпсіздік белбеуі бар модельдерде қауіпсіздік жүйесінің тартқышын автоматты бекіту режиміне ауыстыру қажет. Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату жөніндегі нұсқаулықтар «Бала бекіту құрылғысын қауіпсіздік белбеуімен орнату» бөлімінде берілген ☞ 85-б.

Бала бекіту құрылғысы алынып тұрғанда, белбеудің тартқышқа толығымен тартылуына мүмкіндік беріп, тартқыш қайтадан апаттық бекіту режиміне ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.

■ Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі



«Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертетін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі» бөлімін қараңыз ☞ 191-б.


■ Қауіпсіздік белбеуін тағу

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік белбеуі бұралмауы немесе айналмауы тиіс. Әйтпесе апат кезінде жарақат алу қаупі немесе оның ауырлық деңгейі артады.
- Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы жамбаста барынша төмен орналасуы тиіс. Бұл жағдайда соқтығысу кезінде соққы күші қауіпсіздік белбеуінің бел бауы арқылы құрсақ қуысының тұсынан жүктемелерге едәуір төзімді жамбас сүйектеріне беріледі.
- Орындықта отырған адамның арқасы тігінен орнатылған орындық арқалығына нық тиіп тұрған жағдайда, қауіпсіздік белбеулері максималды тартылады. Соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде алдыңғы орындықтардың арқалықтары әрдайым тігінен орналасуы тиіс.

Егер алдыңғы орындықтардың арқалықтары шалқайтылса, онда соқтығысу кезінде дененің қауіпсіздік белбеуінің астынан сырғып кету немесе қауіпсіздік белбеуінің бел бауы жоғары қарай құрсақ қуысы тұсына жылжып кету қаупі ұлғаяды. Екі жағдайда да ішкі органдардың ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.

- Жолаушы мен орындық арқалығы немесе орындық көпшігі арасына жастықтарды немесе басқа заттарды төсеменіз. Бұл жағдайда дененің қауіпсіздік белбеуінің бел бауының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай сырғып кету қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі органдардың ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ешқашан қауіпсіздік жүйесінің иық бауын қол астынан немесе арқаның артынан өткізбеңіз. Әйтпесе апат кезінде жарақат алу қаупі немесе оның ауырлық деңгейі артады.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Шуақты ауа райында жабық автокөліктегі қауіпсіздік жүйесінің металл бөліктері қатты қызып, жүргізушіні немесе жолаушыны күйдіруі мүмкін. Оларды суығаннан кейін ұстаңыз.

▼ **Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері**


1. Төменде келтірілген әрекеттерге сәйкес орындықтың күйін реттеңіз.

Жүргізушінің орындығы. Орындық арқалығын тік күйге орнатыңыз. Автокөлікті толық бақылауда ұстайтындай күйде орындық арқалығын рульден барынша алыстатыңыз.


Алдыңғы жолаушы орындығы.

Орындық арқалығын тік күйге орнатыңыз. Орындықты мүмкіндігінше артқа қарай ысырыңыз.

2. Орындық арқалығына нық сүйеніп отырыңыз.
3. Қауіпсіздік белбеуін тілшіктен ұстап баяу тартыңыз. Белбеудің айналмауын қадағалаңыз.
- Тілшік тоғаға жеткенге дейін белбеу сыналанып қалса, белбеуді сәл босатыңыз да, оны қайтадан баяу тартыңыз.
 - Егер белбеу бәрібір шықпай қалса, оны жұлқып қалыңыз да сәл босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяу тарта бастаңыз.




4. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға бекіткіштің сырт еткен дыбысымен бекітілгенше енгізіңіз.



5. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауын тарту үшін қауіпсіздік белбеуінің иық бауын тартыңыз.

6. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы бел тұсын емес, санды бекітіп, барынша төмен орналасуы тиіс.

▼ **Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің иық бауын жоғарғы бекіту торабының күйін реттеу**



Қауіпсіздік белбеуінің иық бауының жоғарғы бекіту торабының қалпы жүргізушінің немесе алдыңғы орындықтағы жолаушының бойына сәйкес реттелуі тиіс. Қауіпсіздік белбеуінің иық бауының жоғарғы бекіту торабының қалпы бау иықтың ортасынан өтіп, мойынға тимейтіндей етіп реттелуі тиіс.

Бекіту торабын көтеру

Бекіту торабын жоғары жылжытыңыз.


Бекіту торабын түсіру

Бекіткіш түймені басып, бекіту торабын төмен жылжытыңыз.

Бекіту торабын жаңа қалыпта сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін қауіпсіздік белбеуінің иық бауын бекіту торабын төмен тартыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік белбеуін таққан кезде, оның иық бауы мойын тұсынан өтпейтініне көз жеткізіңіз. Керісінше жағдайда оны бекіту торабын төмен жылжытыңыз. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық бауы мойын тұсынан өтіп тұрса, онда күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде омыртқаның мойын бөлігіне ауыр жарақат келуі мүмкін.

▽ Қауіпсіздік белбеуін ағыту


1) Түйме.

1. Тоғадағы бекіткіш түймені басыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуінің шатасуына немесе айналып кетуіне жол бермеу үшін оның баяу тартылуына мүмкіндік беріңіз.


Есікті жаппай тұрып, қауіпсіздік белбеуі толығымен тартылып, есікке қысылып қалмағанын тексеріңіз.

▼ Артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері (артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінен басқа)

1. Орындық арқалығына нық сүйеніп отырыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуін тілшіктен ұстап баяу тартыңыз. Белбеудің айналмауын қадағалаңыз.
 - Тілшік тоғаға жеткенге дейін белбеу сыналанып қалса, белбеуді сәл босатыңыз да, оны қайтадан баяу тартыңыз.
 - Егер белбеу бәрібір шықпай қалса, оны жұлқып қалыңыз да сәл босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяу тарта бастаңыз.




3. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға бекіткіштің сырт еткен дыбысымен бекітілгенше енгізіңіз.



4. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауын тарту үшін қауіпсіздік белбеуінің иық бауын тартыңыз.
5. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы бел тұсын емес, санды бекітіп, барынша төмен орналасуы тиіс.

▽ Қауіпсіздік белбеуін ағыту




- 1) Түйме.


1. Тоғадағы бекіткіш түймені басыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуінің шатасуына немесе айналып кетуіне жол бермеу үшін оның баяу тартылуына мүмкіндік беріңіз.

Есікті жаппай тұрып, қауіпсіздік белбеуі толығымен тартылып, есікке қысылып қалмағанын тексеріңіз.

▼ Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуі



- 1) Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тілшігі.
- 2) Жалғағыштың тілшігі.
- 3) Жалғағыштың тоғасы.
- 4) Артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тоғасы.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Бұралып кеткен қауіпсіздік белбеуін тағу салдары апат кезінде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеуін таққан кезде оны тартқыштан шығара отырып және әсіресе тоғадағы жалғағыш тілшігін бекіткен кезде (оң жақтан) бауы бұралып кетпегенін міндетті түрде тексеріп алыңыз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Екі тілшік тиісті тоғаларға бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық бауы ғана қолданылып тұрса (жалғағыштың тілшігі оң жақтағы жалғағыштың тоғасына бекітілмеген кезде), онда апат кезінде жолаушының толық қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейді және ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

- Қауіпсіздік белбеуін тағар кезде қауіпсіздік белбеуі белбеу бағыттағышы арқылы өтіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Белбеу бағыттағышы арқылы өткізілмеген қауіпсіздік белбеуі күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде мойынды жарақаттауы мүмкін, өйткені ол мойынға сырғып кетуі мүмкін.




Орталық артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуі жүксалғыштың жоғары жағындағы төбе қуысында орналасқан.

1. Жалғағыштың тілшігін ойық тілігінен артқа тартып шығарыңыз да, қауіпсіздік белбеуін баяу тартыңыз.




2. Қауіпсіздік белбеуін белбеу бағыттағышы арқылы өткізіңіз.



3. Қауіпсіздік белбеуінің бұралып кетпегеніне көз жеткізіп, қауіпсіздік белбеуінің мата таспасының ұшына бекітілген жалғағыштың тілшігін оң жақта орналасқан тоғаға сырт еткен дыбыс естілгенше енгізіңіз.
 - Тілшік тоғаға жеткенге дейін белбеу сыналанып қалса, белбеуді сәл босатыңыз да, оны қайтадан баяу тартыңыз.
 - Егер белбеу бәрібір шықпай қалса, оны жұлқып қалыңыз да сәл босатыңыз, содан кейін оны қайтадан баяу тарта бастаңыз.




4. Ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тілшігін сол жақта орналасқан «CENTER» жазуы бар ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тоғасына сырт еткен дыбыс естілгенше енгізіңіз.



5. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауын тарту үшін қауіпсіздік белбеуінің иық бауын тартыңыз.
6. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы бел тұсын емес, саңды бекітіп, барынша төмен орналасуы тиіс.

▽ Қауіпсіздік белбеуін ағыту



1) Түйме.


1. Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін сол жақта орналасқан артқы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуі тоғасындағы бекіткіш түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Жүксалғыш көлемін ұлғайту үшін орындықтың арқалығын жиятын кезде жалғағышты ажырату қажет.



2. Белбеу тілшігін немесе қатты материалдан жасалған басқа өткір затты жалғағыш тоғасының оң жағындағы кертікке салып басыңыз. Жалғағыштың тілшігі жалғағыштың тоғасынан ағытылады.



3. Тартқыштың белбеуді тартуына мүмкіндік беру керек. Қауіпсіздік белбеуі тартылған кезде оның дұрыс күйін қамтамасыз етіп, тартқышқа бағыттау керек. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін ойыққа абайлап салыңыз, кейін жалғағыштың тілшігін тілікке салыңыз.

**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Қауіпсіздік белбеуінің тартқышқа тым жылдам тартылуына мүмкіндік бермеңіз. Әйтпесе тілшіктің металл пластинасы қаптамаға соғылып, оны зақымдауы мүмкін.

- Қауіпсіздік жүйесі тартқышқа толықтай тартылғанына, ал тілшіктердің пластиналары ұқыпты жиылғанына көз жеткізіңіз. Қозғалыс кезінде тілшіктің салбыраған пластинасы қаптамаға соғылып, оны зақымдауы мүмкін.

■ Қауіпсіздік белбеулеріне техникалық қызмет көрсету

Қауіпсіздік белбеулері жылы су мен жұмсақ сабын көмегімен тазартылады. Белбеулерді ағартуға немесе бояуға тыйым салынады, өйткені бұл олардың беріктігін төмендетіп жібереді.

Қауіпсіздік белбеулерінде, оның ішінде баулар мен барлық металл бөлшектерінде жарықтар, тіліктер, үйкелістер, тозу және босаған болт қосылыстары бар-жоғын тексеріңіз. Болмашы зақымдарды анықтаған кезде қауіпсіздік белбеулері ауыстырылуы тиіс.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қауіпсіздік белбеулеріне әртүрлі лактардың, майлардың, химиялық реагенттердің және өсіресе аккумулятор батареясы электрлитінің тиюіне жол бермеңіз.
- Қалыпты жұмысына кедергі жасауы мүмкін қауіпсіздік белбеулерін түрлендіру немесе конструкциясын өзгерту жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары

Келесі қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқышпен жабдықталған.

- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі.
- Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуі.
- Шеткі артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері (қарастырылған болса).

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының конструкциясы орташа немесе қатты бетпе-бет соғысу кезінде іске қосылады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші және алдыңғы орындықтағы жолаушы максималды қорғалуы үшін олар орындықтарының арқалықтары қатаң түрде тік қалыпта болатындай отыруы, сондай-ақ қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағуы тиіс. «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін қараңыз ☎56-б.
- Алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарын немесе олардың жанындағы аймақты түрлендіруге, алып тастауға немесе соғуға тыйым салынады.

Өйткені мұның салдарынан алдын ала тартқыштар кездейсоқ іске қосылуы немесе олар істен шығып, ауыр жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары конструкциясы бойынша автокөлік иесінің оларға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуін қарастырмайды. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарына техникалық қызмет көрсету қажет болса, кеңес алу үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.

- Алдын ала тартқыштарымен жабдықталған қауіпсіздік белбеулері тартқыштарының тораптарын немесе апат кезінде зақымдалған бүкіл автокөлікті көдеге жарату кезінде, SUBARU дилеріңізден кеңес алғаныңыз жөн.

ЕСКЕРТПЕ

- Алдын ала тартқыштардың конструкциясы әлсіз бетпе-бет соққылар немесе арттан тиетін соққылар кезінде іске қосылмайды.
- Алдын ала тартқыштардың конструкциясы олардың бір рет іске қосылуын ғана көздейді. Алдын ала тартқыш іске қосылған жағдайда,

қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарын SUBARU өкілетті дилері ғана ауыстыруы тиіс. Қауіпсіздік белбеуі тартқыштарының тораптарын ауыстырған кезде SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін ғана қолданыңыз.

- Егер алдын ала тартқышпен жабдықталған қауіпсіздік белбеуі тартып оралмаса немесе ақау салдарынан немесе алдын ала тартқыштың іске қосылуы себебінен шығарылмаса, алғашқы мүмкіндік болған жағдайда SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.
- Қауіпсіздік белбеуінің тартқышы немесе оның жанындағы аймақ зақымдалған кезде, алғашқы мүмкіндік туған бойда SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.
- Автокөлікті сатқан кезде сатып алушыға автокөліктің қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарымен жабдықталғанын айтып жеткізіңіз. Оған қоса, сатып алушыға осы бөлімнің мазмұны туралы хабарлаңыз.

■ Белбеудің иық және бел бауларының алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеуі

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлім келесі компоненттерге қолданылады.

- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі.
- Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуі.



- 1) Қауіпсіздік белбеуінің тартқышы (белбеудің иық бауының алдын ала тартқышы және бейімделетін жүктеме шектегіші (орнатылған болса)).
- 2) Қауіпсіздік белбеуінің бел бауының алдын ала тартқышы.

Алдын ала тартқыш датчигі келесі датчиктер ретінде қолданылады.

- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының датчигі.
- Бүйірлік соққы датчигі.
- Төңкерілу датчигі.

Егер датчиктер бетпе-бет немесе бүйірлік соқтығысу немесе төңкерілу кезінде алдын ала белгіленген күш деңгейін анықтаса, алдын ала тартқыштармен жабдықталған барлық қауіпсіздік белбеулері жолаушының қалпын барынша тиімді бекіту үшін әлсіз жерді тандап жылдам тартылады.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқышы соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінен адам денесіне тиетін шекті жүктемені шектейтін тарту деңгейін азайту құрылғысымен жабдықталған.

- Бейімделетін жүктеме шектегіші (егер орнатылса).
Жүргізуші жақтағы бейімделетін жүктеме шектегіші жүргізушінің отыру датчигімен анықталатын жүргізуші денесінің габариттеріне сәйкес жүктемені азайту деңгейін таңдайды.

Алдыңғы жолаушы жағындағы бейімделетін жүктеме шектегіші жолаушының отыру датчигі анықтайтын жолаушы денесінің өлшемдеріне сәйкес жүктемені азайту деңгейін таңдайды.

- Алдын ала тартқыш іске қосылған кезде. Жұмыс шуы естіледі, сондай-ақ аздаған түтін бөлінеді. Бұл қауіп төндірмейтін қалыпты жағдай. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.
Алдын ала тартқыш іске қосылған кезде қауіпсіздік жүйесінің тартқышы бекітіліп қалады. Нәтижесінде қауіпсіздік белбеуін тартып шығару мүмкін емес, сондай-ақ тартылуы бекітіледі, сондықтан ауыстырылуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ

- Алдын ала тартқыштың конструкциясы әлсіз бетпе-бет соққылар немесе арттан тиетін соққылар кезінде іске қосылмайды.
- Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен бірге іске қосылады. Алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесі бар үлгілерде, тіпті алдыңғы жолаушы орындығы бос болғандықтан алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайтын болса

да, алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы алдыңғы қауіпсіздік жастығымен / жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышымен бірге іске қосылады.

- Алдын ала тартқыштардың конструкциясы олардың бір рет іске қосылуын ғана көздейді. Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары іске қосылғаннан кейін, SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін қолданатын SUBARU ресми дилерінде алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері тартқыштарының тораптарын толықтай ауыстыруды ұсынамыз.
- Егер алдыңғы орындықтардың бірінің қауіпсіздік белбеуі тартылмаса немесе ақаудың немесе алдын ала тартқыштың іске қосылуы себебінен шығарылмаса, мүмкіндік туған бойда SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз. Автокөлік жүктеме шектегіші бар қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған кезде, олар алдыңғы орындықтарға орнатылады.

- Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тартқышы немесе оның жанындағы аймақ зақымдалған кезде, мүмкіндік туған бойда SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.
- Автокөлікті сатқан кезде сатып алушыға автокөліктің қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарымен жабдықталғанын айтып жеткізіңіз. Оған қоса, сатып алушыға осы бөлімнің мазмұны туралы хабарлаңыз.

■ Иық баудың алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеуі (орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлім келесі компоненттерге қолданылады.

- Шеткі артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері.



Алдын ала тартқыш датчигі келесі датчиктер ретінде қолданылады.

- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының датчигі.
- Бүйірлік соққы датчигі.
- Төңкерілу датчигі.

Егер датчиктер бетпе-бет немесе бүйірлік соқтығысу немесе төңкерілу кезінде алдын ала белгіленген күш деңгейін анықтаса, алдын ала тартқыштармен жабдықталған барлық қауіпсіздік белбеулері жолаушының қалпын барынша тиімді бекітуі үшін әлсіз жерді таңдап жылдам тартылады.

Шеткі артқы орындықтардың қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқышы соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуінен адам денесіне тиетін шекті жүктемені шектейтін тарту деңгейін азайту құрылғысымен жабдықталған.

Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы іске қосылған кезде аздаған түтін бөлінеді, сондай-ақ жұмыс шуы естіледі. Бұл қауіп төндірмейтін қалыпты жағдай. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.

Алдын ала тартқыш іске қосылған кезде қауіпсіздік жүйесінің тартқышы бекітіліп қалады. Нәтижесінде қауіпсіздік белбеуін тартып шығару мүмкін емес, сондай-ақ тартылуы бекітіледі, сондықтан ауыстырылуы тиіс.

■ Жүйенің күйін бақылау

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне орнатылса, диагностикалық жүйе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштерінің дайындығын үздіксіз қадағалайды. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарын қауіпсіздік жастықтары жүйесінің басқару блогы басқарады, сондықтан қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының қандай да бір ақауы пайда болса, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы жанады.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау» бөлімін қараңыз ☎ 127-6.

■ Жүйеге техникалық қызмет көрсету

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік белбеулері тартқыштарын немесе апат кезінде зақымдалған бүкіл автокөлікті кәдеге жарату үшін SUBARU дилеріңізден кеңес алғаныңыз жөн.
- Конфигурацияны өзгерту немесе жүйенің электр сымдар жүйесін сөндіру салдарынан алдын ала кергіштер және/немесе қауіпсіздік жастықтары кездейсоқ іске қосылуы немесе бүкіл жүйені істен шығуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға әкеледі. Қауіпсіздік белбеулері мен қауіпсіздік жастықтарының алдын ала тартқыштар жүйелерінің кез келген электр тізбегінде электр тестерлерді қолдануға тыйым салынады. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала кергіштеріне техникалық қызмет көрсету қажет болса, SUBARU ең жақын дилерінен кеңес алыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Датчиктер мен қауіпсіздік жастықтары жүйесінің басқару блогының орналасуы «Компоненттер» бөлімінде келтірілген ☎108-б.

Қауіпсіздік жастықтарының датчиктері мен модульдері орнатылған аймақтарда немесе қауіпсіздік белбеулері тартқыштарының жанында техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болса, SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер автокөлігіңіздің алдыңғы немесе бүйір жағы апат кезінде зақымдалғандықтан, қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштары жұмысқа жарамсыз күйде болса, SUBARU дилеріне барынша тезірек хабарласыңыз.

■ Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары

Автокөлігіңізге кез келген қосымша жабдықты орнату алдында SUBARU дилеріңізден кеңес алыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде аталған өзгерістерді автокөлік конструкциясына енгізуге жол бермеңіз. Мұндай өзгерістер қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.

- SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығының санына кірмейтін немесе сапасы бойынша SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығына сай келмейтін қандай да бір жабдықты (өртүрлі қорғаныс торлары, шығырлар, қар аршу құрылғылары, сүйретпелі қалқандар және т.б.) автокөліктің алдыңғы бөлігіне орнату.

- Автокөліктің аспа жүйесіне немесе автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына өзгерістер енгізу.
- Өлшемі және құрылымы жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреудегі тақтайшада немесе нақты автокөліктердің үлгілері үшін осы нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленетін шиналарды орнату.

Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескертпе (аспаптар тақтасының түрлі-түсті дисплейі бар үлгілер)

Бұл функция жүргізушінің назарын артқы орындықта жолаушылардың және жүктің бар болуын тексеру қажеттілігіне аударады.

Функция артқы есіктерді ашу және жабу кезінде қосылады.

Ол аспаптар тақтасының дисплейіне (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) тиісті ескерту хабарын шығарып және дыбыс сигналын беріп, оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінен «OFF» күйіне ауыстырылған кезде жүргізушіге ескертеді.




ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функция артқы орындықта жолаушылар мен жүктің болуын анықтамайды.
- Бұл функция артқы есіктердің ашылуын және жабылуын анықтайды. Осыған байланысты келесі көріністер болуы мүмкін.
 - Ол артқы орындықта жолаушылар немесе жүк болмаса да жүргізушіге ескертуі мүмкін.
 - Ол артқы орындықта жолаушылар немесе жүк болса да жүргізушіге ескертпеуі мүмкін.
- Бұл функцияны аспаптар тақтасының пайдаланушы баптаулары функциясының көмегімен қосуға/сөндіруге болады. «Функциялардың баптаулары» бөлімін қараңыз 28-б.

- Қосу/сөндіру баптаулары тіпті оталдыру жүйесінің құлпын «OFF» күйіне аударған кезде де өзгермейді.
- Аккумулятор батареясын алған кезде, қосу/сөндіру баптаулары әдепкі мәнге қайтады.

Бала бекіту құрылғылары

■ Сақтық шаралары




Нәрестелер мен 12 және одан кіші жастағы және бойы 1,5 м және одан аласа балалар әрқашан тек артқы орындықта, арнайы бала бекіту құрылғыларына отырғызылып тасымалдануы тиіс. Бала бекіту құрылғысы баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес келуі керек. Барлық бала бекіту құрылғылары конструкциясы бойынша автокөліктің орындықтарына бекітуді көздейді.

Егер бала бекіту құрылғысы орындыққа берік бекітілмесе, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті баланың өліміне әкелуі мүмкін. Бала бекіту құрылғысын орнатқан

кезде өндіруші зауыттың нұсқаулықтарын қатаң сақтаңыз.

Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады.



Бекіткіш түйме

- 1) Бекітілмеген.
 - 2) Бекітілген.
- A) Бекітілмеген қалыптың қызыл белгісі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Бала бекіту құрылғысын орнату алдында орындық арқалығындағы бекіткіш түйменің бекітілмеген күйінің белгісі көрінбейтініне, ал артқы орындықтың арқалығы орнына берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер артқы орындық арқалығының күйі сенімді бекітілмесе, оның салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Балаларды автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Салондағы жоғары температура ыстық өтуге және ағзаның сусыздануына алып келуі мүмкін, бұл өз кезегінде денсаулыққа ауыр зиян тигізеді немесе тіпті өлімге жетелейді.



100125

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жолаушыларға автокөлік қозғалысы кезінде балаларды тізеге отырғызуға немесе қолға ұстауға рұқсат бермеңіз. Апат орын алғанда жолаушы баланы жарақаттан қорғай алмайды, өйткені бала жолаушы мен автокөлік салонындағы басқа заттар арасында қысылып қалады. Оған қоса, егер алдыңғы орындықта отырып, баланы тізеге немесе қолға алып отырсаңыз, оған ауыр қауіп төнеді. Қауіпсіздік жастығы өте тез және үлкен күшпен ашылатындықтан, бала жарақат алуы немесе тіпті өліп кетуі мүмкін.



100126

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлікте тасымалдаған кезде баланың қалпы әрдайым берік бекітілуі тиіс. Баланың орындыққа тұрып алуына немесе оның тізерлеп отыруына жол бермеңіз. Егер баланың қалпы бекітілмесе, онда күрт тежеу немесе апат кезінде ол алға ұшып кетіп, ауыр жарақаттарға ұшырауы мүмкін.

- Баланың алдыңғы жолаушының орындығына тұрып алуына немесе оған тізерлеп отыруына жол бермеңіз. Баланы ешқашан тізеге немесе қолға алып отырмаңыз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін.

■ Бала бекіту құрылғыларын орнатуға қатысты қауіпсіздік ұсыныстары

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Шуақты ауа райы кезінде жабық автокөліктегі бала бекіту құрылғылары мен қауіпсіздік белбеулері қатты қызып кетіп, бала күйіп қалуы мүмкін. Баланы бала бекіту құрылғысына отырғызу алдында оның температурасын тексеріңіз.

- Бала бекіту құрылғысын бекітпелерге дұрыс орнатыңыз. ISOFIX бекіткіш қапсырмаларын қолданған кезде айналасында бөтен заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Оған қоса, бала бекіту құрылғысының артындағы қауіпсіздік белбеулерін қысуға болмайды. Бала бекіту құрылғысы берік орнатылғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе күрт тежеу, бұру немесе апат кезінде бала немесе басқа жолаушылар қаза болуы немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Бала бекіту құрылғысының автокөлікте бекітілмеуіне жол бермеңіз. Күрт тежеу немесе апат кезінде бекітілмеген бала бекіту құрылғысы салонға лақтырылып, жүргізуші мен жолаушыларға, сондай-ақ бекіту құрылғысындағы балаға да жарақат келуі мүмкін. Бұған қоса, бұның салдары бала өліміне әкелуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ


Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, онымен бірге жеткізілетін өндіруші зауыттың нұсқаулығын сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.

■ Бала бекіту құрылғылары орнатылатын орындар

Төменде автокөлігіңізде бала бекіту құрылғылары орнатылатын орындарға қатысты SUBARU ұсыныстары берілген.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бала бекіту құрылғыларының кейбір типтері іргелес орындықтың қауіпсіздік жүйесінің тоғасын жасыруы мүмкін. Егер іргелес орындықтағы жолаушы қауіпсіздік белбеуін дұрыс таға алмаса, ол басқа орындыққа отыруы тиіс. Егер қауіпсіздік жүйесін дұрыс тағу мүмкін болмаса, күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақаттану немесе өлім қаупі болады.
- Бала бекіту құрылғысы жүргізушінің орындығына тиетіндіктен оны дұрыс орнату мүмкін болмаса, бала бекіту құрылғысын басқа орындыққа көшіріңіз. Егер оны басқа орындыққа орнату мүмкін болмаса (жүргізуші орындығынан басқа), алдыңғы орындықтың қалпын бір-біріне тимейтіндей етіп реттеңіз.



А: Алдыңғы жолаушы орындығы

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде жарақат алу қаупі пайда болатындықтан алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғысын (қосымша бала орындығын қоса) орнатпаңыз.

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы бар модельдер үшін

Егер бұған жол бермеу мүмкін болмаса, бұл орындыққа бала бекіту құрылғысы (қосымша бала орындықтарын қоса) орнатылуы мүмкін. Міндетті түрде төменде келтірілген нұсқаулықтарды орындаңыз. «Алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын

білдіретін бақылау шамы бар модельдер үшін» бөлімін қараңыз 81-б.

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдер үшін

Бұл орындықта тек балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын (қосымша бала орындығы) және бұған жол бермеу мүмкін болмаса ғана орнатуға болады. Міндетті түрде төменде келтірілген нұсқаулықтарды орындаңыз. «Алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдер үшін» бөлімін қараңыз 84-б.

В: Артқы шеткі орындықтар

Бала бекіту құрылғыларының барлық типі орнатылатын орындар. Бұл орындарда арнайы бала бекіту құрылғыларын бекітуге арналған келесі жабдық орнатылған.

- Апаттық бекіту функциясы бар тартқыштар орнатылған (ELR) қауіпсіздік белбеулері.

- ISOFIX бекіту қапсырмалары.
- Зәкір белбеуін бекіту нүктелері.


Бала бекіту құрылғыларының кейбір түрлерін орындық көпшігінің шығыңқы пішініне байланысты сенімді бекіту мүмкін емес.

Бұл орындықта орындық жастығының сұлбасына сай келетін төменгі тұғыры бар бала бекіту құрылғысын ғана қолдануға болады. Мұндай бекіту құрылғысын қауіпсіздік жүйесі көмегімен сенімді бекіту керек.

С: Артқы ортаңғы орындық

Бұл жерде апаттық бекіту функциясы бар тартқыш орнатылған белбеу бар. Бала бекіту құрылғыларының кейбір түрлерін орындық көпшігінің шығыңқы пішініне байланысты сенімді бекіту мүмкін емес.

Бұл орындықта орындық жастығының сұлбасына сай келетін төменгі тұғыры бар бала бекіту құрылғысын ғана қолдануға болады. Мұндай бекіту құрылғысын қауіпсіздік жүйесі көмегімен сенімді бекіту керек. Егер бала бекіту құрылғысы орнына тиісінше бекітілмесе, бала бекіту құрылғысын шеткі артқы орындыққа орнату керек.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Арнайы бала бекіту құрылғыларының **БАРЛЫҚ** түрі (соның ішінде балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған орындықтар) әрдайым **АРТҚЫ** орындыққа берік бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен өте тез ашылатындықтан, 12 жастағы немесе одан кіші, бойы 1,5 м немесе одан аласа, сондай-ақ тасымалдау кезінде қалпы бекітілмеген немесе нашар бекітілген бала жарақат алуы және тіпті өліп кетуі мүмкін.

Балалардың салмағы, ересектерге қарағанда, жеңіл және олар физикалық тұрғыдан әлсіз келеді, сондықтан қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олардың жарақат алу қаупі жоғары болады. Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады.

- **ЕШҚАШАН БАЛА БЕКІТУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН АЛДЫҢҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ОРЫНДЫҒЫНА ОРНАТУШЫ БОЛМАҢИЗ. ОСЫЛАЙ ОРНАТҚАН КЕЗДЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМ ҚАУІПІ АРТТЫРАДЫ.**
- Ешқашан бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатушы болмаңыз. Алдыңғы жолаушы орындығының алдыңғы қауіпсіздік жастығының ашылатын күші және жылдамдығы апат кезінде баланың өліміне немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

▼ Ескертуші жапсырма


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ескертуші жапсырмалар алдыңғы жолаушы орындығының күнқағарының екі жағында орналасқан. Ескерту жапсырмасында баланың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынғаны көрсетілген.
- Алдына ҚОСУЛЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫ орнатылған орындыққа балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын ЕШҚАШАН орнатпаңыз, бұл БАЛАНЫҢ ӨЛІМІНЕ немесе АУЫР ЖАРАҚАТ АЛУЫНА әкелуі мүмкін.



Ескертуші жапсырма
А) ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ.

■ Бала бекіту құрылғысын таңдау



ЕСКЕРТПЕ

Кейбір өлшемдегі бала бекіту құрылғылары автокөліктің орындығына сәйкес келмеуі мүмкін. Бала бекіту құрылғысын сатып алмас бұрын оның автокөлік орындығына сай келетіндігін тексеріңіз.

Оңтайлы қорғанысты қамтамасыз ету үшін бала бекіту құрылғысы баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес таңдалуы тиіс.

Оған қоса, бала бекіту құрылғысының еліңізде қолданылатын қауіпсіздік талаптарына сай келуі маңызды.

Көптеген Еуропа елдерінде бала бекіту құрылғылары ECE № 44 немесе № 129 стандартының талаптарына сай келуі тиіс. Бұны өндіруші кәсіпорын қаптамада және баланы бекіту құрылғысының өзіне орналастырған тиісті мақұлдау туралы жапсырманың немесе Тауардың сәйкестік декларациясының болуы куәландырады.

ECE № 44 стандартына сәйкес бала бекіту құрылғылары бала салмағына байланысты бес топқа бөлінеді.

0 топ: салмағы 10 кг аз балалар үшін.

0⁺ топ: салмағы 13 кг аз балалар үшін.

I топ: салмағы 9 кг мен 18 кг аралығындағы балалар үшін.

II топ: салмағы 15 кг мен 25 кг аралығындағы балалар үшін.

III топ: салмағы 22 кг мен 36 кг аралығындағы балалар үшін.

Төменде Еуропа және Қазақстан елдері үшін бала бекіту құрылғыларын таңдау бойынша ұсыныстар келтірілген.

▼ ECE R129 стандартының бала бекіту құрылғылары

Бала бекіту құрылғылары ECE R129 стандартында белгіленген бойы және жасы бойынша талаптарға сай келуі тиіс. Қолайлы салмақ және бой санаттары ECE R129 стандарты бойынша мақұлдау туралы жапсырмада көрсетілген. Балаңызға қолайлы бала бекіту құрылғысын таңдаңыз.

Бала бекіту құрылғысының типі	Қолайлы бойы немесе жасы* ¹
Нәрестелерге арналған орындық (беті теріс қаратылған)	Бойы және жасы бойынша шектеулер жоқ.
Бала орындығы (беті теріс қаратылған)	Бойы және жасы бойынша шектеулер жоқ.
Бала орындығы (беті алға қаратылған)	Бойы 76 см немесе одан биік және жасы 15 ай немесе одан үлкен балаларға қолайлы.
Қосымша бала орындығы (беті алға қаратылған)	Бойы 100 см немесе одан үлкен балаларға қолайлы.

*¹ Қолайлы бала бекіту құрылғысын таңдау үшін ECE R129 стандарты бойынша мақұлдау туралы жапсырманы тексеріңіз.

▼ Бала бекіту құрылғысы


Бала бекіту құрылғыларының топтары және оларды автокөлік орындықтарына орнату мүмкіндігі

Орындықтың нөмірі		1		2	3	4		
Орындық	Алдыңғы жолаушы орындығы		Екінші қатардағы сол жақ орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық	Екінші қатардағы оң жақ орындық			
	Жолаушының отыруын анықтау жүйесі жоқ	Жолаушының отыруын анықтау жүйесі бар						
		Жолаушының отыруын анықтау жүйесі жоқ	Қауіпсіздік жастығы қосылған	Қауіпсіздік жастығы сәндірліген				
Қауіпсіздік белбеуі бекітілген әмбебап бала бекіту құрылғысын орындыққа орнату мүмкіндігі		Тек беті алға қаратылған	Тек беті алға қаратылған	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін		
«i-Size» стандартының бала бекіту құрылғысын орындыққа орнату мүмкіндігі (қарастырылған болса)		—	—	—	Мүмкін	Мүмкін		
Бүйірлік бекітпесі бар (L1/L2) бала бекіту құрылғысын орындыққа орнату мүмкіндігі		—	—	—	Мүмкін емес	Мүмкін емес		
Балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған анағұрлым қолайлы бала бекіту құрылғысы (R1/R2X/R2/R3)		—	—	—	R3	R3		
Балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған анағұрлым қолайлы бала бекіту құрылғысы (F2X/F2/F3)		—	—	—	F3	F3		
Анағұрлым қолайлы қосымша бала орындығы (B2/B3)		—	—	—	B3	B3		
Ұсынылған бала бекіту құрылғысы	Қауіпсіздік белбеуімен бекіту арқылы	SUBARU Baby Safe Plus бала орындығы	Мүмкін емес	Мүмкін емес	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	
		SUBARU Duo Plus бала орындығы	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	
		SUBARU Kidfix 2R бала орындығы	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	Мүмкін	
	ISOFIX	SUBARU Baby Safe Plus бала орындығына арналған тұғыры бар SUBARU Baby Safe Plus*2 бала орындығы	—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін
		SUBARU Duo Plus бала орындығы	—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін
	SUBARU Kidfix 2R бала орындығы	—	—	—	Мүмкін	—	Мүмкін	

*1 Автокөлік еденінің пішініне байланысты ортаңғы артқы орындыққа орталық тірегі бар бала бекіту құрылғыларын қолдану мүмкін емес.

*2 «i-Size» стандартынан ерекшеленетін орталық тірегі бар бала бекіту құрылғысы.

— Төменгі бекіту топтары орнатылмаған.



*А: Алдыңғы жолаушы орындығының қалпын реттеу

Орындық арқалығы: тік қалып.

Орындық көпшігінің биіктігі:

шеткі жоғарғы қалпы (орындық көпшігінің биіктігі реттелетін модельдер).

Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу: шеткі артқы қалып.

*В: Артқы орындықтың қалпын реттеу

Орындық арқалығы: тік қалпы (орындық арқалығын еңкейту механизмі бар модельдер).

- 1) Алдыңғы жолаушы орындығы.
- 2) Екінші қатардағы сол жақ орындық.
- 3) Екінші қатардағы ортаңғы орындық.
- 4) Екінші қатардағы оң жақ орындық.

Белгі	Сипаттамасы
	Бала бекіту құрылғыларын орнатуға қолайсыз
	Бала бекіту құрылғыларының әмбебап санаттары үшін қолайлы
	SUBARU FORESTER орнатуға рұқсат берген бала орындықтары (бала орындығына қоса берілетін автокөліктердің тиісті модельдерінің тізімін қараңыз)
	i-Size немесе ISOFIX бекітпесі бар бала бекіту құрылғыларына қолайлы
	ISOFIX бекітпесі бар бала бекіту құрылғыларына қолайлы
	Зәкір белбеуін бекіту нүктелері орнатылған

Бала бекіту құрылғыларының салмақ топтарына сәйкестігі бойынша ұсыныстар

Салмақ тобы	Бала бекіту құрылғысы
0 10 кг дейін	SUBARU Baby Safe Plus бала орындығы
0+ 13 кг дейін	
I 9 кг бастап 18 кг дейін	SUBARU Duo Plus бала орындығы
II 15 кг бастап 25 кг дейін	SUBARU Kidfix 2R бала орындығы
III 22 кг бастап 36 кг дейін	

Бала бекіту құрылғыларының салмақ топтарына сәйкестігі бойынша ұсыныстар (ISOFIX қатты бекітпелері бар модельдер)

Салмақ тобы	Өлшем санаты	Бекіту тәсілі	Бала бекіту құрылғысы*
Тасымалданатын бала бесігі	F	ISO/L1	Мүмкін емес
	G	ISO/L2	Мүмкін емес
0 10 кг дейін	E	ISO/R1	SUBARU Baby Safe Plus бала орындығына арналған тұғыры бар SUBARU Baby Safe Plus бала орындығы
0+ 13 кг дейін	E	ISO/R1	
	D	ISO/R2	
	C	ISO/R3	
I 9 кг бастап 18 кг дейін	D	ISO/R2	
	C	ISO/R3	
	B	ISO/F2	Мүмкін емес
	B1	ISO/F2X	SUBARU Duo Plus бала орындығы
	A	ISO/F3	Мүмкін емес
II 15 кг бастап 25 кг дейін			SUBARU Kidfix 2R бала орындығы
III 22 кг бастап 36 кг дейін			

* SUBARU ұсынған бала бекіту құрылғылары туралы ақпарат алу үшін SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз. Басқа бала бекіту құрылғылары туралы толығырақ ақпаратты бала бекіту құрылғысы үшін рұқсат етілген автокөлік үлгілерінің тізімінен немесе бала бекіту құрылғысы өндірушісінің интернет-сайтынан алуға болады.

- **Алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосулы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы бар модельдер үшін**

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы тұрғанын білдіретін бақылау шамы жанса, ешқашан бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаңыз. Өйтпесе бала бекіту құрылғысында бала отырса да, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде баланы жарақаттау қаупі жоғары болады.

- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, онымен бірге жеткізілетін өндіруші зауыттың нұсқаулығын сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.
- Алынған бассүйегіш күрт бұру немесе тежеу кезінде салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.
- Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы және алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанса, жолаушының отыруын анықтау жүйесінде ақау болуы мүмкін. Бұл жағдайда бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.

- Балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде, бала бекіту құрылғысында бала отырса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер қозғалыс кезінде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанса, автокөлікті жақын маңдағы қауіпсіз жерге тоқтатып, бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.
- Бала бекіту құрылғысы алдыңғы жолаушының орындығына сенімді орнатылған соң, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын/сөндірілгенін білдіретін бақылау шамының күйін тексеріңіз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік мақсатында бала бекіту құрылғысын әрдайым артқы орындыққа орнатыңыз. Бұл мүмкін болмаса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын/сөндірілгенін білдіретін бақылау шамының күйіне байланысты алдыңғы жолаушының орындығын қолдануға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде» бөлімін қараңыз 82-б.


ЕСКЕРТПЕ

Пайдалану нұсқаулығында көрсетілген барлық қажетті шарттар орындалса, **ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНЫҢ** ескерту жапсырмасында келтірілген нұсқаулықтар қолданылмайды.

- ▼ **Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде**

Егер бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатсаңыз, төменде келтірілген процедураны орындаңыз.



1. Алдыңғы жолаушының орындығын төмендегі тәсілмен реттеңіз.



- A) Орындықтың қалпы: шеткі артқы қалып.
 - B) Орындық көпшігінің биіктігі: шеткі жоғарғы қалып (орындық көпшігінің биіктігі реттелетін модельдер).
 - C) Орындық арқалығы: тік қалып.
2. Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатыңыз. «Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату» бөлімін қараңыз 85-б.
 3. Баланы (немесе нәрестені) бала бекіту құрылғысына отырғызыңыз және бекітіңіз.
 4. Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын/сөндірілгенін білдіретін бақылау шамының күйі бала бекіту

құрылғысының талаптарына сай келетіндігіне көз жеткізіңіз.



- ON / : алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.
- OFF / : алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.

Бақылау шамының күйі және бала бекіту құрылғыларын орнату мүмкіндігі

	Жанып тұр OFF / 	Жанып тұр ON / 
Балаларды бетін алға қаратып тасымалдау үшін	Мүмкін	Мүмкін
Балаларды теріс қаратып тасымалдау үшін	Мүмкін	Мүмкін емес

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы жанса

Балалардың бетін алға және теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларының екі түрін орнатуға болады.

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанса

Тек балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын орнатуға болады. Тек балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғыларын орнату мүмкін емес. Толығырақ ақпарат алу үшін «Қауіпсіздік жастықтары» бөлімін қараңыз 110-б.

ЕСКЕРТПЕ

Бала бекіту құрылғысының түріне және/немесе пішініне, сондай-ақ баланың салмағына байланысты алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамының күйі бала бекіту құрылғыңыздың талаптарына сай келмеуі мүмкін. Бұл жағдайда бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз. Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы туралы толығырақ ақпарат «Жолаушының отыруын анықтау жүйесі» бөлімінде келтірілген ☎110-б.

- Бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тимейтініне көз жеткізіңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тисе, бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке әлі де тиіп тұрса, бассүйегішті алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегішті реттеу» бөліміне жүгініңіз ☎46-б.

▼ Орнату процедурасы

«Бала бекіту құрылғыларын қауіпсіздік белбеуімен орнату» бөлімінде ☎85-б. орнату процедурасы көрсетілген.

- Алдыңғы жолаушының орындығына бала бекіту құрылғыларын орнатқан кезде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосұлы/сөндірулі тұрғанын білдіретін бақылау шамы жоқ модельдер үшін**

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ешқашан бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатушы болмаңыз. Әйтпесе бала бекіту құрылғысында бала отырса да, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде баланы жарақаттау қаупі жоғары болады.

- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, онымен бірге жеткізілетін өндіруші зауыттың нұсқаулығын сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.
- Алынған бассүйегіш күрт бұру немесе тежеу кезінде салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.
- Егер қауіпсіздік жастығының ескерту шамы жанса, бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік мақсатында бала бекіту құрылғысын әрдайым артқы орындыққа орнатыңыз. Бұл мүмкін болмаса, алдыңғы жолаушының орындығына балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын ғана орнату қажет. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде» бөлімін қараңыз ☞85-б.

▼ Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатқан кезде

Егер бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатсаңыз, төменде келтірілген процедураны орындаңыз.

1. Алдыңғы жолаушының орындығын төмендегі тәсілмен реттеңіз.



- A) Орындықтың қалпы: шеткі артқы қалып.
 - B) Орындық көпшігінің биіктігі: шеткі жоғарғы қалып (орындық көпшігінің биіктігі реттелетін модельдер).
 - C) Орындық арқалығы: тік қалып.
2. Бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушының орындығына орнатыңыз. «Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату» бөлімін қараңыз ☞85-б.
 3. Баланы (немесе нәрестені) бала бекіту құрылғысына отырғызыңыз және бекітіңіз.

4. Бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тимейтініне көз жеткізіңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке тисе, бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Егер бала бекіту құрылғысы бассүйегішке әлі де тиіп тұрса, бассүйегішті алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегішті реттеу» бөліміне жүгініңіз ☞46-б.

▼ Орнату процедурасы

«Бала бекіту құрылғыларын қауіпсіздік белбеуімен орнату» бөлімінде ☞85-б. орнату процедурасы көрсетілген.

■ Қауіпсіздік белбеуі көмегімен бала бекіту құрылғыларын орнату

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ыстық ауа райы кезінде жабық автокөліктегі бала бекіту құрылғылары мен қауіпсіздік белбеулері қатты қызып кетіп, бала күйіп қалуы мүмкін. Баланы бала бекіту құрылғысына отырғызу алдында оның температурасын тексеріңіз.

- Бала бекіту құрылғысы автокөлікте бекітілмеуіне жол бермеңіз. Құрт тежеу немесе апат кезінде бекітілмеген бала бекіту құрылғысы салонға лақтырылып, жүргізуші мен жолаушыларға, сондай-ақ бекіту құрылғысындағы балаға да жарақат келуі мүмкін. Бұған қоса, бұның салдары бала өліміне әкелуі мүмкін.
- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, онымен бірге жеткізілетін өндіруші зауыттың нұсқаулығын сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың немесе басқа да жолаушылардың жарақат алу қаупі артады.

▼ Бала бекіту құрылғысын орнатуға дайындық

Алдымен келесі әрекеттердің көмегімен автокөліктің қауіпсіздік белбеулері автоматты бекіту функциясы (ALR) бар тартқыштармен жабдықталғанын тексеріңіз.

1. Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар үлгілерде артқы орындықтың арқалығын тік қалыпқа орнатыңыз.
2. Қауіпсіздік белбеуін толығымен тартып шығарыңыз.

3. Қауіпсіздік белбеуін сәл ғана итеріп, оны қайтадан шығарып көріңіз.
4. Егер қауіпсіздік белбеуі осы қалыпта бекітіліп, шықпай қалса, демек қауіпсіздік белбеулері автоматты бекіту функциясы бар тартқыштармен жабдықталған.

Егер қауіпсіздік жүйесі толығымен тартылса, автоматты бекіту режимі тоқтап, апаттық бекіту режимі қалпына келеді.

Егер қауіпсіздік белбеулері автоматты бекіту функциясы бар тартқыштармен жабдықталмаса, «Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары жоқ модельдер» бөліміне жүгініңіз ☞88-б.

Егер қауіпсіздік белбеулері автоматты бұғаттау функциясы бар тартқыштармен жабдықталса, «Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары бар модельдер» бөлімін қараңыз ☞90-б.

ЕСКЕРТПЕ


- Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Апаттық бекіту функциясы (ELR) бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары» бөлімін қараңыз ☞58-б.

- Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Автоматты/апаттық бекіту функциясы (ALR/ELR) бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары» бөлімін қараңыз ☞58-б.

- ▼ Балаларды теріс қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын орнату

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


ЕШҚАШАН БАЛА БЕКІТУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН АЛДЫҒЫ ЖОЛАУШЫНЫҢ ОРЫНДЫҒЫНА ОРНАТУШЫ БОЛМАҢЫЗ. ОСЫЛАЙ ОРНАТҚАН КЕЗДЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.



- 1) Бекіту құрылғысы.
- 2) Бекіткіш.

- Егер бала бекіту құрылғысына қоса берілетін өндіруші нұсқаулығында бекіткіш құрылғыны немесе бекіткішті қолдану ұсынылса, бала бекіту құрылғысын бекіту үшін бекіткіш құрылғыны немесе бекіткішті қолданыңыз.

Келесі қадамдар бала бекіту құрылғысын апаттық бекіту режиміне ауыстырылған қауіпсіздік белбеуі көмегімен бекітуге көмектеседі.




1. Бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатыңыз.
2. Өндіруші зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бауын бала бекіту құрылғысы арқылы немесе оның айналасынан өткізіңіз.
3. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға бекіткіштің сырт еткен дыбысымен бекітілгенше енгізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары бар модельдер үшін

- Егер бала бекіту құрылғысына қоса берілетін өндіруші нұсқаулығында автоматты бекіту режимін қолдану ұсынылса, автоматты бекіту режимін қолданыңыз.



101504

4. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауының салбырау деңгейін таңдаңыз.




100134

5. Бала бекіту құрылғысын алға/артқа және екі жаққа қозғап, сенімді бекітілгенін тексеріңіз.

6. Бала бекіту құрылғысын алып тастау үшін қауіпсіздік белбеуінің тоғасында бекіткіш түймені басыңыз.

▼ **Балаларды алға қаратып тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысын орнату**

▽ **Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары жоқ үлгілер**




101743

1. Бала бекіту құрылғысы орнатылатын артқы орындықтың бассүйегішін алып тастаңыз.
2. Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.


3. Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар үлгілерде артқы орындықтың арқалығын тік қалыпқа орнатыңыз.
4. Бала бекіту құрылғысын орындыққа орнатыңыз.



101599

5. Өндіруші зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бауын бала бекіту құрылғысы арқылы немесе оның айналасынан өткізіңіз.

6. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға бекіткіштің сырт еткен дыбысымен бекітілгенше енгізіңіз.




- 1) Бекіту тұтқасы.

7. Бала бекіту құрылғысының бекіту тұтқасын босатыңыз және қауіпсіздік белбеуінің иық бауын бекіту тұтқасы арқылы өткізіңіз.
8. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауының салбырау деңгейін таңдаңыз. Бір мезгілде, бала бекіту құрылғысын барынша нық бекіту үшін, қауіпсіздік белбеуін тартып, оны салмағыңызбен орындықтың көпшігіне басыңыз.




- 1) Бекіту тұтқасы.

9. Қауіпсіздік белбеуінің иық бауын бекітіп, бала бекіту құрылғысының бекіту тұтқасын құлыптаңыз.



- 1) Бекіткіш.

10. Егер бала бекіту құрылғыңыз бекіту тұтқаларымен (қауіпсіздік белбеуін бекіту үшін) жабдықталмаса, бала бекіту құрылғысын бекіткіштер көмегімен бекітіңіз.




11. Баланы бала бекіту құрылғысына отырғызу алдында құрылғыны алға/артқа және екі жаққа жылжытып, оның сенімді бекітілгенін тексеріңіз. Кейде бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне басып және қауіпсіздік белбеуін тартып, оның барынша сенімді бекітілгенін қамтамасыз етуге болады.

- ▽ Автоматты бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары бар модельдер




- 1) Бекіту тұтқасы.



- 1) Бекіткіш.

ЕСКЕРТПЕ

Егер бала бекіту құрылғысына қоса берілетін өндіруші нұсқаулығында автоматты бекіту режимін қолдану ұсынылмаса, мұның орнына бекіту тұтқасын немесе бекіткішті қолданыңыз.




1. Бала бекіту құрылғысы орнатылатын артқы орындықтың бассүйегішін алып тастаңыз.
2. Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.

3. Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар үлгілерде артқы орындықтың арқалығын тік қалыпқа орнатыңыз.
4. Бала бекіту құрылғысын орындыққа орнатыңыз.




5. Өндіруші зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бауын бала бекіту құрылғысы арқылы немесе оның айналасынан өткізіңіз.


6. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға бекіткіштің сырт еткен дыбысымен бекітілгенше енгізіңіз.




7. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауының салбырау деңгейін таңдаңыз.
8. Оны апаттық бекіту режимінен автоматты бекіту режиміне ауыстыру үшін қауіпсіздік белбеуін тартқыштан толықтай тартып шығарыңыз. Бұдан кейін белбеуді жіберіңіз, ол тартқышқа қайтадан тартылуы керек. Қауіпсіздік белбеуін тартқан кезде, тартқыш автоматты бекіту режимінде жұмыс істеп тұрғанын білдіретін шерту дыбыстары естіледі.



9. Баланы бала бекіту құрылғысына отырғызу алдында құрылғыны алға/артқа және екі жаққа жылжытып, оның сенімді бекітілгенін тексеріңіз. Кейде бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне басып және қауіпсіздік белбеуін тартып, оның барынша сенімді бекітілгенін қамтамасыз етуге болады.
10. Қауіпсіздік белбеуінің иық бауын тартып, ол шығарылмайтынына көз жеткізіңіз. Бұл автоматты бекіту режимінде тартқыштың қалыпты істеп тұрғанын білдіреді.



11. Егер бала бекіту құрылғысын зәкір белбеуі көмегімен бекіту қажет болса, зәкір белбеуінің ілгегін зәкір белбеуінің бекітпесінен іліп, зәкір белбеуін керіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін «Зәкір белбеуі бекітілетін нүктелер» бөлімін қараңыз 98-б.



12. Бала бекіту құрылғысын алып тастау үшін қауіпсіздік белбеуінің тоғасында бекіткіш түймені басыңыз да, белбеудің ішке тартылуына мүмкіндік беріңіз. Бұдан кейін қауіпсіздік белбеуінің тартқышы қайтадан апаттық бекіту режиміне ауысады.

ЕСКЕРТПЕ

Бала бекіту құрылғысы қолданылмаса, оны алып тастаңыз және қауіпсіздік белбеуінің тартқышын апаттық бекіту режиміне ауыстырыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің тартқышын апаттық бекіту режиміне ауыстыру қауіпсіздік белбеуінің тартқышқа толық тартылуы арқылы жүзеге асырылады.

- Қосымша бала орындығын немесе қосымша бала жастығын орнату




Қосымша бала орындығы



102711

Қосымша бала жастығы

1. Бассүйегішті төменде көрсетілгендей реттеңіз. Қосымша бала орындығы үшін



102717


- (1) Бала бекіту құрылғысы орнатылатын артқы

- орындықтың бассүйегішін алып тастаңыз.
- (2) Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз

Қосымша бала жастығы үшін



102718


- (1) Бассүйегішті жоғарғы қалыпқа көтеріңіз. Бассүйегішті шешіп алмаңыз.
2. Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар үлгілерде артқы орындықтың арқалығын тік қалыпқа орнатыңыз.



101632

3. Қосымша бала орындығын / қосымша бала жастығын автокөліктің артқы орындығына орнатыңыз және баланы соған отырғызыңыз. Бұл ретте қосымша бала орындығында / қосымша бала жастығында отырған баланың арқасы арқалыққа қонып тұруы керек.
4. Өндіруші зауыттың нұсқаулықтарына сәйкес қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бауын бала отырған қосымша бала орындығы / қосымша бала жастығы арқылы немесе оны айналдыра өткізіңіз. Егер қосымша бала орындығы / қосымша бала жастығы белбеу бағыттауышымен жабдықталса, қауіпсіздік белбеуін бағыттауыштан өткізіңіз.

5. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін тоғаға бекіткіштің сырт еткен дыбысымен бекітілгенше енгізіңіз. Қауіпсіздік белбеуі бұралып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінің иық бауы бала иығының ортасынан өтетініне, ал қауіпсіздік белбеуінің бел бауы төменірек баланың санында орналасқанына көз жеткізіңіз.




6. Қосымша бала орындығын / қосымша бала жастығын алу үшін қауіпсіздік белбеуінің тоғасындағы бекіткіш түймені басыңыз және белбеуді тартыңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік белбеуі бұралмауы немесе айналмауы тиіс. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақат алу қаупі немесе олардың ауырлық деңгейі артады.
 - Ешқашан қауіпсіздік жүйесінің иық бауын баланың қолы астынан немесе арқасының артынан өткізбеңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақат алу қаупі немесе олардың ауырлық деңгейі артады.
 - Қауіпсіздік белбеулері оның қалпын барынша бекітіп, денеге нық тиіп тұруы тиіс. Бос тартылған қауіпсіздік белбеулерінің жарақаттардың алдын алуда немесе олардың ауырлық дәрежесін азайтуда тиімділігі төмен болады.
- Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы баланың жамбасына барынша төмен орналасуы тиіс. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы тым жоғары орналасса, дененің қауіпсіздік белбеуі бел бауының астына сырғып кету немесе құрсақ қуысы тұсына жоғары қарай жылжу қаупі артады. Екі жағдайда да ішкі органдардың ауыр зақымдану қаупі немесе өлімге жетелейтін қауіп туындайды.
 - Қауіпсіздік белбеуінің иық бауы бала иығының ортасынан өтетініне көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуінің иық бауы мойын тұсынан өтіп тұрса, онда күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде омыртқаның мойын бөлігіне ауыр жарақат келуі мүмкін.


■ ISOFIX бекіту қапсырмалары арқылы бала бекіту құрылғысын орнату






Автокөлігіңізде ISOFIX бекіту қапсырмалары орнатылған, олар қауіпсіздік белбеулері қолданылмайтын рұқсат етілген ISOFIX жүйесінің бала бекіту құрылғыларын артқы орындыққа орнатуға арналған.




ISOFIX бекіту қапсырмаларының орналасуы тек артқы шеткі орындықтарда бала бекіту құрылғыларын орнатуға мүмкіндік береді. Өрбір артқы шеткі орындық үшін екі бекіту қапсырмасы көзделген.



Артқы орындықтар арқалықтарының төменгі жағында «» немесе «» белгілері бар. Бұл белгілер ISOFIX бекіту қапсырмаларының қалпын көрсетеді.



1. Артқы орындық арқалығының таңдалған жағынан бекітпе тысын ажыратыңыз. Сіз ажыратылған бекітпе тысын теңдей бүгіп, бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде қолдану үшін бекітпелерді (қапсырмаларды) ашу үшін оны ілмекпен және таспамен бекіте аласыз.




2. Бала бекіту құрылғысы орнатылатын артқы орындықтың бассүйегішін алып тастаңыз.
3. Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.

4. Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар үлгілерде артқы орындықтың арқалығын тік қалыпқа орнатыңыз.



5. Бала бекіту құрылғысын бекітетін тораптарды бекіткіш қапсырмалармен бекітіңіз. Бекіту тораптары бекітілген кезде, жанындағы қауіпсіздік белбеулері қысылмағанына көз жеткізіңіз.




- 1) Орнатуға арналған керек-жарақ.

ЕСКЕРТПЕ

Егер сатып алған бала бекіту құрылғысын бекіту үшін орнатуға арналған керек-жарақ қарастырылса, онда бала бекіту құрылғысын орнату алдында оларды екі тиісті ISOFIX бекіту қапсырмасымен бекітіңіз (немесе оларды ISOFIX бекітпелері орналасқан жерде арқалық жастығы мен арқалығы арасына орналастырыңыз).


Бала бекіту құрылғыларын орнатуға арналған тиісті керек-жарақтарға қарама-қарсы орнатыңыз. Одан кейін бекіту тораптарын орнатуға арналған керек-жарақтарға енгізіп, олардың ISOFIX бекіту қапсырмаларына бекітілуін қамтамасыз етіңіз.

Орнатуға арналған керек-жарақтар ISOFIX жүйесінің бала бекіту құрылғыларын оңай орнатуға мүмкіндік береді және орындықтардың арқалығын зақымдамайды.



ЕСКЕРТПЕ

Егер бала бекіту құрылғыңызда икемді бекітпе болса (бекітпе белбеулерін қолдана отырып), бала бекіту құрылғысын орындық көпшігіне қысыңыз да, белбеудің бос жерін таңдап, бала бекіту құрылғысын бекіту үшін сол жақтағы және оң жақтағы екі бекіту белбеуін жоғары тартыңыз.



- Баланы бала бекіту құрылғысына отырғызу алдында құрылғыны алға/артқа және екі жаққа жылжытып, оның сенімді бекітілгенін тексеріңіз.
- Егер бала бекіту құрылғысын зәкір белбеуі көмегімен бекіту қажет болса, зәкір белбеуінің ілгегін зәкір белбеуінің бекітпесінен іліп, зәкір белбеуін керіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін «Зәкір белбеуі бекітілетін нүктелер» бөлімін қараңыз 98-б.

Қосымша ақпарат алу үшін өндіруші кәсіпорын бала бекіту құрылғысына қоса беретін пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, онымен бірге жеткізілетін өндіруші зауыттың нұсқаулығын сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, ол сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат кезінде баланың жарақаттану қаупі артады.

ЕСКЕРТПЕ

Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын, өндіруші кәсіпорыннан автокөлігіңізде оны орнатуға рұқсат еткен растамасын сұраңыз.


■ Зәкір белбеуін бекіту нүктелері

Автокөлігіңіз артқы орындыққа зәкір белбеуі бар бала бекіту құрылғыларын бекітуге арналған зәкір белбеуі бекітілетін екі немесе үш нүктесімен жабдықталған. Мұндай бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде, бала бекіту құрылғысының өндіруші кәсіпорны берген нұсқаулықты сақтай отырып, төмендегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Зәкір белбеуі бала бекіту құрылғысын автокөлік шанағына қосымша бекітуді қамтамасыз ететіндіктен, оны талап етілген немесе мүмкін болған жағдайда қолданғаныңыз жөн.

▼ Зәкір белбеуін бекіту нүктелерінің орындары

Зәкір белбеуін бекіту нүктелері орнатылатын жерлер келесі суретте көрсетілген.



- 1) Сол жақ орындық үшін.
- 2) Ортаңғы орындық үшін (қарастырылған болса).
- 3) Оң жақ орындық үшін.


▼ Зәкір белбеуін бекіту

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде сәйкес бассүйегішті алып тастаңыз. Әйтпесе зәкір белбеуін қатты тарту мүмкін болмайды.
- Алынған бассүйегішті жүксалғышқа салыңыз. Күрт бұру немесе тежеу кезінде бассүйегіш салонда қозғалмауы үшін оны автокөлік салонында сақтамаңыз.

1. Бала бекіту құрылғысы орнатылатын артқы орындықтың бассүйегішін алып тастаңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Бассүйегішті реттеу» бөліміне жүгініңіз 50-б.
2. Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар үлгілерде артқы орындықтың арқалығын тік қалыпқа орнатыңыз.

102468



SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша бекіту жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)

*SRS қысқартуы «Қосымша бекіту жүйесі» («Supplemental Restraint System») дегенді білдіреді. Бұл атау қауіпсіздік жастықтары автокөліктің қауіпсіздік белбеулеріне толықтыру болатынына байланысты.

Автокөлігіңіз жеті қауіпсіздік жастығынан тұратын қосымша бекіту жүйесімен (SRS) жабдықталған. Жүйе конфигурациялары келесі компоненттерді қамтиды.

- Жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының **алдыңғы қауіпсіздік жастықтары**.
- Жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының **бүйірлік қауіпсіздік жастықтары**.
- **Қауіпсіздік қалқа жастықтары** (жүргізуші, алдыңғы және артқы шеткі орындық жолаушылары үшін).
- Жүргізушінің **тізелерге арналған қауіпсіздік жастығы**.

Бұл қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін негізгі қорғанысқа қосымша ретінде құрылған.

3. Зәкір белбеуінің ілгегін зәкір белбеуінің тиісті бекітпесінен іліңіз.
4. Зәкір белбеуін тартыңыз.

Егер бала бекіту құрылғыларына қатысты қандай да бір сұрақ туындаса, SUBARU дилерінен көмек алыңыз.

Бұл жүйе қауіпсіздік белбеулері тартқыштарының жұмысын да басқарады. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарын пайдалану нұсқаулықтары, сондай-ақ қажетті сақтық шаралары «Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары» бөлімінде келтірілген ☞ 66-б.

■ Қауіпсіздік жастықтарының жүйесіне қатысты жалпы сақтық шаралары


▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Апат жағдайында ең жоғарғы қорғанысты қамтамасыз ету үшін жүргізуші мен барлық жолаушы автокөлікте әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс. Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін негізгі қорғанысқа қосымша ретінде құрылған. Олар сізді қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттілігінен босатпайды. Қауіпсіздік жастықтары ауыр апат кезінде жүргізуші мен жолаушыларды тек қауіпсіздік белбеулерімен бірге оңтайлы қорғауды қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттілігін елемей, тіпті Сіздің автокөлігіңіз қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, апат кезінде ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін арттырады.

Қауіпсіздік белбеулеріне қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Қауіпсіздік белбеулері» бөлімінде келтірілген 56-б.

- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік қалқа жастықтары қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз ететін негізгі қорғанысқа қосымша ретінде құрылған. Олар сізді қауіпсіздік белбеулерін тағу қажеттілігінен босатпайды. Оған қоса, тағылған қауіпсіздік белбеулері, атап айтқанда жүргізуші немесе алдыңғы орындықтағы жолаушы түзу отырмаған кезде, олардың дұрыс отырмау себебінен алуы ықтимал жарақаттардың алдын алуға көмектеседі.



100155

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастығы өте жоғары жылдамдықпен және күшпен ашылады. Жүргізушінің немесе жолаушының дұрыс жайғаспау салдары қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары ашылуы үшін орын жеткілікті болуы қажет, сондықтан жүргізуші рульден мүмкіндігінше алыс, бірақ сонымен бірге автокөлікті толық бақылауды сақтай отырып, орындықтың арқалығына сүйеніп, әрдайым тік күйде отыруы керек. Алдыңғы орындықтың жолаушысы орындықты мүмкіндігінше артқа жылжытуы және орындықтың арқалығына сүйеніп тік отыруы қажет.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңғы есіктерге тым жақын отырмаңыз және қажет болмаса, оларға сүйенбеңіз. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары екі алдыңғы орындық арқалықтарының есік жағында орналасқан. Олар бүйірлік соққы кезінде дереу (қас қағым сәттен де тез) іске қосылып, қорғанысты қамтамасыз етеді. Дегенмен бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылатын күш, олар тым жақын орналасса, бастың және басқа дене бөліктерінің жарақатының себебіне айналуы мүмкін.

- Қауіпсіздік қалқа жастықтары бар модельдер үшін: есіктерге тым жақын отырмаңыз және қажет болмаса, оларға сүйенбеңіз. Оған қоса, автокөлік терезесінен басыңызды немесе қолыңызды шығармаңыз. Қалқа жастықтар салонның екі жағынан төбенің қапталында орналасқан (алдыңғы тіреу мен артқы орындықтың үстіндегі белгі арасында) және бүйірден соққы тиген жағдайда лезде (қас қағым сәттен жылдам) ашылуы арқасында қорғанысты қамтамасыз етеді. Автокөлік төңкерілген жағдайда, жолаушылар мен автокөліктің екі жағындағы бүйірлік терезелер арасында қауіпсіздік қалқа жастықтары ашылады, бұл жолаушының басына тиетін соққыны жұмсарту бойынша қауіпсіздік белбеулерінің әсерін толықтырады. Дегенмен қалқа жастық ашылатын күштен оған тым жақын орналасқан басқа жарақат келуі мүмкін.

- Қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмаңыз және қажет болса сүйенбеңіз. Жоғары жылдамдықта соқтығысу кезінде қорғанысты қамтамасыз етіп, олар лезде — қас қағым сәттен де тез және үлкен күшпен іске қосылады. Бұл ретте жүргізуші және қауіпсіздік жастықтарына тым жақын орналасқан жолаушы жарақаттануы мүмкін.


Оған қоса, тағылған қауіпсіздік белбеуі автокөлікте дұрыс қалыпта жайғаспаған адамға қауіпсіздік жастығының әсерінен келетін жарақаттардың алдын алуға көмектеседі. Мысалы, күрт тежеу кезінде ол алға қарай ұшып кетуі мүмкін.

Жүргізуші немесе жолаушы дұрыс қалыпта болса да, қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде болмашы жарақат (бетте немесе қолда көгеру немесе жара) алу мүмкіндігі бар.





⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қолыңызды алдыңғы есікке немесе ішкі қаптауышына қоймаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жарақат алуыңыз мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығы қақпағына немесе қақпағының жанына қандай да бір затты қоюға, сондай-ақ сіз бен қауіпсіздік жастығы арасына оны қоюға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің салонына ұшып кетіп, жарақаттар келтіруі мүмкін.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Алдыңғы әйнекке ешқандай керек-жарақты бекітпеңіз және штаттық артқы көрініс айнасының үстіне панорамалық айнаны орнатпаңыз. Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде, бұл заттар салонға лақтырылып, автокөліктегі адамдарға жарақат келтіруі мүмкін.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Руль жастығына, руль бағанының қабына немесе аспаптар тақтасының бетіне ешқандай затты (белбеулер немесе сымдарды қоса) қоймаңыз.
 - Мұндай заттар алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының және т.б. дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей, рульде шатасып қалуы мүмкін.
 - Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар автокөліктің салонына лақтырылып, жарақат келтіруі мүмкін.
- Кілтті ауыр, өткір немесе қатты керек-жарақтарға немесе басқа кілтке бекітуге тыйым салынады. Тізе қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің салонына ұшып кетіп, жарақаттар келтіруі мүмкін.

- Ешбір затты жүргізуші жақтағы аспаптар тақтасының астына қоймаңыз. Тізе қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл заттар оның қалыпты жұмысына кедергі келтіруі немесе олар автокөліктің салонына ұшып кетіп, жарақаттар келтіруі мүмкін.




100168

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Есік қаптамасына немесе бүйірлік қауіпсіздік жастығының жанына ешқандай керек-жарақты бекітпеңіз, сондай-ақ оның жанына ешқандай затты қоймаңыз. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылса, олар жүргізуші мен жолаушылар жаққа лақтырылып, оларға жарақат келтіруі мүмкін.

- Қатты дауысты байланыс жүйесінің микрофонын немесе басқа керек-жарақтарды алдыңғы, ортаңғы және артқы тіреулерге, алдыңғы әйнекке, бүйірлік терезелерге, тұтқаларға және қалқа жастықтардың ашылу аймағында болуы ықтимал салонның басқа жабындарына бекітпеңіз. Қатты дауысты байланыс жүйесінің микрофоны немесе қалқа жастықтардың ашылу аймағындағы басқа керек-жарақтар үлкен күшпен артқа лақтырылады немесе қалқа жастықтардың дұрыс ашылуына кедергі келтіреді. Екі жағдайда да ауыр жарақаттар келтіруі мүмкін.
- Киімге арналған ілмектерге киім ілгіштерді немесе өткір жиектері бар заттарды ілмеңіз. Киім ілмектеріндегі мұндай заттар қалқа жастықтар ашылған сәтте ілмектерден ұшып кетіп, салонға лақтырылып, ауыр жарақат келтіруі мүмкін. Олар қауіпсіздік қалқа жастықтарының дұрыс жұмысына да кедергі жасайды.




▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қалқа жастықтармен жабдықталған модельдер үшін

Киімге арналған ілмектерге киім ілгіштерді немесе басқа да қатты заттарды немесе өткір жиектері бар заттарды ілмеңіз. Киім ілмектеріндегі мұндай заттар қалқа жастықтар ашылған сәтте ілмектерден ұшып кетіп, артқа лақтырылып, қалқа жастықтардың ашылуына кедергі жасап, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

Киімге арналған ілмектерге киімді ілмес бұрын, оның қалталарында өткір заттардың жоқ екенін тексеріп алыңыз. Киімге арналған ілмектерге киім ілгіштерді қолданбастан, киімнің өзін іліңіз.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы орындықтардың арқалықтарына тыстарды, киімді немесе басқа заттарды қоймаңыз, сондай-ақ алдыңғы орындықтың бетіне немесе бүйірлік қауіпсіздік жастығының жанына ешқандай заттаңбаны немесе жапсырманы жапсырмаңыз. Олар жүргізуші немесе алдыңғы орындықтағы жолаушы қорғанысын төмендетіп, бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының дұрыс ашылуына кедергі жасауы мүмкін.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Балалар тек АРТҚЫ орындықта тасымалдануы тиіс. Олардың қалпы жасына, бойына және салмағына байланысты немесе арнайы бала бекіту құрылғысында немесе штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітілуі тиіс. Қауіпсіздік жастықтары өте жылдам ашылады және үлкен күшпен ашылады және баланың қалпы тасымалдау кезінде бекітілмесе немесе нашар бекітілсе, бұл баланың жарақаттануына немесе өліміне әкелуі мүмкін. Балалар ересектерден жеңілрек және физикалық тұрғыдан әлсіз, сондықтан олар қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде көбірек жарақат алу қаупіне ұшырайды.

Арнайы бала бекіту құрылғыларының **БАРЛЫҚ** түрі (соның ішінде балалардың бетін алға қаратып тасымалдауға арналған орындықтар) әрдайым **АРТҚЫ** орындыққа берік бекітілуі тиіс.


Жол-көлік оқиғаларының статистикасына сәйкес баланы алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орналастырған кезде балалар әлдеқайда аз жарақат алады.

Бала бекіту құрылғыларына қатысты нұсқаулықтар және сақтық шаралары «Бала бекіту құрылғылары» бөлімінде келтірілген ☎72-б.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ЕШҚАШАН БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ОРЫНДЫҒЫН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТУШЫ БОЛМАҢЫЗ. ОСЫЛАЙ ОРНАТҚАН КЕЗДЕ БАЛАНЫҢ БАСЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫНА ТЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН, АЛ БҰЛ ЖАРАҚАТ АЛУ ЖӘНЕ ТІПТІ ӨЛІМ ҚАУПІН АРТТЫРАДЫ.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Баланың алдыңғы жолаушының орындығына тұрып алуына немесе оған тізерлеп отыруына рұқсат бермеңіз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Баланы ешқашан тізеге немесе қолға алып отырмаңыз. Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады, сондықтан балаға жарақат келуі мүмкін немесе оны өлімге ұшыратуы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Баланың мыналарды жасауына рұқсат бермеңіз.
 - Кез келген жолаушы орындығына тізесімен тұрып алып, бүйірлік терезеге қарау.
 - Алдыңғы орындықтың арқалығын қолмен құшақтау.
 - Терезеден басты, қолды немесе дененің басқа да бөліктерін шығару.

Апат кезінде бүйірлік қауіпсіздік жастығы және/немесе қауіпсіздік қалқа жастығы ашылатын күш балаға ауыр жарақат келтіруі мүмкін, себебі оның басы, қолы, сондай-ақ денесінің басқа бөліктері бүйірлік қауіпсіздік жастығына және/немесе қауіпсіздік қалқа жастығына тым жақын орналасқан.
- Автокөлігіңіз алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығымен жабдықталғандықтан, 12 жастағы және одан кіші және бойы 1,5 м және одан аласа балалар бәрібір артқы орындықта отыруы тиіс және олардың қалпы әрдайым сенімді бекітілуі тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ


- Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде біраз түтін бөлінеді. Бұл түтін демікпесі және тыныс алу жолдарының басқа аурулары бар адамдардың тыныс алуын қиындатуы мүмкін. Егер қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін сіздің немесе автокөліктегі жолаушылардың тыныс алу мүмкіндігі қиындаса, тез арада таза ауаның кіруін қамтамасыз етіңіз.
- Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде ыстық газдар бөлінеді. Осы ыстық газдар тікелей тиген кезде, жүргізуші немесе жолаушылар күйіп қалуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті сатқан кезде сатып алушыға автокөліктің қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанын айтып жеткізіңіз. Оған қоса, сатып алушыға пайдалану нұсқаулығында тиісті бөлімнің бар екені туралы хабарлаңыз.
- Қауіпсіздік жастығы ашылған кезде отынның берілу мүмкіндігі жабылады, бұл оның жылыстауы салдарынан тұтану қаупін азайтады. Қозғалтқышты қайта іске қосу туралы толығырақ ақпарат «Егер

автокөлігіңіз апатқа ұшыраса» бөлімінде келтірілген ☎512-6.

■ Компоненттер



101578

- 1) Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары.
- 2) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары.
- 3) Қауіпсіздік қалқа жастықтары.
- 4) Тізе қауіпсіздік жастығы.

Қауіпсіздік жастықтары келесі жерлерде орналасады.

Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы: рульдің ортасында.

Қауіпсіздік жастығының қаптамасында «SRS AIRBAG» белгісі бар.


Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы: «SRS AIRBAG» белгісі астында аспаптар тақтасының жоғарғы бөлігінің жанында.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары: есік жақтағы әрбір алдыңғы орындықтың арқалығында «SRS AIRBAG» құлақшасы орналасқан жерде.

Қауіпсіздік қалқа жастықтары: төбенің бүйір жағында (алдыңғы тіреу мен артқы орындық үстіндегі белгі арасында). Әрбір ортаңғы тіреудің жоғарғы бөлігінде «SRS AIRBAG» белгісі орналасқан.

Тізе қауіпсіздік жастығы: руль бағанының астында.

Қауіпсіздік жастығының қақпағында «SRS AIRBAG» белгісі бар.



- 1) Оң жақтағы бетпе-бет соққы датчигі.
- 2) Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы.
- 3) Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығының модулі.
- 4) Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соның ішінде соққы датчиктері мен төңкерілу датчигі).
- 5) Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы модулі.
- 6) Сол жақтағы қауіпсіздік қалқа жастығының модулі.
- 7) Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы модулі.
- 8) Оң жақ алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы датчигі.
- 9) Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуінің бел бауының алдын ала кергіші.
- 10) Оң жақ ортаңғы тіреудегі бүйірлік соққы датчигі.
- 11) Оң жақтағы қауіпсіздік қалқа жастығының модулі.
- 12) Оң жақ артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы (егер орнатылса).
- 13) Оң жақ артқы дөңгелек қуысындағы бүйірлік соққы датчигі.
- 14) Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік жүйесінің алдын ала тартқышы.
- 15) Артқы ортаңғы орындықтың астындағы бүйірлік соққы датчигі.

Орындықтар, қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары

- 16) Артқы сол жақ орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы (егер орнатылса).
- 17) Артқы сол жақ дөңгелек қуысындағы бүйірлік соққы датчигі.
- 18) Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы.
- 19) Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуінің бел бауының алдын ала кергіші.
- 20) Сол жақ ортаңғы тіреудегі бүйірлік соққы датчигі.
- 21) Жүргізушінің бүйірлік қауіпсіздік жастығының модулі.
- 22) Жүргізуші орындығы қалпының датчигі (егер орнатылса).
- 23) Жүргізушінің тізелерге арналған қауіпсіздік жастығының модулі.
- 24) Сол жақ алдыңғы есіктегі бүйірлік соққы датчигі.
- 25) Сол жақтағы бетпе-бет соққы датчигі.

■ Қауіпсіздік жастықтары

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ескертуші жапсырмалар алдыңғы жолаушы орындығының күнқағарының екі жағында орналасқан. «Ескертуші жапсырма» бөліміндегі сипаттаманы мұқият оқыңыз ☎77-б.

Қауіпсіздік жастықтары орнатылған орындар туралы ақпаратты «Компоненттер» бөлімінен қараңыз ☎108-б.

Орташа және қатты бетпе-бет соққылар кезінде келесі компоненттер іске қосылады.


- Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы.
- Жүргізушінің тізелерге арналған қауіпсіздік жастығы.

Бұл компоненттер жолаушының басына, кеуде қуысына және тізесіне тиетін соққы деңгейін азайтатын қауіпсіздік белбеулерінің әрекетін толықтырады.

Орташа немесе қатты бүйірлік соққылар кезінде автокөліктің соққы тиген жағында орналасқан бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылады. Ашылған кезде ол жүргізуші немесе алдыңғы орындықтағы жолаушы және автокөліктің алдыңғы есігі арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік жүйесімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының кеуде қуысы мен беліне келетін соққы әсерін азайтады. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде тек жүргізушінің және алдыңғы орындықтағы жолаушының қорғанысын қамтамасыз етеді.

Орташа немесе қатты бүйірлік соққылар кезінде автокөліктің соққы тиген жағында орналасқан қауіпсіздік қалқа жастығы ашылады. Ашылған кезде ол жүргізуші немесе жолаушы және бүйірлік терезе арасындағы кеңістікті толтырады және қауіпсіздік белбеуімен бірге жүргізушінің немесе жолаушының басына тиетін соққы әсерін азайтады.

▼ Жолаушылардың отыруын анықтау жүйесі (егер орнатылса)



- 1) Жолаушының отыруын анықтау датчиктері.

Жолаушының отыруын анықтау жүйесінің датчиктері орындық пен орындық бағыттауыштары арасында орнатылған және алдыңғы орындықтағы жолаушының физикалық деректері мен отыруын қадағалайды. Алдыңғы орындықтағы жолаушының физикалық деректері және отыруы бойынша жолаушының отыруын анықтау жүйесі алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын ашу керектігін анықтайды. Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылса да, жолаушының отыруын анықтау жүйесі алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығын аша алмайды. Бұл қалыпты жағдай.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы жолаушы орындығының жастығын ұрмаңыз және оны қатты соққыларға ұшыратпаңыз. Әйтпесе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесінде ақау барын көрсетіп жануы мүмкін. Бұл жағдайда дереу SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Электрондық құрылғылар* әсіресе келесі шарттарда жолаушының отыруын анықтау жүйесінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін.

- Электр қуаты розеткасына қосылу арқылы алдыңғы жолаушының орындығына орналастырған кезде.
- Алдыңғы жолаушы қолданған кезде.
- * Мысал: ұялы телефондар, ноутбуктар, ықшам музыкалық плеерлер немесе электрондық ойындар.

Егер электрондық құрылғыларды қолданған кезде автокөлікте төменде келтірілген кез келген жағдай туындаса, алдымен кедергілердің туындауын болдырмау үшін құрылғыны жылжытып көріңіз.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы қосылады.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары ретсіз жұмыс істейді.


Егер кедергілер жоғалмаса, автокөлікте құрылғыны қолданбаңыз.




Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы

Егер алдыңғы жолаушы орындығының жастығы ылғал болса, бұл жолаушының отыруын анықтау жүйесінің мүмкіндіктеріне теріс әсер етуі мүмкін. Орындықтан сұйықтықты сүртіңіз, орындықты табиғи түрде келтіріңіз, кейін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамын тексеріңіз.



ON / : алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.

OFF / : алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары тіпті алдыңғы жолаушының орындығы құрғақ болғанда тиісінше жұмыс істемесе, оған ешкімнің отыруына жол бермеңіз және SUBARU дилерінде жолаушының отыруын анықтау жүйесін тексертіңіз.

Оған қоса, егер алдыңғы жолаушы орындығына жүк немесе электрондық құрылғылар орналастырылса, бұл жолаушының отыруын анықтау жүйесінің мүмкіндіктеріне теріс әсер ете алады. Бұл алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын және сөндірілгенін білдіретін бақылау шамдарына дұрыс іске қосылуға мүмкіндік бермейді. Бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

Егер сөну бақылау шамы өшсе, ал қосылу бақылау шамы жанса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы соқтығысу кезінде іске қосыла алады. Алдыңғы жолаушының орындығынан жүкті және электрондық құрылғыларды алып тастаңыз.

- ▼ Жолаушылардың отыруын анықтау жүйесі бар модельдер үшін алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы

АБАЙЛАҢЫЗ

Төмендегі сақтық шараларын сақтаңыз. Оларды сақтамау салдарынан алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы дұрыс ашылмауы немесе жүйе істен шығуы мүмкін.

- Алдыңғы жолаушының орындығын, мысалы, аяқпен қатты ұрмаңыз.
- Артқы орындықта отырған жолаушыларға аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалығы мен жастығы арасына қыстыруға рұқсат етпеңіз.
- Алдыңғы жолаушының орындығына сұйықтық төкпеңіз. Сұйықтық төгілсе, оны дереу сүртіңіз.
- Алдыңғы жолаушы орындығын шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.
- Алдыңғы жолаушы орындығының астына SUBARU немесе оларға ұқсас түпнұсқа керек-жарақтардан басқа ешқандай керек-жарақты (мысалы, аудио-күшейткіштер) орнатпаңыз.

- Алдыңғы жолаушы орындығының астына ешнәрсе (аяқ-киім, қолшатырлар және т.б.) қоймаңыз.
- Алдыңғы жолаушы орындығының жанына ешқандай затты (кітаптар және т.б.) қоймаңыз.
- Бассүйегіші алынған алдыңғы жолаушы орындығын қолданбаңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде, алдыңғы жолаушы орындығына ешқандай зат қалдырмаңыз, сондай-ақ қауіпсіздік белбеуін ағытыңыз.
- Өткір заттарды орындыққа қоймаңыз, орындық қаптауышын теспеніз.
- Қауіпсіздік белбеуінің тоғасы мен көргіші жанына магниттерді қоймаңыз.
- Орындығы қолмен реттелетін модельдерде алдыңғы орындықтардың ілгері-кейін қалпы және орындықтың арқалығының еңкею бұрышы сенімді бекітілмесе, оларды қолданбаңыз. Егер осы күйлердің кез келгені бекітілмесе, реттеуді қайталаңыз. Реттеу процедурасы туралы ақпарат «Орындықтың ілгері-кейін қалпын реттеу» 39-б.

және «Орындық арқалығын еңкейту бұрышын реттеу» 39-б. бөлімдерінде келтірілген.

Қауіпсіздік белбеуі тоғасының датчигі және/немесе жолаушының отыруын анықтау жүйесі жарамсыз болса, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы қосылады. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы қосылған кезде, SUBARU дилерінде жүйені дереу тексертіңіз.

Егер автокөлігіңіз соққыға ұшыраса, бұл алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмысына әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз. SUBARU дилеріңізге немесе басқа сервис орталығына барған кезде алдыңғы жолаушы орындығын қолданбаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Алдыңғы орындықтағы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздік қалқа жастығы алдыңғы қауіпсіздік жастығымен бірге басқарылмайды.

- ▼ **Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (орнатылған болса)**

«Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары» бөлімін қараңыз 195-б.

- ▼ **Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайтын шарттар (жолаушылардың отыруын анықтау жүйесі бар модельдер)**

Егер алдыңғы жолаушы орындығына қатысты келесі шарттардың кез келгені орындалса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылмайды.

- Орындық бос.
- Орындыққа бала отырған қолайлы бала бекіту құрылғысы орнатылған. (Төмендегі «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» абзацын қараңыз.)
- Оталдыру жүйесінің ажыратқышын «ON» қалпына ауыстырғаннан кейін жүйені тексеріңіз.

- Алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесі жарамсыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ЖОЛАУШЫНЫҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ СӨНІП ТҰРСА ДА, БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ОРЫНДЫҒЫН ЕШБІР ЖАҒДАЙДА АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДЫҚҚА ОРНАТУШЫ БОЛМАҢЫЗ. Міндетті түрде оны тиісінше АРТҚЫ орындыққа орнатыңыз. Оған қоса, балаларды алға қаратып тасымалдауға арналған кез келген бала орындығын немесе қосымша бала орындықтарын АРТҚЫ орындыққа орнатқаныңыз жөн және бала тіпті бала бекіту құрылғысында отырмайтындей есіп кетсе де, ол да АРТҚЫ орындықта отыруы тиіс. Бұл алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылған кезде алдыңғы жолаушы орындығында отырған бала өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы ықтималдығына байланысты. АРТҚЫ орындықтар — балалар үшін анағұрлым қауіпсіз жер.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Егер алдыңғы жолаушы орындығына нәрестесі бар қолайлы бала бекіту құрылғысы орнатылса, келесі сақтық шараларын сақтаңыз. Оларды сақтамау жолаушының отыруын анықтау жүйесіне тиісінше жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді, нәтижесінде алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы, тіпті орындыққа нәресте отырған бала бекіту құрылғысы орнатылса да, іске қосылады.

- Орындыққа нәресте отырған бала бекіту құрылғысынан басқа ешқандай затты (соның ішінде электрондық құрылғыларды) қоймаңыз.
- Бала бекіту құрылғысына ең көбі бір нәрестені отырғызыңыз.

- ▽ Егер бала бекіту құрылғысында (соның ішінде қосымша бала орындығында) нәресте немесе кішкентай бала отырғанның өзіне алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанса, ал сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы өксе



ON / : алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы.

OFF / : алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы.

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне орнатыңыз.
2. Орындықтан бала бекіту құрылғысын алып тастаңыз.
3. Бала бекіту құрылғысын өндірушінің ұсыныстарына, сондай-ақ «Бала бекіту құрылғылары» 72-б. бөлімінде келтірілген бала бекіту құрылғысын орнату процедурасына сәйкес бала бекіту құрылғысын дұрыс орнатыңыз.
4. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын «ON» күйіне қойыңыз және алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылғанын білдіретін бақылау шамы өшетініне, ал сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы жанатынына көз жеткізіңіз.

Егер қосылғанды білдіретін бақылау шамы жанса, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы өшсе, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Орындықта бала отырған бала бекіту құрылғысынан басқа ешбір заттың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Орындықты алға/артқа қозғап, ілгері-кейін қалпы және алдыңғы жолаушы орындығы арқалығының қалпы сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз (тек орындық қалпы қолмен реттелетін модельдер).

Егер жоғарыда аталған әрекеттерді орындағаннан кейін қосылғанды білдіретін шам жанса, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы өшсе, бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа қойыңыз. Мұндай жағдайда дереу SUBARU дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер алдыңғы жолаушы орындығында бала бекіту құрылғысын қажет етпейтіндей өсіп кеткен бала немесе бойы аласа ересек адам отырса, жолаушы қалпына байланысты қауіпсіздік жастықтарының жүйесі алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын іске қосуы және іске қоспауы да мүмкін. Балалар қауіпсіздік жастығы қосылып не қосылмай тұрғанына қарамастан, міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін тағуы керек. Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосылып тұрса (қосылғанын білдіретін бақылау шамы жанады, ал сөндірілгенін білдіретін бақылау шамы өшеді), мыналарды орындаңыз.

- Жолаушы отырған орындықта қандай да бір зат жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

Егер жоғарыда аталған әрекеттерді орындағаннан кейін қосылғанды білдіретін бақылау шамы жанса, ал сөндірілгенді білдіретін бақылау шамы өшсе, баланы/бойы аласа ересек адамды артқы орындыққа отырғызыңыз. Мұндай жағдайда дереу SUBARU дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз. Тіпті жүйе дилер тексеруінен өтсе де, кейінгі сапарлар кезінде баланы/бойы аласа ересек адамды әрдайым артқы орындыққа отырғызу керек.

Бала бекіту құрылғысын қажет етпейтіндей өсіп кеткен балалар қауіпсіздік жастығы қосылып не қосылмай тұрғанына қарамастан, міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін тағуы керек.

- ▼ **Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы іске қосылатын шарттар (жолаушылардың отыруын анықтау жүйесі бар модельдер)**

Егер алдыңғы жолаушы орындығына қатысты келесі шарттардың кез келгені орындалса, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы соққы кезінде іске қосылады.

- Орындықта ересек адам отыр.
- Орындыққа белгілі бір заттар (мысалы, суы бар ыдыс) қойылады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер алдыңғы жолаушы орындығына ересек адам отырса, алдыңғы жолаушы орындығының астына ешнәрсе (аяқ-киім, қолшатырлар және т.б.) қоймаңыз. Бұл орындыққа ересек адам отырғанына қарамастан, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жүйесін сәндіруге әкелуі мүмкін. Бұның салдары жарақатқа әкелуі мүмкін.

- ▽ **Егер алдыңғы жолаушы орындығында ересек адам отырғанымен алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы сәндірілгенін білдіретін бақылау шамы жанса, ал қосылғанын білдіретін бақылау шамы өшсе.**

Бұл ересек адамның алдыңғы жолаушы орындығына дұрыс отырмауына туындайды.

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне орнатыңыз.
2. Алдыңғы орындықтағы жолаушыдан тік, орындық көпшігінің ортасына отыруды, қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағуды, аяғын алға созып, орындықты шеткі артқы қалыпқа реттеуді сұраңыз.
3. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырыңыз.

Егер сөнгенін білдіретін бақылау шамы жанса, ал қосылғанын білдіретін бақылау шамы өшсе, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне орнатыңыз.
2. Алдыңғы орындықтағы жолаушы көрпені, жастықты, орындық тысын, қыздырғыш пен уқалағышты және т.б. қолданып отырмағанына көз жеткізіңіз.
3. Егер алдыңғы орындықтағы жолаушы тым көп киім киген,

орындыққа отырмас бұрын ол артық киімдерді шешуі немесе артқы орындыққа отыруы керек.

4. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» қалпына ауыстырып, жүйенің өзін-өзі тексеруіне мүмкіндік беріп, 6 секунд күтіңіз. Жүйені тексерген кезде екі бақылау шамы 2 секундқа өшеді. Бұдан кейін қосылғанды білдіретін бақылау шамы жануы тиіс, ал сәндірілгенді білдіретін бақылау шамы сөнген күйде қалуы тиіс.

Егер сәндірілгенді білдіретін бақылау шамы жанса, ал қосылғанды білдіретін бақылау шамы сөніп қалса, жолаушыдан артқы орындыққа отыруын сұраңыз. Мұндай жағдайда дереу SUBARU дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.

■ Жүйе жұмысы


АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылғаннан кейін бірден олардың бөлшектерін қорғалмаған қолмен ұстамаңыз. Әйтпесе бұның салдарынан күйік салады, өйткені қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде қызып кетуі мүмкін.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болса ғана қауіпсіздік жастықтары ашылуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде айдалатын газдың күрт және өте қатты шуы естіледі, сондай-ақ біраз түтін бөлінеді. Бұл қауіпсіздік жастығы ашылған кездегі қалыпты жағдайлар. Мұндай түтін автокөліктегі қандай да бір тұтану салдары емес.

▼ Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының жұмысы



- A) Жүргізуші жақ.
- B) Алдыңғы орындықтағы жолаушы жақ.
- 1) Соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтары ашылады.
- 2) Ашылғаннан кейін, бірден желі шығып, жүргізушіге көріністі қамтамасыз етеді.
- * Тізе қауіпсіздік жастығы.

Егер бетпе-бет соғылған кезде автокөліктің алдыңғы екі жағында орналасқан бетпе-бет соқтығысу датчиктері және қауіпсіздік жастығының жүйені басқару блогындағы соққы датчигі белгіленген шамадан асып кеткен соққы күшін тіркесе, онда басқару блогы алдыңғы қауіпсіздік жастықтары модульдеріне алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын газбен толтыру пәрменін береді. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының екі модулі жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын дереу толтыратын газды өндіреді. Жүргізуші тізесіне арналған қауіпсіз жастығы да алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен бірге толтырылады.

Ашылғаннан кейін жастықтардың желі бірден шығып, жүргізушіге көріністі қамтамасыз етіп, автокөлікті басқару мүмкіндігі жоғалмайды. Соқтығысуды анықтау сәтінен бастап, қауіпсіздік жастықтары ашылған соң олардан ауаны шығаруға дейінгі барлық операциялар өте жылдам іске асады.


Егер автокөлік алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесімен жабдықталса, қауіпсіздік жастықтары жүйесі жолаушының алдыңғы орындыққа отыруын анықтайды. Егер орындық бос болса, жүйе алдыңғы орындықтағы алдыңғы қауіпсіздік жастығын толтырмайды.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының құрылымы (сондай-ақ тізелерге арналған қауіпсіздік жастығы) тек орташа және қатты бетпе-бет соқтығысу кезінде іске қосылуды қарастырады. Олардың құрылымы бойынша көптеген әлсіз бетпе-бет соқтығысу кезінде жастықтардың іске қосылуы қарастырылмаған, себебі мұндай жағдайларда жеткілікті қорғаныс деңгейі қауіпсіздік белбеулерімен қамтамасыз етіледі. Оған қоса, алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының құрылымы бүйірден немесе арттан тиген соққылар кезінде олардың іске қосылуын қарастырмайды, өйткені бұл жағдайларда олардың іске қосылуы жүргізуші мен жолаушыларды қорғамайды.

Қауіпсіздік жастықтарының құрылымы олардың бір рет ашылуын ғана көздейді.

Қауіпсіздік жастықтарының ашылуы соқтығысу кезінде автокөлік салонындағы соққы күшіне байланысты. Бұл күштің шамасы соқтығысу түріне байланысты, бұл ретте автокөліктің білінетін зақымдарының шамасына тікелей байланысты емес.


▽ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының ашылуы анағұрлым ықтимал?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөліктің 20-30 км/сағ немесе одан жоғары жылдамдығы кезінде қалың бетон қабырғаға бетпе-бет соғысу кезінде ашылады. Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ұқсас сандық және сапалық көрсеткіштермен сипатталатын басқа бетпе-бет соқтығысу кезінде де ашылады.

120 SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша бекіту жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)


- ▽ Басқа жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылуы мүмкін бе?



мысалы, жиектасқа қатты соғылуы) ашылады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары автокөліктің жүріс бөлігіне тиетін жол бетінің жабынына қатты соққылар кезінде (автокөліктің терең жыраға түсіп кетуі немесе жолдағы қандай да бір кедергіге,


▽ Қандай жағдайларда алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының ашылу ықтималдығы аз?



- 1) Автокөліктің телеграф бағаны немесе жол белгісінің бағаны сияқты объектіге соқтығысуы.
- 2) Автокөліктің жүк көлігінің жүк платформасының астына кіріп кетуі.
- 3) Автокөлік орталыққа қатысты жанай отырып қиғаш бетпе-бет соқтығысуға ұшырады.
- 4) Автокөлік орталыққа қатысты жанай отырып бетпе-бет соқтығысуға ұшырады.
- 5) Автокөлік қозғалуы немесе деформациялануы мүмкін нысанға, мысалы, тұрақта тұрған автокөлікке соғылды.


Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылмай қалуы ықтимал көптеген соқтығысу түрлері бар. Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде, алдыңғы қауіпсіздік жастықтары апат кезіндегі соққы күшіне байланысты ашылмауы мүмкін.

▽ Қандай жағдайларда алдыңғы жастықтары ашылмайды?



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы бүйірден немесе арттан соғу, автокөліктің бір бүйірге немесе төбесімен теңкерілуі, сондай-ақ төмен жылдамдықтағы бетпе-бет соқтығысу

кезінде көптеген жағдайларда олардың ашылуын көздемейді.



- 1) Бірінші соққы.
- 2) Екінші соққы.

Автокөлік бірнеше соққы алатын апат кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін бір рет қана ашылады.

Мысал: алдымен бір автокөлікке, кейін бетон қабырғаға бірінен соң бірі екі рет соқтығысу кезінде алдыңғы қауіпсіздік жастықтары бірінші соққыдан кейін ашылады, бірақ екіншісінен кейін ашылмайды.

▽ Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының жұмысы



Жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының бөлек соққы датчиктері бар, сондықтан олар бір-біріне қарамастан ашылады. Осыған байланысты олар бөлек іске қосылуы мүмкін. Оған қоса, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының іске қосылуы рульде және автокөліктің аспаптар тақтасында орналасқан жүргізуші мен алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының ашылуына қарамастан ашылады.

Соққы күшін анықтайтын соққы датчиктері келесі жерлерде орналасқан.

- Сол жақ және оң жақ ортаңғы тіреулерде.
- Сол жақ және оң жақ артқы дөңгелек қуыстарында.
- Артқы ортаңғы орындық астында.

Алдыңғы соққы датчигі және төңкерілу датчигі аспаптар тақтасының ортаңғы бөлігі астында орналасқан қауіпсіздік жастықтарының жүйесін басқару блогының ішінде орналасқан.

Егер ортаңғы тіреулерде орналасқан соққы датчиктерінің біреуі артқы ортаңғы орындықтың астындағы соққы датчигімен бірге күші белгіленген шамадан асатын соққыны тіркегенде, артқы дөңгелек қуысындағы тиісті соққы датчигінде соққы туралы осындай сигналдың болуына қарамастан, басқару блогы автокөлікке тиген соққы жақтағы бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қалқа жастықтардың ашылуын қамтамасыз етеді.

Егер артқы дөңгелектердің қуысында орналасқан соққы датчиктерінің біреуі артқы ортаңғы орындықтың астында орналасқан соққы датчигімен бірге күші белгіленген шамадан асатын соққыны тіркесе, басқару блогы тек автокөліктің соққы тиген жағында қалқа жастықтың ашылуын ғана қамтамасыз етеді.

Егер төңкерілу датчигі автокөліктің төңкерілуін анықтаса, басқару блогы екі жақтан қауіпсіздік қалқа жастығын ашады. Осы сәтте жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары іске қосылады.

Ашылғаннан кейін бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының желі бірден шығып кетеді. Соқтығысуды анықтау сәтінен бастап, бүйір қауіпсіздік жастығы ашылған соң олардан ауаны шығаруға дейінгі барлық операциялар өте жылдам іске асады. Қалқа жастық ашылғаннан кейін біраз уақыт үрленген күйде қалады, кейін бәсеңдеп желі шығып кетеді.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қалқа жастық соққы алған жақта орналасқан орындық бос болған кезде ғана ашылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының конструкциясы тек орташа және қатты бүйірлік соққы кезінде ғана ашылуға көзделген. Олардың құрылымы көптеген әлсіз бүйірлік соққылар кезінде ашылуын көздемейді. Оған қоса, олардың құрылымында артқы немесе бетпе-бет көптеген соқтығысулар кезінде ашылу көзделмеген, өйткені мұндай жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының ашылуы жүргізушіні немесе жолаушыларды қорғауды қамтамасыз етпейді. Бүйірлік


қауіпсіздік жастықтарының және қауіпсіздік қалқа жастықтарының құрылымы тек қана бір рет ашылуға көзделген.

Қауіпсіздік қалқа жастықтары төңкерілуге сәйкес келетін автокөліктің тым қатты еңкеюі кезінде де ашылатындай етіп жобаланған. Олардың конструкциясында аздаған еңкею кезінде ашылу қарастырылмаған.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарын ашу бүйірден соққы тиген кезде автокөлік салонындағы соққы күшіне байланысты болады. Бұл күштің шамасы соқтығысу түріне байланысты, бұл ретте автокөліктің білінетін зақымдарының шамасына тікелей байланысты емес.


Қазақстанға арналған модельдерде: автокөлік төңкерілген жағдайда, жолаушылар мен автокөліктің екі жағындағы бүйірлік терезелер арасында қауіпсіздік қалқа жастықтары ашылады, бұл жолаушының басына тиетін соққыны жұмсарту бойынша қауіпсіздік белбеулерінің есерін толықтырады.

- ▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының және қауіпсіздік қалқа жастықтарының ашылуы анағұрлым ықтимал?




Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік қалқа жастықтары алдыңғы орындықтардың бірі аймағына бүйірден күшті соққы тигенде ашылады.

- ▽ Қандай жағдайларда қауіпсіздік қалқа жастықтарының ашылуы анағұрлым ықтимал?



- 1) Автокөлік бір бүйіріне аударылды немесе төбесімен төңкерілді.
- 2) Автокөліктің қисаю бұрышы шекті мәнге жеткенде немесе автокөліктің шиналары бос айналған кезде жиектасқа бүйірлік бетімен соғылғанда.

▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылу ықтималдығы аз?




- 1) Автокөлік бүйірден жанама соққы алды.
- 2) Автокөліктің салонынан тыс орналасқан аймағына бүйірден соққы тиді.
- 3) Автокөлік телеграф бағанына немесе басқа ұқсас нысанға соғылды.
- 4) Автокөлікті мотоцикл бүйірден соқты.
- 5) Автокөлік бір бүйіріне аударылды немесе төбесімен төңкерілді.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ашылмай қалуы ықтимал көптеген соқтығысу түрлері бар. Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары апат кезіндегі соққы күшіне байланысты ашылмауы мүмкін.

126 SRS қауіпсіздік жастықтары* (қосымша бекіту жүйесінің қауіпсіздік жастықтары)


▽ Қандай жағдайларда қауіпсіздік қалқа жастықтарының ашылу ықтималдығы аз?



- 1) Автокөлік бүйірден жанама соққы алды.
- 2) Автокөліктің салонынан тыс орналасқан аймағына бүйірден соққы тиді.
- 3) Автокөлік телеграф бағанына немесе басқа ұқсас нысанға соғылды.
- 4) Автокөлікті мотоцикл бүйірден соқты.

Қауіпсіздік қалқа жастықтары ашылмай қалуы мүмкін көптеген соқтығысу түрлері бар. Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде, қауіпсіздік қалқа жастықтары апат кезіндегі соққы күшіне байланысты ашылмауы мүмкін.


▽ Қандай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік қалқа жастықтары ашылмайды?



- 1) Автокөлігіңіздің басқа автокөлікпен бетпе-бет соғысуы (қозғалатын және қозғалмайтын).
- 2) Автокөлік артқы жағынан жанама соққы алды.

3) Автокөліктің бойлық бағытта төңкерілуі.

Суретте көрсетілгенге ұқсас апаттар кезінде, бүйірлік қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздік қалқа жастығы көптеген жағдайларда іске қосылмауы тиіс.




- 1) Бірінші соққы.
- 2) Екінші соққы.
- A) Қауіпсіздік қалқа жастығы.
- B) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары.

Автокөлікке екі және одан көп бүйірден соққы тиген апат кезінде, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік қалқа жастықтары бір рет қана — бірінші соққыдан кейін ашылады.

Мысал: автокөліктің бір бүйіріне алдымен бір автокөліктен, кейін бірден дәл сол бүйіріне басқа көліктен тиген екі бүйірлік соққы алған апат. Бұл ретте бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік

қалқа жастықтары бірінші соққыдан кейін ғана ашылады, екіншісінен кейін ашылмайды.

■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау



Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне орнатылса, диагностикалық жүйе қауіпсіздік жастықтары жүйесінің дайындығын үздіксіз қадағалайды (соның ішінде алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік жүйесінің алдын ала тартқыштары). Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін шамамен 6 секундқа қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамының қосылуы жүйенің қалыпты жұмысын білдіреді.

Шам келесі компоненттердің жұмысын бақылайды.

- Бетпе-бет соққы датчиктері.
 - Оң жақ.
 - Сол жақ.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесін басқару блогы (соның ішінде соққы датчиктері мен төңкерілу датчигі).
- Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының модульдері.
 - Жүргізуші жақ.
 - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жақ.
- Жүргізушінің тізелерге арналған қауіпсіздік жастығының модулі.
- Бүйірлік соққы датчиктері.
 - Оң жақ ортаңғы тіреу.
 - Сол жақ ортаңғы тіреу.
 - Оң жақ алдыңғы есік.
 - Сол жақ алдыңғы есік.
 - Оң жақ артқы дөңгелек қуысы.
 - Сол жақ артқы дөңгелек қуысы.
 - Ортаңғы артқы орындықтың астында.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының модульдері.
 - Жүргізуші жақ.
 - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жақ.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесінің датчигі (егер орнатылса).
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының отыруын анықтау жүйесінің басқару блогы (егер орнатылса).

- Алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік жүйесі тоғасының датчигі (егер орнатылса).
- Қауіпсіздік қалқа жастығының модульдері.
 - Оң жақ.
 - Сол жақ.
- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары (барлық үлгілер) және жүйелер жүктемесінің бейімделетін жүктемелері (егер орнатылса).
 - Жүргізуші жақ.
 - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жақ.
- Қауіпсіздік белбеуінің бел бауының алдын ала тартқыштары.
 - Жүргізуші жақ.
 - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жақ.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылғанын және сөндірілгенін көрсететін бақылау шамдары (орнатылған болса).
- Барлық тиісті электрсым.
- Жүргізуші орындығы қалпының датчигі (егер орнатылса).
- Сол жақ артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштары (егер орнатылса).
 - Оң жақ.
 - Сол жақ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы жұмысының сипаты төменде аталған тармақтардың кез келгеніне сай келсе, дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Егер техникалық мамандар көмегімен тексеруді және қажетті жөндеуді жүргізбесеңіз, бұл соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының және/немесе қауіпсіздік жастықтарының қате жұмысына себеп болуы мүмкін, оның салдарынан жарақаттар алу қаупі туындайды.

- Ескерту шамы жанып-сөнөді немесе жылтылдайды.
- Оталдыру құлпының жүйесін «ON» күйіне ауыстырған кезде, ескерту шамы жанбайды.

- Ескерту шамы үнемі жанып тұр.
- Ескерту шамы автокөлік қозғалған кезде жанады.

■ Қауіпсіздік жастықтары жүйесіне техникалық қызмет көрсету

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік жастықтарының модульдерін немесе апат кезінде зақымдалған бүкіл автокөлікті кәдеге жарату алдында SUBARU дилеріңізден кеңес алыңыз.
- Қауіпсіздік жастықтарының конструкциясы автокөлік иесінің оларға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуді қарастырмайды. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кез келген электр тізбегінде электр тестерлерді қолдануға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастықтарына техникалық қызмет көрсету қажет болса, жақын маңдағы SUBARU дилерінен кеңес алыңыз. Конфигурацияны өзгерту немесе жүйенің электр сымдар жүйесін сөндіру салдарынан қауіпсіздік жастықтары кездейсоқ іске қосылуы немесе бүкіл жүйе істен

шығуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға әкеледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

Төмендегі аймақтарда техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болса, SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз. Төменде көрсетілген аймақтарда қауіпсіздік жастықтарының жүйесін басқару блогы, соққы датчиктері және қауіпсіздік жастықтарының модульдері орналасқан.

- Аспаптар тақтасының ортаңғы бөлігі астында.
- Автокөліктің алдыңғы бөлігінің екі жағында.
- Руль, руль бағаны және іргелес аймақтар.
- Руль бағаны және іргелес аймақтардың төменгі жағы.
- Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдындағы аспаптар тақтасының жоғарғы жағы және іргелес аймақтар.
- Екі алдыңғы орындық және іргелес аймақтар.
- Әрбір ортаңғы тіреуде.

- Төбесінің әр жағындағы бүйір бөлігінде (алдыңғы тіреуден артқы орындықтағы белгіге дейін) (тек қалқа жастықтармен жабдықталған модельдер үшін).
- Артқы орындықтың көпшігі мен әрбір жақтағы артқы дөңгелек қуысы арасында.
- Артқы ортаңғы орындық астында.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жүйе элементтерін SUBARU ресми дилеріне жүгініп, SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектеріне ауыстыртыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Төменде аталған жағдайларда SUBARU дилеріне барынша тез хабарласыңыз.

- Автокөліктің алдыңғы бөлігі апаттан зақымдалған, бірақ алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылмаған.
- Руль жастығында, алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қақпағында немесе төбенің кез келген қапталында (алдыңғы тіреуден артқы орындықтың үстіндегі тиісті белгілерге дейінгі аймақта) сызаттар, жарықтар немесе басқа зақымданулар бар.

- Ортаңғы тіреуге, алдыңғы есікке, артқы дөңгелек қуысына, артқы рама астына немесе оған іргелес аймақтарға бүйірден соққы тигеннен кейін, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және қауіпсіздік қалқа жастықтары ашылмады.
- Алдыңғы орындықтың кез келген арқалығындағы мата немесе былғары кесілді, қажалды немесе басқа зақымдары бар.
- Автокөліктің артқы бөлігі апат кезінде зақымдалды.

■ Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралары

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің кездейсоқ іске қосылуы немесе істен шығуы нәтижесінде келтірілуі мүмкін ауыр жарақатты болдырмау үшін қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттері конструкциясына немесе оның электрсымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
Бұл келесідей өзгертулерді қамтиды.
 - Штаттық емес рульді орнату.
 - Аспаптар тақтасы әрлемесінің қосымша элементтерін орнату.
 - Штаттық емес орындықтарды орнату.
 - Орындықтың мата немесе былғары қаптамаларын ауыстыру.
 - Алдыңғы орындықтың қосымша мата немесе былғары қаптамаларын көру.

- Қатты дыбыс жүйесінің микрофонын немесе басқа керек-жарақтарды алдыңғы, ортаңғы және артқы тіреулерге, алдыңғы әйнекке, бүйір терезелерге, тұтқаларға және қалқа жастықтардың ашылу аймағында болуы мүмкін салонның басқа жабындарына орнату.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қандай да бір компонентіне, соның ішінде оның электрсымына, сондай-ақ олардың жанына қосымша электр немесе электрондық жабдықты, мысалы мобильдік таратқыштарды орнатуға болмайды. Өйткені қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін.
- Динамиктерді ауыстыру немесе дыбыс оқшауламасын орнату мақсатында алдыңғы есіктердің панельдеріне немесе ішкі бөлшектеріне қатысты өзгерістерді енгізу.

- Есіктердің ішінде соққы кезінде қысымды анықтайтын соққы датчиктері орналасқан. Есіктердің компоненттеріне немесе есік әрлемесіне қандай да бір өзгеріс енгізбеңіз, мысалы, қосымша динамиктерді орнатқан кезде. Есіктерге енгізілетін кез келген өзгеріс қауіпсіздік жастықтарының жүйесін істетпей тастайтын немесе қауіпсіздік жастықтарының кенет ашылып кетуіне әкелетін қауіп тудырады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде аталған өзгерістерді автокөлік конструкциясына енгізуге жол бермеңіз. Мұндай өзгерістер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін.

- SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығының санына кірмейтін немесе сапасы бойынша SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығына сай келмейтін қандай да бір жабдықты (әртүрлі қорғаныс торлары, шығырлар, қар аршу құрылғылары, сүйретпелі қалқандар және т.б.) автокөліктің алдыңғы бөлігіне орнату.

- Автокөліктің аспа жүйесіне немесе автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына өзгерістер енгізу.
- Өлшемі және құрылымы жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреудегі тақтайшада немесе нақты автокөліктердің үлгілері үшін осы нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленетін шиналарды орнату.
- SUBARU түпнұсқа қосымша жабдығынан басқа кез келген жабдықты (бүйірлік басқыштар, табалдырық қорғаныштары және т.б.) автокөлік шанағының бүйір бөлшектеріне орнату.

Автокөлігіңізге кез келген қосымша жабдықты орнату алдында SUBARU дилеріңізден кеңес алыңыз.

Кілттер, құлыптар және әйнеккөтергіштер

Кілттер.....	134
Кілт нөмірі бар тілімше.....	134
Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі (орнатылған болса).....	135
Қашықтан ашу салпыншағы.....	135
Сақтық шаралар.....	136
Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде есіктерді құлыптау және ашу.....	139
PIN-код арқылы ашу.....	144
Энергия үнемдеу функциясы.....	146
Қашықтан ашу салпыншағының энергия үнемдеу функциясы.....	147
Қашықтан ашу функцияларын өшіру.....	147
Ескерту дыбыс сигналдары және ескерту шамы.....	149
Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар.....	150
Қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі элементін ауыстыру.....	150
Иммобилайзер.....	150
Иммобилайзердің бақылау шамы.....	150
Жаңа кілт жасау.....	151
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі.....	151
Есіктерді құлыптау.....	153
Есіктердің құлпын ашу.....	153
Автоматты түрде құлыптану.....	154


Жүксалғыш есігінің құлпын ашу.....	154
Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу.....	154
Қуат көзі элементін ауыстыру.....	154
Техникалық ақпарат.....	154
Есік құлыптары.....	155
Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу.....	155
Есіктерді ішінен құлыптау және ашу.....	156
Есіктердің автоматты түрде құлыпталуы/ құлпының ашылуы.....	156
Кілттердің құлыптануының алдын алатын функция ...	157
Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын тоқтату функциясы.....	158
Есіктердің бала құлпы механизмі.....	159
Терезелер.....	159
Электр әйнеккөтергіштер.....	160
Электр әйнеккөтергіштерді іске қосу (электр қуат көзін өшіруді кідірту функциясы бар терезелер).....	162
Жүксалғыш есігі.....	162
Қолмен ашылатын/жабылатын жүксалғыш есігі (орнатылған болса).....	162
Электржетекті жүксалғыш есігі (орнатылған болса).....	164
Төбедегі люк (орнатылған болса).....	173
Люк ауыстырып қосқышы.....	174
Қысып қалудан сақтау функциясы.....	174
Күнқағар қалқа.....	174

Кілттер

ЕСКЕРТПЕ

Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдер үшін «Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі» бөлімін (135-бет) қараңыз.

Автокөлікке келесі кілттер қоса беріледі.



- 1) Кілттер.
- 2) Кілт нөмірі бар тілімше.

ЕСКЕРТПЕ

Сіздің автокөлігіңіз сатылатын нарыққа байланысты оның үш әмбебап кілті болуы мүмкін.

Барлық кілтті келесі құлыптар үшін пайдалануға болады.

- Оталдыру жүйесінің құлпы.
- Жүргізуші есігі.

ЕСКЕРТПЕ

Төменде атап көрсетілген функцияларды басқару үшін есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін қолдануға болады.

- Есіктерді, жүксалғыш есіктерін және отын құю аузының люгін құлыптау/құлпын ашу.
- Терезелерді ашу/жабу.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» бөлімін (151-бет) қараңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Кілтті үлкен салпыншаққа немесе басқа кілттері бар байламға қоспаңыз. Қозғалыс барысында олар тізеңізге тиіп кете беретін болса, бұның салдарынан оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінен «ACC» немесе «LOCK» күйіне бұралып кетіп, қозғалтқыш тоқтатылуы мүмкін.

■ Кілт нөмірі бар тілімше


Кілт нөмірі автокөлігіңіздің кілттер байламына бекітілетін тілімшеге басып жазылған. Кілт нөмірін көшіріп алып, сол жазбаны автокөліктен тыс қауіпсіз жерде сақтауыңыз керек. Бұл нөмір түпнұсқа кілт жоғалған жағдайда немесе кілтті кездейсоқ автокөлікте қалдырып кеткен кезде жаңа кілт жасату үшін қажет болады.

Жаңа кілттерді жасау туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Жаңа кілт жасау» бөлімін (151-бет) қараңыз.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі (орнатылған болса)

■ Қашықтан ашу салпыншағы

Автокөлікке келесі қашықтан ашу кілттері қоса беріледі.



- 1) Қашықтықтан ашу салпыншақтары.
- 2) Кілт нөмірі бар тілімше.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі сізге қашықтан ашу

салпыншағы арқылы келесі әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді.

- Есіктерді, жүксалғыш есігін және отын құю аузының люгін құлыптау және құлпын ашу («Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде есіктерді құлыптау және құлпын ашу» бөлімін [☞] 139-бет) қараңыз.
- Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру («Қозғалтқышты оталдыру және сөндіру (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру жүйесі бар модельдер)» бөлімін қараңыз, [☞] 365-бет).

ЕСКЕРТПЕ


- Төменде атап көрсетілген функцияларды басқару үшін есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін қолдануға болады.
 - Есіктерді, жүксалғыш есіктерін және отын құю аузының люгін құлыптау/құлпын ашу.
 - Терезелерді ашу/жабу.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» [☞] бөлімін (151-бет) қараңыз.

- Қашықтан ашу салпыншағына қоса берілетін кілт нөмірі бар тілімшені сенімді жерде сақтаңыз. Ол автокөлікті жөндеу кезінде, сондай-ақ қосымша қашықтан ашу салпыншағын тіркеу кезінде қажет. Толығырақ ақпарат алу үшін «Жаңа

кілт жасау» бөлімін ([☞]151-бет) қараңыз.

Қашықтан ашу салпыншағының әрқайсысына апаттық кілт бекітілген.



- 1) Бекіткіш түймесі.
- 2) Апаттық кілт.

Апаттық кілтті алу үшін қашықтан ашу салпыншағының бекіткіші түймесін басыңыз.

Апаттық кілт жүргізушінің есігін құлыптау және құлпын ашу үшін қолданылады.

■ Сақтық шаралар

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор имплантталған болса, автокөлікте орнатылған таратушы антенналарға 22 см жақын жақындамаңыз.

Автокөліктің таратушы антенналары шығаратын радиосигналдар имплантталған кардиостимуляторлар мен дефибрилляторлардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Егер Сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор емес қандай да бір басқа электрондық медициналық жабдық имплантталған болса, онда түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесін қолданар алдында төменде келтірілген «Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде қолданылатын радиосигналдар» тармағымен танысып шығыңыз, сондай-ақ барынша толық ақпарат алу үшін нақты электрондық медициналық жабдық өндірушісінен кеңес алыңыз. Автокөліктің таратушы антенналары шығаратын радиосигналдар электрондық


медициналық жабдықтың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.

Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде қолданылатын радиосигналдар

- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінде пайдаланылатын радиосигналдардан басқа, түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде келесі жиіліктегі радиосигналдар қолданылады*.

Радиосигналдарды төмендегі суреттерде көрсетілген орындарда автокөлікте орнатылған антенналар ауық-ауық таратады.

* Радиосигналдардың жиілігі: 134,2 кГц.



203437

1) Антенналар.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қашықтан ашу салпыншағын ешқашан автокөліктің ішінде немесе автокөліктің айналасында 2 м радиуста (мысалы, көлікжайда) қалдырмаңыз немесе сақтамаңыз. Қашықтан ашу салпыншағы автокөлік ішінде құлыпталып қалуы мүмкін немесе кілттің қуат элементінің заряды тез таусылуы мүмкін. Назар аударыңыз, кейбір жағдайларда қашықтан ашу салпыншағының орналасқан жеріне байланысты қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі арқылы автокөліктің электр қуат көзін қосу мүмкін болмауы мүмкін.
- Қашықтан ашу салпыншағында электрондық компоненттер бар. Ақауларға жол бермеу үшін келесі сақтық шараларды сақтаңыз.
 - Кілт зақымдалмауы үшін қашықтан ашу кілтінің қуат элементін SUBARU ресми дилерінде ауыстырту керек.
 - Қашықтан ашу салпыншағын су тиіп кетуден сақтаңыз. Қашықтан ашу салпыншағына су тиіп кетсе, оны дереу сүртіп кептіріңіз.

- Қашықтан ашу салпыншағын қатты соққыға ұшыратпаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын тікелей күн сәулесінің әсерінен сақтаңыз немесе қызып кетуі мүмкін басқа жерлерде, мысалы, аспаптар тақтасында қалдырмаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын ультрадыбыспен жуатын агрегат көмегімен тазаламаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын ылғалдығы немесе тозаңы жоғары жерлерде қалдырмаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын магниттік өріс көздерінің әсер ету аймағынан алшақ ұстаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын дербес компьютердің немесе тұрмыстық электр аспабының жанында қалдырмаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын аккумулятор батареясы қуаттағышының немесе кез келген электр аксессуарлардың жанында қалдырмаңыз.
- Терезелерге металл бояуын жақпаңыз және терезелерге металл заттарды бекітпеңіз.

- Түпнұсқа емес аксессуарларды немесе бөлшектерді пайдаланбаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағын құлатып алсаңыз, апаттық кілт ажырап кетуі мүмкін. Апаттық кілт босап қалмау үшін абай болыңыз.

- Ұшақпен ұшқан кезде қашықтан ашу салпыншағындағы түймелерді баспаңыз. Қашықтан ашу салпыншағындағы қандай да бір түймені басқан кезде радиосигналдар таралып, ұшақ жүйелерінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Қашықтан ашу салпыншағы сөмкеде болса, түймелер абайсызда басылып кетпейтіндей шараларды қолданыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтан ашу функциясын қосу/өшіру баптауларын өзгертуге болады. Параметрлерді баптау рәсімі «Қашықтан ашу функцияларын ажырату» бөлімінде ☎(147-бет) толығырақ сипатталған.
- Қашықтан ашу функциясы ажыратылып тұрған кезде қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін пайдалану тәртібіне қатысты толығырақ ақпарат алу үшін «Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін ☎(509-бет) оқып шығыңыз.
- Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесіндегі түйме арқылы қуаты аз радиосигналдар пайдаланылады.

Қашықтан ашу салпыншағының күйі және қоршаған орта жағдайлары төменде сипатталған мән-жайда қашықтан ашу салпыншағы мен автокөлік арасындағы деректермен алмасуға теріс әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлік есіктерінің құлпын ашу және құлыптау, сондай-ақ қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмай қалуы мүмкін.

- Жүйе күшті радиосигналдар шығаратын құрылғының жанында, мысалы, радиохабар тарататын станцияның немесе электр жеткізу желісінің жанында қолданылғанда.
- Радиосигналдарды тарататын аспаптарды, мысалы, қашықтан ашу салпыншағын немесе басқа автокөліктің құлыптарды қашықтан басқару таратқышы бар кілтті пайдалану кезінде.
- Сіз өз автокөлігіңіздің қашықтан басқару салпыншағын басқа автокөліктің қашықтан басқару салпыншағымен немесе қашықтан басқару пультімен бірге алып жүргенде.
- Қашықтан ашу салпыншағы сымсыз байланыс жабдығының жанында, мысалы, ұялы телефонның жанында тұрғанда.

- Қашықтан ашу салпыншағы металдан жасалған заттың жанында болғанда.
- Қашықтан ашу салпыншағына металл аксессуарлар бекітулі болғанда.
- Қашықтан ашу салпыншағын электрондық аспаппен, мысалы, ноутбукпен бірге тасып жүргенде.
- Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің заряды таусылған кезде.
- Қашықтан ашу салпыншағы автокөлікпен үнемі дерек алмасады және кілттің қуат элементі үздіксіз қолданылады. Қуат элементінің қызмет ету мерзімі жұмыс жағдайларына байланысты. Әдетте, бұл 1-2 жыл. Егер қуат элементінің заряды толығымен таусылса, оны жаңасына ауыстырыңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағы жоғалған жағдайда қалған барлық қашықтан ашу салпыншақтарын қайта тіркеу керек болады. Қашықтан ашу кілтін қайта тіркеу үшін SUBARU дилерімен хабарласқаныңыз жөн.

- Қосалқы қашықтан ашу салпыншағын алу үшін SUBARU дилеріне хабарласқаныңыз жөн.
- Бір автокөлік үшін 7-ге дейінгі қашықтан ашу салпыншағы тіркелуі мүмкін.
- Қашықтан ашу салпыншағын автокөлік салонының есік қалталары, аспаптар тақтасы сияқты орындарында немесе жүксалғыш бұрышында қалдырмаңыз. Дірілден қашықтан ашу салпыншағы зақымдалуы немесе ауыстырып қосқыштар өздігінен қосылуы мүмкін, бұның салдарынан автокөліктің есіктері құлыптанып қалуы ықтимал.
- Автокөліктің аккумулятор батареясының қуаты таусылған немесе батарея ауыстырылған жағдайда қозғалтқышты оталдыру үшін руль бағаны құлпын инициализациялау қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда руль бағаны құлпын инициализациялау бойынша келесі әрекеттерді орындаңыз.

(1) Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесінің көмегімен «OFF» электр қуат көзі режимін орнатыңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Электр қуат көзі режимдерін ауыстыру» бөлімін (☎182-бет) қараңыз.

(2) Жүргізуші есігін ашып, қайта жабыңыз.

(3) Шамамен 10 секунд күтіңіз.

Руль бағаны құлыптанған кезде бұл инициализацияның аяқталғанын көрсетеді.

- Қашықтан ашу салпыншағын төменде көрсетілген орындарда қалдырмаңыз.
 - Аспаптар тақтасында.
 - Автокөліктің еденінде.
 - Ұсақ-түйек бөлімінде.
 - Есіктердің қалтасында.
 - Артқы орындықта.
 - Жүксалғышта.

Әйтпесе, келесі жағдайлар орын алуы мүмкін.

- Қашықтан ашу салпыншағы қате салдарынан автокөлік ішінде құлыптанады.
- Шын мәнінде ақау туындамайтынына қарамастан, қате ескерту сигналы беріледі.
- Кез келген ақау туындаған кезде ескерту сигналы берілмейді.


■ Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде есіктерді құлыптау және ашу

Қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта тұрса, есіктің тұтқасын жай ғана ұстау арқылы есіктерді, жүксалғыш есігін және отын құю аузының люгін құлыптауға/ашуға болады.


ЕСКЕРТПЕ

Сонымен бірге есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің көмегімен автокөлікті құлыптауға/құлпын ашуға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» бөлімін (☎151-бет) қараңыз.

▼ Сигнал қабылданатын аймақ



- 1) Антенналар.
- 2) Сигнал қабылданатын аймақ (шамамен 40-80 см).



- 1) Жарықдиодты индикатор.

Қашықтан ашу салпыншағы алдыңғы есіктердің бірін құлыптау/құлпын ашу функциясының сигналы қабылданатын аймақта болғанда қашықтан ашу салпыншағының жарықдиодты индикаторы жыпылықтайды. Қашықтан ашу функциясы өшірілген кезде қашықтан басқару салпыншағындағы түймелердің бірі басылғанша жарықдиодты индикатор жыпылықтамайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің корпусына тым жақын болса, қашықтан ашу функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер осындай қате жұмыс байқалса, автокөліктен алыстап, операцияны жаңадан қайталаңыз.
- Қашықтан ашу салпыншағы қашықтан ашу функциясы қолданылатын аймақта болса, бірақ жер бетінің өзінде немесе оның бетінен тым жоғары болса, қашықтан ашу функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қашықтан ашу салпыншағы қашықтан ашу функциясы қолданылатын аймақта болса, бұл функцияны қашықтан ашу салпыншағы бар адам ғана емес, көз келген адам да пайдалана алады. Есіктердің құлыптарын есік тұтқасының, есіктерді құлыптау

датчигінің, жүксалғыш есігін ашу түймесінің және қашықтан ашу салпыншағының сигналы қабылданатын аймақтағы есіктердің артқы құлыптау түймесінің көмегімен ғана құлыптауға және құлпын ашуға болатынына назар аударыңыз.

- Егер қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің ішінде болса, онда есіктерді, жүксалғыш есіктерін және отын құю аузының люгін қашықтан ашу функциясының көмегімен құлыптау мүмкін болмайды. Сонымен қатар қашықтан ашу салпыншағының күйіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты автокөлік ішіндегі қашықтан ашу салпыншағы бәрібір құлыпталуы мүмкін. Құлыптарды жаппас бұрын қашықтан ашу салпыншағы өзіңізбен бірге екеніне көз жеткізіңіз.
- Қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі элементінің заряды таусылған кезде немесе қашықтан ашу салпыншағы күшті кедергілер немесе күшті радиосигналдар аймағында (мысалы, антенна діңгегінің, электр станциясының, радиохабар немесе телехабар тарататын станцияның, үлкен дисплейдің, әуежайдың, электрлі жол белгісінің жанында немесе сымсыз жабдықты пайдалану

аймағында), сондай-ақ ұялы телефонмен сөйлескен кезде қашықтан ашу функциясының сигнал қабылданатын аймағы қысқаруы мүмкін немесе функция жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Мұндай жағдайларда «Есіктерді ашу және құлыптау» бөлімінде (509-бет) сипатталған процедураны орындаңыз.

- Егер қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта қалса, онда автокөлікті жуу кезінде немесе есік тұтқасына едәуір мөлшерде су тиіп кеткен кезде есіктерді құлыпталуы немесе ашылуы мүмкін.

▼ Құлыптау және құлыпты ашу тәртібі

Қашықтан ашу салпыншағы көмегімен келесі әрекеттерді орындауға болады.

- Есіктерді құлыптау және құлпын ашу.
- Жүксалғыш есігін құлыптау және құлпын ашу.
- Отын құю аузының люгін құлыптау және ашу.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесімен оталдыру жүйесінің «АСС» немесе «ON» режимі орнатылған болса, есіктерді, жүксалғыш есігін және отын құю аузының люгін қашықтан ашу функциясының көмегімен құлыптау мүмкін емес. «Электр қуат көзі


режимдерін ауыстырып қосу» бөлімін (182-бет) қараңыз.

- Есіктің тұтқасын қолғаппен ұстағанда есік құлпы ашылмай қалуы мүмкін.
- Есікті құлыптау датчигіне үш немесе одан да көп рет қол тигізсеңіз, жүйе датчиктің жұмысын елемейді.
- Егер құлыптау процедурасы тым тез орындалса, толық құлыпталмауы мүмкін. Есіктерді құлыптағаннан кейін артқы есіктің тұтқасын тартып, есіктердің құлыпталғанын тексеріңіз.
- Есіктерді, соның ішінде жүксалғыш есігін құлыптағаннан кейін 3 секунд ішінде қашықтан ашу функциясының көмегімен есіктерді, соның ішінде жүксалғыш есігін ашу мүмкін емес.
- Егер автокөлік есіктерінің бірі немесе жүксалғыш есігі ашық тұрса, онда автокөліктің есіктері, жүксалғыш есігі және отын құю аузының люгі құлыптала алмайды.
- Егер есіктердің кез келгені (немесе жүксалғыш есігі) толық жабылмаса, апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бес рет жыпылықтайды (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдер үшін сыртқы ескертуші дыбыс сигналын

беру жүйесі де бес рет естіледі) және сізге есіктердің (немесе жүксалғыш есігінің) дұрыс жабылмағанын ескертеді.

- Автокөлік есіктерін құлыптаған кезде қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің ішінде құлыптанып кетпеу үшін оның өзіңізде екенін тексеріңіз.
- SUBARU дилерінде апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмысының баптауларын өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Оған қоса, аспаптар тақтасы дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплейі) бар модельдер үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмысының баптауларын аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплейі) арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (232-бет) қараңыз.


▽ Есіктерді құлыптау датчигінің көмегімен құлыптау



1) Есікті құлыптау датчигі.

Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен алып, барлық есікті, соның ішінде жүксалғыш есігін жауып, есіктің сыртқы тұтқасындағы есік құлыптау датчигін түртіңіз. Барлық есік, соның ішінде жүксалғыш есігі және отын құю аузының люгі құлыптанады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.


▽ Жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесінің көмегімен құлыптау



1) Артқы есік құлыптау түймесі.

Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен алып, барлық есікті, соның ішінде жүксалғыш есігін жауып, артқы есік құлыптау түймесін басыңыз. Осы кезде барлық есік пен отын құю аузының люгі құлыптанады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.


▽ Электржетекті жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесінің көмегімен құлыптау (орнатылған болса)



1) Электржетекті жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесі.

Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен бірге алып, барлық есікті жауып, электржетекті жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесін басыңыз. Жүксалғыш есігі автоматты түрде жабылып, барлық есікпен және отын құю аузының люгімен бірге құлыптанады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.


▽ Есіктердің құлпын ашу



Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен бірге алып, есіктің тұтқасының артында орналасқан датчикті түртіңіз.

Барлық есіктің, жүксалғыш есігінің және отын құю аузының люгінің құлпы ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

▽ Жүксалғыш есігін ашу



1) Жүксалғыш есігін ашу түймесі.

Өзіңізбен бірге қашықтан ашу салпыншағын алып, жүксалғыш есігін ашу түймесін басыңыз.

Бұл кезде жүксалғыш есігінің, барлық есік пен отын құю аузы люгінің құлпы, сондай-ақ жүксалғыш есігі ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

▽ Есіктердің құлпын іріктеп ашу функциясы (қарастырылған болса)

Құлпы ашылатын есіктерді таңдауға болады. Келесі баптаулар болуы мүмкін.

- **Қосулы**
Тек жүргізуші есігінің немесе жүксалғыш есігінің құлпы ашылады.
- **Өшірулі**
Барлық есіктің, соның ішінде жүксалғыш есігінің құлпы ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл баптауларды SUBARU дилерінде өзгертуге болады.
- Қауіпсіздік мақсатында «қосулы» немесе «өшірулі» функциясы үшін қандай мән орнатылғанын тексеріңіз.

▼ Автоматты түрде құлыпталу


Автокөлік есіктерінің құлпы немесе жүксалғыш есігінің құлпы ашылғаннан кейін 30 секунд ішінде ол есіктердің ешқайсысы ашылмаса, олар қайтадан автоматты түрде құлыптанады.

Бұл функцияны қосу/өшіру, сондай-ақ есіктердің автоматты түрде құлыптану функциясы іске қосылғанға дейінгі уақыт баптауларын SUBARU дилеріне барып өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) бар модельдер үшін баптаулар мен уақыт аралығын аспаптар тақтасының дисплейінен (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплейден) өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (☎232-бет) қараңыз.

■ PIN-код арқылы ашу

Барлық есік, соның ішінде жүксалғыш есігі құлыптаулы кезде есіктерді (соның ішінде жүксалғыш есігі мен отын құю аузының люгін) артқы есік құлыптау түймесін басып, кілтсіз ашуға болады.





1) Артқы есік құлыптау түймесі.

ЕСКЕРТПЕ

Егер қашықтан ашу салпыншағы автокөлікте қалып кетсе, PIN-код арқылы кіруге болады. 5 таңбалы қауіпсіздік кодын (PIN-кодты) тіркеу керек.

▼ PIN-кодты тіркеу

Қадам	Операция	Алдыңғы қадамнан бері өткен уақыт
1	Оталдыру жүйесін ажыратыңыз.	—
2	Барлық есікті (соның ішінде жүксалғыш есігін) жабыңыз.	—
3	Дыбыс сигналы естілмейінше қашықтан ашу салпыншағындағы «  » түймесін және артқы есік құлыптау түймесін басып тұрыңыз.	5 секунд бойы
4	Дыбыс сигналы естілмейінше қашықтан ашу салпыншағындағы «  » түймесін басып тұрыңыз.	30 секунд бойы
5	PIN-код артқы есік құлыптау түймесі арқылы 30 секунд ішінде 4-қадамдағы дыбыс сигналынан кейін енгізіледі. Мысалы, «32468» тіркесімін PIN-код ретінде тіркеу үшін келесі процедураны орындаңыз.	30 секунд бойы
	(1) Түймені үш рет басыңыз.	
	(2) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені екі рет басыңыз.	
	(3) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені төрт рет басыңыз.	
	(4) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені алты рет басыңыз.	
(5) Бір дыбыс сигналынан кейін түймені сегіз рет басыңыз.		
6	Дыбыс сигналы үзік-үзік естіле бастағаннан кейін 5-қадамды қайта орындаңыз.	30 секунд бойы
7	Барлық есіктің құлыптары ашылып, қайта құлыптанады. Осыдан кейін PIN-код тіркеледі.	—

ЕСКЕРТПЕ

Дайындық режимін аяқтап, тіркеу кезеңіне өту үшін 6-қадамнан кейін 30 секунд ішінде «» түймесін басыңыз. «» түймесі 6-қадамнан кейін 30 секунд ішінде басылмаса, PIN-код тіркелмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- «0» санын енгізу үшін артқы есік құлыптау түймесін он рет басыңыз.
- Автокөлігіңізді айдап әкетуден қорғау үшін PIN-кодты жиі өзгертіп тұрыңыз.
- Егер автокөлігіңізді басқа адамға берген болсаңыз, PIN-кодтың өзгертілмегеніне немесе өшірілмегеніне көз жеткізіңіз. PIN-код өзгертілсе немесе жойылса, жаңа PIN-кодты тіркеңіз.
- Егер сіз тіркеу процедурасы кезінде қате жіберген болсаңыз, қашықтан ашу салпыншағындағы «» немесе «» түймесін басыңыз. Содан кейін 1-қадамнан бастаңыз.
- Автокөлікті айдап әкетуден қорғау үшін «00000», сондай-ақ «12345» сияқты бес бірдей саннан тұратын жолақты PIN-код ретінде тіркей алмайсыз.
- Автокөлігіңіздің нөмір белгісін, сондай-ақ «1122» немесе «12121» сияқты қарапайым нөмірлерді PIN-код ретінде тіркемеңіз. Бұл автокөлікті айдап әкету қаупін арттырады.
- Егер сіз «22222» санын тіркеуге тырыссаңыз, тіркелген PIN-код жойылады. PIN-код арқылы есіктерді аша алмайсыз, ал кіру үшін жаңа кодты тіркеу керек.
- Жаңа PIN-кодты тіркегеннен кейін есік құлыптарын оның көмегімен

ашуға болатындығына көз жеткізіңіз.

- Қашықтан ашу функциясы қашықтан ашу салпыншағының көмегімен өшірілген болса, PIN-кодты жою мүмкін емес.
- PIN-кодты келесі жағдайларда тіркеңіз:
 - PIN-кодты ұмытып қалсаңыз;
 - PIN-кодты өзгерткіңіз келсе.

▼ Құлыпты ашу

«PIN-кодты тіркеу» бөлімінде сипатталған 5-қадамның (1) мен (5) аралығындағы тармақтарын орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда есік құлыптарын PIN-код арқылы ашу мүмкін емес:
 - қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта тұрғанда;
 - оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйінде тұрғанда.
- Есік құлыптарын ашу процедурасы кезінде қате жіберген болсаңыз, 5 секунд немесе одан ұзақ уақыт күте тұрып, құлыпты ашу процедурасын қайта бастаңыз.
- Автокөлікті айдап кетуден қорғау үшін PIN-код қатарынан 5 рет дұрыс енгізілмеген жағдайда дыбыс сигналын беру жүйесі іске қосылады. Егер бұл жағдай орын

алса, сіз есіктерді 5 минут бойы PIN-код арқылы аша алмайсыз.

■ Энергия үнемдеу функциясы

Қашықтан ашу салпыншағы мен автокөліктің аккумулятор батареясының қуат көзі элементінің заряды таусылмауы үшін қашықтан ашу функциясы мынадай жағдайларда ажырайды.

- **1-жағдай.** Автокөліктің барлық есігі құлыптаулы болып, қашықтан ашу функциясы мен есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі 2 апта немесе одан да көп уақыт бойы қолданылмаған жағдайда.

Қашықтан ашу функциясын қалпына келтіру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- Алдыңғы орындықтағы жолаушы есігінің тұтқасына тиместен, есіктердің құлпын кез келген тәсілмен ашыңыз.
- Есіктерді құлыптаңыз.
- Есікті ашып, қайта жабыңыз.



- **2-жағдай.** Автокөліктің барлық есігі құлыптаулы болса, ал қашықтан ашу салпыншағы қашықтан ашу жүйесінің сигналы қабылданатын аймақта 10 минут және одан да артық уақыт бойы тұрса.


Қашықтан ашу функциясын қалпына келтіру үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- Есікті тұтқасынан ұстап, есік құлпын ашыңыз.
- Жүксалғыш есігін ашу түймесін басып, есіктердің құлпын ашыңыз.
- Есіктерді құлыптау датчигін түртіп, есіктерді құлыптаңыз.
- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі көмегімен есіктерді құлыптаңыз немесе құлпын ашыңыз.
- Есіктерді құлыптау ауыстырып қосқышымен құлыптаңыз немесе құлыпты ашыңыз.
- Алдыңғы есіктердің бірін ашыңыз.

■ Қашықтан ашу салпыншағының энергия үнемдеу функциясы

Бұл функция қашықтан ашу салпыншағының сигналдарды қабылдауын тоқтатады және қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі элементін тұтынуды барынша азайтуға көмектеседі.

1. «» түймесін басып тұрып, «» түймесін екі рет басыңыз.



- 1) Жарықдиодты индикатор.
- 2) Жарықдиодты индикатор баптаудың аяқталғанын хабарлау үшін 4 рет жыпылықтағанына көз жеткізіңіз.

Егер қашықтан ашу салпыншағы энергия үнемдеу режимінде болса, қашықтан ашу жүйесі және түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру функциялары қолжетімді болмайды.

Қуат үнемдеу режимінен шығу үшін қашықтан ашу салпыншағындағы түймелердің бірін басыңыз.

■ Қашықтан ашу функцияларын өшіру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер сізге кардиостимулятор немесе дефибриллятор имплантталған болса, жүргізуші есігіндегі қашықтан ашу функцияларын өшіріңіз. Әйтпесе, таратқыштың антеннасы шығаратын радиосигналдар имплантталған кардиостимуляторлар мен дефибрилляторлардың жұмысына кері әсер етуі мүмкін.

Автокөлік ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, сондай-ақ қашықтан ашу функциясын пайдаланбауды қаласаңыз, қашықтан ашу функцияларын өшіріп қоюға болады.

ЕСКЕРТПЕ


- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптау және ашу функциялары өшпейді.
- Қашықтан ашу функцияларын өшіргеннен кейін қозғалтқышты оталдыру үшін «Қозғалтқышты оталдыру» бөлімінде (☎510-бет) сипатталған процедураны орындаңыз.



▼ Функцияларды өшіру

▽ Қашықтан ашу салпыншағының көмегімен

Егер сізде PIN-код арқылы ашу үшін тіркелген PIN-код болса, қашықтан ашу функцияларын қашықтан ашу салпыншағы көмегімен өшіруге болады. PIN-кодты тіркеу туралы толық ақпарат «PIN-код арқылы ашу» бөлімінде (☞ 144-бет) келтірілген.


1. Жүргізушінің есігін ашыңыз.
2. Есікті құлыптау тұтқасын құлыптау күйіне ауыстырыңыз.






3. Қашықтан басқару салпыншағындағы «» түймесін және «» түймесін бірге 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

Дыбыс сигналы естіліп, қашықтан ашу функциялары өшеді.

▽ Жүргізуші есігінің көмегімен



Қадамдар	Операция	Алдыңғы қадамнан бері өткен уақыт	Жүргізуші есігінің күйі
1	Жүргізушінің орындығына отырып, есікті жабыңыз.	—	Жабық
2	Есікті құлыптау ауыстырып қосқышының «  » жағын басыңыз.	—	Жабық
3	Жүргізушінің есігін ашыңыз.	5 секунд бойы	Жабық→Ашық
4	Есікті құлыптау ауыстырып қосқышының «  » жағын екі рет басыңыз.	5 секунд бойы	Ашық
5	Екі рет жүргізуші есігін жауып, ашыңыз.	10 секунд бойы	Ашық→Жабық→ Ашық→Жабық→ Ашық
6	Есік ашық тұрған кезде есікті құлыптау ауыстырып қосқышының «  » жағын екі рет басыңыз.	10 секунд бойы	Ашық
7	Бір рет жүргізуші есігін жауып, ашыңыз.	10 секунд бойы	Ашық→Жабық→ Ашық
8	Есікті жабыңыз.	5 секунд бойы	Ашық→Жабық

Дыбыс сигналы естіліп, қашықтан ашу функциялары өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

№4 және №6 операцияларды орындау кезінде есікті құлыптау ауыстырып қосқышын баяу басу керек. Егер ауыстырып қосқыш тез басылса, онда функцияларды өшіру мүмкін болмай қалуы ықтимал.

▼ Функцияларды қосу

Функцияларды өшіру процедурасын қайта орындау кезінде бұл функциялар қосылады. Бір дыбыс сигналы естіледі.

■ Ескерту дыбыс сигналдары және ескерту шамы

Қате әрекеттердің санын азайту мақсатында, сондай-ақ автокөлікті айдап әкетуден қорғау үшін түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінде ескерту дыбыс сигналдарын беру, сондай-ақ аспаптар тақтасында қашықтан ашу салпыншағының ескерту шамының жыпылықтауы көзделген. Толығырақ ақпарат алу үшін «Ескерту дыбыс сигналдарын және қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесінің ескерту шамы» бөлімін (☎210-бетті) қараңыз.

■ Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар

«Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін (☎509-бет) қараңыз.

■ Қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі элементін ауыстыру

«Қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі элементін ауыстыру» бөлімін (☎574-бет) қараңыз.

Иммобилайзер

Иммобилайзер автокөлігіңіздің қозғалтқышын бөгде адамдардың оталдыруына жол бермеу үшін жасалған. Автокөлікті оталдыру үшін иммобилайзер жүйесінде тіркелген кілттерді ғана пайдалануға болады. Егер қозғалтқышты оталдыру әрекеті тіркелмеген салпыншақпен немесе кілтпен жүзеге асырылса, қозғалтқыш оталмайды. Қозғалтқыш оталса да, ол бірнеше секунд ішінде сөніп қалады. Алайда бұл жүйе айдап әкетуден 100% қорғай алмайды.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Кілтті тікелей күн сәулесі түсетін жерге, сондай-ақ қызып кетуі мүмкін басқа жерлерге қоймаңыз.
- Кілтке ылғал тигізбеңіз. Кілтке ылғал тиген кезде оны дереу шүберекпен сүртіңіз.

• Жүйенің құрылымын өзгертуге немесе бөлшектеуге жол бермеңіз. Жүйенің құрылымын өзгерту немесе бөлшектеу кезінде ол дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті айдап әкетуден қорғау үшін төмендегі сақтық шараларды мұқият оқып шығыңыз.
 - Автокөліктен шыққан кезде оның салонында кілттерді қалдырмаңыз.
 - Автокөліктен шыққан кезде барлық терезе мен люкті (орнатылған болса) жабыңыз және есіктерді, жүксалғыш есігін және отын құю аузының люгін жабыңыз.
 - Автокөлігіңізде қосалқы кілттер жинақтамасын, сондай-ақ автокөлігіңіздің кілт нөмірі бар жазбаларды сақтамаңыз.
- Автокөлік техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін иммобилайзер жүйесімен жабдықталған.

■ Иммобилайзердің бақылау шамы



«Иммобилайзердің бақылау шамы» бөлімін (☎217-бет) қараңыз.

■ Жаңа кілт жасау

Кілттің телнұсқасын жасау қажет болған кезде сізге кілт нөмірі бар тілімше қажет болады. Жаңа кілтті автокөлігіңіздің иммобилайзер жүйесіне тіркегеннен кейін ғана пайдалана аласыз. Бір автокөлікті пайдалану үшін тіркелетін ең көп кілт саны келесідей.

- Төрт (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі жоқ модельдер).
- Жеті (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі орнатылған модельдер).

Жаңа кілтті тіркеу үшін бір тіркелген кілт қажет.

ЕСКЕРТПЕ


Кілт жоғалған жағдайда жоғалған кілттің сәйкестендіру коды автокөліктің иммобилайзер жүйесінің жадында сақталады. Қауіпсіздік мақсатында жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жадтан жою керек. Жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жою үшін пайдаланылатын кілттердің барлығы қажет болады.

Жаңа кілтті тіркеу және жоғалған кілттің сәйкестендіру кодын жою туралы толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі

АБАЙЛАҢЫЗ

- Қашықтан басқару таратқышын өзіңізбен бірге ұшаққа алып кіргенде ұшақ ішінде оның түймелерін баспаңыз. Қашықтан басқару таратқышындағы қандай да бір түймені басқан кезде радиосигналдар таралып, ұшақ жүйелерінің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Егер сіз қашықтан басқару таратқышын сөмкеге салып ұшақта тасымалдасаңыз, қашықтан басқару таратқышының түймелері кездейсоқ басылып кетпеуі үшін қажетті шараларды орындаңыз.
- Таратқышты соққыға ұшыратуға болмайды.
- Таратқышты бөлшектемеңіз.
- Таратқышқа ылғал тигізбеңіз. Оған ылғал тиген кезде оны дереу шүберекпен сүртіңіз.



202970



202971

Қашықтан ашу салпыншағы

- 1) Құлыптау түймесі.
- 2) Құлыпты ашу түймесі.
- 3) Жүксалғыш есігі құлпын ашу түймесі.

Қашықтан басқару таратқышы

- 1) Құлыптау түймесі.
- 2) Құлыпты ашу түймесі.
- 3) Жүксалғыш есігі құлпын ашу түймесі.

Қашықтан басқару таратқышын автокөліктен шамамен 10 м қашықтықта пайдалануға болады. Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі келесі функцияларды атқарады.

- Жүксалғыш есігі мен отын құю аузының люгін қоса алғанда барлық есікті құлыптау және ашу.
- Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу*.

* Бұл функцияны пайдалану үшін оны алдымен SUBARU дилеріне барып, іске қостыру керек.

Жүйенің сигнал қабылдау қашықтығы электр станциялары, радиохабар және телехабар тарату станциялары, телемұнаралар, сондай-ақ тұрмыстық электрондық құрылғылардың қашықтан басқару пульттері сияқты күшті радиосигнал шығаратын көздер жанында қысқарады.

ЕСКЕРТПЕ

- **Автокөліктен шықпас бұрын оның барлық есігі құлыпталғанына көз жеткізіңіз.**
- Егер кілт оталдыру жүйесінің құлпында болса, сондай-ақ автокөлік есіктерінің бірі, оның ішінде жүксалғыш есігі толығымен жабылмаған болса, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі жұмыс істемейді.
- Егер түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдерде қашықтан ашу салпыншағы автокөліктің шанағына тым жақын орналасса, онда қашықтан ашу салпыншағындағы құлыпты ашу түймесін басқанда қашықтан ашу функциясының көмегімен есіктердің құлпы ашылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда осы функцияның жұмысын есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің

көмегімен есіктерді ашу арқылы қалпына келтіруге болады.

- SUBARU дилерінде апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмысының баптауларын өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Оған қоса, аспаптар тақтасы дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплейі) бар модельдер үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмысының баптауларын аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (☎232-бет) қараңыз.

■ Есіктерді құлыптау

Қашықтан ашу салпыншағындағы/қашықтан басқару таратқышындағы құлыптау түймесін басқанда барлық есік, жүксалғыш есігі және отын құю аузының люгі құлыптанады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер кез келген есік (немесе жүксалғыш есігі) соңына дейін жабылмаса, апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бес рет жыпылықтайды (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдер үшін сыртқы дыбыстық ескерту сигналы да бес рет естіледі) және есіктердің (немесе жүксалғыш есігінің) дұрыс жабылмағанын ескертеді.
- Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдерде қашықтан ашу салпыншағы сигнал қабылданатын аймақта болған кезде алдыңғы есіктің тұтқасынан ұстап, алдыңғы есік құлпын ашуға болады. Есіктердің құлыптанғанын тексеру үшін артқы есіктің тұтқасынан тартыңыз.

■ Есіктердің құлпын ашу

Автокөліктің жанында тұрған кезде қашықтан ашу салпыншағындағы/қашықтан басқару таратқышындағы құлыпты ашу түймесін басыңыз.

▼ Есіктерді іріктеп ашу функциясы жоқ модельдер

Барлық есіктің, жүксалғыш есігінің және отын құю аузының люгінің құлпы ашылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

▼ Есіктерді іріктеп ашу функциясы бар модельдер

ЕСКЕРТПЕ

Қауіпсіздік мақсатында «қосулы» немесе «өшірулі» функциясы үшін қандай мән орнатылғанын тексеріңіз.

Есіктерді іріктеп ашу функциясы басқа есіктердің құлпын ашпастан, жүргізуші есігінің құлпын ғана ашуға мүмкіндік береді. Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады.

• Қосулы

Тек жүргізушінің есігінің құлпы мен отын құю аузының люгі ашылады. Егер жүргізуші есігінің құлпын ашқаннан кейін 5 секунд ішінде ашу түймесін қайта бассаңыз, онда қалған барлық есік, соның ішінде жүксалғыш есігі де ашылады.

• Өшірулі

Барлық есіктің, жүксалғыш есігінің және отын құю аузының люгінің құлпы ашылады.

Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Автоматты түрде құлыптану

Құлыпты ашу батырмасын басқан кезде 30 секунд ішінде төрт есіктің немесе жүксалғыш есігінің ешқайсысы ашылмаса, барлық есік, жүксалғыш есігі және отын құю аузының люгі құлыптанады.

SUBARU дилерінде автоматты түрде құлыптану функциясын қосуға/өшіруге, сондай-ақ автоматты түрде құлыптанудың кідіру уақытының (құлыптанатын уақыт аралығы) баптауларын өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін жақын маңдағы SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Оған қоса, аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) бар модельдерде бұл баптауды аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (☎ 232-бет) қараңыз.

■ Жүксалғыш есігінің құлпын ашу

Жүксалғыш есігінің құлпын ашу үшін жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесін басыңыз.

Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

■ Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу және жабу үшін есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін, осы терезелердің айналасындағы аймақ анық көрініп тұрса ғана және адамдарды терезелердің қысып қалу қаупі жоқ екеніне көз жеткізгенде ғана пайдалану қажет.

Егер қозғалтқыш сөніп тұрса, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің көмегімен алдыңғы есіктердің терезелерін автокөліктің сыртынан ашып, жабуға болады. Алдыңғы есіктердің терезелерімен операциялар келесідей орындалады.

- Алдыңғы есіктердің терезелерін жабу үшін құлыптау түймесін басып тұрыңыз.
- Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу үшін ашу түймесін басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Қуат көзі элементін ауыстыру

«Қуат көзі элементін ауыстыру» бөлімін (☎ 573-бет) қараңыз.

■ Техникалық ақпарат


Төменде осы құрылғы өндірушісінің, моделінің және жеткізушісінің атаулары келтірілген.

- Жабдық өндірушісінің атауы: SUBARU.
- Жабдық моделінің атауы: TB1G077.
- Жеткізушінің атауы: ALPS ELECTRIC.

Есік құлыптары

■ Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу

- ▼ Автокөлікті кілттің көмегімен құлыптау және құлпын ашу тәртібі



- 1) Құлыптау үшін кілтті алға қарай бұраңыз.
- 2) Ашу үшін кілтті артқа қарай бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Апаттық кілт (қашықтан ашу салпыншағы бар модельдерде) бір бағытты болады. Егер кілтті салу мүмкін болмаса, кертігі бар жақтың орналасу бағытын өзгертіп, қайтадан салыңыз.


Жүргізуші есігін сыртынан кілтті алға қарай бұрап құлыптаңыз.

Есікті ашу үшін кілтті артқа қарай бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Барлық есікті, соның ішінде жүксалғыш есігін құлыптау үшін жүргізуші есігінен басқа кез келген есікті автокөліктің ішінен құлыптап, жүргізушінің есігін құлыптаңыз. Есіктерді автокөлік ішінен құлыптау туралы толық ақпарат «Есіктерді ішінен құлыптау және құлпын ашу» бөлімінде (☎156-бет) берілген.

- ▼ Автокөлікті кілтсіз құлыптау тәртібі



Алдыңғы есіктерге арналған үлгі

- 1) Құлыпты бекіту тұтқасын алға қарай бұраңыз.
- 2) Алдыңғы есіктерді жапқанда есіктің сыртқы тұтқасын тартып ұстаңыз.

Алдыңғы есікті сыртынан кілтсіз құлыптау үшін құлыпты бекіту тұтқасын алға қарай бұрап, тұтқаны тарта отырып, есікті жабыңыз.


Артқы есікті сыртынан кілтсіз құлыптау үшін бекіту тұтқасын алға қарай бұрап, есікті жабыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөліктің есіктерін сыртынан кілтсіз құлыптаған кезде автокөлік ішінде кілтті ұмытып кетпегеніңізді тексеріңіз.

■ Есіктерді ішінен құлыптау және ашу

▼ Бекіту тұтқасын пайдалану тәртібі



- 1) Ашу үшін бекіту тұтқасын артқа қарай бұраңыз.
- 2) Құлыптау үшін бекіту тұтқасын алға қарай бұраңыз.

Қозғалысты бастамас бұрын автокөліктің барлық есігі, соның ішінде жүксалғыш есігі жабық екеніне көз жеткізіңіз.


Есікті ашқаннан кейін құлыпты бекіту тұтқасында қызыл белгі пайда болады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қозғалыс кезінде барлық есікті, әсіресе автокөлігіңізде кішкентай балалар болса, құлыптап қойыңыз. Есіктерді құлыптау, қауіпсіздік белбеулері мен бала бекіту құрылғыларын дұрыс қолданумен бірге, апат кезінде автокөліктен құлап кету мүмкіндігін азайтады. Бұл есіктер кездейсоқ ашылған кезде жолаушылардың құлап кетуіне, есіктердің күтпеген жерден ашылып кетуіне және қаскүнемдердің автокөлікке кіріп кетуіне жол бермеуге де көмектеседі
- Қозғалыс кезінде алдыңғы есіктің тұтқасын ішінен тартпаңыз. Есік құлыптаулы болса да, ашылып кетуі мүмкін.

▼ Есіктерді құлыптау ауыстырып қосқыштарын пайдалану тәртібі

Барлық есікті, жүксалғыш есігін және отын құю аузының люгін жүргізушінің есігінде орналасқан есік бекіту ауыстырып қосқышының көмегімен құлыптауға және құлпын ашуға болады.



Үлгі

- 1) Басып құлыптаңыз.
- 2) Басып ашыңыз.

■ Есіктердің автоматты түрде құлыпталуы/ құлпының ашылуы

Төменде көрсетілген жағдайларда барлық есік автоматты түрде құлыпталады немесе құлпы ашылады.

- Есіктер автоматты түрде құлыпталуы үшін.
 - Автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ немесе одан жоғары болғанда (зауыттық әдепкі бойынша баптау).
 - Селектор тұтқасы «Р» күйінен басқа күйге ауыстырылғанда.

- Есіктердің құлпын автоматты түрде ашу үшін.
 - Жүргізуші есігі ашық болғанда (зауыттық әдепкі бойынша баптау).
 - Оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылғанда.
 - Селектор тұтқасы «P» күйіне ауыстырылғанда.

ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясының баптауларын SUBARU дилерінде өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Оған қоса, аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі-түсті сұйық кристалды дисплей) бар модельдерде баптауларды дисплей арқылы өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (☎232-бет) қараңыз.
- Пайдаланушы есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу баптауларын аспаптар тақтасы арқылы өзгерте алады. «Мәзір экрандары» бөлімін (☎230-бет) қараңыз.
- Есік құлыптау ауыстырып қосқыштарымен есіктерді құлыптаған кезде есіктерді автоматты түрде құлыптау функциясы жұмыс істемейді.

- Есіктерді құлыптау ауыстырып қосқыштарымен ашқанда есіктердің құлпын автоматты түрде ашу функциясы жұмыс істемейді.
- Автокөліктен артқы есік арқылы шығатын кезде есік құлыптау ауыстырып қосқышын құлыпты ашу жағына басу арқылы барлық есіктің құлпын ашыңыз. Егер артқы есіктің құлпы есіктің ішкі тұтқасы арқылы ашылған соң есікті ашып, қайта жапса, кілттердің құлыптануының алдын алатын функция іске қосылады. Барлық есіктің құлпы ашылады, кілттердің құлыптануының алдын алатын функцияның «📶» ескерту индикаторы пайда болады, сондай-ақ ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі іске қосылады.

■ Кілттердің құлыптануының алдын алатын функция

- Төмендегі жағдайларда жүргізушінің есігі ашық тұрса, есікті құлыптау ауыстырып қосқышын басқанда барлық есік құлыптанбайды.
- Кілт оталдыру жүйесінің құлпында қалады (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталмаған модельдер).

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйінде (түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдер).

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Автокөліктен шығарда есікті құлыптамай тұрып, кілтті қолға алғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Автокөліктен артқы есік арқылы шығатын кезде есік құлыптау ауыстырып қосқышын құлыпты ашу жағына басу арқылы барлық есіктің құлпын ашыңыз. Егер артқы есіктің құлпы есіктің ішкі тұтқасы арқылы ашылған соң есікті ашып, қайта жапса, кілттердің құлыптануының алдын алатын функция іске қосылады. Барлық есіктің құлпы ашылады, кілттердің құлыптануының алдын алатын функцияның «📶» ескерту индикаторы пайда болады, сондай-ақ ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі іске қосылады.

▼ Кілттердің құлыптануының алдын алатын функция өшіп тұрған кездегі жұмыс режимі

Сізге SUBARU дилеріне хабарласуды және осы мүмкіндікті өшіру туралы кеңес алуды ұсынамыз. Есіктерді келесідей құлыптауға болады.

- Егер жүргізушінің есігі ашық болса, құлыптың бекіту тұтқасын алға қарай (құлыптау күйіне) бұраңыз да, жүргізуші есігін жабыңыз, сонда жүргізуші есігі құлыптанады.
- Егер жүргізуші есігін сыртынан құлыптау үшін қосалқы кілт қолданылса, есік құлыптанады.

■ Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын тоқтату функциясы

Егер есік немесе жүксалғыш есігі толық жабылмаған болса, онда салонды жарықтандыру шамдары жанып тұра береді. Алайда аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмас үшін кейбір шамдарды автоматты түрде өшіретін аккумулятор батареясы зарядының таусылуын тоқтату функциясы іске қосылады. Төменде осы функция іске қосылған кезде өшірілетін шамдар көрсетілген.


Орны	Ауыстырып қосқыш күйі	Автоматты түрде өшіру
Нүктелі шырағандар	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін
Салонды жарықтандыру плафоны	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін
Оталдыру жүйесі құлпының көмескі жарығы	—	Шамамен 20 минуттан кейін
Жүксалғышты жарықтандыру плафоны	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін
Жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафоны (орнатылған болса)	DOOR	Шамамен 20 минуттан кейін

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функция үшін әдепкі бойынша баптау — «қосулы» баптауы. Бұл функцияны SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Баптауды өзгерту үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Автокөліктен шыққан кезде барлық есік, соның ішінде жүксалғыш есігі толығымен жабылғанына көз жеткізіңіз.

- «ACC» немесе «ON» электр қуат көзі режимі орнатылған кезде қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі бар модельдерде аккумулятор батареясы зарядының таусылуын тоқтату функциясы жұмыс істемейді.
- Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі жоқ модельдерде кілт оталдыру жүйесінің құлпында болған кезде аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау функциясы жұмыс істемейді.

Есіктердің бала құлпы механизмі



Әрбір артқы есік бала құлпы механизмімен жабдықталған. Егер есіктердің бала құлпы механизмінің тұтқасы «LOCK» күйіне ауыстырылса, онда есікті ішінен ашуға болмайды. Бұл есікті тек сыртынан ашуға болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бала артқы орындықта отырған кезде есіктердің бала құлпы механизмін міндетті түрде «LOCK» күйіне ауыстырыңыз. Егер бала есікті байқамай ашып жіберіп, автокөліктен құлап кетсе, ол ауыр жарақат алуы мүмкін.

Терезелер

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Кездейсоқ іске қосылу, баланың іс-әрекеті немесе электр әйнеккөтергіштің дұрыс іске қосылмауы салдарынан келуі мүмкін ауыр жарақаттардан сақтану үшін жүргізуші мынадай нұсқауларды орындауға міндетті.

- Саусақтарды, қолдарды, мойынды, басты немесе дененің басқа бөліктерін немесе заттарды терезе әйнегі қысып қалмауы үшін терезелерді электр әйнеккөтергіштермен ашқан немесе жапқан кезде ерекше сақ болу керек.
- Балаларды тасымалдау кезінде жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін құлыптап қою керек.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен шығар кезде кілтті міндетті түрде өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Баланы ешқашан автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Өйтпесе, бала электр әйнеккөтергішті іске қосып, жарақат алуы мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін қолдана отырып, автокөліктің сыртынан алдыңғы есіктердің терезелерін ашуға және жабуға болады. «Алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу» бөлімін (☞ 154-бет) қараңыз.
- Егер электр әйнеккөтергіш жүйесі кедергіні, соққыны немесе қалыптан тыс күйді анықтаса, одан әрі сыналандың, қысып алудың немесе ақаудың алдын алу үшін әйнеккөтергіштің жұмысы автоматты түрде тоқтатылуы мүмкін.
 - Жабылатын әйнек аздап түсіп, тоқтайды.
 - Ашылатын әйнек түсуін тоқтатады.
- Электр әйнеккөтергіштер жүйесі келесі жағдайларда кедергіні, соққыны немесе қалыптан тыс күйді анықтай алады.
 - Әйнек пен терезе жақтауының арасында елеулі өлшемдегі зат қысылып қалған.
 - Әйнек пен терезе жақтауының арасында бөгде зат қысылып қалған.
 - Автокөлік терең шұңқырдан өтіп бара жатыр.

- Әйнеккөтергішті жүйе автоматты түрде тоқтатқаннан кейін терезені бірнеше секунд бойы жабу мүмкін болмайды.

■ Электр әйнеккөтергіштер

▼ Электр әйнеккөтергіштердің түймелері




202962

Жүргізушінің есігінде орналасқан электр әйнеккөтергіштердің түймелері

- 1) Алдыңғы сол жақ терезенің әйнеккөтергіш түймесі (әйнекті бір рет басу арқылы автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар).
- 2) Алдыңғы оң жақ терезенің әйнеккөтергіш түймесі (әйнекті бір рет басу арқылы автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар).

- 3) Сол жақ артқы терезенің әйнеккөтергіш түймесі.
- 4) Оң жақ артқы терезенің әйнеккөтергіш түймесі.
- 5) Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесі.

Автокөлік есіктерінің барлық терезесінің әйнеккөтергіштерін жүргізушінің есігіне орнатылған түймелер блогының көмегімен басқаруға болады. Басқан кезде бұл түймелер жанады.




202963

Жолаушылардың есіктерінде орналасқан түймелер

Жолаушылар есіктерінің әрбір терезесінің әйнеккөтергішін есікте орналасқан электр әйнеккөтергіш түймесінің көмегімен басқаруға болады. Басқан кезде бұл түймелер жанады.


▼ Әйнеккөтергіштерді басқару



Бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар әйнеккөтергіш түймесі

- 1) Автоматты түрде жабу*.
- 2) Жабу.
- 3) Ашу.
- 4) Автоматты түрде ашу*.

* Терезенің жабылуын/ашылуын тоқтату үшін түйменің кері жағын басыңыз.



Бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы бар әйнеккөтергіш түймесі

- 1) Жабу.
- 2) Ашу.

ЕСКЕРТПЕ

Келесі әрекеттерден аулақ болыңыз.

- Әйнек толығымен жабылған немесе ашылған соң түймені бір бағытқа қарай ұзақ басып тұру.
- Әйнектер толық жабылған немесе ашылған соң үш немесе одан да көп түймені бір бағытқа қарай ұзақ басып тұру.

Жоғарыда келтірілген іс-әрекеттің кез келгені электр әйнеккөтергіштердің ажыратқышын іске қосады, бұның салдарынан әйнекті ашу немесе жабу мүмкін болмайды. Міндетті түрде электр әйнеккөтергіштердің инициализациясын орындаңыз.

«Электр әйнеккөтергіштердің инициализациясы (электр қуатын өшіруді кідірту функциясы бар терезелер)» бөлімін (☎162-бет) қараңыз.

▼ Қысып қалуға жол бермейтін функция (бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру/түсіру функциясы бар терезелер)

Егер әйнек терезе автоматты түрде жабылған кезде әйнек пен терезе жақтауының арасында қалған қатты затқа тиіп кетсе, әйнек автоматты түрде төмен түсіңкіреп тоқтайды. Егер терезенің автоматты түрде ашылуы кезінде бөгде зат қысылып қалса, әйнек тоқтайды.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Бұл функцияның жұмысын саусақтармен, қолдармен немесе дененің басқа бөліктерімен тексеруге болмайды.


- Егер терезе толығымен жабылар кезде қандай да бір зат қысылып қалса, қысып қалудан сақтау функциясы дұрыс істемеуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Зат қысылған кезде пайда болатын соққыға ұқсас (мысалы, автокөлік жолдағы шұңқырға түскенде) соққы анықталса, қысып қалудан сақтау функциясы қозғалыс кезінде белгілі бір жағдайларда іске қосылуы мүмкін.
- Қысып алудан сақтау функциясы іске қосылғаннан кейін электр әйнеккөтергіш бірнеше секунд бойы жабылмауы мүмкін.
- ▼ Электр қуат көзін өшіруді кідірту функциясы (бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру/түсіру функциясы бар терезелер)

Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «OFF» күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 40 секунд ішінде есік терезелерін ашуға және жабуға болады. Егер алдыңғы есіктің терезесі 40 секунд ішінде ашық болса, электр қуат көзін өшіруді кідірту функциясы өз жұмысын тоқтатады.

▼ Жолаушылар есіктерінің
әйнеккөтергіштерін құлыптау



- 1) Құлыпталған.
- 2) Құлпы ашылған.

Егер құлыптау ауыстырып қосқышы құлыптау күйінде болса, онда артқы есіктердің терезелерін жүргізуші есігіндегі түймелермен басқару мүмкін емес. Алдыңғы және артқы есіктердегі түймелер де жұмыс істемейді. Егер электр әйнеккөтергішті басқару түймесіндегі бақылау шамы жанбаса, түйме істемейді.

■ Электр
әйнеккөтергіштерді іске
қосу (электр қуат көзін
өшіруді кідірту
функциясы бар
терезелер)

Егер бір рет басу арқылы әйнекті автоматты түрде көтеру және түсіру функциясы немесе электр қуат көзін өшіруді кідірту функциясы дұрыс істемесе, электр әйнеккөтергіштер жүйесін іске қосу мақсатымен әр терезе үшін төменде көрсетілген процедураны орындаңыз.

1. Есікті жабыңыз.
2. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.
3. Терезені толығымен ашыңыз, содан кейін электр әйнеккөтергіштің түймесін төмен қарай шамамен 1 секунд басып тұрыңыз.
4. Терезені толығымен жабыңыз да, электр әйнеккөтергіштің түймесін шамамен 1 секунд басып тұрыңыз.

Жұқсалғыш есігі



Жүкті тиеу және түсіру кезінде абай болыңыз, күйіп қалмас үшін пайдаланылған ыстық газдарға немесе газ шығаратын түтікке тиіп кетпеңіз.


■ Қолмен
ашылатын/жабылатын
жұқсалғыш есігі
(орнатылған болса)

Жұқсалғыш есіктерінің құлпын ашу және құлыптау төменде көрсетілген жүйелердің кез келгенінің көмегімен жүзеге асырылады.

- Есіктерді құлыптау ауыстырып қосқышы: «Есіктерді құлыптау ауыстырып қосқыштарын пайдалану тәртібі» бөлімін (☎ 156-бет) қараңыз.
- Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі (орнатылған болса): «Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі» бөлімін (☎ 135-бет) қараңыз.
- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі: «Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» бөлімін (☎ 151-бет) қараңыз.

- Есіктерді автоматты түрде құлыптау/ашу: «Есіктерді автоматты түрде құлыптау/ашу» бөлімін (☎156-бет) қараңыз.

Жүксалғыш есігін ашу



203482

Жүксалғыш есігін ашу түймесі


1. Жүксалғыш есігінің құлпын ашыңыз.
2. Жүксалғыш есігін ашу түймесін басып тұрыңыз. Жүксалғыш есігі сәл ашылады.
3. Жүксалғыш есігін ұстап, баяу көтеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер таратқыштың қуат элементінің заряды таусылуына, есіктерді құлыптау/ашу жүйесінің ақауларына байланысты немесе басқа да себептер бойынша жүксалғыш есігінің құлпын ашу мүмкін болмаса,

жүксалғыш есігін ашу тұтқасы арқылы жүксалғыш есігін қолмен ашу мүмкіндігі бар. Бұл процедура туралы ақпарат алу үшін «Жүксалғыш есігі — жүксалғыш есігі ашылмаса» бөлімін (☎511-бет) қараңыз.

Жүксалғыш есігін жабу



203439

Жүксалғыш есігін баяу түсіріңіз, содан кейін сырт еткен дыбыс естілгенше оны күшпен басыңыз.

Жүксалғыш есігіндегі ішкі тұтқаны ұстап тұрып, төмен қарай тарту арқылы оны оңай түсіруге болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік жүргенде пайдаланылған газдардың автокөлікке енуіне жол бермеу үшін жүксалғыш есігі әрдайым жабық болуы керек.
- Жүксалғыш есігін ішкі тұтқасынан ұстап тұрып жаппаңыз. Жүксалғыш есігін автокөліктің жүксалғыш жағынан жапқыңыз келсе де, солай істеуге болмайды. Қолыңызды қысып алып, жарақат алуыңыз мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Жүктерді тиеу немесе түсіру кезінде пластик қалталардың немесе өздігінен жабысатын таспалардың жүксалғыш есігінің тіреулеріне қысылуына, сондай-ақ тіреулердің кездейсоқ сызылып кетуіне жол бермеңіз. Бұл тіреулерден газдың ағып кетуіне әкелуі мүмкін, нәтижесінде олар жүксалғыш есігін ашық күйде ұстай алмайтын болады.

- Жүктерді тиеу немесе түсіру кезінде, сондай-ақ жұқсалғыш есігін ашқан немесе жапқан кезде басыңызды немесе бетіңізді соғып алмау үшін абай болыңыз.

■ Электржетекті жұқсалғыш есігі (орнатылған болса)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жұқсалғыш есігін ашатын кезде оның жанында адамдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер жұқсалғыш есігі адам денесіне кездейсоқ тиіп кетсе, жарақат келтіруі мүмкін.
- Жұқсалғыш есігін жапқан кезде саусақтарды, қолдарды, мойынды, басты немесе дененің басқа бөліктерін немесе заттарды жұқсалғыш есігімен қысып алмау үшін ерекше сақ болыңыз. Өйтпесе, қысып алып, ауыр жарақат алуыңыз мүмкін.

- Егер жұқсалғыш есігінің электржетегінің жұмыс шарттарының бірі орындалмаса, электрондық дыбыс сигналы беріледі және жұқсалғыш есігінің электржетегі ажыратылады. Бұл жағдайда жұқсалғыш есігі кенеттен ашылуы немесе жабылуы мүмкін. Жұқсалғыш есігі біреудің денесіне соғылмауы немесе дененің бөліктерін қысып қалмауы үшін абай болыңыз.
- Өрде тұрғанда жұқсалғыш есігін ашқаннан кейін ол жұқсалғыш есігінің электржетегінің көмегімен жабылуы мүмкін. Жұқсалғыш есігі ашылғаннан кейін толығымен тоқтағанына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен шығар кезде кілтті міндетті түрде өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Баланы ешқашан автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Өйтпесе, бала жұқсалғыш есігінің электржетегін іске қосып, жарақат алуы мүмкін.

- Жүргізуші өз міндеттерін біліп, оларды нақты орындауы керек.
- Жұқсалғыш есігінің жанындағы аймақ жақсы көрініп тұрса және адамдардың қысылып қалу қаупінің жоқтығына көз жеткізгенде ғана жұқсалғыш есігін ашу немесе жабу үшін электржетегінің түймесін басуға рұқсат етіледі.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жұқсалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу функциясын пайдалана отырып, жұқсалғыш есігін ашқаннан кейін жабу кезінде электржетекті міндетті түрде пайдаланыңыз. Жұқсалғыш есігін қолмен шамадан тыс күшпен жабатын болсаңыз, ол зақымдалуы мүмкін.

Жұқсалғыш есігінің электржетегі төменде келтірілген барлық шарт орындалған жағдайда ғана жұмыс істейді.

- Автокөлік толығымен тоқтағанда.
- Сыртқы ауа температурасы -30°C -тан 70°C -қа дейін болса.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» не «ACC» күйінде немесе оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде, ал селектор тұтқасы «P» күйінде болғанда.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер жұқсалғыш есігін ашқан кезде түйме бірнеше рет басылса, жүйе зақым келтірмеу үшін оны елемейі мүмкін. Қажет болмаса, түймені баспаңыз.
- Егер автокөлік жұқсалғыш есігінің электржетегі жұмыс істеп тұрған кезде қозғала бастаса, онда жүйе ескерту дыбыс сигналын қосады және жұқсалғыш есігін автоматты түрде жабады. Осы кезде жүйе қысып қалуды анықтаса, жұқсалғыш есігінің электржетегін ажыратады және жұқсалғыш есігі жабылмайды. Егер бұл жағдай орын алса, жұқсалғыш есігін әдеттегі процедура көмегімен жабыңыз.
- Жұқсалғыш есігін электржетекпен жапқаннан кейін электржетек функциясы арқылы бірден ашуға тырыссаңыз, қысқа электрондық дыбыс сигналы естіліп, жұқсалғыш есігі ашылмайды. Жұқсалғыш есігін электржетек көмегімен ашуға тырыспас бұрын біраз күтіңіз. Есікті бірден ашқыңыз келсе, оны қолмен ашуға болады.

▼ Жұмыс сипаттамасы


ЕСКЕРТПЕ

- Жұқсалғыш есігі жабылғаннан кейін құлыптанбаған күйде қалады. Автокөліктен шыққан кезде жұқсалғыш есігін міндетті түрде құлыптаңыз.
- Көрсетілген операцияны орындау кезінде жұқсалғыш есігін аша/жаба алмасаңыз, үш рет қысқа электрондық дыбыс сигналы (бип, бип, бип) естіледі.


- ▽ Жұқсалғыш есігінің электржетек түймесінің көмегімен (жұқсалғыш есігіндегі түймелерден басқа)



Аспаптар тақтасындағы жұқсалғыш есігінің электржетек түймесі



Қашықтан ашу салпыншағындағы жүксалғыш есігінің электржетек түймесі




Таратқыштағы жүксалғыш есігінің электржетек түймесі

Жүксалғыш есігін ашу

Жүксалғыш есігі жабық тұрған кезде жүксалғыш есігінің электржетек түймесін басып тұрыңыз. Жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары келесідей жұмыс істейді.

- Аспаптар тақтасындағы/таратқыштағы жүксалғыш есігінің электржетек түймесін басқан кезде: екі рет жыпылықтайды.
- Қашықтан ашу салпыншағындағы жүксалғыш есігінің электржетек түймесін басқан кезде: төрт рет жыпылықтайды.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүксалғыш есігін аспаптар тақтасындағы жүксалғыш есігінің электржетек түймесінің көмегімен ашу мүмкін болмаса, оны қашықтан ашу функциясының немесе есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің көмегімен ашыңыз. Содан кейін жүксалғыш есігін аспаптар тақтасындағы жүксалғыш есігінің электржетек түймесінің көмегімен ашуға болады.
- Қашықтан ашу салпыншағындағы немесе таратқыштағы «» түймесі жұмыс істеуі үшін зауыттық баптау (әдепкі баптау) — басып тұру. SUBARU дилеріне барып, баптауды өшірілген күйге немесе екі рет басуға өзгертуге болады.


Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Жүксалғыш есігін ашуды тоқтату

Жүксалғыш есігін ашқан кезде жүксалғыш есігінің электржетегінің түймесін басып қалыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі шамдары екі рет жыпылықтайды. Жүксалғыш есігінің электржетегі түймесін қайта бассаңыз, жүксалғыш есігі жабылады. Жүксалғыш есігі жабық тұрғанда жүксалғыш есігінің электржетегінің түймесін басып қалып, жүксалғыш есігін ашуға болады.



ЕСКЕРТПЕ

Қашықтан ашу салпыншағындағы немесе таратқыштағы «» түймесі жұмыс істеуі үшін зауыттық баптау (әдепкі бойынша баптау) — басып тұру. SUBARU дилеріне барып, баптауды өшірілген күйге немесе екі рет басуға өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жүксалғыш есігі толығымен жабық күйден шамамен 5 см қашықтықта болса, оны тоқтату мүмкін емес. Жүйе түймелердің кез келген басылуын елемейді, ал жүксалғыш есігі ашыла береді.


Жүксалғыш есігін жабу

Жүксалғыш есігінің электржетек түймесін басып тұрыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі шамдары екі рет жыпылықтайды. Жүксалғыш есігінің электржетек түймесін басып қалсаңыз, жүксалғыш есігі ашылады.


▽ Жүксалғыш есігіндегі түймелердің көмегімен

ЕСКЕРТПЕ

Төмендегі процедураларды орындағаннан кейін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.



Жүксалғыш есігін ашу түймесі



Жүксалғыш есігінің ішкі жиегіндегі жүксалғыш есігінің электржетек түймесі

- 1) Жүксалғыш есігінің электржетек түймесі.
- 2) Электржетекті жүксалғыш есігіндегі есіктерді құлыптау түймесі (орнатылған болса).

Жүксалғыш есігін ашу

1. Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталған модельдер үшін қашықтан ашу салпыншағын алыңыз. Түйменің көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесімен жабдықталмаған модельдер үшін жүксалғыш есігінің құлпын ашыңыз.

2. Жүксалғыш есігі жабық болған жағдайда жүксалғыш есігін ашу түймесін басып қалыңыз.


Жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

Жүксалғыш есігін ашуды тоқтату

Жүксалғыш есігін ашқан кезде келесі түймелердің кез келгенін басып қалыңыз.

- Жүксалғыш есігін ашу түймесі
- Жүксалғыш есігінің ішкі жиегіндегі жүксалғыш есігінің электржетек түймесі

Жүксалғыш есігінің электржетегі түймесін қайта бассаңыз, жүксалғыш есігі жабылады. Жүксалғыш есігі жабық тұрғанда жүксалғыш есігінің электржетегінің түймесін басып қалып, жүксалғыш есігін ашуға болады.



ЕСКЕРТПЕ

Егер жүксалғыш есігі толығымен жабық күйден шамамен 5 см қашықтықта болса, оны тоқтату мүмкін емес. Жүйе түймелердің кез келген басылуын елемейді, ал жүксалғыш есігі ашыла береді.

Жүксалғыш есігін жабу

Келесі түймелердің кез келгенін басып қалыңыз.

- Жүксалғыш есігін ашу түймесі.
- Жүксалғыш есігінің ішкі жиегіндегі жүксалғыш есігінің электржетек түймесі.

Жүксалғыш есігінің электржетек түймесін қайта бассаңыз, жүксалғыш есігі ашылады.

Электржетекті жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесінің көмегімен есіктерді құлыптау

Қашықтан ашу салпыншағын өзіңізбен бірге алып, барлық есікті жауып, электржетекті жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесін басыңыз. Жүксалғыш есігі жабылып, барлық есік, соның ішінде жүксалғыш есігі мен отын құю аузының люгі жабылады. Бұл жағдайда апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Электржетекті жүксалғыш есігіндегі есік құлыптау түймесін 2 секундтан артық басқан жағдайда барлық есік құлыпталады, алайда жүксалғыш есігін автоматты түрде жабу функциясы өшеді.
- Кез келген есік толық жабылмаса, сыртқы ескертуші сигнал беру жүйесі бес рет естіліп, есіктердің дұрыс жабылмағаны туралы ескертеді.

▽ Операцияны қолмен орындау

Жүксалғыш есігін ашу

Жүксалғыш есігі ортаңғы күйде тұрғанда оны көтеріңіз. Жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

Жүксалғыш есігін жабу

Жүксалғыш есігі ашық тұрған кезде оны төмен тартыңыз. Жүксалғыш есігі автоматты түрде жабылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүксалғыш есігі баяу қозғалса, ол автоматты түрде ашылмауы немесе жабылмауы мүмкін.
- Автокөліктен шығар кезде барлық есік, соның ішінде жүксалғыш есігі толығымен жабылғанына көз жеткізіңіз.


▽ Жүксалғыш есігін қолмен ашу/жабу

ЕСКЕРТПЕ

Жүксалғыш есігінің электржетегін пайдалану ұсынылады. Жүксалғыш есігін қолмен ашу/жабу физикалық күшті қажет етеді.


Жүксалғыш есігін қолмен жабуға болады. «Қолмен ашылатын/жабылатын жүксалғыш есігі» бөлімін (≈162-бет) қараңыз.

▽ Жүксалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу функциясы



Жүксалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу түймесі

- 1) Фаралардың жарық шоғының деңгейі қолмен реттелмейтін модельдер.
- 2) Фаралардың жарық шоғының деңгейі қолмен реттелетін модельдер.



Жұқсалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу түймесінің күйі

- 1) «Қосулы» күйі.
- 2) «Өшірулі» күйі.


Жұқсалғыш есігін қажетті биіктікке көтеруді тіркеуге болады.

Жұқсалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу

Жұқсалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу үшін төмендегі процедураны орындаңыз.

1. Жұқсалғыш есігін электржетек функциясының көмегімен ашыңыз.
2. Жұқсалғыш есігі қалаулы биіктікке жеткен кезде оны электржетек функциясымен тоқтатыңыз.

3. Жұқсалғыш есігін «Қосулы» күйіне дейін көтеру биіктігін тіркеу түймесін басыңыз.



Жұқсалғыш есігінің ішкі жиегіндегі жұқсалғыш есігінің электржетек түймесі

- 1) Жұқсалғыш есігінің электржетек түймесі.
 - 2) Электржетекті жұқсалғыш есігіндегі есіктерді құлыптау түймесі (орнатылған болса).
4. Жұқсалғыш есігі қалаулы биіктікте болған кезде жұқсалғыш есігінің электржетек түймесін басып, жұқсалғыш есігінің ішкі жиегіндегі қысқа электронды дыбыс сигналы естіліп, апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары үш рет жыпылықтағанша басып тұрыңыз. Қысқа электронды дыбыс сигналы және апаттық жарық сигналын беру жүйесі шамдарының жыпылықтауы

жұқсалғыш есігін көтеру биіктігінің тіркелгенін растайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Тіркелген көтеру биіктігін өзгерту үшін жұқсалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу түймесін басып, оны «Өшірулі» күйіне ауыстырыңыз да, тіркеу процедурасын тағы бір рет орындаңыз.
- Есікті көтеру биіктігін шамамен 5 см немесе одан жоғары деңгейден бастап, толығымен жабық күйге дейін тіркеуге болады.

Жұқсалғыш есігінің тіркелген көтеру биіктігін орнату

Жұқсалғыш есігін ашып, оны тіркелген биіктікте тоқтату үшін келесі процедураны орындаңыз.

1. Жұқсалғыш есігін «Қосулы» күйіне дейін көтеру биіктігін тіркеу түймесін басыңыз.
2. Жұқсалғыш есігінің электржетегінің кез келген түймесін басып тұрыңыз.

Жүксалғыш есігінің электржетегінің кез келген түймесі жүксалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу түймесі «Өшірулі» болған кезде басылып тұрса да, жүксалғыш есігі тіркелген биіктікке жеткенге дейін түймені «Қосулы» күйіне ауыстырып, тіркелген биіктікте есікті тоқтата аласыз.

ЕСКЕРТПЕ

Жүксалғыш есігі тіпті реверс функциясымен ашылса да, тіркелген биіктікке дейін ашылады.

▼ Реверс функциясы

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Реверс функциясын іске қосуға мәжбүр ету үшін дене бөліктерін әдейі қысып қалуға жол бермеңіз. Егер реверс функциясы қандай да бір себептермен жұмыс істемесе, ол ауыр жарақатқа немесе апатқа әкелуі мүмкін.
- Егер жүксалғыш толық жабылғанға дейін бөгде заттар оның есігіне қысылып қалса, реверс функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Саусақтарыңызды немесе дененің басқа бөліктерін қысып алмаңыз.

- **Реверс функциясы нысанның пішініне және оның қалай қысылғанына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін. Саусақтарыңызды немесе дененің басқа бөліктерін қысып алмаңыз.**


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер реверс функциясы қатарынан 3 рет іске қосылса, жүксалғыш есігінің электржетегін автоматты түрде ашу және жабу функциясы өшеді, ал жүксалғыш есігі әдеттегідей ашылып, жабылуы мүмкін. Жүксалғыш есігін ашу немесе жабу, автоматты жұмыс режимін өшіру кезінде оның биіктігіне байланысты болады. Жүксалғыш есігі ешкімнің басына немесе бетіне тиіп кетпеуі, сондай-ақ саусақтарды немесе жүкті және т.б. қысып қалмауы үшін абай болыңыз.
- Сенсорлық датчиктерге зақым келтірмеу үшін абай болыңыз. Әйтпесе, реверс функциясы өшуі мүмкін.

Егер жүксалғыш есігін электржетектің көмегімен ашқан немесе жапқан кезде ол адамды немесе багажды қысып қалса не кедергіге соғылса, электрондық дыбыс сигналы үш рет естіледі және жүксалғыш есігі былайша жұмыс істейді.

Жүксалғыш есігін ашқан кезде: жүксалғыш есігі автоматты түрде жабылады.

Жүксалғыш есігін жапқан кезде: жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.



1) Сенсорлық датчик.

Сенсорлық датчиктер жүксалғыш есігінің сол және оң жақ бұрыштарына орнатылған. Жүксалғыш есігі электржетек арқылы жабылған кезде сенсорлық датчиктер саусақтарды, жүкті және т.б. анықтаса, электрондық дыбыс

сигналы үш рет естіледі және жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

Жүксалғыш есігі реверс функциясының көмегімен ашылған жағдайда ол толығымен немесе жүксалғыш есігін көтеру биіктігін тіркеу функциясының көмегімен тіркелген биіктікке дейін ашылады.

▼ Жүксалғыш есігін түсіп кетуден сақтау функциясы

Егер жүксалғыш есігі қардың және т.б. салмағымен түсіп кетсе, электрондық дыбыс сигналы естіледі және жүксалғыш есігі автоматты түрде жабылады.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүксалғыш есігінің үстінде қар болса, электржетек функциясын қарды алып тастағаннан кейін ғана қолданыңыз.
- Жүксалғыш есігін қолмен жапсаңыз, оны электржетектің көмегімен толық ашқаннан кейін жүксалғыш есігін түсіп кетуден сақтау функциясы іске қосылып, оны автоматты түрде жабады. Бұл жағдайда бұл қауа емес.

▼ Жүксалғыш есігінің электржетегін іске қосу

Егер жүксалғыш есігінің электржетегі жұмыс істеген кезде кейбір ауытқулар анықталса, қысқа электрондық дыбыс сигналы беріледі, ал электржетегі бар жүксалғыш есігі автоматты түрде ашық немесе жабық күйде тоқтайды. Бұл жағдайда жүйенің дұрыс жұмысын қалпына келтіру үшін оны іске қосу керек.

▼ Электржетекті жүксалғыш есігі жабық болса



1. Жүксалғыш есігін ашу түймесін жүксалғыш есігінің құлпы ашылып, есік көтерілмейінше басып тұрыңыз (шамамен 5 секунд).
2. Жүксалғыш есігін автоматты түрде жабылғанша төмен басыңыз. Жүйе жүксалғыш есігі толығымен жабылғаннан кейін іске қосылады.
3. Жүксалғыш есігінің электржетегінің дұрыс жұмыс істейтінін тексеріңіз.

▽ **Электржетекті жүксалғыш есігі ашық болса**

1. Жүксалғыш есігін автоматты түрде жабылғанша төмен басыңыз. Жүйе жүксалғыш есігі толығымен жабылғаннан кейін іске қосылады. Егер жүксалғыш есігі толығымен жабылмаса, жүксалғыш есігін ашу түймесін шамамен 5 секунд басып тұрып, жүксалғыш есігін төмен басыңыз.
2. Жүксалғыш есігінің электржетегінің дұрыс жұмыс істейтінін тексеріңіз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер жүксалғыш есігінің электржетегі дұрыс жұмыс істемесе, автокөлікті SUBARU дилерінде тексеріңіз.

Төбедегі люк (орнатылған болса)

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ешкімге люктен қолын, басын немесе заттарды шығаруға жол бермеңіз. Келесі жағдайлардың бірі орын алса, ауыр жарақат келуі мүмкін.

- Автокөліктің кенеттен тоқтауы.
- Автокөліктің шұғыл бұрылуы.
- Автокөліктің апатқа ұшырауы.
- Дененің сыртқа шығып тұрған бөліктеріне сыртта тұрған заттардың соғылуы.

Қысып қалудан келетін ауыр жарақаттардың алдын алу үшін келесі ережелерді қатаң сақтау керек.

- Люкті жаппас бұрын бастың, қолдың немесе кез келген заттардың қысылып қалмайтындығына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен шығар кезде кілтті міндетті түрде өзіңізбен бірге алып шығыңыз. Баланы ешқашан автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз. Әйтпесе, люкті

ашқан немесе жапқан кезде бала өзіне жарақат келтіруі мүмкін.


- Қысып қалудан сақтау құрылғысының жарамдылығын тексеру үшін дененің бір бөлігін ешбір жағдайда тесікке салушы болмаңыз.
- Жүргізуші өз міндеттерін біліп, оларды нақты орындауы керек.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Ашық люктің шетінде отыруға тыйым салынады.
- Егер люк қар жауғаннан кейін немесе аязды күндері шатырға қатып қалса, оны қолданбаңыз.
- Люк жұмыс істеп тұрған кезде оның қозғалмалы бөлшектерін ұстамаңыз.
- Егер люк жабылмай жатса, жүйені SUBARU дилерінде тексертіңіз.

Люк оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болғанда ғана жұмыс істейді.

■ Люк ауыстырып қосқышы



204239

- 1) Ашу/жабу ауыстырып қосқышы.
- 2) Ашу.
- 3) Жабу.

Люкті ашу

Ашу/жабу ауыстырып қосқышының артқы жағын басыңыз. Бұл жағдайда люкпен бірге күнқағар қалқа да ашылады. Люк толығымен ашық күйден шамамен 15 см қашықтықта тоқтайды. Люкті толығымен ашу үшін ашу/жабу ауыстырып қосқышының артқы жағын тағы бір рет басыңыз.

Люкті жабу

Ашу/жабу ауыстырып қосқышының алдыңғы жағын басыңыз. Люкті ашқан немесе жапқан кезде оны таңдалған аралық күйде тоқтату үшін ауыстырып

қосқыштың алдыңғы немесе артқы жағын басып қалыңыз.

Автокөлікті жуғаннан немесе жаңбырдан кейін люкті ашпас бұрын автокөліктің ішіне судың кіріп кетуіне жол бермеу үшін шатырды құрғатып сүртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Люкті толығымен ашып қойып, жоғары жылдамдықпен жүргенде тітіркендіргіш дыбыс естілуі мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, люкті 15 см шамалы жауып қойыңыз.

■ Қысып қалудан сақтау функциясы

Егер қысып қалудан сақтау жүйесі люкті жауып жатқанда люк пен автокөліктің төбесі арасында айтарлықтай қатты затты анықтаса, люк толық ашылғанға дейін 15 см қалатын күйге дейін автоматты түрде ашылады немесе толығымен ашылып, осы күйде қалады. Люктің бетіне жасалған қатты соққы, люк пен автокөліктің төбесі арасында ешқандай заттар болмаса да, ұқсас реакцияны тудырады.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Бұл функцияның жұмысын саусақтармен, қолдармен немесе дененің басқа бөліктерімен тексеруге болмайды.

ЕСКЕРТПЕ

Қауіпсіздік мақсатында толығымен ашық люкпен қозғалуға болмайды.

■ Күнқағар қалқа



202060

Люк жабық тұрған кезде күнқағар қалқаны алға немесе артқа қарай қолмен жылжытуға болады.

Люк ашылған кезде күнқағар артқа қарай жылжиды.

Бақылау құралдары және автокөлікті басқару органдары

Оталдыру құлпы (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/ өшіру жүйесі жоқ модельдер)	179
Кілттің күйі.....	179
Кілт туралы ескерту дыбыс сигналын беру жүйесі (егер қарастырылған болса).....	180
Оталдыру жүйесі құлпының көмескі жарығы	181
Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесі бар модельдер).....	181
Сақтық шаралар	181
Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесінің әрекет ету аймағы	181
Түйменің орналасуы	182
Электрмен қоректендіру режимдерін ауыстыру	182
Қашықтан қолжетімділік салпыншағының жұмысында ақаулықтар болған жағдайдағы іс-әрекеттер	183
Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	184
Бақылау-өлшеу құралдары.....	184
Спидометр.....	184
Тахометр.....	185
Одометр.....	185
Жүрілген жолдың қосарлы есептегіші	185
Жанармай деңгейінің көрсеткіші.....	186
Эконометр (егер орнатылған болса).....	187
Аспаптар тақтасының баптаулары	187
Аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын реттеу	188
Аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясы (қарастырылған болса)	189

Ескерту және бақылау шамдары	189
Жүйені тексеру үшін шамдардың бастапқы қосылуы...189	
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертуші жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі	191
Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы және дыбыс сигналын беру жүйесі (қарастырылған болса).....	193
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы	194
Алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және өшірілуін бақылау шамдары (орнатылған болса).....	195
Ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» бақылау шамы).....	195
Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасының ескерту шамы.....	196
Аккумулятор батареясы зарядының отыруының ескерту шамы.....	198
Майдың төмен қысымының ескерту шамы	198
Мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы	198
ATF температурасының ескерту шамы	199
Артқы дифференциал майының температурасының ескерту шамы (орнатылған болса).....	199
Шиналардағы төмен ауа қысымының ескерту шамы (орнатылған болса).....	200
ABS жүйесінің ескерту шамы.....	202
VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы	203
VDC жүйесін өшірудің бақылау шамы	204
Тежеу жүйесінің ескерту шамы (қызыл түсті)	204
Электрлі тұрақ төлегішінің ескерту шамы (сары түсті).....	205
Электрлі тұрақ төлегішінің бақылау шамы.....	206

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы	206
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы.....	206
Тежегіш педальін басу қажеттігінің бақылау шамы (орнатылған болса)	207
Жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы	207
Әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейінің ескерту шамы	207
Ашық капоттың ескерту шамы.....	207
Ашық есіктің ескерту шамы.....	207
Толық жетектің ескерту шамы	208
Руль күшейткішінің ескерту шамы	208
Фаралардың жарық шоғының деңгейін автоматты түрде реттегіштің ескерту шамы (орнатылған болса).....	209
Жарықдиодты фаралардың ескерту шамы	209
Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ескерту шамы / бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (орнатылған болса).....	209
Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / бейімделетін шалғай жарық жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	209
Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	210
Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясы бар қашықтан қолжетімділік жүйесінің ескертуші дыбыс сигналдары мен ескерту шамы (орнатылған болса)	210
Имобилайзер бақылау шамы	217
SI-DRIVE жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса).....	218

Селектор иіңтірегі күйінің / қосылған берілістің индикаторы (қарастырылған болса).....	218
Бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары.....	219
Фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы	219
Круз-контроль жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса).....	219
Круз-контрольдің белгіленуінің бақылау шамы (орнатылған болса).....	219
Фаралар жарығының бақылау шамы (орнатылған болса)	219
Тұман фараларының бақылау шамы (орнатылған болса)	219
Артқы тұман шамының бақылау шамы (орнатылған болса)	220
X-MODE жүйесінің бақылау шамы	220
Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының бақылау шамы	220
Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті) (орнатылған болса).....	221
Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	221
Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы (орнатылған болса).....	222
SRVD жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)	222
SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)	222
RAB жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса).....	222
RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)	222
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті) / жүргізушінің ахуалын	

бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса).....	222
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса).....	223
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы (орнатылған болса).....	223
Жол жабынына мұз қату ықтималдығын ескерту шамы (орнатылған болса).....	223
Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) (орнатылған болса).....	224
Негізгі операциялар.....	225
Сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) және қоштасу экраны (соңғы анимация).....	225
Ескерту экраны.....	226
Индикаторлар экраны.....	226
Негізгі экрандар.....	228
Мәзір экрандары.....	230
Көп функциялы дисплей (қара-ақ) (орнатылған болса).....	233
Сапар туралы ақпараты бар дисплей.....	233
Сыртқы ауа температурасының индикаторы.....	238
X-MODE жүйесінің бақылау шамы.....	239
Сағат.....	239
Көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) (орнатылған болса).....	240
Функциялар.....	240
Сәлемдесу экраны және қоштасу экраны.....	240
Өзіндік диагностика экраны.....	241
Қалқыма терезе.....	242
Негізгі операциялар.....	242
Негізгі экрандар.....	242

Баптаулар экраны.....	249
Ашық бастапқы код бағдарламасы бойынша бастапқы кодты алу.....	264
Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер).....	265
Сағаттың қолмен реттелуі.....	265
Сағаттың автоматты реттелуі.....	267
Реттеуші ақпарат.....	267
Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер).....	268
Сағаттың қолмен реттелуі.....	268
Жарық ауыстырып қосқышы.....	271
Фаралар.....	271
Фаралардың таяу/шалғай жарығының ауыстырып қосқышы.....	273
Фаралармен «жыпылықтау».....	274
Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы (қарастырылған болса).....	274
Күндізгі жарық (орнатылған болса).....	277
Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесі (SRH) (орнатылған болса).....	278
SRH жүйесінің ажыратқышы.....	278
Бейімделетін шалғай жарық жүйесі (ADB) (орнатылған болса).....	279
ADB жүйесін қолдану тәртібі.....	279
Фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстырып қосу тәртібі.....	280
Шалғай жарық, таяу жарық және ADB режимдерінің арасында автоматты түрде ауыстырып қосылу шарттары.....	280
ADB жүйесі бойынша ұсыныстар.....	281

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі.....	282
Бір рет тұрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткіші	282
Фаралардың жарық шоғы деңгейінің реттегіші .	283
Фаралардың жарық шоғы деңгейінің автоматты реттегіші (орнатылған болса).....	283
Фаралардың жарық шоғы деңгейінің қолмен реттегіші (орнатылған болса)	283
Тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышы	284
Тұман фараларының ауыстырып қосқышы (орнатылған болса)	284
Артқы тұман шамының ауыстырып қосқышы (орнатылған болса)	285
Әйнектазартқыштар мен әйнекжуғыштар	286
Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы мен жуғышының ауыстырып қосқыштары	289

Артқы әйнектің әйнектазартқышы мен жуғышының ауыстырып қосқышы.....	292
Фаражуғыштар (орнатылған болса)	293
Айналар.....	294
Ішкі айна	294
Сыртқы айналар.....	294
Артқы әйнектің, сыртқы айналардың жылытқышы және алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіш	299
Еңкею бұрышы / шығымы реттелетін руль.....	301
Рульді жылыту жүйесі (орнатылған болса).....	301
Дыбыс сигналы	302


Оталдыру құлпы (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/ өшіру жүйесі жоқ модельдер)

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ешбір жағдайда автокөліктің қозғалысы кезінде, сондай-ақ оны сүйреу кезінде оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйіне қоймаңыз, себебі мұндайда руль бұғатталады да, оны бұру мүмкін болмай қалады. Сонымен бірге қозғалтқыш өшірулі тұрғанда рульді бұруға біршама көбірек күш салу қажет болатынын атап өткен жөн.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөліктен шығар кезде кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан суырып алуды ұмытпаңыз. Ешқашан баланы автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз. Бұны ескермеу баланың өзінің де, басқа тұлғалардың да жарақат алуына алып келуі мүмкін. Бала абайсызда электр әйнеккөтергіштерді немесе басқа механизмдерді іске қосуы, тіпті автокөлікті қозғалысқа келтіруі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Кілтті үлкен салпыншаққа немесе басқа кілттердің бумасына қыстырмаңыз. Қозғалыс кезінде тізелеріңізге соғылатын болса, бұл оталдыру жүйесі құлпының «ON» күйінен «ACC» немесе «LOCK» күйіне ауысып кетуіне, мұның салдарынан қозғалтқыштың өшіп қалуына алып келуі мүмкін.



Оталдыру жүйесі құлпының төрт күйі бар: «LOCK», «ACC», «ON» және «START».

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің қозғалтқышы жұмыс істемей тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK» күйінде тұруы тиіс.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» не «ACC» күйінде тұрса, автокөліктің көмекші электр жабдықтарын ұзақ уақыт бойы пайдаланған жағдайда аккумулятор батареясы отырып қалуы мүмкін.
- Егер оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйінен «ACC» күйіне ауыстыра алмасаңыз, рульді солға және оңға жеңіл бұра отырып, ауыстыруға әрекет жасаңыз.


■ Кілттің күйі

Күй	Сипаттамасы
LOCK	Бұл оталдыру жүйесі құлпының оған кілтті сұғуға және суырып алуға болатын жалғыз ғана күйі. Кілт суырылғаннан кейін оталдыру жүйесінің құлпы руль дөңгелегін бұғаттайды.
ACC	Оталдыру жүйесі құлпының бұл күйі автокөлігіңіздің көмекші электр жабдықтарын (аудиожүйені, қосымша электр жабдықтарын жалғауға арналған розеткаларды және т.с.с.) пайдалануға мүмкіндік береді.
ON	Бұл оталдыру жүйесі құлпының қозғалтқышты оталдырғаннан кейінгі қалыпты жұмыстық күйі.
START	Оталдыру жүйесі құлпының бұл күйінде қозғалтқышты оталдыру жүзеге асырылады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде оталдыру жүйесінің құлпын «START» күйіне бұрамаңыз.

ЕСКЕРТПЕ




- Кілтті «ACC» күйінен «LOCK» күйіне ауыстыру үшін селектор иінтірегі «P» күйінде тұруы тиіс, ал кілтті алдымен құлыпқа қарай басу, содан кейін бұрау қажет.
- Егер тіркелген кілттің көмегімен қозғалтқышты оталдыра алмасаңыз, кілтті суырып алыңыз (айдап әкетуге қарсы жүйенің бақылау шамы жыпылықтайды), содан кейін қозғалтқышты оталдыру үшін кілтті қайта сұғыңыз да, «START» күйіне бұраңыз.

- Төмендегі жағдайларда қозғалтқыш оталмауы мүмкін.



- Кілттің тұтқасы басқа кілтке немесе металл салпыншаққа тиіп тұр.



- Кілттің жанында иммобилайзер транспондері бар басқа кілт тұр.
- Кілт басқа бір таратқыштың жанында тұр немесе оған жанасып тұр.

■ Кілт туралы ескерту дыбыс сигналын беру жүйесі (егер қарастырылған болса)

Дыбыс сигналы жүргізуші есігі ашылған кезде оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK» не «ACC» күйінде тұрған жағдайда беріле бастайды.

Дыбыс сигналының берілуі келесі жағдайларда тоқтайды.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін.

- Кілт оталдыру жүйесінің құлпынан суырылғаннан кейін.
- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін.

■ Оталдыру жүйесі құлпының көмескі жарығы

Қараңғы мезгілде оталдыру жүйесінің құлпына қолжетімділікті қолайлы ету үшін оталдыру жүйесі құлпының көмескі жарығы жүргізуші есігі ашылғанда немесе есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің таратқышының көмегімен жүргізуші есігінің құлпы ашылғанда қосылады.

Төменде келтірілген жағдайларда шам ондаған секунд бойы жанып тұрады, содан кейін оның жану қарқындылығы біртіндеп азаяды да, шам сөнеді.

- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін.
- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің таратқышының көмегімен есіктердің құлпы ашылғаннан кейін.

Көмескі жарық шамы келесі жағдайларда бірден сөнеді.


- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін.
- Жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктің құлыптары есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің таратқышының көмегімен жабылғаннан кейін.

Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесі бар модельдер)

■ Сақтық шаралар

«Сақтық шаралар» бөлімін (☞ 136-бет) қараңыз.

■ Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесінің әрекет ету аймағы



- 1) Антенналар.
- 2) Әрекет ету аймағы.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөлік ішіндегі антенналардың әрекет ету аймағында анықталмаса, онда электрмен қоректендіру режимдерін ауыстыру және қозғалтқышты оталдыру мүмкін емес.
- Тіпті қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөліктің ішінде болмай, оның әйнегіне тым жақын орналасса да, электрмен қоректендіру қосылуы немесе қозғалтқыш оталуы мүмкін.
- Қашықтан қолжетімділік салпыншағын төменде тізімі берілген жерлерде қалдырмаңыз. Бұл электрмен қоректендіру режимдерін ауыстыруға және қозғалтқышты оталдыруға кедергі келтіруі мүмкін. Бұл сондай-ақ іс жүзінде ақаулық болмаған жағдайда да ескерту шамының жалған іске қосылуына алып келуі немесе кез келген ақаулық туындаған жағдайда ескерту шамының қосылуына бөгет болуы мүмкін.
 - Аспаптар тақтасында.
 - Автокөліктің еденінде.
 - Қолғап салатын бөлімде.
 - Есіктердің қалталарында.
 - Артқы орындықта.
 - Жүксалғыштың бұрыштарында.
- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен электрмен қоректендіру

- ЖАЛҒАСЫ -

режимдерін ауыстыру немесе қозғалтқышты оталдыру кезінде қашықтан қолжетімділік салпыншағының қоректендіру элементінің заряды отырған болса, «Қашықтан қолжетімділік салпыншағы — қашықтан қолжетімділік салпыншағының жұмысында ақаулар болған жағдайдағы іс-әрекеттер» бөлімін (☎ 509-бет) қараңыз. Бұл жағдайда кідірместен қоректендіру элементін ауыстыру қажет. «Қашықтан қолжетімділік салпыншағының қоректендіру элементін ауыстыру» бөлімін (☎ 574-бет) қараңыз.

■ Түйменің орналасуы



- 1) Жұмыс режимінің индикаторы.
- 2) Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі.

■ Электрмен қоректендіру режимдерін ауыстыру

Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін әрбір басқан сайын автокөлікті электрмен қоректендіру режимдерін ауыстыру орын алады.

1. Өзіңізбен бірге қашықтан қолжетімділік салпыншағын алып, жүргізуші орындығына отырыңыз.
2. Селектор инітірегінің «Р» күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз. Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін әрбір басқан сайын автокөлікті электрмен қоректендіру режимі төмендегідей реттілікпен ауысады: «OFF», «ACC», «ON» және «OFF». Төменде келтірілген кестеде қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимі индикаторының жұмыс схемасы сипатталған.

Автокөлікті электрмен қоректендіру режимі	Индикатор түсі	Ықтимал операциялар
OFF	Өшірулі	Автокөлікті электрмен қоректендіру өшірулі.
ACC	Қызғылт сары	Келесі жүйелерді пайдалануға мүмкіндік бар: аудиожүйе және қосымша электр жабдығын электрмен қоректендіру розеткасы.
ON	Қызғылт сары (қозғалтқыш өшіп тұрғанда) Өшірулі (қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда)	Барлық электр жүйесін қосуға мүмкіндік бар.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен белгіленген автокөлікті электрмен қоректендіру «ON» не «ACC» режимінде ұзақ уақыт тұратын болса, бұл аккумулятор батареясының зарядының отыруына алып келуі мүмкін.
- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінің үстіне сусындар және өзге сұйықтықтар төгіп алмаңыз. Бұл оның бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Қолдарыңыз май немесе былғанған болса, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінен ұстамаңыз. Бұл оның бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басқан кезде оның жатық емес жұмысы байқалса, онда бұл түймемен жұмыс істеуді тоқтату қажет. Мұндай жағдайда Сізге кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Егер аспаптар тақтасының көмескі жарығы қосулы тұрғанда да қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінің көмескі жарығы жанбай тұрса, автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы ыстық күннің астында тұрған болса, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінің беті қатты қызуы мүмкін. Қолыңызды күйдіріп алмау үшін абай болыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен жұмыс істеген кезде оны тірелгенше басу қажет.
- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін тез бассаңыз, электрмен қоректендіру режимдерін ауыстыру орындалмауы мүмкін.
- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басқан кезде түйме индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, руль бағаны бұғатталған. Егер осы жағдай орын алса, руль дөңгелегін солға және оңға бұрай отырып, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.

▼ Аккумулятор батареясының зарядының отыруын болдырмау функциясы


Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі аккумулятор батареясының зарядының отыруын алдын алып, автоматты түрде «OFF» күйіне ауысады.

- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі шамамен 20 минут бойы «ACC» күйінде қалдырылған, бұл ретте селектор иіңтірегі «P» күйінде тұр.
- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі шамамен 1 сағат бойы «ON» күйінде қалдырылған, бұл ретте селектор иіңтірегі «P» күйінде тұр.

■ Қашықтан қолжетімділік салпыншағының жұмысында ақаулықтар болған жағдайдағы іс-әрекеттер

«Қашықтан қолжетімділік салпыншағы — қашықтан қолжетімділік салпыншағының жұмысында ақаулықтар болған жағдайдағы іс-әрекеттер» бөлімін (☎ 509-бет) қараңыз.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге Сіздің төтенше жағдайдың туындауына байланысты аялдауға мәжбүр болғаныңыз туралы белгі беруге арналған. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі оталдыру жүйесі құлпының кез келген күйінде қосыла алады.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу үшін аспаптар тақтасында апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшіру үшін ажыратқышты қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосулы тұрғанда бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.
- Егер тежегіш педалін шұғыл басатын болсаңыз, апаттық жарық сигналын беру жүйесі тез жыпылықтауы мүмкін. Толығырақ ақпарат алу үшін «Шұғыл тежеу сигналы» бөлімін (☎381-бет) қараңыз.

Бақылау-өлшеу құралдары

ЕСКЕРТПЕ

Аспаптар тақтасындағы кейбір бақылау-өлшеу құралдарында сұйық кристалды дисплейлер қолданылады. Поляризацияланған көзілдірік тақпасаңыз, олардың көрсеткіштерін оқу кезінде қиындықтар туындауы мүмкін.

■ Спидометр

Спидометр автокөлік қозғалысының жылдамдығын көрсетуге арналған.

▼ Жылдамдықты асыру туралы ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі (егер орнатылған болса)

Автокөліктің жылдамдығы шамамен 120 км/сағ-тан асатын болса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі.


■ Тахометр

Тахометр минутына мың айналымдармен алынған қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін көрсетеді.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқыштың жұмысы кезінде тахометр көрсеткісінің қызыл аймақта орналасуына жол бермеңіз. Осы диапазонға жеткен кезде қозғалтқышты басқару блогы қозғалтқышты иінді біліктің айналу жиілігінің шектен асып кетуінен қорғау үшін жанармай беруді үзіп тастайды. Иінді біліктің айналу жиілігі қызыл аймақтан төмендеген кезде қозғалтқыш қалыпты жұмысына қайтып оралады.

■ Одометр



- 1) Жүрілген жол есептегішінің көрсеткішін нөлдеу түймесі.
- 2) «А» типті аспаптар тақтасы.
- 3) «В» типті аспаптар тақтасы.


Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған кезде дисплейде одометрдің көрсеткіштері көрсетіледі. Одометр автокөлігіңіздің жүріп өткен жалпы қашықтығын көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» не «ACC» күйінде тұрған кезде жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін бассаңыз, одометрдің/жүрілген жол есептегіштерінің біріктірілген дисплейі жанады. Есептегіштер индикациясы келесі жағдайларда өшеді.

- Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесі шамамен 10 секунд бойы басылмайды.
- Жүргізуші есігі ашылды, содан кейін жабылды.

■ Жүрілген жолдың қосарлы есептегіші




- 1) Жүрілген жол есептегішінің көрсеткішін нөлдеу түймесі.
- 2) «А» типті аспаптар тақтасы.
- 3) «В» типті аспаптар тақтасы.

Бұл аспаптар тақтасының жүрілген жолдың екі есептегіші бар.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған кезде дисплейде жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштері көрсетіледі.

Жүрілген жол есептегіші автокөліктің көрсеткіштерді соңғы рет нөлдегеннен кейін жүріп өткен қашықтығын көрсетеді. Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін басқан кезде дисплей көрсеткіштері келесі реттілікпен өзгертін болады.



Жүрілген жол есептегіштерінің бірінің көрсеткіштерін нөлдеу үшін алдымен жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін басу арқылы оның индикациялау режимін таңдаңыз, содан кейін осы түймені қайта басыңыз да, осы қалыпта кемінде 2 секунд ұстап тұрыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қауіпсіздік мақсатында жүрілген жол индикациясының режимін қозғалыс кезінде өзгертуге тырыспаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Аспаптар тақтасы мен аккумулятор батареясының арасындағы тізбек, мысалы, автокөлікке техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу, сақтандырығышты ауыстыру кезінде немесе басқа да себептермен үзілген жағдайда есептегіштердің жадында сақталған жүрілген жол деректері өшеді.
- Егер оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» не «ACC» күйінде тұрған кезде жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін бассаңыз, одометрдің/жүрілген жол есептегіштерінің біріктірілген дисплейі жанады. Осы дисплей жанып тұрған кезде А жүрілген жол есептегіші мен В жүрілген жол есептегішінің индикациялау режимдерін ауыстырып қосуыңызға болады. Сонымен бірге жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеуге болады.

Есептегіштер индикациясы келесі жағдайларда өшеді.

- Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесі шамамен 10 секунд бойы басылмайды.
- Жүргізуші есігі ашылды, содан кейін жабылды.

■ Жанармай деңгейінің көрсеткіші



- 1) Жүрілген жол есептегішінің көрсеткішін нөлдеу түймесі.
- 2) «А» типті аспаптар тақтасы.
- 3) «В» типті аспаптар тақтасы.

Жанармай деңгейінің көрсеткіші оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрғанда жұмыс істейді және жанармай бағында қалған жанармайдың шамамен алынған мөлшерін көрсетеді.

Тежеу кезінде, бұрылыстарда немесе автокөлік жылдамдығын үдеткенде жанармай багындағы жанармайдың қозғалуына байланысты көрсеткіш мәндері аздап өзгеруі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Жанармай деңгейі көрсеткішінің шкаласында «» белгісін көруіңізге болады. Бұл жанармай құю аузының люгі автокөліктің оң жағында орналасқанын білдіреді.
- Егер оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» не «ACC» күйінде тұрғанда жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін бассаңыз, жанармай деңгейінің көрсеткішінің көмескі жарығы қосылады, ал оның көрсеткісі бактағы қалған жанармайдың мөлшерін көрсетеді.

Есептегіштер индикациясы келесі жағдайларда өшеді.

- Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесі шамамен 10 секунд бойы басылмайды.
- Жүргізуші есігі ашылды, содан кейін жабылды.

■ Эконометр (егер орнатылған болса)



Эконометр жанармайдың қазіргі шығыны мен жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін соңғы рет нөлдеу сәтінен бастап орташа жанармай шығынының арасындағы айырмашылықты көрсетеді.

Егер эконометр көрсеткіші оңға жарай жылжыса, бұл қозғалыстың үнемділігін білдіреді.

ЕСКЕРТПЕ

- Эконометр тек шамамен алынған үнемділік мәнін көрсетеді.
- Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдегеннен кейін 1 км жол жүрмейінше орташа жанармай шығыны көрсетілмейді. Бұған дейін эконометр жұмыс істемейді.

■ Аспаптар тақтасының баптаулары

Аспаптар тақтасының және автокөліктің баптауларын аспаптар тақтасынан белгілеуге болады.

▼ «А» типті аспаптар тақтасы

Әртүрлі баптаулар, мысалы, аспаптар тақтасында көрсетілетін өлшем бірліктерін ауыстырып қосу орындалады. Егер оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйінде тұрса, жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін әрбір басу төменде келтірілген кестеде көрсетілген позициялардың ауыстырып қосылуына алып келеді.

Позиция	Аспаптар тақтасының дисплейі	Ықтимал баптаулар
А жүрілген жол есептегіші		—
В жүрілген жол есептегіші		—
Көрсеткіштердің көрсеткіштерінің ауытқу функциясы		Қосулы / Өшірулі
Өлшем бірліктерін өзгерту*		миля/км


* Егер қарастырылған болса.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер аспаптар тақтасында өлшем бірліктерін ауыстырып қоссаңыз, сәйкесінше көп функциялы дисплейде (ақ-қара) де өлшем бірліктері ауыстырылады.
- Төменде тізіп көрсетілген шарттардың кез келгені орындалған жағдайда аспаптар тақтасын баптау режимінің күші жойылады.
 - Жүргізуші есігі ашық тұр.
 - Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесі шамамен 10 секунд немесе одан көп уақыт бойы басылмайды.

▽ Ауыстырып қосу тәсілі

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «OFF» күйіне қойыңыз.



1) Жүрілген жол есептегішінің көрсеткішін нөлдеу түймесі.


2. Өзгерткіңіз келетін позиция көрсетілгенше жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін бірнеше рет басыңыз.

3. Өзгерткіңіз келетін позиция көрсетіліп тұрғанда жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеу түймесін басып ұстап тұрыңыз. Позицияның баптаулары өзгереді.

▼ «В» типті аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасының және автокөліктің баптауларын аспаптар тақтасының дисплейінен (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейден) белгілеуге болады. «Мәзір экрандары» бөлімін (☞ 230-бет) қараңыз.





Аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын реттеу



1) Фаралардың жарық шоғының деңгейін реттегіші бар модельдер.

2) Фаралардың жарық шоғының деңгейін реттегіші жоқ модельдер.

Аспаптар тақтасының көмескі жарығының жарықтығы келесі жағдайларда төмендейді.

- Жарық ауыстырып қосқышы «» не «» күйінде тұр (фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жоқ модельдер).
- Жарық ауыстырып қосқышы «» не «» күйінде тұр, бұл ретте автокөліктің сыртында қараңыз.
- Жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұр және фаралар автоматты

түрде қосылған (фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдер: «Фаралар» бөлімінің (☎271-бет) қараңыз).

Сондай-ақ жақсырақ көрінуі үшін көмескі жарықтың жарықтығын төмендегі жолмен реттеуіңізге болады.

Жарықтықты көбейту үшін дискіні жоғары қарай бұрыңыз.

Жарықтықты азайту үшін дискіні төмен қарай бұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Реттеу дискісі тірелгенше жоғары бұрылған болса, жарықтық максималды деңгейге жетеді, ал жарықтықты автоматты түрде азайту функциясы жұмыс істемейді.
- Тіпті оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне бұралған жағдайда да жарықтық деңгейінің баптауы қалпына келтірілмейді.

■ Аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясы (қарастырылған болса)

Күшті сыртқы жарық кезінде көмескі жарықтың жарықтығы реттеу дискісінің күйіне қарамастан максималды деңгейге қойылады. Бұл жағдайда реттеу дискісінің көмегімен көмескі жарықтың жарықтығын реттей алмайсыз. Қоршаған ортаның жарығы көмескі болған жағдайда аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын жоғарыда сипатталғандай реттеуіңізге болады.


Аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын реттеуді автоматты түрде өшіру функциясын өзіңіздің SUBARU дилеріңізде қостыруға/өшіртуге және сезімталдығын баптауға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.


Ескерту және бақылау шамдары










■ Жүйені тексеру үшін шамдардың бастапқы қосылуы


Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде бірқатар ескерту және бақылау шамдары қосылады. Осылайша олардың жұмысқа қабілеттілігі тексеріледі.







Автокөлікті тұрақ тежегішімен тежеңіз және оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз. Жүйені тексеру үшін төмендегі шамдар қосылады да, бірнеше секундтан кейін немесе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнеді.

 Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы (жүргізуші орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы мен алдыңғы жолаушы орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы тиісті қауіпсіздік белбеуі тағылғаннан кейін ғана сөнеді).

 Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы.

-  : Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы (орнатылған болса).
- ON /  : Алдыңғы жолаушы орындығындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы (орнатылған болса).
- OFF /  : Алдыңғы жолаушы орындығындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының өшірілуін бақылау шамы (орнатылған болса).
-  : Ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» бақылау шамы).
-  : Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасының ескерту шамы.
-  : Аккумулятор батареясы зарядының отыруының ескерту шамы.
-  : Майдың төмен қысымының ескерту шамы.
-  : Мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы.
-  : Әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейінің ескерту шамы.

-  : ATF температурасының ескерту шамы.
-  : Артқы дифференциал майының температурасының ескерту шамы (орнатылған болса).
-  : ABS жүйесінің ескерту шамы.
-  : Тежеу жүйесінің ескерту шамы (қызыл түсті).
-  : Электрлі тұрақ тежегішінің ескерту шамы (сары түсті).
-  : Электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы.
-  : Жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы.
-  : Шиналардағы төмен ауа қысымның ескерту шамы (орнатылған болса).
-  : Ашық есіктің ескерту шамы.
- AWD : Толық жетектің ескерту шамы.
-  : Руль күшейткішінің ескерту шамы.
-  : VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы.
-  : VDC жүйесін өшірудің бақылау шамы.
-  : Круиз-контроль жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса).

-  : Круиз-контрольдің белгіленуінің бақылау шамы (орнатылған болса).
-  : Фаралардың жарық шоғының деңгейін автоматты түрде реттегіштің ескерту шамы (орнатылған болса).
-  : Жарықдиодты фаралардың ескерту шамы.
-  : Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ескерту шамы / бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (орнатылған болса).
-  : Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / бейімделетін шалғай жарық жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса).
-  : Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса).

- ☎ : Қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту шамы (орнатылған болса).
- 📡 : X-MODE жүйесінің бақылау шамы.
- Ⓐ : Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті) (орнатылған болса).
- Ⓐ : Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса).
- Ⓜ : Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы (орнатылған болса).

Егер қандай да бір ескерту немесе бақылау шамы қосылмаса, бұл шамның күйіп кеткенін немесе тиісті жүйенің ақаулығын білдіреді.

Мұндай жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертуші жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі




ЕСКЕРТПЕ

Егер автокөлігіңіздегі тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескертуші құрылғы төменде сипатталғандай жұмыс істемесе, ол ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғыны жақын жердегі SUBARU дилеріне тексертуге және, қажет болса, жөндетуге кеңес береміз.

▼ Жүргізуші орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертуші құрылғы

Сіздің автокөлігіңіз жүргізуші орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін құрылғымен жабдықталған.



304955

Жүргізуші орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы


Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде бұл құрылғы аспаптар тақтасында тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамын қосу арқылы жүргізушіге қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігін ескертеді.

Егер автокөлік 20 км/сағ-тан аспайтын жылдамдықпен қозғалып келе жатса және жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, ескерту шамы жанады және тұрақты түрде жанып тұрады. Егер автокөлік жылдамдықты 20 км/сағ-қа дейін үдетсе және осы кезде жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, ескерту шамы жыпылықтап тұрады және дыбыс сигналы жұмыс істейді. Егер осы кезде қауіпсіздік белбеуі тағылатын болса,

ескерту шамы сөнеді, ал дыбыс сигналы дереу өзінің жұмысын тоқтатады. Мұндай режим шамамен 2 минут уақытқа созылады. Егер жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі 2 минут уақыт өткеннен кейін де тағылмайтын болса, ескерту шамы жыпылықтауын тоқтатады, ал дыбыс сигналының жұмысы тыйылады. Әйтсе де ескерту шамы қауіпсіздік белбеуі тағылғанша жанып тұра береді.

▼ **Алдыңғы жолаушы орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертуші құрылғы (орнатылған болса)**

Сіздің автокөлігіңіз алдыңғы жолаушы орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін құрылғымен жабдықталған.



Алдыңғы жолаушы орындығының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің ескерту шамы

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде бұл құрылғы суретте көрсетілген ескерту шамының көмегімен алдыңғы орындықтағы жолаушыға қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігін ескертеді.

Егер автокөлік 20 км/сағ-тан аспайтын жылдамдықпен қозғалып келе жатса және алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуіне сәйкес келетін ескерту шамы жанады және тұрақты түрде жанып тұрады. Егер автокөлік жылдамдықты 20 км/сағ-қа дейін үдетсе және осы кезде алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылмайтын болса, ескерту

шамы жыпылықтай бастайды және дыбыс сигналы жұмыс істейді. Егер осы кезде қауіпсіздік белбеуі тағылатын болса, ескерту шамы сөнеді, ал дыбыс сигналы дереу өзінің жұмысын тоқтатады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші барлық жолаушының өз қауіпсіздік белбеулерін тиісінше таққанына көз жеткізуі тиіс, себебі тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі төменде тізіп көрсетілген жағдайларда жолаушыларды анықтай алмауы мүмкін.
 - Жастықтар немесе балаларды ұстап тұру құрылғылары және т.с.с. қолданылған жағдайда.
 - Егер орындықта бала немесе шағын бойлы ересек адам отырса.


- Төменде келтірілген сақтық шараларды орындаңыз. Оларды сақтамау алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының тиісінше іске қосылуына мүмкіндік бермеуі немесе жүйенің істемей қалуына алып келуі мүмкін.
 - Алдыңғы жолаушының орындығына күшті соққылар жасамаңыз.
 - Артқы орындықтағы жолаушыларға аяқтарын алдыңғы орындықтың арқалығы мен көпшігінің арасына қоюға рұқсат бермеңіз.
 - Алдыңғы орындықтың арқалығы мен көпшігінің арасына заттар салмаңыз.
 - Алдыңғы жолаушының орындығына сұйықтықтар төгіп алмаңыз. Сұйықтық төгілген жағдайда оны дереу сүртіп алыңыз.
 - Алдыңғы жолаушының орындығын шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.
 - Алдыңғы жолаушының орындығының астына ешқандай заттар (аяқкиім, қолшатырлар және т.б.) салмаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтарының қауіпсіздік белбеулері бір мезгілде тағылмаған болса (егер белбеулердің бірі екіншісінен біршама бұрынырақ немесе кейінірек тағылған болса), дыбыс сигналы біршама ұзағырақ (максимум 10 секундқа) жұмыс істеуі мүмкін.
- Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі алдыңғы жолаушының орнында адамның бар-жоғын тексереді. Алайда орындықта қандай да бір зат тұрса, тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескерту жүйесі орындықта адам отырмаса да іске қосылуы мүмкін.

Егер алдыңғы жолаушы орындығының қауіпсіздік белбеуі 2 минут уақыт өткеннен кейін де тағылмайтын болса, ескерту шамы жыпылықтауын тоқтатады, ал дыбыс сигналының жұмысы тыйылады. Өйтсе де ескерту шамы тиісті қауіпсіздік белбеуі тағылғанша жанып тұра береді.

■ Артқы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы және дыбыс сигналын беру жүйесі (қарастырылған болса)



- 1) Артқы орындық (сол жақ).
- 2) Артқы орындық (ортаңғы).
- 3) Артқы орындық (оң жақ).

Бұл бақылау шамының орналасқан жері суретте көрсетілген. Қауіпсіздік белбеулері тағылмаған орындықтардың ғана ескерту шамдары жанады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші барлық жолаушының өз қауіпсіздік белбеулерін тиісінше таққанына көз жеткізуі тиіс, себебі тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі төменде тізіп көрсетілген жағдайларда жолаушыларды анықтай алмауы мүмкін.
 - Жастықтар немесе балаларды ұстап тұру құрылғылары және т.с.с. қолданылған жағдайда.
 - Егер орындықта бала немесе шағын бойлы ересек адам отырса.
- Төменде келтірілген сақтық шараларды орындаңыз.
 - Артқы орындыққа күшті соққылар жасамаңыз.
 - Орындықтың үстінде қандай да бір заттар тұрса, орындық арқалығын алдыға өңкейтпеңіз.
 - Артқы орындыққа сұйықтық төгіп алмаңыз. Сұйықтық төгілген жағдайда оны дереу сүртіп алыңыз.
 - Артқы орындықты шешіп алмаңыз және бөлшектемеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту жүйесі артқы орындықта адамның бар-жоғын тексереді. Алайда орындықта қандай да бір зат тұрса, тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескерту жүйесі орындықта адам отырмаса да іске қосылуы мүмкін.

■ **Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы**

**▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**


Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамының жұмыс істеу сипаты төменде тізіп көрсетілген тармақтардың кез келгеніне сәйкес келсе, автокөлікті қауіпсіз жерге дереу тоқтатыңыз, ары қарай Сізге SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз. Техникалық мамандардың көмегімен тексеру және қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілмесе, бұл соқтығысу жағдайында қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштарының және/немесе қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істеуіне алып келуі және өз


кезегінде бұл жарақат алуға алып келуі мүмкін.


- Ескерту шамы жыпылықтап немесе жылтылдап тұр.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде ескерту шамы жанбайды.
- Ескерту шамы үздіксіз жанып тұр.
- Ескерту шамы автокөлік қозғалған кезде жанады.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ескерту шамы туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің күйін бақылау» бөлімін (☎ 127-бет) қараңыз.

■ **Алдыңғы орындық жолаушысының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және өшірілуін бақылау шамдары (орнатылған болса)**



ON / : Алдыңғы жолаушы орынындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы.

OFF / : Алдыңғы жолаушы орынындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының өшірілуін бақылау шамы.

Алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын және өшірілуін бақылау шамдары алдыңғы орындықтағы

жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының күйін көрсетеді.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін бақылау шамдарының екеуі де, яғни қосылуын және өшірілуін бақылау шамы жүйені тексеру барысында 6 секундқа қосылады. Жүйеге тексеру жүргізу кезінде бақылау шамдарының екеуі де 2 секундқа сөнеді. Осыдан кейін алдыңғы қауіпсіздік жастықтарын бақылау кезінде анықталған алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының күйіне байланысты бақылау шамдарының бірі қосылады.

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы болса, алдыңғы жолаушы орынындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы жанады, ал өшірілуін бақылау шамы сөнген күйінде қалады.

Егер алдыңғы орындықтағы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығы өшірулі болса, алдыңғы жолаушы орынындағы алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуын бақылау шамы сөнген күйінде қалады, ал өшірілуін бақылау шамы жанады.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде бақылау шамдарының екеуі де, яғни қосылуын және өшірілуін бақылау шамы бір мезгілде жанатын болса немесе тексеру уақыты

аяқталғаннан кейін де сөнетін болса, жүйе ақаулы. Мұндай жағдайда тексеру жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

■ **Ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» бақылау шамы)**



Еуропада және Қазақстанда өткізілетін автокөліктер OBD жүйесімен жабдықталады.

OBD жүйесі қоршаған ортаны қорғауға арналған. Оның жұмысы автокөліктің бүкіл қызмет ету мерзімінің ішінде оның атмосфераға бөлетін газдарының деңгейі рұқсат етілген нормалардан аспауын қадағалауға бағытталған.

Егер қозғалтқыштың жұмысы кезінде ақаулықты анықтау бақылау шамы тұрақты жанып немесе жыпылықтап тұрса, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесіндегі кемінде бір ақаулықтың немесе әлеуетті ақаулықтың бар екенін, сондай-ақ диагностикалау және жөндеу бойынша тиісті жұмыстардың жүргізілуіне қажеттігін білдіреді. OBD жүйесі техникалық орталықтың қызметкерлеріне ақаулықтың себебін дұрыс анықтауға көмектеседі.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ақаулықты анықтау бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде қосылса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте диагностикалау/жөндеу бойынша жұмыстар жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз. Бұны орындамаған жағдайда автокөлігіңізді әрмен қарай пайдалану кепілдік міндеттемелерімен қамтылмайтын өзге күрделі ақаулықтардың туындауына алып келуі мүмкін.

▼ Егер ақаулықты анықтау бақылау шамы тұрақты жанып тұрса

Егер бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде қосылатын болса және тұрақты жанып тұрса немесе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнбейтін болса, бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің ақаулығын білдіреді.

Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▼ Егер ақаулықты анықтау бақылау шамы жыпылықтап тұрса

Егер бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жыпылықтап тұрса, бұл қозғалтқыштың оталдыру жүйесіндегі шалыс істеудің анықталғанын білдіреді, өз кезегінде бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің күрделі зақымдалуына жол бермеу үшін Сізге келесі шараларды қолдану қажет.

- Автокөліктің жылдамдығын азайтыңыз.
- Жылдамдықты шұғыл үдету әрекеттерінен сақтаныңыз.
- Тік төбелермен қозғалудан сақтаныңыз.
- Мүмкіндігінше тасымалдайтын жүктің салмағын азайтыңыз.
- Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте тіркеме сүйреуді тоқтатыңыз.

Бірнеше сапардан кейін ақаулықты анықтау бақылау шамы жыпылықтауын қойып, тұрақты түрде жана бастауы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасының ескерту шамы



▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін осы бақылау / ескерту шамы төменде сипатталғандай жұмыс істеп тұрса, бұл электр жүйесінде ықтимал ақаулықтың бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда тексеру жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

- Шам ҚЫЗЫЛ түспен жыпылықтап тұр.
- Шам 2 секундтан ұзақ ҚЫЗЫЛ түспен жанып тұр.
- Шам кезек-кезек ҚЫЗЫЛ және КӨК түспен жыпылықтап тұр.

• Егер қозғалыс кезінде осы бақылау / ескерту шамы төменде сипатталғандай жұмыс істеп тұрса, төменде тізіп көрсетілген тиісті шараларды қолданыңыз.

– Шам **ҚЫЗЫЛ** түспен жыпылықтап немесе тұрақты жанып тұр: мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қозғалтқыш қызып кеткен жағдай үшін қарастырылған әрекеттерді орындаңыз. Осыдан кейін Сізге жүйеге тексерту жұмыстарын жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз. «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін (☎503-бет) қараңыз.

– Шам кезек-кезек **ҚЫЗЫЛ** және **КӨК** түспен жыпылықтап тұр: электр жүйесінде ақаулық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

- **КӨК** түспен жанып тұр — қозғалтқыштың жеткіліксіз қыздырылғанын көрсетеді.
- **ҚЫЗЫЛ** түспен жыпылықтап тұр — қозғалтқыштың шектен тыс қызуға жақын екенін көрсетеді.
- **ҚЫЗЫЛ** түспен жанып тұр — қозғалтқыштың қызып кеткенін көрсетеді.

Жүйені тексеру үшін оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін бұл бақылау / ескерту шамы шамамен 2 секунд бойы **ҚЫЗЫЛ** түспен жанып тұрады. Осыдан кейін бұл бақылау / ескерту шамы түсін **КӨК** түске өзгертеді және **КӨК** түспен жануын жалғастырады. Қозғалтқыш жеткілікті деңгейге дейін қыздырылғаннан кейін **КӨК** түспен жанып тұрған бұл шам сөнеді.

Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы берілген деңгейден асып кетсе, бұл бақылау / ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жыпылықтап тұрады. Мұндай күй қозғалтқыштың шектен тыс қызып кетуге жақын екенін білдіреді.

Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы көтеріле берсе, бұл бақылау / ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен тұрақты жанып тұрады. Бұл қозғалтқыштың ықтимал шектен тыс қызуын білдіреді.

Егер бұл бақылау / ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жыпылықтап немесе **ҚЫЗЫЛ** түспен жанып тұрса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қозғалтқыш қызып кеткен жағдай үшін қарастырылған әрекеттерді орындаңыз. «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін (☎503-бет) қараңыз. Осыдан кейін Сізге жүйеге тексерту жұмыстарын жүргізу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Сонымен бірге осы бақылау / ескерту шамы **ҚЫЗЫЛ** түспен жиі жыпылықтайтын болса, бұл электр жүйесінің ықтимал ақаулығын білдіреді. Мұндай жағдайда диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бақылау / ескерту шамы белгілі жағдайларда жүргеннен кейін қозғалтқышты қайта оталдырған кезде **ҚЫЗЫЛ** түспен жанып тұруы мүмкін. Алайда егер бұл бақылау / ескерту шамы аз уақыт өткеннен кейін сөніп қалса, бұл ақаулықтың бар екенін білдірмейді.

Бұл салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасының ескерту шамы үш функция атқарады.

■ Аккумулятор батареясы зарядының отыруының ескерту шамы



Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл аккумулятор батареясын зарядтау жүйесіндегі ақаулықтардың бар екенін білдіруі мүмкін.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде қосылса немесе қозғалтқыш оталғаннан кейін сөнбесе, бірінші мүмкіндік туындаған сәтте қозғалтқышты өшіріңіз де, тиісті сақтық шараларды орындай отырып, жетек белбеуінің күйін тексеріңіз. Генератор белбеуі бос тартылған немесе үзілген болса, сондай-ақ белбеудің күйі жақсы болғанына қарамастан шам сөнбейтін жағдайларда жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ Майдың төмен қысымының ескерту шамы



Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл майдың төмен қысымын, сондай-ақ майлау жүйесінің ақаулықтарын білдіруі мүмкін.

Егер бұл шам қозғалтқышты оталдырғаннан кейін сөнбесе, қозғалысты бастамаңыз және қозғалтқышты дереу өшіріңіз. Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті тоқтатыңыз да, тиісті сақтық шараларды орындай отырып, қозғалтқышты өшіріңіз және кідірместен жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер майдың төмен қысымының ескерту шамы жанып тұрса, қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Талап сақталмаған жағдайда бұл қозғалтқыштың күрделі бұзылуларына алып келуі мүмкін.

■ Мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы



Бұл шам мотор майының деңгейі төменгі шекке дейін түсіп кеткен жағдайда жанады.

Егер ескерту шамы жанып тұрса, көлденең тегіс жерге тұрып, мотор майының деңгейін тексеріңіз. Егер мотор майының деңгейі номиналды диапазонға сәйкес келмесе, мотор майын қосымша

құйыңыз. «Мотор майы» бөлімін (☎536-бет) қараңыз.

Мотор майын қосымша құйғаннан немесе ауыстырғаннан кейін қозғалтқышты қыздырып алыңыз және көлденең тегіс жерге тоқтаңыз, содан кейін 1 минут не одан көп уақыт өткен соң қозғалтқышты оталдырыңыз.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ескерту шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз.

Мотор майын қосымша құйғаннан кейін ескерту шамы сөнбесе немесе шам мотор майының қалыпты деңгейінде де жанып тұрса, біз автокөлікті SUBARU дилеріне тексертуге кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

- Май деңгейін жүйе оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылғаннан кейін бірден анықтайды. Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде май деңгейі төменгі шекті мәннен төмен болса, мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы жанады.
- Егер автокөлік тік беткейге тұраққа қойылған болса, жалған іске қосылуды болдырмау үшін мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы тіпті май деңгейі төменгі шекті мәннен төмен болса да қосылмауы мүмкін.

■ ATF температурасының ескерту шамы

AT OIL TEMP

Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл трансмиссия сұйықтықтығының температурасының нормадан жоғары екенін білдіруі мүмкін.

Автокөліктің қозғалысы кезінде бұл шам қосылған жағдайда ең жақын қауіпсіз жерге тоқтаңыз және ескерту шамы сөнгенше қозғалтқышты бос жүріс режимінде жұмыс істетіп қойыңыз.

▼ Трансмиссияны басқару жүйесінің ақаулығы туралы ескерту

Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ATF температурасының ескерту шамы жыпылықтап тұрса, бұл трансмиссияны басқару жүйесінің ақаулы жұмысын білдіруі мүмкін. Автокөлігіңізге техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ Артқы дифференциал майының температурасының ескерту шамы (орнатылған болса)

R.DIFF TEMP

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер артқы дифференциал майының температурасының ескерту шамы («R.DIFF TEMP») жанса, қозғалыс жылдамдығын азайтыңыз, ары қарай алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Жанып тұрған бұл шаммен ұзақ уақыт бойы қозғалу артқы дифференциалдың және күштік берілістің басқа да бөлшектерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жанса, бұл артқы дифференциал майының температурасының нормадан жоғары екенін білдіруі мүмкін.

Егер бұл ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде қосылса, қозғалыс жылдамдығын азайтыңыз, ары қарай автокөлікті ең жақын қауіпсіз жерге

тоқтатыңыз. Автокөлікті бірнеше минутқа тұраққа қойыңыз. Шам сөнгеннен кейін қозғалысты жалғастыруыңызға болады. Егер шам сөнбесе, қарап тексерту және жөндеу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы қысым дұрыс болмаған жағдайда жөне/немесе барлық шинаның өлшемі мен маркасы бірдей болмаса, автокөліктің қозғалысы кезінде артқы дифференциалға күшті жүктеме түседі, мұның нәтижесінде май температурасы шектен тыс жоғарылайды.
- Егер артқы дифференциал майының температурасы ескерту шамы жанғанға дейін жоғарыласа, онда майдың сапасы нашарлайды. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте артқы дифференциалдың майын ауыстырған жөн болады.

■ Шиналардағы төмен ауа қысымның ескерту шамы (орнатылған болса)



Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған болса, шиналардағы төмен ауа қысымының ескерту шамы шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесінің (TPMS) жұмысының дұрыстығын тексеру үшін шамамен 2 секундқа қосылады. Егер жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрса, ал барлық төрт шинадағы ауаның қысымы TPMS жүйесінің таңдалған режиміне сәйкес келсе, ескерту шамы сөнеді. TPMS жүйесінің режимі шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілген берілген мәнге сәйкес өзгертілуі тиіс. Режимді ауыстыру және оны таңдау туралы ақпарат «Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS)» бөлімінде (⇒548-бет) келтірілген.

Қосалқы дөңгелектің шинасын (орнатылған болса) қоса алғанда әрбір шина айына бір рет салқын күйінде тексерілуі және автокөлік өндірушісі шиналардағы қысымның нормативтік шамалары тақтайшасында көрсеткен ұсынылған қысымға дейін үрленуі тиіс. (Егер автокөлігіңізге орнатылған шиналардың өлшемі шиналардағы

қысымның нормативтік шамалары тақтайшасында көрсетілгендегіден басқа болса, осы шиналарға арналған ауаның дұрыс қысымын өзіңіз анықтауыңыз тиіс.)

Қауіпсіздік деңгейін жоғарылататын қосымша функция ретінде автокөлігіңіз шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесімен (TPMS) жабдықталған, ол бір немесе одан көп шинаның қысымы азайған болса, шиналардағы ауаның төмен қысымының ескерту шамын қосады. Шиналардағы ауаның төмен қысымының ескерту шамы қосылған кезде мүмкіндігінше тездетіп көлікті тоқтатуыңыз, шиналарды тексеруіңіз және оларға қажетті қысымға дейін ауа үрлеуіңіз тиіс. Ауасы азайған шиналармен жүру шиналардың шектен тыс қызуына және олардың ақаулығына алып келеді. Сонымен бірге ауасы азайған шиналармен жанармай шығыны көбейеді және шина протекторының қызмет ету мерзімі қысқарады, сондай-ақ автокөліктің басқару жеңілдігі мен оның тоқтау қабілетіне зиян келтірілуі мүмкін. TPMS жүйесінің шиналарға дұрыс қызмет көрсету қажеттігін алмастыра алмайтынын және қысымның азаю деңгейі TPMS жүйесінің шиналардағы ауаның төмен қысымы туралы ескерту шамының қосылуы үшін шекті мәнге жетпесе де шиналардағы қажетті ауа қысымын қалпында ұстауға жауапкершілікті жүргізуші көтеретінін

қаперде ұстаңыз. Сонымен бірге автокөлігіңіз жүйенің дұрыс жұмыс істемей тұрғанын көрсететін TPMS жүйесінің ақаулығының бақылау шамымен жабдықталған TPMS жүйесінің ақаулығының бақылау шамы шиналардағы ауаның төмен қысымының ескерту шамымен біріктірілген. Егер жүйе ақаулықты анықтаса, ескерту шамы шамамен бір минут бойы жыпылықтайды, содан кейін тұрақты түрде қосылған күйінде қалады. Бұл реттілік ақаулық түзетілгенге дейін қозғалтқышты келесі оталдыру әрекеттері кезінде де сақталады. Егер ақаулық бақылау шамы қосылып тұрса, жүйе күтілгендей шиналардағы ауаның төмен қысымын анықтауға немесе білдіруге қабілетсіз болып шығуы мүмкін. TPMS жүйесінің ақаулықтары TPMS жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтіретін автокөлікке қосалқы немесе балама шиналар не дөңгелектер орнатуды қоса алғанда әртүрлі себептерге байланысты туындауы мүмкін. Қосалқы немесе балама шиналар мен дөңгелектер TPMS жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік беретініне көз жеткізу үшін автокөлікте бір немесе одан көп шиналарды немесе дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін міндетті түрде TPMS жүйесінің ақаулықты бақылау шамын тексеріңіз. Егер ескерту шамы шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан кейін үздіксіз

жанып тұрса, мүмкіндігінше тездетіп жүйені жақын жердегі SUBARU дилеріне тексертуге кеңес береміз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер бұл шам оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін аз уақытқа қосылмаса немесе шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан кейін шам үздіксіз жанып тұрса, мүмкіндігінше тездетіп шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесін SUBARU дилеріне тексертуге кеңес береміз.

Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, шұғыл тежемеңіз, жылдамдықты біртіндеп баяулата отырып, түзу жолмен қозғалуыңызды жалғастырыңыз. Ары қарай жолдан жайымен шыға отырып, қауіпсіз жерге тұраққа тұрыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің күрделі ақауларына және жарақат алу жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін.

Егер бұл шам шиналардағы қысымды реттегеннен кейін қозғалыс кезінде жанып тұрса, шинаға елеулі зақым келген болуы мүмкін және күшті жылыстау ауаның тез шығып кетуіне алып келеді. Шинаңыздың ауасы шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тездетіп қосалқы шинамен ауыстырыңыз.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылған болса немесе ауыстырылған дөңгелектің тоғынына түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш ауыстырып қыстырылмаған болса, шиналардағы ауаның төмен қысымының ескерту шамы шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан кейін үздіксіз жанып тұратын болады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті қадағалауға қабілетсіз екенін көрсетеді. Шинаны және датчикті ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Егер шам шамамен бір минут бойы жыпылықтаудан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін тездетіп SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі шиналардағы ауа қысымын қолмен тексерудің орнын АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ. Шиналардағы ауаның қысымын жүйелі түрде (кемінде ай сайын) манометрдің көмегімен тексеріп отыру қажет. TPMS жүйесінің режимін шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілген берілген мәнге сәйкес өзгертіңіз. Шинадағы (шиналардағы) ауа қысымын кез келген өзгертуден кейін шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі автокөлік бірінші жол жүргенде жылдамдығын 40 км/сағ-тан жоғары үдеткенше қысымды тексермейді. Шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін TPMS жүйесімен шиналардағы ауа қысымын қайта тексеруді іске қосу үшін автокөлік жылдамдығын кемінде 40 км/сағ-қа дейін үдетіңіз. Егер шиналардағы ауа қысымы енді қысымның төмендеуінің шекті мәнінен жоғары болса, шиналардағы ауаның төмен қысымының ескерту шамы бірнеше минуттан кейін сөнуі тиіс. Сонымен бірге орнатылған алдыңғы және артқы шиналардың өлшемі қарастырылған техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс.

■ ABS жүйесінің ескерту шамы



A АБАЙЛАҢЫЗ

- Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ABS жүйесін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жөндетуге кеңес береміз.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде ескерту шамы жанбайды.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде ABS жүйесінің ескерту шамы жанады, алайда ол автокөліктің қозғалыс жылдамдығы шамамен 40 км/сағ-тан асқан кезде де сөнбейді.
- Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады.
- Егер ABS жүйесінің ескерту шамы қосулы (тежеу жүйесінің ескерту шамы өшірулі) болса, ABS жүйесінің функциялары өшіріледі, алайда дәстүрлі тежеу жүйесі қалыпты қызмет етуін жалғастырады.

EBD жүйесі ақаулы болған жағдайда ABS жүйесінің ескерту шамы, VDC жүйесінің ескерту шамы және тежеу жүйесінің ескерту шамы бір мезгілде жанады. EBD жүйесінің апаттық индикациясы туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Тежеу күшін бөлудің электронды жүйесінің (EBD) ескерту шамы» бөлімін (☎205-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

ABS жүйесінің ескерту шамының төменде келтірілген жұмыс режимдері ABS жүйесінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіре алады.

- Ескерту шамы оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін шамамен 2 секундтан кейін сөнеді.
- Ескерту шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден жанады да, бірден сөнеді және қайта жанбайды.
- Ескерту шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жанады және автокөлік жылдамдығы шамамен 40 км/сағ-қа жеткенше жанып тұрады.
- Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, алайда бірден сөнеді және қайта жанбайды.

ABS жүйесінің ескерту шамы заряды отырған аккумулятор батареясымен

жүрген кезде, мысалы, автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдырғанда жануы мүмкін. Бұл аккумулятор батареясының төмен зарядының салдары болып келеді және ақаулықты білдірмейді. Аккумулятор батареясын толық зарядтағаннан кейін ABS жүйесінің ескерту шамы сөнеді.

■ VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы



▼ VDC жүйесінің ескерту шамы

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

VDC жүйесі ABS жүйесін басқаруды ABS жүйесінің электр тізбегі арқылы жүзеге асырады, сондықтан егер ABS жүйесі істен шықса, онда VDC оны басқаруды жүзеге асыра алмайды. Нәтижесінде VDC жүйесі істен шығады, бұл ескерту шамының қосылуына алып келеді. Тіпті ABS жүйесі мен VDC жүйесі жұмыс істемей тұрған жағдайда да автокөліктің дәстүрлі тежеу жүйесі өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтайды. Бұл ретте басқару қауіпсіздігі сақталады, алайда автокөлікті байыппен басқару қажет болады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

- VDC жүйесінің электр тізбегі істен шыққанда немесе ақаулы болған жағдайда ескерту шамы ғана жанады. Бұл ретте ABS жүйесі (тежегіштердің бұғатталуына қарсы жүйе) өзінің жұмысқа қабілеттілігін толық сақтайды.
- Ескерту шамы ABS жүйесін / VDC жүйесін электронды басқару жүйесі істен шыққан немесе ақаулы болған жағдайда жанады.
- EBD жүйесі ақаулы болған жағдайда VDC жүйесінің ескерту шамы, ABS жүйесінің ескерту шамы және тежеу жүйесінің ескерту шамы бір мезгілде жанады. EBD жүйесінің апаттық индикациясы туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Тежеу күшін бөлудің электронды жүйесінің (EBD) ескерту шамы» бөлімін (☎205-бет) қараңыз.

Осы шамның төменде келтірілген жұмыс режимдері VDC жүйесінің ықтимал жұмысқа қабілетсіздігін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде ескерту шамы жанбайды.
- Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады.

ЕСКЕРТПЕ

VDC жүйесінің ескерту шамының төменде келтірілген жұмыс үлгілері VDC жүйесінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіре алады.

- Ескерту шамы оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін шамамен 2 секундтан кейін сөнеді.
- Ескерту шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден жанады да, бірден сөнеді және қайта жанбайды.
- Ескерту шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жанады және автокөлік қозғалысты бастағаннан кейін сөнеді.
- Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, алайда бірден сөнеді және қайта жанбайды.
- Ескерту шамы қозғалтқышты өшірген кезде қосылады және оны қайта оталдырғаннан кейін жануын жалғастырады. Алайда ол автокөлік қозғалысты бастаған кезде сөнеді.

▼ VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы

Бұл бақылау шамы бүйірге сырғуды болдырмау функциясын қосқан кезде және тарту күшін реттеу функциясын қосқан кезде жыпылықтайды

ЕСКЕРТПЕ

- Бақылау шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін, әсіресе суық ауа райында біршама уақыт жанып тұруы мүмкін. Бұл қандай да бір ақаулықтың белгісі емес. Қозғалтқыш қызған кезде бақылау шамы сөнбеді.
- Бұл бақылау шамы қозғалтқышта ақаулықтарды анықтау бақылау шамының / «CHECK ENGINE» («Қозғалтқышты тексеріңіз») ескерту шамының қосылуына алып келген қандай да бір ақаулық пайда болған жағдайда жанады.

Осы шамның төменде келтірілген жұмыс режимі VDC жүйесінің ықтимал ақаулығын білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Бақылау шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше минуттан кейін де (қозғалтқыш қыздырылғаннан кейін) сөнбейді.

■ VDC жүйесін өшірудің бақылау шамы



Бұл шам VDC жүйесін өшіру үшін VDC жүйесінің ажыратқышын басқан немесе бұраған кезде жанады.

Осы шамның төменде келтірілген жұмыс режимдері VDC жүйесінің ықтимал ақаулығын білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде шам жанбайды.
- Шам біршама уақыт өткеннен кейін де, оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 2 секунд өткенде де сөнбейді.

■ Тежеу жүйесінің ескерту шамы (қызыл түсті)



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тежеу жүйесінің ескерту шамы жанып тұрғанда автокөлікпен қозғалу қауіпті. Бұл автокөлігіңіздің тежеу жүйесінің тиісінше жұмыс істемей тұруы мүмкін екенін білдіреді. Егер ескерту шамы жанып тұра берсе, автокөлігіңіздің тежеу жүйесіне диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Автокөліктің тежеу жүйесінің жұмысқа қабілеттілігіне қатысты шынайы күмәніңіз пайда болса, автокөлікті жүргізбегеңіз жөн. Жөндей жұмыстарын жүргізу мақсатында автокөлігіңізді SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін эвакуатордың қызметтерін пайдалануға кеңес береміз.

Бұл ескерту шамы келесі функцияларды атқарады.

▼ Тежеу күшін бөлудің электронды жүйесінің (EBD) ескерту шамы

Егер ескерту шамы автокөлікті тұрақ тежегішінен босатқаннан кейін де қосулы күйінде қалса, бұл тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін немесе EBD жүйесінде проблемалардың бар екенін білдіруі мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерге дереу тұраққа қойыңыз да, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▼ Тежегіш сұйықтығының төмен деңгейі туралы ескерту

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған, ал автокөлік тұрақ тежегішінен толық босатылған болса, бұл ескерту шамы тежегіш сұйықтығына арналған бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісіне дейін төмендеген жағдайларда жанады.

Егер шам оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрғанда және автокөлік тұрақ тежегішінен толық босатылғанда автокөліктің қозғалысы кезінде жанатын болса, бұл тежегіш сұйықтығының жылыстауын немесе тежегіш қыспақтарының тозғанын білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлікті дереу ең жақын қауіпсіз орынға тоқтатыңыз да, тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Тежегіш сұйықтығы» бөлімін (☎545-бет)

қараңыз. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі тежегіш сұйықтығына арналған бактың «MIN» белгісінен төмен болса, автокөлікпен қозғалысты әрмен қарай жалғастыруға тыйым салынады. Бұл жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында автокөлігіңізді SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін эвакуатордың қызметтерін пайдалануға кеңес береміз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сүйреу» бөлімін (☎504-бет) қараңыз.

■ Электрлі тұрақ тежегішінің ескерту шамы (сары түсті)

Бұл шам электрлі тұрақ тежегіші жүйесінде ақаулық болған жағдайда жанады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Электрлі тұрақ тежегішінің ескерту шамы қосылған жағдайда автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ескерту шамының жұмыс істеу режимі төменде сипатталған жағдайларға сәйкес келсе, бұл электрлі тұрақ тежегіші жүйесінің қалыпты жұмысын білдіреді.
 - Ескерту шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жанып тұр, алайда автокөлікті электрлі тұрақ тежегішінен босатқаннан кейін ол сөнеді және ескерту шамы сөнген күйінде қалады.
 - Ескерту шамы автокөліктің қозғалысы кезінде жанады, алайда сөнеді және қайта жанбайды.
- Егер бір мезгілде электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын баса отырып, қозғалтқышты оталдырсаңыз, электрлі тұрақ тежегішінің ескерту шамы қосылуы мүмкін. Бұл жағдайда қозғалтқышты қайта оталдырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз. Егер ескерту шамы сөнсе,

жүйе дұрыс күйінде деп есептеуге болады.

▼ Вакуумдық жүйесінің ескерту шамы
Шам сиреу датчигінің ақаулығы жағдайында немесе тежеу жүйесінің күшейткішіндегі қысым төмендеген жағдайда жанады.

Егер шам қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше минут бойы жанып тұрса, вакуумдық жүйеде ақаулық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жүйеге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін ерекше сақтық таныта отырып, жақын жердегі SUBARU дилеріне жетіп алуға кеңес береміз.

■ **Электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы**



Бұл шам автокөлікті электрлі тұрақ тежегішіне қойған кезде жанады. Егер тұрақ тежегішінің ажыратқышын электрлі тұрақ тежегішінің қосылуы мүмкін емес сәтте бассаңыз, бұл шам шамамен 10 секунд бойы жыпылықтап тұрады. Егер электрлі тұрақ тежегіші жүйесі ақаулы болса, бұл шам жыпылықтап тұруы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтауын жалғастырса, электрлі тұрақ тежегіші жүйесі ақаулы болуы мүмкін (автокөлік төмен/жоғары қарай беткейде тоқтатылған жағдайларды немесе электрлі тұрақ тежегіші тежегіштердің жоғары температурасы кезінде қосылатын жағдайларды есепке алмағанда). Автокөлігіңізді дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.
- Егер электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде автокөлікті тұрақ тежегішінен босатқаныңызға қарамастан сөнбесе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жүгінуге және электрлі тұрақ тежегіші жүйесін тексертуге кеңес береміз.

■ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы**



Бұл бақылау шамы автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған кезде жанады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)» бөлімін (☎401-бет) қараңыз.

■ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы**



Бұл бақылау шамы автокөлік автоматты түрде ұстап тұру функциясымен тоқтатылған жағдайда жанады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)» бөлімін (☎401-бет) қараңыз.

■ Тежегіш педалін басу қажеттігінің бақылау шамы (орнатылған болса)



Бұл шам төменде келтірілген жағдайларда тежегіш педалі басылмаған жағдайда жанады.

- Автокөлік автоматты түрде ұстап тұру функциясымен ұсталып тұрған кезде функцияны өшіру үшін автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышы басылған.
- Автокөлік электрлі тұрақ тежегішінен босатылған.

■ Жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы



Жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы жанармай бағында шамамен 9,5 л жанармай қалған жағдайда жанады. Бұл ескерту шамы оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрғанда ғана жұмыс істейді. Бұл шам қосылған жағдайда кідірместен автокөлікке жанармай құйыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы қосылса, тездетіп жанармай бағына жанармай құйыңыз. Жанармай бағында жанармайдың болмауынан туындаған қозғалтқыштың шалыс істеуі оның зақымдалуына алып келуі мүмкін.

■ Әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейінің ескерту шамы



Бұл шам алдыңғы әйнектің жуғышына арналған бактағы сұйықтық деңгейі төменгі шекке дейін (шамамен 0,6 л) төмендегенде қосылады.

■ Ашық капоттың ескерту шамы



Ескерту шамы капот қақпағы толық жабылмаған жағдайда жанады. Бұл функция оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» не «ACC» күйінде тұрса да немесе кілт оталдыру жүйесінің құлпынан шығарылған болса да жұмыс істейді.

Жолға шығар алдында бұл шамның жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.

■ Ашық есіктің ескерту шамы



Ескерту шамы жүксалғыш есігін қоса алғанда автокөлік есіктерінің бірі толық жабылмаған жағдайда жанады. Бұл функция оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» не «ACC» күйінде тұрса да немесе кілт оталдыру жүйесінің құлпынан шығарылған болса да жұмыс істейді.

Жолға шығар алдында бұл шамның жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.

■ Толық жетектің ескерту шамы

AWD

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Толық жетектің ескерту шамы жыпылықтап тұрғанда қозғалысты жалғастыру күштік бөрілістің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Егер толық жетектің ескерту шамы жыпылықтай бастаса, дереу қауіпсіз жерге тоқтаңыз және шиналардың диаметрлерінің бір-бірінен айырмашылығын, сондай-ақ шиналардың бірінде қысымның тым төмен болмауын тексеріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған болса, толық жетектің ескерту шамы жыпылықтап тұруы мүмкін, сондықтан қосалқы дөңгелекті пайдалану уақыты мүмкіндігінше қысқартылуы тиіс. Мүмкіндігінше тездетіп уақытша қосалқы дөңгелекті кәдімгі дөңгелекке ауыстырыңыз.

Бұл шам автокөлік орнатылған әртүрлі диаметрі бар шиналармен қозғалып келе жатқанда немесе шиналардың біріндегі ауаның қысымы тым төмен болғанда жыпылықтайды.

■ Руль күшейткішінің ескерту шамы



Егер бұл ескерту шамы қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда жанса, бұл электрлі руль күшейткіші жүйесінде ақаулықтың анықталғанын білдіреді.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Руль күшейткішінің ескерту шамы жанып тұрған кезде рульді бұрсаңыз, оның көбірек кедергісін сезінуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін ерекше сақтық таныта отырып, жақын жердегі SUBARU дилеріне дереу жетіп алуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Рульмен әрмен қарай әрекеттер жасаған кезде руль күшейткіші басқару блогы және жетектік электр қозғалтқыш секілді тораптардың шектен тыс қызып кетуін болдырмау мақсатында уақытша көмекші күшті шектеуі мүмкін.

- Автокөлік аса төмен жылдамдықпен маневрлер жасап жатқан кезде, мысалы, параллель тұраққа қою кезіндегі рульді жиі бұру секілді руль дөңгелегінің жиі және шұғыл бұрылулары.

- Руль дөңгелегі ұзақ уақыт бойы соңына дейін толық бұрылған күйінде қалады.

Мұндай жағдайда рульді бұрған кезде көбірек кедергісін сезінуіңіз мүмкін, алайда бұл ақаулық болып саналмайды. Руль біршама уақыт бұрылмай тұрып, рульмен басқару күшейткішінің тораптары суытылғаннан кейін рульмен басқарудың қалыпты күші қалпына келеді. Алайда руль күшейткіші көмекші күшті шектегіштің жиі іске қосылуына алып келетін әдеттен тыс жолмен пайдаланылатын болса, бұл руль күшейткішінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

- **Фаралардың жарық шоғының деңгейін автоматты түрде реттегіштің ескерту шамы (орнатылған болса)**



Бұл шам фаралардың жарық шоғының деңгейін автоматты реттегіштің ақаулығы болған жағдайда жанады.

Егер бұл шам автокөліктің қозғалысы кезінде қосылса немесе оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 3 секунд өткенде сөнбесе, автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

- **Жарықдиодты фаралардың ескерту шамы**



Бұл шам жарықдиодты фаралардың ақаулығы болған жағдайда жанады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- **Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ескерту шамы / бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (орнатылған болса)**



Бұл шам өшіру мақсатында бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ажыратқышын басқан кезде қосылады. Сонымен бірге бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда шам жыпылықтайды. «Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесі (SRH)» бөлімін (☎278-бет) қараңыз.

- **Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / бейімделетін шалғай жарық жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)**



- ▼ **Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің ескерту шамы (сары түсті)**

Жүйеде ақаулық туындаған жағдайда аспап тақтасының дисплейінде осы шам жанады. Егер осы шам жанып тұрса, автокөлігіңізді тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- ▼ **Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті)**

Бұл шам бейімделетін шалғай жарық функциясы іске қосылған кезде жанады.

- Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)


- ▼ Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті)

Бұл ескерту шамы фаралардың шалғай жарық көмекшісінің функциясы бұзылған жағдайда жанады. Егер осы ескерту шамы жанып тұрса, автокөлігіңізді тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- ▼ Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті)

Бұл шам шалғай жарық көмекшісі функциясы іске қосылған кезде жанады. Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің функциясы туралы толық ақпарат «Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің функциясы» бөлімінде (☎274-бет) келтірілген.

- Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясы бар қашықтан қолжетімділік жүйесінің ескертуші дыбыс сигналдары мен ескерту шамы (орнатылған болса)



305972

Жаңылыс әрекеттер санын азайту, сондай-ақ автокөлікті айдап әкетуден қорғау мақсатында қозғалтқышты қосу/өшіру функциясы бар қашықтан қолжетімділік жүйесінде ескертуші дыбыс сигналдарының берілуі, сондай-ақ аспаптар тақтасында қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту шамының жыпылықтауы қарастырылған.

Ескертуші дыбыс сигналдары берілгенде және/немесе ескерту шамы жыпылықтаған жағдайда тиісті шараларды қолданыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқыш оталып тұрғанда қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінде жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтап тұрған жағдайда автокөлікпен жүруге тыйым салынады. Индикатордың мұндай күйі руль бағанының бұғатталғанын білдіреді. Бұл тыйым салуды елемей нәтижесінде ауыр жарақаттар немесе кісі өлімі орын алуы мүмкін апатқа алып келуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

• Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтап тұрған кезде қозғалтқышты қайта оталдырған жағдайда руль бағанын бұғаттау құлпының ақаулығы туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда Сізге алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтап тұрса, SUBARU дилеріне дереу хабарласуға кеңес береміз.




ЕСКЕРТПЕ



- Қашықтан қолжетімділік салпыншағының күйіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты қозғалтқышты қосуға арналған қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту сигналдарының берілуі тіпті қашықтан қолжетімділік кілті автокөліктің ішіндегі әрекет ету аймағында орналасқан болса да жүзеге асуы мүмкін.
- Егер қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөліктен ашық тұрған терезе арқылы шығарылатын болса, қашықтан қолжетімділік кілтін сыртқа шығару немесе қашықтан қолжетімділік кілтін жолаушының сыртқа шығаруы туралы ескерту сигналдарының берілуі қарастырылмаған.

▼ Ескерту сигналдарының тізімі

Ішкі ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Аспаптар тақтасындағы қашықтан қолжетімділік кілтiнiң ескерту шамы	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы	Күй	Әрекет
«Динь-динь...» (үзік сигнал) (Таяу Шығыс елдеріне арналған модельдерде ғана)	—	—	—	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «АСС» электрмен қоректендіру режиміне қойылған кезде (селектор иінтірегі «Р» күйінде тұрғанда) жүргізуші есігі ашық тұр.	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіруді «OFF» режиміне ауыстырыңыз немесе жүргізуші есігін жабыңыз. Автокөліктен шығар кезде қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендірудің «OFF» режиміне ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.
				Жүргізуші есігі ашық тұрғанда автокөлікті электрмен қоректендіру қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» режиміне ауыстырылған.	Жүргізуші есігін жабыңыз.
«Динь»	Қысқа дыбыс сигналы (ұзақтығы 2 секунд)	—	—	Есіктердің құлыпталуын болдырмау ескерту сигналы Қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөлік ішінде қалдырылған жағдайда автокөліктің барлық есігін құлыптауға әрекеттену.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағын автокөлік ішінен шығарыңыз, содан кейін барлық есікті құлыптаңыз. Қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөліктің ішінде тұрған кезде есіктерді құлыптау мүмкін емес. Ескертуші дыбыс сигналы беріледі, ал барлық есік құлыпталмаған күйінде қалады.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Аспаптар тақтасындағы қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту шамы	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы	Күй	Әрекет
—	Қысқа дыбыс сигналы (ұзақтығы 2 секунд)	—	—	Автокөлік ішінде ұмытылған қашықтан қолжетімділік кілтін құлыптауды болдырмау ескерту сигналы Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіру «OFF» режиміне қойылған, ал қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөлік ішінде тұрған кезде есіктерді құлыптау датчигін түрту.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағын автокөлік ішінен шығарыңыз, содан кейін барлық есікті құлыптаңыз. Қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөліктің ішінде тұрған кезде есіктерді құлыптау мүмкін емес.
«Динь»	Ұзақ дыбыс сигналы (60 секундтан көп емес)	—	—	Электрмен қоректендіруді өшіру қажеттігі туралы ескерту сигналы Қашықтан қолжетімділік салпыншағы өзіңізде болған кезде және қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» режимінен басқа автокөлікті электрмен қоректендіру режимі орнатылған кезде (селектор иіңтірегі «Р» күйінде тұрғанда) есіктерді құлыптау датчигін түрту.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағын автокөліктің ішіне қайтып қойыңыз немесе қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіруді «OFF» режиміне ауыстырыңыз. Егер автокөлікті электрмен қоректендіру қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» режиміне ауыстырылмаған болса, есіктерді құлыптау мүмкін емес.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Аспаптар тақтасындағы қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту шамы	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы	Күй	Әрекет
«Динь-динь...» (7 секунд)	—	 (1 секундтық интервалмен үзік-үзік жыпылықтау)	—	Қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту сигналы Қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөлік ішінде болмаған жағдайда автокөліктің қозғалуы.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағын өзіңізбен бірге алыңыз, содан кейін автокөліктің қозғалысын бастаңыз.
«Динь»	—	 (1 секундтық интервалмен үзік-үзік жыпылықтау)	—	Қозғалтқышты оталдырған кездегі қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту сигналы Қашықтан қолжетімділік салпыншағы автокөлік ішінде болмаған сәтте қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі басылған.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағын өзіңізбен бірге алыңыз, содан кейін қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.
«Динь»	3 мәртелік дыбыс сигналы	 (1 секундтық интервалмен үзік-үзік жыпылықтау)	—	Қашықтан қолжетімділік кілтінің автокөліктен шығарылуын ескерту сигналы Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіру «OFF» режимінен басқа режимге қойылып тұрған кезде (селектор иінтірегі «P» күйінде тұрғанда) жүргізуші қашықтан қолжетімділік салпыншағымен бірге автокөліктен шықты және жүргізушінің есігін жапты.	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіруді «OFF» режиміне ауыстырыңыз, содан кейін автокөліктен шығыңыз.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Аспаптар тақтасындағы қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту шамы	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы	Күй	Әрекет
«Динь»	3 мәртелік дыбыс сигналы	 (1 секундтық интервалмен үзік-үзік жыпылықтау)	—	Жолаушының қашықтан қолжетімділік кілтін автокөліктен шығаруын ескерту сигналы Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіру «OFF» режимінен басқа режимге қойылып тұрған кезде жолаушы қашықтан қолжетімділік салпыншағымен автокөліктен шықты және жүргізуші есігінен басқа есікті жапты.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағын автокөліктің ішіне қайтып қойыңыз немесе қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіруді «OFF» режиміне ауыстырыңыз.
Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	 (1 секундтық интервалмен үзік-үзік жыпылықтау)	—	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіру «OFF» режимінен басқа режимге қойылып тұрған кезде, ал селектор иінтірегі «P» күйінен басқа күйде тұрғанда (барлық модель) жүргізуші қашықтан қолжетімділік кілтімен бірге автокөліктен шықты және өз есігін жапты.	Селектор иінтірегін «P» күйіне ауыстырыңыз, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіруді «OFF» режиміне ауыстырыңыз (барлық модель), содан кейін автокөліктен шығыңыз.

Ішкі ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Сыртқы ескертуші дыбыс сигналын беру жүйесі	Аспаптар тақтасындағы қашықтан қолжетімділік кілтінің ескерту шамы	Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы	Күй	Әрекет
Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	—	—	—	Селектор иіңтірегінің күйін ескерту сигналы Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті қоректендіру «OFF» режимінен басқа режимге қойылған, ал селектор иіңтірегі «Р» күйінде тұрмаған кезде жүргізуші есігі ашық тұр.	Селектор иіңтірегі «Р» күйіне ауыстырыңыз, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөлікті электрмен қоректендіруді «OFF» режиміне ауыстырыңыз, содан кейін автокөліктен шығыңыз.
Ұзақ дыбыс сигналы (үздіксіз)	—	—	—	Селектор иіңтірегінің күйін ескерту сигналы Қозғалтқыш қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басу арқылы өшірілген, сонымен бірге селектор иіңтірегі «Р» күйінде орналаспаған.	Селектор иіңтірегі «Р» күйіне ауыстырыңыз немесе қозғалтқышты оталдырыңыз.
«Динь»	—	—	—	Қашықтан қолжетімділік салпыншағының қоректендіру элементінің заряды таусылған.	Қашықтан қолжетімділік салпыншағының қоректендіру элементін ауыстырыңыз.
«Динь»	—	—	Жасыл түспен жыпылықтап тұр (максимум 15 секунд)	Руль бағанының бұғатталуын ескерту сигналы Қозғалтқыш қосылған, алайда руль бағаны әлі бұғатталып тұр.	Рульді оңға-солға жеңіл бұрай отырып, тежегіш педалін басыңыз және қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.
«Динь»	—	—	Қызғылт сары түспен жыпылықтап тұр	Жүйе ақаулығын ескерту сигналы Электрмен қоректендіру жүйесінде немесе руль бағанын бұғаттау құлпында ақаулық анықталды.	Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ Иммобилайзер бақылау шамы



Бұл шам келесі жағдайларда жыпылықтай бастайды.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі бар модельдерде

- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» электрмен қоректендіру режимін орнатқаннан кейін бірден.
- Төмендегі шарттардың бәрі орындалған жағдайда жүргізуші есігін ашқаннан немесе жапқаннан кейін бірден.
 - Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «ON» не «ACC» электрмен қоректендіру режимі орнатылған.
 - Қозғалтқыш жұмыс істемей тұр.

Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі «ON» электрмен қоректендіру режимін қосу немесе тіркелмеген кілт бар болған жағдайда (мысалы, кілт тіркелмеген немесе сәйкестендіру коды сәйкес келмейді) қозғалтқышты оталдыру үшін басылса, «ON» электрмен қоректендіру режимі қосылмайды, ал иммобилайзер бақылау шамы ары қарай жыпылықтап тұрады.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі жоқ модельдерде

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінен «ACC» не «LOCK» күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 60 секунд өткенде.
- Кілтті шығарып алғаннан кейін бірден.

Егер бақылау шамы жоғарыда көрсетілген жағдайларда жыпылықтамаса, бұл иммобилайзер жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда кідірместен жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Қозғалтқышты оталдыру үшін тіркелмеген кілт (мысалы, тіркелмеген телнұсқасы) қолданылған жағдайда иммобилайзер бақылау шамы жыпылықтайды. Иммобилайзер жүйесі туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Иммобилайзер» бөлімін (☎ 150-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде тізіп көрсетілген жағдайларда иммобилайзер бақылау шамы сөнген күйінде қалады. Бұл сәйкестендіру кодын салыстырудың аяқталғанын, иммобилайзер жүйесінің өшірілгенін білдіреді және ақаулықтың бар екенін көрсетпейді.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі бар модельдер.


- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда.
- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «ON» не «ACC» электрмен қоректендіру режимі орнатылған, ал жүргізуші есігі ашылмады немесе жабылмады.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі жоқ модельдер.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінен «ACC» не «LOCK» күйіне ауыстырылғаннан кейін шамамен 60 секунд өткенде.
- Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрса.

- Тіпті ақаулықты бақылау шамы жүйелі түрде жыпылықтамайтын ақаулық туындаған жағдайда да бұл иммобилайзер жүйесінің функционалдығына әсер етпейді.


■ SI-DRIVE жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса)



- 1) «Sport» (S) режимі.
- 2) «Intelligent» (I) режимі.


Бұл шам SI-DRIVE жүйесінің ағымдағы жұмыс режимін көрсетеді. SI-DRIVE жүйесінің жұмыс режимдері туралы толығырақ ақпарат алу үшін «SI-DRIVE жүйесі» бөлімін (☎377-бет) қараңыз.

■ Селектор иіңтірегі күйінің / қосылған берілістің индикаторы (қарастырылған болса)



«А» типі

- 1) Берілісті жоғарылату индикаторы.
- 2) Берілісті төмендету индикаторы.
- 3) Селектор иіңтірегі күйінің / қосылған берілістің индикаторы.



«В» типі

- 1) Берілісті жоғарылату индикаторы.
- 2) Берілісті төмендету индикаторы.
- 3) Селектор иіңтірегі күйінің / қосылған берілістің индикаторы.

Селектор иіңтірегінің күйі аспаптар тақтасында көрсетіледі. Сонымен бірге қолмен басқару режимі бар модельдер үшін қолмен басқару режимі қосұлы тұрғанда ағымдағы қосылған беріліс берілісті жоғарылату/төмендету индикаторымен бірге көрсетіледі. Толығырақ ақпарат алу үшін «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімін (☎372-бет) қараңыз.

■ Бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары



Бұл бақылау шамдары бұрылыс көрсеткішінің немесе қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткішінің қосылғанын көрсетеді.

Егер бұл бақылау шамдары жыпылықтамаса немесе тым жиі жыпылықтаса, бұл бұрылыс көрсеткіштері шамдарының күйіп кеткенін білдіруі мүмкін. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте бұрылыс көрсеткіштерінің күйіп кеткен шамдарын ауыстырыңыз. «Алдыңғы бұрылыс көрсеткіші» (☎568-бет) немесе «Артқы бұрылыс көрсеткіші» бөлімін (☎569-бет) қараңыз.

■ Фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы



Бұл шамның қосылуы фаралардың шалғай жарық режимінде жанып тұрғанын білдіреді. Фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы фараларды «жыпылықтатқан» жағдайда да жанады.

■ Круиз-контроль жүйесінің бақылау шамы (орнатылған болса)



Бұл бақылау шамы круиз-контрольді қосу үшін круиз-контрольдің негізгі түймесін басқаннан кейін жанады.

Егер бұл шам жыпылықтап тұрса, круиз-контроль жүйесін пайдаланбаңыз. Сонымен бірге ол жиі жыпылықтап тұрса, диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» шамы) қосылса, круиз-контроль жүйесінің бақылау шамы бірге жыпылықтай бастайды. Бұл кезде жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз, автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер бұл бақылау шамы круиз-контроль жүйесінің негізгі түймесін басқан кезіңізде де жанбаса, круиз-контроль жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін өзіңіздің жақын жердегі SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

■ Круиз-контрольдің белгіленуінің бақылау шамы (орнатылған болса)



Бұл шам круиз-контроль режимінде автокөліктің қозғалыс жылдамдығы белгіленген болса жанады.

■ Фаралар жарығының бақылау шамы (орнатылған болса)



Бұл бақылау шамы келесі жағдайларда жанады.

- Жарық ауыстырып қосқышы «☞☞☞» не «☞☞» күйінде тұр.
- Жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұр және фаралар автоматты түрде қосылған (фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдер).

■ Тұман фараларының бақылау шамы (орнатылған болса)



Бұл бақылау шамы тұман фаралары қосылған кезде жанады.


■ **Артқы тұман шамының бақылау шамы (орнатылған болса)**



Бұл бақылау шамы артқы тұман шамы қосылған кезде жанады.


■ **X-MODE жүйесінің бақылау шамы**

▼ «А» типті аспаптар тақтасы




X-MODE жүйесінің бақылау шамы

▼ «В» типті аспаптар тақтасы



X-MODE жүйесінің бақылау шамы (1 режимі бар модельдер)



X-MODE жүйесінің бақылау шамы (2 режимі бар модельдер)

- 1) «D.SNOW/MUD» режимінің бақылау шамы.
- 2) «SNOW/DIRT» режимінің бақылау шамы.

Бұл шам X-MODE жүйесі қосылған кезде жанады. Ол X-MODE жүйесі өшірілген кезде сөнеді.

■ **Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының бақылау шамы**



Бұл бақылау шамы ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы күту режимінде тұрған кезде жанады. Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы іске қосылған кезде ол жыпылықтайды. Егер ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы қолжетімсіз болса, ол сөнеді.

- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті) (орнатылған болса)



- ▼ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы

АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы жыпылықтап тұрса, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінде ақаулық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы төменде тізіп көрсетілген жағдайлардан өзге кез келген уақытта жанатын болса, және қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышын басқанда және ұстап тұрғанда өшпесе, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі қозғалтқышты уақытша тоқтатқан мезгілде төмендегі операциялардың бірі орындалған болса, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы сары түспен жанады.

- Капот ашық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі ағытылған.
- Жүргізуші есігі ашық тұр.

Бұл жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қозғалтқыш тіпті төменде көрсетілген операция орындалса да автоматты түрде оталмайды. Қозғалтқышты әдеттегі тәсілмен оталдырыңыз.

- Тежегіш педалі жіберілген.

- ▼ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы

Жүйенің іске қосылуын болдырмайтын қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышын басқан кезде бұл шам сары түспен жанады. Жүйеге жұмыс істеуге рұқсат беретін қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышын қайта басқан кезде ол сөнеді.

- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)



Бұл шам қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесімен уақытша тоқтатылған кезде жасыл түспен жанады. Ол қозғалтқышты қайта оталдырған кезде сөнеді.

- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы (орнатылған болса)



немесе SRVD жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылған болса, жанады. Толығырақ ақпарат алу үшін «SRVD жүйесінің ажыратқышы» бөлімін (☎428-бет) қараңыз.

- RAB жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)

RAB

Бұл шам RAB жүйесінде ақаулық болған жағдайда қосылады. «Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)» бөлімін (☎430-бет) қараңыз.

- RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)

RAB OFF

Бұл бақылау шамы RAB жүйесі өшірілген болса немесе RAB жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылған болса, қосылады. «Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)» бөлімін (☎430-бет) қараңыз.

- SRVD жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)



Бұл ескерту шамы SRVD жүйесінде ақаулық болған жағдайда жанады. Бұл шам қосылған жағдайда автокөлігіңізді тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

- SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)



Бұл шам SRVD жүйесін өшіру үшін SRVD жүйесінің ажыратқышын басқан кезде

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті) / жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса)



- ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті)

Бұл шам жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі қосылған кезде жанады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті)» бөлімін (☎455-бет) қараңыз.

- ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті)

Бұл шам жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінде ақаулық болған кезде жанады. Автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ **Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)**



Бұл шам жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшіру үшін жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышы басылған кезде жанады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы» бөлімін (☞455-бет) қараңыз.

■ **Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы (орнатылған болса)**



Бұл шам жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылғанда жанады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы» бөлімін (☞455-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы төмендегі жағдайларда уақытша тоқтатылады.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің блогының жоғары температурасы.

■ **Жол жабынына мұз қату ықтималдығын ескерту шамы (орнатылған болса)**



Егер сыртқы ауа температурасы 3 °C не одан төмен болса, жол жабынына мұз қату ықтималдығын ескерту шамы қосылады, ол жүргізушіге жол жабынына мұз қатуы мүмкін екенін хабарлайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы ауа температурасының индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда төменде келтірілген жағдайларда температура дұрыс көрсетілмеуі немесе оның мәнінің жаңартылуы іркілуі мүмкін.

- Тұраққа қойылған күйде немесе баяу жылдамдықпен қозғалғанда.
- Сыртқы ауа температурасы күрт өзгергенде (мысалы, жерасты тұрақжайының аумағына кіргенде

және шыққанда немесе туннельден өткенде).

- Автокөлік біршама уақыт тұраққа қойылғаннан кейін қозғалтқышты оталдырғанда.
- Жол жабынына мұз қату ықтималдығын ескерту шамын бағдар сілтеуші ақпарат ретінде ғана қарастырған жөн. Жол жүрер алдында міндетті түрде жол жабынының күйін тексеріп алыңыз.
- Жол жабынына мұз қату ықтималдығын ескерту шамы қосылғаннан кейін ол сыртқы ауа температурасы 5 °C-қа дейін немесе одан жоғары көтерілмейінше сөнбейді.


Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) (орнатылған болса)

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде аспаптар тақтасының дисплейін (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) пайдаланған жағдайда міндетті түрде қауіпсіздікке тиісінше назар аударыңыз. Егер аспаптар тақтасының дисплейін (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) пайдалану Сіздің назарыңызды келік жүргізуге шоғырландыру қабілетіңізге кедергі жасаса, дисплеймен қандай да бір әрекеттер жасамас бұрын автокөлікті тоқтатыңыз. Сонымен бірге автокөлікті жүргізу кезінде назарыңызды дисплейге шоғырландырмаңыз. Бұл жолдан алаңдауға және апатқа алып келуі мүмкін.

Аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) әртүрлі ақпарат көрсетіледі. Сонымен бірге қандай да бір ақаулық анықталған жағдайда дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. Одан өзге

көрсетілетін ақпараттың кейбір баптауларын жүргізуге болады.




Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей)

- 1) Эконометр («Эконометр» бөлімін (≈187-бет) қараңыз).
- 2) Ескерту экраны («Ескерту экраны» бөлімін (≈226-бет) қараңыз) / негізгі экран («Негізгі экрандар» бөлімін (≈228-бет) қараңыз).

- 3) EyeSight жүйесінің экраны.
 - 4) Индикаторлар экраны («Индикаторлар экраны» бөлімін (≈226-бет) қараңыз).
 - 5) Селектор интірегі күйінің / қосылған берілістің индикаторы («Селектор интірегі күйінің / қосылған берілістің индикаторы» бөлімін (≈218-бет) қараңыз).
 - 6) X-MODE жүйесінің индикаторы («X-MODE жүйесінің бақылау шамы» бөлімін (≈220-бет) қараңыз / SI-DRIVE жүйесінің индикаторы («SI-DRIVE жүйесі» бөлімін (≈377-бет) қараңыз).
 - 7) Одометр («Одометр» бөлімін (≈185-бет) қараңыз) / Жүрілген жолдың қосарлы есептегіші («Жүрілген жолдың қосарлы есептегіші» бөлімін (≈185-бет) қараңыз).
 - 8) Жанармай деңгейінің көрсеткіші («Жанармай деңгейінің көрсеткіші» бөлімін (≈186-бет) қараңыз).
- A: EyeSight жүйесі өшірілген немесе EyeSight жүйесі жоқ модельдер.
B: EyeSight жүйесі қосылған.

■ Негізгі операциялар



Басқару пернелерінің блогы

- 1) ▲ (Жоғары).
- 2) I/SET (Енгізу).
- 3) ▼ (Төмен).

Басқару пернелерінің блогындағы «▲» және «▼» пернелерінің көмегімен экрандарды және таңдалатын позицияларды ауыстырып қосуға болады. Егер «I/SET» пернесін өзіңізге тартсаңыз, қажетті позицияны таңдауға және орнатуға болады.

Автокөлік туралы ақпарат, ескертулер және т.б. секілді кейбір пайдалы хабарламалар пайда болғанда олар ағымдағы экранның көрсетілімін үзеді де, дыбыс сигналы беріле отырып, дисплейде пайда болады. Мұндай экран

пайда болғанда экрандағы хабарламаға сәйкес қажетті әрекеттерді орындаңыз.

Ескерту экраны бірнеше секундтан кейін бастапқы экранға қайтып оралады. Дисплейде ақпараттың бар екенін ескерту белгісі «I» көрсетіліп тұрғанда ескерту экранын экранға қайта шығаруға болады. Дисплейде «I» белгісімен белгіленген хабарламаны шақыру үшін рульдегі «I/SET» пернесін өзіңізге қарай тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) баптаулар экраны орнатылған болса, аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) басқару пернелерінің блогындағы «▲», «▼» және «I/SET» пернелерімен басқарыла алмайды.

■ Сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) және қоштасу экраны (соңғы анимация)

Құлпын ашқаннан кейін жүргізуші есігі ашылып-жабылғанда аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) шамамен 20 секундқа сәлемдесу экраны (бастапқы анимация) пайда болады.

Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне бұралған кезде аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) қоштасу экранын (соңғы анимация) көрсете отырып, біртіндеп сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Сәлемдесу экраны мен қоштасу экранының нақты мәтіні мен сыртқы көрінісі өзгеше болуы мүмкін.
- Егер сәлемдесу экраны көрініп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылса, негізгі экран пайда болады.
- Сәлемдесу экраны пайда болғаннан кейін оның қайта көрсетілуіне дейін біршама уақыт өтуі тиіс.
- Егер жүргізуші есігінің құлпын ашқаннан кейін оталдыру жүйесінің құлпы бұралатын болса, тіпті жүргізуші есігі ашылып-жабылса да сәлемдесу экраны пайда болмайды.
- Егер сәлемдесу экраны көрсетіліп тұрғанда жүргізуші есігін есіктердің құлпын қашықтан басқару жүйесінің (барлық модельде) немесе қашықтан қолжетімділік жүйесінің (орнатылған болса) көмегімен құлыптасаңыз, сәлемдесу экраны жабылып қалады.

- Егер сәлемдесу экраны көрсетіліп тұрғанда қандай да бір есік (жүксалғыш есігін қоса алғанда) ашылатын болса, есіктің толық жабылмағаны туралы ескерту пайда болады.
- Сәлемдесу экранын қосып немесе өшіріп қоюға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сәлемдесу экраны» бөлімін (☎231-бет) қараңыз.
- Қоштасу экранын қосып немесе өшіріп қоюға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Қоштасу экраны» бөлімін (☎231-бет) қараңыз.


■ Ескерту экраны



Ескерту үлгісі

Техникалық қызмет көрсету қажеттігі туралы ескерту хабарламасы немесе хабарландыру пайда болған кезде ол дисплейде шамамен 5 секунд көрсетіліп тұрады. Көрсетілген хабарлама негізінде қажетті әрекеттерді орындаңыз.

■ Индикаторлар экраны



1) Индикаторлар экраны.

Тиісті жағдай туындайтын болса, индикаторлар экранында төменде келтірілген индикаторлар көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Егер ескерту ақпаратын шығару қажет болса, сол жақтан бастап күрделілік дәрежесі бойынша өсу ретімен саны беске дейін ескерту индикаторы көрсетіледі. Егер ескерту индикаторларының саны алты не одан көп болса, «i/SET» пернесін тартып, ақпаратты тексеріп көріңіз.

Белгі	Мағынасы	Бет
	Ашық есіктің ескерту шамы	207
	Ашық капоттың ескерту шамы	207
	Жарықдиодты фаралардың ескерту шамы	209
	Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	210
	Бейімделетін шалғай жарық жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса) / бейімделетін шалғай жарық жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	209
SRH OFF	Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесінің ескерту шамы	209
	Мотор майының төмен деңгейінің ескерту шамы	198

Белгі	Мағынасы	Бет
R.DIFF TEMP	Артқы дифференциал майының температурасының ескерту шамы (орнатылған болса)	199
RAB	RAB жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)	222
RAB OFF	RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)	222
	SRVD жүйесінің ескерту шамы (орнатылған болса)	222
	SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)	222
	Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті) (орнатылған болса)	221


Белгі	Мағынасы	Бет
	Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы	222
	Фаралардың жарық шоғының деңгейін автоматты түрде реттегіштің ескерту шамы (орнатылған болса)	209
	Әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейінің ескерту шамы	207
	Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	221
	Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының бақылау шамы	220

Белгі	Мағынасы	Бет
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті) (орнатылған болса)	222
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) (орнатылған болса)	222
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы (орнатылған болса)	223
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы (орнатылған болса)	223
	Жол жабынына мұз қату ықтималдығын ескерту шамы	223

■ Негізгі экрандар

Рульдегі «▲» және «▼» пернелерінің көмегімен тұрақты көрсетілетін экранды өзгертуіңізге болады.

Орташа жанармай шығынының экраны



: Орташа жанармай шығыны.


: Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық.

Бұл экран жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін соңғы нөлдеу сәтінен бастап орташа жанармай шығынын көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық индикаторының көрсеткіштері – шамамен алынған көрсеткіштер. Көрсетілген шама қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын шынайы қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы жанған кезде кідірместен автокөлікке жанармай құйып алуыңыз қажет.

Ағымдағы жанармай шығынының экраны



: Ағымдағы жанармай шығыны.


: Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық.

Бұл экран қазіргі сәттегі жанармай шығынын көрсетеді.


ЕСКЕРТПЕ

Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық индикаторының көрсеткіштері – шамамен алынған көрсеткіштер. Көрсетілген шама қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын шынайы қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы жанған кезде кідірместен автокөлікке жанармай құйып алуыңыз қажет.

Сапар туралы ақпараты бар дисплей




: Сапар ұзақтығы.

: Сапардың қашықтығы.

Бұл экран сапар ұзақтығы (оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне бұралған сәттен бастап өткен уақыт) мен сапардың қашықтығын (оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне бұралған сәттен бастап жүрілген қашықтық) көрсетеді.

Цифрлық жылдамдық экраны



- 1) Жылдамдықты шектеу индикаторы (орнатылған болса).
- 2) Автокөлік жылдамдығы.

Бұл экранда автокөліктің ағымдағы жылдамдығы көрсетіледі.

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің экраны (орнатылған болса)



- A) Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің көмегімен қозғалтқышты тоқтатудың толық ұзақтығы.
-  Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің қозғалтқышты тоқтатуының есебінен үнемделген жанармайдың толық көлемі.


Көрсетілген шамалар қазіргі сәтте көрсетіліп тұрған осы уақытқа дейінгі жүрілген жол есептегішін соңғы нөлдеу сәтінен бастап есептеледі. Көрсетілім келесі диапазондарда жүзеге асырылады.

- Толық уақыт: 00'00"-ден 9999h59'59" дейін.
- Үнемделген жанармайдың толық көлемі: 0 мл-ден 9999,999 л-ге дейін.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүрілген жол есептегішін нөлдеген кезде қозғалтқышты тоқтатудың толық уақыты мен үнемделген жанармайдың тиісті мөндері де нөлденеді.
- Өтуі барысында қозғалтқыш автоматты түрде қосу/өшіру жүйесімен тоқтатылған уақыт та сапар ұзақтығына қосылады.

TPMS жүйесінің экраны (орнатылған болса)



Бұл экранда әрбір шинадағы ауа қысымы көрсетіледі.

Егер шинаның ауасы азайған болса, онда бұл шина және ондағы ауаның қысымы экранда сары түспен көрсетіледі.


Шиналардағы номиналды қысым туралы ақпарат алу үшін жүргізуші жағындағы ортаңғы бағанда орналасқан

шиналардағы қысым туралы ақпараты бар тақтайшаны қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Шиналардағы ауа қысымының мөндері жол жүргеннен кейін бірнеше минуттың ішінде көрсетіледі.
- Шиналардағы ауаның қысымын бақылау жүйесі шинадағы қысымның төмендігін анықтаған сәтте жүйе қысымның қалыпты деңгейге келтірілгенін анықтамайынша шинаға арналған қысым мәні сары түспен көрсетіледі.
- Ескерту шамы қосылған жағдайда шинадағы ауа қысымын дереу реттеңіз. Егер шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі шинадағы ауа қысымының реттелгенін анықтаса, ескерту шамы сөнеді, ал қысым мөндері ақ түспен көрсетіледі.

Мәзір экранына ауысу экраны



Егер бұл экран таңдалған болса, «**I**/SET» пернесін тартып ұстап тұру арқылы мәзір экранына өтуге болады.

■ Мәзір экрандары

Егер төменде келтірілген шарттар орындалса, мәзір экрандарына өту үшін «**I**/SET» пернесін тартыңыз да, ұстап тұрыңыз.

- Мәзір экранына ауысу экраны таңдалған.
- Ақпараттың бар болуы туралы белгі «**I**» өшірілген.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде)

көрсетілетін баптаулар позициялары шектеулі.

- Аспаптар тақтасының дисплейіндегі функциялардың баптаулары мен реттеулер «Функциялар баптаулары» бөлімінде (☞ 28-бет) келтірілген.

Рульдегі «▲» және «▼» пернелерінің көмегімен мәзірді таңдауыңызға болады. Таңдалған мәзірге кіру үшін «I/SET» пернесін тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер «Қайту» мәзіріне кірсеңіз, жүйе алдыңғы экранға оралады.

▼ Экран баптаулары

«Экран баптаулары» мәзіріне кіргеннен кейін келесі мәзірлердің бірін таңдаңыз.

▽ Сәлемдесу экраны

Сәлемдесу экранын қосуға немесе өшіруге болады.

▽ Қоштасу экраны

Қоштасу экранын қосуға немесе өшіруге болады.

▽ Көрсеткіштердің көрсеткілерінің бастапқы ауытқуы

Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойған кезде орын алатын аспаптар мен көрсеткіштердің көрсеткілерінің ауытқуын қосуға не өшіруге болады.

▽ Өлшем бірліктері (қарастырылған болса)

Аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде), «A» типті көп функциялы дисплейде (ақ-қара) және «B» типті көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) көрсетілетін өлшем бірліктері өзгереді.

▽ Шиналардағы ауа қысымының өлшем бірліктері (қарастырылған болса)

TPMS жүйесі арқылы көрсетілетін өлшем бірліктері өзгереді.

▽ Тілдер

Аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) және көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) көрсетілетін тіл өзгереді.

▼ Ескерту сигналының дыбыс күшінің деңгейі (қарастырылған болса)

EyeSight жүйесінің, RAB жүйесінің және SRVD жүйесінің ескерту сигналының дыбыс күшінің деңгейі орнатылады.

▼ Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуын ескерту

Артқы орындықта жолаушылардың немесе жүктің болуын ескертуді қосып не өшіріп қоюға болады.

▼ EyeSight жүйесі (EyeSight жүйесі бар модельдер)

ЕСКЕРТПЕ

EyeSight жүйесі бар модельдер үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша қосымшасын қараңыз.

▼ RAB жүйесі (орнатылған болса)

Сонардың ескертуші дыбыс сигналын қосу/өшіру және RAB жүйесін қосу/өшіру орнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

RAB жүйесі бар модельдер үшін «Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)» бөлімін (☞ 430-бет) қараңыз.

▽ Сонардың ескертуші дыбыс сигналы

Егер RAB жүйесі қосұлы болса, артқы жақта кедергінің анықталуы туралы хабарлайтын ескертуші дыбыс сигналын қосып не өшіріп қоюға болады.

▽ **Автоматты тежеу**

RAB жүйесі қосылады не өшіріледі.

▼ **Автокөлік баптаулары**

«Автокөлік баптаулары» мәзіріне кіргеннен кейін келесі мәзірлердің бірін таңдаңыз.

▽ **Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі**

Қашықтан қолжетімділік функциясының жұмысы кезінде қолданылатын баптаулар орнатылады.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі
Егер есік құлыпталған немесе құлпы ашылған болса, жыпылықтайтын апаттық жарық сигналын беру жүйесінің жұмысы бапталады.
- Қауіпсіздік мақсатында есіктерді қайта құлыптау
Есіктердің автоматты түрде құлыпталу уақытын қосуға не баптауға болады. Іске қосылу уақытын баптау үшін секундтармен қажетті уақыт мезгілін таңдаңыз.

▽ **Артқы әйнек жылытқышы**

Артқы әйнек жылытқышының жұмысы орнатылады және бапталады.

▽ **Салон жарығы**

Салон жарығын өшіруді кешіктіру таймері орнатылады және бапталады.

▽ **Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу**

Есіктердің автоматты түрде құлыпталу және құлпының ашылу шарттарын баптау.

- Есіктердің автоматты түрде құлыпталуы. Есіктердің автоматты түрде құлыпталуы үшін шарт ретінде төменде тізіп көрсетілген позициялардың бірін орнатыңыз.
 - Автокөлік жылдамдығы: егер автокөлік жылдамдығы 20 км/сағ-қа жетсе.
 - Тұраққа қою режимін қосу не өшіру: егер селектор иінтірегі «P» күйінен басқа күйге ауыстырылса.
 - Өшірулі: егер функция өшірілген болса.
- Есіктердің құлпын автоматты түрде ашу. Есіктердің құлпын автоматты түрде ашу үшін шарт ретінде төменде тізіп көрсетілген позициялардың бірін орнатыңыз.
 - Тұраққа қою режимін қосу не өшіру: егер селектор иінтірегі «P» күйіне ауыстырылса.
 - Оталдыру жүйесін өшіру: егер оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылған болса.
 - Жүргізуші есігінің ашылуы: егер жүргізуші есігі ашық тұрса.
 - Өшірулі: егер функция өшірілген болса.

▽ **Бір рет тұрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткіші**

Бір рет тұрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткіші қосылады/өшіріледі.

▽ **Сыртқы айналардың баптаулары (қарастырылған болса)**

- Артқы жүріспен жүрген кездегі айналардың еңкеюі
Артқы жүріспен жүрген кездегі айналардың еңкею функциясын қосып не өшіріп қоюға болады.
- Сыртқы айналарды жинау электрлі жетегі
Автоматты түрде жиналу функциясын қосып не өшіріп қоюға болады.


▼ **Әдепкі қалып бойынша баптаулар**

Пайдаланушылық баптауларды («Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі», «Артқы әйнек жылытқышы», «Салон жарығы», «Есіктерді автоматты түрде құлыптау және құлпын ашу», «Бір рет тұрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткіші» қосалқы тармақтарымен бірге «Автокөлік баптаулары» тармақтарынан өзге) мәзір экранының көмегімен әдепкі қалып бойынша зауыттық баптауларға қайтару үшін «Иә» тармағын таңдаңыз. Әдепкі қалып бойынша зауыттық баптауларды қалпына келтірмей, алдыңғы экранға оралу үшін «Жоқ» тармағын таңдаңыз.

Көп функциялы дисплей (қара-ақ) (орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

Көп функциялы дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі) бар модельдер үшін «Көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей)» бөлімін (☎ 240-бет) қараңыз.



- 1) Сыртқы ауа температурасының индикаторы.
- 2) X-MODE жүйесінің бақылау шамы.
- 3) Сапар туралы ақпараты бар дисплей.
- 4) Сағат.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» күйінде тұрған кезде дисплейде сағат пайда болады.

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрса, дисплейде сыртқы ауа температурасының индикаторы, сапар туралы ақпараты бар дисплей және сағат пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ


Көрсетілетін мәндер автокөліктің қозғалу жағдайларының өзгеруіне сәйкес өзгереді. Сонымен бірге көрсетілетін мәндер шынайы мәндерден сәл өзгешелеу болуы мүмкін және сәйкесінше тек шамамен алынған көрсеткіштер ретінде қарастырылуы тиіс.

■ Сапар туралы ақпараты бар дисплей

ЕСКЕРТПЕ


Өлшем бірліктерін көп функциялы дисплейде де (қара-ақ), аспаптар тақтасының дисплейінде де бірге баптауыңызға болады. Тілді және өлшем бірліктерін баптау туралы толығырақ ақпарат алу үшін «А» типті аспаптар тақтасы» бөлімін (☎ 187-бет) немесе «Мәзір экрандары» бөлімін (☎ 230-бет) қараңыз.

▼ Дисплейдегі ақпаратты өзгерту тәртібі



- 1) «INFO» түймесі.


Рульдегі «INFO» түймесін басу дисплейдегі көріністі келесідей реттілікпен ауыстырып қосады.



*¹ Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі) жоқ модельдер.

*² Егер қарастырылған болса.


▼ Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық



1) Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.

2) Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.

Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық индикаторында жанармай бағындағы қалған жанармайға және орташа жанармай шығынына сүйене отырып есептелген автокөліктің жүріп өте алатын қашықтығы көрсетіледі.



1) Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.


2) Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.

Егер қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық индикаторында «- - -» белгісі көрсетілсе, бұл жанармай бағында жанармай қалмағанын білдіреді.

ЕСКЕРТПЕ


Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық индикаторының көрсеткіштері – шамамен алынған көрсеткіштер. Көрсетілген шама қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын шынайы қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы жанған кезде кідірместен автокөлікке жанармай құйып алуыңыз қажет.

▼ Орташа жанармай шығыны



- 1) Бір галлон жанармаймен жүріп өтетін қашықтықты көрсетеді.
- 2) Бір литр жанармаймен жүріп өтетін қашықтықты көрсетеді.
- 3) 100 км-ге жанармай шығынын көрсетеді.

Бұл индикатор жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін соңғы нөлдеу сәтінен бастап орташа жанармай шығынын көрсетеді.



- 1) Жүрілген жол есептегішінің көрсеткішін нөлдеу түймесі.

А жүрілген жол есептегіші бойынша жүріп өткен жолға сәйкес орташа жанармай шығынының көрсеткіштері мен В жүрілген жол есептегіші бойынша жүріп өткен жолға сәйкес орташа жанармай шығынының көрсеткіштері арасында ауыстырып қосу үшін жүрілген жол есептегішінің түймесін басыңыз. Жүрілген жол есептегішін нөлдеген кезде осы есептегішке сәйкес келетін орташа жанармай шығынының мәні де нөлденеді.

ЕСКЕРТПЕ

Жүрілген жол есептегішін нөлдеген кезде осы есептегішке сәйкес келетін орташа жанармай шығыны мұндай нөлдеуден кейін автокөлік 1 км

(немесе 1 миля) жол жүріп өтпейінше көрсетілмейді.

▼ Ағымдағы жанармай шығыны




- 1) Бір галлон жанармаймен жүріп өтетін қашықтықты көрсетеді.
- 2) Бір литр жанармаймен жүріп өтетін қашықтықты көрсетеді.
- 3) 100 км-ге жанармай шығынын көрсетеді.

Бұл индикатор қазіргі сәттегі жанармай шығынын көрсетеді.

- ▼ Сапар ұзақтығы (аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі) жоқ модельдер)



Сапар ұзақтығы оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған сәттен бері өткен уақытты көрсетеді.




Сапар ұзақтығының индикаторы әрбір бүтін сағат өткен сайын жыпылықтайды. Егер дисплейге сапар ұзақтығының орнына басқа көрсеткіштер шығарылса, онда әрбір бүтін сағат өткен сайын дисплей сапар ұзақтығына ауысады, 5 секунд бойы жыпылықтайды және бастапқы көрсеткіштерге қайтып оралады.

ЕСКЕРТПЕ

Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне бұралған кезде сапар ұзақтығы нөлденеді.

- ▼ Автокөліктің орташа жылдамдығы



- 1) Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.
- 2) Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.


Бұл индикатор жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін соңғы нөлдеу сәтінен бастап автокөліктің орташа жылдамдығын көрсетеді. А жүрілген жол есептегіші бойынша жүріп өткен жолға сәйкес келетін автокөліктің орташа жылдамдығының көрсеткіштері мен В жүрілген жол есептегіші бойынша жүріп өткен жолға сәйкес келетін автокөліктің орташа жылдамдығының көрсеткіштері арасында ауыстырып қосу үшін жүрілген жол есептегішінің түймесін басыңыз.

Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеген кезде осы есептегішке сәйкес келетін автокөліктің орташа жылдамдығының мәні де нөлденеді.

ЕСКЕРТПЕ

Жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштерін нөлдеген кезде осы есептегіштің көрсеткіштеріне сәйкес келетін автокөліктің орташа жылдамдығы мұндай нөлдеуден кейін автокөлік 1 км (немесе 1 миля) жол жүріп өтпейінше көрсетілмейді.

▼ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің жұмыс істеу ұзақтығы (орнатылған болса)



- 1) Жүрілген жол есептегішімен байланыстырылған толық уақыт.
- 2) Оталдыру жүйесінің құлпымен байланыстырылған толық уақыт.

Дисплейде өтуі барысында қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесімен тоқтатылған толық уақыт төмендегідей жолмен көрсетіледі.

Жүрілген жол есептегішімен байланыстырылған толық уақыт: қазіргі сәтте көрсетіліп тұрған жүрілген жол есептегішін соңғы нөлдеу сәтінен қазіргі сәтке дейінгі қозғалтқыштың қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесімен тоқтатылуының толық уақыты көрсетіледі. Жүрілген жол есептегішінің түймесін басу арқылы А

жүрілген жол есептегіші бойынша қозғалтқышты тоқтату уақыты мен В жүрілген жол есептегіші бойынша қозғалтқышты тоқтату уақытының көрсеткіштерін ауыстырып қоса аласыз.


ЕСКЕРТПЕ

Жүрілген жол есептегішін нөлдеген кезде есептегішпен байланыстырылған толық уақыт мұндай нөлдеуден кейін автокөлік 1 км (немесе 1 миля) жол жүріп өтпейінше көрсетілмейді.

Оталдыру жүйесінің құлпымен байланыстырылған толық уақыт: оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне бұралған сәттен қазіргі сәтке дейінгі қозғалтқыштың қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесімен тоқтатылуының толық уақыты көрсетіледі.

▽ Көрсеткіштерді ауыстырып қосу тәртібі

Жүрілген жол есептегішімен байланыстырылған толық уақыт пен оталдыру жүйесінің құлпымен байланыстырылған толық уақыт көрсеткіштерінің арасында ауыстырып қосу үшін келесі операцияны орындаңыз.



1. Ақпараттық дисплейдің шетінде орналасқан «+» пернесін басып ұстап тұрыңыз. Тоқтатылу уақыты жыпылықтай бастайды.
2. Тоқтатылу уақыты жыпылықтай бастағаннан кейін 5 секунд ішінде ақпараттық дисплейдің шетінде орналасқан «-» пернесін басып ұстап тұрыңыз. Дисплей көрсеткіштері өзгереді және 2 секунд бойы жыпылықтағаннан кейін таңдалған тоқтатылу уақыты көрсетіледі.
3. Дисплей көрсеткіштері жыпылықтап тұрған 3 секундтың ішінде «-» түймесін әрбір басқан және ұстап тұрған кезде олар өзгереді және 2 секунд бойы жыпылықтайды. Егер дисплей көрсеткіштері жыпылықтап тұрған 3 секундтық уақыт ішінде «-» түймесі басылмайтын және ұсталып

тұрмайтын болса, таңдалған тоқтатылу уақыты көрсетіледі.

▼ Сапар туралы ақпараты бар дисплейді өшіру

Сапар туралы ақпараты бар дисплейді таңдау режимінен шығу үшін мәзірдің бос тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Орташа жанармай шығыны мен автокөліктің орташа жылдамдығы автокөлік туралы ақпараты бар дисплей өшіріліп тұрған кезде де есептеледі.
- Тіпті автокөлік туралы ақпараты бар дисплейді өшіріп қойсаңыз да, мысалы, аккумулятор батареясын не сақтандырғышты ауыстыру үшін аккумулятор батареясын ағытып, қайта қосқаннан кейін ол автоматты түрде қосылады.


■ Сыртқы ауа температурасының индикаторы



ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы ауа температурасының индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда төменде келтірілген жағдайларда температура дұрыс көрсетілмеуі немесе оның мәнінің жаңартылуы іркілуі мүмкін.
 - Тұраққа қойылған күйде немесе баяу жылдамдықпен қозғалғанда.
 - Сыртқы ауа температурасы күрт өзгергенде (мысалы, жерасты тұрақжайының аумағына кіргенде және шыққанда немесе туннельден өткенде).

- Автокөлік біршама уақыт тұраққа қойылғаннан кейін қозғалтқышты оталдырғанда.
- Температура өлшем бірліктерін өзгерту мүмкін емес.
- ▼ Жол жабынына мұз қатуды ескерту индикациясы



302028

Сыртқы ауа температурасы белгілі температураға дейін не одан төмен түскен кезде сыртқы ауа температурасының индикаторының көрсеткіштері жол жабынына мұз қатқан болуы мүмкін екенін көрсетіп, 5 секунд бойы жыпылықтап тұрады.

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылған кезде дисплей сыртқы температураның төмен екенін көрсетіп тұрса, көрсеткіштер жыпылықтамайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы ауа температурасының индикаторының көрсеткіштері мен сыртқы ауаның шынайы температурасының арасында айырмашылық болуы мүмкін. Жол жабынына мұз қатуды ескерту индикациясын мұз қату ықтималдығы туралы ескерту ретінде ғана қарастырған жөн. Жол жүрер алдында міндетті түрде жол жабынының күйін тексеріп алыңыз.
- Дисплейде жол жабынына мұз қату туралы ескерту пайда болғаннан кейін сыртқы ауаның температурасы 3 °C-қа дейін не одан төмен түсіп кетсе де, температура оның алдында 5 °C-қа дейін немесе одан жоғары бір рет көтерілмейінше ескерту сигналы қайта пайда болмайды.

■ X-MODE жүйесінің бақылау шамы



Бұл бақылау шамы X-MODE жүйесі қосылған кезде көрсетіледі. Ол X-MODE жүйесі өшірілген кезде сөнеді.

■ Сағат

Сағат туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)» бөлімін (=265-бет) қараңыз.

Көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) (орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

Көп функциялы дисплейі (қара-ақ) бар модельдер үшін «Көп функциялы дисплей (қара-ақ)» бөлімін (≈ 233-бет) қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде көп функциялы дисплейді (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) пайдаланған жағдайда міндетті түрде қауіпсіздікке тиісінше назар аударыңыз. Егер көп функциялы дисплейді (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) пайдалану Сіздің хабардар болып отыруыңызға және назарыңызды көлік жүргізуге шоғырландыру қабілетіңізге кедергі жасаса, дисплеймен қандай да бір әрекеттер жасамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Сонымен бірге автокөлікті жүргізу кезінде назарыңызды дисплейге шоғырландырмаңыз. Бұл жолдан

алаңдауға және апатқа алып келуі мүмкін.

■ Функциялар

Көп функциялы дисплейдің (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдің) төмендегідей функциялары бар.

Сипаттамасы	Бет
Хабарландыру және т.с.с. пайдалы хабарламаларды көрсету	242
Негізгі экрандарды (мысалы, жанармай шығынының экранын және т.с.с.) көрсету	242
Техникалық қызмет көрсету қажеттігі туралы хабарландыруларды белгілеу және баптау	263

Сонымен бірге көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) көп функциялы дисплейдің өзін баптау және инициализациялау үшін де қолданыла алады.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік қозғалтып келе жатқан кезде кейбір функциялар мен таңдау нұсқалары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Тілді және өлшем бірліктерін көп функциялы дисплейде де (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде), аспаптар тақтасының дисплейінде де бірге баптауыңызға болады. Тілді және өлшем бірліктерін

баптау туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Экран баптаулары» бөлімін (≈ 231-бет) қараңыз.

- Осы пайдалану нұсқаулығында келтірілген суреттер мысалдар болып келеді. Шынайы суреттер өткізу нарығына және жинақтамаға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

■ Сәлемдесу экраны және қоштасу экраны

Егер жүргізуші есігі ашылып жабылса, аз уақытқа сәлемдесу экраны пайда болады.

Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне бұралған кезде көп функциялы дисплей біртіндеп сөнеді (қоштасу экраны).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сәлемдесу экраны көрініп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылса, бұл экран жабылып қалады.

- Сәлемдесу экраны мен қоштасу экранын қосып немесе өшіріп қоюға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Экран баптаулары» бөлімін (☎ 231-бет) қараңыз.
- Сәлемдесу экраны қосылғаннан кейін біршама уақыт бойы ол тіпті жүргізуші есігі ашылып жабылса да қайта қосылмауы мүмкін. Бұл қандай да бір ақаулықтың белгісі емес.


■ Өзіндік диагностика экраны

ЕСКЕРТПЕ

Егер баптауларда «Қос.» мәні белгіленген болса, өзіндік диагностика экраны пайда болады. Бұл баптау туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Қосу/өшіру баптаулары» бөлімін (☎ 264-бет) қараңыз.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде автокөліктің өзіндік диагностикасы орындалады.

Төмендегі тармақтарға сәйкес экрандар әрқайсысы бірнеше секундтан бірінен кейін бірі пайда болады.



- 1) Мотор майы: мотор майын ауыстыру интервалын тексеру.
- 2) Май сүзгісі: май сүзгісін ауыстыру интервалын тексеру.
- 3) Шиналар: шиналарды орындарымен ауыстыру интервалын тексеру.
- 4) Диагностика және техникалық қызмет көрсету: диагностика және техникалық қызмет көрсету интервалын тексеру.

Тексеру орындалып жатқан кезде тексерілетін тармақтың белгісінің түсі айқынырақ көрінеді. Ауысу солдан оңға қарай рет-ретімен жүреді.

Хабарландыру болған жағдайда хабарлама көрсетіледі. Көрсетілген хабарлама негізінде қажетті әрекеттерді орындаңыз.


Өзіндік диагностика аяқталғаннан кейін бүгінгі күн, сақталған туған күндер мен жылдық мерекелер көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өткізгеннен кейін техникалық қызмет көрсетудің тиісті тармағының баптауларын өзгертіңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Техникалық қызмет көрсету баптаулары» бөлімін (☎ 263-бет) қараңыз.
- Техникалық қызмет көрсетудің қажеттігі туралы хабарландыру экраны келесі жағдайлардың бірінде көрсетіледі.
 - Тіркелген хабарландыру күніне дейін қалған уақыт 15 не одан аз күнді құрайды.
 - Тіркелген хабарландыруға арналған жүріп өтетін жолға дейін қалған жалпы жүріп өтетін жол шамамен 500 не одан аз км-ді құрайды.
- Техникалық қызмет көрсетудің қажеттігі туралы хабарландыру экраны келесі жағдайлардың бірі орындалғанға дейін көрсетіледі.
 - Тіркелген хабарландыру күнінен бастап өткен уақыт 15 не одан көп күнді құрайды.

– Тіркелген хабарландыруға арналған жүріп өтетін жолдан кейінгі жалпы жүріп өткен жол 500 не одан көп км-ді құрайды.

■ Қалқыма терезе




Үлгі

Ескертулер секілді пайдалы хабарламалар экранның ағымдағы көрінісін үзуі және дыбыс сигналын бере отырып, дисплейде пайда болуы мүмкін. Хабарламаға сәйкес қажетті шараларды қолданыңыз.

Қалқыма терезеден кейін дисплей бірнеше секундтан кейін бастапқы экранға қайтып оралады. Сонымен бірге «INFO» түймесін басу арқылы қалқыма терезені өткізіп жіберуге болады.

■ Негізгі операциялар




Басқару пернелерінің блогы

- 1) «INFO» түймесі.
- 2) ▲ (Жоғары).
- 3) I/SET (Енгізу).
- 4) ▼ (Төмен).

Негізгі экранда көрсетілетін позицияларды ауыстырып қосу үшін рульдегі «INFO» түймесін басыңыз. «▲», «▼» және «I/SET» пернелерінің көмегімен баптау экранындағы позицияларды басқара аласыз.

■ Негізгі экрандар

Негізгі экран оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған кезде көрсетіледі.



- 1) Сағат.
- 2) Климат-контроль жүйесі*.
- 3) Сыртқы ауа температурасы.
- 4) Ақпараттық экран.

* Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» күйінде тұрса, көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) көрсетілмейді.

▼ Сыртқы ауа температурасының индикаторы


Көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) сыртқы ауа температурасы көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы ауа температурасының индикаторында датчик аймағындағы температура көрсетіледі. Алайда төменде келтірілген жағдайларда температура дұрыс көрсетілмеуі немесе оның мәнінің жаңартылуы іркілуі мүмкін.
 - Тұраққа қойылған күйде немесе баяу жылдамдықпен қозғалғанда.
 - Сыртқы ауа температурасы күрт өзгергенде (мысалы, жерасты тұрақжайының аумағына кіргенде және шыққанда немесе туннельден өткенде).
 - Автокөлік біршама уақыт тұраққа қойылғаннан кейін қозғалтқышты оталдырғанда.
- Температура өлшем бірліктерін өзгерту мүмкін емес.

▼ Климат-контроль жүйесінің экраны

Көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) климат-контроль жүйесінің күйі көрсетіледі.



Климат-контроль жүйесінің экраны

- 1) Белгіленген температура индикаторы (сол жағы).
- 2) «FULL AUTO» индикаторы.
- 3) «AUTO» индикаторы.
- 4) Ауа ағындарының бөліну индикаторы.
- 5) Белгіленген температура индикаторы (оң жағы).
- 6) Ауа тартқышты басқару индикаторы.
- 7) «SYNC» индикаторы.
- 8) Желдеткіштің айналу жиілігінің индикаторы.
- 9) Кондиционер қосылуының индикаторы.

Климат-контроль жүйесімен жұмыс істегенде негізгі экран климат-контроль жүйесінің экранына ауыстырылып қосылады. Климат-контроль жүйесінің жұмысы туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Климат-контроль жүйесін басқару панелі» бөлімін (☞305-бет) қараңыз.

▼ Сағат

Сағат 12 сағаттық не 24 сағаттық форматта көрсетіле алады. Баптаулар туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)» бөлімін (☞265-бет) қараңыз.

▼ Ақпараттық экран

Ақпараттық экранда көрсетілетін позицияларды ауыстырып қосу үшін рульдегі «INFO» түймесін басыңыз.


Мазмұны	Сипаттамасы	Бет
Электр компоненттерінің жұмыстық күйінің экраны* ¹	Электр компоненттері мен жабдықтардың жұмыстық күйін көрсетеді.	245
Превентивті қауіпсіздік экраны	Автокөлігіңіздің күйін көрсетеді.	245
EyeSight* жүйесінің экраны* ²	EyeSight жүйесінің жұмыстық күйін көрсетеді.	246
Таңдаулы экраны	Таңдау бойынша 3 позицияға дейін көрсетеді.	246
Навигация жүйесінің экраны* ³	Навигация жүйесіне қатысты ақпаратты көрсетеді.	247
Аудиожүйе экраны* ³	Аудиожүйе ақпаратын көрсетеді.	248
Жанармай шығынының экраны	Жанармай шығыны туралы ақпаратты көрсетеді.	248
Сағат/күн экраны	Сағатты көрсетеді.	248
Нұсқаулықтар экраны	Баптаулар экранына ауысу.	249

*¹ Егер қарастырылған болса.

*² EyeSight жүйесі бар модельдер.

*³ Навигация жүйесі бар модельдер.

▽ Электр компоненттерінің жұмыстық күйінің экраны (қарастырылған болса)



- 1) SRVD жүйесі*¹.
 - 2) Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB)*¹.
 - 3) Қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескерту индикаторы*¹.
 - 4) Апат алдындағы тежеу функциясының индикаторы*¹.
 - 5) Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі*¹.
 - 6) Қапталды шолу камерасы*¹.
 - 7) Алдыңғы шолу камерасы*¹.
 - 8) Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі*¹.
- *¹ Егер қарастырылған болса.

Бұл экранда автокөліктің электр компоненттерінің жұмыстық күйі көрсетіледі.


Экранда электр компоненттері туралы ақпарат көрсетілуі мүмкін.

1. Мәзір экранына ауысу үшін «INFO» пернесін басып ұстап тұрыңыз.
2. Қажетті позицияны таңдау үшін «▲» не «▼» пернесін қолданыңыз.
3. Мәзірдің таңдалған тармағына кіру үшін «i/SET» пернесін тартыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікте орнатылмаған функциялардың көрсетілмейді. индикаторлары
- Жұмыс істемейтін функциялардың индикаторлары сұр түспен көрсетіледі.

▽ Превентивті қауіпсіздік экраны



- 1) Индикаторлар экраны.
- 2) Дөңгелектердің бұрылу бұрышы.
- 3) Автокөліктің күйі.
- 4) Қозғалыс жағдайлары.



- 1) Автокөліктің күйі.
- 2) X-MODE жүйесі.


Бұл экранда автокөліктің қозғалыс кезіндегі күйі және функциялардың жұмыстық күйі көрсетіледі. Жұмыс істеп тұрған функциялардың индикаторлары жанып не жыпылықтап тұрады.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік күйінің көрсеткіштері мен автокөліктің шынайы күйінің арасында айырмашылық болуы мүмкін.
- Егер X-MODE жүйесі қосулы болса, көп функциялы дисплей превентивті қауіпсіздік экранына ауысады.
- Автокөлік күйінің бұрышы жол бетінің көлбеу бұрышына ғана байланысты емес, автокөлік шанағының жолаушылардың,

жүктің, жылдамдықты үдетудің немесе баяулатудың әсерінен еңкеюінен де өзгереді.

▽ EyeSight жүйесінің экраны (EyeSight жүйесі бар модельдер)



- 1) Алда жүріп бара жатқан автокөліктің индикаторы.
- 2) Сіздің автокөлігіңіздің индикаторы.
- 3) Стоп-сигналдар.
- 4) Жолдың белгі сызығының индикаторы.
- 5) Қозғалыс жолағының индикаторы.
- 6) Қозғалыс жолағының ортасында ұстау функциясының индикаторы.
- 7) Руль индикаторы.

Бұл экран EyeSight жүйесінің күйін көрсетеді.

Алда жүріп бара жатқан автокөліктің индикаторы алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі арақашықтыққа байланысты ілгері және кейін қозғалады.

EyeSight жүйесі туралы толығырақ ақпарат алу үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша қосымшасын қараңыз.




▽ Таңдаулы экраны



Таңдаулы экраны (экран мазмұнының үлгісі)

Бұл экранда келесі позициялардың арасынан таңдауға болатын үш ақпараттық позицияға дейін көрсетіледі.

Позиция	Толық ақпарат
	Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы көрсетіледі.
	Мотор майының температурасы көрсетіледі.
	Автокөліктің орташа жылдамдығы көрсетіледі.
	Акселератор педалін басу коэффициенті көрсетіледі.
	Автокөліктің күйі көрсетіледі.
	Ағымдағы жанармай шығыны көрсетіледі.
	Автокөлік қозғалысының бағыты көрсетіледі*1.
	Қазіргі сәтте Сіз қозғалып келе жатқан жолдағы жылдамдық шектеуі көрсетіледі*1.

Позиция	Толық ақпарат
	Күнтізбе көрсетіледі.
	Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ақпараты көрсетіледі*1.
	Ештеңе көрсетілмейді.

*1 Егер қарастырылған болса.

ЕСКЕРТПЕ

Модельге және жинақтамаға байланысты кейбір позициялар көрсетілмеуі мүмкін.

Таңдаулылар экранында көрсетілетін позицияларды өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Таңдаулылар баптаулары» бөлімін (☎260-бет) қараңыз.

▽ Навигация жүйесінің экраны (қарастырылған болса)



Экранда навигация жүйесінің межелі орны туралы ақпарат көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Егер навигация жүйесінде межелі орын берілмеген болса, экранда компас, автокөліктің қазір жүріп келе жатқан жолының атауы мен белгілемесі, сондай-ақ жылдамдық шектеуі көрсетіледі.


▽ Аудиожүйе экраны



305115

Қазіргі сәтте таңдалып тұрған аудиодереккөздің экраны көрсетіледі. Аудиожүйені пайдалану тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін навигация жүйесінің/аудиожүйенің бөлек пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

▽ Жанармай шығынының экраны



306248

- 1) Пайдаланушы ақпараты (қарастырылған болса).
- 2) Жол есептегішінің әрқайсысы бойынша жүріп өткен жолдың қашықтығына сәйкес орташа жанармай шығыны.
- 3) Ағымдағы жанармай шығыны.
- 4) Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық.

Экранда жанармай шығыны туралы ақпарат көрсетіледі.

Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушіні анықтаған болса, жүргізушіге арналған орташа жанармай шығыны көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын қашықтық индикаторының көрсеткіштері – шамамен алынған көрсеткіштер. Көрсетілген шама

қалған жанармаймен жүріп өтуге болатын шынайы қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан жанармайдың төмен деңгейінің ескерту шамы жанған кезде кідірместен автокөлікке жанармай құйып алуыңыз қажет.

▽ Сағат/күн экраны



305117

Уақыт және күн көрсетіледі.


Уақытты және күнді таңдауыңызға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)» бөлімін (☎265-бет) қараңыз.

▽ Нұсқаулықтар экраны



Осы экран ашық тұрғанда рульдегі «INFO» түймесін басып ұстап тұрсаңыз, баптаулар экранын шығаруыңызға болады.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) мәзір экранына ауысу экраны көрсетілсе, «INFO» түймесі басылып, ұсталып тұрса да, жүйе баптаулар экранына ауыспайды.

■ Баптаулар экраны

1. Нұсқаулықтар экранында «INFO» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Жоғарғы деңгей мәзірі көрсетіледі.
2. «▲» және «▼» пернелерінің көмегімен жоғарғы деңгей мәзірінде қажетті мәзірді таңдаңыз.
3. Таңдалған мәзірге кіру үшін «i/SET» пернесін тартыңыз.
4. «▲» және «▼» пернелерінің көмегімен 2-ші деңгей мәзірінде қажетті мәзірді таңдаңыз.
5. Таңдалған мәзірге кіру үшін «i/SET» пернесін тартыңыз.

250 Көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей)

Төменде мәзір тармақтарының тізімі келтірілген.

Баптауларын тоқтап тұрған кезде жүргізуге болатын позициялар

Жоғарғы деңгей мәзірі	2-ші деңгей мәзірі	Сипаттамасы		Бет
Күн*1	Туған күн	Туған күнді белгілеу.		254
	Жылдық мереке	Жылдық мереке күнін белгілеу.		254
	Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—
Уақыт/Күн*2	Уақыт/Күн	Уақытты және күнді белгілеу және өзгерту. Уақытты көрсетудің 12 сағаттық және 24 сағаттық форматын таңдауға болады.		254
	Туған күн	Туған күнді белгілеу.		254
	Жылдық мереке	Жылдық мереке күнін белгілеу.		254
	Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі*3	Бетті сканерлеуді қайталау	Пайдаланушыны анықтауды орындау.	Иә немесе Жоқ	255
	Пайдаланушыны анықтау	Пайдаланушыны анықтауды қосу немесе өшіру.	Қосулы не өшірулі	259
	Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқы шегінуі	Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқы шегіну функциясын қосу немесе өшіру.	Қосулы не өшірулі	259
	Пайдаланушыны тіркеу	Пайдаланушыны тіркеу.		255
	Пайдаланушы баптауларын жаңарту	Жүргізушінің күйін қайталап тіркеу.		258
	Жүргізушінің күйін жою	Жүргізушінің тіркелген күйін жою.		259
	Пайдаланушыны жою	Тіркелген пайдаланушыны жою.		257
	Барлық пайдаланушыны жою	Барлық тіркелген пайдаланушыны жою.	Иә немесе Жоқ	258
Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—	

Жоғарғы деңгей мәзірі	2-ші деңгей мәзірі	Сипаттамасы		Бет
Дисплей/Дыбыс сигналы	Дисплейдің өшірілуі	Дисплейдің өшірілуі.	Иә немесе Жоқ	260
	Таңдаулы	Көп позициялық экранды орнату және баптау.		260
	Қалқыма терезе	Әрбір позицияға арналған қалқыма терезені баптау.	Қосұлы не өшірулі	260
	Дыбыс сигналы	Дыбыс сигналының күшін реттеу.	Жоғары, төмен немесе өшірулі	261
	Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—
Климат-контроль жүйесі	Режимді баптау	Климаттың негізгі параметрлерін баптау.	Қалыпты, жұмсақ, экологиялық немесе күшті	261
	Жолаушының отыруын анықтау	Жолаушыға байланысты климат-контроль жүйесінің жұмысын баптау.	Қосұлы не өшірулі	261
	Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—
Камера баптаулары*3	Жарықтық	Дисплейдің жарықтығын баптау және реттеу.		262
	Контраст	Дисплейдің контрастылығын баптау және реттеу.		262
	Камераны ауыстырып қосу	Камераны ауыстырып қосуды баптау.	Қосұлы не өшірулі	262
	Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—

252 Көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей)

Жоғарғы деңгей мәзірі	2-ші деңгей мәзірі	Сипаттамасы		Бет
Техникалық қызмет көрсету	Мотор майы	Майды ауыстыру қажеттігін хабарландыру күнін белгілеу және өзгерту.		263
	Май сүзгісі	Май сүзгісін ауыстыру қажеттігін хабарландыру күнін белгілеу және өзгерту.		263
	Шиналар	Шиналардың орындарын ауыстыру қажеттігін хабарландыру күнін белгілеу және өзгерту.		263
	Техникалық қызмет көрсету кестесі	Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қажеттігін хабарландыру күнін белгілеу және өзгерту.		263
	Қосулы / Өшірулі	Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырғанда қосылатын өзіндік диагностика экранын қосу немесе өшіру.	Қосулы не өшірулі	264
	Барлық баптауды жою	Техникалық қызмет көрсету позициялары бойынша барлық баптауды жою.	Иә немесе Жоқ	264
	Кері қайту	1-ші деңгей мәзіріне кері қайту.		—
Инициализация	—	Барлық баптауды олардың әдепкі қалып бойынша мәндеріне дейін нөлдеу.	Иә немесе Жоқ	264
Кері қайту	—	Баптаулар экранына қайту.		—

*1 SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер.

*2 SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер.

*3 Егер қарастырылған болса.

Баптауларын қозғалып бара жатқан кезде жүргізуге болатын позициялар

Мәзір	Сипаттамасы		Бет
Дисплейдің өшірілуі	Дисплейдің өшірілуі.	Иә немесе Жоқ	260
Уақыт*	Сағатты орнату.		254
Кері қайту	Баптаулар экранына қайту.		—

* SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер.

Қауіпсіздік себептеріне байланысты біз баптаулар жүргізген кезде автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып қоюға кеңес береміз.

▼ Күн және уақыт баптаулары

Күнді, уақытты орнатуыңызға және уақыттың көрсетілу форматын 12 сағаттық не 24 сағаттық етіп баптауыңызға болады.

▼ Ағымдағы күн мен уақытты орнату

Сағат туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)» бөлімін (☎265-бет) қараңыз.

▼ Туған күнді белгілеу

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мезірінде «Туған күн» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Тізімнен тіркегіңіз келетін нөмірді таңдаңыз.



3. Басқару пернелерінің көмегімен күнді және мәтінді енгізіңіз.

4. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Ең көбі 5 туған күнді сақтауыңызға болады.

Егер туған күн жақындап қалса, оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғанда ескерту экраны көрсетіледі. Бұл функцияны қосып немесе өшіріп қоюға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Қалқыма терезе баптаулары» бөлімін (☎260-бет) қараңыз.

▼ Жылдық мереке күнін белгілеу

1. Жылдық мереке күнін белгілеу рәсімі 1-ші қадамда «Жылдық мереке» тармағының таңдалатынын қоспағанда «Туған күнді белгілеу» бөлімінде (☎254-бет) келтірілген рәсімге ұқсас.

ЕСКЕРТПЕ

Ең көбі 5 жылдық мереке сақтауыңызға болады.

▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптаулары (орнатылған болса)

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптауларын енгізуіңізге болады.

▼ Бетті сканерлеуді қайталау

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Бетті сканерлеуді қайталау» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Бетті қайталап сканерлеуді қосу үшін «Иә» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.
3. Жүргізушінің орындығына отырыңыз, бетіңізді алдыға бұрыңыз да, бірнеше секунд күте тұрыңыз.



Пайдаланушыны анықтау аяқталғаннан кейін сәлемдесу экраны пайда болады, содан кейін пайдаланушы ақпаратына сәйкес келетін негізгі экранға ауысу орын алады.

▼ Пайдаланушыны тіркеу


1. Артқы жүріспен жүрген кезде көлікті жүргізетін дұрыс қалыпта отыру үшін орындықтың күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы жүріспен жүрген кезде орындықтың күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеуден кейін пайдаланушыны тіркеуді іске қосыңыз. Егер оларды реттеу

пайдаланушыны тіркеу кезінде жүзеге асырылса, реттеу үзіле тұруы мүмкін. «Реттеулердің электр жетегі бар орындық» бөлімін (☎40-бет) немесе «Сыртқы айналар» бөлімін (☎294-бет) қараңыз.

- Егер оталдыру жүйесінің құлпы пайдаланушыны тіркеу аяқталғанға дейін «OFF» күйіне ауыстырылған болса, артқы жүріспен жүрген кезде орындық күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеу туралы ақпарат сақталмайды.
2. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Пайдаланушыны тіркеу» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



3. Тізімнен тіркегіңіз келетін нөмірді таңдаңыз.




4. Тіркеу үшін бетті сканерлеуді іске қосу үшін «Орнату» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

5. Жүргізушінің орындығына отырыңыз, бетіңізді алдыға бұрыңыз да, бірнеше секунд күте тұрыңыз.



Экран ауыстырып қосылғаннан кейін тіркеу үшін бетті сканерлеу аяқталады.



- A) Алдыға бағыттау.
 B) Дисплейге бағыттау.
 1) Бетіңізді алдыға қаратыңыз.
 2) Иегіңізді түсірмеңіз.
 3) Бетіңізді дисплейге қаратыңыз.
 * Дисплей

ЕСКЕРТПЕ

- Егер пайдаланушыны тіркеуді орындау мүмкін емес болса, бетіңізді суретте көрсетілгендей етіп алдыға бұрыңыз, содан кейін оны дисплейге қарай бұрыңыз.
- «Тіркеу мүмкін емес» хабарламасы пайда болса, 4-қадамнан бастап рәсімді қайталаңыз.
- Кейбір жағдайларда пайдаланушыны тіркеуді дұрыс орындау мүмкін емес. Мұндай жағдайларда «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» бөлімін (☎445-бет) қараңыз.



6. Басқару пернелерінің көмегімен мәтінді енгізіңіз.
7. Басқару пернелерінің көмегімен қажетті белгілерді таңдаңыз.
8. Баптаулар экранынан шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Пайдаланушыны тіркеуді орындауды ұсынатын экран келесі жағдайларда пайда болады.
 - Егер жүргізуші пайдаланушыны тіркеуді аяқтамаған болса.
 - Егер 4 не одан аз тіркелген пайдаланушы бар болса.
- Экранды көрсету үшін 3-ші қадамда басқару пернелерінің көмегімен «Иә» нұсқасын таңдаңыз. Пайдаланушыны тіркеуді аяқтау үшін тіркеу рәсімін орындаңыз.
 - Бұрыннан бар пайдаланушы туралы ақпаратты тіркелген нөмірді таңдау арқылы қайта жазуға болады. Пайдаланушыны тіркеуді қайта жазған жағдайда жанармай шығыны туралы жеке деректер нөлденеді.

- Егер «Пайдаланушыны анықтау» тармағында «Өшірулі» мәні белгіленген болса, пайдаланушыны тіркеуді таңдау мүмкін болмайды.

▽ Пайдаланушыны жою

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Пайдаланушыны жою» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Тізімнен жойғыңыз келетін нөмірді таңдаңыз.



3. Нөмірді жою үшін «Иә» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.

▽ Барлық пайдаланушыны жою

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Барлық пайдаланушыны жою» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Барлық пайдаланушыны жою үшін «Иә» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.

▽ Пайдаланушы баптауларын жаңарту

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Пайдаланушы баптауларын жаңарту» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Жүргізушінің күйін қайта тіркеу үшін «Орнату» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы жүріспен жүрген кезде орындықтың күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеуден кейін пайдаланушыны тіркеуді іске қосыңыз. Егер оларды реттеу пайдаланушыны тіркеу кезінде

жүзеге асырылса, реттеу үзіле тұруы мүмкін. «Реттеулердің электр жетегі бар орындық» бөлімін (☞40-бет) немесе «Сыртқы айналар» бөлімін (☞294-бет) қараңыз.

- Егер оталдыру жүйесінің құлпы пайдаланушыны тіркеу аяқталғанға дейін «OFF» күйіне ауыстырылған болса, артқы жүріспен жүрген кезде орындық күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеу туралы ақпарат сақталмайды.

▽ Жүргізушінің күйін жою

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Жүргізушінің күйін жою» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.



2. Жүргізушінің күйін жою үшін «Иә» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.

▽ Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқы шегінуі

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқы шегінуі» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.



2. Автоматты түрде отырғызу/түсіру функциясын қосу не өшіру үшін басқару пернелерінің көмегімен «Қосұлы» не «Өшірулі» нұсқасын таңдаңыз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз.

Алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▽ Пайдаланушыны анықтау баптаулары

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Пайдаланушыны анықтау» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.



2. Пайдаланушыны анықтауды қосу не өшіру үшін басқару пернелерінің көмегімен «Қосұлы» не «Өшірулі» нұсқасын таңдаңыз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▼ Дисплейдің дыбыс сигналының баптаулары

Дисплейдің және дыбыс сигналының дыбыс деңгейінің баптауларын енгізуіңізге болады.

▼ Дисплейдің өшірілуін баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Дисплейдің өшірілуі» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Экранды өшіру үшін «Иә» нұсқасын таңдаңыз. Алдыңғы экранға оралу үшін «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.

Дисплейдің қосылуы

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» не «ACC» күйіне ауыстырылғаннан кейін «INFO» пернесін бассаңыз, дисплей қосылады. Қосылған кезде дисплейде ол

өшірілгенге дейін көрсетіліп тұрған экран көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

Экран өшіріліп тұрғанда климат-контроль жүйесімен жұмыс істеген кезде климат-контроль жүйесінің экраны ғана қосылады.

▼ Таңдаулы баптаулары

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Таңдаулы» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен қажетті позицияларды таңдаңыз. Позициялар туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Таңдаулы экраны» бөлімін (☎246-бет) қараңыз.

3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ең көбі 3 жылдық мереке сақтауыңызға болады.
- Сол жақ, ортаңғы немесе оң жақ күй үшін бір мезгілде бір ғана тармақты таңдауға болмайды.

▼ Қалқыма терезе баптаулары


1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Қалқыма терезе» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Позициялардың көрсетілуін қосу не өшіру үшін басқару пернелерінің көмегімен «Қосулы» не «Өшірулі» нұсқасын таңдаңыз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▽ Растау сигналдарын баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Дыбыс сигналы» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен дыбыс сигналының дыбыс деңгейін белгілеңіз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды


қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▼ Климат-контроль жүйесінің баптаулары

Климат-контроль жүйесінің баптауларын орындауыңызға болады.

▽ Режимді баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Режимді баптау» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.




2. Басқару пернелерінің көмегімен «Қалыпты», «Жұмсақ», «Күшті» не «Экологиялық» нұсқасын таңдаңыз. «Режимді баптау» параметрі туралы толық ақпарат алу үшін «Климат-контроль жүйесінің автоматты режимінің пайдаланушылық баптауы (көп функциялы дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі) бар

модельдер)» бөлімін (☞310-бет) қараңыз.

3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▽ Жолаушының отыруын анықтау баптаулары

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Жолаушының отыруын анықтау» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.




2. Жолаушының отыруын анықтауды қосу не өшіру үшін басқару пернелерінің көмегімен «Қосұлы» не «Өшірулі» нұсқасын таңдаңыз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▼ Камера баптаулары (қарастырылған болса)

Алдыңғы шолу камерасының көрінісін баптауыңызға болады.

▽ Жарықтық баптаулары


1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Жарықтық» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞ 249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен жарықтық деңгейін таңдаңыз.
3. Баптауларды растау үшін «I/SET» пернесін басыңыз.

▽ Контрастылық баптаулары

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Контраст» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞ 249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен контрастылық деңгейін таңдаңыз.
3. Баптауларды растау үшін «I/SET» пернесін басыңыз.

▽ Камераны ауыстырып қосуды баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Камераны ауыстырып қосу» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞ 249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен «Қосұлы» не «Өшірулі» нұсқасын таңдаңыз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▼ Техникалық қызмет көрсету баптаулары

Техникалық қызмет көрсету қажеттігі туралы ескертулерді баптауыңызға болады.

▽ Мотор майын ауыстыру қажеттігін хабарлауды баптау

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мезірінде «Мотор майы» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөліміне (☞ 249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен ескертудің күні мен жүріп өтетін жолды белгілеңіз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Хабарландыруға дейінгі жүрілетін жолды әдепкі қалып бойынша мәнге өзгерту үшін «Жаңарту» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды

қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ескерту не күн бойынша, не жүріп өтетін жол бойынша баптауларға сәйкес көрсетіледі.
- Қалқыма экран тіпті «Күн» не «Жүріп өткен жол» «_ _» түрінде көрсетілсе де пайда болады.
- Ескерту келесі шарттардың бірінің орындалуына дейін көрсетіледі.
 - Тіркелген хабарландыру күнінен бастап өткен уақыт 15 не одан көп күнді құрайды.
 - Тіркелген хабарландыруға арналған жүріп өтетін жолдан кейінгі жалпы жүріп өткен жол 500 не одан көп км-ді құрайды.

▽ Май сүзгісін ауыстыру қажеттігін хабарлауды баптау

Баптау рәсімі «Мотор майын ауыстыру қажеттігін хабарлауды баптау» бөліміне (☞ 263-бет) ұқсас, алайда 1-ші қадамда «Май сүзгісі» тармағын таңдаңыз.

▽ Шиналардың орындарын ауыстыру қажеттігін хабарлауды баптау

Баптау рәсімі «Мотор майын ауыстыру қажеттігін хабарлауды баптау» бөліміне (☞ 263-бет) ұқсас, алайда 1-ші қадамда «Шиналар» тармағын таңдаңыз.

▽ Техникалық қызмет көрсету кестесін баптау

Баптау рәсімі «Мотор майын ауыстыру қажеттігін хабарлауды баптау» бөліміне (☞ 263-бет) ұқсас, алайда 1-ші қадамда «Техникалық қызмет көрсету кестесі» тармағын таңдаңыз.

▽ Қосылу/өшірілу баптаулары

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Қосылу/Өшірілу» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен ашылатын экранның қосылуын не өшірілуін таңдаңыз.
3. Баптаулар режимінен шығу үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз. Өзгертілген баптауларды қолданбастан алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

▽ Баптауларды жою

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Барлық баптауды жою» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен «Иә» не «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.

▼ Инициализация

Өзіңіздің қалауыңыз бойынша орнатылған позицияларды инициализациялауыңызға болады.

1. Баптаулар экранындағы 2-ші деңгей мәзірінде «Инициализация» тармағын таңдаңыз. «Баптаулар экраны» бөлімін (☎249-бет) қараңыз.



2. Басқару пернелерінің көмегімен «Иә» не «Жоқ» нұсқасын таңдаңыз.

■ Ашық бастапқы код бағдарламасы бойынша бастапқы кодты алу

Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал туралы ақпарат.

Бұл бұйымға ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал (FOSS) орнатылған.

Мұндай бағдарламалық құралдың лицензиялық ақпаратын және/немесе бастапқы кодын төменде көрсетілген мекенжай бойынша табуға болады.

<http://www.globaldenso.com/en/opensource/ivi/subaru/>

Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)


SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі немесе аудиожүйесі бар модельдерде сағатты не автоматты түрде, не қолмен реттеу режимінде реттеуге болады.

- Автоматты режим: сағаттың автоматты реттелуі.
- Қолмен реттеу режимі: сағаттың қолмен реттелуі.


■ Сағаттың қолмен реттелуі

▼ «А» типті көп функциялы дисплей (қара-ақ)

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.



2. «🏠» түймесін басыңыз.
3. «Баптаулар» түймесін түртіңіз.
4. «Автокөлік» түймесін түртіңіз.
5. «Уақыт/Күн» түймесін, содан кейін «Қолмен реттеу режимі» түймесін түртіңіз.



6. Сағаттың жанындағы «+» не «-» түймесін басыңыз.


▼ Уақытты көрсетудің 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматын баптау

Сағатты уақытты көрсетудің 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматына орнатуға болады. Уақытты көрсету форматын ауыстырып қосу үшін келесі рәсімді орындаңыз.


1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне қойыңыз.
2. Сағат дисплейінің жанында орналасқан «-» түймесін басып, шамамен 5 секундтай ұстап тұрыңыз. Сағат дисплейі жыпылықтай бастайды.
3. Сағат дисплейі жыпылықтап тұрғанда «+» түймесін басып, 2 секундтай ұстап тұрыңыз. Уақытты көрсету форматы өзгереді.
4. Сағат дисплейі уақытты көрсету форматы өзгергенін көрсетіп, тағы 3 секундтай жыпылықтап тұрады.

▼ «В» типті көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей)

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.



2. «🏠» түймесін басыңыз.
3. «Баптаулар» түймесін түртіңіз.
4. «Автокөлік» түймесін түртіңіз.
5. «Уақыт/Күн» түймесін, содан кейін «Қолмен реттеу режимі» түймесін түртіңіз.



6. «Плюс» және «минус» түймелерінің көмегімен әрбір позицияны орнатыңыз.
7. Сағатты баптауды аяқтау үшін «☑» түймесін түртіңіз.


Алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Уақытты реттеңіз, содан кейін уақытты көрсетудің 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматын таңдаңыз.
- Туған күндер/жылдық мерекелер және техникалық қызмет көрсету күндері туралы ескерту функциясы көп функциялы дисплейдегі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдегі) уақытқа және күнге негізделеді.

■ Сағаттың автоматты реттелуі

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.



2. «» түймесін басыңыз.
3. «Баптаулар» түймесін түртіңіз.
4. «Автокөлік» түймесін түртіңіз.
5. «Уақыт/Күн» түймесін, содан кейін «Автоматты режим» түймесін түртіңіз.
6. Баптауларды аяқтау үшін «» түймесін қайта басыңыз.

▼ **Навигация жүйесі бар модельдер**
GPS сигналы қолжетімді болса, сағат автоматты түрде реттеледі.

▼ Навигация жүйесі жоқ модельдер

Егер смартфон телефон кітапшасының деректерін беру үшін Bluetooth® арнасы арқылы қосылған болса, сағат автоматты түрде бапталады және реттеледі.

1. Смартфонды аудиожүйеге тіркеңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін навигация жүйесінің/аудиожүйенің қосымша нұсқаулығындағы «Bluetooth баптаулары» бөлімін қараңыз.
2. Телефон кітапшасының деректерін жүйеге көшіріңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін навигация жүйесінің/аудиожүйенің қосымша нұсқаулығындағы «Bluetooth баптаулары» бөлімін қараңыз. Сағат автоматты түрде реттеледі.

ЕСКЕРТПЕ

Смартфон моделіне байланысты байланыстырылған смартфонның баптауларын өзгерту қажет болуы мүмкін. (Мысалы, iOS немесе басқа модельдер үшін хабарламаларды іске қосу қажет болуы мүмкін.)

Толық ақпарат алу үшін байланыстырылған смартфондардың пайдалану нұсқаулықтарын қараңыз.

■ Реттеуші ақпарат




«Bluetooth®» тауарлық белгісінің сөздік белгілемесі мен логотиптері – «Bluetooth SIG, Inc.» компаниясына тиесілі тіркелген сауда маркалары.

Сағат (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер)

■ Сағаттың қолмен реттелуі

▼ «А» типті көп функциялы дисплей (қара-ақ)

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.




2. Сағаттың жанындағы «+» не «-» түймесін басыңыз.

▼ Уақытты көрсетудің 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматын баптау

Сағатты уақытты көрсетудің 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматына орнатуға болады. Уақытты көрсету форматын ауыстырып қосу үшін келесі рәсімді орындаңыз.

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне қойыңыз.
2. Сағат дисплейінің жанында орналасқан «→» түймесін басып, шамамен 5 секундтай ұстап тұрыңыз. Сағат дисплейі жыпылықтай бастайды.
3. Сағат дисплейі жыпылықтап тұрғанда «+» түймесін басып, 2 секундтай ұстап тұрыңыз. Уақытты көрсету форматы өзгереді.
4. Сағат дисплейі уақытты көрсету форматы өзгергенін көрсетіп, тағы 3 секундтай жыпылықтап тұрады.


▼ «B» типті көп функциялы дисплей (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей)




ЕСКЕРТПЕ

Аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) мәзір экранына ауысу экраны көрсетілсе, «INFO» түймесі басылып, ұсталып тұрса да, жүйе баптаулар экранына ауыспайды. Сағатты реттемес бұрын міндетті түрде аспаптар тақтасының дисплейін (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейді) мәзір экранына ауысу экранынан өзге экранға ауыстырыңыз.


1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.




- 1) «INFO» түймесі.
2. Нұсқаулықтар экранын көрсету үшін рульдегі «INFO» түймесін басыңыз.




3. Нұсқаулықтар экраны көрсетіліп тұрғанда рульдегі «INFO» түймесін басып ұстап тұрыңыз. Экран баптаулар экранына ауысады.



- 1) ▲ (Жоғары).
- 2) i/SET (Енгізу).
- 3) ▼ (Төмен).
4. Позицияны таңдау үшін «▲» не «▼» пернесін қолданыңыз.



5. «Уақыт/Күн» тармағын таңдаңыз да, «I/SET» пернесін тартыңыз.



6. «Уақыт/Күн» тармағын таңдаңыз да, «I/SET» пернесін тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер «Сағатты реттеу» параметрі қолмен реттеу режиміне қойылмаған болса, «Уақыт/Күн» тармағын таңдау мүмкін емес. 2–5 қадамдарын міндетті түрде орындаңыз.



7. Баптауыңызға болатын позицияларды парақтау үшін «▲», «▼» пернелерін қолданыңыз.
- (1) Өзгертіңіз келетін позицияны таңдау үшін «I/SET» пернесін қолданыңыз.
 - (2) Позицияларды реттеу үшін «▲», «▼» пернелерін қолданыңыз.
8. Сағатты баптауды аяқтау үшін «Орнату» тармағын таңдаңыз да, «I/SET» пернесін тартыңыз. Алдыңғы экранға қайту үшін «Кері қайту» тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Туған күндер/жылдық мерекелер және техникалық қызмет көрсету күндері туралы ескерту функциясы көп функциялы дисплейдегі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдегі) уақытқа және күнге негізделеді.

Жарық ауыстырып қосқышы

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалтқыш өшіп тұрғанда жарық аспаптарын ұзақ уақыт бойы пайдалану аккумулятор батареясының зарядының таусылуына алып келуі мүмкін.
- Автокөліктен шығар алдында жарық ауыстырып қосқышының өшірулі күйге қойылғанына көз жеткізіңіз. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы жарық ауыстырып қосқышы өшірулі күйден басқа қандай да бір күйге қойылған қалпында тұратын болса, бұл аккумулятор батареясы зарядының таусылуына алып келуі мүмкін.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі бар модельдер Жарық ауыстырып қосқышы қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «ACC» не «ON» электрмен қоректендіру режимі орнатылған болса ғана жұмыс істейді. Егер электрмен қоректендіру қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен өшірілген болса, жарық ауыстырып

қосқышының қандай күйде тұрғанына қарамастан жарық өшіріледі.

Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі жоқ модельдер Жарық ауыстырып қосқышы оталдыру жүйесінің кілті оталдыру жүйесінің құлпына сұғылған болса ғана жұмыс істейді.

Егер кілт оталдыру жүйесінің құлпынан шығарылған болса, жарық ауыстырып қосқышының қандай күйде тұрғанына қарамастан жарық өшіріледі.

ЕСКЕРТПЕ


Жарық ауыстырып қосқышын тіпті келесі жағдайларда да (фаралардың автоматты түрде қосылуын/өшірілуін қоспағанда) қолдануға болады.

- Егер кілт оталдыру жүйесінің құлпына сұғылмаған болса (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі жоқ модельдер).
- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөліктің «OFF» электрмен қоректендіру режимі орнатылған болса (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі бар модельдер).

Егер мұндай жағдайларда фаралар қосуды тұрғанда жүргізушінің есігі

ашылатын болса, жүргізушіге жарықтың қосуды екенін хабарлайтын бір реттік дыбыс сигналы беріледі.

■ Фаралар



- 1) Екінші күй.
- 2) Бірінші күй.
- 3) Автоматты режим күйі (қарастырылған болса).
- 4) Өшірілген күй.

Фараларды қосу үшін бұрылыс көрсеткіштері иінірегінің ұшында орналасқан тұтқаны бұраңыз.

Екінші күй

Фаралар, алдыңғы габарит жарықтары, аспаптар тақтасының жарығы, артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығы қосылуы.

Бірінші күй

Алдыңғы габарит жарықтары, аспаптар тақтасының жарығы, артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығы қосылуы.

Автоматты режим күйі: фаралар жарығының автоматты түрде қосылуы/өшірілуі (қарастырылған болса)


Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрғанда фаралар, алдыңғы габарит жарықтары, аспаптар тақтасының жарығы, артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығы жалпы жарықтандыру деңгейіне байланысты автоматты түрде қосылады не өшіріледі.

Өшірілген күй

Фаралар толық өшірілген.

ЕСКЕРТПЕ

• Фаралар жарығының автоматты түрде қосылуы/өшірілуі жүйесінің сезімталдығын өзіңіздің SUBARU дилеріңізде өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.


• Егер жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұрса, ал автокөліктің сыртында қараңғы түскен кезде фаралар қосылмаса, жарық ауыстырып қосқышын «» күйіне ауыстырыңыз. Егер бұл жағдай орын алса, автокөлігіңізді тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.

▼ Фаралардың өшірілу кідірісін баптау

Фаралардың өшірілуін кідірту функциясы түнде немесе қараңғы жерде автокөліктен жайлы түсу үшін фаралар мен сыртқы жарықты қосылу күйінде қалдыруға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

Фаралардың және сыртқы жарықтың жұмыс істеу ұзақтығының зауыттық баптауы (әдепкі қалып бойынша) 30 секундты құрайды. Бұл баптауды SUBARU дилеріңде «Өшірулі» нұсқасына (функция жұмыс істемейді), 30 секундқа, 60 секундқа не 90 секундқа өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.




Егер оталдыру жүйесінің құлпы өшірілген болса, ал жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» (қарастырылған болса) не «OFF» күйінде тұрса, онда бұрылыс көрсеткіштерінің иінірегін өзіңізге тартсаңыз, фаралардың таяу жарығы және кейбір сыртқы жарық аспаптары төмендегідей жолмен қосылады.

- Жүргізуші есігі жабылғаннан кейін 30 секундқа қосылады.
- Қашықтан қолжетімділік салпыншағында/қашықтан басқару пультінде құлыптау түймесін қатарынан екі рет баспайынша қосылады.
- Есік тұтқасындағы есіктерді құлыптау датчигін қатарынан екі рет түртпейінше қосылады (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі бар модельдер).

ЕСКЕРТПЕ

- Фаралардың өшірілуін кідірту функциясы қосулы тұрғанда төменде келтірілген операциялардың кез келгенін орындайтын болсаңыз, фаралар мен сыртқы жарық аспаптары өшеді.
 - Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.
 - Бұрылыс көрсеткіштерінің иіңтірегін өзіңізге қарай тартыңыз.
 - Жарық ауыстырып қосқышын «AUTO» (қарастырылған болса) және «OFF» күйінен өзге күйге қойыңыз.
- Егер жүргізуші есігі ашылмаған және жабылмаған болса, бұл жарық аспаптары 3 минуттан кейін өшеді.

- ▼ Фаралардың автоматты түрде қосылу/өшірілу жүйесінің датчигі (жаңбыр/жарық датчигі) (орнатылған болса)





Датчик суретте көрсетілгендей алдыңғы айнекте орналасқан.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер датчикте немесе оның жанында қандай да бір зат бекітілген болса, датчик жалпы жарықтандырудың деңгейін дұрыс анықтамауы мүмкін және фаралар жарығын автоматты түрде өшіру/қосу жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.


- Фаралардың таяу/шалғай жарығының ауыстырып қосқышы



Фаралардың таяу жарығын шалғай жарыққа ауыстыру үшін бұрылыс көрсеткіштерінің иіңтірегін алға жылжытыңыз. Фаралардың шалғай жарығы қосылғаннан кейін аспаптар тақтасында фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы «» жанады.

Фараларды таяу жарыққа ауыстырып қосу үшін иіңтіректі артқа қарай ортаңғы күйге жылжытыңыз.


■ Фаралармен «жыпылықтау»



▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Фаралармен «жыпылықтау» кезінде фаралардың шалғай жарығын бірнеше секундтан ұзақ қоспаңыз.

Фаралармен «жыпылықтау» үшін бұрылыс көрсеткішінің ауыстырып қосқышының иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз да, жіберіңіз. Фаралардың шалғай жарығы иінтіректі ұстап тұрған уақытқа ғана қосылады. Фаралармен «жыпылықтау» тіпті жарық ауыстырып қосқышы өшірілген күйде тұрған кезде де мүмкін болады.

Фаралардың шалғай жарығы қосылғаннан кейін аспаптар тақтасында фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы «» жанады.

■ Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы (қарастырылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

- Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы алдыңғы әйнектің үстіңгі жағына орнатылған стереокамераны қолданады.
- Стереокамераны пайдалану туралы толық ақпарат автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша қосымшасында келтірілген.

Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы фаралардың жұмыс режимін автоматты түрде шалғай жарықтан таяу жарыққа (немесе керісінше) өзгертеді. Төменде келтірілген шарттардың барлығы орындалған жағдайда фаралардың жұмыс режимі шалғай жарыққа ауыстырылады.

- Егер автокөлік жылдамдығы берілген деңгейге жетсе немесе одан асса.
- Алда жүріп бара жатқан автокөліктер жоқ.
- Автокөліктің алдындағы аймақ қараңғы.

Төменде келтірілген шарттардың кез келгені сақталған жағдайда фаралардың жұмыс режимі таяу жарыққа ауыстырылады.

- Егер автокөлік жылдамдығы берілген деңгейге дейін не одан төмен түсетін болса.
- Егер автокөліктің алдындағы аймақ жарықтандырылған болса.

- Егер алда жүріп бара жатқан немесе қарсы келе жатқан автокөлік бар болса.

ЕСКЕРТПЕ


- Автокөліктің берілген жылдамдығы модельге байланысты.
- Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясының мүмкіндіктерін тым асыра бағаламаңыз. Жүргізуші әрдайым қоршаған ортадағы жағдайды түсіну үшін, жүргізу қауіпсіздігі үшін және, қажет болса, фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстыру үшін жауапкершілік көтереді.
- Бұл функцияның зауыттық баптауы (өдепкі қалып бойынша баптауы) «қосулы» күйі болып саналады. Бұл баптауды SUBARU дилеріне «өшірулі» (функция өшірулі) күйіне өзгерттіріп алуға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▼ Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясын пайдалану тәртібі

Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы төмендегі шарттар орындалған жағдайда қосылады.

- Жарық ауыстырып қосқышы автоматты режим күйінде тұр және автоматты түрде фаралардың таяу жарығы қосылған.


- Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі алға қарай басылған.



Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті)

Егер фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы қосылған болса, аспаптар тақтасында фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы (жасыл түсті) қосылады.

Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ақаулығы



Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті)

Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясында ақаулық болса, аспаптар тақтасында фаралардың шалғай жарық көмекшісінің ескерту шамы (сары түсті) қосылады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге тексеру жүргізу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясының жұмысын уақытша тоқтату

Егер фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясының жұмысы нашар көрінгіштік не аномальды температура себебіне байланысты уақытша тоқтатылса, аспаптар тақтасында

хабарлама пайда болады. Бұл күй аяқталған кезде жүйенің жұмысы қалпына келеді.

ЕСКЕРТПЕ



Тіпті фаралардың шалғай жарық көмекшісінің жұмыс істеу шарттары сақталса да, фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы өшпейтін және аномальды күй туралы ескерту берілетін жағдай болуы мүмкін. Бұл жағдайда оталдыру жүйесінің құлпын «OFF» күйіне, содан кейін қайтадан «ON» күйіне қойыңыз. Фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамының қосылған-қосылмағанын тексеріңіз. Егер бақылау шамы қосылмаса, автокөлікті тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▼ Фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстырып қосу тәртібі

Таяу жарыққа ауыстырып қосу

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін орталық күйге қайтарсаңыз, фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы өшеді, ал фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы сөнеді.

Шалғай жарыққа ауыстырып қосу

Жарық ауыстырып қосқышын «» не «» күйіне қойсаңыз, фаралардың жұмыс режимі шалғай жарыққа ауыстырылады. Бұл ретте фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясы

- ЖАЛҒАСЫ -

өшеді, фаралардың шалғай жарық көмекшісінің бақылау шамы сөнеді және фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы жанады.

ЕСКЕРТПЕ

- Фаралар қолмен шалғай жарыққа ауыстырылғаннан кейін фаралардың шалғай жарығының көмекшісі функциясын қоссаңыз, жарық ауыстырып қосқышын «АУТО» күйіне қайтарыңыз.
- Фаралардың жұмыс режимі шалғай жарыққа ауыстырылғаннан кейін жарық ауыстырып қосқышын «ЕОДСЕ» күйіне ауыстырсаңыз, аспаптар тақтасының көмескі жарығы, алдыңғы және артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығының шамдары қосылады.
- ▼ Фаралардың шалғай жарық көмекшісі жүйесі бойынша ұсыныстар
- Фаралардың шалғай жарық көмекшісі автокөлігіңіздің алдындағы жарықтың айқындығына және т.б. негізделе отырып, автокөлік айналасындағы жағдайларды анықтайды, сондықтан фаралардың жұмыс режимі жүргізушінің сезініп қабылдауына сәйкес келмейтін кейбір жағдайларда ауыстырылып қосылуы мүмкін.
- Велосипед не каргоцикл анықталмауы мүмкін.
- Төменде келтірілген жағдайларда сыртқы жарықтың айқындығы дұрыс анықталмауы және фаралардың шалғай

жарық көмекшісі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін. Нәтижесінде фаралардың айқын шалғай жарығы қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлікті басқаруға кедергі келтіруі, сондай-ақ қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктердің болмауына қарамастан фаралардың таяу жарық режимі сақталып тұруы мүмкін. Мұндай жағдайларда фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстырыңыз.

- Нашар ауа райында (тұман, қар, құмды дауыл, нөсер жаңбыр және т.б.).
- Алдыңғы әйнек лас болса немесе буланып кетсе.
- Алдыңғы әйнек шытынаған немесе зақымдалған болса.
- Стереокамера деформацияланған болса немесе стереокамера объективтері ластанған болса.
- Автокөлік жанында фараларға немесе габарит жарықтарына ұқсас жарық көзі бар болса.
- Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік фараларын не габарит жарықтарын қоспай қозғалып бара жатса.
- Егер қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтары ластанған немесе түстері өзгерген болса немесе фаралардың жарық шоғының деңгейі тиісінше реттелмеген болса.
- Қозғалыс кезінде қоршаған орта жарығы тез ауысқан кезде.

- Беткейлері мен ылдилары көп жолмен немесе тегіс емес жолмен қозғалғанда.
- Бұрылыстары көп жолмен қозғалғанда.
- Автокөліктің алдында жарықты күшті шағылыстыратын заттар, мысалы, жол белгілері немесе айналар болғанда.
- Егер алда жүріп бара жатқан автокөліктің артқы бөлігі, мысалы, контейнер жарықты күшті шағылыстыратын болса.
- Егер автокөлігіңіздің фаралары зақымдалған немесе ластанған болса.
- Егер автокөлігіңіздің шанағы, мысалы, дөңгелектің желі шыққан жағдайда немесе тіркеме сүйрегенде жантайып тұрса.
- Төменде келтірілген жағдайларда фаралардың жұмыс режимі шалғай жарықтан таяу жарыққа ауыстырылмайды.
 - Егер автокөлігіңіз күтпеген жерден жабық бұрылыста қарсы келе жатқан автокөліктің жанынан өтетін болса.
 - Егер басқа автокөлік Сіздің автокөлігіңіздің алдынан өтіп бара жатса.
 - Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік жиі бұрылыстарға, автомагистральдің белгіш қоршауына, жол бойындағы ағаштарға және т.б. байланысты көру аймағында біресе пайда болып, біресе жоқ болып отырса.



- Егер стереокамера қарсы келе жатқан автокөліктің тұман фараларының жарығын анықтаса, фаралардың жұмыс режимі автоматты түрде шалғай жарықтан таяу жарыққа ауысуы мүмкін.
- Жол жарығының, бағдаршам сигналдарының, жарнама тақтайларының жарығының немесе жол белгілері не жарнама тақтайлары секілді заттардан жарықтың шағылысуының әсерінен фаралардың жұмыс режимі шалғай жарықтан таяу жарыққа ауысуы немесе фаралардың таяу жарық режимі сақталуы мүмкін.
- Фаралардың жұмыс режимінің ауысу сәті төмендегі факторларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
 - Қарсы келе жатқан автокөлік фарасының немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтарының түсі мен айқындығы.
 - Қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің жылдамдығы мен қозғалу бағыты.
 - Егер қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтары бір жағынан ғана қосылған болса.
 - Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік мотоцикл болса.
 - Жолдың күйі (көлбеу, бұрылыстар, жол жабыны және т.б.).

- Жолаушылар саны және тиелген жүктің массасы.
- Стереокамераның анықтау қабілетінің шектеулері.
- Егер EyeSight жүйесінің қозғалыс жолағының баптауларында нақты қозғалыс бағыты белгіленбеген болса.

■ Күндізгі жарық (орнатылған болса)



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Күндізгі жарық қосылған болса, габарит жарықтары жанбайды. Сыртта қараңғы түссе, фаралар мен габарит жарығын қосу үшін жарық ауыстырып қосқышын  не  күйіне ауыстырыңыз. Бұл көру мүмкіндігін жақсартады және басқа жүргізушілерге Сіздің автокөлігіңізді жақсырақ көруге мүмкіндік береді.


Келесі шарттар орындалса, күндізгі жарық автоматты түрде қосылады.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр.
- Жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде (қарастырылған болса) немесе өшірілген күйде тұр.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер қозғалтқышты оталдырған кезде тұрақ тежегішіне қойылған болса, күндізгі жарық автокөлікті

тұрақ тежегішінен босатқан кезде қосылады.

- Егер фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «EOD» не  күйінде тұрса, күндізгі жарық өшіріледі.
- Фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдерде фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұрғанда және фаралар автоматты түрде қосылған кезде күндізгі жарық өшіріледі.

Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесі (SRH) (орнатылған болса)

SRH жүйесі рульдің бұрылу бұрышына және автокөлік жылдамдығына сәйкес фаралардың жарық шоғын автоматты түрде солға немесе оңға бұрады. Бұл функция бұрылыстарды немесе жол қиылыстарында қозғалған кезде автокөлік алдындағы жолды жарықтандыру арқылы қараңғыдағы көру мүмкіндігін жақсартуға көмектеседі.




- 1) SRH жүйесі қосулы тұрғанда жарықтандырылатын аймақ.
- 2) SRH жүйесі өшірулі тұрғанда жарықтандырылатын аймақ.


ЕСКЕРТПЕ

SRH жүйесі автокөлік алға қарай шамамен 8 км/сағ және одан жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде ғана іске қосылады.

■ SRH жүйесінің ажыратқышы



SRH жүйесінің ажыратқышын басу арқылы SRH жүйесін қосуыңызға не өшіруіңізге болады.



- 1) SRH жүйесін өшірудің бақылау шамы.

Аспаптар тақтасындағы SRH жүйесін өшірудің бақылау шамы SRH жүйесі қосылған кезде сөнеді.

Аспаптар тақтасындағы SRH жүйесін өшірудің бақылау шамы SRH жүйесі өшірілген кезде жанады.

SRH жүйесінде ақаулық болған жағдайда оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған кезде аспаптар тақтасындағы SRH жүйесін өшірудің бақылау шамы жыпылықтайды. Бұл SRH жүйесінің өшірілгенін көрсетеді. Мұндай жағдайда диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер SRH жүйесі өшірулі тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпын «OFF» күйіне келтіріп, содан кейін қозғалтқышты қайта оталдырсаңыз, SRH жүйесі автоматты түрде қосылады.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылған кезде SRH жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады және бірнеше секундтан кейін сенеді.

Бейімделетін шалғай жарық жүйесі (ADB) (орнатылған болса)

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тек ADB жүйесіне сеніп қалмаңыз. Қоршаған орта жағдайларына байланысты жарық ауыстырып қосқышын қолданыңыз. Алдыңғы әйнектің үстіңгі жағына орнатылған стереокамераны қолдана отырып, ADB жүйесі жарықтандырылатын аймақты реттеу үшін қарсы келе жатқан автокөліктер мен алда жүріп бара жатқан автокөліктерді анықтайды. Бұл барынша жақсы көру мүмкіндігіне қол жеткізуге және қарсы келе жатқан және алда жүріп бара жатқан автокөліктердің жүргізушілерінің көздерін қарықтырмауға, сонымен бірге алда жүріп бара жатқан не қарсы келе жатқан автокөліктері жоқ аймақты ғана жарықтандыруға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Фаралардың ADB жүйесі алдыңғы әйнектің үстіңгі жағына орнатылған стереокамераны қолданады.
- Стереокамераны пайдалану туралы толық ақпарат автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight


жүйесі бойынша қосымшасында келтірілген.

- Бұл функцияның зауыттық баптауы (әдепкі қалып бойынша баптауы) «қосулы» күйі болып саналады. Бұл баптауды SUBARU дилеріне «өшірулі» (функция өшірулі) күйіне өзгерттіріп алуға болады.

■ ADB жүйесін қолдану тәртібі

ADB жүйесі төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда жұмыс істейді.

- Жарық ауыстырып қосқышы автоматты режим күйінде тұр және автоматты түрде фаралардың таяу жарығы қосылған.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің иінірегі алға қарай басылған.



304963

ADB жүйесінің бақылау шамы

Егер ADB жүйесі қосылған болса, аспаптар тақтасында ADB жүйесінің бақылау шамы қосылады.

ЕСКЕРТПЕ




- ADB жүйесі ақаулы болған немесе жұмысы уақытша тоқтатылған жағдайда фаралар таяу жарық күйінде тұрақтанады. EyeSight жүйесі туралы толығырақ ақпарат алу үшін автокөліктің пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша қосымшасын қараңыз.
- Егер ADB жүйесінің жұмысы кезінде автокөлік фаралардың таяу жарығымен 100 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен қозғалса, жолды жарықтандыру таяу жарықты әдеттегі қолданғанмен салыстырғанда алысырақ қашықтыққа түседі.

■ Фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстырып қосу тәртібі

Таяу жарыққа ауыстырып қосу


Егер бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін орталық күйге қайтарсаңыз, ADB жүйесі өшіріледі, ал ADB жүйесінің бақылау шамы сөнеді.

Шалғай жарыққа ауыстырып қосу

Жарық ауыстырып қосқышын  «» (Австралияға арналған модельдерден өзге) не  күйіне (Австралияға арналған модельдер) қойсаңыз, фаралардың жұмыс

режимі шалғай жарыққа ауыстырылады. Бұл ретте ADB жүйесі өшеді, ал ADB жүйесінің бақылау шамы сөнеді және фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы жанады.

ЕСКЕРТПЕ

- Фаралар қолмен шалғай жарыққа ауыстырылғаннан кейін ADB жүйесін қоссаңыз, жарық ауыстырып қосқышын «AUTO» күйіне қайтарыңыз.
- Фаралардың жұмыс режимі шалғай жарыққа ауыстырылғаннан кейін жарық ауыстырып қосқышын «» күйіне ауыстырсаңыз, аспаптар тақтасының көмескі жарығы, алдыңғы және артқы габарит жарықтары және нөмір белгісінің көмескі жарығының шамдары қосылады.

■ Шалғай жарық, таяу жарық және ADB режимдерінің арасында автоматты түрде ауыстырып қосылу шарттары

Фаралардың шалғай жарығына ауыстырып қосу шарттары

- Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ-ты құрайды не одан көп.
- Автокөліктің алдындағы аймақ қараңғы, себебі алда жүріп бара жатқан және қарсы келе жатқан автокөліктер жоқ немесе олар жарықсыз қозғалып келеді.
- Бұрылыс шұғыл емес.

Фаралардың таяу жарығына ауыстырып қосу шарттары

- Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ-ты құрайды не одан аз.
- Автокөлік алдындағы аймақ жарықтандырылған, себебі ол көше шамдарының астымен немесе қала ішінде жүріп келе жатыр.
- EyeSight жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылған.

ADB жүйесіне ауыстырылу шарттары

- Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ-ты құрайды не одан көп.
- Қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктер фараларын қосады.
- Автокөліктің алдындағы аймақ қараңғы.
- Жоғары жылдамдықпен қозғалу кезінде белгілі уақыт ішінде қарсы келе жатқан автокөліктер жоқ.

■ ADB жүйесі бойынша ұсыныстар


- ADB жүйесі автокөлігіңіздің алдындағы жарықтың айқындығына және т.б. негізделе отырып, автокөлік айналасындағы жағдайларды анықтайды, сондықтан фаралардың жұмыс режимі жүргізушінің сезініп қабылдауына сәйкес келмейтін кейбір жағдайларда ауыстырылып қосылуы мүмкін.
- Велосипед не каргоцикл анықталмауы мүмкін.
- Төменде келтірілген жағдайларда сыртқы жарықтың айқындығы дұрыс анықталмауы және ADB жүйесі тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін. Нәтижесінде фаралардың айқын шалғай жарығы қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлікті басқаруға кедергі келтіруі, сондай-ақ қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктердің болмауына қарамастан фаралардың таяу жарық режимі сақталып тұруы мүмкін. Мұндай жағдайларда фаралардың жұмыс режимін қолмен ауыстырыңыз.
 - Нашар ауа райында (тұман, қар, құмды дауыл, нөсер жаңбыр және т.б.).
 - Алдыңғы әйнек лас болса немесе буланып кетсе.
 - Алдыңғы әйнек шытынаған немесе зақымдалған болса.
 - Стереокамера деформацияланған болса немесе стереокамера объективтері ластанған болса.

- Автокөлік жанында фараларға немесе габарит жарықтарына ұқсас жарық көзі бар болса.
- Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік фараларын не габарит жарықтарын қоспай қозғалып бара жатса.
- Егер қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтары ластанған немесе түстері өзгерген болса немесе фаралардың жарық шоғының деңгейі тиісінше реттелмеген болса.
- Қозғалыс кезінде қоршаған орта жарығы тез ауысқан кезде.
- Беткейлері мен ылдилары көп жолмен немесе тегіс емес жолмен қозғалғанда.
- Бұрылыстары көп жолмен қозғалғанда.
- Автокөліктің алдында жарықты күшті шағылыстыратын заттар, мысалы, жол белгілері немесе айналар болғанда.
- Егер алда жүріп бара жатқан автокөліктің артқы бөлігі, мысалы, контейнер жарықты күшті шағылыстыратын болса.
- Егер автокөлігіңіздің фаралары зақымдалған немесе ластанған болса.
- Егер автокөлігіңіздің шанағы, мысалы, дөңгелектің желі шыққан жағдайда немесе тіркеме сүйрегенде жантайып тұрса.
- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін дереу.
- Төменде келтірілген жағдайларда ADB жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Егер автокөлігіңіз күтпеген жерден жабық бұрылыста қарсы келе жатқан автокөліктің жанынан өтетін болса.
- Егер басқа автокөлік Сіздің автокөлігіңіздің алдынан өтіп бара жатса.
- Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік жиі бұрылыстарға, автомагистральдің бөлгіш қоршауына, жол бойындағы ағаштарға және т.б. байланысты көру аймағында біресе пайда болып, біресе жоқ болып отырса.
- Егер стереокамера қарсы келе жатқан автокөліктің тұман фараларының жарығын анықтаса, ADB жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- ADB жүйесі көше жарығының, бағдаршамдардың, жарнама тақтайшаларының жарығының немесе жол белгілері және көрсеткіштер секілді нысандардың жарықты шағылыстыруының әсерінен жұмыс істемеуі мүмкін.
- Төменде келтірілген жағдайларда ADB жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Қарсы келе жатқан автокөлік фарасының немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтарының түсі мен айқындығы.

- Қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе бағыттас автокөліктің габариттері балшықпен, қармен және т.б. жабылған.
- Қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің жылдамдығы мен қозғалу бағыты.
- Егер қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары немесе алда жүріп бара жатқан автокөліктің габарит жарықтары бір жағынан ғана қосылған болса.
- Егер қарсы келе жатқан немесе алда жүріп бара жатқан автокөлік мотоцикл болса.
- Жолдың күйі (көлбеу, бұрылыстар, жол жабыны және т.б.).
- Жолаушылар саны және тиелген жүктің массасы.
- Стереокамераның анықтау қабілетінің шектеулері.
- Егер EyeSight жүйесінің қозғалыс жолағының баптауларында нақты қозғалыс бағыты белгіленбеген болса.

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі



- 1) Оңға бұрылыс.
- 2) Оң жақтағы жолаққа ауысу сигналы.
- 3) Сол жақтағы жолаққа ауысу сигналы.
- 4) Солға бұрылыс.

Оңға бұрылу көрсеткіштерін қосу үшін бұрылыс көрсеткіштерін ауыстырып қосу иінтірегін жоғары қарай бұрыңыз. Солға бұрылу көрсеткіштерін қосу үшін бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін төмен қарай бұрыңыз. Бұрылыс аяқталғаннан кейін иінтірек автоматты түрде бастапқы күйіне оралады. Егер бұрылыс аяқталғаннан кейін ауыстырып қосқыш иінтірегі бастапқы күйіне оралмаса, оны қолмен бейтарап күйге келтіріңіз.

Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналын беру үшін ауыстырып қосу иінтірегін төмен не жоғары қарай жеңіл басып, қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде осы күйінде ұстап тұрыңыз. Бұл ретте бұрылыс көрсеткіштері бұрылу бағытын немесе жаңа қозғалыс жолағын көрсете отырып, жыпылықтайтын болады. Ауыстырып қосу иінтірегін жібергеніңізден кейін ол автоматты түрде бейтарап күйге оралады.

ЕСКЕРТПЕ

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегі рульдің оң жағында орналасқан модельдерде бұрылыс көрсеткіштері иінтірегін ауыстырып қосу бағыты жоғарыда сипатталғанға керісінше.

■ Бір рет тұрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткіші

Бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегіне жоғары немесе төмен қарай жеңіл басыңыз да, бірден жіберіңіз. Бұрылыс көрсеткіштері мен бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамы үш рет жыпылықтайды.

Бір рет тұрту арқылы қозғалыс жолағын ауыстыру көрсеткіші функциясын SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Фаралардың жарық шоғы деңгейінің реттегіші


■ Фаралардың жарық шоғы деңгейінің автоматты реттегіші (орнатылған болса)

Жарықдиодты фаралар галогенді шамдары бар әдеттегі фаралармен салыстырғанда көбірек жарық шығарады. Осыған байланысты Сіздің автокөлігіңіздің ауыр жүктерді тасымалдауға байланысты пайда болған фараларының жарық шоғы деңгейінің жоғарылауы қарсы келе жатқан автокөліктердің жүргізушілерінің көздерін қарықтыруы мүмкін. Фаралардың жарық шоғы деңгейінің автоматты реттегіші фаралардың жарық шоғының биіктігін автокөліктің жүктемесіне байланысты автоматты түрде және ең оңтайлы деңгейге реттейді.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Белгілі бір жағдайларда фаралардың жарық шоғы деңгейінің реттеуі бұзылуы мүмкін, ал фаралардың жарық шоғы деңгейінің реттегіші оның қажетті бұрышын қалпына келтіре алмайды. Бұл автокөлігіңізді платформалы эвакуатормен тасымалдаудан кейін немесе автокөлігіңіз тұраққа қойылған болып және әртүрлі бұрыштармен қозғалысты қайта бастаған кезде орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда фаралардың жарық шоғының деңгейін SUBARU дилеріне тексертуге кеңес береміз.

■ Фаралардың жарық шоғы деңгейінің қолмен реттегіші (орнатылған болса)



- 1) Фаралардың жарық шоғы деңгейін көтеру.
- 2) Фаралардың жарық шоғы деңгейін түсіру.

Автокөлік жүктемесінің теңгеріміне байланысты фаралардың жарық шоғының деңгейін қолмен реттеуіңізге болады. Дискіні «5» күйіне бұрау фаралардың жарық шоғының деңгейін түсіреді.

Жолаушылар санына және тасымалданатын жүкке байланысты фаралардың жарық шоғы деңгейінің реттегішін тиісті күйге қою арқылы фаралардың жарық шоғының деңгейін реттеңіз.

Дискінің күйі	Автокөліктің алдыңғы орындықтарындағы адамдар саны	Автокөліктің артқы орындықтарындағы адамдар саны	Жүксалғышта тасымалданатын жүк	Тіркеме сүйреу (қарастырылған болса)
0	1 не 2	0	Жүксіз	Жоқ
1	2	3	Жүксіз	Жоқ
2	2	3	Толық жүктеу*	Жоқ
3	2	3	Толық жүктеу*	Иә
	1	0	Толық жүктеу*	Жоқ
4	1	0	Толық жүктеу*	Иә
4, 5	Арнайы жағдайларда қолданылады	Арнайы жағдайларда қолданылады	Арнайы жағдайларда қолданылады	Арнайы жағдайларда қолданылады

* Максималды рұқсат етілген массаға дейін.


ЕСКЕРТПЕ

Жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес дискінің тиісті күйін қолданыңыз. Олай болмаған жағдайда автокөлігіңіз алдағы жолды жеткілікті дәрежеде жарықтандырмауы немесе қоршаған аймақты қарықтыруы мүмкін.

«Арнайы жағдайларда қолданылады» күйі тек көлбеу беткейі бар жолда қозғалу секілді автокөлігіңіздің фаралары алда жүріп бара жатқан автокөліктің айнасына немесе қарсы келе жатқан автокөліктердің алдыңғы әйнегіне жарық түсіретін жағдайларда қолданылады.

Тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышы

■ Тұман фараларының ауыстырып қосқышы (орнатылған болса)




Тұман фараларының жұмыс істеу шарттары

- 1) Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы.
- 2) Тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышы.

Тұман фаралары фаралар келесі күйлердің бірінде тұрғанда тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышы «☰» күйіне қойылғанда қосылады.

- Фаралардың ауыстырып қосқышы «☰» не «☰» күйінде тұр.
- Фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдерде фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұрғанда және фаралар автоматты түрде қосылған кезде.


Тұман фараларын өшіру үшін ауыстырып қосқышты қайтадан «○» күйіне ауыстырыңыз.



304967

Тұман фараларын қосқан кезде аспаптар тақтасында бақылау шамы жанады.

■ Артқы тұман шамының ауыстырып қосқышы (орнатылған болса)



Артқы тұман шамының жұмыс істеу шарттары

- 1) Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы.
- 2) Тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышы.

Фаралар төмендегі күйлердің бірінде тұрғанда тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышы «☰» күйіне қойылған болса, артқы тұман шамы қосылады.


- Фаралардың ауыстырып қосқышы «☰» не «☰» күйінде тұр.
- Фаралардың ауыстырып қосқышы «☰» күйінде тұр.
- Фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдерде

фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұрғанда және фаралар автоматты түрде қосылған кезде.

Ауыстырып қосқышты жіберген кезде ол келесі күйге қайтып оралады:

- «☰» күйі (тұман фаралары бар модельдер);
- «○» күйі (тұман фаралары жоқ модельдер).

Артқы тұман шамын өшіру үшін тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышын қайтадан жоғары қарай «☰» күйіне дейін бұрыңыз.



304968

Артқы тұман шамын қосқан кезде аспаптар тақтасында бақылау шамы жанады.

ЕСКЕРТПЕ

Артқы тұман шамын байқаусызда қосулы күйінде қалдырмау үшін оның электр тізбегі келесі әрекеттердің бірі орындалғанда өшірілетіндей етіп құрастырылған.

- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы не «E0DE» күйіне, не «O» күйіне қойылған.
- Фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне қойылған және фаралар автоматты түрде өшірілген (фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдер).
- Кілт оталдыру жүйесінің құлпынан шығарылған (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі жоқ модельдер).
- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен автокөліктің «OFF» электрмен қоректендіру режимі орнатылған (қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру функциясымен қашықтан қолжетімділік жүйесі бар модельдер).

Сонымен бірге бұл артқы тұман шамы фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «E0D» күйіне ауыстырылғаннан кейін немесе оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне ауыстырылғаннан кейін қосылады деген сөз емес. Яғни артқы тұман шамын қайта қосқыңыз келсе, артқы тұман фараларының (шамының) ауыстырып қосқышын «E0E» күйіне ауыстырыңыз.

Әйнектазартқыштар мен әйнекжуғыштар**▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Аязды ауа райында алдыңғы әйнек жылытқышпен жылытылғанша алдыңғы әйнектің жуғышын қоспаңыз.

Қосқан жағдайда әйнекжуғыш сұйықтығы алдыңғы әйнектің бетінде қатып қалуы және көру мүмкіндігін айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнекжуғыштың 10 секундтан артық үздіксіз немесе бакта әйнекжуғыш сұйықтығы жоқ кезде жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Жұмыс істеткен жағдайда бұл әйнекжуғыштардың электр қозғалтқышының шектен тыс қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Жүйелі түрде, мысалы, әрбір жанармай құю кезінде бактағы әйнекжуғыш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.
- Алдыңғы (немесе артқы) әйнектің беті құрғақ болса, әйнекжуғышты қоспаңыз. Бұл әйнекте

сызаттардың пайда болуына алып келуі, әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларын зақымдауы немесе әйнектазартқыштың электр қозғалтқышының бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер алдыңғы немесе артқы әйнек құрғақ болса, онда әйнектазартқыштарды қосар алдында әрдайым тиісті әйнекжуғыштарды қосып алыңыз.

- Әйнектазартқышты аязды ауа райында қосар алдында оның щеткаларының резеңке таспаларының алдыңғы (немесе артқы) әйнекке жабысып қалмағанына көз жеткізіңіз. Щеткаларының резеңке таспалары әйнекке жабысып қалған әйнектазартқышты қосуға әрекеттену тек щеткалардың резеңке таспаларын зақымдап қана қоймай, әйнектазартқыштың электр қозғалтқышының бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспалары әйнекке жабысып қалған болса, әйнектазартқышты қосар алдында міндетті түрде алдыңғы әйнектің жылытқышын, алдыңғы әйнектің щеткаларының мұзын еріткішті (орнатылған болса) немесе артқы әйнектің жылытқышын қосыңыз.

- Егер әйнектазартқыштың жұмысы кезінде ол әйнектегі қатқан мұзға немесе басқа да кедергілерге байланысты тоқтап қалса, әйнектазартқыштың электр қозғалтқышы тіпті әйнектазартқышты өшірген жағдайда да зақымдалуы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне қойыңыз және әйнектің бетін сүртіп, әйнектазартқыштың қалыпты жұмысын қамтамасыз етіңіз.
- Арнайы әйнекжуғыш сұйықтығы болмаған жағдайда таза суды ғана пайдаланыңыз. Қыста су қататын аймақтарда SUBARU әйнекжуғыш сұйықтығын немесе оның баламасын пайдаланыңыз. «Әйнекжуғыш сұйықтығы» бөлімін (☎557-бет) қараңыз. Сонымен бірге автокөлікті аязды ауа райында пайдаланған жағдайда әйнектазартқыш щеткаларының арнайы «қатпайтын» резеңке таспаларын қолданыңыз.
- Әйнектазартқыш щеткаларын немесе щеткалардың резеңке таспаларын жанармаймен немесе еріткішпен (мысалы, бояуларға

арналған еріткішпен немесе бензинмен) тазаламаңыз. Бұл олардың жұмысын нашарлатады. Жаңбыр датчигімен жабдықталған модельдер үшін.

- Әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұрған кезде алдыңғы әйнектің жаңбыр/жарық датчигінің жанындағы бөлігінен ұстамаңыз және оның маңайына дымқыл шүберек тигізбеңіз. Олай етпеген жағдайда әйнектазартқыш кездейсоқ іске қосылуы және жарақат келтіруі мүмкін.
- Автокөлікті жуған кезде әйнектазартқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Олай етпеген жағдайда әйнектазартқыш кездейсоқ іске қосылуы және жарақат келтіруі мүмкін.
- Егер автокөліктерді автоматты жуу қызметтерін пайдаланбақшы болсаңыз, әйнектазартқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Өшірмеген жағдайда әйнектазартқыштың иіңтіректері мен щеткалары зақымдалуы мүмкін, себебі әйнектазартқыштар күтпеген жерден іске қосылып кетуі және автокөліктерді автоматты жуу щеткалары оларға оралып қалуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Алдыңғы әйнектазартқышының қозғалтқышы ажыратқышпен жүктемеден қорғалған. Электр қозғалтқыш шектен тыс жүктемелер жағдайында тұрақты жұмыс істеген жағдайда автоматты ажыратқыш электр қозғалтқышты уақытша өшіріп қоюы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз, әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышын өшіріңіз де, шамамен 10 минут күтіңіз. Автоматты ажыратқыш жұмыстық күйге қайтады да, әйнектазартқыш қайтадан қалыпты режимде жұмыс істей алады.
- Айғыз іздерді, сондай-ақ жолға шашылатын тұздың қағын және шаң-тозаңды кетіру үшін әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспалары мен әйнектерді әйнекжуғуыш сұйықтығымен жуып отырыңыз. Сұйықтықтың бүкіл алдыңғы немесе артқы әйнекке шашырауын қамтамасыз ету үшін әйнекжуғуышты кемінде 1 секунд бойы қосылған күйде ұстаңыз.
- Алдыңғы әйнекке немесе әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларына жәндіктердің, балауыздың, майдың және басқа да заттектердің жабысуы әйнектазартқыштың біркелкі жұмыс істемеуіне және әйнекте лас

жолақтардың пайда болуына алып келеді. Егер әйнекжуғуышпен жуғаннан кейін әйнектің бетінде лас жолақтар қалса немесе әйнектазартқыш біркелкі жұмыс істемесе, алдыңғы не артқы әйнектің сыртқы бетін, сондай-ақ әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларын бейтарап жуғыш құрал ерітіндісімен немесе абразивтілігі орташа тазартқыш құралмен жөкенің немесе жұмсақ шүберектің көмегімен тазалаңыз. Тазалағаннан кейін әйнекті және әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларын таза сумен шайыңыз. Төмен сорғалаған су бетінде тамшы тұзбейтін болса, әйнектің беті таза болып есептеледі.

- Егер айғыз іздер жоғарыда сипатталған рәсімнен кейін де жойылмаса, әйнектазартқыштың щеткаларын немесе щеткалардың резеңке таспаларын жаңасына ауыстырыңыз. Оларды ауыстыру тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін «Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру» бөлімін (☎558-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Жаңбыр датчигімен жабдықталған модельдер үшін.

- Әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне келтірілген кезде оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрғанда әйнектазартқыш бір рет іске қосылады. Бұл

әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышының «AUTO» күйіне ауыстырылғанын білдіреді.

- Әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне қойылған кезде келесі жағдайлар туындауы мүмкін.
 - Әйнектазартқыш жаңбыр/жарық датчигі немесе алдыңғы әйнек дірілдеген кезде, сондай-ақ оларға жәндіктер, шаң-тозаң немесе лай жабысып қалған кезде іске қосылуы мүмкін. Егер жаңбыр немесе қар жауып тұрмаса, әйнектазартқышты өшіріп қойыңыз.
 - Жаңбыр/жарық датчигі жаңбырдың немесе қардың жауып тұрғанын анықтамаса, әйнектазартқыш жұмыс істемейді. Қажет болса, әйнектазартқыштарды басқару интiрегiн төмен қарай төмен немесе жоғары жұмыс iстеу жылдамдығына дейiн басыңыз.
 - Алдыңғы әйнек су жұқпайтын жабынмен өңделгендіктен немесе алдыңғы әйнектің үстіңгі жартысына балшық немесе мұз жабысып қалғандықтан жаңбыр/жарық датчигі жаңбырдың жеткілікті тамшыларын анықтамаса, әйнектазартқыш тиісті түрде іске қосылмауы мүмкін.

- Егер әйнектазартқыштың іске қосылу интервалы жауын-шашын мөлшеріне қарамастан өзгермейтін болса, бұл жаңбыр/жарық датчигінің ақаулығын білдіруі мүмкін. Қажет болса, әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышын «AUTO» күйінен басқа кез келген күйге көлтіріңіз. Мұндай жағдайда жүйеге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.
- Егер сыртқы ауа температурасы -15 °C-қа дейін не одан төмен түсетін болса, әйнектазартқыш жұмысын тоқтатады. Сыртқы ауа температурасы -10 °C-қа дейін не одан жоғары көтерілген кезде әйнектазартқыш жұмысын қайта жалғастырады. Егер әйнектазартқыштың -15 °C-тан төмен температурада жұмыс істегені қажет болса, әйнектазартқыштарды басқару иінірегін төмен қарай төмен немесе жоғары жұмыс жылдамдығының күйіне дейін басыңыз.
- Егер жаңбыр/жарық датчигінің айналасындағы температура 80 °C-тан жоғары болса, әйнектазартқыш жұмыс істемеуі мүмкін, себебі мұндай температураларда жүйе жаңбыр тамшыларының санын анықтай алмайды.


- Бұл жүйе автокөлік жылдамдығына байланысты әйнектазартқыштың үзік-үзік жұмысы функциясымен де жабдықталған. Автокөлік тоқтаған кезде әйнектазартқыш жұмысының интервалы қозғалыс кезіндегіден ұзағырақ болады.
- Бұл жүйе күшті радиотолқындар немесе шуылдар таралатын жерлерде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Егер әйнектазартқыштар төменде көлтірілген жағдайларда жұмыс істемейтін болса, әйнектазартқыштарды басқару ауыстырып қосқышын жоғары жұмыс жылдамдығы күйіне ауыстырыңыз.
 - Әйнектазартқыштарды басқару ауыстырып қосқышы автоматты режим күйінде тұр, алайда олар жаңбыр кезінде жұмыс істемейді.
 - Әйнектазартқыштарды басқару ауыстырып қосқышы төмен жұмыс жылдамдығы күйінде тұр, алайда олар жұмыс істемейді.

Мұндай жағдайларда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

■ Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы мен жуғышының ауыстырып қосқыштары

Әйнектазартқыш оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрғанда ғана жұмыс істейді.

▼ Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы (жаңбыр датчигімен жабдықталған модельдер)



- △: Әйнектазартқыштың бір реттік іске қосылуы.
- : Өшірулі.
- AUTO: Автоматты жұмыс режимі
- ▼: Әйнектазартқыш жұмысының төмен жылдамдығы.
- ▼: Әйнектазартқыш жұмысының жоғары жылдамдығы.


Әйнектазартқышты қосу үшін әйнектазартқыштарды басқару иіңтірегін төмен жылжытыңыз. Әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне қойылған болса, әйнектазартқыш жаңбыр/жарық датчигі алдыңғы әйнекке тамған жаңбырды анықтаған кезде автоматты түрде іске қосылатын болады. Әйнектазартқыштың іске қосылу интервалы жаңбырдың күшіне байланысты автоматты түрде реттеледі. Әйнектазартқышты өшіру үшін әйнектазартқыштарды басқару иіңтірегін «O» күйіне жылжытыңыз.

Әйнектазартқыштың бір реттік іске қосылуы үшін иіңтіректі жоғары басыңыз. Иіңтіректі жібермейінше әйнектазартқыш жұмыс істемейді.

ЕСКЕРТПЕ


Әйнектазартқыштың іске қосылу интервалын автоматты түрде реттеу режимі жаңбыр датчигі бойынша жұмыс істеу режимінен автокөлік жылдамдығына байланысты жұмыс істеу режиміне ауыстырыла алады. Баптауларды SUBARU дилеріне өзгерттіруге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▽ Жаңбыр/жарық датчигі (орнатылған болса)




Жаңбыр/жарық датчигі алдыңғы әйнекке орналасқан.

▽ Датчиктің сезімталдығын реттеу



Әйнектазартқышты басқаратын жаңбыр/жарық датчигінің сезімталдығын реттеу үшін шеңберді бұраңыз. Сезімталдықты арттыру үшін шеңберді төмен қарай бұраңыз. Сезімталдықты азайту үшін шеңберді жоғары қарай бұраңыз.

▼ Алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы (жаңбыр датчигімен жабдықталмаған модельдер)




- ▲: Әйнектазартқыштың бір рет іске қосылуы.
- : Өшірулі.
- ☰: Үзік-үзік жұмыс режимі.
- ▼: Әйнектазартқыш жұмысының төмен жылдамдығы.
- ◆: Әйнектазартқыш жұмысының жоғары жылдамдығы.

Әйнектазартқышты қосу үшін әйнектазартқыштарды басқару иінтірегін төмен жылжытыңыз.

Әйнектазартқышты өшіру үшін әйнектазартқыштарды басқару иінтірегін «○» күйіне жылжытыңыз.


Әйнектазартқыштың бір реттік іске қосылуы үшін иінтіректі жоғары басыңыз. Иінтіректі жібермейінше әйнектазартқыш жұмыс істемейді.

▼ Үзік-үзік жұмыс істеу режимінде әйнектазартқыштың іске қосылу интервалының реттегіші



Әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы «☰» күйінде тұрғанда қажетті уақыт интервалын белгілеу шеңберді бұрау арқылы қамтамасыз етіледі. Ең қысқасынан ең ұзынына дейін бірнеше уақыт интервалдарының бірін белгілеуге болады.

▼ Алдыңғы әйнек жуғышы




Алдыңғы әйнектің жуғышын қосу үшін әйнектазартқыштарды басқару иінтірегін өзіңізге қарай тартыңыз. Иінтіректі жібермейінше сұйықтық бүркіліп тұрады. Иінтіректі тартып тұрған кезіңізде әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрады.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлігіңіз фаралар жуғышымен жабдықталғандықтан, фаралар жарығының ауыстырып қосқышы «☰» күйіне қойылған болса, әйнектазартқыштарды басқару иінтірегін тартып, осы күйінде 1 секундтан ұзақ ұстап тұрсаңыз, фара жуғыштары іске қосылады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Фара жуғыштары» бөлімін (☎293-бет) қараңыз.

Бақылау құралдары және автокөлікті басқару органдары




304857

Әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейінің ескерту шамы






ЕСКЕРТПЕ

Егер бактағы әйнекжуғыш сұйықтығының деңгейі төменгі шекке дейін түсетін болса, әйнекжуғыш сұйықтығының төмен деңгейінің ескерту шамы қосылады. Егер ескерту шамы қосылса, бакқа сұйықтық құйыңыз. Қую рәсімі «Әйнекжуғыш сұйықтығы» бөлімінде (☎557-бет) келтірілген.

■ Артқы әйнектің әйнектазартқышы мен жуғышының ауыстырып қосқышы



302581

- : Әйнекжуғыш (әйнектазартқыш бірге жұмыс істейді).
- : Үздіксіз жұмыс режимі.
- : Үзік-үзік жұмыс режимі.
- : Өшірулі.
- : Әйнекжуғыш (әйнектазартқыш бірге жұмыс істейді).

▼ **Артқы әйнектің әйнектазартқышы**
Артқы әйнектің әйнектазартқышын қосу үшін тұтқаны жоғары қарай бұрыңыз. Әйнектазартқышты өшіру үшін тұтқаны «O» күйіне жылжытыңыз.

Егер тұтқа «---» күйіне қойылған болса, артқы әйнектің әйнектазартқышы автокөлік жылдамдығына сәйкес келетін интервалдармен үзік-үзік режимде жұмыс істейтін болады. Бұл күйде селектор иіңтірегін «R» күйіне ауыстырсаңыз, артқы әйнектің әйнектазартқышы үздіксіз жұмыс режиміне ауысады. Егер селектор иіңтірегін «R» күйінен (артқы жүріс берілісінен) басқа кез келген күйге ауыстырсаңыз, артқы әйнектің әйнектазартқышы үзік-үзік жұмыс режиміне қайтып оралады.

Артқы жүріс берілісі қосылған кезде артқы әйнектің әйнектазартқышының автоматты түрде қосылуы

Тіпті артқы әйнектің әйнектазартқышының ауыстырып қосқышы «O» күйінде тұрса да, алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы үздіксіз жұмыс режимінде тұрғанда да селектор иіңтірегін «R» күйіне (артқы жүріс берілісіне) ауыстырсаңыз, артқы әйнектің әйнектазартқышы үзік-үзік режимде жұмыс істейтін болады.

Артқа жүру берілісін қосқан кезде артқы әйнектің әйнектазартқышын қосу функциясының зауыттық баптауы (әдепкі қалып бойынша баптау) «қосулы» баптауы болып саналады.

Бұл баптауды SUBARU дилеріне өзгерттіруге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыш есігіне артқы әйнектің әйнектазартқышының жұмысына кедергі жасауы мүмкін еш нәрсе орнатпаңыз. Бұл артқы әйнектің әйнектазартқышының жұмыс кезінде зақымдалуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер артқы әйнектің әйнектазартқышының ауыстырып қосқышы өшірілген күйде тұрса, берілістерді ауыстыру иінтірегі «R» күйінде, ал алдыңғы әйнектің әйнектазартқышы үздіксіз режимде жұмыс істеп тұрғанда артқы әйнектің әйнектазартқышы үзік-үзік режимде жұмыс істейтін болады.


▼ Әйнекжуғыш

Әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрғанда артқы әйнектің әйнекжуғышын қосу үшін тұтқаны «OFF» күйіне дейін жоғары бұраңыз. Тұтқаны жібермейінше сұйықтық бүркіліп тұрады.

Әйнектазартқыш жұмыс істемей тұрғанда артқы әйнектің әйнекжуғышын қосу үшін тұтқаны «OFF» күйіне дейін төмен бұраңыз. Әйнекжуғыш сұйықтығы бүркіле және әйнектазартқыш жұмыс істей бастайды, олар тұтқаны жібермейінше жұмыс істеп тұрады.

Артқы әйнектің әйнекжуғышы іске қосылған кезде артқы көрініс камерасының жуғышы да қосылады.

Фаражуғыштар (орнатылған болса)



Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышын «ON» күйіне қойып, әйнектазартқышты басқару иінтірегін өзіңізге қарай тартсаңыз және 1 секундтан ұзақ ұстап тұратын болсаңыз, төмендегі шарттар орындалған жағдайда алдыңғы әйнектің жуғышымен бірге фаражуғыштар іске қосылады.

- Жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұр.
- Жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде тұр және фаралар автоматты түрде қосылған (фаралар жарығын автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдер).

Әйнектазартқыштарды басқару иінірегін жіберген кезде әйнекжуғыш сұйықтығының бүркілі тоқтайды. Фаражуғыштардың әйнекжуғыш сұйықтығын бүркіу шамамен 1 секундтай орындалады, содан кейін автоматты түрде тыйылады.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Әйнекжуғыш сұйықтығының бағы бос болса, фаражуғыштарды қоспаңыз. Жұмыс істеткен жағдайда бұл әйнекжуғыштардың электр қозғалтқышының шектен тыс қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Жүйелі түрде, мысалы, әрбір жанармай құю кезінде бактағы әйнекжуғыш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.


ЕСКЕРТПЕ

Егер фаражуғыштар бүрікіштерінің қақпағына және оған іргелес беттерге мұз қатып тұрса, фаражуғыштарды қолданар алдында мұзын кетіріп алу қажет.

Айналар

Қозғалысты бастар алдында ішкі және сыртқы айналардың дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.

■ Ішкі айна



- 1) Қалыпты күй.
- 2) Көзді қарықтыруды болдырмау күйі.

Қалыпты күйде пайдалану үшін айнадағы тілшікті тартыңыз. Артта келе жатқан автокөліктің фараларынан көздің қарықтырылу деңгейін азайту үшін тілшікті тартыңыз да, айнаны көзді қарықтыруды болдырмау күйіне қойыңыз.


■ Сыртқы айналар

▼ Дөңес айна

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дөңес айнада заттар тегіс айнамен салыстырғанда кішірек және алысырақ болып көрінеді. Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде өз автокөлігіңіз бен артта келе жатқан автокөліктер арасындағы қашықтықты анықтау үшін дөңес айнаны пайдаланбаңыз. Нысандар мен қашықтықтардың шынайы өлшемдерін анықтау үшін ішкі айнаны пайдаланыңыз немесе артқа қараңыз.

▼ Сыртқы айналарды қашықтан басқару ауыстырып қосқышы



- ▨: Реттеу тарабын таңдау.
- ➡: Реттеу бағыты.

Сыртқы айналарды қашықтан басқару жүйесінің жұмысы оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» не «ON» күйінде тұрған жағдайда ғана мүмкін болады.

1. Қашықтан басқару ауыстырып қосқышын реттегіңіз келетін тарапқа ауыстырыңыз. «L» — сол жақ айнаға, «R» — оң жақ айнаға.
2. Сыртқы айналарды реттеу ауыстырып қосқышының таңдалған айнаны реттегіңіз келетін бағыттағы тарабын басыңыз.
3. Айналардың кездейсоқ реттелуін болдырмау үшін айналарды таңдау

ауыстырып қосқышын бейтарап күйге қойыңыз.

Сыртқы айналарды қолмен де реттеуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

Күйді тіркеу функциясы бар модельдер үшін.

- Сыртқы айналарды төмендегі шарттар орындалғаннан кейін шамамен 45 секунд өткенде реттеуге болады.
 - Оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылған.
 - Қашықтан қолжетімділік салпыншағының көмегімен есіктің құлпы ашылған.
- Сыртқы айналарды реттеу бұрышы «1», «2» түймелеріне немесе қашықтан қолжетімділік салпыншағының әрқайсысына тіркеле алады.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Орындық күйін тіркеу функциясы» бөлімін (☎41-бет) қараңыз.

- Сыртқы айналардың реттеу бұрышын жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің пайдаланушы туралы ақпарат функциясының көмегімен де қалпына келтіруге болады. Ол үшін жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптауларында пайдаланушыны тіркеуді орындаңыз. «Жүргізушінің

ахуалын бақылау жүйесі» бөлімін (☎255-бет) қараңыз.

▽ Артқы жүріспен жүрген кездегі айналардың еңкею функциясы (қарастырылған болса)

Автокөлік артқы жүріспен қозғалған кезде оң жақ және/немесе сол жақ сыртқы айналары артқы жақтан жақсырақ көру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, автоматты түрде еңкейеді.

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.
2. Селектор иінірегін «R» күйіне (Артқы жүріс) ауыстырыңыз.
3. Сыртқы айнаны реттеу бұрышы төменге қарай ығысады.

Сыртқы айнаны реттеу бұрышы келесі шарттар орындалған жағдайда бастапқы мәніне оралады.

- Селектор иінірегі «R» күйінен (Артқы жүріс) басқа кез келген күйге ауыстырылғаннан кейін шамамен тоғыз секунд өтті.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылған.
- Автокөлік қозғалып келе жатыр.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышы «1», «2» түймелеріне немесе қашықтан қолжетімділік салпыншағының әрқайсысына тіркеле алады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Орындық күйін тіркеу функциясы» бөлімін (☎41-бет) қараңыз.
- Артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышын жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің пайдаланушы туралы ақпарат функциясының көмегімен де қалпына келтіруге болады. Ол үшін жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптауларында пайдаланушыны тіркеуді орындаңыз. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» бөлімін (☎255-бет) қараңыз.
- Бұл функцияны аспаптар тақтасы дисплейінің (сұйық кристалды дисплейдің) көмегімен қосуға/өшіруге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Функциялардың баптаулары» бөлімін (☎28-бет) қараңыз.
- Бұл функция үшін зауыттық баптау (әдепкі қалып бойынша баптау) оның алдыңғы жолаушы жағындағы сыртқы айна үшін ғана іске қосылуы болып келеді.

Функцияның оң және сол жақтағы сыртқы айналар үшін / алдыңғы жолаушы жағындағы сыртқы айна үшін іске қосылуының баптауларын SUBARU дилеріне өзгерттіруге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.

 **АБАЙЛАҢЫЗ**

Артқы жүріспен жүргенде сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеу кезінде тежегіш педалін басып тұрыңыз.

Артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеу үшін қашықтан басқару ауыстырып қосқышының көмегімен артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею функциясы іске қосылғандағы сыртқы айналардың реттелу бұрышын реттеп алыңыз. Сыртқы айналардың реттеу бұрышын реттеу тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін «Сыртқы айналарды қашықтан басқару ауыстырып қосқышы» бөлімін (☎295-бет) қараңыз.

Айналардың күйін тіркеу функциясы

Артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышын тіркеу мүмкіндігі бар. Айналардың күйін тіркеуді және оның кейіннен қалпына келтірілуін «1», «2» түймелерінің немесе қашықтан

қолжетімділік салпыншақтарының әрқайсысымен жүзеге асыруға болады. Күйді тіркеу және қалпына келтіру туралы толық ақпарат «Орындық күйін тіркеу функциясы» бөлімінде (☎41-бет) келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ

Егер орындық 30 мм-ге не одан көп алға не артқа жылжытылса, артқы жүріспен жүрген кездегі айналардың еңкею бұрышы әдепкі қалып бойынша зауыттық мәніне немесе соңғы сақталған мәнге қайтарылады.

Соңғы күйді сақтау функциясы


Артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышы соңғы реттелген мәнге сәйкес белгілене алады. Соңғы күйді сақтау функциясы төмендегі шарттар орындалған жағдайда жұмыс істейді.

- Күйді тіркеу функциясы қолданылмайды.
- Орындық алға не артқа 30 мм-ге не одан көп жылжытылған.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функцияның зауыттық баптауы (әдепкі қалып бойынша баптауы) «өшірулі» күйі болып келеді. Бұл баптауды SUBARU дилеріне «қосулы» мәніне өзгерттіріп алуға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Егер соңғы күйді сақтау функциясы үшін баптауларда «өшірулі» мәні белгіленген болса, артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышы әдепкі қалып бойынша зауыттық мәнге қайтып оралады.

▼ Айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышы (орнатылған болса)



Айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышы оталдыру жүйесінің құлпы «ON» не «ACC» күйінде тұрғанда ғана жұмыс істейді.

Сыртқы айналарды жинау үшін айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышын басыңыз. Айналарды жұмыстық күйге қайтару үшін ауыстырып қосқышты тағы бір рет басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы айналар қолмен жиналған немесе ашылған болса, оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/ «OFF» күйінен «ACC» не «ON» күйіне бұралған кезде сыртқы айналар айналарды жинау электр жетегінің

ауыстырып қосқышының күйіне байланысты автоматты түрде реттеле алады.

- Сыртқы айналар қолмен жиналған және жұмыстық ашылған күйден сәл өзгеше күйге қойылған болса, оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйінен «ACC» не «ON» күйіне бұралған кезде сыртқы айналар айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышының күйіне байланысты автоматты түрде әрмен қарай жинала алады. Егер бұл орын алса, айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышын басыңыз. Осыдан кейін шеткі күйге дейін жиналған сыртқы айналар жұмыстық жазылған күйіне ашылады, содан кейін әдеттегі тәсілмен қайтадан жинала алады. Сыртқы айналарды жазу үшін ауыстырып қосқышты тағы бір рет басыңыз.
- Егер сыртқы айналарды қолмен жинасаңыз, ауыстырып қосқышты басқан кезде олар жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыш дыбысының естілгеніне қарамастан жазылмауы мүмкін. Егер бұл орын алса, айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышын қайталап басыңыз.

- Егер сыртқы айналарды қолмен жазатын болсаңыз, айналар солқылдап босап қалуы мүмкін. Айналарды міндетті түрде электр жетектің көмегімен жазыңыз. Егер сыртқы айналар солқылдап босап қалса, оларды жинаңыз, содан кейін электр жетектің көмегімен қайта жазыңыз.
- Төмен температурада сыртқы айналар жұмыс істеп тұрып тоқтап қалуы мүмкін. Ауыстырып қосқышты қайта басыңыз. Егер сыртқы айналар ауыстырып қосқыштың командалары бойынша жұмыс істемесе, оларды бірнеше рет қолмен жылжытыңыз. Бұл оларды ауыстырып қосқыштың көмегімен іске қосуға көмектеседі.
- Айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышын ұзақ басып тұрған кезде айналар іске қосылмауы мүмкін. Бұл ақаулық емес. Біршама уақыттан кейін өрекетті қайталап көріңіз.

- Сыртқы айналарды төмендегі шарттар орындалғаннан кейін шамамен 45 секунд өткенде жинауға немесе жазуға болады.
 - Оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылған.
 - Қашықтан қолжетімділік салпыншағының көмегімен есіктің құлпы ашылған.

▽ Сыртқы айналарды жинау электр жетегі функциясы (орындық күйін тіркеу функциясы бар модельдер)

Егер айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышы жазу күйінде болса, ал оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылған болса, есіктер құлыпталған кезде айналар автоматты түрде жиналады.


Егер айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышы жазу күйінде болса, айналар есіктердің құлпы ашылған кезде автоматты түрде жазылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер айналарды жинау электр жетегінің ауыстырып қосқышы жинау күйінде тұрса, сыртқы айналарды жинау электр жетегінің функциясы жұмыс істемейді.
- Сыртқы айналарды жинау электр жетегі функциясының баптауларын аспаптар тақтасының дисплейінің (сұйық кристалды дисплейдің) көмегімен өзгертуге болады.


Толығырақ ақпарат алу үшін «Функциялардың баптаулары» бөлімін (☎28-бет) қараңыз. Сонымен бірге баптауларды SUBARU дилеріне өзгерттіруге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

Артқы әйнектің, сыртқы айналардың жылытқышы және алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіш




- 1) Артқы әйнек жылытқышы.
- 2) Сыртқы айналардың жылытқышы (орнатылған болса).
- 3) Алдыңғы әйнек әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіш (орнатылған болса).

Артқы әйнек жылытқышы, сыртқы айналар жылытқышы және алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіш (бұдан әрі жылыту жүйесі) оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған жағдайда ғана жұмыс істейді.



«А» типті климат-контроль жүйесін басқару панелі

- 1) Сыртқы айналардың жылытқышы жоқ модельдер.
- 2) Сыртқы айналардың жылытқышы бар модельдер.



«В» типті климат-контроль жүйесін басқару панелі

Жылыту жүйесін қосу үшін климат-контроль жүйесін басқару панелінде орналасқан түймені басыңыз. Артқы әйнектің жылытқышы, сыртқы айналардың жылытқышы және алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіш бірге қосылады. Жылыту жүйесі қосылған кезде түймеде сәйкес бақылау шамы жанады.

Оны өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз. Ол оталдыру жүйесінің құлпын «ACC» немесе «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырған кезде де өшеді.

Жылыту жүйесі шамамен 15 минут жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде өшеді. Егер осы уақыт өткенге дейін артқы әйнектің және сыртқы айналардың булануы, сондай-ақ алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларына қатқан мұз толық жойылған болса, жүйені өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз. Егер артқы әйнектің және сыртқы айналардың булануы, сондай-ақ алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларына қатқан мұз жойылмаған болса, осы түймені қайта басыңыз.

SUBARU дилерінде жылыту жүйесінің жұмысын үздіксіз жұмыс режиміне ауыстыру мүмкіндігі бар. Толығырақ ақпарат алу үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз. Сонымен бірге аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі) бар модельдерде жылыту жүйесінің жұмысын дисплейдің көмегімен үздіксіз жұмыс істеу режиміне ауыстыруға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (☞ 232-бет) қараңыз.

Егер аккумулятор батареясының кернеуі рұқсат етілген деңгейден төмен түсіп кетсе, онда үздіксіз жұмыс режимі өшеді және жылыту жүйесі өзінің жұмысын тоқтатады.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Аккумулятор батареясы зарядының таусылуын болдырмау үшін жылыту жүйесінің қажетінен тыс ұзақ жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- Артқы әйнектің ішкі бетін тазалау үшін үшкір заттарды немесе қырнағыш тазартқыш заттерді қолданбаңыз. Олар әйнекке жабыстырылған баспа өткізгіштерді зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер әйнектазартқыш щеткалары алдыңғы әйнекке қатып жабысып қалған болса, жылыту жүйесін қосыңыз.
- Егер алдыңғы әйнектің бетін қар басып тұрса, алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіштің жұмысы тиімдірек болуы үшін қарды тазалаңыз.
- Егер жылыту жүйесі үздіксіз режимде жұмыс істеп тұрса.
 - Егер автокөлік жылдамдығы 15 минут бойы 15 км/сағ деңгейінде немесе одан төмен сақталып тұрса, алдыңғы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларының мұзын еріткіш өзінің жұмысын тоқтатады. Алайда артқы әйнек жылытқышы


мен сыртқы айналардың жылытқышы үздіксіз режимде жұмыс істеуін жалғастырады.

- Егер аккумулятор батареясының кернеуі рұқсат етілген деңгейден төмен түсіп кетсе, жылыту жүйесі өзінің жұмысын тоқтатады.

Еңкею бұрышы / шығымы реттелетін руль

⚠ АНАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Рульдің еңкею бұрышын / шығымын қозғалыс кезінде реттемеңіз. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан жарақат алуға алып келуі мүмкін.
- Егер иітірек бекітілген күйге дейін көтерілмесе, рульдің күйін қайтадан реттеңіз. Руль бағаны бекітілмеген автокөлікті басқару қауіпті! Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан жарақат алуға алып келуі мүмкін.




- 1) Еңкею бұрышын реттеу.
- 2) Шығымын реттеу.
- 3) Рульдің еңкею бұрышын / шығымын реттеуді бұғаттау иітірегі.

1. Орындық күйін реттеңіз. «Алдыңғы орындықтар» бөлімін (☎37-бет) қараңыз.
2. Руль бағанының еңкеюін /шығымын бұғаттау иітірегін төмен түсіріңіз.
3. Рульді қажетті күйге қойыңыз.
4. Рульді қажетті күйде бекіту үшін иітіректі жоғары қайырыңыз.
5. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін рульді жоғары/төмен, алға/артқа қозғап көріңіз.

Рульді жылыту жүйесі (орнатылған болса)

Рульді жылыту жүйесі рульді жылытады және оның тұрақты температурасын сақтап отырады.



- 1) Руль жылытқышының ажыратқышы.
- 2) Бақылау шамы.
- 3) Жылыту аймағы.


Рульді жылыту жүйесін қосу үшін оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған кезде руль жылытқышының ажыратқышын тартыңыз. Руль жылытылады және ажыратқыштағы бақылау шамы жанады. Рульді жылыту жүйесін өшіру үшін ажыратқышты қайта тартыңыз. Бұл ретте бақылау шамы сөнеді.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Рульді жылыту жүйесін қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда пайдаланыңыз. Олай істемеген жағдайда аккумулятор батареясының кернеуі рұқсат етілген деңгейден төмен түсіп кетуі мүмкін және қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмай қалады.
- Рульді жылыту жүйесін ұзақ уақыт пайдаланған жағдайда, тіпті қоршаған ортаның температурасы төмен болса да, терісі сезімтал адамдардың терісін жеңіл күйік шалуы мүмкін. Рульді жылыту жүйесін пайдаланғысы келетін адамдарға осыны ескертіңіз.
- Жылыту жүйесі бар рульді ешқандай заттармен, соның ішінде рульге арналған тысқаппен жаппаңыз. Бұл рульді жылыту жүйесінің шектен тыс қызуына алып келуі мүмкін.
- Рульге сұйықтық төгіп алмаңыз. Сұйықтық төгілген жағдайда рульді жылыту жүйесін қосар алдында оны дереу сүртіп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер рульді жылыту жүйесін қосқан кезде руль бетінің температурасы 40 °С-тан асса, бақылау шамы жанады, алайда жүйе руль дөңгелегін жылытпайды.
- Рульді жылыту жүйесі қосқаннан кейін шамамен 30 минут өткенде автоматты түрде өшеді.
- Рульді жылыту жүйесінде температураны реттеу мүмкіндігі жоқ.

Дыбыс сигналы


Дыбыс сигналын қосу үшін руль дөңгелегінің жұмсақ ортасына басыңыз.

Желдету жүйесін басқару	304
Орталық және бүйір дефлекторлар	304
Артқы дефлекторлар	304
Климат-контроль жүйесін басқару тақтасы	305
«А» типі	306
«В» типі	307
Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі	308
«А» типі	308
«В» типі	309
Датчиктер	309
Автоматты климат-контроль жүйесінің пайдаланушы баптауы (көпфункционалы дисплейі бар (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі бар) модельдер)	310
Климат-контроль жүйесін қолмен басқару	311
Ауа легін тарату режимі	311
Кондиционердің максималды жұмыс қуаты режимі («В» типі)	312
Температураны реттеу	313
Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу	313
Кондиционерді басқару	313
Ауақармауышты басқару	314

Климат-контроль жүйесін өшіру	314
Алдыңғы әйнекті жылыту	315
Жылыту жүйесін және ауа кондиционерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету ұсыныстары	315
Желдету жүйесінің ауақармауышының торын тазалау	315
Күннің астында тұрған автокөлік салонын тиімді салқындату	316
Хладагент контурындағы майлау циркуляциясы	316
Жазғы маусым басталар алдында ауа кондиционері жүйесін тексеру	316
Ауа райының жоғары ылғалдық және төмен температура жағдайларында автокөлік салонында ауаны құрғату мен салқындату	316
Қозғалтқыш жоғары жүктеме режимінде жұмыс істегенде кондиционер компрессорының өшуі	316
Автокөлігіңіздің климат-контроль жүйесіне арналған хладагент	316
Ауаны тазалау жүйесі	317
Салон сүзгісін алмастыру	317


Желдету жүйесін басқару

■ Орталық және бүйір дефлекторлар



Орталық дефлекторлар

Ауаның берілу бағытын реттеу үшін тілшікті қозғалтыңыз. Дефлекторды жабу үшін тілшікті төменге дейін жылжытыңыз.




Бүйір дефлекторлар

- 1) Жабу.
- 2) Ашу.

Ауаның берілу бағытын реттеу үшін тілшікті қозғалтыңыз.

■ Артқы дефлекторлар



Артқы дефлекторлар

- 1) Жабу.
- 2) Ашу.


Ауаның берілу бағытын реттеу үшін тілшікті қозғалтыңыз.

Климат-контроль жүйесін басқару тақтасы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Суыту функциясының жұмысы автокөлік қозғалтқышы оталып тұрған кезде ғана мүмкін.
- Басқалардың көмегін қажет ететін ересек адамдарды немесе балаларды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз. Сондай-ақ жануарларды да жалғыз қалдырмаңыз. Сонымен бірге ыстық немесе шуақты күндері жабық автокөліктегі температура тез көтеріліп, көліктегі адамдарға және жануарларға ыстық өтуі немесе оларды өлімге жетелеуі мүмкін.

■ «А» типі




- 1) Ауаның легін тарату режимін бекіту тұтқасы («Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі» (☞308-бет) және/немесе «Ауа легін тарату режимі» бөлімін (☞311-бет) қараңыз).
- 2) Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу тұтқасы («Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі» (☞308-бет) және/немесе «Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу» бөлімін (☞313-бет) қараңыз).
- 3) Температураны реттеу тұтқасы («Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі» (☞308-бет) және/немесе «Температура реттеу» бөлімін (☞313-бет) қараңыз).
- 4) Ауа кондиционерін қосу түймесі («Кондиционерді басқару» бөлімін (☞313-бет) қараңыз).
- 5) Ауақармауышты басқару түймесі («Ауақармауышты басқару» бөлімін (☞314-бет) қараңыз).
- 6) Артқы айнекжылытқышты қосу түймесі мен айналытқышты қосу түймесі (орнатылған болса) («Артқы айнектің, сыртқы айнардың жылытқышы мен алдыңғы айнектазартқыш щеткасының мұзеріткіші» бөлімін (☞299-бет) қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ

Температураны реттеу диапазоны автокөліктің өңірлік сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін.

■ «В» типі



- 1) Температураны реттеу тұтқасы (сол жақ) («Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі» (☎308-бет) және/немесе «Температура өзгерту» бөлімін (☎313-бет) қараңыз).
- 2) «AUTO» түймесі («Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі» бөлімін (☎308-бет) қараңыз).
- 3) Ауа кондиционерін қосу түймесі («Кондиционерді басқару» бөлімін (☎313-бет) қараңыз).

- 4) Ауақармауышты басқару түймесі («Ауақармауышты басқару» бөлімін (☎314-бет) қараңыз).
- 5) «MAX A/C» түймесі («Кондиционер («В» типі) жұмысының максималды қуат режимі» бөлімін (☎312-бет) қараңыз).
- 6) Алдыңғы әйнекжылытқыш түймесі («Алдыңғы әйнекжылытқыш» бөлімін (☎315-бет) қараңыз).
- 7) Артқы әйнекжылытқышты қосу түймесі мен сыртқы айнажылытқышты қосу түймесі (орнатылған болса) («Артқы әйнектің, сыртқы айналардың жылытқышы мен алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының мұздерітікіші» бөлімін (☎299-бет) қараңыз).
- 8) Температураны реттеу тұтқасы (оң жақ) («Температураны реттеу» бөлімін (☎313-бет) қараңыз).
- 9) «SYNC» түймесі («Синхрондау режимі («В» типі)» бөлімін (☎313-бет) қараңыз).
- 10) Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу тұтқасы («Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу» бөлімін (☎313-бет) қараңыз).
- 11) Ауа легін тарату режимдерін орнату түймесі («Ауа легін тарату режимдері» бөлімін (☎311-бет) қараңыз).
- 12) «ON/OFF» түймесі («Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі» бөлімін (☎308-бет) қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ

Климат-контроль жүйесінің экраны көпфункционалы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) бейнеленеді.

«Климат-контроль жүйесінің экраны» бөлімін (☎243-бет) қараңыз.


Климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі

Егер климат-контроль жүйесінің автоматты жұмыс режимі таңдалса, желдеткіштің айналу жиілігі, ауа легін тарату, ауақармауышты басқару және ауа кондиционерінің компрессор жұмысы автоматты түрде реттеледі. Бұл режимді қосу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Автоматты климат-контроль жүйесін басқару автокөлік қозғалтқышы оталып тұрғанда ғана іске асады.
- Автокөліктің салонына кіретін ауа температурасынан төмен температура орнаса, ауаны салқындату қажеттілігі болмағанның өзінде кондиционердің компрессоры автоматты түрде қосылады. Бұл жағдайда басқару тақтасында «A/C» деген бақылау шамы жанады.
- Кондиционер келесі жағдайларда істемеуі мүмкін.
 - Салондағы ауа температурасы төмен болған кезде.
 - Сыртқы ауа температурасы 0 °C-қа жақын болғанда.

- Температураны реттеу диапазоны автокөліктің өңірлік сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін.
- Сыртқы ауа температурасы 0 °C-тан төмен болғанда кондиционердің компрессоры іске қосылмайды, сондықтан төмен температура кезінде әйнектер буланбас үшін «AUTO» автоматты режимін пайдаланбаған жөн, керісінше, жылыту жүйесін қолмен басқаруға өтіп, үрлеу режимін пайдаланбау керек:

 Желдету;

 Екі деңгейлі жылыту;

 Салонды жылыту.

■ «А» типі

1. Режимді таңдау тұтқасын және желдеткіштің айналу жиілігін реттеу тұтқасын «AUTO» күйіне бұраңыз.
2. Температураны реттеу тұтқасының көмегімен қажетті температура деңгейін орнатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Климат-контроль жүйесінің әрбір функциясы басқа функцияларға тәуелсіз «AUTO» режиміне орнатыла алады. «AUTO» режиміне ауыстырылған барлық функция автоматты түрде басқарылады. Егер қандай да бір функция «AUTO» режиміне ауыспаса, оны қолмен реттеуге болады.

Климат-контроль жүйесін өшіру үшін желдеткіштің айналу жиілігін реттеу тұтқасын «OFF» күйіне бұраңыз. Климат-контроль жүйесін өшіру кезінде ауақармауштың жұмыс режимі келесідей өзгеріп отырады.

- «AUTO» режимі таңдалған болса, сыртқы ауа қармау режимі орнатылады.
- «MANUAL» режимі таңдалған болса, климат-контроль жүйесін өшіргенге дейін орнатылған режим сақталады.

■ «B» типі

1. «AUTO» түймесін басыңыз. Көпфункционалы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) «FULL AUTO» индикаторы жанады.
2. Температураны реттеу тұтқасының көмегімен қажетті температура деңгейін орнатыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Егер толық автоматты жұмыс режимі кезінде басқару тақтасында «ON/OFF» түймесінен, артқы әйнекжылытқыш түймесінен, «SYNC» түймесінен және температураны реттеу тұтқасынан басқа түймені бассаңыз, «FULL» бақылау шамы сөніп, «AUTO» бақылау шамы жанып тұрады. Бұл кезде жүйенің жұмысын қолмен, өзіңіз басқан түйменің көмегімен реттей аласыз. Жүйені толық автоматты режимге қайтару үшін «AUTO» түймесін басыңыз.

Климат-контроль жүйесін өшіру үшін «ON/OFF» түймесін басыңыз. Климат-контроль жүйесін өшіру кезінде ауақармауштың жұмыс режимі келесідей өзгеріп отырады.

- «AUTO» режимі таңдалған болса, сыртқы ауа қармау режимі орнатылады.
- «MANUAL» режимі таңдалған болса, климат-контроль жүйесін өшіргенге дейін орнатылған режим сақталады.

■ Датчиктер



- 1) Автокөлік ішіндегі ауа температурасының датчигі.
- 2) Күн сәулесінің қарқындылығы датчигі.

Автоматты климат-контроль жүйесінде бірнеше датчик пайдаланылады. Бұл датчиктердің конструкциясы өте нәзік. Ұқыпсыз қолданған жағдайда бірден бұзылып, климат-контроль жүйесі іштегі температураның реттеуін дұрыс атқара алмай қалады. Датчиктерді бұзып алмас үшін келесі сақтық шараларды орындаңыз.

- Датчиктерді соққыдан қорғаңыз.
- Датчиктерге су тиюден сақтаңыз.
- Датчиктердің бетін ешнәрсемен жаппаңыз.

■ Автоматты климат-контроль жүйесінің пайдаланушы баптауы (көпфункционалы дисплейі бар (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі бар) модельдер)

Көпфункционалы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) автоматты климат-контроль жүйесінің пайдаланушы баптауын жасауға болады.

Баптау жолдары «Экран баптаулары» бөлімінде (☞ 249-бет) келтірілген.

▼ Режимді баптау

Климат-контроль жүйесін келесі режимдердің біріне орнатуға болады.

▽ Қалыпты режим

Климат-контроль жүйесінің қалыпты жұмысы үшін осы режимді пайдаланыңыз.

▽ Жұмсақ режим

Ауа легінің жұмсақ кіруі үшін осы режимді пайдаланыңыз.

▽ Қуатты режим

Климат-контроль жүйесінің көмегімен жайлылық деңгейін лезде арттыру үшін осы режимді пайдаланыңыз. Нәтижесінде қозғалтқыштың автоматты түрде оталу/сөну жүйесінің жұмыс диапазоны қысқарады.

▽ Экологиялық режим

Жайлы деңгейден гөрі отын үнемдеу маңыздырақ болса, онда осы режимді пайдаланыңыз. Нәтижесінде қозғалтқыштың автоматты түрде оталу/сөну жүйесінің жұмыс диапазоны ұлғаяды.

▼ Жолаушының отыруын анықтау

Бұл режим климат-контроль жүйесінің жұмысын жолаушылардың санына байланысты реттеуге мүмкіндік береді.

▽ Алдыңғы жолаушының отыруын анықтау (қажет болса)

Бұл режимде жолаушылардың отыруын анықтау датчигі алдыңғы орында жолаушыны анықтамаса, климат-контроль жүйесіндегі температура

жүргізушіге орнатылған температураға дейін өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

Жолаушылардың отыруын анықтау датчигі жолаушылардың отырысына, физикалық көлеміне және салмағына байланысты оларды анықтай алмауы мүмкін. Алдыңғы жолаушының отыруын анықтау функциясы толыққанды жұмыс істемеуі мүмкін.

▽ Артқы жолаушының отыруын анықтау

Бұл функция артқы есіктердің ашылуы мен жабылуына қарай артқы орында жолаушының барын анықтайды. Артқы орында жолаушы болмаса, климат-контроль жүйесінен шығатын ауа легі бәсеңдеп, алдыңғы орындағы жолаушыға басымдық беріледі.


ЕСКЕРТПЕ

Егер жүйе артқы есіктің ашылуы мен жабылуы арқылы артқы орында жолаушы барын анықтай алмаса, мысалы, көлікке жүк салу үшін есіктер ашылған болса, артқы жолаушының отыруын анықтау функциясы толыққанды жұмыс істемейі мүмкін.


Климат-контроль жүйесін қолмен басқару**■ Ауа легін тарату режимі**

Ауа легін тарату режимін орнату тұтқасы арқылы («А» типі) немесе ауа легін тарату режимін орнату түймесі арқылы («В» типі) ауа легін тарату режимін таңдаңыз.


Ауа легін тарату режимдері келесідей.




Желдету: аспаптар тақтасының желдету саңылаулары.




«В» типі үшін Желдету 2: аспаптар тақтасының желдету саңылаулары және аяққа үрлейтін желдету саңылаулары.




Екі деңгейлі жылыту: аспаптар тақтасының желдету саңылаулары және аяққа үрлейтін желдету саңылаулары.



Жылыту: ауаның көп бөлігі аяққа үрлейтін желдету саңылаулары арқылы, аспаптар тақтасындағы бүйірлік желдету саңылаулары арқылы және аз бөлігі алдыңғы әйнекті жылытатын желдету саңылаулары арқылы беріледі (алдыңғы және бүйір әйнектер буланбауы үшін ауаның әлсіз легі жіберіледі).



Салонды/алдыңғы әйнекті жылыту: алдыңғы әйнекті жылытатын желдету саңылаулары, аяққа үрлейтін желдету саңылаулары және аспаптар тақтасындағы бүйірлік желдету саңылаулары («Алдыңғы әйнекті жылыту» бөлімін (§315-бет) қараңыз).



«А» типіне арналған алдыңғы әйнекті жылыту: алдыңғы әйнекті жылытатын желдету саңылаулары мен аспаптар тақтасының екі жағындағы бүйірлік желдету саңылаулары. («Алдыңғы әйнекті жылыту» бөлімін (§315-бет) қараңыз).

■ **Кондиционердің
максималды жұмыс
қуаты режимі («В» типі)**

Лезде салқындату үшін «MAX A/C» түймесін басыңыз.

Егер кондиционердің максималды жұмыс қуатының режимі қосылып тұрса, баптаулар автоматты түрде келесідей өзгереді.

- Кондиционер қосылады.

- Ең төменгі температура орнатылады.
- Желдеткіштің максималды айналу жиілігі орнатылады.
- Ауақармауыштың жұмыс режимі рециркуляцияға орнатылады.
- Ауа легін реттеу режимі желдеткішке орнатылады.

Кондиционердің максималды жұмыс қуаты режимін өшіріп, алдыңғы баптауларға қайтару үшін «MAX A/C» түймесін қайта басыңыз.

■ Температураны реттеу

Салондағы қалаған ауа температурасын орнату үшін температураны реттеу тұтқасын бұраңыз.

Жүргізушінің күйін бақылау жүйесі бар модельдерде температура баптауын қимылмен басқару функциясы арқылы да өзгертуге болады. «Қимылмен басқару» бөлімін (☞ 460-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Температураны реттеу диапазоны автокөліктің өңірлік сипаттамаларына байланысты өзгеруі мүмкін.

▼ Синхрондау режимі («B» типі)

Синхрондау режимі қосылған болса, жүргізуші және алдыңғы жолаушы жақтағы температура жүргізуші жақтағы температураны реттеу тұтқасы арқылы синхронды түрде басқарылады.

Синхрондау режимін қосу үшін «SYNC» түймесін басыңыз. «SYNC» түймесінің индикаторы жанады.

Синхрондау режиміне шығу үшін «SYNC» түймесін қайта басыңыз немесе алдыңғы жолаушы жақтағы температура реттеу тұтқасын бұраңыз. «SYNC» түймесінің индикаторы сәнеді. Осыдан кейін жүргізуші мен алдыңғы жолаушы жақтағы температураны реттеу бөлек болады. Жүргізуші және алдыңғы жолаушы жақтағы температура реттеуі температура реттеу тұтқасы арқылы бөлек-бөлек жасалады.

■ Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу

Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу тұтқасын бұрау арқылы желдеткіштің ыңғайлы айналу жиілігін таңдаңыз.

■ Кондиционерді басқару


Кондиционер жұмысы автокөлік қозғалтқышы оталып тұрған кезде ғана мүмкін.

Кондиционер желдеткіш істеп тұрған кезде кондиционерді қосу түймесін басқанда қосылады. Кондиционер қосуды болса, «A/C» бақылау шамы жанады.


Кондиционерді өшіру үшін сол тетікті қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Әйнектердің булануын толыққанды кетіру үшін немесе суық ауа райында ауаны құрғату үшін кондиционерді қосыңыз. Егер сыртқы ауа температурасы шамамен 0 °C болса, ауа кондиционері және құрғату жүйесі толыққанды істемеуі мүмкін, сол себепті төмен температура кезінде булануға жол бермеу үшін «AUTO» толық автоматты режимін пайдаланбағаныңыз жөн, керісінше, жылыту жүйесін қолмен басқаруға өтіп, үрлеу режимін пайдаланбау керек:

 Желдету;

 Екі деңгейлі жылыту;

 Салонды жылыту.

■ Ауақармауышты басқару

Ауақармауышты басқару түймесін басу арқылы ауа қармау режимін таңдаңыз.

- Рециркуляция

Ауақармауышты басқару режимін таңдау түймесінде бақылау шамы жанып тұрса, автокөлік ішіндегі ауа рециркуляцияға ұшырайды. Төменде келтірілген жағдайлар кезінде ауақармауышты басқару түймесін басып, оны «Қосулы» күйіне орнатыңыз.

- Шаң көтерілетін жолдармен жүрген жағдайда.
- Суыту тиімділігін арттырғыңыз келген жағдайда (мысалы, өте ыстық ауа райында).

- Сырттан ауа қармау

Егер ауақармауышты басқару режимін таңдау түймесінде бақылау шамы жанбай тұрса, салонға сырттағы ауа кіреді. Төменде келтірілген жағдайлар кезінде ауақармауышты басқару түймесін басып, оны «Өшірулі» күйіне ауыстырыңыз.

- Шаң көтерілетін жолмен жүріп өткен соң.
- Егер салон жайлы температураға дейін суыса.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ауақармауышты басқару түймесі «Қосулы» күйінде ұзақ қалып қойса, әйнектер буланып кетуі мүмкін. Шаң көтерілетін жолмен жүріп өте салысымен, бұл тетікті «Өшірулі» күйіне қайтарыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты оталдырған кезде ауақармауышты басқару түймесінің бақылау шамы жыпылықтап тұрса, электр жүйесінде ақау болуы мүмкін. Мұндай жағдайда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.
- Ауақармауышты басқару түймесінің бақылау шамы аталған келесі жағдайларда жыпылықтауы мүмкін. Бірақ бұл қандай да бір ақаудың барын білдірмейді.
 - Автокөліктің аккумулятор батареясын ажыратып, қайта жалғаған соң.
 - Автокөліктің аккумулятор батареясының кернеуі төмендеген жағдайда.


■ Климат-контроль жүйесін өшіру

Климат-контроль жүйесін өшіру.

- «А» типі: желдеткіштің айналу жиілігін реттеу тұтқасы арқылы «OFF» күйін таңдаңыз.
- «В» типі: «ON/OFF» түймесін басыңыз.




Алдыңғы әйнекті жылыту

Бұл функция алдыңғы әйнектің және алдыңғы есік әйнектерінің булануы мен мұз басуын болдырмау үшін пайдаланылады.





403065

Алдыңғы әйнекті жылыту режимін қосу.


- «А» типі: ауа легін тарату режимін орнату тұтқасының көмегімен «» немесе «» күйін таңдаңыз.
- «В» типі: ауа легін тарату режимін орнату түймесінің көмегімен алдыңғы әйнекті жылыту түймесін басыңыз немесе «» күйін таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер «» немесе «» режимі таңдалса, алдыңғы әйнекті тез жылыта отырып, кондиционердің түймесінің орнатылған күйіне қарамастан, оның компрессоры автоматты түрде қосылады. Мұнымен бірге автоматты түрде сырттағы ауаны қармау режимі орнатылатын болады.
- «В» типті климат-контроль жүйелері үшін алдыңғы әйнекті жылыту түймесін басу арқылы алдыңғы әйнекті жылытып болған соң түймені қайта басса, жүйе алдыңғы әйнекті жылыту режимін қосқанға дейінгі баптауға қайтады.

Жылыту жүйесін және ауа кондиционерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету ұсыныстары

- Желдету жүйесінің ауақармаушының торын тазалау



403551

- 1) Желдету жүйесінің алдыңғы ауақармауыш торы.

Салонды және алдыңғы әйнекті тиімді жылыту үшін желдеткіш жүйесінің ауақармаушының алдыңғы торы әрдайым қардан, жапырақтан және де басқа заттардан таза болып, ішке ауа кіруіне кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.

Конденсатор радиатордың алдыңғы бөлігінде орналасқандықтан, бұл аймақты үнемі таза ұстау керек, өйткені онда толып қалған жәндіктер мен жапырақтар салқындату тиімділігін нашарлатып жібереді.

■ Күннің астында тұрған автокөлік салонын тиімді салқындату

Күннің астында тұрған соң автокөлік салонына сырттан ауа кіріп, ауа айналуы үшін алғашқы бірнеше минутта әйнекті ашып қою керек. Бұл кондиционердің салондағы ауаны тезірек салқындатуына көмектеседі. Ауа кондиционері жұмыс істеп тұрған кезде ауаны толыққанды салқындатуды қамтамасыз ету үшін автокөліктің әйнектерін жабыңыз.

■ Хладагент контурындағы майлау циркуляциясы

Ауа кондиционері жүйесінде май айналуы үшін маусым арасында айына бір рет бірнеше минут бойы қозғалтқыштың иінді білігінің төмен жиілікте айналған кезінде оның компрессорын істетіп қою керек (бос жүріс режимінде немесе төмен жылдамдықпен жүрген кезде).

■ Жазғы маусым басталар алдында ауа кондиционері жүйесін тексеру

Әр көктемде автокөлігіңіздің ауа кондиционері жүйесінің құбыршектерінің жарамдылығы мен күйін тексеріп тұрыңыз, сондай-ақ хладагенттің ағып кетпеуін қадағалаңыз. Осындай тексеру жұмыстарын өзіңіздің SUBARU дилеріңізде жүргізуге кеңес береміз.

■ Ауа райының жоғары ылғалдық және төмен температура жағдайларында автокөлік салонында ауаны құрғату мен салқындату

Белгілі ауа райы жағдайларында (ауаның салыстырмалы жоғары ылғалдығы, төмен температура және т. б.) автокөлік салонына ауа жіберетін желдету саңылауларынан ылғалды будың пайда болуын байқауға болады. Бұл қалыпты жағдай және ауа кондиционері жүйесінде ешқандай ақау бар дегенді білдірмейді.

■ Қозғалтқыш жоғары жүктеме режимінде жұмыс істегенде кондиционер компрессорының өшуі


Автокөліктің динамикалық сипаттамасын арттыру үшін және отын үнемдеу мақсатында ауа кондиционері компрессорының конструкциясы автокөлік лезде жылдамдықты үдеткенде немесе тік биіктікке көтерілгенде акселератор педалін түбіне дейін басса, оның уақытша өшірілуін көздейді.

■ Автокөлігіңіздің климат-контроль жүйесіне арналған хладагент

Кондиционеріңізде озонсақтағыш R-134a (HFC-134a) хладагенті пайдаланылады. Автокөлігіңізде қандай хладагент пайдаланылатынын суретте көрсетілген жерде кондиционердің тақтайшасынан қарап алыңыз. Техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша өзіңіздің SUBARU дилеріңізден кеңес алыңыз. Сәйкес емес хладагентті пайдаланған жағдайда жөндеу жұмыстарын жасауға кепілді міндеттемелері қолданылмайды.

Ауаны тазалау жүйесі

Автокөліктің техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес сүзу элементін ауыстырып тұрыңыз. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін (525-бет) қараңыз. Осы кестені сақтау нәтижесінде ауаны шаңнан тиімді тазалау қамтамасыз етіледі. Егер автокөлігіңіз шаң қатты көтерілетін деңгейде пайдаланылатын болса, сүзу элементін жиі ауыстырып тұру керек. Ауаны тазалау жүйесінің жағдайын үнемі тексеріп, сүзу элементін өзіңіздің SUBARU дилеріңізде ауыстыруға кеңес береміз. Сүзу элементін ауыстыру кезінде тек түпнұсқа SUBARU салон сүзгісін пайдалануға кеңес береміз.



- 1) Ауа кондиционерінің тақтайшасы.
 А) Хладагент атауы.
 В) Компрессор майының атауы.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Ауа сүзгісін ауыстыру уақыты келмеген болса да, төменде аталған жағдайлар кезінде өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жүгінгеніңіз жөн.

- Ауа арналарынан кіретін ауаның көлемі азайғанда.
- Алдыңғы әйнек сәл булана бастағанда немесе ылғал тамшылары пайда болғанда.

ЕСКЕРТПЕ

Ауа сүзгісін дұрыс қадағаламаған жағдайда ауа кондиционері жүйесінің


жұмысына, салонды және алдыңғы әйнекті жылыту жұмыстарына әсер етуі мүмкін.

■ Салон сүзгісін алмастыру


1. Ұсақ-түйек бөлімін шешіңіз.
 (1) Ұсақ-түйек бөлімін ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Ұсақ-түйек бөлімінен орталық консольда сызаттар пайда болмауы үшін алдымен орталық консольді қорғағыш таспаның көмегімен жауып алыңыз.



(2) Ұсақ-түйек бөлімінен демпфер тартқышын ағытып алыңыз.




(4) Ұсақ-түйек бөлімін көлденеңнен шығарып, ілмектерді шешіңіз. Бұл әрекетті орындау кезінде ілмектерді бүлдіріп алмау үшін абай болыңыз.



1) Шектегіш.


(3) Шектегішті ағыту үшін ұсақ-түйек бөлімінің екі жағын басыңыз да, ұсақ-түйек бөлімін барынша төмен қарай шығарыңыз.



2. Салон сүзгісін төменде келтірілген әрекетке сәйкес, оның корпусының ішіне салон сүзгісінен шаң түспейтіндей етіп шешіңіз.

(1) Ағытып алу үшін төрт бекіткішті басыңыз да, салон сүзгісін корпустан 1 см-ге ақырын шығарыңыз.


(2) Салон сүзгісінің алдыңғы бөлігін төменге абайлап қисайтып, салон сүзгісін толық шығарып алыңыз.



3. Салон сүзгісінің сүзгі элементін жаңасымен алмастырыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сүзгідегі меңзер таңбасы **ЖОҒАРЫ** қарап тұруы керек.




4. Ұсақ-түйек бөлімін орнына бекітіп, демпфер тартқышын жалғаңыз.
5. Ұсақ-түйек бөлімін жабыңыз.

Антенна	322
Төбедегі антенна	322

Аудиожүйе	322
-----------------	-----

Антенна

■ Төбедегі антенна



Төбенің артқы бөлігінің ортасына антенна орнатылған.

Аудиожүйе

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Азаматтық диапазондағы радиостанцияны, басқа да радиотаратқыш құрылғыларды орнатардан бұрын, өзіңіздің SUBARU дилеріңізден кеңес алыңыз. Егер мұндай құрылғылар дұрыс орнатылмаса немесе олар бұл автокөлікке арналмаған болса, бұл құрылғылар автокөліктің электрондық қондырғыларының жұмысын нашарлатуы мүмкін.
- Аккумулятор батареясының қуаты таусылмас үшін, аудиовизуалды жүйені қозғалтқыш сөнген кезде қосулы қалдырмаңыз.

Егер автокөлігіңіз айрықша навигация жүйесімен немесе SUBARU аудиожүйесімен жабдықталған болса, толық ақпарат алу үшін навигация/аудиожүйе жүйесін пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қарап шығыңыз.

Салон жарығы	325
Нүктелі шырағандар	325
Салонды жарықтандыру плафоны.....	325
Жүксалғышты жарықтандыру плафоны	326
Жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафоны (орнатылған болса)	327
Кешіктіріп өшіру таймері	327
Күнқағарлар	328
Күнқағардың шығатын тартпасы	328
Күнқағардағы айна.....	329
Күнқағардағы көмескі жарығы бар айна (орнатылған болса).....	329
Ұсақ-түйек бөлімі	330
Ұсақ-түйек тартпасы.....	330
Орталық консоль	330
Жоғарғы консоль	331
Стақанқойғыштар	331
Алдыңғы жолаушыға арналған стақанқойғыш	331
Артқы орындықтағы жолаушыларға арналған стақанқойғыштар (орнатылған болса)	332
Бөтелке ұстағыштар	332
Қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткалар	333
Шылымтұтатқыш (орнатылған болса).....	335
USB-ағытпадан алынатын электр қуаты (қарастырылған болса)	336
Электр қуатын қосу үшін USB-ағытпаны пайдалану тәртібі.....	337

Еден кілемшесі (орнатылған болса).....	338
Тұтқалар	338
Киімге арналған ілмектер	339
Сөмкелерге арналған ілмектер.....	340
Көмекші ілмек.....	340
Жүксалғыштың шығарылатын қалқасы	341
Шығарылатын қалқаны пайдалану тәртібі.....	341
Қалқаның алдыңғы бөлігін орнату	341
Қалқаның алдыңғы бөлігін шешу	342
Шығарылатын қалқаны шешіп алу	342
Шығарылатын қалқаның қабын сақтау.....	342
Шығарылатын қалқаның қабын орнату	342
Жүк бекіту ілмектері	343
Жүксалғыштағы жоғарғы ілмектер	344
Жүксалғыш еденінің астында орналасқан ұсақ-түйек бөлімі	344
Алдыңғы көрініс камерасы (орнатылған болса)	345
Алдыңғы көрініс камерасынан кескінді көрсету	346
Алдыңғы көрініс камерасын өшіру	346
Дисплей контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі	347
Экранда көрсетілген көру аймағы	347
Көмекші сызықтар.....	348
Камераны қолдану	348
Бүйір көрініс камерасы (орнатылған болса)	349
Бүйір көрініс камерасын пайдалану тәртібі	350
Бүйір көрініс камерасын өшіру	351
Дисплей контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі	351

Салон жабдығы

Экранда көрсетілген көру аймағы	352
Көмекші сызықтар	353
Камераны қолдану	353


Артқы көрініс камерасы (орнатылған болса).....	354
--	-----

Салон жарығы

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Аккумулятор батареясының қуаты таусылмас үшін автокөліктен шығарда жарықтың сөндірілгеніне көз жеткізіп алыңыз.

■ Нүктелі шырағандар



1) Есіктер ашылған кезде жарықтың қосылу функциясының ауыстырып қосқышы.

Нүктелі шырағанды қосу үшін оның шашыратқышын басыңыз.


Оны өшіру үшін сол шашыратқышты қайта басыңыз.

▼ Жарықтың автоматты түрде қосылуы

Есіктер ашылған кезде жарықтың қосылу функциясының ауыстырып қосқышы «DOOR» күйінде тұрса, төменде келтірілген жағдайларда нүктелі шырағандан автоматты түрде жанады.

- Жүксалғыш есігінен басқа кез келген есік ашық.
- Есіктердің құлпы қашықтан ашу функциясы арқылы ашылған (қарастырылған болса). «Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде есіктерді құлыптау және құлпын ашу» бөлімін (☎139-бет) қараңыз.
- Есіктердің құлпы есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі арқылы ашылған. «Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» бөлімін (☎151-бет) қараңыз.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» күйінен «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылған.

■ Салонды жарықтандыру плафоны



- 1) «OFF» күйі.
- 2) «DOOR» күйі.
- 3) «ON» күйі.

Салонды жарықтандыру плафонының ауыстырып қосқышы келесідей күйлерге орнатылады.

«ON» күйі: жарық тұрақты қосулы.

«OFF» күйі: жарық өшірулі.


«DOOR» күйі: салон жарығы келесі жағдайларда автоматты түрде қосылады.

- Кез келген есік немесе жүксалғыш есігі ашық.
- Есіктердің құлпы немесе жүксалғыш есігінің құлпы қашықтан ашу функциясы арқылы ашылған (қарастырылған болса). «Қашықтан ашу салпыншағы болған кезде есіктерді құлыптау және құлпын ашу» бөлімін (☎139-бет) қараңыз.

- ЖАЛҒАСЫ -


- Есіктердің құлпы немесе жүксалғыш есігінің құлпы есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі арқылы ашылған. «Есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» бөлімін (→ 151-бет) қараңыз.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» күйінен «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылған.

■ Жүксалғышты жарықтандыру плафоны



Жүксалғышты жарықтандыру плафоны (жүксалғыш есігінде жарықтандыру плафондары жоқ модельдер)

- 1) «ON» күйі.
- 2) «OFF» күйі.
- 3) «DOOR» күйі.



Жүксалғышты жарықтандыру плафоны (жүксалғыш есігінде жарықтандыру плафондары бар модельдер)


- 1) «OFF» күйі.
- 2) «DOOR» күйі.
- 3) «ON» күйі.

«ON» күйі: жарық тұрақты қосулы.

«OFF» күйі: жарық өшірулі.

«DOOR» күйі: жүксалғышты жарықтандыру плафоны жүксалғыш есігі ашылған кезде автоматты түрде жанады.

■ Жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафоны (орнатылған болса)



Жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафоны

- 1) «OFF» күйі.
- 2) «DOOR» күйі.

«OFF» күйі: жарық өшірулі.

«DOOR» күйі: жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафоны жүксалғыш есігі ашылған кезде автоматты түрде жанады.

■ Кешіктіріп өшіру таймері

Келесі шырағандар автоматты қосылу функциясымен жабдықталған.


- Салонды жарықтандыру плафоны.
- Нүктелі шырағандар.
- Жүксалғышты жарықтандыру плафоны.
- Жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафоны (орнатылған болса).

Салон жарығының ауыстырып қосқышы «DOOR» күйіне орнатылса, жарық есіктің, соның ішінде жүксалғыш есігінің құлыпталуына және құлпының ашылуына, сондай-ақ оталдыру жүйесі құлпының күйіне байланысты автоматты түрде жанатын және сөнетін болады.

ЕСКЕРТПЕ

Нүктелі шырағандардың кідіріп сөнуін баптауды (кідіріп сөну таймерін) SUBARU дилерінен өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) бар модельдер үшін баптауды аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплей) арқылы да өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөлік баптаулары» бөлімін (☎232-бет) қараңыз.


Күнқағарлар




Жарқыраған жарық көзді қарықтырмауы үшін күнқағарларды төмен түсіріп қойыңыз.

Күнқағарды бүйір терезеге пайдалану үшін оны төмен түсіріп, тиісті әйнекке қарай қайырып қойыңыз.

■ Күнқағардың шығатын тартпасы



Күнқағарды бүйір терезеге пайдаланған кезде шығатын тартпасы күнқағар мен автокөліктің ортаңғы тіреуінің арасындағы саңылауды жауып, сіздің көзіңізді жарқын сәуледен қорғайды. Күнқағардың шығатын тартпасын пайдалану үшін оны артқа тартыңыз. Шығатын тартпа сізге қажет болмай қалған кезде оны алға итеріп, күнқағар ішіне кіргізіп қойыңыз.




▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Күнқағар алдыңғы әйнек үстінде тұрған кезде шығатын тартпаны шығармаңыз. Әйтпесе, шығатын тартпа артқы көрініс айнасын жауып қалады.

■ Күнқағардағы айна

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде жарқыраған сәуледен көзіңіз қарықпау үшін айна қақпағын жабық күйде ұстаңыз.




601931

Айнаны пайдалану үшін күнқағарды түсіріп, айна қақпағын көтеріңіз.

■ Күнқағардағы көмескі жарығы бар айна (орнатылған болса)

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік қозғалысы кезінде жарық алаңдатпауы үшін айна қақпағын жауып қойыңыз.



601237


Айнаны пайдалану үшін күнқағарды түсіріп, айна қақпағын көтеріңіз. Айнаның көмескі жарығы айна қақпағы ашылғанда қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

Айнаның көмескі жарығы ұзақ қосулы болған кезде аккумулятор батареясының қуаты таусылуы мүмкін.

Ұсақ-түйек бөлімі**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Күрт тежеген немесе апат орын алған кезде жарақат алу қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде ұсақ-түйек бөлімдері жабық тұруы керек.
- Ұсақ-түйек бөлімдерінде аэрозоль құтыларын, отқа қауіпті немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды сақтамаңыз.


■ Ұсақ-түйек тартпасы

601928

Ұсақ-түйек тартпасының қақпағын ашу үшін тұтқаны өзіңізге қарай тартыңыз. Оны жабу үшін қақпақты жоғары қарай итеріңіз.

■ Орталық консоль

Орталық консольдегі бөлімде заттарды сақтауға арналған орын бар.




601856

- 1) Ұсақ-түйек астауы.
- 2) Аксессуар астауы.

Консольдің жоғарғы бөлігін шынтақтаяныш ретінде пайдалануға болады.

■ Жоғарғы консоль



Консольді ашу үшін консоль қақпағын басып қалыңыз. Қақпақ автоматты түрде ашылады.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қозғалысты бастамас бұрын жоғарғы консоль жабық тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Автокөлігіңіз күн астында немесе жылы ауа райында ұзақ уақыт тұрған кезде жоғарғы консольдің үсті қызады, сондықтан жоғарғы консоль бөлігінде пластмасса заттарды немесе тез тұтанатын заттарды (мысалы, оттық), сондай-ақ жылу әсеріне сезімтал заттарды сақтамаңыз.

Стақанқойғыштар


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Абай болыңыз және сусындарды төгіп алмаңыз. Ыстық сусындар сізді және автокөліктегі жолаушыларды күйдіруі мүмкін. Оған қоса, төгілген сұйықтық қаптауышты, кілем төсемін және аудиоаппаратураны бүлдіруі мүмкін.

■ Алдыңғы жолаушыға арналған стақанқойғыш

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүргізушіге автокөлік жүргізу кезінде стақанды өзі стақанқойғыштан алуға немесе оны қайта салуға рұқсат етілмейді. Бұл назарды алаңдатып, апатқа ұшыратуы мүмкін.



Қосарланған стақанқойғыш консольге орнатылған.


ЕСКЕРТПЕ

- Алдыңғы жолаушыға арналған стақанқойғыштың пішіні модельге байланысты өзгешелеу болуы мүмкін.
- Аралық қабырғасы алынып тұрған кезде ұсақ-түйек бөлімі ретінде пайдалануға болады.

- Артқы орындықтағы жолаушыларға арналған стақанқойғыштар (орнатылған болса)

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы орындықтағы жолаушыларға арналған стақанқойғышта сусын болмаса, артқы орындықтың арқалығын жатқызбаңыз. Өйтпесе, сусын төгіліп кетуі мүмкін. Егер сусын ыстық болса, ол сізді немесе жолаушыларыңызды күйдіруі мүмкін.




Қосарланған стақанқойғыш шынтақ-таянышқа орнатылған.

Бөтелке ұстағыштар

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Жүргізушіге автокөлік жүргізу кезінде бөтелкені өзі бөтелке ұстағыштан алуға немесе оны қайта салуға рұқсат етілмейді. Бұл назарды алаңдатып, апатқа ұшыратуы мүмкін.
- Егер бөтелке ұстағышқа сусыны бар бөтелкені салсаңыз, оның қапқақ жабық тұрғанына көз жеткізіңіз. Өйтпесе, есік ашылғанда/жабылғанда, сондай-ақ қозғалыс кезінде сусын төгіліп қалуы мүмкін. Егер сусын ыстық болса, ол сізді немесе жолаушыларыңызды күйдіруі мүмкін.



601437


Әр есіктің ішкі қаптамасына орнатылған бөтелке ұстағыштар бөтелкелерді және басқа да заттарды салу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткалар




602364

Климат-контроль жүйесін басқару тақтасының астындағы розетка



601859

Орталық консольдегі розетка



601860

Жүксалғыштағы розетка

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «АСС» немесе «ON» күйіне орнатылса, онда қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткаларға аккумулятор батареясынан 12 В тұрақты кернеуі беріледі.

Осы розеткаларға әртүрлі электр жабдықты қосуға болады.


Розеткаларға қосылатын электр жабдықтың максималды рұқсат етілген қуаты – 120 Вт.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткаларды шылымтұтатқыш ұясы ретінде пайдаланбаңыз.
- Қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткаға тиындар немесе алюминий фольга сияқты қандай да бір металл заттардың түсуіне жол бермеңіз. Бұл қысқа тұйықталуға себеп болуы мүмкін. Розетка пайдаланылмайтын кезде оның қақпағын әрдайым жауып қойыңыз.
- Тек 12 В кернеуі бар тұрақты ток желісінде жұмыс істеуге арналған электр құрылғыларын пайдалануға рұқсат етіледі.
Розеткаларға қосылатын электр жабдықтың максималды рұқсат етілген қуаты – 120 Вт. Қуаты әр розетка үшін белгіленген шектен асатын электржабдықты пайдаланбаңыз.
- Екі немесе одан да көп розеткаға бір уақытта электрәспаптарды қосқанда олардың тұтынатын

жалпы қуаты 120 Вт аспауы керек. Шамадан тыс жүктелуі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. Таратқыш адаптерлерді пайдаланбаңыз немесе бір розеткаға бірнеше электрәспапты қоспаңыз.

- Қосылатын электрәспаптардың ашасы розеткаға тым бос немесе тым тығыз кіретін болса, онда мұндай контактілер сенімсіз болады немесе ағытпа розетка ішінде қысылып қалады. Тек розеткаға жақсы сәйкес келетін ашаларды пайдаланыңыз.
- Электр жабдықты қосуға арналған розеткаға қосылған электрәспап ұзақ жұмыс істегенде аккумулятор батареясының қуаты таусылып қалатынын естен шығармау керек.
- Жүрмей тұрып, қосылатын электрәспаптың ашасы мен электр сымы берілістерді ауыстырып қосуға, сондай-ақ акселератор мен тежегіш педальдарын басқанда кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, бұл электрәспапты қозғалыс кезінде пайдаланбаңыз.



601929

ЕСКЕРТПЕ

Орталық консоль қақпағы жабық тұрғанда орталық консоль мен қақпақ арасында орталық консольдегі қосымша электр жабдықты қосуға арналған розетканы пайдалануға мүмкіндік беретін саңылау болады. Электраспаптың сымын сол саңылаудан өткізіңіз.

■ Шылымтұтатқыш (орнатылған болса)

Қосымша электр жабдықты қосуға арналған розетка орнына шылымтұтатқыш орнатылған болуы мүмкін. Шылымтұтатқышты өзіңіздің SUBARU дилеріңізден сатып алуға болады.

Шылымтұтатқыш оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйінде тұрған жағдайда ғана жұмыс істейді. Шылымтұтатқышты пайдалану үшін оның тұтқасын батырып жіберіңіз де, бірнеше секунд күтіңіз. Ол жұмысқа дайын болған кезде өзіне тән шертілген дыбыспен бастапқы күйіне оралады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Күйіп қалмас үшін шылымтұтатқышты ешқашан қыздыру элементі тұрған жағынан ұстаушы болмаңыз. Өйтпесе, жарақат алуыңыз, ал қыздыру элементі істен шығуы мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

- Шылымтұтатқышты батырып кіргізгеннен кейін оны сол ұяда басып ұстамаңыз, себебі шылымтұтатқыш күйіп кетеді.
- Розеткаға түпнұсқа емес шылымтұтатқыштарды орнатпаңыз. Өйткені ол қысқа тұйықталудың және күйіп кетудің себебі болып, салдарынан өрт тудыруы мүмкін.

- Өдетте розетка ұялы телефон сияқты розеткаға тікелей қосылатын құрылғыларды қуаттау үшін пайдаланылса, сол құрылғылардың ашалары розетканың ішкі механизмін зақымдауы мүмкін, соның салдарынан шылымтұтатқыштың қыздыру элементтері қызғаннан кейін розеткадан шылымтұтатқыш «ытқып шығады». Сондықтан аталған электр жабдықты қосу үшін бір рет болса да пайдаланылған розеткаға шылымтұтатқышты салушы болмаңыз. Өйтпесе, шылымтұтатқыш сыналанып қалып, қызып кетуі мүмкін, ал мұның салдары өрт шығу қаупін арттырады.

USB-ағытпадан алынатын электр қуаты (қарастырылған болса)

АБАЙЛАҢЫЗ

- Пайдаланылатын USB-ағытпаның техникалық сипаттамасы А түріне сай келеді. Егер техникалық сипаттамалары басқа ағытпа қосылып тұрса, электр қуатын беру немесе зарядтау мүмкін болмайды немесе құрылғыға ақау келтіруі мүмкін.
- Қосылған құрылғыға ақау келу немесе деректерге зақым келу қаупі бар. Құрылғыны қосуға сіз жауапты боласыз.
- Электр тогы ұрмау үшін немесе ақаудан сақтану үшін келесі сақтық шараларды орындаңыз.
 - USB концентраторын қоспаңыз.
 - Ешқандай металл немесе басқа да бөтен заттарды USB-ағытпаға салмаңыз.
 - USB-ағытпаға су немесе басқа да сұйықтықтарды төгіп алмаңыз.
- Абай болыңыз, жалғанған кабельді тартпаңыз. Бұл USB-ағытпаның және қосылған құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.


- Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда құрылғы ұзақ уақыт қосылып тұрса, аккумулятор батареясы заряды таусылады. Тіпті қозғалтқыш оталып тұрғанның өзінде, қажеттілік болмаса, құрылғыны қоспауға кеңес береміз.
- Ақаулы құрылғыны қоспаңыз. Бұл түтіндеуге және тұтануға алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- Әр USB-ағытпаның номиналды кернеуі – 5 В тұрақты ток. Максималды қуат туралы толығырақ ақпарат «Электр қуатын қосу үшін USB-ағытпаны пайдалану тәртібі» бөлімінде (☎337-бет) берілген. Құрылғыны қоспас бұрын құрылғының пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз және бұл қуат параметрлеріне құрылғыда қолдау көрсетілетіндігін тексеріңіз. Электр қуатын қажет ететін құрылғы ең жоғары қуат көрсеткішінен асып кетсе, электр қуатын немесе заряд беру мүмкін болмайды. Зарядтау мүмкін болғанның өзінде зарядтауға жұмсалатын уақыт түпнұсқа зарядтағышты пайдаланғаннан әлдеқайда көп қажет болуы мүмкін.

- Құрылғыға байланысты тек арнайы кабель арқылы зарядтауға болады. Бұл жағдайда құрылғыны міндетті түрде арнайы кабель арқылы қосыңыз.
- Егер ДК-мен байланысқан құрылғы қосылып тұрса, электр қуатының немесе зарядтың берілуі мүмкін болмайды.
- Егер құрылғы зарядтау үшін қосылса, онда зарядталып болған соң құрылғыны бірден ажыратыңыз.

■ Электр қуатын қосу үшін USB-ағытпаны пайдалану тәртібі



Алдыңғы орындықтарға арналған USB-ағытпа (аудиоқұрылғыны қосуға және пайдалануға болады)



Консольдегі USB-ағытпа (тек электр қуаттау функциясы) (орнатылған болса)

USB-ағытпаны электрондық құрылғыны пайдалану немесе зарядтау үшін пайдаланыңыз.

Пайдалану үшін USB-ағытпаның қақпағын ашыңыз. Пайдаланып болғаннан кейін USB-ағытпаның қақпағын жауып қойыңыз.

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйінде тұрса, құрылғыға электр қуаты беріле алады. Әр ағытпаға 5 В дейін тұрақты ток берілуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

Максималды зарядтау қуаты ағытпалар санына байланысты.

USB-ағытпалар саны	Максималды қуат
	5 В/1 А тұрақты ток
	5 В/2,1 А тұрақты ток*

* Екі USB-ағытпадағы токтың максималды қолжетімді күші 4,2 А құрайды.

Еден кілемшесі (орнатылған болса)




⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде еден кілемшесі алға сырғып, педальдардың қозғалысына кедергі келтірсе, бұл апатқа ұшыратуы мүмкін. Еден кілемшесінің алға жылжуына жол бермеу үшін келесі сақтық шараларды орындаңыз.


- Міндетті түрде түпнұсқа SUBARU еден кілемшесін немесе соның қажетті жерлерде сақиналары бар баламасын пайдаланыңыз.
- Жүргізуші жақтағы еден кілемшесі бекіту ілмектеріне дұрыс күйде бекітілгенін тексеріңіз.

- Бірден артық еден кілемшесін пайдаланбаңыз.



Жүргізуші жақтағы еденде бекіту ілмектері бар. Жүргізуші жақтағы еден кілемшесі ішіне орнатылған арнайы сақиналар арқылы сенімді түрде бекітілуі керек. Еден кілемшесін бекіту үшін бұл сақиналарды ілмектерге кигізіп, төмен қысып басыңыз.

Тұтқалар



1) Тұтқа.

Тұтқалар көлік қозғалысы кезінде жолаушыларды отырған орындарында ұстап қалу үшін қажет.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтан тұрып, тұтқадан ұстамаңыз. Тұтқаны дұрыс ұстамау және тарту тұтқаның сынуына және жарақат алып қалуға әкелуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Ауыр заттарды тұтқаға ілмеңіз, Өйткені тұтқа сынып қалуы және зат зақымдануы мүмкін.

Киімге арналған ілмектер



601190

Киімге арналған ілмектер артқы орындықтардағы жолаушылардың тұтқаларында орнатылған.



601189

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Келесі нұсқаулықтарды орындаңыз.

- Киімге арналған ілмектерге киім ілгіштерді немесе басқа да қатты заттарды немесе өткір жиектері бар заттарды ілмеңіз. Киімге арналған ілмектерге киім ілгіштерді қолданбастан, киімнің өзін іліңіз.
- Киімге арналған ілмектерге киімді ілмес бұрын оның қалталарында өткір заттардың жоқ екенін тексеріп алыңыз.

Осы нұсқаулықтар орындалмаса, соқтығысу жағдайында көлік күрт тоқтаған кезде келесі жағдайлар орын алуы мүмкін.

- Салонға ұшқан зат ауыр жарақат келтіруі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтары-қалқалары дұрыс ашылмауы мүмкін.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Киімге арналған ілмектерге жүргізушінің көру мүмкіндігін шектейтін немесе күрт тежеген не соқтығысқан жағдайда жолаушыларды жарақаттауы мүмкін заттарды ілмеңіз. Оған қоса, киімге арналған ілмектерге ілініп тұратын заттардың салмағы 5 кг шамасынан аспауы керек.

Сөмкелерге арналған ілмектер

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сөмкелерге арналған ілмекте ілініп тұрған заттардың салмағы 3 кг шамасынан аспауы шарт.




Сөмкелерге арналған ілмектер жүксалғыштың екі жағында орналасқан.

Көмекші ілмек

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Көмекші ілмекте ілініп тұратын заттардың салмағы 3 кг шамасынан аспауы керек. Пайдалану жағдайларына байланысты (мысалы, төмен температураларда және т.б.) жүксалғыш есігі жүктеме аз болған кезде де түсіп кетуі мүмкін. Алайда бұл ақау емес. Басыңызға немесе дененің басқа бөліктеріне соққы алмау үшін абай болыңыз.
- Көмекші ілмекті пайдаланған кезде жүксалғыш есігін жаппаңыз. Әйтпесе, жүксалғыш есігі ілмектегі ілулі заттарды қысып қалып, оларды зақымдауы мүмкін. Жүксалғыш есігін жабар алдында ілмектен заттарды алыңыз.




Көмекші ілмек жүксалғыш есігінің ішкі қаптамасына бекітілген. Жүксалғыш есігі ашық тұрған кезде ілмекке қолшамды, су киімді және т.б. заттарды іліп қоюға болады.

Жүксалғыштың шығарылатын қалқасы

Жүксалғыштың шығарылатын қалқасы жүксалғышты қалқалау үшін де, тасымалданатын жүкті күн сәулесінен қорғау үшін де қолданылады. Шығарылатын қалқаны шешіп қойса, тасымалданатын жүкке қосымша орын береді.

■ Шығарылатын қалқаны пайдалану тәртібі



Шығарылатын қалқаны орнату үшін оны қабынан толығымен тартып шығарып, оны суретте көрсетілгендей етіп ілмектермен орындарына бекітіңіз. Шығарылатын қалқаны орау үшін ілмектерді ажыратыңыз, осы кезде қалқа өздігінен қабына тартылып жиылатын

болады. Оралып жатқан кезде қалқаның қозғалысын бағыттай отырып, ұстау керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүксалғыштың шығарылатын қалқасының үстіне ешқандай зат қоймаңыз. Тым ауыр заттар шығарылатын қалқаны жыртып жіберуі мүмкін, ал күрт тежеу немесе келік соқтығысы кезінде олар күшпен лақтырылады. Бұның салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қалқа шығарылғанда және оралғанда абай болыңыз, жүксалғыш есігінің тіреулерін сырып алмаңыз. Тіреулердегі сырықтар тіреулердің ішіндегі газдың шығып кетуіне әкелуі мүмкін, салдарынан олар жүксалғыш есігін ашық күйде ұстай алмайды.

■ Қалқаның алдыңғы бөлігін орнату

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Артқы орындықтың арқалығын еңкейту механизмі бар модельдерде арқалықты еңкейткен кезде қалқаны зақымдап алмау үшін оның алдыңғы бөлігін артқа жылжытыңыз.



1. Қалқаны орнына бекітпес бұрын қалқаның алдыңғы оң жағын үшбұрышты белгіге дәлденіз.
2. Қалқаны орнына бекітер кезде қалқаның алдыңғы сол жағын үшбұрышты белгіге дәлденіз.


3. Қалқаның алдыңғы бөлігін оңға қарай итеріп, қажет болса, планканы бүйірінен реттеңіз.

■ Қалқаның алдыңғы бөлігін шешу

1. Қалқаның ұзындығын қысқарту үшін қалқаның алдыңғы бөлігін оңға басыңыз.
2. Қалқаның алдыңғы бөлігін шешіп алыңыз.

■ Шығарылатын қалқаны шешіп алу


1. Қалқаны ораңыз.




2. Планканың ұзындығын қысқарту үшін оны оңға басыңыз.
3. Қапты бекіткіштерден шығарып алыңыз.

■ Шығарылатын қалқаның қабын сақтау

Шығарылатын қалқаның қабын жүксалғыш еденінің астында сақтауға болады.




1. Жүксалғыш еденінің ортаңғы бөлігін ашу үшін бауды тартып, қапқақты алыңыз.
2. Жүксалғыш едені қапқағының сол және оң жағын алыңыз.




3. Шығарылатын қалқаның қабын жүксалғыштың артқы шетіне қойыңыз.

■ Шығарылатын қалқаның қабын орнату




1. Қаптың оң жақ шетінде орналасқан дөңесті бекіткіш ойығына салыңыз.



2. Қалқаның ұзындығын қысқарту үшін оның корпусын оңға басыңыз.
3. Екінші дөңесті екінші бекіткіштің ойығына салыңыз.

Жүк бекіту ілмектері




Автокөлігіңіздің жүксалғышында тасымалданатын жүктерді бекітуге арналған бекітуші торды немесе жіптерді бекітуге арналған бірнеше ілмек қарастырылған. Бекіту ілмектерін пайдалану үшін ілмектерді төмен қарай бұрап, бекітпені ойықтардан шығарып алыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүк бекіту ілмектері тек жеңіл жүктердің қалпын бекітуге арналған. Бекітілетін жүктің салмағы рұқсат етілген максималды шамадан асып кетсе, бұл ілмектерді қолданбаңыз. Әр ілмекке түсетін максималды салмақ 20 кг-дан аспауы тиіс.

Жүксалғыштағы жоғарғы ілмектер



Жүксалғыштың ішкі қаптамасында екі ілмек бар. Оларды көлік қозғалыссыз тұрған кезде жеңіл жүктерді ілу не бекіту үшін пайдалануға болады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ілмектерге өрт тудыруы мүмкін ешқандай затты ілуші болмаңыз. Тез тұтанатын газдар автокөлік салонына кіріп кетуі немесе өрт тудыруы мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Ілмектерді пайдаланған кезде келесі сақтық шараларды орындаңыз.

- Ілмекке зат ілініп тұрған күйде көлікті жүргізбеңіз. Сізге артқы көрінің шектеледі, сондай-ақ күрт тежегенде немесе орыннан қозғалғанда нысанның орнынан қозғалып кету қаупі туындап, апатқа немесе жарақатқа ұшыратуы мүмкін.

- Ілмекке ауыр немесе үлкен заттарды ілмеңіз.


Рұқсат етілген максималды жүктеме: 3 кг.

- Бала бекіту құрылғысын бекіту үшін ілмектерді пайдаланбаңыз.
- Күншуақты ыстық күндерде ілмектерге ілулі тұрған заттарды ұзақ уақыт қалдырмаңыз. Автокөлік салоны ысып кеткенде ілмек майысып, онда ілулі тұрған заттар құлап кетуі мүмкін.

Жүксалғыш еденінің астында орналасқан ұсақ-түйек бөлімі

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлік моделіне байланысты ұсақ-түйек бөлімінің пішінінде айырмашылықтар болуы мүмкін.




Жүксалғыш еденінің астында орналасқан ұсақ-түйек бөлімі шағын заттарды сақтау үшін пайдаланылады. Жүксалғыш еденінің ортаңғы бөлігін ашу үшін бауды тартып, қапқақты алыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Күрт тежеген немесе апат орын алған кезде жарақат алу қаупін азайту үшін қозғалыс кезінде ұсақ-түйек бөлімінің қақпағы жабық тұруы керек.
- Ұсақ-түйек бөлімдерінде аэрозоль құтыларын, отқа қауіпті немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды сақтамаңыз.

Алдыңғы көрініс камерасы (орнатылған болса)




Радиатор торының ішіне орнатылған камераның кескіні көп функциялы дисплейге (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейге) беріледі. Осының арқасында көзден таса аймақтарды көруге болады және жүргізуші екі жақтағы бағытты бақылауға мүмкіндік алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік жүргізу кезінде алдыңғы көрініс камерасына ғана сенбеңіз. Монитордағы кескін шынайы жағдайдан өзгеше болуы мүмкін. Автокөлікті тек монитордағы кескініне қарап отырып жүргізгенде көлікті соғып алуыңыз немесе апатқа ұшырауыңыз мүмкін. Автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қозғалысты көзбен қарап тексеріңіз.
- Автокөлікті әрдайым алдыңғы көрініс камерасы жоқ болған кездегідей жүргізіңіз.
- Алдыңғы көрініс камерасын төменде көрсетілген жағдайларда пайдаланбаңыз.
 - Балшық жолмен немесе қарлы жолмен жүргенде.
 - Камерада ақау болғанда (мысалы, объектив немесе кронштейн сынған).

- Сырттағы ауа температурасы төмен болған кезде монитор экраны қараңғыланып, кескін көрінбей қалуы мүмкін. Көбінесе қозғалатын нысанның кескіні бұрмалануы немесе экраннан көрінбеуі мүмкін. Автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қозғалысты көзбен қарап тексеруіңіз керек.

■ Алдыңғы көрініс камерасынан кескінді көрсету



- 1) Алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышы.

Камера экранына ауысу үшін оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйіне орнатылып тұрғанда төмендегі операциялардың бірін орындаңыз.

- Алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басыңыз.*¹
- Селектор тұтқасын «R» күйіне ауыстырыңыз, содан кейін артқа жүру берілісін қосу кезінде функция іске қосылса, оны «P» күйінен басқа беріліске ауыстырыңыз.*²

*1 Алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басқан сайын экрандар келесі ретпен ауысып қосылады: негізгі экран ⇒ бөлінген экран (алдыңғы көрініс камерасы + бүйір көрініс камерасы) ⇒ Алдыңғы көрініс камерасының экраны ⇒ Негізгі экран.

*2 Артқа жүру берілісін қосу кезінде функция қосылуы немесе өшуі мүмкін. «Камераны ауыстырып қосу баптаулары» бөлімін (≠ 262-бет) қараңыз.

■ Алдыңғы көрініс камерасын өшіру

▼ Қолмен өшіру

- Алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышын негізгі экран пайда болғанша басыңыз.
- Рульдегі «INFO» түймесін басыңыз.

▼ Автоматты түрде өшу

Төменде берілген шарттардың кез келгені орындалғанда алдыңғы көрініс камерасы автоматты түрде өшеді.

Алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басқанда алдыңғы көрініс камерасы қосылғанда.

- Соңғы операциядан бері шамамен 3 минут өтті.
- Автокөлік жылдамдығы 20 км/сағ немесе одан жоғары мәнге жетті*.
- Селектор тұтқасы «P» күйіне ауыстырылған.

• Автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.

* Автокөлік жылдамдығына қарамастан, алдыңғы көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басып, алдыңғы көрініс камерасын қосуға болады.

Алдыңғы көрініс камерасы 20 км/сағ жоғары жылдамдықта қосылған болса, оны өшіру үшін автокөлік жылдамдығын 20 км/сағ төмендетіп, содан кейін 20 км/сағ жоғарылату керек.

Алдыңғы көрініс камерасы селектор тұтқасын ауыстыру арқылы қосылғанда.


- Селектор тұтқасын «P» күйіне орнатыңыз.
- Автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ немесе одан жоғары мәнге жетті.
- Соңғы операциядан бері шамамен 9 секунд өтті.

- Автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.

■ Дисплей контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі

Алдыңғы көрініс камерасының дисплейінің контрастын және жарықтығын реттеуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Камера баптаулары» бөлімін (☎ 262-бет) қараңыз.

■ Экранда көрсетілген көру аймағы



- А) Көру мүмкіндігі нашар жағдайдағы тығыз көлік қозғалысы.
 В) Қабырғаға қаратылған тұрақ.
 1) Көру аймағы.
 2) Кедегілер (мысалы, ғимараттар, қоршаулар немесе басқа автокөліктер).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Камераның көру аймағы шектеулі болғандықтан, автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қозғалысты көзбен қарап тексеріңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Экранда көрсетілген көру аймағы автокөлік күйі мен жол бетіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Алдыңғы көрініс камерасының жүйесі арнайы жасалған линзаны пайдаланатындықтан, кескіндегі қашықтықтың нақты қашықтықтан айырмашылығы бар.
- Төменде көрсетілген жағдайларда камерадағы кескін нашар көрінеді. Бұл ақау емес.
 - Қараңғы жер (түнде).
 - Объектив айналасындағы жоғары немесе төмен температура.
 - Объективке су тию немесе жоғары ылғалдылық (жаңбырлы ауа райы).
 - Камераның айналасындағы бөгде заттар (мысалы, камераның айналасындағы кір).

- Күн немесе фаралардың сәулесі тікелей камера объективіне түсіп тұр.
- Жасанды, мысалы, флюоресцент, натрий немесе сынап шамдары жарықтандыру кезінде жарықтандырылған аймақ жыпылықтауы мүмкін (жыпылықтау әсері).
- Дисплей суып қалса, ондағы кескіндерде іздер қалуы немесе әдеттегіден қараңғылау болуы мүмкін, бұл көруді қиындатады. Автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қозғалысты көзбен қарап тексеріңіз.
- Төменде көрсетілген жағдайлар ақау ретінде қарастырылмауы керек.
 - Жаңбырлы күні ылғалдылық жоғары болғанда камера объективі буланады.
 - Алдағы автокөліктен немесе ғимараттан түскен жарық түнгі уақытта камераға шағылысуы мүмкін.
 - Қараңғы жерде немесе түнде көлік жүргізген кезде камера кескіні шуды азырақ көрінетін етіп реттелуі мүмкін, сондықтан кескін монохромды болып көрінуі мүмкін немесе кескін түстері нақты шынайы түстен өзгеше болуы мүмкін. Камера кескіні экранның ортасында және төрт

бұрышында тұнық көрсетпеуі мүмкін. Бұл ақау емес.

■ Көмекші сызықтар



- 1) Көмекші сызықтар
- 2) Ескертуші хабар.

Мониторда көмекші сызықтар көрсетіледі, олар автокөлігіңіздің ені мен алдыңғы жиегін көрсетеді.

■ Камераны қолдану

АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі нұсқаулықтарды орындаңыз. Әйтпесе, жүйеде ақау туындауы мүмкін.


- Камераны қаққыламаңыз, басқа затпен ұрмаңыз, соққыға ұшыратпаңыз. Орнату бұрышы өзгеруі мүмкін.
- Камера блогының су өткізбейтін дизайны конструкциясы бар. Блокты шешпеңіз, бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз.
- Камера объективін қатты щеткамен немесе абразив құраммен қатты ысқыламаңыз және жылтыратпаңыз. Объектив сырылып қалып, кескін нашарлап кетуі мүмкін.
- Камераның объективі әйнектен немесе пластиктен жасалған. Объектив бетіне ешқандай органикалық еріткіштерді, шанаққа арналған балауыз құрамын, май үлдірін кетіргішті тигізбеңіз немесе әйнек жабынын жаппаңыз. Тиген болса, бірден жойыңыз.

- Камера объективін ешбір температураның күрт өзгерістеріне ұшыратпаңыз, мысалы, оған ыстық су мен суық су бүркімеңіз.
- Автокөлікті жуған кезде жоғары қысымды су бүріккішті камераға немесе айналасындағы аймаққа бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы камераны жұлып алуы мүмкін. Оған қоса, су камераның ішіне кіріп, ақау тудыруы мүмкін.
- Егер камера күшті соққыға ұшыраса, камерада ақау пайда болуы мүмкін. Бірінші мүмкіндік туған бойда камераны SUBARU дилерінде тексертіңіз.
- Ешбір жағдайда булы тазалағышты пайдаланушы болмаңыз. Булы тазартқыштың кейбір түрлері ыстық бу шығарады.
- Камераның бетін ұшатын тастар зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Камераның объективі ластанған кезде кескін тұнықтығы жоғалады. Егер камера су тамшылары, қар немесе кір тигеннен ластанса, оны сумен жуып, ылғалды жұмсақ шүберекпен сүртіп кептіріңіз. Қатты ластанса, бейтарап жуғыш затпен жуыңыз.

Бүйір көрініс камерасы (орнатылған болса)



1) Камера.

Жолаушы жақтағы сыртқы айраның астыңғы бөлігіне орнатылған камерадан алынатын кескін көп функциялы дисплейге беріледі. Осының арқасында жүргізуші көзден таса аймақтарды көре алады және алдыңғы жолаушы жақтағы алдыңғы аймақты бақылай алады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Қозғалыс кезінде алдыңғы оң/сол жақтағы бағытты міндетті түрде қарап тексеріңіз.

350 Бүйір көрініс камерасы

- Адамның немесе нысанның кескіні камераның сипаттамаларымен түсіндірілетін нақты күйі мен қашықтығынан өзгеше болады.
- Бүйір көрініс камерасына тым көп сенбеңіз. Автокөлікті бүйір көрініс камерасы жоқ кездегідей ұқыпты жүргізіңіз.
- Автокөлік жүргізу кезінде бүйір көрініс камерасына ғана сенбеңіз. Монитордағы кескін шынайы жағдайдан өзгеше болуы мүмкін. Автокөлікті тек монитордағы кескініне қарап отырып жүргізгенде көлікті соғып алуыңыз немесе апатқа ұшырауыңыз мүмкін. Автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қауіпсіздікті көзбен қарап тексеріңіз.
- Бүйір көрініс камерасын төменде көрсетілген жағдайларда пайдаланбаңыз.
 - Сыртқы айналар жиылған.
 - Алдыңғы орындықтағы жолаушы жақтағы есік толық жабылмаған.

- Сырттағы ауа температурасы төмен болған кезде монитор экраны қараңғыланып, кескін көрінбей қалуы мүмкін. Көбінесе қозғалатын нысанның кескіні бұрмалануы немесе экраннан көрінбеуі мүмкін. Автокөлікті басқарғанда міндетті түрде автокөлік айналасындағы қауіпсіздікті көзбен қарап тексеруіңіз керек.

■ Бүйір көрініс камерасын пайдалану тәртібі



1) Бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышы.

Бүйір көрініс камерасы бар модельдер

Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы «ACC» немесе «ON» күйінде тұрса, камера экранын қосу үшін төмендегі әрекеттерді жасаңыз.

- Бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басыңыз.*1
- Артқа жүру берілісін қосу кезінде функцияның іске қосылуы қосылып тұрса, селектор тұтқасын «R» күйіне жылжытыңыз*2.

*1 Көп функциялы дисплейде негізгіден басқа экран көрсетілсе, камерадан алынатын кескінге ауысу орындалмайды.

*2 Артқа жүру берілісін қосу кезінде функция қосылуы немесе өшуі мүмкін. «Камераны ауыстырып қосу баптаулары» бөлімін (☎262-бет) қараңыз.

Алдыңғы көрініс камерасы мен бүйір көрініс камерасы бар модельдер

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «ON» күйінде тұрса, камера экранын қосу үшін төмендегі әрекеттерді жасаңыз.

- Бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басыңыз.*1
- Артқа жүру берілісін қосу кезінде функцияның іске қосылуы қосылып тұрса, селектор тұтқасын «R» күйіне жылжытыңыз*2.

*1 Көп функциялы дисплейде негізгіден басқа экран көрсетілсе, камерадан алынатын кескінге ауысу орындалмайды.

Бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басқан сайын экрандар келесі ретпен ауысып қосылады: негізгі экран → бөлінген экран (алдыңғы көрініс камерасы + бүйір көрініс камерасы) → Алдыңғы көрініс камерасының экраны → Негізгі экран.

*2 Артқа жүру берілісін қосу кезінде функция қосылуы немесе өшуі мүмкін. «Камераны ауыстырып қосу баптаулары» бөлімін (☎262-бет) қараңыз.

■ Бүйір көрініс камерасын өшіру

▼ Бүйір көрініс камерасы «VIEW» түймесімен қосылса

▽ Бүйір көрініс камерасын қолмен өшіру

- Бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышын негізгі экран пайда болғанша басыңыз.
- Рухалық «INFO» түймесін басыңыз.

▽ Бүйір көрініс камерасының автоматты түрде өшуі

Төменде берілген шарттардың кез келгені орындалғанда бүйір көрініс камерасы автоматты түрде өшеді.

- Соңғы операциядан бері шамамен 3 минут өтті.
- Автокөлік жылдамдығы 20 км/сағ немесе одан жоғары мәнге жетті*.
- Селектор тұтқасы «P» күйіне ауыстырылған.
- Автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.
- * Автокөлік жылдамдығына қарамастан, бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышын басып, бүйір көрініс камерасын қосуға болады. Бүйір көрініс камерасы 20 км/сағ жоғары жылдамдықта қосылған болса, оны өшіру үшін автокөлік жылдамдығын 20 км/сағ төмендетіп, содан кейін 20 км/сағ жоғарылату керек.

▼ Егер кескін артқа жүру берілісін қосу кезінде іске қосылса

▽ Бүйір көрініс камерасын қолмен өшіру

Бүйір көрініс камерасының ауыстырып қосқышын қайта басыңыз.

▽ Бүйір көрініс камерасының автоматты түрде өшуі

Төменде берілген шарттардың кез келгені орындалғанда бүйір көрініс камерасы автоматты түрде өшеді.


- Автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.
- Автокөлік жылдамдығы 8 км/сағ немесе одан жоғары мәнге жетті.
- Селектор тұтқасы «R» күйінен «P» күйіне ауыстырылған.

- Селектор тұтқасы «P» күйінен басқа күйге «R» күйінен ауыстырылған сәттен шамамен 9 секунд өтті.

■ Дисплей контрастын және жарықтығын реттеу тәртібі

Бүйір көрініс камерасының дисплейінің контрастын және жарықтығын реттеуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Камера баптаулары» бөлімін (☎262-бет) қараңыз.

■ Экранда көрсетілген көру аймағы



1) Көру аймағы

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Камераның көру аймағы шектеулі болғандықтан, автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қауіпсіздікті көзбен қарап тексеріңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Экранда көрсетілген көру аймағы автокөлік күйі мен жол бетіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Бүйір көрініс камерасының жүйесі арнайы жасалған линзаны пайдаланатындықтан, кескіндегі қашықтықтың нақты қашықтықтан айырмашылығы бар.
- Төменде көрсетілген жағдайларда камерадағы кескін нашар көрінеді. Бұл ақау емес.
 - Қараңғы жерлерде (түнде).
 - Объектив айналасындағы жоғары немесе төмен температура кезінде.
 - Объективке су тию немесе жоғары ылғалдылық (жаңбырлы ауа райы) кезінде.
 - Камераның айналасындағы бөгде заттар (мысалы, камераның айналасындағы кір).
 - Күн немесе фаралардың сәулесі тікелей камера объективіне түсіп тұр.
- Жасанды, мысалы, флюоресцент, натрий немесе сынап шамдары жарықтандыру кезінде жарықтандырылған аймақ жыпылықтауы мүмкін (жыпылықтау әсері).
- Дисплей суып қалса, ондағы кескіндерде іздер қалуы немесе әдеттегіден қараңғылау болуы мүмкін, бұл көруді қиындатады.

Автокөлік жүргізу кезінде міндетті түрде көліктің айналасындағы қауіпсіздікті көзбен қарап тексеріңіз.

- Төмендегі көрсетілген жағдайлар ақау ретінде қарастырылмауы керек.
 - Жаңбырлы күні ылғалдылық жоғары болғанда камера объективі буланады.
 - Алдағы автокөліктен немесе ғимараттан түскен жарық түнгі уақытта камераға шағылысуы мүмкін.
 - Қараңғы жерде немесе түнде көлік жүргізген кезде камера кескіні шуды азырақ көрінетін етіп реттелуі мүмкін, сондықтан кескін монохромды болып көрінуі мүмкін немесе кескін түстері нақты шынайы түстен өзгеше болуы мүмкін. Камера кескіні экранның ортасында және төрт бұрышында тұнық көрсетпеуі мүмкін. Бұл ақау емес.

■ Көмекші сызықтар



601808

- 1) Автокөліктің алдыңғы сызығы.
- 2) Алдыңғы дөңгелектің ортаңғы сызығы.
- 3) Автокөліктің бүйір сызығы.

Мониторда көмекші сызықтар көрсетіледі, олар автокөліктің ені мен алдыңғы жиегін көрсетеді.

- Автокөліктің алдыңғы сызығы. Сызық автокөліктің алдыңғы бөлігін көрсетеді.
- Алдыңғы дөңгелектің ортаңғы сызығы. Сызық алдыңғы дөңгелектің ортасын көрсетеді.
- Автокөліктің бүйір сызығы. Сызық автокөліктің габариттік енін, соның ішінде сыртқы айналарды көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

Бұрылыс көрсеткішін автокөліктің бүйір сызығы жауып қалуы мүмкін. Бұл қауа емес.

■ Камераны қолдану

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Келесі нұсқаулықтарды орындаңыз. Әйтпесе, жүйеде қауа туындауы мүмкін.

- Камераны қаққыламаңыз, басқа затпен ұрмаңыз, соққыға ұшыратпаңыз. Орнату бұрышы өзгеруі мүмкін.
- Камера блогының су өткізбейтін дизайны конструкциясы бар. Блокты шешпеңіз, бөлшектемеңіз немесе өзгертпеңіз.
- Камера объективін қатты щеткамен немесе абразив құраммен қатты ысқыламаңыз және жылтыратпаңыз. Объектив сырылып қалып, кескін нашарлап кетуі мүмкін.
- Камераның объективі әйнектен немесе пластиктен жасалған. Объектив бетіне ешқандай органикалық еріткіштерді, шанаққа арналған балауыз құрамын, май үлдірін кетіргішті тигізбеңіз немесе әйнек жабынын жаппаңыз. Тиген болса, бірден жойыңыз.

- Камера объективін ешбір температураның күрт өзгерістеріне ұшыратпаңыз, мысалы, оған ыстық су мен суық су бүркімеңіз.
- Автокөлікті жуған кезде жоғары қысымды су бүріккішті камераға немесе айналасындағы аймаққа бағыттамаңыз. Жоғары қысымды су ағынының соққысы камераны жұлып алуы мүмкін. Оған қоса, су камераның ішіне кіріп, қауа тудыруы мүмкін.
- Егер камера күшті соққыға ұшыраса, камерада қауа пайда болуы мүмкін. Бірінші мүмкіндік туған бойда камераны SUBARU дилерінде тексертіңіз.

- Ешбір жағдайда булы тазалағышты пайдаланушы болмаңыз. Булы тазартқыштың кейбір түрлері ыстық бу шығарады.
- Камераның бетін ұшатын тастар зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Камераның объективі ластанған кезде кескін тұнықтығы жоғалады. Егер камера су тамшылары, қар немесе кір тигеннен ластанса, оны сумен жуып, ылғалды жұмсақ шүберекпен сүртіп кептіріңіз. Қатты ластанса, бейтарап жуғыш затпен жуыңыз.

Артқы көрініс камерасы (орнатылған болса)

Навигация жүйесін/аудиожүйені пайдалану жөніндегі жеке нұсқаулықты қараңыз.

Қозғалтқышты оталдыру және автокөлікті басқару

Отын	357
Отынға қойылатын талаптар	357
Отын құю аузының люгі мен қақпағы	357
Сапарға дайындық.....	361
Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты қосу/тоқтату жүйесі жоқ модельдер).....	362
Қозғалтқышты оталдыру	362
Қозғалтқышты тоқтату.....	364
Руль бағанын бұғаттау құлпы.....	364
Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты қосу/тоқтату жүйесі бар модельдер).....	365
Сақтық шаралар	365
Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесінің әрекет ету аймағы	365
Қозғалтқышты оталдыру	365
Қозғалтқышты тоқтату.....	367
Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар.....	368
Руль бағанын бұғаттау құлпы.....	368
Сатысыз трансмиссия	369
Селектор иінтірегі.....	371
Қолмен басқару режимін таңдау (қарастырылған болса).....	372
«L» режимін таңдау (қарастырылған болса).....	375
Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы	375
Көлік жүргізу бойынша кеңестер	377
SI-DRIVE жүйесі (орнатылған болса).....	377
«Intelligent» (I) режимі.....	377

«Sport» (S) режимі	378
SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқыштары.....	378
Руль күшейткіші.....	379
Тежегіштер	380
Тежеу бойынша кеңестер.....	380
Тежеу жүйесі.....	380
Дискілі тежегіштердің қыспақтарының тозу индикаторлары.....	382
Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS).....	382
ABS жүйесінің өзіндік диагностикасы.....	383
ABS жүйесінің ескерту шамы.....	383
Тежеу күшін бөлудің электронды жүйесі (EBD)	383
EBD жүйесі ақаулы болған жағдайдағы іс-әрекеттер ...	384
Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (VDC)	385
VDC жүйесінің жұмысын бақылау	387
VDC жүйесінің ажыратқышы.....	387
X-MODE жүйесі	389
X-MODE жүйесін қосу/өшіру	390
Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы.....	392
Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса)	394
TPMS жүйесінің экраны («B» типті аспаптар тақтасы) (орнатылған болса).....	395
TPMS жүйесінің режимін белгілеу.....	395
Автокөлігіңізді тұраққа қою.....	398
Электрлі тұрақ тежегіші.....	398
Тұраққа қою бойынша кеңестер	406

Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе	406
Круз-контроль жүйесі (орнатылған болса)	408
Круз-контрольді белгілеу	408
Круз-контроль жүйесін уақытша өшіру	410
Круз-контроль жүйесін өшіру	411
Круз-контроль режимінде белгіленген қозғалыс жылдамдығын өзгерту	411
Круз-контроль жүйесінің бақылау шамы	412
Круз-контроль қондырғысының бақылау шамы	412
Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі (орнатылған болса)	413
Жүйенің жұмысы	413
Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің күйін көрсету	418
Жүйенің ескерту хабарламалары	418
Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі (SRVD) (орнатылған болса)	419
Жүйе функциялары	420
Жүйенің жұмысы	423
Кедергіні анықтау бақылау шамы/SRVD жүйесінің ескертуші дыбыс сигналы	424
Өшкен SRVD жүйесінің бақылау шамы	427
SRVD жүйесінің ескерту шамы	427
SRVD жүйесінің ажыратқышы	428

Радар датчиктерімен жұмыс істеу	429
Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) (орнатылған болса)	430
RAB жүйесіне шолу	431
Жұмыс істеу шарттары	433
RAB жүйесінің жұмысы	436
RAB жүйесінің жұмысын тоқтату	442
RAB жүйесінің қосылу/өшірілу баптаулары	443
RAB жүйесінің ескерту шамы	444
Сонарлы датчиктермен жұмыс істеу	444
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (орнатылған болса)	445
Пайдаланушыны анықтау функциясы	450
Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту	452
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау/ескерту шамдары	454
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қолдану	455
Пайдаланушыны тіркеу және жою	457
Жүргізушінің күйін дербестендіруді тіркеу және жою	457
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу/өшіру баптаулары	458
Ишарамен басқару	460
Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құралға арналған бастапқы кодты алу	462

ОТЫН

■ Отынға қойылатын талаптар

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Сапасы төмен отынды немесе қарастырылмаған қоспаларды пайдалану қозғалтқыштың және/немесе отын жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Отын тамшыларының автокөліктің сыртқы бетіне тиюіне жол бермеңіз. Отын лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін болғандықтан, оның ағып кеткен жерлерін бірден сүртіп алу қажет. Отын тигеннен туындаған лак-бояу жабынының зақымданулары SUBARU шектеулі кепілдігімен өтелмейді.
- Отын құю аузының құрылысы этилденбеген бензин құюға арналған пистолет ұшымен ғана құю үшін қарастырылған. Ешбір жағдайда этилденбеген бензин қолданылмауы тиіс, себебі бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесін істен шығарады және автокөлігіңіздің жалпы басқарылу сипаттамаларына да, отынның

үнемделуіне де кері әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге бұл техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстарыңызды арттырады.

- Автокөлігіңіздің қозғалтқышы мен оның жүйелері «Автокөліктерге және авиацияға арналған бензинге, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштар мен отындық мазутқа қойылатын талаптар туралы» қолданыстағы техникалық регламентінде (өзгертулерін қоса алғанда) қарастырылған бензинді (отынды) пайдалануға арналып есептелген. Техникалық регламентке сәйкес келмейтін бензинді (отынды) пайдалану қозғалтқыштың және оның жүйелерінің ақаулықтарына алып келеді. Мысалы: салқын күйінде қиын оталу немесе оталмау, пайдаланылған газдарды бейтараптандырғыштардың, оттегі датчиктерінің, отын бүріккіштерінің, отын сорғысының, оталдыру білтелерінің және газды үлестіру жүйесінің элементтерінің мезгілінен бұрын істен шығуы.

▼ Отын түрі

Тек этилденбеген бензин.

- ▼ Зерттеушілік әдіс бойынша қажетті октандық сан

Ұсынылатыны — 95.


■ Отын құю аузының люгі мен қақпағы

▼ Автокөлікке отын құю

Автокөлікке тек бір адам отын құюы тиіс. Автокөлікке отын құю кезінде басқа тұлғалардың отын құю аузының жанында тұруына рұқсат бермеңіз.

Автожанармай құю бекетінде орналастырылған сақтық шараларды міндетті түрде сақтаңыз.


1. Автокөлікті тоқтатыңыз, оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне бұраңыз және өзге барлық электр құрылғысын өшіріңіз.



2. Отын құю люгінің құлпын ашу үшін төменде көрсетілген әрекеттердің бірін орындаңыз.
 - Қашықтан ашу салпыншағындағы құлыпты ашу түймесін басыңыз.
 - Есікті құлыптау ауыстырып қосқышының құлыпты ашу жағын басыңыз.
3. Отын құю аузы люгінің артқы жағын басыңыз.
4. Отын құю аузының люгі автоматты түрде ашылады. Ары қарай оны қолмен ашыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Отын құю аузының қақпағын ашпас бұрын денеңізде жиналып қалуы мүмкін статикалық электр зарядын өткізу үшін автокөліктің шанағынан немесе отын құю бағанының металл бөлігінен немесе осыған ұқсас бір заттан ұстаңыз. Денеңізде статикалық электр заряды болған жағдайда отынның тұтануына алып келуі мүмкін электр ұшқынының пайда болу қаупі бар, бұл күйік шалуға алып келуі мүмкін. Жаңа статикалық электр зарядын алудан сақтану үшін отын құю процесі аяқталғанша автокөлікке отырмаңыз.




- 1) Ашу.
 - 2) Жабу.
5. Сағат тіліне қарсы бағытта жайымен бұрай отырып, отын құю аузының қақпағын шешіп алыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Отын буларының өртену қаупі жоғары. Отын құяр алдында міндетті түрде оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне қойыңыз, содан кейін автокөліктің барлық есігі мен терезесін жабыңыз. Жақын маңайда тұтатылған темекінің, ашық оттың немесе электр ұшқындарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Отынмен жасалатын барлық әрекетті үй-жайлардан тыс жерде жасаңыз. Төгілген отынды мүмкіндігінше тез сүртіп алу қажет.

- Отын құю аузының қақпағын ашу үшін оны қолыңызбен мықтап қысыңыз да, жайымен солға қарай бұраңыз. Қақпақты шұғыл қимылмен ашпаңыз. Отынның (әсіресе ыстық ауа райында) жоғары қысымы болуы және оның біраз бөлігі отын құю аузынан атылып шығуы мүмкін. Отын құю аузының қақпағын ашу кезінде ысылдаған дыбыс естісеңіз, отынның шашырауын және өрт шығу қаупін болдырмау үшін бұл дыбыстың тоқтауын күтіңіз, содан кейін қақпақты жайымен ашыңыз.



6. Отын құю аузының қақпағын отын құю аузы люгінің ішкі жағында орналасқан ұстағышқа қыстырыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Автокөлікке отын құю кезінде отын құю пистолетінің ұштығының отын құю аузының түтігіне толығымен салынғанына және онда сенімді ұсталып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер ұштық толық сұғылмаған болса немесе атқылаған отын ағынының күшімен отын құю аузынан ішінара итеріліп шығарылатын болса, отын құюды автоматты түрде тоқтату механизмі іске қосылмауы мүмкін, мұның нәтижесінде отын бактан сыртқа төгілуі және өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.
 - Отын құюды автоматты түрде тоқтату механизмі іске қосылғанда отын құюды тоқтатыңыз. Отын құюды жалғастыратын болсаңыз, температура өзгерістерінің немесе басқа бірқатар жағдайлардың салдарынан отын бактан ағып төгілуі және өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.
7. Отын құю бағанының сорғысы автоматты түрде тоқтаған кезде отын құюды тоқтатыңыз. Одан артық отын құймаңыз.

8. Отын құю аузына қақпағын салыңыз да, шыртылдаған дыбыс естілгенше оны сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Отын құю аузының қақпағына бекітілген сымарқанның бұрап қатыру кезінде қақпақтың астында қалып қоймағанына көз жеткізіңіз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Апат жағдайында отынның төгілуін болдырмау үшін қақпақтың шыртылдаған дыбысқа дейін қатырылғанына көз жеткізіңіз.

9. Отын құю аузының люгін нығыз жабыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер отын боялған бетке төгілсе, оны дереу жуып кетіріңіз. Кетірілмеген жағдайда боялған беттің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Отын деңгейі көрсеткішінің шкаласынан «» белгісін көруіңізге болады. Бұл отын құю аузының люгі автокөліктің оң жағында орналасқанын білдіреді.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Отын бағына ешқашан ешқандай тазартқыш құралдар қоспаңыз. Тазартқыштар қосу отын жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлікке отын құю аяқталғаннан кейін қақпақты оның тығыз бұралғанын білдіретін шыртылдаған дыбыстар естілгенше сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Егер қақпақ толық жабылмаған болса, автокөлік қозғалған кезде отын шайқалып ағып шығуы немесе апат кезінде төгілуі мүмкін, бұл өрт шығу қаупін тудырады.
- Отын тамшыларының автокөліктің сыртқы бетіне тиюіне жол бермеңіз. Отын лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін болғандықтан, оның ағып кеткен жерлерін бірден сүртіп алу қажет. Отын тигеннен туындаған лак-бояу жабынының зақымданулары SUBARU шектеулі кепілдігімен өтелмейді.

- Біз Сізге SUBARU отын құю аузының түпнұсқа қақпағын ғана қолдануға кеңес береміз. Сәйкес келмейтін қақпақты қолданған жағдайда оның бұрандасы не өлшемі дәл келмеуі, сондай-ақ отын буының дұрыс шығарылуын қамтамасыз етпеуі мүмкін, бұл отын бағы мен пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Бұл сондай-ақ отынның бактан шайқалып төгілуіне және өртке алып келуі мүмкін.
- Отынның төмен деңгейінің ескерту шамы жанған жағдайда дереу отын бағына отын құйыңыз. Отын бағында отынның болмауына байланысты қозғалтқыштың шалыс жұмыс істеуі қозғалтқыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.


▼ Отын құю аузының люгін ашу мүмкін болмаған жағдайда

Егер ақаулыққа немесе аккумулятор батареясының зарядының отыруына байланысты отын құю аузының люгін ашу мүмкін болмаса, оны жүксалғыш жақтан ашуға болады.



702083


1. Жалпақ бұрауыштың көмегімен жүксалғыштың ішкі әрлеуінің оң жағындағы технологиялық люкті шешіп алыңыз.



702283

- 1) Бекіткіш.

2. Қызғылт сары түсті тұтқаны бекіткіштен босатыңыз.



702084

3. Отын құю аузының люгін құлпын ашу үшін қызғылт сары түсті тұтқадан тартыңыз.

Сапарға дайындық

Күнделікті сапарға шығар алдында төмендегі тексерулер мен реттеулерді орындауыңыз қажет.

1. Барлық терезенің, айналардың, фаралар мен сыртқы шамдардың тазалығына көз жеткізіңіз.
2. Дөңгелектерді сырттай қарап шығыңыз және күйін тексеріңіз. Сонымен бірге шиналардағы ауа қысымын тексеріңіз.
3. Автокөліктің астында аққан сұйықтық іздерінің жоқтығына көз жеткізіңіз және автокөліктің астында кішкентай жануарлардың бар-жоғын тексеріңіз.
4. Кішкентай жануарлардың мотор бөліміне кіріп кетпегеніне көз жеткізіңіз.
5. Капоттың және жүксалғыш есігінің толық жабық екеніне көз жеткізіңіз.
6. Орындықтың дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.
7. Ішкі және сыртқы айналардың дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз.
8. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Жолаушыларыңыздың да қауіпсіздік белбеулерін таққанына көз жеткізіңіз.
9. Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне келтірілген кезде ескерту және бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
10. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін көрсеткіштердің, ескерту және бақылау шамдарының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

- ЖАЛҒАСЫ -

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Кішкентай жануарлардың салқындату желдеткішіне немесе жетек белбеулерінің арасына кіріп кетуі автокөліктің бұзылуына алып келуі мүмкін. Қозғалтқышты оталдырар алдында кішкентай жануарлардың мотор бөліміне кіріп кетпегеніне және автокөліктің астына жасырынбағанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Мотор майының деңгейін, қозғалтқышты салқындату сұйықтығының, тежегіш сұйықтығының, өйнекжуғыш сұйықтығының, сондай-ақ басқа да сұйықтықтардың деңгейін күнделікті, апта сайын немесе автокөлікке отын құйған кезде тексеріп отыру қажет.
- Тіркеме сүйреген жағдайда «Тіркеу құрылғысы (дилерлік опция)» бөлімін (☎481-бет) қараңыз.

Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты қосу/тоқтату жүйесі жоқ модельдер)

■ Қозғалтқышты оталдыру

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Стартердің электр қозғалтқышының 10 секундтан артық үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Егер қозғалтқыш стартер жұмыс істей бастаған 5-10 секундтың ішінде оталмаса, кемінде 10 секунд үзіліс жасаңыз, содан кейін қайтадан қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер бұған дейін аккумулятор батареясы ағытылып, қайтадан жалғанған болса (техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізгенде немесе басқа себептерге байланысты), қозғалтқышты оталдыруда проблемалар туындауы мүмкін. Бұл проблемалар дроссельді жапқышты электронды басқарудың өзіндік диагностика функциясының болуынан туындайды. Бұл

проблеманы шешу үшін оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін қозғалтқышты оталдырар алдында шамамен ұзақтығы 10 секундтық үзіліс жасаңыз.

- Стартер қозғалтқыштың иінді білігін бұрап жатқан кезде селектор иінтірегін қозғамаңыз.
- ▼ Қозғалтқышты оталдыру кезіндегі жалпы сақтық шаралары

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ешқашан автокөлік ішінде отырмай қозғалтқышты оталдыру әрекетін жасамаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Нашар желдетілетін жерлерде, мысалы, гаражда немесе басқа үй-жайда қозғалтқыштың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Үй-жайдың іші немесе автокөлік пайдаланылған газдарға толып кетуі мүмкін, бұл көміртегі тотығымен улануға алып келуі мүмкін.
- Қозғалтқышты құраған жапырақтардың, қағаздардың және басқа да жанғыш заттардың жанында оталдырмаңыз. Түтін шығаратын құбыр мен пайдаланылған газдар жоғары температурада тұтануға алып келуі мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер қозғалтқыш автокөліктің қозғалысы кезінде өшірілсе, каталитикалық бейтараптандырғыш шектен тыс қызып, күйіп кетуі мүмкін.
- Қозғалтқышты міндетті түрде жүргізуші орындығында отырған күйі оталдырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден жылдамдықты шұғыл үдетуге немесе қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін тез жоғарылатуға жол бермеңіз.
- Қозғалтқыш жеткілікті деңгейге қызғанға дейін қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі жоғары күйінде ұсталады. Қозғалтқыш қызған сайын қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі төмендейді.
- Сирек жағдайларда қозғалтқышты оталдыру пайдаланылатын отынның сапасына және қозғалыс жағдайларына (қозғалтқыш тиісінше қызып үлгермейтін жиі қайталанатын қысқа сапарлар) байланысты қиындауы мүмкін. Мұндайда басқа отын маркасына ауысуға кеңес беріледі.
- Сирек жағдайларда акселератор педалін шұғыл басқанда, мысалы,

орыннан тез қозғалған немесе жылдамдықты тез үдеткен кезде қозғалтқышта детонациялық тарсыл естілуі мүмкін. Бұл қаулық болып саналмайды.

- Фаралар, ауа кондиционері және артқы әйнек жылытқышы өшірулі болса, қозғалтқышты оталдыру жеңіл орындалады.
1. Автокөлігіңіздің тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.
 2. Оталдыру кезінде қажетсіз барлық электр құралы мен жарықты өшіріңіз.
 3. Селектор иінтірегін «Р» не «N» (дұрысырақ нұсқасы — «Р» күйі) күйіне ауыстырыңыз.
 4. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз да, ескерту және бақылау шамдарының күйін тексеріңіз. «Ескерту және бақылау шамдары» бөлімін (☎189-бет) қараңыз.
 5. Акселератор педалін **баспастан** оталдыру жүйесінің құлпын «START» күйіне қойыңыз. Қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден кілтті жіберіңіз.

Егер қозғалтқыш оталмаса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз.

- (1) Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйіне қойыңыз және кемінде 10 секунд үзіліс жасаңыз. Автокөліктің тұрақ тежегішімен сенімді ұсталып тұрғанына көз жеткізіп алып, оталдыру жүйесінің құлпын «START» күйіне қойыңыз, бір мезгілде акселератор педалін жеңіл басыңыз (шамамен педаль жүрісінің төрттен біріне). Қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден акселератор педалін жіберіңіз.
- (2) Егер қозғалтқыш бұдан оталмаса, оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйіне қойып, кемінде 10 секунд күте тұрыңыз. Содан кейін акселератор педалін тірелгенше басыңыз және оталдыру жүйесінің құлпын «START» күйіне қойыңыз. Егер қозғалтқыш оталса, акселератор педалін дереу жіберіңіз.
- (3) Егер қозғалтқыш бұл әрекеттерден оталмаса, оталдыру жүйесінің құлпын қайтадан «LOCK» күйіне қойыңыз. Кемінде 10 секундтық үзілістен кейін оталдыру жүйесінің құлпын «START» күйіне қойыңыз, бұл кезде акселератор педалін баспаңыз.

- (4) Егер бұл әрекеттерден де қозғалтқыш оталмаса, жақын жердегі SUBARU дилерінің көмегіне жүгінуге кеңес береміз.
6. Қозғалтқыш оталғаннан кейін барлық ескерту және бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз. Қозғалтқышты қыздыру кезінде селектор иінтірегінің «Р» не «N» күйінде тұрғанына және автокөліктің тұрақ тежегішіне қойылғанына көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқышты қайта оталдырған жағдайда селектор иінтірегін «N» күйіне ауыстырыңыз. Ешқашан автокөліктің қозғалысы кезінде селектор иінтірегін «Р» күйіне ауыстыруға әрекет жасамаңыз.

■ Қозғалтқышты тоқтату

Оталдыру жүйесінің кілтін автокөлік тоқтағанда және автокөліктің қозғалтқышы бос жүріс режимінде жұмыс істеп тұрғанда ғана бұрауға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқышты автокөліктің қозғалысы кезінде өшіруші болмаңыз. Бұл руль күшейткіші мен тежегіш күшейткіші жұмысының әсерінің төмендеуіне алып келеді, өз кезегінде бұл рульді және тежегішті басқаруда көбірек физикалық күшті қажет ететін болады. Сонымен бірге қозғалтқышты өшіру кезінде абайсызда оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйіне ауыстырып алуыңыз мүмкін, бұл рульдің бұғатталуына алып келеді.

■ Руль бағанын бұғаттау құлпы

Қозғалтқышты тоқтатқаннан және кілтті оталдыру жүйесінен шығарғаннан кейін руль бағанын бұғаттау құлпының іске қосылуының нәтижесінде руль бұғатталады. Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде руль бағаны автоматты түрде бұғаттан шығарылады.

▼ Егер руль бағанын бұғаттан шығару мүмкін болмаса

Руль бағанын бұғаттан шығара алмасаңыз, келесі әрекетті орындаңыз.

1. Автокөліктің тұрақ тежегішіне қойылғанына көз жеткізіңіз.
2. Оталдыру кезінде қажетсіз барлық электр құралы мен жарықты өшіріңіз.
3. Селектор иінтірегінің «Р» күйіне қойылғанына көз жеткізіңіз.
4. Тежегіш педалін басыңыз және басып ұстап тұрыңыз.
5. Рульді солға-оңға бұрай отырып, оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне қойыңыз.

Егер осы әрекеттің нәтижесінде рульді бұғаттан шығара алмасаңыз, SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Қозғалтқышты оталдыру және тоқтату (түйменің көмегімен қозғалтқышты қосу/тоқтату жүйесі бар модельдер)

Егер автокөлікке отырған кезде өзіңізбен бірге қашықтан ашу салпыншағы бар болса, онда автокөлікті электрмен қоректендіру режимдерін ауыстырып қоса және қозғалтқышты оталдыра аласыз.

■ Сақтық шаралар

«Сақтық шаралар» бөлімін (☞136-бет) қараңыз..

■ Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесінің әрекет ету аймағы

«Қозғалтқышты түйменің көмегімен қосу/өшіру жүйесінің әрекет ету аймағы» бөлімін (☞181-бет) қараңыз.

■ Қозғалтқышты оталдыру

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қозғалтқышты оталдыру кезінде кейбір жалпы сақтық шаралар бар. «Қозғалтқышты оталдыру кезіндегі жалпы сақтық шаралар» бөлімінде (☞362-бет) сипатталған сақтық шараларды мұқият оқып шығыңыз.
- Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтап тұрса, қозғалысты бастауға қатаң түрде тыйым салынады. Руль бұғаттаулы күйде тұр, сондықтан автокөліктің қозғалысы апатқа алып келуі мүмкін. Руль бағанын бұғаттан шығару үшін рульді оңға-солға бұрай отырып және тежегіш педалін баса отырып, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін тағы бір рет басыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтап тұрса, бұл автокөліктің ықтимал ақаулығын білдіреді. Мұндай жағдайда Сізге кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін 10 секундтан ұзақ басып тұрмаңыз. Бұл оның бұзылуына алып келуі мүмкін. Егер қозғалтқыш оталмаса, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басып тұруды доғарыңыз. Оның орнына «OFF» электрмен қоректендіру режиміне ауыстыру үшін тежегіш педалін баспастан қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз. 10 секунд үзіліс жасаңыз, содан кейін қозғалтқышты оталдыру үшін қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін қайта басыңыз.

- Қозғалтқыш оталғаннан кейін салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы сөнгенше қозғалтқыштың иінді білігінің жоғары жиілігі ұсталып тұрады. «Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы/салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы» бөлімін (☎196-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі тежегіш педалі басылып тұрған кезде басылса, қозғалтқыш стартері 10 секундтан аспайтын уақыт жұмыс істейді, ал қозғалтқыш оталғаннан кейін автоматты түрде өшіріледі.
- Тежегіш педалін басып тұрып қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін бассаңыз, қозғалтқышты оталдыру қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінің күйіне қарамастан орындалады.
- Егер қозғалтқышты оталдыруға әрекеттену кезінде ол оталмаса және иммобилайзердің бақылау шамы жанып тұрса, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» электрмен қоректендіру режимін орнатыңыз, осыдан кейін қайтадан

қозғалтқышты оталдыруға әрекет жасап көріңіз.

- Егер қозғалтқыш оталмаса, «OFF» электрмен қоректендіру режиміне ауысу үшін тежегіш педалін баспастан қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз. Осыдан кейін тежегіш педалін үлкен күшпен басып тұрып, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.
- Егер бұған дейін аккумулятор батареясы ағытылып, қайтадан жалғанған болса (техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізгенде немесе басқа себептерге байланысты), қозғалтқышты оталдыруда проблемалар туындауы мүмкін. Бұл проблемалар дроссельді жапқышты электронды басқарудың өзіндік диагностика функциясының болуынан туындайды. Бұл проблеманы шешу үшін оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін қозғалтқышты оталдырар алдында ұзақтығы шамамен 10 секундтық үзіліс жасаңыз.
- Автокөлік айналасындағы радиосигналдардың таралу жағдайларына байланысты қозғалтқышты оталдыру рәсімі жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда «Қозғалтқышты

оталдыру» бөлімін (☎510-бет) қараңыз.

- Егер автокөліктің аккумулятор батареясының заряды отырған болса, руль бағанын бұғаттан шығару мүмкін емес. Аккумулятор батареясын зарядтаңыз.
- Стартер қозғалтқыштың иінді білігін бұрап жатқан кезде селектор интірегін қозғамаңыз.



- 1) Жұмыс режимінің индикаторы.
- 2) Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі.

Тежегіш педалін басып тұрып қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін бассаңыз, қозғалтқышты оталдыру орындалады. Төменде қозғалтқышты оталдыру рәсімі сипатталған.

1. Өзіңізбен бірге қашықтан ашу салпыншағын алып, жүргізуші орындығына отырыңыз.
2. Автокөлігіңіздің тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.

3. Селектор тұтқасын «Р» күйіне ауыстырыңыз. Селектор иінтірегі «N» күйінде тұрғанда да қозғалтқышты оталдыруға болады. Соған қарамастан қауіпсіздік үшін қозғалтқышты селектор иінтірегі «Р» күйінде тұрғанда оталдырыңыз.
4. Тежегіш педалін басыңыз және қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі индикатор жасыл түспен жанғанша осы қалыпта ұстап тұрыңыз. Егер қозғалтқыш селектор иінтірегі «N» күйінде тұрған кезде оталдырылса, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі бақылау шамы жасыл түспен жанбайды.
5. Тежегіш педалін басып тұрып, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Селектор иінтірегіндегі түймені басқан кезде селектор иінтірегінің «Р» күйінде тұрғанына қарамастан қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жанбайды.
- Егер қозғалтқышты стандартты оталдыру рәсімін орындаған кезде қозғалтқыш оталмаса, селектор иінтірегін «Р» күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «ACC» электрмен қоректендіру режимін орнатыңыз.

Тежегіш педалін басыңыз, осыдан кейін қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басып, осы күйде кемінде 15 секунд ұстап тұрыңыз. Бұл қозғалтқыштың оталуына алып келуі мүмкін. Қозғалтқышты оталдырудың бұл рәсімін төтенше қажеттілік жағдайында ғана пайдаланыңыз.

- Қозғалтқыш оталмаса, тежегіш педалінің жүрісі қатаюы мүмкін. Мұндай жағдайларда тежегіш педалін әдеттегіден көбірек күшпен басу қажет болады. Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жанғанына көз жеткізіңіз, осыдан кейін қозғалтқышты оталдыру үшін қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.

■ Қозғалтқышты тоқтату

1. Автокөлікті толықтай тоқтатыңыз.
2. Селектор иінтірегін «Р» күйіне ауыстырыңыз.
3. Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз. Бұл қозғалтқышты тоқтатады, сондай-ақ автокөлікті «OFF» электрмен қоректендіру режиміне ауыстырады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін ұстамаңыз.

Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін төменде көрсетілгендей басатын болсаңыз, қозғалтқыш тоқтайды.

- Түйме басылады және 2 секунд не одан ұзақ басылған күйінде ұсталып тұрады.
- Түйме аз уақытқа қатарынан 3 не одан көп рет басылады.


Қозғалтқыш тоқтап тұрғанда тежегіш күшейткіші жұмыс істемейді. Бұл жағдайда тежегіш педалін көп күшпен басу қажет болады.

Сонымен бірге қозғалтқыш тоқтатылған кезде руль күшейткіші де жұмыс істемейді. Бұл жағдайда рульді бұруға көбірек күш салуға тура келеді, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

- Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқыш тоқтатылған жағдайда автокөлік қауіпсіз жерге толық тоқтағанша қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін баспаңыз және есіктерді ашпаңыз. Бұл қауіпті, ескерту орындалмаған жағдайда руль бағанын бұғаттау электронды құлпы іске қосылуы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Селектор тұтқасы «Р» күйінен басқа күйде тұрған болса, қозғалтқышты тоқтатпаңыз.
- Егер қозғалтқыш селектор интірегі «Р» күйінен басқа күйде тұрған кезде тоқтатылған болса, автокөлікті электрмен қоректендіру «АСС» режиміне ауысады. Егер автокөлік осы күйінде қалдырылса, бұл аккумулятор батареясының отыруына алып келуі мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін қозғалыс кезінде бассаңыз, аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) қалқыма терезе түрінде қозғалтқышты шұғыл тоқтату туралы хабарлама пайда болады, сондай-ақ ескертуші дыбыс сигналы беріледі.
- Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесінің көмегімен қозғалтқышты тоқтата алатыныңызға қарамастан оны апаттық жағдайлардан өзге қозғалыс кезінде тоқтатпаңыз.


■ Қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар

«Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылған кездегі іс-қимылдар» бөлімін (≈509-бет) қараңыз.

■ Руль бағанын бұғаттау құлпы

Қозғалтқышты тоқтатқаннан және жүксалғыш есігін қоса алғанда кез келген есік ашылғаннан кейін руль бағанын бұғаттау құлпының іске қосылуының нәтижесінде руль бұғатталады. Қозғалтқышты қайта оталдырған кезде руль бағаны автоматты түрде бұғаттан шығарылады.

▼ Егер руль бағанын бұғаттан шығару мүмкін болмаса



- 1) Жұмыс режимінің индикаторы.
- 2) Қозғалтқышты қосу/өшіру түймесі.

Егер руль бағанының бұғатталуына байланысты қозғалтқышты қайта оталдыра алмасаңыз, жұмыс режимінің индикаторының күйін тексеріңіз және төменде келтірілген рәсімді орындаңыз.

▼ Жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтап тұр

1. Селектор интірегінің «Р» күйіне қойылғанына көз жеткізіңіз.
2. Тежегіш педалін басыңыз және ұстап тұрыңыз.
3. Руль дөңгелегін солға және оңға бұрай отырып, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесін басыңыз.

▼ Жұмыс режимінің индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтап тұр

Руль бағанын бұғаттау құлпы функциясында ақаулық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда сізге кідірместен жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Сатысыз трансмиссия

Электронды басқарылатын сатысыз трансмиссияның алдыңғы жүрісінің саны шексіз берілістері мен артқы жүрісінің бір берілісі бар. Кейбір модельдерде сондай-ақ қолмен басқару режимі немесе «L» күйі бар.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Акселератор педалін басып тұрып, «Р» не «N» күйінен «D» не «R» күйіне ауыстырып қоспаңыз. Бұл кезде автокөлік алға не артқа кілт жүлқынуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢИЗ

- Төменде келтірілген сақтық шараларды орындаңыз. Орындамаған жағдайда трансмиссия зақымдалуы мүмкін.
 - «Р» не «R» күйіне автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауыстырып қосуға болады.
 - Автокөлік толық тоқтамайынша трансмиссияны «D» күйінен «R» күйіне не керісінше ауыстырып қоспаңыз.

- Селектор иінтірегі «N» не «P» күйінен өзге күйлерде тұрғанда және автокөлік тұрақ тежегішіне қойылған немесе оның дөңгелектерінің астына тежегіш тоспа қойылған болса, қозғалтқыштың жұмысын 5 секундтан артық үдетпеңіз. Өйткені трансмиссия сұйықтығы қызып кетуі мүмкін.
- Ешбір жағдайда автокөлікті төменде көрсетілген жолмен қозғамаңыз. Бұл апатқа немесе ақаулыққа алып келуі мүмкін.
 - Селектор иінтірегі алға жүру күйіне қойылған болса, инерциямен артқа жүру.
 - Селектор иінтірегі «R» күйіне қойылған болса, инерциямен алға жүру.
- Автокөлікті тұраққа қойған кезде алдымен оны тұрақ тежегішіне қойыңыз, содан кейін селектор иінтірегін «P» күйіне ауыстырыңыз. Селектор иінтірегі басқа кез келген күйде тұрғанда автокөліктің ұзақ уақыт тұрақта тұруына жол бермеңіз. Ескерту орындалмаған жағдайда бұл аккумулятор батареясының отыруына алып келуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш әлі қызбаған кезде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы қызғаннан кейінгі жағдаймен салыстырғанда трансмиссия қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі көбірек режимге ауысатын болады. Осылайша қозғалтқышты қыздыру уақыты ғана қысқартылып қоймай, автокөлігіңіздің жалпы басқарылу мүмкіндігі жақсартылады. Қозғалтқыш қызғаннан кейін трансмиссия берілістерді кешігіп ауыстыру режимінен қалыпты режимге автоматты түрде ауысады.
- Трансмиссия сұйықтығын ауыстырғаннан кейін бірден трансмиссияның біршама әдеттен тыс жұмыс сипатын байқауыңыз мүмкін. Бұл автокөлігіңіздің ағымдағы пайдалану жағдайларына сәйкес трансмиссияның берілістерді ауыстыруының ең оңтайлы режимін қамтамасыз ету үшін борттық компьютердің жинаған және сақтаған деректерінің нөлденуіне байланысты орын алады. Берілістерді ауыстыруды оңтайландыру автокөлік біршама қашықтықты жүріп өткеннен кейін қалпына келеді.
- Сатысыз трансмиссиямен жабдықталған автокөлікпен ұзақ уақыт ауыр жүктеме жағдайларында қозғалғанда, мысалы, кемпер

сүйрегенде немесе ұзақ тік беткейге қарай қозғалғанда қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі немесе автокөлік жылдамдығы автоматты түрде төмендетілуі мүмкін. Бұл ақаулық болып саналмайды. Бұл құбылыс – автокөлік қозғалтқышының тиісті салқындатылу сипаттамаларын сақтап ұстайтын қозғалтқышты басқару функциясының жұмысының нәтижесі. Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі мен автокөлік жылдамдығы жүктеме азайғаннан кейін қозғалтқыш оңтайлы салқындату сипаттамаларын сақтай алатын кезде қалыпты мәндеріне қайтып келеді. Ауыр жүктемелер жағдайларында қозғалыс ерекше сақтықпен жүзеге асырылуы тиіс. Тіркемемен беткейге қарай қозғалғанда алда жүріп бара жатқан автокөліктерді басып озуға тырыспаңыз.


- Шынжырлы сатысыз трансмиссия жүйесі отынды максималды үнемдеуге қол жеткізу үшін трансмиссияның үздік сипаттамаларын қамтамасыз етеді. Мезгіл-мезгілімен пайдалану жағдайларының өзгеруіне байланысты шынжыр жұмысының шуылын естуге болады, бұл осы жүйеге тән құбылыс болып саналады.

■ Селектор иінтірегі




«А» типі

1) Селектор иінтірегінің түймесі.



«В» типі

1) Селектор иінтірегінің түймесі.



- 1) «L» күйі бар модельдер.
- 2) Қолмен басқару режимі бар модельдер.

- ➡: Тежегіш педалін баса отырып, селектор иінтірегінің түймесін басып берілісті ауыстырыңыз.
- ➡: Селектор иінтірегінің түймесін басып берілісті ауыстырыңыз.
- ➡: Селектор иінтірегінің түймесін баспай берілісті ауыстырыңыз.

Селектор иінтірегінің «P», «R», «N», «D» төрт түрлі күйі, сондай-ақ «L» не «M» күйіне арналған ойығы бар.

ЕСКЕРТПЕ

Кейбір модельдерде қозғалтқышты қорғау үшін селектор иінтірегі «P» не «N» күйінде тұрған кезде қозғалтқыш тіпті акселератор педалін қатты басқанның өзінде оның иінді білігінің айналу жиілігін қатты жоғарылату

мүмкін болмайтындай етіп басқарылады.

▼ «P» күйі (тұраққа қою)

Бұл күй автокөлікті тұраққа қоюға және қозғалтқышты оталдыруға арналған. Бұл ретте трансмиссияның механикалық түрде бұғатталуы қамтамасыз етіледі, бұл автокөліктің еркін қозғалуына тосқауыл болады.

Селектор иінтірегі «P» күйіне ауыстырар алдында автокөлікті тұраққа қойған кезде автокөліктің күйін тұрақ тежегішімен сенімді етіп бекітіңіз. Автокөлікті тек трансмиссияның механикалық үйкелісінің есебінен ұстап тұрмаңыз.

Селектор иінтірегі «P» күйінен кез келген басқа күйге ауыстыру үшін тежегіш педалін толық басыңыз, содан кейін иінтіректі жылжытуыңыз қажет. Бұл қозғалған кезде автокөліктің жұлқыын болдырмайды.

▼ «R» күйі (артқы жүріс)

Бұл күй артқы жүріспен қозғалуға арналған. «N» күйінен «R» күйіне ауыстыру үшін алдымен автокөліктің толық тоқтауын күтіңіз, содан кейін селектор иінтірегінің түймесін басып тұрып, селектор иінтірегі «R» күйіне ауыстырыңыз.

Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» күйіне ауыстырылғаннан кейін селектор иінтірегін «N» күйінен «R» күйіне тежегіш педалін басып тұрған кезде ғана жылжытуға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы» бөлімін (☞375-бет) қараңыз.

▼ «N» күйі (бейтарап күй)

Бұл күй өшіп қалған қозғалтқышты қайта оталдыруға арналған. Бұл күйде трансмиссия бейтарап күйде тұрады, бұл дөңгелектер мен трансмиссияның бұғатталмағанын білдіреді, сондықтан егер автокөлік тұрақ тежегішіне қойылмаған немесе жұмыстық тежегішпен ұсталып тұрмаған болса, тіпті азын-аулақ көлбеу жердің өзінде ол орнынан жылжып кетуі мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Селектор иінтірегі «N» күйіне (бейтарап күй) қойылған кезде автокөліктің қозғалуына жол бермеңіз. Бұл кезде қозғалтқышпен тежелу мүмкін болмайды, бұл апаттық жағдайдың туындау қаупін жоғарылатады.

▼ «D» күйі (қозғалыс)


Бұл күй қалыпты жағдайларда алға қарай қозғалуға арналған. Трансмиссия қажетті жылдамдық пен жылдамдықты үдету дәрежесі үшін оңтайлы беріліске автоматты түрде және үздіксіз ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге беткейге және ылдига қарай қозғалғанда трансмиссия қолдың көлбеу бұрышына байланысты жүріс сипаттамаларын және қозғалтқышпен тежелуді бақылауда ұстайды.

Егер «D» күйінде қозғалған кезде жылдамдықты көбірек үдету қажет болса, акселератор педалін тірелгенше басыңыз және осы күйде басып ұстап тұрыңыз. Трансмиссия автоматты түрде төменірек беріліске ауыстырады. Ары қарай трансмиссия кәдімгі автоматтық трансмиссия секілді жұмыс істеуін жалғастырады. Егер педальді жіберсеңіз, трансмиссия жылдамдықты үдетуге дейін қосулы тұрған беріліске қайта ауысады.


Қолмен басқару режимі бар модельде «D» күйінде тұрғанда руль астында орналасқан беріліс ауыстырып қосқыштарының бірі басылатын болса, трансмиссия уақытша қолмен басқару режиміне көшеді. Бұл режимде руль астындағы ауыстырып қосқыштардың көмегімен кез келген беріліске ауыстырып қосуыңызға болады. Қолмен

басқару режимі туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімін (☞372-бет) қараңыз. Автокөлік жылдамдығы тұрақтанғаннан кейін трансмиссия қолмен басқару режимінен қайтадан қалыпты қозғалысқа арналған «D» режиміне ауысады.


■ Қолмен басқару режимін таңдау (қарастырылған болса)




«A» типі

**«В» типі**

Автокөлік қозғалып келе жатқанда немесе тоқтап тұрғанда қолмен басқару режимін таңдау үшін селектор иінітірегін «D» күйінен «M» күйіне (жүргізушіге қарай) жылжытыңыз.

**«А» типі**

- 1) Берілісті жоғарылату индикаторы.
- 2) Берілісті төмендету индикаторы.
- 3) Қосулы тұрған беріліс индикаторы.

**«В» типі**


- 1) Берілісті жоғарылату индикаторы.
- 2) Берілісті төмендету индикаторы.
- 3) Қосулы тұрған беріліс индикаторы.

Қолмен басқару режимін таңдаған кезде аспаптар тақтасында қосулы тұрған беріліс индикаторы, берілісті жоғарылату индикаторы және/немесе берілісті төмендету индикаторы қосылады.

Қосулы тұрған беріліс индикаторы 1-ден 7-ге дейінгі диапазонда ағымдағы қойылған берілісті көрсетеді. Берілісті жоғарылату және төмендету индикаторлары берілістерді ауыстырудың ықтимал бағытын көрсетеді. Берілісті жоғарылату индикаторы «▲» қосулы тұрғанда берілісті жоғарырақ сатыға ауыстыруға болады.

Берілісті төмендету индикаторы «▼» қосұлы тұрғанда берілісті төменірек сатыға ауыстыруға болады. Егер индикаторлардың екеуі де қосұлы тұрса, жоғары беріліске де, төмен беріліске де ауыстырып қосуға мүмкіндік бар. Автокөлік тоқтаған кезде (мысалы, бағдаршамның алдында) берілісті төмендету индикаторы өшеді.

Берілістерді рульдің астында орналасқан беріліс ауыстырып қосқыштарының көмегімен ауыстырып қосуға болады.



Келесі жоғары беріліс сатысына ауыстыру үшін «+» белгісімен белгіленген руль астындағы беріліс ауыстырып қосқышын тартыңыз. Келесі төменгі беріліс сатысына ауыстыру үшін «-» белгісімен белгіленген руль астындағы беріліс ауыстырып қосқышын тартыңыз.

Қолмен басқару режимінен шығу үшін селектор иінірегін «M» күйінен қайтадан «D» күйіне ауыстырыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Руль астындағы беріліс ауыстырып қосқыштарының иініректеріне ешқандай заттар қоймаңыз және ілмеңіз. Ілген жағдайда бұл берілістердің кездейсоқ ауыстырылуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


Төменде келтірілген ережелерді мұқият оқып шығуыңызды және қолмен басқару режимін пайдаланған кезде оларды есте ұстауыңызды сұраймыз.

- Егер қозғалтқыштың иінді білігінің өте жоғары айналу жиілігінде төменірек беріліске ауыстырып қоспақшы болсаңыз, яғни берілісті төмендетудің нәтижесінде тахометр көрсеткісі қызыл аймақ белгісінен өтіп кететін болса, берілісті төмендету мүмкін емес екенін ескертетін дыбыс сигналы беріледі.
- Егер өте төмен жылдамдықпен келе жатқан автокөлікте жоғары беріліске ауыстырып қоспақшы болсаңыз, трансмиссия бұны қабылдамайды.

- Егер берілістен аттап өтпекші болсаңыз (мысалы, 4-шіден 2-шіге ауыспақшы болсаңыз), тиісті руль астындағы беріліс ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай екі рет тартыңыз.
- Автокөлік тоқтаған кезде трансмиссия автоматты түрде 1-ші берілісті орнатады.
- Егер трансмиссия сұйықтығының температурасы тым жоғары болса, аспаптар тақтасында «AT OIL TEMP» ескерту шамы жанады. Дерееу ең жақын қауіпсіз жерге тоқтаңыз және бұл ескерту шамы сөнгенше қозғалтқышты бос жүріс режимінде жұмыс істетіп қойыңыз.
- ▼ Берілісті ауыстырып қосу индикаторы (қарастырылған болса)


Егер отын шығынын азайту үшін жоғарырақ беріліске ауыстырып қосу ұсынылса, берілісті жоғарылату индикаторы жыпылықтайды. Егер төменірек беріліске ауыстырып қосу ұсынылса, берілісті төмендету индикаторы жыпылықтайды.

■ «L» режимін таңдау (қарастырылған болса)



702227


«А» типі



702086

«В» типі

«L» күйі ылдига қарай қозғалғанда және т.б. жағдайларда қозғалтқышпен тежелуді қолдануға арналған. Бұл режимді таңдау үшін селектор иінтірегін «D» күйінен «L» күйіне жылжытыңыз.



701754

Режим таңдалған жағдайда аспаптар тақтасында «L» индикаторы қосылады.

«L» режимінен шығу үшін селектор иінтірегін «D» күйіне жылжытыңыз.

■ Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы

Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы селектор иінтірегінің дұрыс емес жұмысын болдырмауға көмектеседі.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне қойылып, тежегіш педалі басылмайынша селектор иінтірегін жылжыту мүмкін емес.
- Тежегіш педалін баспайынша селектор иінтірегін «P» күйінен кез келген басқа күйге ауыстыру мүмкін емес. Алдымен тежегіш педалін басыңыз, содан кейін селектор иінтірегін жылжытыңыз.
- Селектор иінтірегі «P» күйінде тұрғанда ғана оталдыру жүйесінің құлпын «ACC» күйінен «LOCK»/«OFF» күйіне бұрай және кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығара аласыз.
- Егер селектор иінтірегі «N» күйінде тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» күйіне ауыстырылған болса, тежегіш педалін баспастан және селектор иінтірегіндегі түймені баспастан селектор иінтірегін «P» күйіне ауыстыру мүмкін емес.

▼ Селектор иінтірегін бұғаттан шығару

Егер селектор иінтірегі жылжымайтын болса, оталдыру жүйесінің құлпын қайтадан «ON» күйіне қойыңыз, содан кейін тежегіш педалін және селектор иінтірегіндегі түймені басып тұрып, селектор иінтірегін «P» күйіне жылжытыңыз.

Егер жоғарыда келтірілген рәсімнен кейін селектор иінтірегі жылжымайтын болса, төменде тізімі берілген позицияларды тексеріңіз және тиісті селектор иінтірегі бұғаттан шығару рәсімін орындаңыз.

- Егер селектор иінтірегі «Р» күйінен «N» күйіне ауыстырылмаса «Селектор иінтірегі селектор иінтірегі бұғаттан шығару түймесінің көмегімен бұғаттан шығару» бөлімін (☎376-бет) қараңыз.
- Егер селектор иінтірегі «N» күйінен «R» не «Р» күйіне ауыстырылмаса Оталдыру жүйесінің құлпын «ACC» күйіне қойыңыз, содан кейін тежегіш педалін басып тұрып селектор иінтірегі «Р» күйіне ауыстырыңыз.

Егер селектор иінтірегі бұрынғыша жылжымайтын болса, «Селектор иінтірегі селектор иінтірегі бұғаттан шығару түймесінің көмегімен бұғаттан шығару» бөлімін (☎376-бет) қараңыз.


Егер жоғарыда келтірілген жағдайларда селектор иінтірегі бұғаттан шығару түймесін қолданбастан бұғаттан шығару мүмкін болмаса, селектор иінтірегі бұғаттау жүйесінде және автокөлікті басқару жүйесінде ақаулық болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▼ Селектор иінтірегі селектор иінтірегі бұғаттан шығару түймесінің көмегімен бұғаттан шығару


Селектор иінтірегі бұғаттан шығару үшін төменде келтірілген рәсімді орындаңыз.

1. Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз.



2. Жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспамен немесе матамен орап алып, оны селектор иінтірегі бұғаттау құлпының бітеуішін шешіп алу үшін қолданыңыз. Селектор иінтірегі бұғаттан шығару түймесі селектор иінтірегі бұғаттау

құлпының бітеуішінің астында орналасқан.



3. Тежегіш педалін басып тұрып, саңылауға бұрауышты салыңыз, онымен селектор иінтірегі бұғаттан шығару түймесін басыңыз, содан кейін селектор иінтірегі жылжытыңыз.

Егер селектор иінтірегі жоғарыда сипатталған рәсімнен кейін де жылжыту мүмкін болмаса, селектор иінтірегі бұғаттау жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ Көлік жүргізу бойынша кеңестер

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер акселератор педалі мен тежегіш педалі бірге басылса, айналу сәті шектелуі мүмкін. Бұл қаулық емес.

- Егер автокөлік тоқтаған кезде селектор иінтірегі «D» не «R» күйінде тұрса, автокөліктің күйін әрдайым жұмыстық тежегіштің не тұрақ тежегішінің көмегімен бекітіңіз.
- Автокөлігіңізді тұраққа қойған кезде әрдайым автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз. Автокөлікті тек трансмиссияның механикалық үйкелісінің есебінен ұстап тұрмаңыз.
- Өрге бағытталған автокөлікті «D» күйінде тұрған трансмиссияның көмегімен қозғалыссыз ұстап тұруға рұқсат етілмейді. Оның орнына тежегішті пайдалану қажет.
- Сирек жағдайларда автокөлік жылдамдығын тез үдеткенде немесе орыннан шұғыл қозғалғанда қозғалтқышта детонациялық тарсыл естілуі мүмкін. Бұл қандай да бір қаулықтың белгісі болып саналмайды.


SI-DRIVE жүйесі (орнатылған болса)

SI-DRIVE жүйесі (SUBARU Intelligent Drive — «SUBARU интеллектуалды жетегі») қозғалтқыштың мүмкіндіктерін барынша пайдалану үшін, басқару тиімділігін арттыру және отын үнемдеу сипаттамаларын жақсарту үшін жасалған.

Бұл жүйенің екі режимі бар: Intelligent (I) және Sport (S). SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқыштарының көмегімен күштік агрегаттың жұмыс істеу сипаты өзгереді.

■ «Intelligent» (I) режимі

- ▼ Жатық, үнемді қозғалысқа арналған




«Intelligent» (I) режимінің жылдамдықты үдету сызықтық сипаттамасы әдеттегі күнделікті режим үшін мінсіз болып келеді. «Intelligent» (I) режимі максималды отын үнемділігімен тамаша теңгерілген пайдаланушылық сипаттамаларын және жоғары жүктемелерсіз жатық қозғалысты қамтамасыз етеді. Отынды максималды үнемдеуге қол жеткізу үшін жылдамдықты үдеткен кезде қуат біртіндеп беріледі.

Бұл режим қала ішіндегі сапаларға және толық қуат қажет болмайтын жағдайларға мінсіз сай келеді. Акселератор педалінің басылуына жұмсақ жауап беруінің арқасында бұл

режимде тайғанақ жолдарда немесе борпылдақ жабыны бар жолдарда қозғалу секілді ауыр пайдалану жағдайларында ең үздік басқару мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

■ «Sport» (S) режимі

- ▼ Әмбебап сипаттамаларды көрсете отырып қозғалуға арналған




«Sport» (S) режимі көлік жүргізуді өзінің жеке шытырман оқиғасына айналдырғысы келетіндерге қажетті қозғалтқыш күшін қамтамасыз етеді.

■ SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқыштары

ЕСКЕРТПЕ

- SI-DRIVE жүйесінің индикаторларының қандай да бірінің жыпылықтауы бұл жүйенің ықтимал ақаулығын білдіреді. Мұндай жағдайда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.
- Әдепкі қалып бойынша SI-DRIVE жүйесі «Intelligent» (I) режимінде жұмыс істейді. Қозғалтқышты өшіргеннен кейін бұған дейін бапталған режимнің күші жойылады да, қозғалтқышты келесі рет қосқан кезде SI-DRIVE жүйесі «Intelligent» (I) режиміне қайтып оралады.


▼ «A» типі



SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқыштары

«Intelligent» (I) режимін таңдау үшін «I» ауыстырып қосқышын басыңыз. «Sport» (S) режимін таңдау үшін «S» ауыстырып қосқышын басыңыз.

▼ «B» типі




SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқышы

«S/I» ауыстырып қосқышын әрбір басқан кезде «Intelligent» (I) және «Sport» (S) режимдері ауыстырып қосылады.

Руль күшейткіші

Руль күшейткіші қозғалтқыш оталып тұрғанда ғана жұмыс істейді.



Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйіне бұралғанда аспаптар тақтасында руль күшейткішінің ескерту шамы жанады, ол жүргізушіге ескерту жүйесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын хабарлайды. Ары қарай қозғалтқыш оталғаннан кейін ескерту шамы сөнеді, бұл жүргізушіге руль күшейткішінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Руль күшейткішінің ескерту шамы жанып тұрса, рульді бұрған кезде оның көбірек кедергісін сезінуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін ерекше сақтық таныта отырып, дереу жақын жердегі SUBARU дилеріне жетіп алуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТПЕ

Рульмен әрмен қарай әрекеттер жасаған кезде руль күшейткіші басқару блогы және жетектік электр қозғалтқыш секілді тораптардың шектен тыс қызып кетуін болдырмау мақсатында уақытша көмекші күшті шектеуі мүмкін.

- **Автокөлік аса төмен жылдамдықпен маневрлер жасап жатқан кезде, мысалы, параллель тұраққа қою кезіндегі рульді жиі бұру секілді руль дөңгелегінің жиі және шұғыл бұрылулары.**
- **Руль дөңгелегі ұзақ уақыт бойы соңына дейін толық бұрылған күйінде қалады.**

Қозғалтқышты оталдыру және автокөлікті басқару

Мұндай жағдайда рульді бұрған кезде көбірек кедергісін сезінуіңіз мүмкін. Алайда бұл ақаулық емес. Руль біршама уақыт бұрылмай тұрып, рульмен басқару күшейткішінің тораптары суытылғаннан кейін рульмен басқарудың қалыпты күші қалпына келеді. Алайда руль күшейткіші көмекші күшті шектегіштің жиі іске қосылуына алып келетін әдеттен тыс жолмен пайдаланылатын болса, бұл руль күшейткішінің бұзылуына алып келуі мүмкін.

Тежегіштер

■ Тежеу бойынша кеңестер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлік қозғалып келе жатқан кезде аяғыңызды тежегіш педалінің үстіне қоймаңыз. Бұл тежегіш қыспақтарының қауіпті қызып кетуіне және мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.

▼ Тежегіштер су болып қалған жағдайдағы іс-әрекеттер тәртібі

Жаңбырлы ауа райында жол жүргеннен немесе автокөлікті жуғаннан кейін оның тежегіштері су болуы мүмкін. Соның нәтижесінде автокөліктің тежеу ізі артады. Тежегіштерді кептіру үшін қауіпсіз жылдамдықпен жүріп келе жатып, тежегіш педалін жеңіл баса отырып, тежегіштерді қыздырыңыз.

▼ Қозғалтқышпен тежелу

Жұмыстық тежеу жүйесіне қосымша қозғалтқышпен тежеуді де қолдануыңызға болатынын ұмытпаңыз. Тек тежеу жүйесін пайдаланып ылдифа қарай қозғалу тежегіш қыспақтарының және мұның салдарынан тежегіш сұйықтығының қызып кетуіне, өз кезегінде бұл бүкіл тежеу жүйесінің

қалыпты жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз да, қозғалтқышпен тежеуді пайдаланыңыз.

▼ Шина тесілген жағдайда тежелу

Шина тесілген болса, тежегіш педалін шұғыл басудан сақтаныңыз. Бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Қозғалыс жылдамдығын біртіндеп төмендетіп, түзу жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз.

■ Тежеу жүйесі

▼ Екі бөлек контур

Автокөлігіңіздің тежеу жүйесінің екі бөлек контуры бар. Бөлек контурлардың әрқайсысы диагональ бойынша орналасқан. Егер тежеу жүйесінің контурларының бірі істен шықса, автокөлікті тежеу екінші контурмен қамтамасыз етіледі. Тежеу жүйесінің бір контуры істен шыққан жағдайда тежегіш педалінің жүрісі әдеттегіден үлкейеді және тежегіш педалін үлкен күшпен басу қажет болады. Сонымен бірге мұндай жағдайларда автокөліктің тоқтау ізі айтарлықтай үлкейеді.

▼ Тежеу жүйесінің күшейткіші

Тежеу жүйесі күшейткішінің жұмысы қозғалтқыштың кіргізу коллекторындағы газдың сиреуін және вакуумдық сорғыны қолдануға негізделген. Автокөлік қозғалып бара жатқан кезде қозғалтқышты өшірмеңіз, себебі бұл кезде тежеу жүйесінің күшейткіші де жұмыс істемей қалады, өз кезегінде бұл тежеу күшінің азаюына алып келеді. Автокөлікті тежеу жүйесінің күшейткіші толығымен жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда да тежеуге болады. Алайда бұл ретте тежегіш педалін басуға қалыпты жағдайлардағы тежелумен салыстырғанда көбірек физикалық күш қажет болады, ал автокөліктің тоқтау ізі ұлғаяды.

▼ Вакуумдық жүйеде ақаулық болған жағдайдағы қосымша күшейту функциясы

Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрса және қозғалтқыш жұмыс істеп тұрса, вакуумдық күшейткіштің әсері жеткіліксіз болуының нәтижесінде тежеу жүйесі күшейткішінің сипаттамалары төмендеген жағдайда қосымша күшейту функциясы іске қосылады. Қосымша күшейту функциясы жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш педалі басылған болса, тежегіш педалінде

жұмыстық дыбыс естілуі және діріл сезілуі мүмкін. Бұл ақаулық емес.

▼ Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйеге шектен тыс көп сенім артпаған жөн. Бұл жүйе автокөліктің тежеу жүйесі қамтамасыз ете алатын тежеу сипаттамаларынан артық мөндерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Автокөлікті жүргізу кезінде өте мұқият болыңыз! Жылдамдық режимін және қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер күтпеген жерден шұғыл тежеуге қажеттілік пайда болса, шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйенің қажетті іске қосылуын қамтамасыз ету үшін тежегіш педалін күшпен басуды жалғастыра беру қажет.

Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе жүргізушіге төтенше жағдайда тежелуді жүзеге асыруға көмектеседі. Ол жүргізуші тежегіш педалін қатты баса алмайтын және тежеу күші жеткіліксіз болатын жағдайларда тежеу күшін арттыруға көмектеседі.

Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе жүргізушінің тежегіш педалін басу жылдамдығына сәйкес тежеу күшін жасап шығарады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер тежегіш педалін қатты немесе күтпеген жерден басатын болсаңыз, төменде сипатталған құбылыстар пайда болуы мүмкін. Алайда олар пайда болған жағдайда да бұл қандай да бір ақаулықтардың белгісі болып саналмайды, шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйенің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

- Педальді аз күшпен басқан кезде көп тежеу күшінің жасап шығарылатынын сезуіңіз мүмкін.
- Мотор бөлімінен жұмыс істеп тұрған ABS жүйесінің дыбысын естуіңіз мүмкін.

▼ Шұғыл тежеу сигналы

Шұғыл тежеу сигналы тежегіш педалін шұғыл басқан кезде автоматты түрде апаттық жарық сигналын беру жүйесін қысқа интервалдармен жыпылықтау режимінде қосатын функция болып келеді.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің тез жыпылықтауы артта жүріп келе жатқан автокөліктерге ескертеді және соқтығысу ықтималдығын азайтады.

▽ **Іске қосылу шарттары**

Шұғыл тежеу сигналы төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда іске қосылады.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі өшірулі.
- Автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ-ты құрайды не одан көп.
- Тежегіш педалін басқан кезде автокөліктің баяулауы туралы деректерге негізделе отырып жүйе шұғыл тежелудің орын алғанын анықтайды.


▽ **Автоматты түрде өшіру**

Шұғыл тежеу сигналы келесі жағдайлардың кез келгенінде өшеді.

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылуы.
- Тежегіш педалі жіберілген.
- Жүйе автокөліктің баяулауы туралы деректерге негізделе отырып шұғыл тежелудің аяқталғанын анықтайды.

Шұғыл тежеу сигналы функциясын SUBARU дилеріне барып қостыруға/өшіртуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ **Дискілі тежегіштердің қыспақтарының тозу индикаторлары**



Дискілі тежегіштердің қыспақтарындағы тозу индикаторлары тежегіш қыспақтары белгілі бір тозу дәрежесіне жеткен кезде ескерту шуылын шығаруды қамтамасыз етеді.

Егер тежеген кезде дискілі тежегіштерден шиқылдаған не сықырлаған дыбыс естілсе, диагностика жүргізу үшін кідірместен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.

Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS)

ABS жүйесі шұғыл тежеген кезде немесе сырғанақ жолда тежеген кезде орын алуы мүмкін дөңгелектердің бұғатталуын болдырмайды. Бұл дөңгелектер бұғатталған кезде басқару мүмкіндігін жоғалтуды болдырмайды және автокөлік бағытының тұрақтылығын жоғарылатады.

ABS жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде дірілдеген бөлшектердің жеңіл шуылы естілуі немесе тежегіш педалінен мардымсыз діріл сезілуі мүмкін. Бұл ABS жүйесінің жұмысы кезіндегі қалыпты құбылыстар.

Автокөліктің қозғалу жылдамдығы шамамен 10 км/сағ-тан төмен түскен кезде ABS жүйесі жұмыс істемейді.

⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікті жүргізу кезінде барынша сақ болыңыз! Автокөлігіңіздің ABS жүйесімен жабдықталған болуына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- ABS жүйесі барлық жағдайда бірдей тоқтау ізін қысқартуға ықпал етпейді, сондықтан қозғалыс кезінде міндетті түрде қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.
- Жабыны нашар, қиыршық тас төселген немесе бетіне мұз қатқан, сондай-ақ жаңа жауған қары бар жолдармен жүргенде ABS жүйесі бар автокөліктің тоқтау ізі мұндай жүйесі жоқ автокөлікпен салыстырғанда ұзынырақ болуы мүмкін, сондықтан мұндай жағдайларда қозғалғанда қозғалыс жылдамдығын азайтыңыз және басқа автокөліктерге дейін жеткілікті арақашықтықты сақтаңыз.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған болса, ABS жүйесі бар автокөліктің тоқтау ізі мұндай жүйесі жоқ автокөлікпен салыстырғанда ұзынырақ болуы мүмкін. Міндетті түрде жылдамдықты азайтыңыз және алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз.

- ABS жүйесінің іске қосыла бастағанын сезсеңіз, тежегіш педалін үнемі басылған күйде ұстауыңыз қажет. Тежегіш педалін бірнеше рет қайталап басуға жол бермеңіз, бұл ABS жүйесінің жұмысының тоқтатылуына алып келуі мүмкін.

■ ABS жүйесінің өзіндік диагностикасы

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден тежегіш педалінен ABS жүйесі іске қосылған кезде пайда болатын секілді дірілді сезінуіңіз және мотор бөлімінен жұмыс істеп тұрған ABS жүйесінің дыбысын естуіңіз мүмкін. Бұл ABS жүйесінің автоматты функционалдық тексеріс өткізуінен пайда болады және ешқандай ауытқулардың белгісі емес.

■ ABS жүйесінің ескерту шамы

«ABS жүйесінің ескерту шамы» бөлімін (☞ 202-бет) қараңыз.


Тежеу күшін бөлудің электронды жүйесі (EBD)

EBD жүйесі көбірек тежеу күшін артқы тежегіштерге қайта бөлу жолымен тежелудің тиімділігін арттырады. Тежеу күшін реттеу және артқы дөңгелектерге қайта бөлу автокөліктің жүктемесіне және жылдамдығына байланысты жүзеге асырылады.

EBD жүйесі ABS жүйесінің құрамына кіреді, тежеу күшін қайта бөлуді оңтайландыру бойынша өз функцияларын орындау үшін кейбір ABS компоненттерін қолданады. ABS жүйесінің EBD жүйесі тарапынан қолданылатын компоненттерінің кез келгені бұзылған жағдайда соңғысы жұмыс істеуін тоқтатады.

EBD жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде дірілдеген бөлшектердің жеңіл шуылы естілуі немесе тежегіш педалінен мардымсыз діріл сезілуі мүмкін. Бұл қандай да бір ақаулықтардың белгісі болып саналмайтын қалыпты құбылыстарға жатады.

■ EBD жүйесі ақаулы болған жағдайдағы іс-әрекеттер



EBD жүйесінде қандай да бір ақаулық пайда болғанда ол жұмыс істеуін тоқтатады және бір мезгілде келесі ескерту шамдары жанады.

- Тежеу жүйесінің ескерту шамы.
- ABS жүйесінің ескерту шамы.
- VDC жүйесінің ескерту шамы.

Егер автокөліктің қозғалысы кезінде барлық ескерту шамы бірге жанса, бұл EBD жүйесінің ақаулығын білдіруі мүмкін.

Дәстүрлі тежеу жүйесі тіпті EBD жүйесі ақаулы болған жағдайда да өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтайды. Сонымен бірге тежегіш педалін әдеттегіден көбірек күшпен басқан кезде артқы дөңгелектердің бұғатталу ықтималдығы жоғарылайды. Бұл автокөлікті басқаруды қиындатуы мүмкін.

Егер барлық ескерту шамы бірге жанып тұрса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Автокөлікті жақын жердегі беті тегіс көлденең жерге тоқтатыңыз.
2. Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз.
3. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.
4. Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығарыңыз.

Егер ескерту шамдарының бәрі қайта жанбаса

EBD жүйесінде ақаулық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жүйеге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін ерекше сақтық таныта отырып, жақын жердегі SUBARU дилеріне жетіп алуға кеңес береміз.

Егер ескерту шамдарының бәрі әлі жанып тұрса немесе шамамен 2 секундтан кейін қайта жанса

1. Қозғалтқышты қайтадан өшіріңіз.
2. Автокөлігіңіздің тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.
3. Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Тежегіш сұйықтығының

деңгейін тексеру туралы толық ақпарат алу үшін «Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру» бөлімін (☎545-бет) қараңыз.

- Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісінен төмен түспеген болса, EBD жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жүйеге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін ерекше сақтық таныта отырып, жақын жердегі SUBARU дилеріне жетіп алуға кеңес береміз.
- Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісінен төмен түскен болса, автокөлікті әрмен қарай пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Бұл жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында автокөлігіңізді SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін эвакуатордың қызметтерін пайдалануға кеңес береміз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тежеу жүйесінің ескерту шамы жанып тұрғанда автокөлікпен қозғалу қауіпті. Бұл автокөлігіңіздің тежеу жүйесінің тиісінше жұмыс істемей тұрған болуы мүмкін екенін білдіреді. Егер ескерту шамы жанып тұра берсе, автокөлігіңіздің тежеу жүйесіне диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Автокөліктің тежеу жүйесінің жұмысқа қабілеттілігіне қатысты шынайы күмәніңіз пайда болса, автокөлікті жүргізбегеніңіз жөн. Жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында автокөлігіңізді SUBARU ресми дилеріне жеткізу үшін эвакуатордың қызметтерін пайдалануға кеңес береміз.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (VDC)**▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Автокөлікті жүргізу кезінде барынша сақ болыңыз! Автокөлігіңіздің VDC жүйесімен жабдықталған болуына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіпті автокөлігіңіз VDC жүйесімен жабдықталған болса да, қар басқан немесе бетіне мұз қатқан жолдарда қозғалған кезде қысқы шиналар немесе сырғытпайтын шынжырлар қолданылуы тиіс. Сонымен бірге қозғалыс жылдамдығы айтарлықтай азайтылуы тиіс. Тек VDC жүйесінің болуы автокөлігіңіздің кез келген жағдайларда апаттан аман қалатынына кепілдік бермейді.

- Сырғытпайтын шынжырларды қолданған жағдайда VDC жүйесінің тиімділігі төмендейді. Мұндай жағдайларда жол жүрген кезде осыны қаперге алу қажет.
- VDC жүйесінің іске қосылуы автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жолдың сырғанақ екенін білдіреді. VDC жүйесінің болуы автокөлікті кез келген жағдайларда бақылауда ұстап қалудың кепілдігі болып табылмайтынын ескерсек, бұл жүйенің іске қосылуы автокөлігіңіздің қозғалыс жылдамдығын айтарлықтай төмендету қажеттігінің белгісі ретінде қарастырылуы тиіс.
- Автокөліктің аспасының, рульмен басқару жүйесінің немесе осьтерінің қандай да бір элементтерін ауыстырғаннан кейін бұл жүйені тексерту үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- VDC жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларды орындауыңыз қажет.
 - Автокөлігіңіздің барлық төрт дөңгелегіне өлшемдері, типі және маркасы бірдей шиналар орнатылған болуы тиіс. Сонымен бірге барлық төрт шинаның тозу дәрежесі бірдей болуы тиіс.
 - Шиналардағы қысым автокөліктің жүргізуші жағындағы ортаңғы бағанында орналасқан тақтайшада келтірілген шамаларға сәйкес болуы тиіс.
 - Ауасы шығып кеткен дөңгелекті ауыстырған кезде тек шиналардағы қысымның нормативтік шамалары тақтайшасында көрсетілген арнайы қарастырылған уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланыңыз. Алайда арнайы қарастырылған уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланған кезде VDC жүйесінің тиімділігі төмендейді. Мұндай жағдайларда жол жүрген кезде осыны қаперге алу қажет.

- Өлшемдері әртүрлі шиналарды пайдаланған жағдайда VDC жүйесі дұрыс жұмыс істемейі мүмкін.
- VDC жүйесі тежеу жүйесінің жұмысын және қозғалтқыштың қуатын басқару жолымен бүйірге сырғу секілді автокөліктің тұрақсыз қозғалысының алдын алуға көмектеседі. Төтенше қажеттілік болмаса, VDC жүйесін өшірмеңіз. Егер VDC жүйесін өшіруге тура келсе, жол жабынының күйіне сәйкес жоғары сақтық дәрежесімен қозғалыңыз.

Жетекші дөңгелектер бос айналып тұрса, сондай-ақ сырғанақ жолда бұрылған кезде немесе соқтығысудан қашу үшін маневр жасаған кезде автокөлік бүйірге сырғыса, VDC жүйесі автокөліктің оңтайлы тарту күші мен бағдар тұрақтылығын ұстап тұруға ықпал ететін қозғалтқыштың қуатын және автокөліктің әрбір дөңгелегіне әсер ететін тежеу күшін реттеуді қамтамасыз етеді.

- **Тарту күшін реттеу функциясы**
Тарту күшін реттеу функциясы сырғанақ жол жабындарымен қозғалған кезде жетекші дөңгелектердің бос айналуын болдырмауға арналған, бұл

автокөліктің оңтайлы тарту күшін және бағдар тұрақтылығын сақтап отыруға ықпал етеді. VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамының жыпылықтауы бұл функцияның жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

- **Бүйірге сырғуды болдырмау функциясы**
Бүйірге сырғуды болдырмау функциясы рульді бұру кезінде дөңгелектердің бүйірге қарай сырғанауына қарсы әрекет ету арқылы автокөліктің бағдар тұрақтылығын сақтап отыруға ықпал етеді. VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамының жыпылықтауы бұл функцияның жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

ЕСКЕРТПЕ

- Келесі күйлер туындаған жағдайда VDC жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұр деп есептеуге болады.
 - Тежегіш педальінің әлсіз жұлқуы сезіледі.
 - Автокөлік немесе руль аздап дірілдейді.
 - Қозғалтқыш оталғаннан және қозғалысты бастағаннан кейін бірден мотор бөлімінен аз уақытқа жұмыстық шуылдар естілуі мүмкін.
 - Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін орыннан қозғалған кезде


тежегіш педалінің жұлқуы сезілуі мүмкін.

- Келесі жағдайларда автокөліктің қозғалысы жүргізушінің сезінуімен салыстырғанда тұрақсызырақ болуы мүмкін, алайда VDC жүйесі іске қосылуы мүмкін. Мұндай іске қосылу жүйе ақаулығының белгісі емес.
 - Қиыршық тасты жабыны бар немесе сорап ізі айқын көрінетін жолдарда.
 - Жабыны жоқ жолдарда.
 - Автокөлік тіркеме сүйреген кезде.
 - Қысқы немесе тікенекті шиналармен жүргенде.
- VDC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда рульмен басқару сізге қалыпты жағдайлардағы жүргізумен салыстырғанда біршама басқаша сезіледі.
- Тіпті автокөлік VDC жүйесімен жабдықталған болса да, бұрылыстың алдында әрдайым автокөліктің қозғалыс жылдамдығын төмендету қажет.
- Дөңгелекті ауыстырар алдында міндетті түрде қозғалтқышты өшіріңіз. Бұл сақтық шараның орындалмауы VDC жүйесінің тиісінше жұмыс істей алмауына алып келуі мүмкін.


■ VDC жүйесінің жұмысын бақылау

«VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы» (☞ 203-бет) және «VDC жүйесін өшірудің бақылау шамы» (☞ 204-бет) бөлімдерін қараңыз.

■ VDC жүйесінің ажыратқышы



«А» типі




«В» типі

VDC жүйесінің ажыратқышын басу немесе бұрау VDC жүйесін өшіреді.

VDC жүйесін уақытша өшіру арқылы дөңгелектердің қажетті сырғанау деңгейін қалыптастыру төменде келтірілген жағдайлардан шығуға көмектесуі мүмкін. Қажет болса, төмендегі жағдайларда VDC жүйесінің ажыратқышын қолданыңыз.

- Қар басқан немесе қиыршық тас төселген тік жарқабақта немесе беті сырғанақ жарқабақта орыннан қозғалу.
- Балшыққа немесе омбы қарға батып қалған автокөлікті шығарып алу.



Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ажыратқышты басқан немесе бұраған кезде VDC жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады. Бұл ретте VDC жүйесі өшеді, ал автокөлік жолда мұндай жүйемен жабдықталмаған автокөлік секілді әрекет ететін болады. VDC жүйесін қосу үшін ажыратқышты қайта басқан кезде («А» типі) немесе оны («NORMAL» жағына қарай бұраған кезде («В» типі) бақылау шамы өшеді. VDC жүйесін өшірген кезде осы жүйе арқылы қамтамасыз етілетін тарту күшін реттеу және тұрақтылықты арттыру функциялары өшіріледі, сондықтан жоғарыда сипатталған жағдайлардан өзге VDC жүйесін өшіруден аулақ болуға тырысыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер VDC жүйесі VDC жүйесінің ажыратқышын басу («А» типі) немесе бұрау («В» типі) арқылы өшірілген болса, онда оталдыру жүйесінің құлпы келесі жолы «LOCK»/«OFF» күйіне келтіріліп, қозғалтқышты оталдырғанда VDC жүйесі автоматты түрде іске қосылады.
- Егер ажыратқыш басылса («А» типі) немесе бұралса («В» типі) және осы күйде 30 секундтан ұзақ ұсталып тұрса, бақылау шамы сөнеді, ал VDC жүйесі іске қосылады және ажыратқыштың бұдан кейінгі қандай да бір басылуларына жауап қатпайды. Ажыратқыштың функциясын қалпына келтіру үшін оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне қойыңыз да, содан кейін қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.
- VDC жүйесін өшіру үшін осы ажыратқышты басқаннан («А» типі) немесе бұрағаннан («В» типі) кейін автокөлігіңіздің жүріс сипаттамалары VDC жүйесімен жабдықталмаған автокөліктің жүріс сипаттамаларымен бірдей болып қалады. Төтенше қажеттілік болмаса, VDC жүйесін өшірмеңіз.
- Тіпті VDC жүйесі өшірілген болса да, тежегіштерді басқару жүйесінің компоненттері іске қосылуын

жалғастыруы мүмкін. Тежегіштерді басқару жүйесі іске қосылғанда VDC жүйесінің жұмысын бақылау шамы жыпылықтайды.

X-MODE жүйесі

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлікті жүргізу кезінде өте сақ болыңыз! Автокөлігіңіздің X-MODE жүйесімен жабдықталған болуына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.
- Автокөлікті жүргізу кезінде өте сақ болыңыз! Автокөлігіңіздің ылдига қарай түсуді бақылау функциясымен жабдықталған болуына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін. Ерекше сақ болыңыз және ерекше тік беткейде, мұз басқан, лайлы немесе құмды жолда қозғалған кезде қажет болса, тежегіш педальін басып отырыңыз. Автокөлік жылдамдығын жеткіліксіз деңгейде бақылау оның тізгінін жоғалтып алуға алып келуі мүмкін, бұл ауыр апатқа ұшыратуы мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіпті автокөлігіңіз X-MODE жүйесімен жабдықталған болса да, қар басқан немесе бетіне мұз қатқан жолдарда қозғалған кезде қысқы шиналар немесе сырғытпайтын шынжырлар қолданылуы тиіс. Сонымен бірге қозғалыс жылдамдығы айтарлықтай азайтылуы тиіс. Тек X-MODE жүйесінің болуы автокөліктің кез келген жағдайда апаттан қаша алатынын кепілдендірмейді.
- Егер төмен жылдамдықта жол бетінің өте сырғанақ екенін сезсеңіз, X-MODE жүйесін қосыңыз. Алайда X-MODE жүйесінің болуы әрдайым және кез келген жағдайларда автокөлікті толық бақылауда ұстаудың кепілдігі болып саналмайды. Тіпті X-MODE жүйесі қосылып тұрса да, автокөліктің жылдамдығын едәуір азайтыңыз.
- Автокөліктің аспасының, рульмен басқару жүйесінің немесе осьтерінің қандай да бір элементтерін ауыстырғаннан кейін жүйені тексерту үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- X-MODE жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларды орындауыңыз қажет.
 - Автокөлігіңіздің барлық төрт дөңгелегіне өлшемдері, типі және маркасы бірдей шиналар орнатылған болуы тиіс. Сонымен бірге барлық төрт шинаның тозу дәрежесі бірдей болуы тиіс.
 - Шиналардағы қысым автокөліктің жүргізуші жағындағы ортаңғы бағанында орналасқан тақтайшада келтірілген шамаларға сәйкес болуы тиіс.
 - Ауасы шығып кеткен дөңгелекті ауыстырған кезде тек шиналардағы қысымның нормативтік шамалары тақтайшасында көрсетілген арнайы қарастырылған уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланыңыз. Алайда арнайы қарастырылған уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланған кезде X-MODE жүйесінің тиімділігі төмендейді. Мұндай жағдайларда жол жүрген кезде осыны қаперге алу қажет.

- Егер ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеп тұрса, тежегіш дискілерінің температурасы көтерілуі мүмкін және ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы уақытша өшіріледі. Бұл жағдайда ылдиға түсуді бақылау функциясының бақылау шамы сөнеді. Егер ылдиға түсуді бақылау функциясының бақылау шамы сөнсе, ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы өшірулі.

X-MODE жүйесі нашар жол жағдайларында жүруге арналған қозғалтқышты, толық жетек жүйесін, VDC жүйесін және т.б. басқарудың кешенді жүйесі болып табылады. X-MODE жүйесін қолдану арқылы типті сырғанақ жол жағдайларында өрге қарай да, ылдиға қарай да анағұрлым жайлы қозғала аласыз.

X-MODE жүйесінің келесідей функциялары бар.


- **Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы**

Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының көмегімен ылдиға қарай қозғалған кезде автокөліктің тұрақты жылдамдығын ұстап отыра аласыз. Егер автокөлік жылдамдығы ұлғая бастаса, оны реттеу үшін тежегіштерді басқару жүйесі қосылады.


- **Басқару мүмкіндігін бақылау**

Бұл режим өрге қарай қозғалу қабілеттілігін және басқару мүмкіндігін арттырады, сондай-ақ рульді бұруды жеңілдетеді отырып, айналдыру сәтін анағұрлым жатық өсіруге мүмкіндік береді.

■ X-MODE жүйесін қосу/өшіру




X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышы (2 режимі бар модельдер)




X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышы (1 режимі бар модельдер)

▼ «А» типті аспаптар тақтасы




X-MODE жүйесінің бақылау шамы

▼ «В» типті аспаптар тақтасы

**X-MODE жүйесінің бақылау шамы (2 режимі бар модельдер)**

- 1) «D.SNOW/MUD» режимінің бақылау шамы.
- 2) «SNOW/DIRT» режимінің бақылау шамы.

**X-MODE жүйесінің бақылау шамы (1 режимі бар модельдер)**

▼ Қосу

2 режимі бар модельдер

X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышын оңға не солға бұраңыз және «SNOW/DIRT» не «D.SNOW/MUD» күйін таңдаңыз.

X-MODE жүйесі қосылған кезде X-MODE жүйесінің бақылау шамы жанады.

1 режимі бар модельдер

X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышын басыңыз. X-MODE жүйесі қосылған кезде X-MODE жүйесінің бақылау шамы жанады.

▼ Өшіру

2 режимі бар модельдер

X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышын басыңыз. X-MODE жүйесі өшірілген кезде X-MODE жүйесінің бақылау шамы сөнеді.

1 режимі бар модельдер

X-MODE жүйесінің ауыстырып қосқышын басыңыз. X-MODE жүйесі өшірілген кезде X-MODE жүйесінің бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- «SNOW/DIRT» күйі шиналар мен жол жабынының арасындағы жанасу нүктелері көрініп тұратын қар басқан жолмен немесе жабыны жоқ жолмен жүруге қолайлы.
- «D.SNOW/MUD» күйі шиналар мен жол жабынының арасындағы жанасу нүктелері көрінбейтін омбы қар басқан жолмен немесе су шайып кеткен қара жолдармен жүруге қолайлы.
- Автокөлік 20 км/сағ не одан көп жылдамдықпен жүріп келе жатқан кезде X-MODE ауыстырып қосқышын бұрау (2 режимі бар модельдер) немесе басу (1 режимі бар модельдер) арқылы X-MODE жүйесін қосуға әрекет жасасаңыз да, X-MODE жүйесі қосылмайды.

Бұл ретте екі рет ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

- Ал X-MODE жүйесі қосулы тұрғанда автокөлік 40 км/сағ не одан көп жылдамдықпен жүретін болса, ескертуші дыбыс сигналы бір рет беріледі және X-MODE жүйесі өшіріледі. Егер автокөлік жылдамдығы 35 км/сағ-тан төмен түсетін болса, X-MODE жүйесі автоматты түрде қайта қосылады.
- SI-DRIVE жүйесі бар модельдерде X-MODE жүйесі өшірілген кезде SI-DRIVE жүйесінің жұмыс режимі «Intelligent» (I) режиміне ауысады.
- SI-DRIVE жүйесі бар модельдерде SI-DRIVE жүйесінің жұмыс режимі X-MODE жүйесі қосулы тұрғанда тіпті SI-DRIVE жүйесінің ауыстырып қосқышын басқан жағдайда да өзгермейді. Бұл ретте екі рет ескертуші дыбыс сигналы беріледі.
- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі бар модельдерде X-MODE жүйесі қосылған кезде алдыңғысы өзінің жұмысын тоқтатады.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда X-MODE жүйесі төменде тізімі берілген жағдайлардың кез келгенінде өшіріледі.

Бұл жағдайда X-MODE жүйесін қосу мүмкін емес. Сонымен бірге SI-DRIVE жүйесі бар модельдерде «Sport» (S) режимі орнатылады және басқа режимге ауыстырып қосу мүмкін емес болады.

– Ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» шамы) қосулы.

– ATF температурасының ескерту шамы жыпылықтап тұр.

– ABS жүйесінің ескерту шамы қосулы.

– VDC жүйесінің ескерту шамы қосулы.

- Егер салқындату сұйықтығының температурасының жоғарылауына байланысты қозғалтқыштың қызып кету ықтималдығы бар болса, X-MODE жүйесін қосу мүмкін емес. Тіпті X-MODE жүйесі қосулы болса да, ол қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы көтерілген кезде өшіп қалады. Бұл жағдайда SI-DRIVE жүйесі бар модельдерде «Sport» (S) режимі орнатылады.
- Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса, ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы іске қосылмағандықтан, X-MODE жүйесін қосу мүмкін емес.

■ Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы

Егер X-MODE жүйесі қосулы болса және автокөлік жылдамдығы шамамен 20 км/сағ-тан кем болса, ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы күту режиміне өтеді. Функция автокөлік жылдамдығы шамамен 20 км/сағ-тан кем болған, ал акселератор педалін басу коэффициенті шамамен 10%-дан кем болған жағдайда іске қосылады. Функция автокөлік жылдамдығы шамамен 20 км/сағ-тан асқан және акселератор педалі басылған жағдайда өшеді.

АБАЙЛАҢЫЗ


Үлкен тежеу күші қажет болатын жағдайда (мысалы, тіркеме сүйреген кезде) ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының тежеу күші жеткіліксіз болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- Тіпті ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы жұмыс істеп тұрған кезде де тежегіш педалінің немесе акселератор педалінің көмегімен автокөлік жылдамдығын өзгертуіңізге болады.
- Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясымен тежеу кезінде тежеу жүйесінің ескерту шамы қосылады.

- Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы жолдың көлбеу бұрышына қарамастан жұмыс істейді.
- Келесі күйлер туындаған жағдайда ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы дұрыс жұмыс істеп тұр деп есептеуге болады.
 - Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы жұмыс істеп тұрғанда мотор бөлімінен оның жұмысының қысқа дыбысы естіледі.
 - Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы жұмыс істеп тұрғанда тежегіш педалін басу сезімдері әдеттегіден өзгеше (әдеттегіден қаттырақ және т.с.с.).

▼ Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының бақылау шамы




Ылдиға түсуді бақылау функциясының бақылау шамы («А» типі)



Ылдиға қарай түсуді бақылау функциясының бақылау шамы («В» типі)

Бұл шам ылдиға қарай түсуді бақылау функциясы күту режимінде тұрған кезде жанады. Функция жұмыс істеген кезде ол жыпылықтайды. Функция өшкен кезде ол сөнеді. Егер функция жұмыстық режимнен жұмыссыз режимге көшсе, ол автокөлік жылдамдығы шамамен 30 км/сағ-қа жеткен кезде сөнеді.

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса)



Шиналардағы төмен ауа қысымының ескерту шамы

Шинадағы ауа қысымы таңдалған TPMS жүйесінің тиісті режимінен едәуір төмен болған кезде, шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі әр дөңгелекке орнатылған датчиктерден келетін сигнал бойынша жүргізушіге ескерту хабарламасын береді. «Шиналардағы төмен ауа қысымының ескерту шамы» бөлімін (§ 200-бет) қараңыз.

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі автокөлік қозғалысының жылдамдығы 40 км/сағ-тан асқан кезде

ғана қосылады. Оған қоса, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендегенін (мысалы, өткір затты басып кеткен кездегі жарылу) дереу көрсетпеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер қозғалыс кезінде шиналардағы төмен ауа қысымының ескерту шамы жанса, шұғыл тежеуші болмаңыз. Оның орнына төменде келтірілген әрекеттерді орындаңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің күрделі ақауларына және жарақат алу жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін.

- (1) Қозғалыс жылдамдығын біртіндеп төмендетіп, түзу жүре беріңіз.
- (2) Жолдан жайымен шыға отырып, қауіпсіз жерге тұраққа тұрыңыз.
- (3) Барлық төрт шинадағы қысымды тексеріңіз және қысымды жүргізуші жағындағы есік бағаныңда орналасқан шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында келтірілген САЛҚЫН шиналардағы қысымның үш мәнінің

(қалыпты, жүктемемен немесе тіркеме сүйреу кезіндегі) ең сәйкес келетініне дейін реттеңіз.

Автокөлік шағын қашықтықты жүріп өткеннің өзінде шиналар қызады және сәйкесінше олардағы қысым ұлғаяды. Шиналардағы қысымды ауа қысымының нормативтік шамалары бар тақтайшада көрсетілген номиналды мәнге дейін реттеме бұрын оларды толықтай суытып алыңыз. «Шиналар мен дискілер» бөлімін (§ 548-бет) қараңыз. Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі тоқтап тұрған автокөлікте жұмыс істемейді. Шиналардағы ауа қысымын реттегеннен кейін TPMS жүйесімен шиналардағы ауа қысымын қайта тексеруді іске қосу үшін автокөлік жылдамдығын кемінде 40 км/сағ-қа дейін үдетіңіз. Егер шиналардағы ауа қысымы енді қысымның төмендеуінің шекті мәнінен жоғары болса, шиналардағы ауаның төмен қысымының ескерту шамы бірнеше минуттан кейін сөнуі тиіс.

Егер бұл шам шинаның қысымын реттегеннен кейін де өшпесе, шина айтарлықтай зақымдалған болуы мүмкін және ауаның қатты шығуы оның тез жоғалуына әкеп соғады. Шинаңыздың ауасы шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тездетіп қосалқы шинамен ауыстырыңыз.


- Егер қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса немесе түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш ауыстырылған дөңгелектің жиектемесіне көшірілмесе, шиналардағы төмен қысым туралы ескерту шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті қадағалауға қабілетсіз екенін көрсетеді. Шина мен датчикті ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.
- Егер шина сұйық герметиктің көмегімен жөнделген болса, шинадағы ауа қысымының датчигі мен таратқыш тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик қолданылған болса, жақын маңдағы SUBARU дилеріне

немесе басқа білікті техникалық қызмет көрсету орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз. Шинаны ауыстырған кезде шинадағы ауа қысымының датчигі мен таратқышты ауыстыруды ұмытпаңыз. Дөңгелек дискісінің зақымдалған жерлері болмаса, ал герметиктің қалдықтары жақсылап жойылған болса, оны қайта пайдалануыңызға болады. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғышқа металл үлдір немесе кез келген металл бөлшектер салмаңыз. Бұл шиналардағы ауа қысымы датчиктерінің сигналдарының нашар қабылдануына алып келуі мүмкін, мұндайда шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі тиісті түрде жұмыс істемейді.

- TPMS жүйесінің экраны («В» типті аспаптар тақтасы) (орнатылған болса)



Бұл экранда әрбір шинадағы ауа қысымы көрсетіледі. «Негізгі экрандар» бөлімін (☞ 228-бет) қараңыз.

- TPMS жүйесінің режимін белгілеу

Автокөлікті жүргізуді бастамас бұрын TPMS жүйесінің автокөлік жүктемесіне барынша сәйкес келетін режимнің белгіленгеніне көз жеткізіңіз.

Режим келесідей жағдайларда белгіленеді.

- Автокөлік қозғалыссыз тұр.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұр.

Жинақтамасына байланысты автокөліктің TPMS жүйесі режимінің 2 не 3 баптаулары болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жүргізуші жағындағы есік бағанында шиналар туралы ақпараты бар 2 тақтайша бекітілген болса (қалыпты режим және жүктеме режимі), P3 немесе TPMS 3 баптауларын қолданбаңыз. «Шиналар мен дискілер» бөлімін (☎548-бет) қараңыз.


▼ «А» типті аспаптар тақтасының дисплейі

P1:	Қалыпты режим	👤👤👤+☐
P2:	Жүктеме режимі	👤👤👤👤+☐
P3:	Тіркеме сүйреу режимі	🚗🚚


▼ «В» типті аспаптар тақтасының дисплейі

TPMS1:	Қалыпты режим	👤👤👤+☐
TPMS2:	Жүктеме режимі	👤👤👤👤+☐
TPMS3:	Тіркеме сүйреу режимі	🚗🚚


▼ TPMS жүйесінің режимін таңдау



1. Аспаптар тақтасында жүрілген жол есептегіші көрсетілген кезде TPMS жүйесінің режимін белгілеу ауыстырып қосқышын басыңыз және (шамамен 3 секундтай) ұстап тұрыңыз. Жүрілген жол есептегішінің дисплейінде TPMS жүйесінің ағымдағы режимі көрсетіледі, оны өзгертуге болады.




«А» типті аспаптар тақтасының дисплейі



«В» типті аспаптар тақтасының дисплейі

2. Режимді ауыстыру үшін TPMS жүйесінің режимін белгілеу ауыстырып қосқышын басып қалыңыз. Режимдер келесідей реттілікпен ауысады.

«А» типті аспаптар тақтасының дисплейі



«В» типті аспаптар тақтасының дисплейі




ЕСКЕРТПЕ

Егер жүргізуші жағындағы есік бағанында шиналар туралы ақпараты бар 2 тақтайша бекітілген болса (қалыпты режим және жүктеме режимі), P3 немесе TPMS 3 баптауларын қолданбаңыз. «Шиналар мен дискілер» бөлімін (☎548-бет) қараңыз.


3. Егер қажетті режимі көрсетіліп тұрса, баптауларды растау үшін ауыстырып қосқышты басып (шамамен 3 секундтай) ұстап тұрыңыз. Баптаулар аяқталғаннан кейін растау хабарламасы көрсетіледі.

Үлгі

- «А» типті аспаптар тақтасының дисплейі: егер P3 режимін таңдаған болсаңыз, «set.3» хабарламасы көрсетіледі.
- «В» типті аспаптар тақтасының дисплейі: TPMS 3 режимін таңдаған болсаңыз, «TPMS 3 SET» хабарламасы көрсетіледі.



«А» типті аспаптар тақтасының дисплейі



«В» типті аспаптар тақтасының дисплейі

TPMS жүйесінің режимі көрсетілгеннен кейін қайтадан жүрілген жол есептегіші пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ


TPMS жүйесінің режимін таңдау басталғаннан кейін ешқандай әрекеттер жасалмаса, дисплей шамамен 10 секундтан кейін жүрілген жол есептегішін көрсетуге қайтып оралады.

TPMS жүйесінің режимін шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілген берілген мәнге сәйкес өзгертіңіз.

Автокөлігіңізді тұраққа қою**▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Балаларды немесе жануарларды автокөлікте қараусыз қалдырушы болмаңыз. Олардың кездейсоқ іс-әрекеттері автокөлікті қозғалысқа келтіріп, салдарынан олар өздері де, айналасындағылар да жарақат алып қалуы мүмкін. Сонымен бірге ыстық немесе шуақты күндері жабық автокөліктегі температура тез көтеріліп, көліктегі адамдарға ыстық өтуі немесе оларды өлімге жетелеуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.
- Автокөлікті қураған шөп, макулатура немесе шүберек секілді жеңіл тұтанатын материалдардың жанына тұраққа қоймаңыз, себебі ыстық қозғалтқыштың немесе түтін шығару жүйесінің бөлшектерінің жанында тұрған кезде олар жеңіл тұтанып кетуі мүмкін.
- Егер автокөлікте аздап ұйықтап алмақшы болсаңыз, қозғалтқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Пайдаланылған газдардың автокөлік салонына кіруі жүргізушінің және жолаушылардың пайдаланылған

газдың құрамындағы иіс газынан (CO) мерт болуына алып келуі мүмкін.

■ Электрлі тұрақ тежегіші

- 1) Электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышы.
- 2) Бақылау шамы.
- 3) Автокөлікті электрлі тұрақ тежегішінен босату.
- 4) Автокөлікті электрлі тұрақ тежегішіне қою.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөліктен шығар алдында қозғалтқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Олай етпеген жағдайда электрлі тұрақ тежегіші бұғаттан шығып кетуі, нәтижесінде жазатайым жағдай орын алуы мүмкін.
- Егер электрлі тұрақ тежегішінің ескерту шамы жанып тұрса, электрлі тұрақ тежегіші жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Деректер автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, автокөліктің жылжып кетуін болдырмау үшін дөңгелектердің астына тежегіш тоспалар қойыңыз. Сонымен бірге мұндай жағдайларда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Электрлі тұрақ тежегіші жүйесінде ақаулық болған және автокөлікті тұрақ тежегішіне қою мүмкін болмаған жағдайда диагностикалау бойынша жұмыстар жүргізу үшін кідірместен өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз. Егер автокөлігіңізді осындай жағдайларда тұраққа қойсаңыз, келесі әрекеттерді орындаңыз.
 - Автокөлікті беті тегіс жерге тоқтатыңыз.
 - Селектор иінтірегін «P» күйіне ауыстырыңыз. Егер селектор иінтірегін «P» күйіне жылжыту мүмкін емес болса, селектор иінтірегін бұғаттан шығаруыңыз қажет. «Селектор иінтірегін бұғаттау функциясы» бөлімін (☎375-бет) қараңыз.
 - Көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін дөңгелектердің астына тежегіш тоспалар орнатыңыз.

- Ешқашан автокөлікті тұрақ тежегіші қосулы күйде жүргізбеңіз, бұл тежегіш қыспақтарының мөлшерден тыс тозуына алып келеді. Орыннан қозғалмас бұрын автокөліктің тұрақ тежегішінен босатылғанына және электрлі тұрақ тежегішінің ескерту шамы жанбай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Тұрақ тежегішінің тежеу күші үлкен тежеу күші қажет болған жағдайда жеткіліксіз болуы мүмкін (мысалы, тіркемені сүйреу кезінде еңісте тұраққа қойғанда).

Автокөлігіңіз электрлі тұрақ тежегішімен жабдықталған. Электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышының көмегімен тұрақ тежегішін қоя/босата аласыз.

Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою: электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын жоғары қарай тартыңыз. **Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығару:** оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған және тежегіш педалі басылып тұрған кезде электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын тірелгенше басыңыз.



Электр тұрақ тежегішінің бақылау шамы

Егер автокөлік оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұрған кезде тұрақ тежегішіне қойылса, келесі бақылау шамдары қосылады.

- Электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы.
- Аспаптар тақтасындағы электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы (толық ақпарат «Электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы» бөлімінде (☎206-бет) келтірілген).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын төменде келтірілген жағдайларда бассаңыз, автокөлік тұрақ тежегішінен шығарылмайды.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» немесе «LOCK»/«OFF» күйінде тұр.
- Тежегіш педалін баспадыңыз.
- Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою үшін электрлі тұрақ тежегіші жүйесі электр қозғалтқыштарды қолданады, сондықтан автокөлікті тұрақ тежегішіне қою немесе оны тұрақ тежегішінен шығару кезінде жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыштардың дыбысы естіледі. Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою немесе оны тұрақ тежегішінен шығару кезінде электр қозғалтқыштың дыбысының естілгеніне көз жеткізіңіз. Сонымен бірге жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыштың дыбысы селектор интірегін жылжытқан кезде, сондай-ақ тежегіш педалін басқан кезде естіледі. Бұл ақаулық емес. Бұл дыбыстар электрлі тұрақ тежегіші электр қозғалтқыштарды автоматты түрде басқарып жатқан кезде шығарылады.
- Егер электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын төменде келтірілген жағдайларда бассаңыз, дыбыс сигналы беріледі және электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтайды.

- Электрлі тұрақ тежегіші жүйесінде ақаулық болған жағдайда.
- Егер электрлі тұрақ тежегішінің іске қосылуына уақытша тыйым салынған болса.
- Егер автокөлік төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде электрлі тұрақ тежегішіне қойылса, электрлі тұрақ тежегішінің жұмысының дыбысын электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы қосылғаннан кейін бірнеше минуттан соң естуге болады. Бірақ бұл қандай да бір ақаудың барын білдірмейді.
 - Тұрақ тежегіші шектен тыс қызған.
 - Автокөлік тік беткейде тұраққа қойылған.
 - Оталдыру жүйесінің құлпы «OFF» күйіне ауыстырылғаннан кейін электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышы басылады.
- Егер электрлі тұрақ тежегішін төменде келтірілген жағдайларда қолдансаңыз, электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтап тұруы мүмкін.
 - Тұрақ тежегіші шектен тыс қызған.
 - Автокөлік тік беткейде тоқтатылған.

- Электрлі тұрақ тежегіші тіпті жоғарыда келтірілген жағдайларда да жұмыс істейді. Алайда автокөлік орнынан жылжып кетуі мүмкін болғандықтан, тежегіш тоспалар қолданыңыз.
- Автокөлікті электрлі тұрақ тежегішіне қойған кезде қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі (орнатылған болса) өшіріледі.
 - Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі қосулы тұрғанда электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын бассаңыз, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі (орнатылған болса) өшеді. Қозғалтқышты қайта оталдырғаннан кейін автокөлік электрлі тұрақ тежегішіне қойылады. Электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы қосылғаннан кейін аяғыңызды тежегіш педалінен алыңыз.
 - Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің (орнатылған болса) көмегімен оталдырған немесе қайталап оталдырған жағдайда электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын басатын болсаңыз, электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы уақытша жыпылықтауы мүмкін.

Алайда автокөлікті электрлі тұрақ тежегішінен шығарғаннан кейін шам сөнетін болса, бұл ақаулықтың бар екенін білдірмейді.

- ▼ **Автокөлікті акселератор педалінің көмегімен тұрақ тежегішінен автоматты түрде шығару функциясы**

Электрлі тұрақ тежегіші жүйесінде автокөлікті акселератор педалінің көмегімен тұрақ тежегішінен автоматты түрде шығару функциясы бар. Акселератор педалін басқан кезде автокөлік автоматты түрде тұрақ тежегішінен шығарылады. Алайда автокөлікті акселератор педалінің көмегімен тұрақ тежегішінен автоматты түрде шығару функциясы төмендегі жағдайларда жұмыс істемейді.

- Есіктердің кез келген бірі ашық тұр.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған.
- Селектор иінтірегі «Р» не «N» күйінде тұр.

Автокөлік тұрақ тежегішінен автоматты түрде шығарылған кезде электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын жоғары қарай тартсаңыз, автокөлік тіпті акселератор педалін басқан жағдайда да автоматты түрде тұрақ тежегішінен шығарылмайды.

- ▼ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)**

Автокөлік толық тоқтатылған болса, мысалы, бағдаршамда, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы тежегіш педалін жібергеннен кейін де автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұрады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын тік беткейде немесе сырғанақ жолда пайдаланбаңыз. Автокөлік тіпті автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосулы тұрғанына қарамастан орнынан жылжуы және ауыр жарақаттар мен апаттарға алып келуі мүмкін.**

- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын автокөлікті тұраққа қою үшін пайдаланбаңыз. Автокөлік күтпеген жерде орнынан қозғалып кетіп, ауыр жарақаттарға және апаттарға алып келуі мүмкін. Төменде тізімде келтірілген жағдайларда селектор иінтірегінің «Р» күйіне қойылғанына көз жеткізіңіз және автокөлікті электрлі тұрақ тежегішіне қойыңыз.**

- **Автокөлікті тұраққа қойып жатсаңыз.**
- **Егер автокөлікке жолаушылар мініп немесе одан түсіп жатса.**
- **Егер жүк тиеп немесе түсіріп жатсаңыз.**

- **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын пайдаланған жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы жанбайынша тежегіш педалін жібермеңіз. Автокөлік күтпеген жерде орнынан қозғалып кетіп, ауыр жарақаттарға және апаттарға алып келуі мүмкін.**

- Төменде тізіп көрсетілген жағдайларда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын өшіріңіз. Өшірмеген жағдайда автокөлік күтпеген жерде орнынан қозғалып кетіп, ауыр жарақаттарға және апаттарға алып келуі мүмкін.
 - Автокөлігіңізді автоматты жуу желісінде жуған кезде.
 - Автокөлігіңізді сүйреген кезде.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Тік беткейде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған күйі тоқтаған кезде автокөлік автоматты түрде электрлі тұрақ тежегішіне қойылуы мүмкін. Бұл ретте электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтайтын болады. Мұндай жағдайда тоқтап тұру кезінде тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөлік қозғалып кетуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


Беткейде тоқтаған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосуға кеңес береміз.

Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшірілген болса, орыннан қозғалған кезде автокөлік артқа қарай сырғып кетуі мүмкін.

- ▽ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясын қосу/өшіру**



Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясының ажыратқышы



Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы

Қосу

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы өшіп тұрған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы жанады.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған болса да, оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылғаннан кейін ол автоматты түрде өшеді. Оталдыру жүйесінің құлпы қайтадан «ON» күйіне ауыстырылған кезде функция өшкен күйінде қалады.

Өшіру

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы жанып тұрған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылып тұрғанда электрлі тұрақ тежегішінде ақаулық пайда болса, дыбыс сигналы беріледі, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді, ал тежеу жүйесінің ескерту шамы жанады.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышы басылып, 30 секундтан көп ұсталып тұрса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді және жүйе ажыратқыштың әрмен қарайғы басылуларын елемейді. Функцияны қайта қосу үшін қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшірулі тұрғанда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясында

ақаулық пайда болса, дыбыс сигналы беріледі.

▽ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуы**

Төменде келтірілген шарттардың бәрі орындалып тұрғанда тежегіш педалін басып автокөлікті тоқтатыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылады.

- Жүргізуші есігі жабық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Селектор иінтірегі «P» күйінен басқа күйде тұр.



Автокөліктің іске қосылған бір орында ұстап тұру функциясының бақылау шамы

Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен қозғалыссыз ұсталып тұрған кезде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы жанып тұрады.

▽ **Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ұстауынан босату**

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ұстауынан босату үшін төменде тізімі берілген операциялардың кез келгенін орындаңыз.

- Акселератор педалін басыңыз.
- Тежегіш педалін қайта басыңыз.
- Автокөлікті электрлі тұрақ тежегішіне қойыңыз.
- Тежегіш педалі басылған күйі селектор иінтірегін «P» күйіне ауыстырыңыз.
- Тежегіш педалін басып тұрып автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышын басыңыз (автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшіріледі).

Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен ұсталудан босатылса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы сөнеді.

Төменде тізімі берілген жағдайлардың кез келгенінде автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ұстауынан автоматты

түрде босатылады және автоматты түрде электрлі тұрақ тежегішіне қойылады.

- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуы 10 минутқа созылса.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі ағытылған.
- Жүргізуші есігі ашық тұр.
- Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылған.
- Автокөлік тік беткейде тоқтатылған.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясында ақаулық пайда болды.

Мұндай жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы сөнеді, ал электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жанады.

▽ **Ұсыныстар**

- Егер автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен қозғалыссыз ұсталып тұрған кезде ол автоматты түрде электрлі тұрақ тежегішіне қойылған болса, орыннан қозғалар алдында төменде тізіп көрсетілген операциялардың кез келгенін орындап, автокөлікті электрлі тұрақ тежегішінен шығарыңыз. Содан кейін электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз.

– Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған және есіктер жабылған күйде акселератор педалін басыңыз.

– Тежегіш педалі басылған күйі электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз.

- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ақаулығын қоса алғанда белгілі жағдайларда ескертуші дыбыс сигналы беріледі, ал аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) ескерту хабарламасы пайда болады. Барлық ескерту хабарламасын қатаң ескеріп отыру қажет.
- Тік беткейде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы автокөлікті ұстап тұра алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз.
- Тік беткейде автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған күйі тоқтаған жағдайда тоқтап тұру кезінде автокөлік автоматты түрде электрлі тұрақ тежегішіне қойылуы мүмкін, ал электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтай бастайды. Мұндай жағдайда тоқтап тұру кезінде тежегіш педалін басып ұстап тұрыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөлік қозғалып кетуі мүмкін. Автокөліктен шығатын болсаңыз, оны көлденең тегіс жерге тоқтатыңыз, содан кейін оны электрлі тұрақ тежегішіне қойыңыз.

- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы тіпті автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының жұмысына қажетті шарттардың бәрі орындалып, ажыратқышын басқаннан кейін де жанбаса, функцияда ақаулық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.
- Автокөлік автоматты түрде ұстап тұру функциясымен ұсталып тұрған кезде дыбыс естуіңіз мүмкін. Бұл қандай да бір ақаулықтардың белгісі болып саналмайтын қалыпты құбылысқа жатады.
- Автокөлік автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясымен ұсталып тұрған кезде тежегіш педалі қатты болып сезілуі мүмкін, алайда бұл ақаулық емес.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қолданылған кезде тежегіш педалін қатты басыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы іске қосылмауы мүмкін.

- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ажыратқышы басылып, 30 секундтан көп ұсталып тұрса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы сөнеді және ажыратқыштың әрмен қарайғы басылулары еленбейді. Ажыратқыштың функциясын қалпына келтіру үшін оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне, содан кейін қайтадан «ON» күйіне қойыңыз.

▼ Апаттық тежегіш

АБАЙЛАҢЫЗ

Апаттық тежегішті тек төтенше жағдайларда қолданыңыз. Апаттық тежегішті шектен тыс жиі қолданған жағдайда тежеу жүйесінің бөлшектері тезірек тозады немесе артқы дөңгелектердің тежегіштерінің қызып кетуіне байланысты тежеу жүйесінің жұмысы жеткілікті дәрежеде тиімді болмауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Апаттық тежегішті қолданған кезде электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы жанады және дыбыс сигналы беріледі.

Егер автокөлігіңіздің жұмыстық тежегіші ақаулы болса, автокөлікті электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышын ұзақ уақыт бойы көтеріп тұру арқылы тоқтата аласыз.

Апаттық тежегішті қолданған кезде электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы мен электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышындағы бақылау шамы жанады және дыбыс сигналы беріледі.

- ▼ Электрлі тұрақ тежегіші жүйесінің ескерту сигналдары

АБАЙЛАҢЫЗ

Егер электрлі тұрақ тежегішінің бақылау шамы жыпылықтап тұрса, электрлі тұрақ тежегіші жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Автокөлікті дереу жақын маңайдағы қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.


Егер электрлі тұрақ тежегіші жүйесінде ақаулық пайда болса, тежеу жүйесінің ескерту шамы жанады. «Тежеу жүйесінің ескерту шамы (қызыл түсті)» бөлімін (☎204-бет) қараңыз.

■ Тұраққа қою бойынша кеңестер


Автокөлігіңізді тұраққа қою кезінде міндетті түрде төменде келтірілген операцияларды орындаңыз.

- Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.
- Селектор иінтірегін «Р» күйіне (Тұраққа қою) қойыңыз.

Автокөлігіңізді қозғалыссыз күйде ұстап тұру үшін ешқашан тек трансмиссияның механикалық үйкелісіне сеніп қалмаңыз.



Беткейде тұраққа қойған жағдайда міндетті түрде рульді бұрыңыз. Егер беткейде тұраққа қойғанда автокөлігіңіз жоғары қарап тұрса, алдыңғы дөңгелектерді жиектастан теріс қаратып бұрыңыз.




Егер ол төмен қарап тұрса, алдыңғы дөңгелектерді жиектасқа қаратып бұрыңыз.

Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе автокөлік жоғары қарап тұрған кезде өрде орыннан қозғалуды жеңілдетуге ғана арналған. Апаттық жағдайларды болдырмау үшін автокөлігіңізді беткейде тұраққа қойған жағдайда оның күйін әрдайым тұрақ тежегішімен бекітіңіз. Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойған кезде оның тежегіш педалін жібергенде орыннан қозғалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе жұмыс істеп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне бұрамаңыз. Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе өшіп қалады, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе автокөліктегі келесі операцияларды жеңілдететін құрылғы болып келеді.



- 1) Орыннан алға қарай, бетті өрге қаратып қозғалу.
 - 2) Орыннан артқа қарай, бетті ылдиға қаратып қозғалу.
- A) Тежегіш педалі.


Екі жағдайда да беткейде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе келесі шартпен жұмыс істейді.

- Егер автокөлік тежегіш педалін басу арқылы тоқтатылған болса.

Тежегіш педалін жіберген кезде өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе уақытша (шамамен 2 секунд) тежеу күшін ұстап тұрады. Осылайша жүргізушіге тек акселератор педалін қолдана отырып, көлденең жол бетіндегідей орыннан қозғалу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Егер өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйенің тежеу күші тежегіш педалін жібергеннен кейін автокөлікті ұстап тұру үшін жеткіліксіз болса, тежегіш педалін қайта басу арқылы тежеу күшін көбейтіңіз.

Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе көлбеу бұрышы мардымсыз өрлерде жұмыс істемеуі мүмкін. Сонымен бірге өрге қарай орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйе келесі жағдайларда жұмыс істемейді.



- Орыннан артқа қарай бетті жоғары қаратып қозғалғанда.
- Орыннан алға қарай бетті төмен қаратып қозғалғанда.
- Егер автокөлік тұрақ тежегішіне қойылған болса.
- Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ACC» не «LOCK»/«OFF» күйінде тұрса.

- VDC жүйесінің ескерту шамы қосулы тұрғанда. «VDC жүйесінің ескерту шамы / VDC жүйесі жұмысының бақылау шамы» бөлімін (☞203-бет) қараңыз.
- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы қосылып тұрғанда. «Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті)» бөлімін (☞ 221-бет) қараңыз.

Егер өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйені қолдана отырып орыннан артқы жүріспен қозғалатын болсаңыз, тежеу әсері тежегіш педальін жібергеннен кейін де сезілуі мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Өрде орыннан қозғалған кездегі көмекші жүйенің тежеу күші айтарлықтай тежеу күші қажет болатын жағдайларда (мысалы, тіркеме сүйрегенде) жеткіліксіз болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлік артқы жүріспен қозғалғаннан кейін автокөлік алға жүре бастаған кезде азын-аулақ жұлқуды сезуіңіз мүмкін.

Круиз-контроль жүйесі (орнатылған болса)

ЕСКЕРТПЕ

EyeSight жүйесі бар модельдер үшін: автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз.

Круиз-контроль жүйесі сізге акселератор педальін баспастан автокөліктің тұрақты жылдамдығын ұстап отыруға мүмкіндік береді. Круиз-контроль жүйесінің жұмысы автокөлігіңіздің жылдамдығы 30 км/сағ-тан асқан жағдайларда ғана мүмкін болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Төменде көрсетілген жағдайларда круиз-контроль жүйесін қолданбаңыз. Бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.
 - Өрге немесе ылдига қарай қозғалған кезде.
 - Сырғанақ немесе ирелең жолдармен қозғалған кезде.
 - Тығыз көлік ағыны жағдайларында қозғалған кезде.
 - Тіркеме сүйреген кезде.

- Круиз-контроль жүйесін қолданған жағдайда жылдамдықты міндетті түрде жолдардағы жылдамдық шектеуіне, көлік ағынының тығыздығына, жол жабынының күйіне және басқа да жағдайларға сәйкес белгілеңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Круиз-контрольді кездейсоқ қосылуына жол бермеу үшін круиз-контроль жүйесі қолданылмайтын кезде оның өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз.

■ Круиз-контрольді белгілеу




Круиз-контроль жүйесінің негізгі түймесі

1. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін круз-контрольдің негізгі түймесін басыңыз.




Круз-контроль жүйесінің бақылау шамы («А» типі)



Круз-контроль жүйесінің бақылау шамы («В» типі)

Аспаптар тақтасында круз-контроль жүйесінің бақылау шамы жанады.


2. Акселератор педалінің көмегімен автокөлік қозғалысының қажетті жылдамдығын белгілеңіз.



3. «RES/SET» ауыстырып қосқышының «SET» жағын басыңыз, содан кейін оны жіберіңіз. Енді акселератор педалін жіберіңіз.


ЕСКЕРТПЕ

Круз-контрольдің бастапқы жылдамдығын беру үшін қозғалыс кезінде бірінші рет круз-контроль жүйесінің жылдамдығын белгілеген кезде «SET» және «RES» түймелерінің екеуі де қолданыла алады.



Круз-контроль қондырғысының бақылау шамы («А» типі)

- 1) Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.
- 2) Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.



Круз-контроль қондырғысының бақылау шамы («В» типі)

- 1) Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.
- 2) Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса.

Бұл ретте аспаптар тақтасында круз-контроль қондырғысының бақылау шамы жанады. Берілген жылдамдық аспаптар тақтасында көрсетіледі. Аспаптар тақтасының дисплейінің көмегімен өлшем бірліктерін өзгертуіңізге болады.

- «А» типті аспаптар тақтасы бойынша толық ақпарат «Аспаптар тақтасының баптаулары» бөлімінде (☞187-бет) келтірілген.


- «В» типті аспаптар тақтасы бойынша толық ақпарат «Мәзір экрандары» бөлімінде келтірілген ☞230-бет.

Осыдан кейін автокөлік қажетті қозғалыс жылдамдығын ұстап отыратын болады.

Типті круз-контроль режимі іске қосылған жағдайда да уақытша жылдамдықты үдету мүмкіндігі сақталады. Автокөлік жылдамдығын арттыру үшін тек акселератор педалін басу керек. Акселератор педалін жібергеннен кейін автокөлік қайтадан бұрынғы тұрақты жылдамдықты ұстай отырып қозғалуға қайтып оралады.

■ Круз-контроль жүйесін уақытша өшіру

Круз-контроль жүйесін төмендегі тәсілдердің бірімен уақытша өшіруге болады.




- «CANCEL» түймесін басыңыз.
- X-MODE жүйесін қосу туралы ақпарат «X-MODE жүйесін қосу/өшіру» бөлімінде (☞390-бет) келтірілген.
- Тежегіш педалін басыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Селектор иінтірегін «N» күйіне келтіру арқылы круз-контроль жүйесін өшіруіңізге болады. Алайда төтенше жағдайларды қоспағанда селектор иінтірегін қозғалыс кезінде «N» күйіне ауыстырмаңыз. Егер селектор иінтірегі «N» күйіне келтірілсе, қозғалтқышпен тежелу тоқтатылады. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Круиз-контроль жүйесін өшірген кезде аспаптар тақтасындағы круиз-контрольді белгілеу бақылау шамы сөнөді.



Егер автокөлігіңіздің қозғалыс жылдамдығы шамамен 30 км/сағ не одан көп болса, уақытша өшіруден кейін круиз-контроль жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін «RES/SET» ауыстырып қосқышының «RES» жағын басыңыз, бұл бұған дейін белгіленген тұрақты қозғалыс жылдамдығының автоматты түрде қайта қалпына келтірілуіне алып келеді. Бұл ретте аспаптар тақтасында автоматты түрде круиз-контроль қондырғысының бақылау шамы жанады.


■ Круиз-контроль жүйесін өшіру

Круиз-контроль жүйесін өшірудің екі түрлі тәсілі бар.

- Круиз-контроль жүйесінің негізгі түймесін қайта басыңыз.
- Оталдыру жүйесінің құлпын «ACC» не «LOCK»/«OFF» күйіне қойыңыз (алайда автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана).

■ Круиз-контроль режимінде белгіленген қозғалыс жылдамдығын өзгерту

- ▼ Белгіленген жылдамдықты «RES/SET» ауыстырып қосқышының көмегімен ұлғайту



«RES/SET» ауыстырып қосқышының «RES» жағын басыңыз және автокөлік қажетті жылдамдыққа жеткенге дейін басып ұстап тұрыңыз. Содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Осы кезде автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жылдамдық жадқа сақталады және круиз-контроль жүйесі тарапынан ол жаңа белгіленген қозғалыс жылдамдығы ретінде қабылданады.

Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса

«RES/SET» түймесінің «RES» жағын әрбір басып қалған сайын круиз-контроль режимінің белгіленген жылдамдығы 1 миля/сағ-қа (1,6 км/сағ) ұлғаяды.

Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса


«RES/SET» түймесінің «RES» жағын әрбір басып қалған сайын круиз-контроль режимінің белгіленген жылдамдығы 1 км/сағ-қа ұлғаяды.

- ▼ Белгіленген жылдамдықты акселератор педалінің көмегімен ұлғайту

1. Акселератор педалінің көмегімен автокөлік қозғалысының қажетті жылдамдығын белгілеңіз.

2. «RES/SET» ауыстырып қосқышының «SET» жағын бір рет басыңыз Енді автокөлік қозғалып келе жатқан жылдамдық крузи-контрольдің акселератор педалін баспастан-ақ ұсталып отыратын белгіленген жылдамдығы болады.

▼ **Белгіленген жылдамдықты «RES/SET» ауыстырып қосқышының көмегімен азайту**



«RES/SET» ауыстырып қосқышының «SET» жағын басыңыз және автокөлік қажетті жылдамдыққа жеткенге дейін басып ұстап тұрыңыз. Содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіңіз. Осы кезде автокөлігіңіз жүріп келе жатқан жылдамдық жадқа сақталады және крузи-контроль жүйесі тарапынан ол жаңа белгіленген қозғалыс жылдамдығы ретінде қабылданады.

Егер «миля/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса

«RES/SET» түймесінің «SET» жағын әрбір басып қалған сайын крузи-контроль режимінің белгіленген жылдамдығы 1 миля/сағ-қа (1,6 км/сағ) кемиді.

Егер «км/сағ» өлшем бірлігі белгіленген болса

«RES/SET» түймесінің «SET» жағын әрбір басып қалған сайын крузи-контроль режимінің белгіленген жылдамдығы 1 км/сағ-қа кемиді.

▼ **Белгіленген жылдамдықты тежегіш педалінің көмегімен азайту**

1. Тежегіш педалін басыңыз және сол арқылы крузи-контроль жүйесін уақытша өшіріңіз.
2. Автокөлігіңіздің жылдамдығы қажетті мәнге дейін төмендеген кезде «RES/SET» ауыстырып қосқышының «SET» жағын бір рет басыңыз. Енді автокөлік қозғалып келе жатқан жылдамдық крузи-контрольдің акселератор педалін баспастан-ақ ұсталып отыратын белгіленген жылдамдығы болады.

■ **Крузи-контроль жүйесінің бақылау шамы**

«Крузи-контроль жүйесінің бақылау шамы» бөлімін (§219-бет) қараңыз.

■ **Крузи-контроль қондырғысының бақылау шамы**

«Крузи-контроль қондырғысының бақылау шамы» бөлімін (§219-бет) қараңыз.

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі (орнатылған болса)

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі қозғалтқышты қыздырғаннан кейін автокөлік аз уақытқа қозғалыссыз күйде тұратын болса (бағдаршамның жасыл сигналын күткенде, жол кептелісінде), қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатуға және әрмен қарай оны оталдыруға арналған. Жүйе отын шығынын, пайдаланылған газдардың шығарылуын және қажетсіз шуылдарды азайтуға арналған.

■ Жүйенің жұмысы

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі аз уақыт аралығында қозғалтқышты бос жүріс режимінде автоматты түрде тоқтатуға және әрмен қарай оны қосуға арналған. Жүйені автокөлікті әдеттегі тұраққа қою кезінде пайдаланбаңыз.

- Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі тіркеу құрылғысының ағытпасы жалғаулы тұрғанда жұмыс істемейді. Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі тіркеу құрылғысының ағытпасы жалғаулы тұрған кезде жұмыс істесе, өзіңіздің SUBARU дилеріңіздің кеңесін алуды ұсынамыз. Мұндай жағдайларда жүйені қолдана отырып автокөлікті жүргізуді жалғастыру өрге көтерілгенде автокөліктің жантаюына немесе артқа қарай сырғып кетуіне алып келуі, сондай-ақ трансмиссияны зақымдауы мүмкін.


Қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету мақсатында жүргізушінің әрекеттерінен өзге қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі автокөліктің күйін, сондай-ақ автокөліктің ішіндегі және сыртындағы орталарды үздіксіз қадағалап отырады және қозғалтқышты тоқтатуды және қайта оталдыруды басқарады. Селектор иіңтірегі «D» күйінде тұрғанда автокөлік тежегіш педалін басу жолымен толық тоқтатылғаннан кейін қозғалтқыш автоматты түрде тоқтатылады.

Егер селектор иіңтірегі «D» күйінде тұрғанда тежегіш педалін жіберсеңіз, қозғалтқыш автоматты түрде қайта оталады.

Алайда автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының қосылуын бақылау шамы жанып тұрған кезде қозғалтқыш қайта оталмайды.



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл түсті) («А» типі)



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы (жасыл) («В» типі)

Егер қозғалтқыш жүйе арқылы уақытша тоқтатылған болса, аспаптар тақтасындағы қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің бақылау шамы жасыл түспен жанады. Бұл бақылау шамы қозғалтқыш оталған кезде өшеді.


ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін автокөлік бос жүріс режимінде қозғалыссыз тұратын болса, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жұмыс істемейді.
- Автокөлігіңіз сыйымдылығы жоғары арнайы аккумулятор батареясымен жабдықталған. Автокөліктің аккумулятор батареясын ауыстырған жағдайда

оны міндетті түрде қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесімен жабдықталған автокөлікте пайдалануға арнайы әзірленген SUBARU түпнұсқа аккумулятор батареясына (немесе оның баламасына) ауыстырыңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▼ Іске қосылу шарттары

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі төменде тізімі берілген барлық шарт орындалған жағдайда қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатады.

- Қозғалтқыш жеткілікті қыздырылған.
- Капот жабық.
- Жүргізуші есігі жабық.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» шамы) жанып тұрған жоқ.
- Ауа ағындарын бөлу режимін басқару «» режимінен өзге күйге қойылған.
- Артқы әйнек жылытқышы қолданылып жатқан жоқ.
- X-MODE жүйесі өшірулі (қарастырылған болса).

Автокөлік тоқтағаннан кейін төменде келтірілген шарттар орындалған жағдайда қозғалтқыш автоматты түрде тоқтатылады.

- Руль тура сызықпен жүру күйінде тұр.
- Руль бұрылып жатқан жоқ.

ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда автокөлік тоқтағаннан кейін қозғалтқыш автоматты түрде тоқтатылмауы мүмкін.
 - Автокөлік тік беткей жолда тоқтатылған.
 - Автокөлік шұғыл тежеуден кейін тоқтатылған.
 - Тежеу жүйесінің күшейткішінде сиреу жеткіліксіз.
- Егер тежегіш педалі толық басылмаған болса, автокөлік тоқтағаннан кейін қозғалтқыш автоматты түрде тоқтатылмауы мүмкін. Автокөлікті тоқтатқан кезде тежегіш педалінің тірелгенше басылғанына көз жеткізіңіз.
- Келесі жағдайларда қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы біршама уақытты қажет етуі мүмкін.
 - Егер автокөліктің ұзақ уақыт бойы пайдаланылмай тұруының салдарынан аккумулятор батареясының заряды отырған болса.

- Салқындату сұйықтығының төмен температурасы.
- Егер аккумулятор батареясының клеммалары аккумулятор батареясын ауыстырғаннан кейін және т.с.с. қайтадан жалғанған болса.

▼ Иске қосылуға жол бермейтін шарттар

Төменде тізімі берілген жағдайлардың кез келгенінде қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі іске қосылмайды.

- Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті) жанып немесе жыпылықтап тұрса.
- Егер ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» шамы) жанып тұрса.
- Егер автокөлік электрлі тұрақ тежегішіне қойылған болса.
- Егер капот ашық болса.
- Егер автокөлік теңіз деңгейінен шамамен 2000 м-ден асатын биіктікте болса.
- Егер сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық жеткіліксіз қыздырылған болса.
- Егер сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтықтың температурасы әдеттен тыс жоғары болса.

- Егер автокөліктің аккумулятор батареясы жақсы күйде болмаса.
- Егер климат-контроль жүйесін пайдаланған жағдайда берілген температура мен автокөлік ішіндегі температура арасында елеулі айырмашылық бар болса.
- Егер климат-контроль жүйесін пайдаланған жағдайда елеулі ауа ағыны берілетін болса.

ЕСКЕРТПЕ

Егер аспаптар тақтасында ақаулықты анықтау бақылау шамы («Check Engine» шамы) немесе басқа ескерту шамдары жанып немесе жыпылықтап тұрса, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жұмыс істемейі мүмкін.

▼ Қозғалтқышты қайта оталдыру шарттары

Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде тіпті тежегіш педалі басылған күйде болса да, қозғалтқыш автоматты түрде қосылады.

- Егер тік беткейдегі жолда тежегіш педалі сәл жіберілетін болса және автокөлік сырғи бастаса.
- Егер тежегіш педалі қаттырақ басылса.
- Егер акселератор педалі басылса.
- Егер селектор иінтірегін «R» күйіне ауыстырсаңыз.
- Егер руль бұрылатын болса.

- Егер электрлі тұрақ тежегішінің ажыратқышы басылатын болса.
- Егер X-MODE жүйесі қосылатын болса (қарастырылған болса).
- Егер «» ауа ағындарын бөлу режимі белгіленген болса.
- Егер климат-контроль жүйесі берілген температураны әрмен қарай ұстап тұра алмайтын болса.
- Жүргізуші орындығының қауіпсіздік белбеуі ағытылса.
- Егер жүргізуші есігі ашылса.
- Егер артқы әйнек жылытқышы қосылса.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы өшірілсе, «Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)» бөлімін (≡401-бет) қараңыз.

▼ Қозғалтқышты қайта оталдыру мүмкін емес болу шарттары

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жұмыс істеп тұрғанда капот ашық тұрса, тіпті тежегіш педалі жіберілген жағдайда да қауіпсіздік мақсатында қозғалтқыш автоматты түрде оталмайды. Бұл жағдайда қоршаған кеңістікті тексеріп алыңыз да, қозғалтқышты әдеттегі тәсілмен оталдырыңыз.


Сонымен бірге автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылуын бақылау шамы жанып тұрса, қозғалтқыш оталмайды.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жұмыс істеп тұрса, тежегіш педалі қатты болып сезілуі мүмкін. Алайда бұл ақаулық емес.
- Төменде келтірілген жағдайларда тежегіш педалін басып отырсаңыз да, қозғалтқыш автоматты түрде оталатын болады.
 - Егер аккумулятор батареясының заряды отырған болса.
 - Егер тежеу жүйесінің күшейткішіндегі сиреу төмендеп кетсе.
- Төменде келтірілген жағдайларда қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің қозғалтқышты уақытша тоқтату уақыты қысқартылуы мүмкін.
 - Климат-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрса.
 - Сыртқы ауа температурасы жоғары не төмен болса (климат-контроль жүйесі әрмен қарай берілген температураны ұстап тұра алмайтындықтан).
 - Электр құрылғылары электр энергиясын көп шығындап жатқан жағдайда.

- Егер қозғалтқыш қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі арқылы автоматты түрде қосылатын болса, қосымша электр жабдықтарын жалғауға арналған розетка арқылы берілетін электрмен қоректендіру кернеуі азайтылады. Жалғанған құрылғының түріне қарай оны электрмен қоректендіру уақытша өшірілуі мүмкін.

- ▼ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) («А» типі)



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы (сары түсті) («В» типі)



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы оталдыру жүйесінің құлпы бастапқыда «ON» күйіне қойылған кезде сары түспен жанады. Қозғалтқыш оталғаннан кейін шам өшеді.

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінде ақаулық болған жағдайда қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы жыпылықтайды. Мұндай жағдайда өзіңіздің SUBARU ресми дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы қозғалтқыш оталғаннан кейін өшпесе, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда өзіңіздің SUBARU ресми дилеріңізге жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.

▼ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышы



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті) («А» типі)



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (жасыл түсті) («В» типі)

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышын басқан кезде қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі өшіріледі. Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы сары түспен жанады. Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышын қайта басқан кезде ол қосылады. Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы осы кезде сөнеді.

Қозғалтқыш жүйе тарапынан уақытша тоқтатылған кезде қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ажыратқышын басқан жағдайда тіпті тежегіш педалін жібермесеңіз де, қозғалтқыш оталады.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқышты қосу/өшіру жүйесі жұмыс істемей тұрған және оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылған кезде қозғалтқыш оталдырылған болса, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі қайтадан қосылады.
- Автокөліктен түсер кезде міндетті түрде оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырыңыз. Бұл талаптың орындалмауы аккумулятор


- ЖАЛҒАСЫ -

батареясының отыруына алып келуі мүмкін.

- ▼ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы («А» типі)



Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауының бақылау шамы («В» типі)

Егер автокөлік тоқтағанда іске қосылу шарттары орындалмаса, қозғалтқыш тоқтамайды және қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің іске қосылуы үшін қажетті шарттардың орындалмауын бақылау шамы жанады. Ол автокөлік қозғала бастаған кезде сөнеді.

■ Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің күйін көрсету

Көп функциялы дисплейде (қара-ақ) немесе аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің қозғалтқышты тоқтату уақытының және/немесе үнемделген отынның шамамен алынған мәндері көрсетіле алады. Толық ақпарат алу үшін «Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жұмысының ұзақтығы» (☞237-бет) немесе «Негізгі экрандар» бөлімін (☞228-бет) қараңыз.

■ Жүйенің ескерту хабарламалары

Қауіпсіздік мақсатында және пайдалану жайлылығы үшін қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі жүргізушінің әрекеттеріне қосымша автокөліктің күйін, сондай-ақ автокөліктің ішіндегі және сыртындағы орталарды үздіксіз қадағалайды және ескерту және/немесе бақылау шамын қосу не жыпылықтату, сондай-ақ дыбыс сигналы арқылы жүргізушіге әртүрлі ескерту хабарламаларын көрсетеді.

Ескерту және бақылау шамдары туралы толық ақпарат «Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы / қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің өшірілуін бақылау шамы (сары түсті)» бөлімінде (☞221-бет) келтірілген.

▼ Ескертуші дыбыс сигналы

Қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесі арқылы қозғалтқыш өшірілген сәтте капот ашық болса, ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Егер бұл жағдай орын алса, ескертуші дыбыс сигналы төмендегі әрекеттер орындалғанда тоқтатылады.

- Қозғалтқыш әдеттегі рәсімді орындау жолымен қосылды («Сапарға дайындық» бөлімін (☞361-бет) қараңыз).
- Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылған.

▼ Ескерту хабарламаларын көрсету (аспаптар тақтасының дисплейі (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейі) бар модельдер)

Егер қозғалыс кезінде аспаптар тақтасында (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) ескерту хабарламасы пайда болса, қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінде ақаулық туындаған болуы мүмкін. Бұл жағдайда қозғалтқышты автоматты түрде қосу/өшіру жүйесінің ескерту шамы сары түспен жанады не жыпылықтайды. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі (SRVD) (орнатылған болса)

Автокөліктің артындағы көлік құралдарын анықтау жүйесі (SRVD) өз жұмысы үшін артқы бұрыштық шолу радарларын қолданады және көзден таса аймақтарда кедергіні анықтау функциясын, қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмектесу функциясын және автокөлік артындағы көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту функциясын қамтиды.

Бұл функциялар жүйеге автокөлігіңіздің артындағы нысандар мен автокөліктерді анықтауға және қозғалыс жолағын ауыстыру немесе артқы жүріспен жүру кезінде жүргізушінің назарын аудартуға мүмкіндік береді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалыс қауіпсіздігі үшін жүргізуші жауап береді. Қозғалыс жолағын ауыстыру немесе артқы жүріспен жүру кезінде міндетті түрде айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріңіз.

Жүйе қозғалыс жолағын ауыстыру немесе артқы жүріспен жүру кезінде автокөлік айналасындағы артқы және бүйірлік аймақтарды қадағалау есебінен жүргізушіге көмектесетіндей етіп жобаланған. Алайда қозғалыс жолағын ауыстыру немесе артқы жүріспен жүру кезінде көлік жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тек осы жүйеге сенім артуыңызға болмайды. Бұл жүйеге шектен тыс сену апатқа және ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін. Жүйенің жұмысы әртүрлі шектеулермен байланысты болғандықтан, кедергіні анықтау бақылау шамының жыпылықтауы немесе қосылуы кешігуі есебіне тіпті көрші жолақта автокөлік болған немесе ол кез келген жақтан жақындап келе жатқан жағдайда да шам мүлдем іске қосылмауы мүмкін. Жүргізуші автокөліктің артындағы және қапталдарындағы мән-жайды бақылауда ұстауға жауапкершілік көтереді.

■ Жүйе функциялары

ЕСКЕРТПЕ


SRVD жүйесінің радарлы датчигі әрбір елдегі радиожиіліктердің қолданылуын реттейтін заңдарға сәйкес сертифицираталған. Толығырақ ақпарат алу үшін «Техникалық ақпарат» бөлімін (☎ 596-бет) қараңыз.

SRVD жүйесі келесі функцияларды қамтиды.

- Автокөлік жүріп келе жатқанда көршілес қозғалыс жолағындағы көзден таса аймақтағы автокөлікті немесе жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөлікті (көзден таса аймақтардағы кедергілерді анықтау және қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көмектесу) анықтау.
- Артқы жүріспен жүрген кезде оң жақтан не сол жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтау (автокөлік артында көлденең бағытта қозғалыс туралы ескерту).


Бұл функциялардың жұмыс істеуі үшін жүйе радар датчиктерін қолданады.

▼ Көзден таса аймақтардағы кедергілерді анықтау функциясы (BSD)



1) Өрекет ету аймақтары.


Жүйе жүргізушіге келесі жолмен қауіп туралы ескертеді.



Кедергіні анықтау бақылау шамдары

- Егер жүйе көзден таса аймақта автокөлікті анықтаса, сыртқы айнада (-ларда) кедергіні анықтау бақылау шамы (-дары) қосылады.
- Егер жүргізуші кедергіні анықтау бақылау шамы қосылған жаққа қарай бұрылыс көрсеткішінің иінтірегін бұрса, тиісті кедергіні анықтау бақылау шамы жыпылықтайды.

▼ **Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көмектесу функциясы (LCA)**




1) Өрекет ету аймақтары.

Жүйе жүргізушіге келесі жолмен қауіп туралы ескертеді.

- Егер жүйе көршілес қозғалыс жолақтарымен жоғары жылдамдықпен жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса, сыртқы айнада (-ларда) кедергіні анықтау бақылау шамы (-дары) қосылады.
- Егер жүргізуші кедергіні анықтау бақылау шамы қосылған жаққа қарай бұрылыс көрсеткішінің иінтірегін бұрса, тиісті кедергіні анықтау бақылау шамы жыпылықтайды.

▼ **Автокөлік артында көлденең бағытта қозғалыс туралы ескерту функциясы (RCTA)**



1) Өрекет ету аймақтары.


Жүйе жүргізушіге артқы жүріспен жүрген кезде кез келген жақтан басқа автокөліктің жақындап келе жатқаны туралы ескертеді. Бұл функция жүргізушіге артқы жүріспен жүрген кезде автокөлік айналасындағы артқы және бүйірлік аймақтарды бақылауға көмектеседі.

Егер артқы жүріспен жүрген кезде жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса, ол жүргізушіге келесі жолмен қауіп туралы ескертеді.

- Сыртқы айнадағы (-лардағы) кедергіні анықтау бақылау шамы (-дары) жыпылықтайды.
- Ескертуші дыбыс сигналы беріледі.
- Артқы көрініс камерасының экранында белгі пайда болады (аудиожүйенің/навигация жүйесінің мониторы).

▽ **RCTA функциясының анықтауға қабілеттілігінің шектеулері**

RCTA функциясының анықтау қабілеттілігі шектеулі болғандықтан, RCTA тұраққа қиғаш қойған кезде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.




1-мысал

- 1) Радар датчиктердің анықтау аймағы.
 - 2) Радар датчиктерінің анықтау аймағынан тыс телім.
- A) Анықталмауы мүмкін автокөлік.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жақындап келе жатқан автокөлік (A) анықталмауы мүмкін, себебі артқы жүріспен қозғалып бара жатқан автокөлік тұраққа қойылған автокөлікпен жабылған. Артқы жүріспен жүру кезінде міндетті түрде айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріңіз.



2-мысал

- 1) Радар датчиктердің анықтау аймағы.
- В) Анықталуы мүмкін автокөлік.

ЕСКЕРТПЕ

Жүйе сіздің автокөлігіңіздің алдынан жолды кесіп өтіп бара жатқан автокөлікті (B) анықтай алады. Артқы жүріспен жүру кезінде міндетті түрде айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріңіз.

■ Жүйенің жұмысы

▼ Жұмыс істеу шарттары

SRVD жүйесі төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда жұмыс істейді.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұр.
- SRVD жүйесінің ескерту шамы мен SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы өшірулі.
- Автокөлік 12 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен қозғалып келе жатыр (артқы жүріспен қозғалуды есептемегенде).
- Селектор иінтірегі «R» күйінде тұр (тек RCTA функциясы үшін).

SRVD жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді.

- SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жанып тұр.
- Тіпті SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы өшірулі тұрса да (артқы жүріспен қозғалуды есептемегенде) автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ-тан төмен.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүйеде (кедергіні анықтау бақылау шамын қоса алғанда) ақаулық туындаған жағдайда SRVD жүйесі өз жұмысын тоқтатады және SRVD жүйесінің ескерту шамы жанады. Егер SRVD жүйесінің ескерту шамы жанып тұрса, автокөлігіңізге диагностика жүргізу үшін

мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

- Төменде келтірілген жағдайларда SRVD жүйесі жұмысын уақытша тоқтатады (немесе жұмысын толық тоқтатуы мүмкін) және SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады. Осы шарттар түзетілгеннен кейін SRVD жүйесі өзінің жұмысын қайта жалғастырады, ал SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы сенеді. Алайда SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы ұзақ уақыт бойы жанып тұрса, жүйеге диагностика жүргізу үшін мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
 - Артқы бампердің радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы бетіне көп қар немесе мұз жабысып қалған жағдайда.
 - Егер автокөлік қар басқан жолда немесе ұзақ уақыт бойы қоршаған нысандар кездеспейтін ортада (мысалы, шөл далада) қозғалып келе жатса.
 - Егер жаз мезгілінде ұзақ уақыт бойы өрге қарай қозғалудың және т.с.с. нәтижесінде радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы температура шектен тыс көтерілсе.
 - Егер радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы

температура шектен тыс төмен түссе.

- Аккумулятор батареясының кернеуі төмендегенде.
- Автокөліктің аккумулятор батареясының тізбегінде кернеу лақтыруы пайда болса.
- Радар датчигі номиналды күйінен едәуір ығыстырылған жағдайда. (Егер радар датчигінің күйі қандай да бір себептермен орнынан жылжып кеткен болса, қайта реттеу қажет болады. Датчикті реттеуді SUBARU дилеріне жасатуға кеңес береміз.)
- Радар датчиктерінің анықтау қабілеттілігі шектеулі. SRVD жүйесінің анықтау қабілеттілігі әлсіреген болуы және ол келесі жағдайларда тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Артқы бампердің радар датчиктері орнатылған жері деформацияланған жағдайда.
 - Артқы бампердің радар датчиктерінің орнатылу аймағындағы бетіне қар немесе балшық жабысып қалған жағдайда.

- Егер артқы бампердің радар датчиктері аймағына жапсырмалар және т.б. бекітілген болса.
- Нашар ауа райы жағдайларында, мысалы, жаңбыр, қар немесе тұман кезінде.
- Дымқыл жолдармен, мысалы, қар басқан, шалшықтар бар жолдармен қозғалғанда.
- Радар датчиктері төмендегі автокөліктерді немесе нысандарды анықтамауы немесе оларды анықтаумен байланысты қиындықтарға ұшырауы мүмкін.
 - Шағын мотоциклдер, велосипедтер, жаяу жүргіншілер, жолдағы немесе жол жиегіндегі стационарлық нысандар және т.б.
 - Шанағының пішіні радар сәулелерін шағылыстырмайтын автокөліктер (шанағы төмен автокөліктер, мысалы, жүгі жоқ тіркеме немесе спорттық автокөлік).
 - Тіпті анықталу аймағында (немесе артта көршілес жолақта, немесе артқы жүріспен жүрген кезде сіздің автокөлігіңіздің жанындағы) орналасса да, сіздің автокөлігіңізге жақындап келе жатпаған автокөліктер. (Жүйе жақындап келе жатқан автокөліктің бар-жоғын радар


- датчиктерінің деректерінің негізінде анықтайды.)
- Айтарлықтай өзгеше жылдамдықпен қозғалып келе жатқан автокөліктер.
- Ұзақ уақыт бойы дәл сондай дерлік жылдамдықпен сіздің автокөлігіңізге параллель қозғалып келе жатқан автокөліктер.
- Қарсы келе жатқан автокөліктер.
- Көршілес жолақтың арғы жағындағы жолақтағы автокөліктер.
- сіз басып озуға әрекет жасап жатқан айтарлықтай төменірек жылдамдықпен жүріп келе жатқан автокөліктер.
- Қозғалатын жолақтары өте еңсіз жолда жүйе көршілес жолақтан кейінгі жолақта қозғалып келе жатқан автокөліктерді анықтауы мүмкін.
- 8 дюймдік экраны бар аудиожүйенің/навигация жүйесінің бағдарламалық құралына жаңарту жүргізіп жатқан кезде жаңарту аяқталғанға дейін аудиожүйе/навигация жүйесінің дисплейінде автокөлік артында көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту функциясының ескерту белгілері көрсетілмеуі мүмкін.

■ Кедергіні анықтау бақылау шамы/SRVD жүйесінің ескертуші дыбыс сигналы

Егер SRVD жүйесі белсенді болса, жүргізушіге ескерту бойынша тапсырманы келесі элементтер орындайды.

- Кедергіні анықтау бақылау шамы (көршілес қозғалыс жолақтарында автокөліктер болған жағдайда).
- Кедергіні анықтау бақылау шамы және ескертуші дыбыс сигналы (егер автокөлік артқы жүріспен жүрген кезде сол немесе оң жақтан жақындап келе жатса).

▼ Кедергіні анықтау бақылау шамдары



Кедергіні анықтау бақылау шамдары

Сыртқы айналардың екеуіне де орнатылған.

Бақылау шамы (-дары) арттан жақындап келе жатқан автокөлік анықталатын болса, жанады.

Бақылау шамы келесі жағдайларда жүргізушіге қауіп туралы ескерте отырып жыпылықтайды.

- Егер бақылау шамы жанып тұрған кезде бұрылыс көрсеткіштерінің иінтірегін шам қосылып тұрған бағытқа қарай ауыстырсаңыз.
- Артқы жүріспен жүрген кезде, егер жүйе кез келген жақтан жақындап келе жатқан автокөлікті анықтаса.

▽ Кедергіні анықтау бақылау шамының жарықтығын төмендету функциясы

Егер фаралар қосұлы болса, кедергіні анықтау бақылау шамының жарықтығы төмендейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Келесі жағдайларда кедергіні анықтау бақылау шамын ажырату қиын болуы мүмкін.
 - Тікелей күн сәулелері түсіп тұрғанда.
 - Артта келе жатқан автокөліктердің фараларының шалғай жарығы түсіп тұрғанда.
- Егер жарықтың жарықтығын реттеу дискісі үстіңгі шеткі күйде тұрса, тіпті фаралар қосұлы тұрған жағдайда да кедергіні анықтау бақылау шамының айқындығы төмендемейді. Көмескі жарықтың жарықтығын реттеу дискісі туралы толық ақпарат «Аспаптардың көмескі жарығының жарықтығын реттеу» бөлімінде (☎188-бет) келтірілген.

▼ Кедергіні анықтаудың ескертуші дыбыс сигналы (тек артқы жүріспен жүрген кезде)

Ескертуші дыбыс сигналы кедергіні анықтау бақылау шамының жыпылықтауымен бірге жүргізушіге қауіп туралы ескертеді.


Ескерту сигналының дыбыс күші деңгейінің баптауларын аспаптар тақтасы дисплейінің (сұйық кристалды дисплейдің) көмегімен өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Мәзір экрандары» бөлімін (☎230-бет) қараңыз.

▼ SRVD жүйесінің кедергіні анықтау бақылау шамына / ескертуші дыбыс сигналына қатысты қауіпсіздік бойынша ұсыныстар

- Төменде келтірілген жағдайларда кедергіні анықтау бақылау шамының және ескертуші дыбыс сигналының іске қосылуы кешігуі немесе жүйе бұл ескертулерді бермеуі мүмкін.
 - Егер автокөлік көршілес жолақтан кейінгі жолақтан көршілес қозғалыс жолағына ауысып жатса.
 - Егер тік беткейде немесе қайталанып отыратын өрлер мен ылдиларда қозғалып келе жатсаңыз.

- Басып озу әрекетін орындағанда.
- Егер сіздің автокөлігіңіз бен көршілес жолақтағы автокөлік өз жолақтарының қашығырақ шеткі бөліктерінде қозғалып келе жатса.
- Егер бір-біріне жақын жүріп келе жатқан бірқатар автокөліктер жақындап келе жатса.
- Шағын радиустары бар бұрылыстарда (шұғыл бұрылыстар немесе жол қиылысында бұрылу).
- Егер сіздің қозғалыс жолағыңыз бен көршілес жолақтың биіктігінің арасында айырмашылық болса.
- SRVD жүйесінің ажыратқышын бас арқылы SRVD жүйесін іске қосқаннан кейін тікелей.
- Селектор иіңтірегін «R» күйіне ауыстырғаннан кейін бірден.
- Егер жүксалғышқа өте ауыр жүк тиелген болса.
- Артқы жүріспен жүрген кезде төмендегі жағдайларда кедергіні анықтау бақылау шамының және ескертуші дыбыс сигналының іске қосылуы кешігіуі немесе жүйе бұл ескертулерді бермеуі мүмкін.
 - Қиғаш орналасқан тұрақ орнынан артқы жүріспен шыққан кезде.
 - Егер Сіздің автокөлігіңіздің жанында үлкен автокөлік тұраққа қойылған болса (мұндай автокөлік радиосигналдардың таратылуына кедергі жасайды).

- Көлбеу жолда артқа қарай қозғалғанда.
- Жоғары жылдамдықпен артқа қарай қозғалғанда.




- Кедергіні анықтау бақылау шамы жолдағы немесе жол жиегіндегі тұтас нысандардың жанында (мысалы, қоршаулар, туннельдер және бүйір қабырғалар) қозғалған кезде жануы мүмкін.
- Қалалық аймақтарда жол қиылысында бұрылған кезде кедергіні анықтау бақылау шамы жыпылықтауы мүмкін.
- Егер артқы жүріспен жүру бағытында ғимарат немесе дуал бар болса, кедергіні анықтау бақылау шамы жыпылықтауы және ескертуші дыбыс сигналы іске қосылуы мүмкін.
- Келесі жағдайларда жүйе сіздің автокөлігіңізде екі жолақ қашықтықта

қозғалып келе жатқан автокөлікті анықтауы мүмкін.

- Тиісті автокөлікке қатысты сіз өз қозғалыс жолағыңыздың жақынырақ бөлігінде қозғалып келе жатырсыз.
- Егер сіздің автокөлігіңізге екі жолақ қашықтықта жүріп келе жатқан автокөлік сіздің автокөлігіңізге қатысты өз жолағының жақынырақ бөлігінде қозғалып келе жатса.

■ Өшкен SRVD жүйесінің бақылау шамы

▼ Жүйенің жұмысын уақытша тоқтату




- 1) SRVD жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату туралы хабарлама.
- 2) SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы.

Егер жүйе төменде келтірілген жағдайларда қолданылса, осы индикация пайда болады.

- Шектен тыс жоғары немесе төмен температура.
- Автокөліктің аккумулятор батареясының әдеттен тыс кернеуі.
- Радар датчигінің номиналды күйінен едәуір ығысып кетуі.

Осы шарттар түзетілгеннен кейін жүйе уақытша тоқтау күйінен өз жұмысын қайта жалғастырады, ал бақылау шамы сөнеді. Егер бақылау ұзақ уақыт бойы қосылған күйінде қалса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

▼ Радар сезімталдығының төмендеуі нәтижесінде жүйе жұмысының уақытша тоқтатылуы




- 1) Радар сезімталдығының төмендеуі нәтижесінде SRVD жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату туралы хабарлама.
- 2) SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы.

Бұл индикация радар датчиктерінің анықтау қабілеттілігі төмендеген жағдайда пайда болады. Бұл жағдай түзетілгеннен кейін жүйе уақытша тоқтау күйінен өз жұмысын қайта жалғастырады,

ал бақылау шамы сөнеді. Егер бақылау ұзақ уақыт бойы қосылған күйінде қалса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ SRVD жүйесінің ескерту шамы


▼ Жүйенің ақаулығы




- 1) SRVD жүйесінің ақаулығы туралы хабарлама.
- 2) Алдымен осы хабарлама пайда болады.
- 3) Содан кейін осы хабарлама пайда болады.
- 4) SRVD жүйесінің ескерту шамы.

Бұл индикация жүйеде ақаулық туындаған жағдайда пайда болады. Мұндай жағдайда жүйеге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ SRVD жүйесінің ажыратқышы



SRVD жүйесінің ажыратқышы



Өшкен SRVD жүйесінің бақылау шамы

ЕСКЕРТПЕ

Төменде келтірілген жағдайларда SRVD жүйесін өшіру үшін оның ажыратқышын басыңыз. Жүйе радар толқындарының тосқауылына байланысты дұрыс істемеуі мүмкін.

- Тіркеме сүйреген кезде.
- Егер автокөліктің артына велосипед тасымалдауға арналған құрылғы немесе басқа зат бекітілген болса.
- Роликті сынау стендін, еркін роликтерді және т.б. қолданған жағдайда.
- Автокөлік көтерілген болса (мысалы, көтергішпен), қозғалтқыш қосылған болса және дөңгелектер айналып тұрса.

▼ Қозғалыс жолағында ұстап тұру көмекші функциясы жоқ модельдер

SRVD жүйесінің ажыратқышын басқан кезде аспаптар тақтасының дисплейінде SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады, ал SRVD жүйесі өшеді.


Ажыратқышты қайта басы SRVD жүйесін қосады. SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы сөнеді.

Егер бұл жағдай орын алса, артқы көрініс айнасының бүйірлік бөлігіндегі кедергіні анықтау бақылау шамы бірнеше секундқа жанады, содан кейін сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылған кезде жүйенің соңғы белгілі күйі сақталады. Мысалы, оталдыру жүйесінің құлпы SRVD жүйесі өшірулі тұрған кезде «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырылса, оталдыру жүйесінің құлпын келесіде «ON» күйіне қойған кезде SRVD жүйесі өшірілген күйінде қалады.

▼ Қозғалыс жолағында ұстап тұру функциясы бар модельдер




Қозғалыс жолағында ұстап тұруға жедел көмектесу функциясын өшіру үшін SRVD жүйесінің ажыратқышын басып қалыңыз. Қозғалыс жолағында ұстап тұруға жедел көмектесу функциясын және SRVD жүйесін өшіру үшін SRVD жүйесінің ажыратқышын қайта басыңыз. Аспаптар тақтасында SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады. Қозғалыс жолағында ұстап тұруға жедел көмектесу функциясын және SRVD жүйесін қосу үшін SRVD жүйесінің ажыратқышын тағы бір рет басып қалыңыз. SRVD жүйесін өшірудің бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырғаннан және қозғалтқышты тоқтатқаннан кейін қозғалыс жолағында ұстап тұруға жедел көмектесу функциясы мен SRVD жүйесі қозғалтқышты келесі оталдырғанда автоматты түрде қосылады.
- Қозғалыс жолағында ұстап тұруға жедел көмектесу функциясы туралы толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша қосымшасын қараңыз.

■ **Радар датчиктерімен жұмыс істеу**



1) Датчиктер.

Радар датчиктері автокөліктің әрбір жағында бір-бірден артқы бампердің ішінде орналасқан.

ЕСКЕРТПЕ

- SRVD жүйесінің дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларды орындаңыз.
 - Радар датчиктерінің маңайындағы бампердің бетін міндетті түрде таза ұстаңыз.
 - Радар датчиктерінің жанына бампердің бетіне ешқандай жапсырмалар немесе басқа заттар бекітпеңіз.
 - Радар датчиктерінің жанында бамперге модификациялар жүргізбеңіз.
 - Бампердің радар датчиктерінің жанын боямаңыз.
 - Бампердің радар датчиктерінің жанына күшті соққылар тигізбеңіз. Датчиктің орналасуы бұзылған жағдайда анықтау аймағына кірген автокөліктерді анықтай алмауды қоса алғанда жүйенің ақаулықтары туындауы мүмкін. Егер бамперге кез келген қатты соққы тиген болса, тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
 - Радар датчиктерін бөлшектемеңіз.

- Егер радар датчиктерін жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе бампердің радар датчиктері орнатылған аймағындағы жерін жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, өзіңіздің SUBARU дилеріңіздің көмегіне жүгінуге кеңес береміз.

Артқа жүру кезіндегі автоматты тежеу жүйесі (RAB) (орнатылған болса)

RAB жүйесі жүргізушіге артқы жүріспен жүру кезінде соқтығысудан сақтануға немесе мұндай соқтығысудан болатын зақымдану деңгейін төмендетуге көмектеседі. Егер артқы жүріспен жүрген кезде жүйе дуалды немесе басқа бір кедергіні анықтайтын болса, ол ескертуші дыбыс сигналымен бұл туралы жүргізушіге ескертеді және автоматты түрде автокөліктің тежеу жүйесін іске қоса алады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- RAB жүйесі өзіне жүргізушінің соқтығысуды болдырмау мақсатында автокөлік айналасындағы мән-жайды және кедергілерді бақылау бойынша жауапкершілігін қабылдауға арналып есептелмеген.
- Қозғалыс қауіпсіздігі үшін жүргізуші жауап береді. Артқы жүріспен қозғалысты бастамас бұрын міндетті түрде алдымен тежегіш педалін басыңыз және айналадағы мән-жайды көзбен қарап тексеріп алыңыз.

- Жүйе жұмысындағы шектеулерге байланысты автокөлік соқтығысудан қаша алмайтын кейбір жағдайлар бар. Кедергі болған жағдайда ескертуші дыбыс сигналы немесе автоматты тежеу іркілуі немесе мүлдем іске қосылмауы мүмкін.
- Жүйе адамдарды (балаларды қоса алғанда), жануарларды және басқа да қозғалып бара жатқан нысандарды анықтауға есептелмеген.
- Автокөліктің күйіне және қоршаған ортаға байланысты радар датчиктерінің нысандарды анықтауға қабілеттілігі төмендеуі мүмкін.
- Навигация жүйесінің және/немесе SUBARU аудиожүйесінің түпнұсқа блогын алып тастамаңыз. Навигация жүйесінің және/немесе SUBARU аудиожүйесінің түпнұсқа блогын алып тастасаңыз, онда артқы көрініс камерасы мен көмекші жолақтардан алынған кескін (қашықтық маркерлері, динамикалық бағыттауыштар және автокөліктің габариттік енінің сызықтары) бұдан былай көрсетілмейді.

- Тіпті RAB жүйесі, сондай-ақ нысандарды анықтау туралы ескерту функциясы қосулы болса да, RAB жүйесінің визуалды ескертуі көрсетілмейді. Алайда дыбыстық ескерту және осы жүйенің басқа функциялары жұмыс істей береді.

ЕСКЕРТПЕ

Автоматты тежеу іске қосылған жағдайда RAB жүйесі төменде тізіп көрсетілген деректерді жазады және сақтайды. Ол әңгімелерді, дербес деректерді және өзге де аудиоақпаратты жазбайды.

- Нысанға дейінгі қашықтық.
- Автокөлік жылдамдығы.
- Акселератор педалінің басылу күйі.
- Тежегіш педалінің басылу күйі.
- Селектор иінтірегiнiң күйі.
- Сыртқы ауа температурасы.
- Сонарлы датчиктердің сезімталдық баптаулары.

SUBARU және **SUBARU** компаниясымен келісімшарты бар үшінші тұлғалар зерттеу және автокөліктерді жобалау мақсатында сақталған деректерді ала және пайдалана алады. Төменде келтірілген жағдайларды қоспағанда **SUBARU** және **SUBARU** компаниясымен келісімшарты бар үшінші тұлғалар жиналған деректерді


ешқандай үшінші тарапқа жария етпейді және бермейді.

- Автокөлік иесі өзінің келісімін берді.
- Ақпараттың жария етілуі/берілуі соттың қаулысына немесе басқа да міндеттеуші заңды сұранымға негізделген.
- Пайдаланушыны және автокөлікті сәйкестендіру мүмкін емес болатындай модификацияланған деректер статистикалық өңдеу және басқа осындай мақсаттар үшін зертеу институтына беріледі.

■ RAB жүйесіне шолу


Жүйе артқы бамперге орнатылған сонарлы датчиктердің көмегімен нысандарды анықтайды.

- Егер жүйе артқы жүріспен қозғалу бағытында нысанмен соқтығысу ықтималдығын анықтаса, автоматты түрде баяулау іске қосылады. Сонымен бірге дыбыс сигналы қосылады.
- Егер автокөлік артқы жүріспен жүруін жалғастырса, шұғыл автоматты тежеу іске қосылады және үздіксіз дыбыс сигналы беріледі.



- 1) Артқы жүріспен жүрген кезде.
- 2) Егер соқтығысудың алдын алу үшін күшті автоматты тежеу немесе айналу сәтін басқару қолданылған болса (бұл жағдайда қысқа ескерту сигналдары немесе үздіксіз ескерту сигналы беріледі).
- 3) Егер автокөлік жүйе арқылы тоқтатылған болса (бұл жағдайда үздіксіз ескерту сигналы беріліп тұрады).
- 4) Нысан (мысалы, дуал).

▼ Анықтау аймағы




- 1) Анықтау аймағы (ені): автокөлік габариттерінің шегінен тысқары шамамен 15 см.
- 2) Анықталу мүмкін емес аймақ: автокөліктің артқы габаритінен шамамен 50 см.
- 3) Анықтау аймағы (ұзындығы): автокөліктің артқы габаритінен шамамен 1,5 м.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер автокөлігіңіз темір жол өткелінде тұрып қалса және артқы жүріспен шлагбаумның артына шығып кетпекші болсаңыз, жүйе шлагбаумды кедергі ретінде анықтауы және тежегішті іске қосуы мүмкін. Бұл жағдайда сабырлық сақтаңыз және не акселератор педалін басуды жалғастырыңыз, не жүйені өшіріңіз. Жүйені өшіру туралы ақпарат «RAB жүйесінің жұмысын болдырмау» бөлімінде (☎442-бет) келтірілген.

■ Жұмыс істеу шарттары

RAB жүйесі төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда жұмыс істейді.



- 1) EyeSight жүйесінің ескерту шамы.
- 2) RAB жүйесінің ескерту шамы.
- 3) RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы.

- Оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде тұр.
- EyeSight жүйесінің ескерту шамы өшірулі.
- RAB жүйесінің ескерту шамы өшірулі.
- RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы өшірулі.
- RAB жүйесі баптауларда өшірілген.
- Селектор иінтірегі «R» күйінде тұр.
- Автокөлік жылдамдығы 1,5-тен 15 км/сағ-қа дейін құрайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде тізімі берілген жағдайларда RAB жүйесі жұмыс істемейді. Жүйеге диагностика жүргізу үшін мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
 - EyeSight жүйесінің ескерту шамы жанып тұр.
 - RAB жүйесінің ескерту шамы жанып тұр.
- Егер RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жанып тұрса, жүйені қолдану мүмкін емес.
- Төменде тізімде келтірілген жағдайларда жүйе нысанды дұрыс анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін. Жүйеге диагностика жүргізу үшін мүмкіндігінше тездетіп SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
 - Сонарлы датчиктерге немесе артқы бамперге сонарлы датчиктің жанына жапсырма жабыстырылған, бояу немесе басқа да химиялық заттар жағылған.
 - Артқы бампер модификацияланған.
 - Артқы бампер шешіп алынып, қайта орнатылған.

- Автокөліктің жүктемесіне немесе модификациясына байланысты жолмен аралық өзгерген.
- Сонарлы датчик және сонарлы датчиктің жанындағы аймақ зақымданған.
- Артқы бамперге күшті соққы тиген немесе ол деформацияланған.
- 8 дюймдік экраны бар аудиожүйенің/навигация жүйесінің бағдарламалық құралына жаңарту жүргізген кезде жаңарту аяқталғанша RAB жүйесі аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінде төменде тізімі берілген элементтерді көрсетпеуі мүмкін.
 - Функцияның қосылу/өшірілу белгісі.
 - Қашықтық индикаторының кескіні.
 - Ескерту хабарламасы.
- Тік беткейде автоматты тежеу жүйесінің мүмкіндіктері төмендейді.
- Жүйе автокөлік шамамен 5 км/сағ-тан (3 миль/сағ) төмен жылдамдықпен артқы жүріспен қозғалып келе жатқанда автоматты шұғыл тежелудің есебінен соқтығысуларға жол бермейтіндей етіп жобаланған. Алайда жүйе автокөліктің кез келген жағдайда соқтығысулардан қаша алатынын кепілдендірмейді.
- Егер автокөлік өте төмен жылдамдықпен артқы жүріспен қозғалып келе жатса, жүргізушінің әрекеттері басым болуы мүмкін. Бұл жағдайда автоматты тежеу іске қосылмайды.
- Жүйе келесі нысандарды анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін.
 - Үшкір немесе жіңішке нысандар, мысалы, сонарлы датчиктерден таралатын дыбыс толқындарын шағылыстырмайтын бағаналар, шарбақтар және сымарқандар.
 - Селектор иіңтірегі «R» күйіне ауыстырылған кезде артқы бамперге тым жақын орналасқан нысандар.
 - Беттері сонарлы датчиктен таралатын дыбыс толқындарын шағылыстыра алмайтын нысандар, мысалы, торлы шарбақтар.
- Жүйе жаяу жүргіншілерді немесе төменде тізімі берілген нысандарды анықтауға арналмаған.
 - Қозғалып келе жатқан автокөліктерді қоса алғанда қозғалып тұрған нысандар.
 - Дыбыс толқындарын жұтатын нысандар, мысалы, мата немесе қар.
 - Беті қиғаш орналасқан нысандар.
 - Жерден тым төмен орналасқан нысандар, мысалы, тұраққа қою блоктары.
- Жерден тым биік орналасқан нысандар, мысалы, ілулі тұрған нысандар.
- Автокөліктер немесе дуалдар секілді үлкен емес нысандар.
- Төменде келтірілген шарттар болған жағдайда жүйе нысандарды дұрыс анықтауға қабілетсіз болуы немесе жүйенің ақаулығы пайда болуы мүмкін.

Жақын жердегі өзге көздердің жоғары жиілікті дыбысы.

 - Басқа автокөліктің дыбыс сигналы.
 - Басқа автокөліктердің жұмыс істеп тұрған қозғалтқышының дыбысы.
 - Пневматикалық тежегіштердің дыбысы.
 - Автокөлікті анықтауға арналған жабдық немесе басқа автокөліктің сонары.
 - Автокөліктің жүйесіне жақын жиілікпен жақын маңайда таратылып жатқан дыбыс толқындары.
 - Ұқсас жүйемен жабдықталған, артқы жүріспен сіздің артқы жүріспен қозғалу траекторияңыздың бағытында жүріп келе жатқан автокөлік.

Ауа райы жағдайлары.

- Өте жоғары немесе өте төмен температуралар, соның нәтижесінде сонарлы датчиктің жанындағы аймақ жұмыс істеу үшін тым ыстық немесе тым суық болса.
- Сонарлы датчиктер немесе сонарлы датчиктердің жанындағы артқы бампер күші жауын-шашынның немесе судың айтарлықтай мөлшерінің әсеріне ұшыраса.
- Тұман, қар немесе құмды дауыл және т.б.
- Тез қозғалып тұрған ауа ағыны, мысалы, күшті жел.

Сонарлы датчиктің жанында артқы бамперге орнатылған бөлшектер.


- Электронды бөлшектер (тұман шамы, қанаттың габарит антеннасы, радиоқабылдағыш антеннасы) немесе аксессуарлар (тіркеу құрылғысы, велосипед тасымалдауға арналған құрылғы, бампер қорғанышы) орнатылған.
- Жоғары жиілікті дыбыс тарататын бөлшектер, мысалы, дыбыс сигналы немесе динамик орнатылған.

Автокөліктің күйі.


- Сонарлы датчиктерге немесе артқы бамперге сонарлы датчиктің жанына мұз, қар немесе балшық жабысқан.
- Автокөлік едәуір еңкейіп тұр.
- Автокөліктің жүктемесіне және т.б. байланысты жолмен аралық айтарлықтай кеміген.
- Сонарлы датчик соқтығысудың немесе апаттың нәтижесінде ығысқан.

Қоршаған орта.

- Артқы жүріспен қозғалу бағытында мата баннер, жалау, салбырап тұрған бұтақтар немесе темір жол өткелінің тосқауылдары бар.
- Қиыршық тасты немесе шөп өскен алаңмен артқы жүріспен қозғалу.
- Нысандар немесе дуалдар автокөлікке жақын орналасатын аймақта, мысалы, тар туннельдерде, көпірлерде, жолдар мен гараждарда артқы жүріспен қозғалу.
- Артқы жүріспен қозғалу бағытында жер бетінде дөңгелектердің сораптары немесе шұқырлар бар.
- Артқы жүріспен суағардың қақпағының (торлы қақпақтың) үстімен қозғалу.




702035



702036

- Артқы жүріспен қозғалу траекториясы көлбеу жолмен өтеді, мысалы, тік беткейде.
- Артқы жүріспен қозғалу бағытында жиектас бар.

- Артқы жүріспен ылдиға қарай қозғалған кезде.



- Жабыны жоқ жолмен артқы жүріспен қозғалған кезде.
- Төменде көрсетілген жағдайларға ұқсас жағдайларда тіпті жүйе қалыпты жұмыс істеп тұрғанда да соқтығысудың алдын алу мүмкін болмауы мүмкін.
 - Сырғанақ жол жабыны.
 - Шиналардағы ауаның дұрыс емес қысымы.
 - Тозған шиналар.
 - Орнатылған шиналардың өлшемі техникалық сипаттамаларда қарастырылған өлшемнен өзгеше.
 - Ауасы шығып кеткен дөңгелекке арналған жөндеу жиынтығының көмегімен шұғыл жөндеу жұмысы жүргізілген.

- Аспа модификацияланған.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
- Апаттың немесе ақаулықтың нәтижесінде автокөліктің қозғалысы тұрақсыз.
- Тежеу жүйесінің ескерту шамы жанып тұр.

■ RAB жүйесінің жұмысы


RAB жүйесінің жұмысы кезінде аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінде немесе көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) автокөлік пен анықталған нысан арасындағы қашықтық көрсетіледі. Сонымен бірге жүргізушіге әлеуетті соқтығысу туралы ескерту үшін ескертуші дыбыс сигналының 3 деңгейі іске қосылады. Жүйе жұмыс істеп тұрған кезде аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінде немесе көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) және аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Анықтау аймақтарының параметрлері

Ескерту деңгейі	Нысанды анықтау арақашықтығы*	Қашықтық индикаторы	Ескерту сигналының сипаты
Үлкен қашықтық (нысан анықталды)	90 см	Жасыл түсті	Ескертуші дыбыс сигналы жоқ
Орташа қашықтық туралы ескерту (нысанға жақындау)	70–90 см	Сары түсті	Қысқа дыбыс сигналдары
Қысқа қашықтық туралы ескерту (нысанға таяп жақындау)	50-70 см	Қызғылт сары	Тез қысқа дыбыс сигналдары
Өте қысқа қашықтық туралы ескерту (нысанға тақалу)	50 см немесе одан кем	Қызыл түсті	Үздіксіз дыбыс сигналы


* Анықтау аймағы қоршаған ортаның күйіне байланысты өзгеруі мүмкін.

▼ Кедрегіні анықтау және ескерту деңгейі (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)




Үлкен қашықтық туралы ескерту (нысан анықталды)

1) Жасыл түсті: 90 см немесе одан көп.




Орташа қашықтық туралы ескерту (нысанға жақындау)

1) Сары түсті: 70-90 см.



Қысқа қашықтық туралы ескерту (нысанға таяп жақындау)

1) Қызғылт сары: 50-70 см.




Өте қысқа қашықтық туралы ескерту (нысанға тақалу)

1) Қызыл түсті: 50 см немесе одан кем.

Егер артқы жүріспен қозғалу бағытында нысан анықталса, аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінде анықталған нысанға дейінгі қашықтық көрсетіледі.

Ескертуші дыбыс сигналы беріледі және жылдамдыққа байланысты не қозғалтқышпен тежеу үшін айналу сәтін басқару, не автоматты тежеу іске қосылады.


- ▼ Артқы жақта жақын тұрған нысанның бар екені туралы ескерту (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер)



Автоматты тежеу туралы ескерту

- 1) Ескерту хабарламасы.

Егер автокөлік артқы жүріспен қозғалуын жалғастырса, жүйе нысанмен соқтығысу қаупін анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда қысқа дыбыс сигналдары немесе үздіксіз ескертуші дыбыс сигналы беріледі, сондай-ақ соқтығысудың алдын алу үшін не автоматты тежеу, не айналу сәтін басқару іске қосылады.



Тежегіш педалін басу қажеттігі туралы ескерту

- 1) Ескерту хабарламасы.


Автокөлік автоматты тежеу арқылы тоқтатылғаннан кейін міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалі басылмайынша аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінде хабарлама көрсетіледі және үздіксіз дыбыс сигналы беріліп тұрады.

Бір мезгілде ескерту хабарламасы аспаптар тақтасының дисплейінде де (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) көрсетіледі.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Жүйе автоматты тежеудің көмегімен автокөлікті тоқтатқаннан кейін дереу тежегіш педалін басыңыз. Жол жабынының және шиналарының күйіне байланысты автокөлік қозғалыссыз тұрып қалуы мүмкін, бұл өз кезегінде күтпеген апатқа алып келуі мүмкін.

- ▼ Кедергіні анықтау және ескерту деңгейі (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер)




Үлкен қашықтық туралы ескерту (нысан анықталды)

- 1) Жасыл түсті: 90 см немесе одан көп.




Орташа қашықтық туралы ескерту (нысанға жақындау)

- 1) Сары түсті: 70-90 см.



Қысқа қашықтық туралы ескерту (нысанға таяп жақындау)

- 1) Қызғылт сары: 50-70 см.



702405


Өте қысқа қашықтық туралы ескерту (нысанға тақалу)

- 1) Қызыл түсті: 50 см немесе одан кем.

Егер артқы жүріспен қозғалу бағытында нысан анықталса, көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) анықталған нысанға дейінгі қашықтық көрсетіледі.

Ескертуші дыбыс сигналы беріледі және жылдамдыққа байланысты не қозғалтқышпен тежеу үшін айналу сәтін басқару, не автоматты тежеу іске қосылады.

▼ Артқы жақта жақын тұрған нысанның бар екені туралы ескерту (SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер)




702406

Автоматты тежеу туралы ескерту

- 1) Ескерту хабарламасы.

Егер автокөлік артқы жүріспен қозғалуын жалғастырса, жүйе нысанмен соқтығысу қаупін анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда қысқа дыбыс сигналдары немесе үздіксіз ескертуші дыбыс сигналы беріледі, сондай-ақ соқтығысудың алдын алу үшін не автоматты тежеу, не айналу сәтін басқару іске қосылады.



702407

Тежегіш педалін басу қажеттігі туралы ескерту


- 1) Ескерту хабарламасы.

Автокөлік автоматты тежеу арқылы тоқтатылғаннан кейін міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалі басылмайынша көп функциялы дисплейде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) хабарлама көрсетіледі және үздіксіз дыбыс сигналы беріліп тұрады. Бір мезгілде ескерту хабарламасы аспаптар тақтасының дисплейінде де (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) көрсетіледі.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүйе автоматты тежеудің көмегімен автокөлікті тоқтатқаннан кейін дереу тежегіш педалін басыңыз. Жол жабынының және шиналарының күйіне байланысты автокөлік қозғалыссыз тұрып қалуы мүмкін, бұл өз кезегінде күтпеген апатқа алып келуі мүмкін.

▼ Автокөлік жүйе арқылы тоқтатылғаннан кейін



Өшкен RAB жүйесінің бақылау шамы

Тежегіш педалін басқаннан кейін RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады, ал жүйе жұмысын уақытша тоқтатады. Егер селектор иінтірегі «R» күйінен өзге күйге ауыстырылса, RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы сөнеді.

Жүйе селектор иінтірегін келесіде «R» күйіне қойған кезде қайта жұмыс істейтін болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде тізіп келтірілген жағдайларда автокөлік RAB жүйесі арқылы тоқтатылғаннан кейін тежегіштерді басқару өшіріледі және электрлі тұрақ тежегіші іске қосылады. Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығару туралы толық ақпарат алу үшін «Электрлі тұрақ тежегіші» бөлімін (☎398-бет) қараңыз.
 - Егер автокөлік тоқтағаннан кейін 2 минуттан көп уақыт өткен болса.
 - Есіктердің кез келген бірі ашық тұрса.
- Төменде келтірілген жағдайларда RAB жүйесі өзінің жұмысын уақытша тоқтатуы мүмкін, осы кезде RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады.
 - Сонарлы датчиктерге немесе артқы бамперге сонарлы датчиктің жанына мұз, қар немесе балшық жабысқан.
 - Селектор иінтірегі «R» күйіне ауыстырылған кезде артқы бамперге тым жақын орналасқан нысандар бар.
 - Жүйе жиілігі RAB жүйесінің сонарының жиілігімен бірдей дыбыстарды анықтайды.

■ RAB жүйесінің жұмысын тоқтату

Төменде келтірілген операциялардың кез келгені орындалған жағдайда RAB жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатыла алады.


- Тежегіш педалінің басылуы*.
 - Акселератор педалінің басылуы*.
 - Акселератор педалінің басылуы және ұсталып тұруы (бұл жағдайда жылдамдықты үдетудің шектеуінің күші жойылады және автокөлік артқы жүріспен қозғалуды жалғастырады).
 - Селектор иінтірегін «R» күйінен басқа күйге ауыстыру.
- * Автокөлік автоматты тежеу көмегімен тоқтап тұрған кезде.

ЕСКЕРТПЕ


Егер бұдан әрі нысан анықталмаса, жүйенің жұмысы тоқтатылады.

■ RAB жүйесінің қосылу/өшірілу баптаулары

Селектор интірегі «R» күйінде тұрған кезде RAB жүйесінің төменде көрсетілген функциялары аудиожүйенің/навигация жүйесінің дисплейінің немесе көп функциялы дисплейдің (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейдің) көмегімен баптала алады.



SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі бар модельдер



SUBARU түпнұсқа навигация жүйесі және/немесе аудиожүйесі жоқ модельдер

- 1) RAB жүйесінің қосылу белгісі.
- 2) RAB жүйесінің өшірілу белгісі.
- 3) Нысан анықталған кезде ескертуші дыбыс сигналының қосылу белгісі.
- 4) Нысан анықталған кезде ескертуші дыбыс сигналының өшірілу белгісі.


Егер қосылу белгісі көрсетіліп тұрса, сәйкес баптау элементі қосылуы.

Баптау элементін өшіру үшін қосу белгісін түрткіз және ұстап тұрыңыз.

Егер өшірілу белгісі көрсетіліп тұрса, сәйкес баптау элементі өшірілуі.

Баптау элементін қосу үшін өшіру белгісін түрткіз және ұстап тұрыңыз.

Егер RAB жүйесі өшірілуі болса, келесі бақылау шамы жаңады.



Егер RAB жүйесі өшірілуі болса, RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы жаңады

Егер жүйе қосылуы болса, RAB жүйесін өшірудің бақылау шамы сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер баптауларды өзгерту мүмкін болмаса, баптау элементін қосу/өшіру белгісі сұр түспен көрсетіледі.
- RAB жүйесінде ақаулық болған және т.б. жағдайларда баптау элементін қосу/өшіру белгісі сұр түспен көрсетілуі мүмкін. Егер оталдыру жүйесінің құлпын қайталап «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін де баптауларды өзгерту мүмкін болмаса, өзіңіздің SUBARU

- ЖАЛҒАСЫ -

дилеріңізге хабарласуға кеңес береміз.


- Оталдыру жүйесінің құлпы «LOCK»/«OFF» күйіне келтіріліп, содан кейін «ON» күйіне қойылса, төменде тізіп көрсетілген баптаулар қалпына келтіріледі. Баптаулар бастапқыда аспаптар тақтасының дисплейінде (түрлі түсті сұйық кристалды дисплейде) орнатылады.
 - RAB жүйесінің баптаулары.
 - Нысан анықталған кездегі ескертуші дыбыс сигналы.

Сонымен бірге төменде келтірілген баптауларды аспаптар тақтасы дисплейінің (сұйық кристалды дисплейдің) көмегімен өзгертуге болады.

- Ескерту сигналының дыбыс күшінің деңгейі.
- Сонардың дыбыс сигналын қосу/өшіру.
- Автоматты тежеудің қосылуы/өшірілуі.

Толығырақ ақпарат алу үшін «Мәзір экрандары» бөлімін (☎ 230-бет) қараңыз.


■ RAB жүйесінің ескерту шамы



RAB жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында жоғарыда келтірілген шам жанады. Толығырақ ақпарат алу үшін жақын маңдағы SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Сонарлы датчиктермен жұмыс істеу

Артқы бамперде 4 сонарлы датчик орналасқан. RAB жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларды орындаңыз.



- Сонарлы датчиктерге немесе сонарлы датчиктердің жанына бампердің бетіне ешқандай жапсырмалар немесе басқа заттар бекітпеңіз.
- Сонарлы датчиктерді және сонарлы датчиктердің маңайындағы артқы бампердің бетін міндетті түрде таза ұстаңыз.
- Артқы бамперді модификацияламаңыз.
- Бампердің сонарлы датчиктердің жанын боямаңыз.

- Артқы бамперге сонарлы датчиктердің жанына күшті соққылар тигізбеңіз. Датчиктің орналасуы бұзылған жағдайда артқы жүріспен қозғалу бағытындағы нысандарды анықтай алмауды қоса алғанда жүйенің ақаулықтары туындауы мүмкін. Егер артқы бамперге кез келген қатты соққы тиген болса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.
- Сонарлы датчиктерді бөлшектемеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер сонарлы датчиктерді жөндеу немесе ауыстыру қажет болса немесе артқы бампердің сонарлы датчиктердің жанындағы жерін жөндеу, бояу немесе ауыстыру қажет болса, өзіңіздің SUBARU дилеріңіздің көмегіне жүгінуге кеңес береміз.

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (орнатылған болса)


Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізуші өзінің назарын алдыңғы бағытқа қарай шоғырландырмайтын ықтимал жағдайларды қадағалайды, сондай-ақ пайдаланушылардың жеке тұлғасын анықтайды.

Бұл жүйе жүргізушіге көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескертеді, сондай-ақ төмендегі баптауларды автоматты түрде қалпына келтірудің арқасында сапардың қауіпсіздігі мен жайлылығын сақтап отыра алады.

- Жүргізушінің отыру қалпы.
- Климат-контроль жүйесінің баптаулары.
- Аспаптар тақтасының баптаулары.
- Көп функциялы дисплейдің баптаулары.

Егер пайдаланушы тіркелген болса, ол автокөлікке отырған кезде әртүрлі баптаулар автоматты түрде қалпына келтіріледі.

Салондағы ауа температурасының баптауларын сондай-ақ ишарамен басқару функциясының көмегімен өзгертуге болады. «Ишарамен басқару» бөлімін (☎ 460-бет) қараңыз.



1) Камера.

⚠ АБАЙЛАҢИЗ

- **Автокөлікті басқару кезінде өте мұқият болыңыз.** Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесімен жабдықталған автокөлікті басқарып келе жатқаныңызға байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.
- **Бұл жүйе жүргізушіні ұйқы қысып келе жатқанын немесе оның зейінін қауіпсіз жүргізуге бағыттап отырғанын нақты анықтай алмайды.**

- Ол жүргізушінің ояу екенін не ұйықтап отырғанын, оның жүргізушілік қабілетінің төмендеп жатқанын не зейінін қауіпсіз жүргізуге бағыттап отырғанын анықтай алмайды.
- Кейбір жағдайларда жүйе жүргізушінің күйін дұрыс анықтауға қабілетсіз болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Пайдаланушыны анықтау камерасы кескіндерді, аудио- немесе бейнежазбаларды сақтамайды.
- Егер автокөлікке төмендегідей күн сәулесі түсіп тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
 - Күн сәулесі пайдаланушыны анықтау камерасына тікелей (немесе өйнек арқылы) түсіп тұр.
 - Жүргізушінің бетінде күн сәулесінің (немесе күшті инфрақызыл сәулесі бар кез келген басқа жарық көзінің) түсуінен пайда болған көлеңкелер бар.
 - Бетке түсіп тұрған күн сәулесінің (немесе күшті инфрақызыл сәулесі бар кез келген басқа жарық көзінің) күші лезде күшті құбылып тұр.
- Егер автокөлік салынында инфрақызыл сәуле тарату көзі бар

құрылғы (мысалы, нарықта бар жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі) орнатылған болса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізуші көзілдірік немесе күннен қорғайтын көзілдірік тағып жүрген кезде төменде көрсетілген жағдайларда дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
 - Күннен қорғайтын көзілдірік инфрақызыл сәулелердің өтуін қиындатады.
 - Көзілдіріктің немесе күннен қорғайтын көзілдіріктің линзаларында айнала қоршаған пейзаж шағылысып тұр.
 - Көздер көзілдіріктің жиектемесімен жабылған және пайдаланушыны анықтау камерасы көздерді анықтай алмай жатыр.
 - Инфрақызыл сәуле тарату көзінің (жарықдиодтың) жарығы көзілдіріктің немесе күннен қорғайтын көзілдіріктің линзаларынан шағылысып тұр.
 - Жүргізуші көзіне таңғыш тағып алған.
 - Жүргізуші көзіне дейін түсіп тұратын қалпақ киіп отыр.
- Маска түріне байланысты көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздікті/ұйқышылдықты дұрыс анықтау мүмкін емес.

- Егер пайдаланушының көздері, мұрны немесе аузы маскамен, шарфпен, күннен қорғайтын көзілдірікпен немесе басқа затпен жабылған болса, пайдаланушыны дұрыс анықтау мүмкін емес.
- Егер қастар, көздер, мұрын немесе ауыз бет пен жүйенің арасында орналасқан затпен жабылып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
- Егер руль дөңгелегіне қалың тысқап кигізілген болса, онда рульдің еңкею бұрышының/шығымының реттеуіне байланысты тысқап беттің жүйедегі көрінісін көлеңкейлеуі мүмкін, және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өз кезегінде дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
- Пайдаланушыны анықтау камерасына немесе инфрақызыл сәуле тарату көзіне (жарықдиодқа) ешқандай жапсырмалар жабыстырмаңыз. Егер пайдаланушыны анықтау камерасы немесе инфрақызыл сәуле тарату көзі (жарықдиод) қандай да бір кедергімен жабылған болса, жүргізушінің ахуалын дұрыс анықтау мүмкін болмайды.
- Егер ішкі айнада қандай да бір аксессуар ілініп тұрса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін.

- Пайдаланушыны анықтау камерасын немесе инфрақызыл сәуле тарату көзін (жарықдиодты) саусақтарыңызбен тікелей ұстамаңыз. Егер осы бөлшектердің бетінде ластану немесе саусақ іздері болса, жүргізушінің ахуалын дұрыс қадағалау мүмкін болмайды. Егер осы бөлшектердің бетінде ластану немесе саусақ іздері болса, оларды құрғақ жұмсақ шүберекпен немесе жақсылап сығылған дымқыл шүберекпен мұқият сүртіңіз.
- Егер пайдаланушыны анықтау камерасының немесе инфрақызыл сәуле тарату көзінің (жарықдиодтың) беті сызылған болса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Абайлаңыз, бұл бөлшектерге қатты заттардың тиюіне жол бермеңіз.
- Егер пайдаланушыны анықтау камерасында немесе инфрақызыл сәуле тарату көзінде (жарықдиодта) конденсат бар болса, дұрыс анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Бұл бөлшектерде конденсат пайда болған жағдайда оны жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
- Пайдаланушыны тіркеу кезінде анықтау үшін мүмкіндігінше көздеріңізді жұмбауға тырысыңыз.
- Егер пайдаланушыны сәтті анықтау коэффициенті төмен болса, пайдаланушы дұрыс тіркелмеген

болуы мүмкін. Тіркелу деректерін өшіріңіз де, тіркелуді қайта орындаңыз.

- Егер пайдаланушы автокөлікті көзілдірікпен де, жанаспалы линзалармен де жиі басқаратын болса, көзілдірікпен және жанаспалы линзалармен екі нұсқаны да тіркеуге кеңес беріледі.
- Пайдаланушыны анықтау автокөлікке отырғаннан кейін бірден басталады, алайда егер пайдаланушы ұзақ уақыт бойы төмен немесе жүргізуші жағындағы сыртқы айнаға қарап отырса, ол анықталмауы мүмкін.
- Егер егіздердің немесе бет-әлпеті ұқсас адамдар жұбының бірі тіркелген болса, жұптың екінші мүшесі автокөлікке отырған кезде жаңылыстан тіркелген пайдаланушы ретінде анықталуы мүмкін.
- Егер алдыңғы жолаушы орындығындағы адам жүргізуші орындығына қарай еңкейсе немесе жүргізуші орындығының жанында екі немесе одан көп беттер пайда болған басқа жағдайларда жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе пайдаланушы қозғалыс кезінде төмен, мысалы, аспаптарға немесе навигация жүйесінің экранына қарап отырған кезде пайдаланушының көздері жабық

деп қорытынды жасайтын жағдайлар болады. Мұндай жағдайларда жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескертуші дыбыс сигналы берілуі немесе жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Егер күлген кезде немесе сыртқы жарықтан қарықтырылған кезде көздер сығыраытын болса, жүйе көздерді жабық деп анықтауы мүмкін және жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескертуші дыбыс сигналы берілуі немесе жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық күйі немесе қалғып кету қаупі көздер жабық тұрған уақыттың ұзақтығы мен пайызы бойынша анықталады. Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескертуші дыбыс сигналы жай ғана жүргізушінің ұйқысы келуіне немесе есінеуіне байланысты берілмейді.
- Тіпті жүргізушінің ұйқысы келмесе де, оның көздері не жұмылып тұрса, не жиі жыпылықтаса, жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескертуші дыбыс сигналы берілуі мүмкін.

- Көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескертуші дыбыс сигналы жүргізуші алға еңкейген кезде немесе көлік жүргізу кезінде оның басы терезеден басқа жаққа бұрылғанда берілуі мүмкін.
- Егер автокөлік тоқтатылған болса немесе шағын жылдамдықпен жүріп келе жатса, тіпті жүргізуші алға қарамаса да, көлік жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескертуші дыбыс сигналы іске қосылмайды.
- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушілердің беттерінің ерекшеліктері туралы деректерді жинайды және сақтайды. Беттерді анықтау деректері жергілікті жадта сақталады және автокөліктен тысқары шығарылмайды. Олар Subaru компаниясына немесе тағы басқа жерлерге берілмейді және оларда сақталмайды. Төменде келтірілген рәсімді орындай отырып жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшіруіңізге және жүргізушінің кез келген сақталған деректерін жоюыңызға болады. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірсеңіз, ол сізге өзінің қауіпсіз және қолайлы функцияларын ұсына алмайды.

Қолжетімді функциялар жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптауларына және пайдаланушыны анықтау функциясының баптауларына байланысты әртүрлі болады.

Қолжетімді функциялар

			Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі*1	
			ҚОС.	ӨШІР.
Пайдаланушыны анықтау функциясы*2	ҚОС.	Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ ұйқышылдық туралы ескерту	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны анықтау функциясы	Қолжетімді	Қолжетімсіз
	ӨШІР.	Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ ұйқышылдық туралы ескерту	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны анықтау функциясы	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз

Функциялардың қолжетімді позициялары

			Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі*1	
			ҚОС.	ӨШІР.
Пайдаланушыны анықтау функциясы*2	ҚОС.	Пайдаланушыны тіркеу	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Барлық пайдаланушыны жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушы баптауларын жаңарту	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Жүргізушінің күйін жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
	ӨШІР.	Пайдаланушыны тіркеу	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз
		Пайдаланушыны жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Барлық пайдаланушыны жою	Қолжетімді	Қолжетімсіз
		Пайдаланушы баптауларын жаңарту	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз
		Жүргізушінің күйін жою	Қолжетімсіз	Қолжетімсіз

*1 Жүйені жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышымен қосуға/өшіруге болады. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышы» бөлімін (≈ 458-бет) қараңыз.

*2 Функцияны көп функциялы дисплейдің пайдаланушы баптауларынан қосуға/өшіруге болады. «Пайдаланушыны анықтау баптаулары» бөлімін (≈ 259-бет) қараңыз.

Қолжетімді функциялар пайдаланушының тіркелген болуына не болмауына байланысты әртүрлі болады.

Қолжетімді функциялар

	Пайдаланушы тіркелген	Пайдаланушы тіркелмеген
Пайдаланушыны анықтау функциясы	Қолжетімді	Қолжетімсіз

■ Пайдаланушыны анықтау функциясы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тіркелуді, орындықтың күйін және сыртқы айналардың реттелу бұрышын қалпына келтіруді немесе жоюды қозғалысты бастамай тұрып орындаңыз. Егер күйді тіркеу, қалпына келтіру немесе жою қозғалыс кезінде орындалатын болса, апатқа ұшырау қаупі бар.

Пайдаланушы тіркелген болса, келесі баптауларды қалпына келтіруге болады.

▼ Жүргізушінің күйін дербестендіру

- Орындықтың күйі және сыртқы айналардың реттелу бұрышы
- Орындықтың күйі және сыртқы айналардың реттелу бұрышы қалпына келтіріледі.
- Артқы жүріспен жүрген кездегі айналардың еңкею бұрышы (қарастырылған болса). Артқы жүріспен жүрген кездегі айналардың еңкею бұрышы қалпына келтіріледі.

▼ Аспаптар тақтасын дербестендіру

- Аспаптар тақтасының дисплейінің негізгі экраны
Пайдаланушының автокөліктен соңғы рет шығар кезде таңдаған экраны көрсетіледі.
- Отын шығынының экраны
Осы пайдаланушының бұрынғы сапарларындағы орташа отын шығыны көрсетіледі.

▼ Көп функциялы дисплейді дербестендіру

- Көп функциялы дисплейдің негізгі экраны
Пайдаланушының автокөліктен соңғы рет шығар кезде таңдаған экраны көрсетіледі.
- Отын шығынының экраны
Осы пайдаланушының бұрынғы сапарларындағы орташа отын шығыны көрсетіледі.
- Пайдаланушыны анықтау функциясымен байланысты пайдаланушы баптаулары.

Мәзір	Позиция	
Уақыт/Күн	Туған күн	
	Жылдық мереке	
Дисплей/Дыбыс сигналы	Дисплейдің өшірілуі	
	Таңдаулы	
	Қалқыма терезе	Туған күн туралы ескерту
		Жылдық мереке туралы ескерту
Дыбыс сигналы		
Климат-контроль жүйесі	Режимді баптау	
	Жолаушының отыруын анықтау	

▼ **Климат-контроль жүйесін дербестендіру**

- Климат-контроль жүйесінің баптаулары. Пайдаланушының соңғы рет көліктен түсер кезде таңдаған температура баптаулары, ауа үрлеу режимі және басқа да баптаулар қалпына келтіріледі.

ЕСКЕРТПЕ

Егер анықталған пайдаланушы автокөліктен «MAX A/C» режимі қосылу күйде түссе, «MAX A/C» режимінің алдындағы баптаулар сақталады.

▼ **Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің қосылу/өшірілу күйі**

Пайдаланушының автокөліктен соңғы рет түсер кезде таңдаған жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің қосылу/өшірілу күйі қалпына келтіріледі.

▼ Дербестендіру баптауларын өзгерту

Позиция		
Жүргізушінің күйін дербестендіру	Орындықтың күйі/сыртқы айналардың реттелу бұрышы	Баптаулар көп функциялы дисплейдің пайдаланушы баптаулары функциясының көмегімен өзгертіледі. «Баптаулар экраны» бөлімін (☞249-бет) қараңыз.
	Артқа жүру кезіндегі айналардың еңкею бұрышы (қарастырылған болса)	
Аспаптар тақтасын дербестендіру*	Аспаптар тақтасының дисплейінің негізгі экраны	Егер пайдаланушыны синхрондау функциясымен байланысты пайдаланушы баптауларының экраны тандалса және баптаулар өзгертілсе, ол автоматты түрде сақталады.
Көп функциялы дисплейді дербестендіру*	Көп функциялы дисплейдің негізгі экраны	
	Пайдаланушыны синхрондау функциясымен байланысты пайдаланушы баптаулары	
Климат-контроль жүйесін дербестендіру*	Климат-контроль жүйесінің баптаулары	
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің қосылу/өшірілу күйі		

* Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілген болса, тіпті экран таңдалған және баптаулар өзгертілген болса да, ол өзінің тікелей өшірілуге дейінгі күйін сақтап қалады.

■ Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту

Қозғалыс кезінде жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің ықтимал зейінсіздік немесе ұйқышылдық жағдайларын қадағалайды және оған ескертеді.

Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту іске қосылған кезде ескертуші дыбыс сигналы беріледі және қалқыма экран пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүргізу кезіндегі зейінсіздік/ұйқышылдық туралы ескерту пайдаланушыны анықтау функциясының күйіне тәуелсіз іске қосылады.
- Егер бұрылыс көрсеткіші қосылған болса немесе селектор иінтірегі «R» күйінде тұрса, жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту іске қосылмайды.
- Егер аспаптар тақтасында апат алдындағы тежеу функциясын өшірудің бақылау шамы жанып тұрса, жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту тіпті алда автокөлік немесе кедергі анықталған болса да, әдеттегідей сәттерде іске қосылады.

EyeSight жүйесі туралы толық ақпарат алу үшін автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша толықтыруын қараңыз.

▼ Жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту






Егер жүйе жүргізушінің зейінсіз болуы мүмкін екенін анықтаса, оған ескертеді. Жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту іске қосылған кезде ескертуші дыбыс сигналы беріледі және аспаптар тақтасының дисплейінде қалқыма экран пайда болады.


Егер EyeSight жүйесі алда автокөлікті немесе кедергіні анықтаса, жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту әдеттегіден ертерек іске қосылуы мүмкін. Автокөлікті пайдалану нұсқаулығының EyeSight жүйесі бойынша қосымшасын қараңыз.

▼ Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескерту

Ықтимал ұйқышылдық жүргізушінің қабақтарының жабылуы бойынша анықталады және жүргізушіге ескерту беріледі. Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескерту іске қосылған кезде ескертуші дыбыс сигналы беріледі және қалқыма экран пайда болады.

	Аспаптар тақтасының дисплейі	Көп функциялы дисплей	Ескертуші дыбыс сигналы
Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық			«Бип, бип...» (Жүргізуші көзін ашқанға дейін жалғасады.)
Күшті ұйқышылдық			5 мәртелік дыбыс сигналы
Жеңіл ұйқышылдық		—	Бір мәртелік дыбыс сигналы
Ұйқышылдық жоқ	—	—	—

■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау/ескерту шамдары



- 1) Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті).
- 2) Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы.
- 3) Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы.
- 4) Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті).

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау/ескерту шамдары аспаптар тақтасында жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің күйін көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау шамы жанып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы жанып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің функцияларын пайдалану мүмкін емес. Сонымен бірге келесі позицияларды таңдау мүмкін емес.

- Пайдаланушыны тіркеу.
- Пайдаланушыны жою.
- Барлық пайдаланушыны жою.
- Пайдаланушы баптауларын жаңарту.
- Жүргізушінің күйін жою.
- Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі.

- ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы (жасыл түсті)

Бұл бақылау шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жанады.

- ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын бақылау шамы

Бұл бақылау шамы пайдаланушы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің

ажыратқышын басқан және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жұмыс істемей тұрған кезде жанады.

- ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы

Бұл бақылау шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылғанда жанады.

ЕСКЕРТПЕ

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысы төмендегі жағдайларда уақытша тоқтатылады.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің негізгі блогының температурасы жоғары не төмен болған жағдайда.
- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің көздерінің қозғалысын қадағалай алмаса.
- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің қастарын, көздерін, мұрны мен аузын қадағалай алмаса.
- Егер камера және инфрақызыл сәуле көзі (жарықдиод) жабық болса және жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің ахуалын дұрыс қадағалай алмаса.

- ▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті)

Бұл ескерту шамы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінде проблемалар болған жағдайда жанады. Жүйеге диагностика жүргізу үшін SUBARU дилеріне жүгініңіз.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қолдану

- ▼ Пайдаланушыны анықтау

Егер пайдаланушы пайдаланушыны анықтау функциясы арқылы тіркелген болса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі келесіні орындайды.



1. Есік ашық тұрған және қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» автокөлікті электрмен қоректендіру режимі белгіленген кезде пайдаланушыны анықтау экраны пайда болады, ал жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі пайдаланушыны анықтауды бастайды. Пайдаланушыны анықтау экраны есік ашық тұрғанда кейбір жағдайларда пайда болмауы мүмкін, мысалы, қозғалтқышты қосу/өшіру түймесімен «OFF» автокөлікті электрмен қоректендіру режимі белгіленген сәттен бастап тым аз уақыт өткен болса. Мұндай жағдайларда пайдаланушыны анықтау есік жабылғаннан кейін іске қосылады, алайда пайдаланушыны анықтау экраны пайда болмайды.



2. Жүргізуші орындығына отырыңыз және бірнеше секундқа бетіңізді алдыға бұрыңыз.
3. Пайдаланушыны анықтау аяқталғаннан кейін көп функциялы дисплейде сәлемдесу экраны пайда болады.

Осы сәтте орындықтың күйі, сыртқы айналардың реттелу бұрышы, климат-контроль жүйесінің баптаулары, аспаптар тақтасының дисплейінің негізгі экраны, көп функциялы дисплейдің негізгі экраны және пайдаланушы баптаулары пайдаланушы туралы ақпаратқа сәйкес өзгертіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Көп функциялы дисплейдің ауыстырып қосқышын басқан кезде пайдаланушыны анықтау экраны өшеді, алайда пайдаланушыны анықтау жалғаса береді.
- Егер селектор иіңтірегі «P» күйінде тұрмаса, орындықтың күйі тіпті пайдаланушыны анықтау аяқталғаннан кейін де өзгермейді.
- Егер пайдаланушыны анықтау сәтті шықпаса, «Пайдаланушы анықталмаса» бөліміндегі (☎456-бет) нұсқауларды орындай отырып, анықтауды қайта орындаңыз.
- Пайдаланушыны анықтау қозғалыс кезінде орындалмайды.

- Егер орындықтың күйі немесе сыртқы айналардың реттелу бұрышы пайдаланушыны анықтау аяқталған сәтте өзгерту барысында болса, орындықтың күйін, сыртқы айналардың реттелу бұрышын немесе артқы жүріспен жүрген кездегі сыртқы айналардың еңкею бұрышын қалпына келтіру мүмкін болмайды.
- Егер орындықтың күйін немесе сыртқы айналардың реттелу бұрышын қалпына келтіру кезінде төменде келтірілген операциялардың кез келгені орындалатын болса, орындықтың күйін немесе сыртқы айналардың реттелу бұрышын қалпына келтіру тоқтатылады.
 - Орындықтың күйін реттеу электр жетегінің ауыстырып қосқышы басылған.
 - Сыртқы айналардың күй реттегішінің ауыстырып қосқышы басылған.
 - «SET» түймесі басылған.
 - «1» не «2» түймесі басылған.
 - Селектор иіңтірегі «P» күйінен басқа күйге ауыстырылған.
- ▼ Егер пайдаланушы анықталмаған болса


Төменде келтірілген жағдайда пайдаланушыны анықтау мүмкін емес болуы және «User recognition stopped»

(Пайдаланушыны анықтау тоқтатылды) хабарламасы көрсетілуі мүмкін.

- Камераны көлегейлеп тұрған қандай да бір зат бар.

Кедергіні алып тастаңыз және пайдаланушыны анықтауды қайта орындау рәсімін жүргізіңіз.

«Бетті сканерлеуді қайталау» бөлімін (☎255-бет) қараңыз.



1) Камера.

ЕСКЕРТПЕ

- Пайдаланушыны анықтау камерасында кір немесе саусақ іздері болса, пайдаланушыны анықтау мүмкін емес болуы мүмкін. Тазалау үшін жұмсақ шүберекпен сүртіңіз немесе жақсылап сығылған дымқыл шүберекпен абайлап сүртіңіз.

- Егер пайдаланушыны синхрондау функциясы өшірулі болса, бетті қайталап қолмен сканерлеу мүмкін емес.

■ Пайдаланушыны тіркеу және жою

Пайдаланушыларды жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесіне тіркеуге, сондай-ақ тіркелген пайдаланушыларды жоюға болады. Пайдаланушыны тіркеу және жою рәсімі «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптаулары» бөлімінде (☎255-бет) келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау шамы жанып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы жанып тұрса, төменде тізіп көрсетілген позицияларды таңдау мүмкін емес.
 - Пайдаланушыны тіркеу.
 - Пайдаланушыны жою.
 - Барлық пайдаланушыны жою.

- Пайдаланушы туралы ақпарат көп функциялы дисплейді әдепкі қалып бойынша зауыттық баптауларға қайтарған кезде де жойыла алады. Егер баптаулар әдепкі қалып бойынша зауыттық баптауларға қайтарылса, пайдаланушылар туралы бүкіл ақпарат жойылады. Егер пайдаланушының ахуалын бақылау жүйесі өшірілген болса, баптауларды әдепкі қалып бойынша зауыттық баптауларға дейін қайтару мүмкін емес.

■ Жүргізушінің күйін дербестендіруді тіркеу және жою

Пайдаланушыны тіркеу сәтінде бір мезгілде орындықтың күйі, сыртқы айналардың реттелу бұрышы және артқы жүріспен жүрген кездегі сыртқы айналардың еңкею бұрышы тіркеледі. Орындық күйінің, сыртқы айналардың реттелу бұрышының немесе артқы жүріспен жүрген кезде сыртқы айналардың еңкею бұрышының баптауларын өзгерту үшін «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптаулары» бөлімін (☎255-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы жүріспен жүрген кезде орындықтың күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеуден кейін пайдаланушыны тіркеуді іске қосыңыз. Егер оларды реттеу пайдаланушыны тіркеу кезінде жүзеге асырылса, реттеу үзіле тұруы мүмкін. «Реттеулердің электр жетегі бар орындық» бөлімін (☎40-бет) немесе «Сыртқы айналар» бөлімін (☎294-бет) қараңыз.
- Егер оталдыру жүйесінің құлпы пайдаланушыны тіркеу аяқталғанға дейін «OFF» күйіне ауыстырылған болса, артқы жүріспен жүрген кезде орындық күйін, сыртқы айналардың орнатылу бұрышын және сыртқы айналардың еңкею бұрышын реттеу туралы ақпарат сақталмайды.
- Егер пайдаланушыны анықтау функциясы өшірілген болса немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау шамы жанып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы жанып тұрса, төменде тізіп көрсетілген позицияларды таңдау мүмкін емес.

- Пайдаланушы баптауларын жаңарту.
- Жүргізушінің күйін жою.
- Жүргізушінің күйін пайдаланушы жүргізушінің орындығында отырған және пайдаланушыны анықтау орындалған кезде ғана тіркеуге немесе жоюға болады.


■ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу/өшіру баптаулары

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі пайдаланушыны анықтау орындалғаннан кейін өшірілсе, пайдаланушыны анықтау функциясы жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің қосылу/өшірілу күйін сақтайды.
- Тіпті жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышы өшірілген күйге қойылған болса да, қозғалыссыз тұрған автокөлікте жүргізуші есігі ашылып-жабылғаннан кейін жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі автоматты түрде қосылады. Бұл баптауларда пайдаланушыны анықтау қосылып тұрған жағдайда ғана орын алады. Жүйе автоматты түрде өшірілген күйге оралады.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірілгеннен кейін ол жүргізуші есігі ашылған кезде қосылса, пайдаланушыны анықтау дұрыс орындалмауы мүмкін.

▼ Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышы



Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышы

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышын басқан кезде жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшеді. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшіріліп тұрған кезде аспаптар тақтасында жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы жанады. Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін қосу үшін жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ажыратқышын қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Тіпті жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі өшірулі тұрса да, пайдаланушыны анықтау және автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі функциялары автоматты түрде қосылмайды және өшірілмейді.

▼ Пайдаланушыны анықтау баптаулары

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің пайдаланушыны анықтау функциясын қосуға/өшіруге болады. Параметрлерді баптау рәсімі «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптаулары» бөлімінде (☞255-бет) толығырақ сипатталған.

ЕСКЕРТПЕ

- Пайдаланушыны анықтау функциясының баптауларын әрбір нақты пайдаланушыға өзгерту мүмкін емес.
- Әдепкі қалып бойынша пайдаланушыны анықтау функциясы қосулы тұрады.

- Егер пайдаланушыны анықтау функциясы өшірілген болса, төменде келтірілген позицияларды таңдау мүмкін емес.
 - Бетті сканерлеуді қайталау.
 - Пайдаланушыны тіркеу.
 - Пайдаланушы баптауларын жаңарту.
 - Жүргізушінің күйін жою.

▼ Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі

Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі функциясы жүргізуші есігінің құлпы ашылған және жабылған кезде жүргізуші орындығының автоматты түрде жылжуын қарастырады.

Бұл функцияны қосып/өшіріп қоюға болады. Параметрлерді баптау рәсімі «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің баптаулары» бөлімінде (☞255-бет) толығырақ сипатталған.

Жүргізуші орындығына отырмас бұрын орындықтың автоматты түрде шегінуі операциясының толық аяқталуын күтіңіз.

ЕСКЕРТПЕ



- Автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі функциясын орындықтың күйі қашықтан ашу салпыншағының жадында тіркелмеген жағдайда пайдалануға болады.
- Тіпті автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі функциясы баптауларды қосулы тұрса да, егер пайдаланушыны анықтау функциясы өшірілген болса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Егер жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің бақылау шамы жанып тұрса, жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы немесе жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы жанып тұрса, автокөлікке отыру кезінде орындықтың автоматты түрде артқа шегінуі функциясын таңдау мүмкін емес.
- Бұл функция орындық күйді алға-артқа реттеу механизмінің жүрісінің алдыңғы жартысында тұрған жағдайда іске қосылады.

■ Ишарамен басқару

Ишарамен басқару сізге тікелей навигация жүйесінің және/немесе аудиожүйенің алдында орындалатын ерекше ишаралардың көмегімен жүргізуші жағындағы температураны реттеу тұтқасының 4 күйіне жоғарылатуға немесе төмендетуге мүмкіндік беретін функция болып келеді.

Ишарамен басқару сізге жолдан алаңдамастан климат-контроль жүйесін пайдалануға мүмкіндік береді және рульден қолыңызды алатын уақыт мезгілін қысқартады. Ишарамен басқару келесі жағдайларда қолданыла алады.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр.
- Климат-контроль жүйесі қосулы. “Климат-контроль жүйесін басқару панелі” бөлімін (☎ 305-бет) қараңыз.
- Селектор иінтірегі «P» не «R» күйінен басқа күйде тұр.



- 1) Камера.
- 2) Ашық алақаныңызбен ишара жасағанда салондағы температура көтеріледі.
- 3) Жұдырығыңызбен ишара жасағанда салондағы температура төмендейді.

Алақаныңызды камераға бағыттаңыз және саусақтарыңыз камера алдында тік күйде болатындай етіп ишара жасаңыз. Қысқа дыбыс сигналы естілгенше қолыңызды осы күйде ұстаңыз.

Егер бірнеше секунд бойы дыбыс естілмесе, қолыңызды анықтау аймағынан алыңыз, мысалы, рульге қайта қойыңыз, содан кейін ишараны қайталаңыз.

Бір ишара температура баптауларын бір мәрте өзгертеді. Ишарамен басқарудың көмегімен температураны үздіксіз өзгерту мүмкін емес. Егер температураны өзгертуді жалғастырғыңыз келсе, қолыңызды анықтау аймағынан алыңыз, мысалы, рульге қайта қойыңыз, содан кейін ишараны қайталаңыз.

Төменде келтірілген жағдайларда ишарамен басқару мүмкін емес.

- Төменде келтірілген шамдардың кез келгені жанып тұр.
 - Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесін өшірудің бақылау шамы.
 - Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату бақылау шамы.
 - Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің ескерту шамы (сары түсті).
- Селектор иінтірегі «P» не «N» күйінде тұр.

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушінің бетін анықтамайды. «Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі» бөлімін (☎445-бет) қараңыз.

Төменде келтірілген жағдайларда автокөлікті жүргізу кезінде ишарамен басқару мүмкін емес.

- Бұрылыс көрсеткіштері немесе апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылған.
- Руль кілт бұрылған.
- Жүргізу кезіндегі зейінсіздік туралы ескерту іске қосылды.
- Жүргізу кезіндегі ұйқышылдық туралы ескерту іске қосылды.
- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі жүргізушіні анықтау барысында тұр.
- Автокөлік төмен жылдамдықпен қозғалып келе жатыр.

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде келтірілген жағдайларда ишарамен басқару дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Күн сәулесінің жарығы (немесе күшті инфрақызыл сәулесі бар басқа жарық көзінің жарығы) жүргізушінің қолының көлеңкесінің пайда болуына алып келеді.
 - Жүргізушінің қолына түсіп тұрған күн сәулесінің (немесе күшті инфрақызыл сәулесі бар кез келген басқа жарық көзінің) күші лезде күшті құбылып тұр.

- Жүргізуші қолына қолғап киген немесе аксессуарлар тағып алған.
- Жүргізушінің қолы мен камераның арасында қандай да бір зат тұр.
- Анықтау аймағында біреуден көп қолдар бар, мысалы, анықтау аймағында жолаушының қолы болса.
- Төменде келтірілген жағдайларда ишарамен басқару дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
 - Жүргізушінің қолы камераға тым жақын орналасқан. Егер камера қолыңызды анықтамаса, қолыңызды жайымен бетіңізге жақынырақ жылжытыңыз.
 - Жүргізушінің қолы датчиктің әрекет ету аймағынан тыс жерде тұр.
 - Жүргізушінің қолы тым қатты бұрылған.
 - Жүргізушінің қолы датчиктің әрекет ету аймағына қатысты перпендикулярға сүйір бұрышпен бұрылған.
- Төменде келтірілген жағдайларда жүйе жаңылысып қолдың қимылын ишара ретінде қабылдауы және бұл температура баптауларының өзгеруіне алып келуі мүмкін.

- Қолыңыз автокөліктің сыртында тұрған адамға қарай қозғалған кезде датчиктің әрекет ету аймағына кіреді.
- Ішкі айнамен немесе жарықтандыру шамымен қандай да бір іс-әрекеттер жасаған кезде.
- Артқы орындықтағы жолаушы өз орнында отырып алдыға қарай созылады, сол кезде оның қолы анықтау аймағына кіреді.
- Егер климат-контроль жүйесі өшірілген болса, жүргізушінің ишараларына дыбыс сигналы берілуі мүмкін.
- Ишарамен басқару функциясын SUBARU дилерінде қостыруға/өшіртуге болады. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құралға арналған бастапқы кодты алу

Ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал туралы ақпарат.

Бұл бұйымда ашық бастапқы коды бар бағдарламалық құрал (FOSS) қолданылады.

Мұндай бағдарламалық құралдың лицензиялық ақпаратын және/немесе бастапқы кодын төменде көрсетілген мекенжай бойынша табуға болады.

http://www.embedded-carmultimedia.jp/RTOS/License/oss/DMS_0102/

Көлік жүргізу бойынша кеңестер

Жаңа көлікті сынап тексеру — алғашқы 1 600 км	464
Отын үнемдеу бойынша кеңестер	464
Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары (улы газ).....	465
Каталиттік бейтараптандырғыш	465
Автокөліктің техникалық жағдайын жүйелі түрде тексеру.....	466
Шет елдерде көлік жүргізу	467
Толық жетекті автокөлікті басқару бойынша кеңестер.....	467
Жолда және жолсыз жермен жүру.....	469
Автокөлікті қыстыгүні басқару.....	472
Автокөлікті суық ауа райында пайдалану.....	472
Қарлы және мұзды жолдармен жүру	474
Коррозиядан қорғау	476

Қысқы шиналар.....	476
Сырғытпайтын шынжырлар	477
Батып қалған көлікті ырғау	477
Жүктерді тасымалдау.....	478
Төбедегі рейлингтер.....	479
Тіркемені сүйреу (егер көзделсе)	480
Техникалық қызмет көрсету.....	480
Сүйретілетін тіркеменің салмағы	481
Тіркеу құрылғысы (дилер опциясы).....	481
Егер тіркеме сүйретпесеңіз.....	482
Тіркеменің сақтандыру шынжырлары	482
Сыртқы айналар	482
Тіркеменің жарық сигналын беру жүйесі.....	482
Шиналар	483
Тіркеме сүйреуге қатысты кеңестер	483
Қосымша ақпарат	487

Жаңа көлікті сынап тексеру — алғашқы 1 600 км

Автокөлігіңіздің жүріс сапасы мен ұзақ қызмет ету мерзімі сынап тексеру кезеңінде оны қалай қолданғаныңызға байланысты. Алғашқы 1 600 км үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Аса қажет болмаса, қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жылдамдығын 4 000 айн/мин асырмаңыз.
- Қозғалтқыштың иінді білігінің айналуын бір жиілікте ұзақ жұмыс істеуіне немесе иінді біліктің жоғары немесе төмен жылдамдығы не автокөліктің жоғары немесе төмен жылдамдығы болсын, бір жылдамдықпен ұзақ жүруіне мүмкіндік бермеңіз.
- Төтенше жағдайларды қоспағанда, орыннан ытқып жөнелуден немесе жылдамдықты күрт үдетуден сақтаныңыз.
- Төтенше жағдайларды қоспағанда, күрт тежемеңіз.

Сынап тексеру бойынша осы сияқты ұсыныстар қозғалтқыш күрделі жөндеуден өткен соң, автокөлікке жаңа қозғалтқышты орнатқаннан кейін, сондай-ақ тежегіш қыспақтарын жаңасына ауыстырғаннан кейін де қолданылады.

Отын үнемдеу бойынша кеңестер

Төмендегі кеңестер отынды үнемдеуге көмектеседі.

- Көлік жүргізу кезінде көліктің жүру жылдамдығына және жол жағдайына сәйкес келетін берілісті таңдаңыз.
- Күрт үдету мен тежеу әрекеттерін жасамаңыз. Үдету қажетті жылдамдыққа жеткенше біркелкі орындалуы керек. Содан кейін жеткен жылдамдықты мүмкіндігінше ұзақ сақтауға тырысыңыз.
- Акселератор педалін «шамадан тыс» басудан және қозғалтқышты иінді біліктің жоғарғы айналу жиілігіне дейін арттырудан аулақ болыңыз.
- Қажет болмаса, қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қоймаңыз.
- Автокөлігіңіздің қозғалтқышы дұрыс реттелгенін қадағалаңыз.
- Ұсынылған шина қысымын жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреудегі құлыптау бекіткішінің астында орналасқан шина қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында келтірілген мәндерге сәйкес сақтаңыз. Шина қысымның төмендеуі оның мерзімінен бұрын тозуына, сондай-ақ отын шығынын арттыруға әкеледі.
- Кондиционерді қажет болғанда ғана қосыңыз.

- Алдыңғы және артқы дөңгелектердің орнату бұрыштарын үнемі тексеріп отырыңыз.
- Автокөлікте қажет емес багажды немесе жүкті тасымалдамаңыз.

Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары (улы газ)

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарымен дем алудан аулақ болыңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында көміртегі тотығы, түссіз және иіссіз көміртегі тотығы газы бар, ол тыныс алғанда қауіпті немесе тіпті өлімге әкеледі.
- Қозғалтқыштың газ шығару жүйесін жақсы күйде ұстау арқылы пайдаланылған газдардың автокөлікке енуіне жол бермейсіз.
- Кіру және шығу кезінде қысқа мерзімді кезеңдерді қоспағанда, қозғалтқышты жабық жайда, мысалы, көлікжайда жұмыс істетіп қоймаңыз.
- Қозғалтқышы оталып тұрған автокөлікті тұрақта ұзақ тұрғызбаңыз. Мұндай жағдай мүмкін болмаса, желдеткішті қосу арқылы автокөлікке таза ауа беріңіз.

- Желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету жүйесінің ауа қармауышының алдыңғы торы әрдайым қардан, жапырақтардан және ауа легіне кедергі келтіретін басқа заттардан таза болуын қамтамасыз етіңіз.
- Пайдаланылған газдар көліктің салонына кіріп жатыр деген күдік болса, шұғыл түрде ақауды анықтап, оның көзін жою шараларын орындаңыз. Егер сізге әлі де сапар шегу қажет болса, көліктің барлық терезесін толығымен ашыңыз.
- Пайдаланылған газдардың автокөлік салонына енуіне жол бермеу үшін қозғалыс кезінде жүксалғыш қақпағының жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқышты өшіргеннен кейін пайдаланылған газ шығару жүйесі жағынан біраз уақыт бойы газ шығару жүйесі жасалған металдың кеңеюі мен сығылуына байланысты шытырлаған дыбыс естілуі мүмкін. Бұл дыбыс – қалыпты құбылыс.

Каталиттік бейтараптандырғыш



Каталиттік бейтараптандырғыш газ шығару жүйесіне орнатылады. Ол пайдаланылған газдардың жануын қамтамасыз етеді, осылайша олардың құрамындағы көмірсутектер, көміртегі тотығы және азот оксиді азайып, қозғалтқыштың пайдаланылған газдарын тазартады.

Каталиттік бейтараптандырғышқа зақым келтірмеу үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз.

- Тек этилденбеген бензинді қолданыңыз. Тіпті аз мөлшердегі этилденген бензиннің өзі каталиттік бейтараптандырғышты зақымдауы мүмкін.

- Көлікті сүйреу немесе итеру арқылы қозғалтқышты оталдырушы болмаңыз.
- Қозғалтқышты иінді біліктің жоғарғы айналу жиілігіне дейін жеткізуге жол бермеңіз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде оталдыру жүйесін сөндіруші болмаңыз.
- Автокөлігіңіздің қозғалтқышы дұрыс реттелгенін қадағалаңыз. Қозғалтқыштың жұмысындағы ақауларды сезсеңіз (қате жану, тарсылдау немесе отынның толық жанбауы), автокөлікті диагностикалау және жөндеу үшін өкілетті SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Каталиттік бейтараптандырғыштың жылу қорғайтын экранына және газ шығару жүйесінің бөлшектеріне автокөлік түбіне арналған қорғаныш мастикасын және коррозияға қарсы қосылыстарды қолданбаңыз.
- Отын деңгейі өте төмен болғанда автокөлікті жүргізбеңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- **Өрт қауіпсіздігі шараларын сақтаңыз. Тез тұтанғыш материалдардың (мысалы, құрғақ шөп, қағаз, шүберек, жапырақтар) жанында автокөлікті жұмыс істетпеңіз немесе оны тұраққа қоймаңыз, өйткені каталиттік бейтараптандырғыш өте жоғары температурада жұмыс істейді.**
- **Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда автокөліктің газ шығару құбырының қасында адамдар мен жанғыш материалдар болмауын қадағалаңыз. Пайдаланылған газдардың температурасы өте жоғары.**

Автокөліктің техникалық жағдайын жүйелі түрде тексеру

Автокөлігіңізді жақсы күйде ұстау үшін ұсынылған техникалық қызмет көрсету жұмыстарының тізімі белгіленген уақыт аралығында немесе автокөліктің белгілі бір жүріп өткен қашықтығынан кейін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүзеге асырылатындығына көз жеткізіңіз.

Шет елдерде көлік жүргізу

Автокөлігіңізді басқа елде пайдалануды көздесеңіз.

- Қажетті отынның бар екеніне көз жеткізіңіз. «Отын» бөлімін (☎357-бет) қараңыз.
- Сол елде белгіленген барлық нормативтік актілер мен талаптарды орындаңыз.
- EyeSight жүйесінің қозғалыс жолағының баптауларында нақты қозғалыс бағыты орнатылғанын тексеріңіз. «Функция баптаулары» бөлімін (☎28-бет) қараңыз.

Толық жетекті автокөлікті басқару бойынша кеңестер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Шұғыл бұрылу, күрт тежеу және т.с.с. кезінде апаттардың алдын алу үшін сондай жол және ауа райы жағдайлары үшін ең қауіпсіз болатын автокөліктің қозғалыс жылдамдығын сақтауға тырысыңыз.
- Автокөлікті жүргізу кезінде өте сақ болыңыз! Автокөлігіңіздің толық жетекті болуына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.
- Шинаны (шиналарды) ауыстыру немесе орнату кезінде барлық төрт шинаның мынадай параметрлері бірдей болуы шарт.
 - Өлшемі.
 - Шекті жылдамдық белгісі.
 - Жүктеме индексі.
 - Шеңбер ұзындығы.
 - Құрылысы.
 - Өндіруші.
 - Маркасы (протектор суреті).
 - Тозу дәрежесі.
 (a)–(c) позицияларына қатысты шиналардағы қысымның

нормативтік тақтайшасында талаптарды Шиналардағы нормативтік тақтайшасы тіреуінің төменгі бөлігінде шамаларының көрсетілген сақтау қажет. қысымның қысымның шамаларының жүргізуші есігі бөлігінде орналасқан.


Барлық төрт шина (a)–(h) параметрлерінде бірдей болмаса, автокөліктің беріліс қорабына елеулі механикалық зақым келуі және ол келесі факторларға әсер етуі мүмкін.

- Жүріс сапасы.
- Басқарылу.
- Тежеу.
- Спидометр/одометрді калибрлеу.
- Шанақ пен шиналар арасындағы саңылау.

Бұл да қауіпті болуы мүмкін және автокөлікті басқара алмай қалып, апатқа ұшыратуы мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жарық шинаны уақытша қосалқы шинаға ауыстырған кезде көлікпен бірге келген түпнұсқа уақытша қосалқы дөңгелекті ғана пайдаланыңыз. Өлшемі басқа дөңгелектерді пайдалану автокөлігіңіздің беріліс қорабына елеулі механикалық зақым келтіруі мүмкін.



Толық жетекті жүйе қозғалтқыш қуатын автокөліктің барлық төрт дөңгелегіне үлестіреді. Толық жетекті автокөліктер тайғақ, дымқыл немесе қарлы жолдарда, сондай-ақ балшықта, құмда немесе

топырақта жүргенде жақсы ілінісуді қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік мақсатында және толық жетек жүйесіне зақым келтірмеу үшін келесі ұсыныстарды есте сақтау керек.

- Толық жетекті автокөлік, алдыңғы жетекті автокөлікке қарағанда, тайғақ немесе қарлы жолдарда тік өрге шығу кезінде жақсы жүреді. Бірақ бұрылыс кезінде немесе күрт тежеу кезінде бұл автокөліктерді басқару аздап ерекшеленеді, сондықтан өрден төмен түскенде немесе бұрылғанда автокөлік жылдамдығын баяулатып, басқа автокөліктерге дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Жүрмей тұрып әрдайым салқын шиналардағы ауа қысымын тексеріңіз.
- Ұсынылған шина қысымы жүргізуші жақтағы ортаңғы тіреудегі құлып бекіткішінің астында орналасқан шина қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында келтірілген.
- Қажет болса, сырғытпайтын шынжырларды тек алдыңғы дөңгелектерге кигізіңіз. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сырғытпайтын шынжырлар» бөлімін ([☎ 477-бет](#)) қараңыз.
- Ауыр жағдайларда толық жетекті автокөлікті жиі пайдалану, мысалы, тік өрде немесе шаң көтерілетін жолдарда жүру, келесі позицияларды

«Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде ([☎ 525-бет](#)) көзделгеннен жиірек ауыстыру қажеттілігіне алып келеді.

- Мотор майы.
 - Тежегіш сұйықтығы.
 - Артқы дифференциал майы.
 - Сатысыз трансмиссия сұйықтығы.
 - Алдыңғы дифференциал майы.
- Көлікті сүйреген кезде белгілі бір сақтық шараларын сақтау қажет. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сүйреу» бөлімін ([☎ 504-бет](#)) қараңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Барлық Subaru моделі жеңіл автокөліктер қатарына жатады және тек заңда белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес келетін жалпы қолданыстағы жолдарда пайдалануға арналған. Автокөліктің немесе оның бөлек элементтерінің басқа жағдайларда жұмыс істеуіне байланысты зақымдануы өндірушінің кепілдігіне кірмейді.

Жолда және жолсыз жермен жүру

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөліктің төңкерілетін апат жағдайында қауіпсіздік белбеуін тақпаған адамның өліп кету қаупі, қауіпсіздік белбеуін таққан адамға қарағанда, әлдеқайда жоғары. Ауыр жарақат алу немесе өлім қаупін азайту үшін жүргізуші мен барлық жолаушы қауіпсіздік белбеуін тағуы керек.
- Өте қажет болмаса, тез маневр немесе күрт бұрылыс жасамаңыз. Мұндай әрекеттер қауіпті. Автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін, бұның салдары автокөліктің төңкерілуіне, ауыр жарақатқа немесе тіпті кісі өліміне әкеп соғуы мүмкін.
- Шұғыл бұрылу, күрт тежеу және т.с.с. кезінде апаттардың алдын алу үшін сондай жол және ауа райы жағдайлары үшін ең қауіпсіз болатын автокөліктің қозғалыс жылдамдығын сақтауға тырысыңыз.
- Күшті бүйірден соққан жел болса, автокөліктің жылдамдығын автокөлікті толық бақылауға алатындай етіп азайтыңыз.

Есіңізде болсын, автокөлігіңіз бен оның ауырлық орталығы кәдімгі жеңіл автокөліктерге қарағанда жоғары, сондықтан ол бүйірден соғатын желге көбірек ұшырайды.

- Автокөлікті жүргізу кезінде өте сақ болыңыз! Автокөлігіңіздің толық жетекті болуына байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.

- Автокөлікті жол төсемінің жағдайы нашар жолдарда пайдаланғанда сақ болыңыз және аспаның, шанақтың, қозғалтқыш пен беріліс қорабының мерзімінен бұрын тозуын және зақымдалуын болдырмау үшін дөңгелектерге күрт соққы жүктемесі тимейтін жылдамдықты сақтаңыз.
- Ешбір жағдайда су немесе балшық жиналған шұңқырлардан немесе су басқан жолдармен жүрмеуге тырысыңыз. Тереңдігіне қарамастан, олардың суы автокөлігіңіздің дөңгелектерінің астындағы топырақты шайып тастауы мүмкін, осылайша топырақпен ілінісу жоғалуы және тіпті автокөлік төңкерілуі мүмкін. Қозғалтқыштың ауа қармауышына немесе газ шығару құбырына кіретін су немесе автокөліктің электржабдығына шашыраған су автокөлікті зақымдаумен қатар қозғалтқышты сөндіріп тастауы мүмкін. Бұл жағдайда SUBARU дилеріне дереу хабарласыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қиыршық тас немесе тегіс емес жолдармен жүргеннен кейін автокөліктің шанағының астында зақым, деформация жоқ екенін немесе лак-бояу жабынының сырылмағанын тексеріңіз. Қандай да бір ақау табылса, автокөлігіңізге диагностика жасау үшін мүмкіндігінше тезірек SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Автокөлігіңіз кроссоверлер жіктеліміне кіреді. Осы санаттағы автокөліктер аса биік клиренсімен ерекшеленеді, бұл оны пайдалану шарттарының ауқымын кеңейтеді, атап айтқанда, ой-шұңқыры бар жерлерде жүруге мүмкіндік береді. Дегенмен автокөлігіңіз терминнің дәстүрлі мағынасында жол талғамайтын көлік емес екенін есте сақтаңыз. Кәдімгі жеңіл автокөліктермен салыстырғанда ауырлық ортасы биіктігінің автокөлігіңіздің жолтабан еніне үлкенірек қатынасы оның төңкерілу қаупін жоғарылатады. Шын мәнінде, осы санаттағы автокөліктердің, басқа автокөлік түрлеріне қарағанда, төңкеріліп кету қаупі айтарлықтай жоғары. Екінші жағынан, бұл көліктің биік клиренсі оның артықшылығы болады, бұл жолдың жақсы көрінуін қамтамасыз етіп, жолдағы проблемалы аймақтарды алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әдеттегі жеңіл автокөліктермен

салыстырғанда, сіздің кроссоверіңіз жоғары жылдамдықта бұрылыстарға кіруге бейімделмегенін әрдайым есте ұстаған жөн. Жоғары жылдамдықпен күрт бұрылған кезде автокөлігіңіз төңкеріліп кетуі мүмкін.

Төменде SUBARU-мен жолсыз жермен жүргенде сақтауыңыз тиіс кейбір сақтық шаралардың тізімі берілген.

- Автокөлікте тасымалданатын барлық жүкті мықтап бекітіңіз, сондай-ақ жүкті автокөлік орындықтарының арқалығынан жоғары орналастырмаңыз. Күрт тежеу немесе соққы келген кезде бос жүк бір жақ жанға лақтырылып, жарақат келтіруі мүмкін. Көліктің төбесіне ауыр жүкті тиеп тасымалдамаңыз. Мұндай жүктерді тасымалдау кезінде автокөліктің ауырлық ортасы жоғарылайды, нәтижесінде автокөлік төңкеріліп кетуге бейім болады.

- Автокөлікте белгілі бір апаттық жабдық болуы керек: сүйреу сымарқаны немесе шынжыр, күрек, тежейтін башмақтар, дәрі қобдишасы, ұялы телефон немесе азаматтық диалондағы радиостанция.
- Ешбір жағдайда автокөліктің дөңгелектеріне өлшемі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен үлкенірек шиналарды орнатпаңыз.
- Өзіңіздің және автокөлігіңіздегі барлық жолаушының қауіпсіздік белбеулері мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Көлікті ұқыпты басқарыңыз. Қауіпті жерлерге және ой-шұңқырлы аймақтарға кіргенде бекер қауіп төндірмеңіз.
- Рульді ішкі жағынан немесе шабағынан ұстамаңыз. Қандай да бір кедергіге тап болған кезде руль қолды қысып, жарақаттауы мүмкін, сондықтан автокөлік қозғалысы кезінде рульді жиегінің сырт жағынан ұстаңыз.
- Көлік жылдамдығын төмендетіңіз және әрдайым өте сақ болыңыз. Жолсыз жерлермен жүрген кезде сіз белгіленген қозғалыс жолақтарының, көлбеу жол бұрылыстарының, жол белгілерінің және т.б. көмегінен айырыласыз.
- Тік өрде көлденең жүрмеңіз. Еңістерде тек жоғары немесе тек төмен қарай қозғалуға рұқсат етіледі. Бойлық бағытқа қарағанда, автокөліктің бүйірімен төңкерілуі оңай. Алайда егер

- еңіс тым тік болса, онда сіз оған жоғары шығудан немесе төмен түсуден аулақ болуыңыз керек.
- Әсіресе шұғыл бұрылыстарда жоғары жылдамдықпен жүрмеңіз.
 - Егер батып қалған автокөлікті құмнан немесе балшықтан шығару үшін ырғау керек болса, селектор тұтқасын «1»/«D» мен «R» режимдері арасында ілгері-кейін жылжыта отырып, акселератор педалін бірқалыпты басыңыз. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін үдетпеңіз. Дөңгелектер жол бетіне жақсы ілінісуі үшін батып қалған автокөлікті шығару әрекетін жасаған кезде бос айналдырып алмауға тырысыңыз.
 - Жол өте тайғақ болса, онда қозғалысты бастаған кезде дөңгелектер жолдың бетімен жақсы ілінісуі үшін 1-ші емес, 2-ші берілісті қосыңыз (қолмен басқару режимі бар модельдер үшін).
 - Құмда, балшықта немесе суда жүргеннен кейін міндетті түрде тежегіш жұмысын тексеріңіз. Тексеру төмен жылдамдықпен жүріп келе жатып, тежегіш педалін басу арқылы жүзеге асырылады. Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтарын кептіру үшін бұл әрекетті бірнеше рет қайталаңыз.
 - Автокөлікті жанғыш материалдардың (құрғақ шөп немесе жапырақ қалдықтары) үстімен жүргізбеңіз

немесе сондай жерлердің маңына қоймаңыз, себебі олар оңай тұтануы мүмкін. Автокөліктің газ шығару жүйесі қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда және ол тоқтағаннан кейін бірден өте жоғары температурада болады. Бұл өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.

- Биік шөптің, балшықтың, тастың, құмның, судың және т.б. үстімен өткеннен кейін көліктің астыңғы бөлігінде шөп, бұтақ, қағаз, шүберек, тас, құм және басқа заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Егер мұндай заттар табылса, оларды шанақ астынан алып тастаңыз. Автокөлік шанағының астына қыстырылып немесе жабысып қалған заттар болғанда автокөлікті жүргізу механикалық зақым келтіруі немесе өрт шығаруы мүмкін.
- Жолсыз жерден өткеннен кейін автокөлігіңіздің шанақ астын міндетті түрде жуыңыз. Автокөліктің аспалы элементтері кірдің жабысуына ерекше сезімтал, сондықтан оларды мұқият жуу керек.

- Толық жетекті модельді ауыр жағдайларда, мысалы, жолы бұзылған жерлерде немесе жолсыз жерде жиі пайдалану, келесі позицияларды «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде (☞ 525-бет) көзделгеннен жиірек ауыстыру қажеттілігіне алып келеді.
- Мотор майы.
- Тежегіш сұйықтығы.

Есіңізде болсын, жоғарыда аталған сақтық шараларды сақтамай, жолдан тыс жерде пайдалану салдарынан келген SUBARU автокөлігіңіздің зақымдары кепілдікпен өтелмейді.

Автокөлікті қыстыгүні басқару

■ Автокөлікті суық ауа райында пайдалану

Автокөлікте белгілі бір апаттық жабдық болуы керек: сырғытпайтын шынжырлар, әйнек қырғыш, құм дорба, сигналдық зымырандар, кішкене күрек және қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған сымдар.

Аккумулятор батареясының күйі мен сымдардың күйін тексеріңіз. Суық ауа райында аккумулятордың электр сыйымдылығы төмендейді. Аккумулятордың суық қыста автокөлікті іске қосу үшін жеткілікті қуат бере алатын күйін қамтамасыз етіңіз.

Қыс мезгілінде автокөлікті қозғалтқыштың үздіксіз жұмысының ұзақтығы 30 минуттан аспайтын, оталдыру аралығы 1 сағаттан асатын және бір сапардың орташа жылдамдығы 15 км/сағ аспайтын қысқа қашықтыққа және жиі сапарлар режимінде пайдаланғанда оталдыру білтелерінің күйіне теріс әсер етуі мүмкін, атап айтқанда, олар жану өнімдерімен ластануы мүмкін. «Суық» қозғалтқышты оталдыру кезінде қиындықтар болмауы үшін жоғарыда сипатталған режимде күнделікті пайдаланғанда үш күнде бір рет автокөлігіңізді жалпы ұзақтығы кемінде

30 минут жүргізіп тұруға кеңес береміз. Бұл кезде осы сапар барысында автокөліктің жылдамдығы кемінде 80 км/сағ болатын, ұзақтығы кемінде 10 минут болатын үздіксіз уақыт болуы шарт.

Қозғалтқышты өте суық ауа райында оталдыру әдетте көп уақытты қажет етеді. Санаты мен тұтқырлығы суық ауа райына сәйкес келетін мотор майын пайдаланыңыз. Ауыр жазғы майды пайдалану қозғалтқышты оталдыруды қиындатады.

Есіктің құлыптарын мұздап қатып қалудан жібіткіш немесе глицерин бүрку арқылы қорғаңыз. Мұздап жабысып қалған есікті күшпен ашуға тырыссаңыз, есіктің айналасындағы резеңке тығыздағыштар зақымдалады немесе жыртылады. Егер есік қатып қалса, мұзды ыстық сумен ерітіңіз, содан кейін есіктен қалған суды мұқият сүртіп кетіріңіз.

Алдыңғы әйнекжуғыш үшін арнайы мұздамайтын сұйықтықты қолданыңыз. Осы мақсатқа қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын немесе сол сияқты сұйықтықтарды қолданбаңыз, себебі олар көліктің лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Егер сіз баққа концентрациясы бұрын құйылған сұйықтықтан өзгеше сұйықтық құйған болсаңыз, бак пен әйнекжуғыш форсункалары арасындағы құбырларды жуғышты біраз уақытқа қосу арқылы жаңа сұйықтықпен шайыңыз. Әйтпесе, құбырларда қалған сұйықтықтың концентрациясы орнаған сыртқы температура үшін қажетті деңгейден аз болса, ол қатып қалуы және форсункалардың қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Әйнекжуғыш сұйықтықтың концентрациясын сыртқы температураға сәйкес реттеңіз. Концентрация дұрыс болмаса, алдыңғы әйнекке шашыратылған сұйықтық қатып қалып, көру мүмкіндігін шектеуі мүмкін, сондай-ақ бактың ішінде қатып қалуы мүмкін.

▼ Жолға шықпас бұрын

Көлікке отырар алдында аяқкиімді қардан және мұздан тазалаңыз, әйтпесе,

педальдер тайғақ болып, көлік жүргізу кезінде қауіпті салдарға алып келуі мүмкін.

Жолға шығар алдында көлікті қыздырған кезде акселератор педалі мен тежегіш педалінің бірқалыпты жүріп тұрғанын және барлық басқа басқару құралы қалыпты жұмыс істейтінін тексеріңіз.

Руль механизмінің жұмысын қиындатпау үшін көліктің қанаттарының астына жиналған қар мен мұзды алып тастаңыз. Көлікті қатаң қыс мезгілінде пайдаланған кезде көлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, дөңгелек шиналарында қар мен мұздың қатып қалмағанын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

▼ Суық ауа райында тұраққа қою

Автокөлік суық ауа райында ұзақ уақыт тұраққа қойылатын болса, тұрақ тежегішін қолданбаңыз, себебі тежегіш қыспақтары қатып қалуы мүмкін. Оның орнына келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Селектор тұтқасын «Р» күйіне орнатыңыз.
2. Көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін дөңгелектердің астына тежегіш башмақтар орнатыңыз.

Қар жауып тұрған кезде көлікті тұраққа қойғанда әйнектазартқыш щеткаларының зақымдануына жол бермес үшін оларды көтеріп қойыңыз.

Автокөлік қары қалың түскен жолдармен жүргеннен кейін ұзақ уақыт тұраққа қойылғанда, сондай-ақ қарлы боранда

ұзақ уақыт тұраққа қойылған кезде тежеу жүйесінде мұз пайда болуы мүмкін, бұл тежеу тиімділігін төмендетуі ықтимал. Автокөліктің аспасында, тежегіш дискілерінде және автокөліктің астында орналасқан тежегіш құбыршектерінде қар жиналып, мұз өспегенін тексеріңіз.

Қар немесе мұз жиналса, тежегіш дискілерін, тежегіш құбыршектерін және ABS жүйесінің сымдарын зақымдап алмай, оларды абайлап алып тастау керек.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қар көліктің астында денсаулыққа қауіпті пайдаланылған газдарды ұстап қалуы мүмкін. Автокөлігіңізді қарлы жерге қойып, қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрған күйінде қалдырғыңыз келсе, газ шығару құбырындағы және көліктің айналасындағы қарды тазалаңыз.

▼ Суық ауа райында автокөлікке отын құю

Суық ауа райында отын жүйесінде ылғалдың пайда болуына және оның қатып қалуына жол бермеу үшін отын бағына арнайы аязға төзімді қоспаларды қосу керек. Тек осы мақсатқа арналған қоспаларды пайдаланыңыз. Мұндай қоспаларды пайдаланған кезде, отын бағының жартысында отын болған кезде отынды оның үстінен құйсаңыз, қоспалардың әсері ұзағырақ сақталатынын естен шығармаған жөн.

Автокөліктің ұзақ уақыт пайдаланылмайтыны белгілі болғанда оның отын бағында отын толып тұрғаны жақсы болады.

▼ Жүксалғыш есігін ашу (жүксалғыш есігінің электржетегі бар модельдер)**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

Жүксалғыш есігінің электржетегін қосар алдында электржетегі бар жүксалғыш есігі мен автокөлік шанағы арасында мұз немесе қардың жоқ екенін тексеріп алыңыз. Егер электржетекті жүксалғыш есігінде мұз немесе қар және т.б. байқасаңыз, оны алып тастаңыз. Егер мұз немесе қар тұрған жүксалғыш есігінің электржетегін мәжбүрлеп қоссаңыз, ақау туындауы мүмкін.

■ Қарлы және мұзды жолдармен жүру

Автокөлік қарлы және мұзды жолдармен жүргенде дөңгелектер сырғанамауы және бос айналмауы үшін күрт тежеу, үдету және бұрылу әрекеттерінен, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз.

Күрт тежеуден сақтану үшін әрдайым алдағы автокөлікке дейінгі жеткілікті қашықтықты сақтап отырыңыз.

Автокөлік қозғалысының жылдамдығын реттеу үшін және жұмыс істейтін тежеу жүйесіне қосымша қозғалтқышпен тежеуді тиімді пайдалану керек. (Қажет болса, төменгі беріліске ауыстырыңыз.)

Берілісті төменгі берілістерге күрт ауыстырмаңыз. Мұндай жүргізу салдарынан дөңгелектер бекітіліп қалуы мүмкін, осылайша автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

Тежегіштерді бекіту жүйесі (ABS жүйесі) қарлы немесе мұзды жолда тежеу тиімділігін арттырады. Тайғақ жол төсемінде тежеу туралы ақпарат алу үшін «Тежегішті бекіту жүйесі (ABS)» (☎382-бет) және «Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (VDC)» (☎385-бет) бөлімдерін қараңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тайғақ (қарлы, мұзды) жолдарда жүргенде круиз-контроль жүйесін пайдаланбаңыз. Бұның салдарынан автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қарлы боранда ұзақ үздіксіз сапарлардан аулақ болыңыз. Қар қозғалтқыштың ауа енгізу жүйесіне түсіп, ауа ағынына кедергі келтіруі мүмкін. Бұның салдарынан қозғалтқыш тоқтап қалуы немесе тіпті зақымдалуы мүмкін.

▼ Әйнектазартқыштың қар жауған кездегі жұмысы

Суық ауа райында қозғалысты бастамас бұрын алдыңғы немесе артқы әйнектегі әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспалары әйнекке қатып қалмағанын тексеріп алыңыз.

Егер әйнектазартқыштың резеңке таспалары алдыңғы немесе артқы әйнекке қатып қалса, келесі қадамдарды орындаңыз.

- Әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспаларын жібіту үшін әйнекжылытқышты қосыңыз және резеңке таспалар толығымен жібігенше максималды қыздыру температурасын орнатыңыз. «Алдыңғы әйнек жылытқыш» бөлімін (☞ 315-бет) қараңыз.
- Егер автокөлігіңіздің алдыңғы әйнегінде әйнектазартқыш щеткасы мұзеріткішпен жабдықталған болса, соны пайдаланыңыз. Бұл алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының резеңке

таспаларын жібіту үшін өте пайдалы болады. «Артқы әйнектің, сыртқы айнаның жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының мұзеріткіші» бөлімін (☞ 299-бет) қараңыз.

- Артқы әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын жібіту үшін артқы әйнек жылытқышын қосыңыз. «Артқы әйнектің, сыртқы айнаның жылытқышы және алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының мұзеріткіші» бөлімін (☞ 299-бет) қараңыз.

Қарда жүргізген кезде, егер әйнектазартқыштың жұмысына қарамастан, қататын қар алдыңғы әйнекке жабыса бастаса, алдыңғы әйнек жылытқышын қосып, максималды жылыту температурасын орнатыңыз. Алдыңғы әйнек жеткілікті мөлшерде жылынғаннан кейін және қатқан қар ерігеннен кейін алдыңғы әйнекжұғышты қосып, оны жуып тастаңыз. «Алдыңғы әйнекжұғыш» бөлімін (☞ 291-бет) қараңыз.

Әйнектазартқыштың жетектемелеріне қар жабысып қалса, оның қалыпты жұмысы қиындайды. Қар әйнектазартқыштың жетектемелеріне жабысып қалғанда жолдан қауіпсіз жерге тоқтап, оны алып тастауыңыз керек. Жол жиегінде тоқтаған кезде басқа жүргізушілерге апаттық аялдау туралы ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.

«Апаттық жарық сигналын беру жүйесі» бөлімін (☞ 184-бет) қараңыз.

Автокөлікті қар жауатын, ал ауа температурасы судың қату температурасынан төмен болатын айларда пайдаланған кезде әйнектазартқыштың «қатпайтын» (қысқы) щеткаларын орнатыңыз.

Бұл типтегі щеткалар қар жауған кезде алдыңғы әйнекті жақсы тазалайды. Мұндай щеткаларды қолданар алдында олар сіздің автокөлігіңізге сәйкес келетінін тексеріп алыңыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Жоғары жылдамдықпен қозғалғанда әйнектазартқыштың «қатпайтын» щеткалары қарапайым щеткалармен бірдей дәрежеде тазалай алмауы мүмкін. Бұл жағдайда автокөліктің жылдамдығын төмендетуіңіз керек.

ЕСКЕРТПЕ

Әйнектазартқыштың «қатпайтын» щеткаларын орнату қажет болған маусым аяқталғанда оларды стандартты щеткаларға ауыстырыңыз.

▼ Жарықтандыру жүйесінің қар жауған кездегі жұмысы

Жүрмей тұрып, фаралардың таза екенін тексеріп алыңыз. Егер фараларға қар, қырау немесе мұз жабысып қалса, оларды алып тастаңыз. Егер фаралар лас болса, олар көліктің алдындағы аймаққа әдеттегідей жарық түсіре алмайды. Оған қоса, габарит шамдары мен стоп-сигналдар лас болса, автокөлік басқа жүргізушілерге өзінің жағдайы туралы хабарлай алмайды, мұның арты апатқа ұшыратуы мүмкін.

■ Коррозиядан қорғау

«Коррозиядан қорғау» бөлімін (☞ 519-бет) қараңыз.

■ Қысқы шиналар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

• Қысқы шинаны (шиналарды) ауыстыру немесе орнату кезінде барлық төрт шинаның мынадай параметрлері бірдей болуы шарт.

- (a) Өлшемі.
- (b) Шекті жылдамдық белгісі.
- (c) Жүктеме индексі.
- (d) Шеңбер ұзындығы.
- (e) Құрылысы.
- (f) Өндіруші.

(g) Маркасы (протектор суреті).

(h) Тозу дәрежесі.

(a)–(c) позицияларына қатысты шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілген талаптарды сақтау қажет. Шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасы жүргізуші есігі тіреуінің төменгі бөлігінде орналасқан.

Барлық төрт шина (a)–(h) параметрлерінде бірдей болмаса, автокөліктің беріліс қорабына елеулі механикалық зақым келуі және ол келесі факторларға әсер етуі мүмкін.

- Жүріс сапасы.
- Басқарылу.
- Тежеу.
- Спидометр/одометрді калибрлеу.
- Шанақ пен шиналар арасындағы саңылау.

Бұл да қауіпті болуы мүмкін және автокөлікті басқара алмай қалып, апатқа ұшыратуы мүмкін.

- Автокөлікке радиалды, диагоналды немесе диагоналды-белдеуленген шиналарды бірге орнатпаңыз, себебі бұл автокөліктің басқарылуына қауіпті

әсер етуі және апатқа ұшыратуы мүмкін.

Қысқы шиналарды пайдалану қыста автокөліктің жүріс сапасын жақсартады. Егер қысқы шиналарды орнататын болсаңыз, олардың өлшемі мен түрі сіздің автокөлігіңіз үшін ұйғарылған параметрлерге сәйкес келетінін тексеріп алыңыз. Барлық төрт шинаның өлшемі, дизайны және брендті бірдей, сондай-ақ бірдей шекті жүктемеге есептелген болуы керек. Радиалды, диагоналды немесе диагоналды-белдеуленген шиналарды бірге орнатушы болмаңыз, өйткені бұл сіздің автокөлігіңіздің басқарылуына қауіп төндіруі мүмкін. Автокөлігіңіздің дөңгелектеріне орнатылған шиналардың түріне қарамастан, көлікті басқарған кезде мұқият болыңыз.

Егер автокөлігіңіздің дөңгелектеріне орнатылған қысқы шиналар «Q», «T» немесе «H» шекті рұқсат етілген жылдамдықты таңбалайтын болса, онда қозғалыстың максималды жылдамдығы тиісінше 160 км/сағ, 190 км/сағ немесе 210 км/сағ аспауы шарт.

■ Сырғытпайтын шынжырлар

Егер сізге қарлы бөктерде немесе мұзды жолдарда жүру үшін сырғытпайтын шынжырларды пайдалану қажет болса, келесідей сақтық шараларды сақтаңыз.

- Шынжырларды тек алдыңғы дөңгелектерге орнатыңыз.
- Автокөліктің шанағына немесе оның аспасына зақым келтірмеу үшін тек сіздің автокөлігіңіздің дөңгелектеріне сәйкес келетін сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз. Сіздің автокөлігіңізге пайдалануға рұқсат етілген сырғытпайтын шынжырлар туралы ақпаратты SUBARU дилерінен алыңыз.
- Уақытша қосалқы дөңгелекке сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз.
- Дөңгелектеріне сырғытпайтын шынжырлар орнатылған автокөлікпен жүрген кезде қозғалыс жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан аспауы тиіс.

Дөңгелектеріне сырғытпайтын шынжырлар орнатылған көлікті басқарған кезде өте сақ болыңыз! Автокөліктің дөңгелектеріне сырғытпайтын шынжырларды орнатуға байланысты тым сенімді болу салдары ауыр апаттарға жетелеуі мүмкін.


■ Батып қалған көлікті ырғау

Батып қалған автокөлікті қардан, құмнан немесе балшықтан шығару үшін ырғау керек болса, селектор тұтқасын «1»/«D» мен «R» режимдері арасында ілгері-кейін жылжыта отырып, акселератор педалін бірқалыпты басыңыз. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғары айналу жиілігіне дейін үдетпеңіз. Дөңгелектер жол бетіне жақсы ілінісуі үшін батып қалған автокөлікті шығару әрекетін жасаған кезде бос айналдырып алмауға тырысыңыз.

Жол өте тайғақ болса, автокөлік орнынан қозғалған кезде дөңгелектер жол бетімен жақсы ілінісуі үшін 1-ші емес, 2-ші берілісті қосыңыз (қолмен басқару режимі бар модельдер үшін).

Егер автокөлігіңіз қолмен басқару режимі бар сатысыз беріліспен жабдықталған болса, онда 2-ші берілісте берілісті құлыптау туралы ақпарат алу үшін «Қолмен басқару режимін таңдау» бөлімін (\Rightarrow 372-бет) қараңыз.

Жүктерді тасымалдау



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тасымалданатын жүк немесе басқа жүк орындықтың арқалығынан жоғары орналаспауы тиіс, өйткені автокөлік күрт тоқтаған немесе апатқа ұшыраған кезде жүк алға қарай құлап, жолаушыларға зақым келтіруі мүмкін. Тасымалдау кезінде жүкті немесе басқа жүкті еденге жақын орналастырыңыз.
- Жолаушыларды артқы орындықтың жиылған арқалығына отырғызып немесе жүксалғышта тасымалдамаңыз. Осының салдарынан ауыр жарақаттар келуі мүмкін.

- Егер жүкті автокөлік салонына салып тасымалдайтын болсаңыз, күрт тежеу, бұрылу кезінде немесе апат орын алғанда салон ішінде жүктің қозғалып кету ықтималдығына жол бермеу үшін оны бекітіп қойыңыз.
- Көліктің төбесіне ауыр жүкті тиеп тасымалдамаңыз. Мұндай жүктерді тасымалдау кезінде автокөліктің ауырлық ортасы жоғарылайды, нәтижесінде автокөлік төңкеріліп кетуге бейім болады.
- Ұзын заттарды мықтап бекітіңіз, өйткені күрт тежеу кезінде олар алға қарай ұшып кетуі мүмкін, салдарынан ауыр жарақат келуі ықтимал.
- Жүксалғыштың жылжымалы қалқасына ешқандай зат қоймаңыз. Күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде олар алға қарай ұшып кетуі мүмкін. Бұның салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Өз автокөлігіңізде азрозоль баллондарын, от қауіпті немесе агрессивті сұйықтықтарды немесе басқа да қауіпті заттарды тасымалдаушы болмаңыз.
- Егер жүк жүксалғыш сыртына шығып тұрса, жүксалғыш есігін жаппаңыз. Жүк зақымдануы мүмкін. Жүксалғыш есігінің электржетегі бар модельдерде реверс функциясының көмегімен жүксалғыш есігін ашуға болады.
- Жүксалғыш есігінің электржетегі бар модельдерде абай болыңыз, жүксалғыш есігі мен шатырға тиелген жүктің бір-біріне соқтығысуына жол бермеңіз. Әйтпесе, жүксалғыш есігі ашылған кезде жүкке тиеді, бұл жүкті де, жүксалғыш есігін де зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Отынды үнемдеу үшін қажетсіз жүкті тасымалдамаңыз.

■ Төбедегі рейлингтер



1) Төбедегі рейлингтер

Төбедегі рейлингтерге жүксалғышты бекіткеннен кейін жүктерді төбеге тиіп тасымалдай аласыз. Төбедегі рейлингтерге жүксалғыш орнатқан кезде өндірушінің нұсқаулықтарын сақтаңыз. Төбедегі рейлингтердің конструкциясы жүктерді тасымалдауға арналған, олардың салмағы жүксалғышпен бірге 80 кг шамасынан аспайды.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Автокөлігіңіздің төбесіндегі жүксалғышты пайдаланған кезде тасымалданатын жүктің және жүксалғыштың жалпы салмағы 80 кг-дан аспайтындығына көз жеткізіңіз. Шамадан тыс жүк тиеу салдары автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Автокөлік төбесінде жүк тасымалдау үшін төбедегі рейлингтер жүксалғыштың өзімен бірге қолданылуы керек. Төбедегі рейлингтерді ғана қолданып, көліктің төбесінде жүк тасымалдамаңыз. Әйтпесе, автокөліктің төбесі немесе оның лак-бояу жабыны зақымдалуы мүмкін, сондай-ақ тасымалданатын жүктің құлауына байланысты қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін.

Жүксалғышты, велосипедтерді, шаңғыларды, байдаркаларды, жүк себеттерін және т.б. тасымалдауға арналған кез келген құрылғыларды орнату кезінде дайындаушының максималды жүктемеге қатысты нұсқауларын сақтаңыз және құрылғылардың сенімді бекітілгенін тексеріңіз. Жүксалғышқа орнату үшін арнайы жасалған құрылғыларды ғана пайдаланыңыз. Жүрмей тұрып, жүктің жүк

тасымалдағыштарға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөліктің төбесінде жүкті тасымалдау кезінде көліктің ауырлық орталығының биіктігі өзгеретінін ескеріңіз, бұл автокөліктің жүргізу сипаттамаларына теріс әсер етеді. Автокөлікті ұқыпты басқарыңыз. Орыннан ытқып қозғалудан, шұғыл бұрылудан және күрт тежеуден сақ болыңыз. Бұл кезде бүйірлік жел әсері күшейеді.

Тіркемені сүйреу (егер көзделсе)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тек тіркеу құрылғысына жарамды жұмыр тіректі пайдаланыңыз. Тіркеу құрылғысын тек жүк көтергіштігіне сай пайдаланыңыз. Жүктемені үлестіретін тіркеу құрылғысының кез келген басқа түрін пайдаланбаңыз.
- Тіркеу құрылғысын шешіп тастағаннан кейін бампердің стандартты арқалығын орнату керек. Сізде түпнұсқасы болмаса, стандартты бампер арқалығын сатып алу жөнінде SUBARU дилерімен кеңесіңіз.
- Егер тіркеу құрылғысы немесе стандартты бампер арқалығы орнатылмаса, қауіпсіздік параметрлері төмендейді және апат кезінде жолаушылардың жарақат алу қаупі артады. Міндетті түрде олардың бірі автокөлікке орнатылуы керек.
- Егер тіркеу құрылғысы орнатылса, артқы сүйреу құлақшасын (іلمек-болт) орнату мүмкін емес.

Сіздің автокөлігіңіздің конструкциясы мен мақсаты оны ең алдымен жолаушылар көлігі ретінде пайдалануды қарастырады. Тіркемені сүйреу кезінде қозғалтқыш, беріліс қорабы, тежеу жүйесі, шиналар мен көліктің аспасына қосымша күш түседі. Оған қоса, бұл кезде отын шығыны артады.

Кейбір елдерде жеңіл автокөліктердің тіркемелерді сүйреу тәртібі арнайы нормативтік актілермен реттеледі. Егер тіркеме сүйреуге ниеттенсеңіз, онда сіздің қауіпсіздігіңіз және сүйреу мүмкіндігіңіз жабдықты дұрыс таңдауға, оны пайдалану ережелерін сақтауға, сондай-ақ автокөлікті қаншалықты ұқыпты жүргізетініңізге байланысты болады. Тіркеу құрылғысы мен басқа да қажетті жабдықты сатып алмас бұрын автокөлігіңізге сәйкес келетін жабдықты таңдау бойынша кеңес алу үшін SUBARU дилеріне хабарласқаныңыз жөн. Бұған қоса, тіркемені сүйреуге қажетті жабдықты, сондай-ақ тіркеменің өзін орнату және пайдалану жөніндегі өндірушілердің нұсқауларын орындауыңыз керек.

SUBARU тіркеме сүйреуге арналған қандай да бір жабдықты пайдалану, сондай жабдықпен бірге берілген нұсқаулықтардағы қателер немесе олқылықтар немесе нұсқауларды дұрыс орындамау салдарынан адамдардың

жарақат алғаны немесе автокөлікке зақым келгені үшін жауапты емес.

■ Техникалық қызмет көрсету

Автокөлігіңізді тіркеме сүйреу үшін пайдалансаңыз, автокөлігіңізге түсетін қосымша жүктеме жиірек техникалық қызмет көрсету қажеттілігін тудырады. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін (525-бет) қараңыз.

Ешбір жағдайда жаңа көлікте немесе жаңа қуат беру тораптары (қозғалтқыш, трансмиссия, дифференциал, дөңгелек мойынтіректері және т.б.) бар көлікте алғашқы 1 600 км ішінде тіркемені сүйреуге болмайды.

■ Сүйретілетін тіркеменің салмағы

Тіркемені сүйремес бұрын жақын маңдағы SUBARU дилерінен немесе автокөліктің тіркеу құжатынан және/немесе тіркеу құрылғысын орнату нұсқаулығынан автокөлігіңіздің тарту күші мен жұмыр қосылысқа түсетін шекті жүктемені анықтап алып, автокөлігіңіздің тарту күші тіркемені сүйреуге мүмкіндік беретінін тексеріп алыңыз.

Тіркеменің жалпы салмағы (тежеу жүйесі бар тіркеменің өзінің салмағы мен жүктің салмағы) сүйретілетін тіркеменің рұқсат етілген максималды салмағынан аспауы керек.

Есіңізде болсын, жұмыр қосылысқа түсетін жүктеме автокөлігіңізге түсетін жүктемені арттырады. Бұл кезде келесі мәндердің ешқайсысы шектен аспауы керек: автокөліктің максималды рұқсат етілген салмағы (MPW) және/немесе толық салмағы (GWM) және артқы оське түсетін максималды рұқсат етілген жүктеме (rear MPAW) және/ немесе артқы оське түсетін толық жүктеме (rear GALR).



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сүйретілетін тіркеменің максималды рұқсат етілген салмағын шектен асырмаңыз. Сүйретілетін тіркеменің максималды рұқсат етілген салмағы шектен асып кетсе, жарақат алу және/немесе көліктің зақымдалу қаупі артады.

Техникалық сипаттамаларда көрсетілген тіркеменің салмағы теңіз деңгейінен 1 000 м дейінгі биіктіктер үшін ғана жарамды. Теңіз деңгейінен жоғары биіктікте қозғалтқыштың қуаты төмендейді, бұл автокөліктің тарту сипаттамаларының төмендеуіне әкеледі. Мұндай жағдайларда «Жалпы максималды салмақ» биіктіктің әрбір 1 000 м өсуіне 10 %-ға төмендетілуі керек. Сапарға шықпас бұрын салмақтың көрсетілген талаптарға сай екенін тексеріп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

«Жалпы максималды салмақ» — бұл «Автокөліктің максималды рұқсат етілген салмағы» және «Сүйретілетін тіркеменің максималды рұқсат етілген салмағы».

■ Тіркеу құрылғысы (дилер опциясы)

Түпнұсқа SUBARU тіркеу құрылғыларын қолдану керек. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Болттар мен сомындардың сенімді тартылғанын үнемі тексеріп тұрыңыз.



АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлігіңізге тіркеу құрылғысын немесе тіркеме сүйреу үшін қажетті басқа жабдықты орнатқан кезде газ шығару жүйесінің, сондай-ақ автокөліктің тежеу жүйесінің және басқа жүйелерінің конструкциясын өзгертуші болмаңыз.

■ Егер тіркеме сүйретпесеңіз

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Түйісу орындарында корпус таза және коррозиясыз болуы керек. Оның бетін тек шүберекпен сүрту керек. Майды немесе басқа жағармайларды қолдануға рұқсат етілмейді.
- Жұмыр тіреу орнатылмаған болса, қорғау және таза ұстау үшін пластик бітеуішті орнату керек.

Тіркеу құрылғысының жұмыр тіреуі қолданылмайтын кезде оған қақпақ кигізіңіз және оны мұқият сақтаңыз.


■ Тіркеменің сақтандыру шынжырлары

Егер тіркеу құрылғысының қосқышы немесе жұмыр тіркеуі бұзылса немесе ағытылса, тіркеме автокөліктен ажырап кетіп, жолда қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.

Осыған байланысты жол қозғалысының жалпы қауіпсіздігі мақсатында тіркеме мен автокөліктің арасындағы қосылысты әрдайым тіркеменің қауіпсіздік шынжырларымен қосымша жалғаңыз. Барлығы екі шынжырды пайдалану керек, біреуі – тіркеме тертесінің оң жағында, екіншісі – сол жағында. Терте тіркеу

құрылғысының жұмыр тіреуінен ағытылған жағдайда оны жол бетінің үстінде ұстап қалуды қамтамасыз ету үшін шынжырларды тіркеме тертесінің астынан айқастыра өткізіп қойыңыз. Шұғыл бұрылыстарды ескере отырып, шынжырларды сәл салбыратып қойыңыз, алайда олар жолдың бетіне тиіп қалмауы керек.

■ Сыртқы айналар



Көптеген елдерде нормативтік құжаттарда тіркемені сүйрету кезінде арнайы сыртқы айналарды міндетті түрде пайдалану қарастырылған. Тіркемені автокөлігіңізге жалғағаннан кейін тұрақты сыртқы айналар артқы көріністі жақсы қамтамасыз ететінін және жүргізушінің көзінен таса аймақтар шамалы екенін тексеріп алыңыз. Егер тұрақты сыртқы айналарды пайдалану кезінде жүргізуші көзінен таса

қалған жерлер болса, тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін қосымша сыртқы айналарды қолданыңыз.

■ Тіркеменің жарық сигналын беру жүйесі

Тіркеменің жарық сигналын беру жүйесін автокөлігіңіздің электр жүйесіне қосу үшін автокөліктің жарық сигналын беру жүйесінің электр схемаларын біраз өзгерту қажет, себебі оның қуатын көбейту, сондай-ақ электр сымдағы өзгерісті бейімдеу керек. Тіркеменің жарық сигналын беру жүйесін дұрыс қосу туралы сұрақтар бойынша Subaru дилерінен кеңес алыңыз. Тіркемені автокөлігіңізге жалғаған сайын тіркеменің бұрылыс көрсеткіштері мен стоп-сигналдарының дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Тіркеменің жарық сигналын беру жүйесін дұрыс қоспау, мысалы, сымдарды тікелей бұрай салу салдары автокөлігіңіздің электр жүйесіне зақым келтіруі немесе оның жарық сигналын беру жүйесін бұзуы мүмкін.

■ Шиналар

Автокөлігіңіздің барлық шинасы тіркеме сүйреу үшін жарамды қысымға дейін үрленгенін тексеріңіз, сәйкес ақпарат жүргізуші есігінің тіреуінде орналасқан шина қысымының нормативтік шамалары тақтайшасында көрсетілген. Тіркеме шиналарына келетін болсақ, олардың жай-күйі, өлшемі, олар есептелген шекті жүктеме, сондай-ақ олардың қысымы тіркеме өндірушісі көрсеткен техникалық шарттарға сәйкес келуі керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлігіңізге уақытша қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса, тіркемені сүйреуге болмайды. Уақытша қосалқы дөңгелек тіркеме сүйрету жүктемесіне есептелмеген. Уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған автокөлікпен тіркемені сүйреу дөңгелекті зақымдауы және/немесе автокөліктің тұрақтылығын төмендетуі мүмкін, салдарынан жол апаты орын алуы мүмкін.

■ Тіркеме сүйреуге қатысты кеңестер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тіркемені сүйреген кезде жылдамдықты 80 км/сағ шегінен немесе шекті жылдамдықтан асырмаңыз, бұл жөніндегі ақпарат осы шамалардың қайсысы төмен екеніне байланысты тіркеме сүйрететін автокөліктер үшін нормативтік құжаттарда қарастырылған. Шекті жылдамдықтан асып кету автокөлік тұрақтылығының жоғалуына әкелуі мүмкін, соның салдарынан апат орын алуы мүмкін.
- Ыстық ауа райында өрге қарай жүргенде қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеу үшін ауа кондиционері автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.

- Ыстық ауа райында өрге көтерілген кезде төменде көрсетілген аспаптар мен бақылау шамдарын қадағалаңыз, өйткені мұндай жағдайда қозғалтқыш пен трансмиссия қызып кетуге бейім болады.
 - Салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы.
 - ATF температурасы туралы ескерту шамы.
 - Артқы дифференциал майының температурасы туралы ескерту шамы (бар болса).
- Тіркемесі бар автокөлікті жүргізу әдеттегі автокөлікті жүргізуге қарағанда өзгеше болады, өйткені тежеу сипаттамалары, тұрақтылық пен басқару сипаттамалары, сондай-ақ тоқтау ізі өзгереді. Тіркеме сүйреген кезде ешбір жағдайда жылдамдықты шектен асырып жүруге болмайды және міндетті түрде қосымша сақтық шараларды орындау керек. Оған қоса, төменде келтірілген ұсыныстарды ескеруіңіз керек.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Тіркемені сүйреген кезде SRVD ажыратқышын басып, оны өшіріңіз (бар болса). Жүйе радар толқындарының тосқауылына байланысты дұрыс істемеуі мүмкін. SRVD жүйесінің ажыратқышы туралы қосымша ақпаратты «SRVD жүйесінің ажыратқышы» бөлімінен (☎428-бет) қараңыз.

RAB жүйесімен жабдықталған үлгілер үшін тіркемені сүйретуге қатысты толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Автокөлігіңіз SI-DRIVE жүйесімен жабдықталған болса, өрге көтерілу үшін «Intelligent» (I) режимін қолдануға болмайды. «Sport» (S) режимінде жүргізу ұсынылады. Есесіне, SI-DRIVE жүйесінің кез келген режимінде өрден төмен түсуге болады.

▼ Сапарды бастамас бұрын

- Максималды жылдамдыққа немесе тіркемені сүйрейтін автокөліктерді басқару бойынша шектеулерге қатысты нормативтік құжаттармен танысыңыз. Егер сізге бірнеше елден өтуіңіз керек болса, сапарға шықпай тұрып, әр елдің тиісті нормативтік құжаттарымен танысыңыз, өйткені

олардың талаптары әртүрлі болуы мүмкін.

- Автокөлігіңіз, сондай-ақ тіркеу құрылғысы жақсы күйде тұрғанын тексеріп алыңыз. Егер қандай да бір проблемалар анықталса, тіркемені сүйреуден бас тартыңыз.
- Тіркемені жалғағаннан кейін автокөлігіңіздің шанағы көлденең күйде тұрғанын тексеріп алыңыз. Автокөліктің алдыңғы бөлігі едәуір көтеріліп тұрса немесе оның артқы бөлігі айтарлықтай басылып тұрса, сүйретілетін тіркеменің салмағын тексеріңіз, сондай-ақ автокөліктің артқы осіне түсетін жүктеме максималды рұқсат етілген шамадан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Барлық шинадағы қысымды тексеріңіз.
- Тіркеме мен көліктің дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Мыналарды тексеру керек:
 - тіркеменің тертесі тіркеу құрылғысының жұмыр тіреуіне сенімді бекітілгенін;
 - тіркеменің жарық сигналын беру жүйесінің ағытпасы сенімді жалғанып тұрғанын, сондай-ақ тежегіш педальін басқан кезде тіркеменің стоп-сигналдары жанатынын және автокөлік бұрылған кезде тіркеменің бұрылыс көрсеткіштері мен автокөліктің бұрылыс көрсеткіштері бір уақытта жыпылықтайтынын;

- сақтандыру шынжырларының сенімді бекітілгенін;
- тіркемеде тасымалданатын бүкіл жүктің сенімді бекітілгенін;
- автокөліктің сыртқы айналарынан артқы көрініс жақсы көрінетінін, ал жүргізуші көзінен таса аймақтар болмашы ғана екенін.

▼ Тіркеме сүйрейдін автокөлікті жүргізу

- Тіркемені сүйреу кезінде автокөліктің тоқтау ізі айтарлықтай артатынын есте сақтаған жөн. Күрт тежеуден сақтаныңыз, себебі тіркеме лақтырылуы немесе жиналып қалуы, сондай-ақ көлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін.
- Автокөліктің орнынан ытқи қозғалуын және күрт үдеуін болдырмаңыз.
- Жолда шұғыл маневр жасаудан, қозғалыс жолағын жиі ауыстырудан және күрт бұрылудан сақтаныңыз.
- Бұрылыстар алдында көлік жылдамдығын азайтыңыз. Тіркемені сүйреген автокөліктің бұрылу радиусын ұлғайту керек, өйткені тіркеменің дөңгелектері көліктің дөңгелектеріне қарағанда бұрылыстың ортасына жақынырақ болады. Сондықтан шұғыл бұрылыс жасаған кезде тіркеме автокөлікті соғуы мүмкін.
- Тіркемемен сапарға шықпай тұрып, көлік/тіркеме байланысын «сезінуді» үйренуге жеткілікті уақыт бөліңіз.

Автокөлік қозғалысы жоқ жерде бұрылуды, тежеуді және артқа жүруді үйреніп алыңыз.

- Бүйірден соғатын жел автокөлігіңіз бен тіркеменің басқарылуына теріс әсер етуі мүмкін, бұл олардың бір жаққа лақтырылу қаупін арттырады. Бүйірден соғатын жел ауа райының әсерінен де, қарама-қарсы бағытта жүретін ауыр жүк көліктері мен автобустардан да туындауы мүмкін. Автокөлігіңіз бір жаққа лақтырылған кезде рульді мықтап ұстап, автокөлікті біртіндеп баяулата бастаңыз.
- Тіркемені жалғаған соң автокөлігіңіздің жалпы салмағы мен ұзындығы артатындықтан, басқа автокөліктерді басып озу кезінде оларға дейінгі қашықтықты едәуір ұлғайту қажет болатынын есте сақтаған жөн.
- Тіркемесі бар автокөлікпен артқа жүру қиындық тудыруы мүмкін және іс жүзінде үйренуді қажет етеді. Жылдамдықты үдетуге және рульді күрт бұруға болмайды, сондай-ақ рульдің астын бір қолыңызбен ұстаңыз.



Бұрылыста артқа жүргенде келесі процедураны орындаңыз.

1. Баяу қозғалыңыз және рульді жүргіңіз келген бағытқа қарсы бағытта бұраңыз.
 2. Тіркеме қозғалыс бағытын өзгерте бастағанда рульді түзу жүру күйіне келтіріңіз.
 3. Рульді қарсы бағытқа бұраңыз.
 4. Автокөлікті тіркемемен бір сызықта болатындай етіп бұрыңыз, содан кейін рульді қайтадан түзу жүру күйіне келтіріңіз.
- Егер автокөлік жүргенде ABS жүйесінің ескерту шамы жанса, тіркемені сүйреуді тоқтатыңыз. Мұндай жағдайда автокөлікті жөндету үшін жақын маңдағы SUBARU дилеріне дереу хабарласыңыз.

▼ **Автокөлікті еңісте жүргізу**

- Тік өрден түсер алдында қозғалыс жылдамдығын төмендетіп, берілісті төменгі беріліске (қажет болған жағдайда — 1-беріліске) ауыстырыңыз, бұл қозғалтқышпен тежеуге мүмкіндік береді және автокөлік тежегіштерінің қызып кетуінің алдын алады. Төменгі берілістерге бірден ауыстырмаңыз.
- Ыстық ауа райында өрге қарай жүргенде қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеу үшін ауа кондиционері автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.

- Ыстық ауа райында өрге көтерілген кезде төменде көрсетілген аспаптар мен бақылау шамдарын қадағалаңыз, өйткені мұндай жағдайда қозғалтқыш пен трансмиссия қызып кетуге бейім болады.
 - Салқындатқыштың жоғары температурасы туралы ескерту шамы.
 - ATF температурасы туралы ескерту шамы.
 - Артқы дифференциал майының температурасы туралы ескерту шамы (бар болса).
- Төменде көрсетілген шамдардың кез келгені қосылған кезде ауа кондиционерін дереу өшіріп, көлікті жақын маңдағы қауіпсіз жерге тоқтату керек. «Төтенше жағдайда автокөлікті тұраққа қою тәртібі» (☞490-бет) және «Қозғалтқыштың қызып кетуі» (☞503-бет) бөлімдерін қараңыз.
 - Салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы жанып тұр. «Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / Салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы» бөлімін (☞196-бет) қараңыз.
 - ATF температурасы туралы ескерту шамы жанып тұр. «ATF температурасы туралы ескерту

шамы» бөлімін (☞199-бет) қараңыз.

- Артқы дифференциал майының температурасы туралы ескерту шамы (бар болса) жанып тұр. «Артқы дифференциал майының температурасы туралы ескерту шамы» бөлімін (☞199-бет) қараңыз.

- Автокөлігіңізді өрде тұрақтандыру үшін тұрақ немесе жұмыс тежегішінің орнына акселератор педалін пайдаланбаңыз. Өйткені трансмиссия сұйықтығы қызып кетуі мүмкін.
- Селектор тұтқасын төменде көрсетілгендей орнатыңыз. Өрге шығатын кезде: «D» күйіне. Өрден түсетін кезде: қозғалтқышпен тежеуді пайдалану үшін төменгі беріліс күйіне (қолмен басқару режимі бар модельдер үшін)/«L» күйіне («L» күйі бар модельдер үшін).

▼ **Өрде тұраққа қою**

Тұраққа қойған кезде автокөліктің де, тіркеменің де дөңгелектеріне кедергі қойыңыз. Автокөліктің күйін тұрақ тежегішімен мықтап бекітіңіз. Автокөлікті төбеленің басына немесе ылдига тұраққа қоюшы болмаңыз. Автокөлікті төбеленің басына немесе ылдига тұраққа қоюға мәжбүр болғанда келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Тежегіш педалін басып тұрыңыз.
2. Маңайдағы адамдардан автокөлік пен тіркеменің дөңгелектерінің астына тежегіш башмақтарын қойып жіберуді өтінізіз.
3. Тежегіш башмақтарын орнатқаннан кейін толық жүктеме тежегіш башмақтарына түспейінше тежегіш педалін ақырындап жіберіңіз.
4. Тежегіш педалін басып, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз, содан кейін тежегіш педалін ақырын жіберіңіз.
5. Селектор тұтқасын «Р» күйіне қойып, қозғалтқышты өшіріңіз.


АБАЙЛАҢЫЗ

Тұрақ тежегішінің тежеу күші үлкен тежеу күші қажет болған жағдайда жеткіліксіз болуы мүмкін (мысалы, тіркемені сүйреу кезінде еңісте тұраққа қойғанда).


■ Қосымша ақпарат

Төмендегі ақпарат ЕЕС1230/2012-2017/1347 шарттарында қарастырылған Еуропа елдерінің заңнамалық және нормативтік талаптарын көрсетеді.

▼ Тіркеме сүйреу кезіндегі автокөліктің рұқсат етілген максималды салмағы және артқы оське түсетін жүктемесі



Автокөліктің максималды рұқсат етілген салмағы



Автокөліктің артқы осіне түсетін максималды рұқсат етілетін жүктеме


Тіркемені сүйреу кезіндегі автокөліктің рұқсат етілген максималды салмағы (кг)	Тіркеме сүйреу кезінде автокөліктің артқы осіне түсетін максималды рұқсат етілген жүктеме (кг)
2 265	1 210

▼ Қосылу нүктесіне техникалық рұқсат етілген максималды жүктеме (жұмыр қосылыстағы жүктеме)

75 kg.

▼ Тіркеу құрылғысы бекітілетін орындар

Автокөліктегі тіркеу құрылғысы бекітілетін орындар суретте көрсетілген.




- 1) Артқы жақтағы тіркеу құрылғысының консоль бөлігінің максималды рұқсат етілген ұзындығы: 1 091 мм.
- 2) Түйісу нүктесі.
- 3) Бекіту нүктесі: артқы раманың астындағы екі нүкте және артқы раманың артқы бөлігінің әр жағындағы үш нүкте.
- 4) Артқы рама.

Төтенше жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

Автокөлігіңізді төтенше жағдайда тұраққа қою тәртібі.....	490
Уақытша қосалқы дөңгелек (жинақтамада бар болса).....	490
Пайдалану барысында жөндеуге арналған құралдар.....	492
Жүксалғыш еденінің астында.....	492
Егер шина ауасы шығып кетсе.....	493
Шинасының ауасы шыққан дөңгелекті ауыстыру.....	493
Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса).....	497
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен (басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан) оталдыру.....	499
Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралар!.....	499
Автокөліктің қозғалтқышын сыртқы қуат көзінен оталдыру кезіндегі сақтық шаралар!.....	500
Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру тәртібі.....	501

Қозғалтқыштың қызып кетуі.....	503
Егер қозғалтқыш капотының астынан бу шықса.....	503
Егер қозғалтқыш капотының астынан бу шықпаса.....	503
Сүйреу.....	504
Сүйреу және бекіту құлақшалары.....	504
Автокөлікті платформалық эвакуатормен тасымалдау.....	507
Автокөлікті дөңгелектерін жол бетінен көтермей сүйреу.....	508
Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылғанда жасалатын іс-қимылдар.....	509
Есіктерді құлыптау және құлпын ашу.....	509
Электрқуат режимдерін ауыстырып қосу.....	510
Қозғалтқышты оталдыру.....	510
Жүксалғыш есігі — жүксалғыш есігі ашылмаса.....	511
Егер сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраса.....	512
Апат болған кезде есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясының іске қосылуы.....	512

Автокөлігіңізді төтенше жағдайда тұраққа қою тәртібі



Апаттық жарық сигналын беру жүйесі басқа жүргізушілерге төтенше жағдайдың туындауына байланысты аялдама жасауға мәжбүр болғаныңызды хабарлау үшін түнде де, күндіз де қосылуы тиіс. Жол үстінде тоқтамауға тырысыңыз. Ақаулар пайда болған кезде сақтық таныта отырып, жолдың жиегіне шығыңыз.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі оталдыру құлпының кез келген күйінде қосыла алады.

Апаттық сигнал беру жүйесін қосу үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басыңыз. Оны өшіру үшін сол ажыратқышты қайта басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылған кезде бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істемейді.

Уақытша қосалқы дөңгелек (жинақтамада бар болса)

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер автокөлігіңізде уақытша қосалқы дөңгелектер орнатылып тұрса, тіркеме сүйретуге тыйым салынады. Уақытша қосалқы дөңгелек тіркеме сүйрету жүктемесіне есептелмеген. Уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған автокөлікпен тіркемені сүйреу дөңгелекті зақымдауы және/немесе автокөліктің тұрақтылығын төмендетуі мүмкін, салдарынан жол апаты орын алуы мүмкін.
- Егер қосалқы дөңгелек орнатылып тұрса немесе түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш ауыстырылған дөңгелектің жиектемесіне көшірілмесе, шиналардағы төмен қысым туралы ескерту шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) барлық төрт дөңгелекті бақылай алмайтынын көрсетеді. Шина мен датчикті ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.

Шина мен датчикті ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


- **Автокөлігіңіз үшін қарастырылғаннан басқа уақытша қосалқы дөңгелектерді пайдалануға тыйым салынады. Өлшемі басқа дөңгелектерді пайдалану автокөлігіңіздің беріліс қорабына елеулі механикалық зақым келтіруі мүмкін.**
- **Уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланған кезде міндетті түрде келесі нұсқауларды орындаңыз. Әйтпесе, ауыр апат жағдайы орын алуы мүмкін.**

Уақытша қосалқы дөңгелектің шинасы, әдеттегі шинаға қарағанда, кішірек және жеңілдеу болады. Уақытша қосалқы дөңгелек шинасының конструкциясы оны тек төтенше жағдайларда қолдану үшін қарастырылған. Мүмкіндік туған бойда уақытша қосалқы дөңгелекті кәдімгі дөңгелекке ауыстырыңыз, өйткені уақытша қосалқы дөңгелек шинасының құрылымы оның уақытша пайдалануын ғана қамтамасыз етеді.

Уақытша қосалқы дөңгелек әрқашан пайдалануға дайын болуы үшін оның шинасындағы қысымды қайта-қайта тексеріп отырыңыз. Дұрыс қысым «Шиналар» бөлімінде (☎585-бет) баяндалған.

Уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланған кезде келесі ескертулерге назар аударыңыз.

- Егер автокөлікте уақытша қосалқы дөңгелек орнатылған болса, қозғалыс барысында сақ болыңыз. Күрт үдетуден және тежеуден, сондай-ақ тез бұрылудан сақтаныңыз, өйткені бұл жағдайда автокөлікті басқара алмай қалу қаупі бар.
- Жылдамдықты 80 км/сағ асырмаңыз.
- Уақытша қосалқы дөңгелекке сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз. Сырғытпайтын шынжырларды уақытша қосалқы дөңгелекке дұрыс орнату мүмкін емес, өйткені оның шинасының мөлшері кішірек болады.
- Бір уақытта екі немесе одан көп уақытша қосалқы дөңгелекті пайдаланбаңыз.
- Кедергілерден өтпеңіз. Уақытша қосалқы дөңгелектің шинасының диаметрі кішірек болады, сондықтан жолға дейінгі биіктік азаяды.



- 1) Протектордың тозу индикаторы.
- 2) Индикатордың орналасу белгісі.

- Протектордың тозу индикаторы пайда болған кезде шинаны ауыстырыңыз.
- Артқы дөңгелектің орнына уақытша қосалқы дөңгелекті орнатыңыз. Егер алдыңғы дөңгелек тесіліп қалса, сол дөңгелектің орнына артқы дөңгелектердің бірін ауыстырып салыңыз да, алынған артқы дөңгелектің орнына уақытша қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.


Пайдалану барысында жөндеуге арналған құралдар

Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына пайдалану барысында жөндеуге арналған келесі құралдар кіреді.

- Домкрат.
- Домкраттың тұтқасы.
- Бұрауыш.
- Сүйреу құлақшасы (іلمек-болт).
- Баллон кілті.

■ Жүксалғыш еденінің астында


Төмендегі суреттерде пайдалану барысында жөндеуге арналған құралдар сақталатын орындар көрсетілген.




- 1) Еден астында орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған

бөлім («Жүксалғыш еденінің астында орналасқан заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлім» бөлімін (☞344-бет) қараңыз).

- 2) Домкраттың тұтқасы.
- 3) Қосалқы дөңгелек.
- 4) Құралдарға арналған контейнер.



- 1) Баллон кілті.
- 2) Бұрауыш.
- 3) Домкрат.
- 4) Сүйреу құлақшасы (іلمек-болт).



Домкраттағы жапсырманың үлгісі

- 1) Домкраттағы жапсырма.
- A) АБАЙЛАҢЫЗ.
 - B) ШЕКТІ ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІ.
 - C) SUBARU МОДЕЛЬДЕРІНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ.

ЕСКЕРТПЕ

- Домкратты пайдалану тәртібі туралы ақпарат алу үшін «Егер шина ауасы шығып кетсе» бөлімін (☎493-бет) қараңыз.
- Келесі позициялар модельге байланысты өзгеше болуы мүмкін.
 - Заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған бөлім пішіні.
 - Пайдалану барысында жөндеуге арналған кейбір құралдардың орналасуы.

Егер шина ауасы шығып кетсе

Егер автокөлігіңіздің бір шинасының ауасы шығып кетсе, ешбір жағдайда күрт тежеуші болмаңыз. Қозғалыс жылдамдығын біртіндеп төмендетіп, түзу жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз.

■ Шинасының ауасы шыққан дөңгелекті ауыстыру

▼ Сақтық шаралар

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тек автокөлігіңіздің жинақтамасына кіретін домкрат пен домкрат тұтқасын пайдаланыңыз. Автокөлігіңіздің жинақтамасындағы домкрат тек дөңгелекті ауыстыруға арналған. Ешбір жағдайда домкратпен көтерген автокөлігіңіздің астына кірмеңіз.

- Автокөлікті домкратпен еңісте немесе жұмсақ жол төсемінде көтеруге болмайды. Домкрат бекіту нүктесінен шығып кетуі немесе топыраққа батып кетуі мүмкін. Екі жағдайда да бұл ауыр салдары болатын жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.
- Автокөлікті домкратпен көтерер алдында бортта жолаушылар мен жүктің болмағанын тексеріңіз.
- Егер домкрат үстінде немесе оның астында қандай да бір зат болса, автокөлікті домкратпен көтеруші болмаңыз. Домкрат тұрақсыз болуы мүмкін, бұл ауыр жазатайым оқиғаға әкеледі.
- Ауасы шығып кеткен дөңгелекті ауыстыру үшін автокөлігіңізді домкратпен көтермей тұрып, қозғалтқышты өшіруді ұмытпаңыз. Домкратпен көтерген автокөлікті итеруге немесе шайқауға болмайды. Олай болмаған жағдайда домкрат бекіту нүктесінен шығып кетуі мүмкін, бұл ауыр салдары болатын жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Дөңгелекті алып тастаған және орнатқан кезде тежегіш дискісінің артқы қалқанын соғып алмаңыз және оны майыстырмаңыз. Майысып қалған артқы қалқан тежегіш дискісін қажап, келік қозғалысы барысында шу шығаруы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер автокөлікті көтеру үшін гараж домкраты пайдаланылса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Домкратты мүмкіндігінше тегіс мықты бетте пайдалану қажет.
- Автокөлікті домкратпен көтерген кезде оның дөңгелектерін тежегіш башмақтарымен бекіту және салонда ешкімді қалдырмау ұсынылады.
- Ешкім денесінің кез келген бөлігін домкратпен көтерілген автокөліктің астына салмауы керек.

▼ Іс-әрекеттер тәртібі

1. Бірінші мүмкіндік болған кезде автокөлігіңізді жабыны қатты, тегіс

бетке қойыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріңіз.


2. Автокөліктің күйін тұрақ тежегішімен мықтап бекітіңіз және селектор тұтқасын «Р» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
3. Апаттық жарық сигнал беру жүйесін қосыңыз, барлық жолаушыны шығарыңыз және жүкті автокөліктен түсіріңіз.



4. Тежегіш башмақтарды ауасы шығып кеткен дөңгелекке диагональ бойынша қарама-қарсы дөңгелектің алдынан және артынан қойыңыз.
5. Домкратты, домкрат тұтқасын және баллон кілтін алыңыз. Құралдар мен қосалқы дөңгелек жүксалғыш еденінің астында сақталады. «Пайдалану барысында жөндеуге арналған құралдар» атты бөлімді (☎492-бет) қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Домкратты пайдалану алдында оның жақсы майланғанын тексеріңіз.



6. Құралдарға арналған контейнерді шығарып, бекіту болтын теріс бағытқа бұраңыз, содан кейін қосалқы дөңгелекті шығарып алыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Егер автокөлігіңіз уақытша қосалқы дөңгелекпен жабдықталған болса, «Уақытша қосалқы дөңгелек» бөлімін (☎490-бет) мұқият оқып шығыңыз және ондағы нұсқауларды қатаң орындаңыз.




901018

7. Егер автокөлігіңіз дөңгелек қақпақтарымен жабдықталған болса, қақпақты шешіп алу үшін қорғайтын қолғаптарды киіп, дөңгелек қақпағының шабақтарынан ұстап, оны өзіңізге қарай тартыңыз.



900825


8. Дөңгелекті бекіту сомындарын баллон кілтімен босатыңыз, бірақ оларды бұрап алып тастамаңыз.



901104


Домкрат орнатылатын орындар

9. Домкратты ауасы шығып кеткен дөңгелекке ең жақын (алдыңғы немесе артқы) табалдырықтың астындағы бекіту нүктесінің астына орнатыңыз.





901065

Домкраттың басы домкрат орнатылатын орынға нық тірелгенше домкраттың винтін қолмен бұрай беріңіз.



901006

10. Винтті домкраттың тұтқасына салып, дөңгелек жер бетінен көтерілгенше бұраңыз. Автокөлікті қажетті деңгейден жоғары көтермеңіз.
11. Дөңгелекті бекіту сомындарын бұрап алыңыз, содан кейін ауасы шығып кеткен дөңгелекті шешіп алыңыз.



12. Қосалқы дөңгелекті орнатпас бұрын дөңгелектің орны мен дөңгелек күпшегін шүберекпен сүртіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Бұрандалы бөлшектер зақымдалған болса, SUBARU дилеріне дереу хабарласыңыз.

13. Қосалқы дөңгелекті орнатыңыз. Дөңгелекті бекіту сомындарын орнына салыңыз. Оларды қолмен тартыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Қосалқы дөңгелекті орнатқан кезде дөңгелекті бекітетін шпилькалар мен сомындарға май немесе жағармай жағуға болмайды. Әйтпесе, дөңгелектің сомындары босап қалып, жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.

14. Домкраттың тұтқасын теріс бағытқа бұрап, автокөлікті түсіріңіз.



15. Дөңгелекті бекіту сомындарын баллон кілтімен, тиісті тарту моментіне сай жақсылап тартыңыз. Бұл кезде суретте көрсетілген тарту кезектілігін сақтаңыз.

Дөңгелекті бекіту сомындарын тарту моменті туралы ақпарат алу үшін «Шиналар» бөлімін (≈585-бет) қараңыз. Дөңгелекті бекіту сомындарын тартқанда баллон кілтін аяғыңызбен басып қатайтушы болмаңыз, сонымен қатар бұл үшін баллон кілті тұтқасының құбыр түріндегі ұзартқышын пайдаланбаңыз. Екі жағдайда да берілген тарту моментін шектен асырып жіберуіңіз ықтимал. Ең жақын техникалық қызмет көрсету станциясына барып, дөңгелектерді бекіту сомындарының тарту моментін тексеріңіз.



1) Ұстағыш.

16. Ауасы шығып кеткен дөңгелекті қосалқы дөңгелекке арналған бөлікке салыңыз. Ұстағышты бет жағын жоғары қаратып орнатыңыз

және бекіткіш болтты мықтап қатайтып, ауасы шыққан дөңгелекті бекітіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


Егер ауасы шығып кеткен дөңгелекті мықтап бекіте алмасаңыз, ұстағышты жоғарғы жағын төмен қаратып көріңіз.

17. Домкратты, домкрат тұтқасын және баллон кілтін өздерінің сақталатын орындарына салыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Ауасы шығып кеткен дөңгелекті немесе оны ауыстырған кезде пайдаланылған құралдарды автокөлігіңіздің салонында тасымалдамаңыз. Күрт тежеу немесе соқтығысу кезінде бекітілмеген дөңгелек немесе құралдар жүргізушіге немесе жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін. Дөңгелекті және барлық құралды осыған арналған орындарында сақтаңыз.

■ Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса)



Шинадағы ауа қысымы таңдалған TPMS жүйесінің тиісті режимінен едәуір төмен болған кезде шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі әр дөңгелекке орнатылған датчиктерден келетін сигнал бойынша жүргізушіге ескерту хабарламасын береді.

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі автокөлік жылдамдығы 40 км/сағтан асқан кезде ғана қосылады. Оған қоса, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендегенін (мысалы, өткір затты басып кеткен кездегі жарылу) дереу көрсетпеуі мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер қозғалыс кезінде шиналардағы төмен қысым туралы ескерту шамы жанса, күрт тежеуші болмаңыз. Оның орнына төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз. Әйтпесе, автокөлік зақымдануы мен жарақат алуға жетелейтін апат орын алуы мүмкін.

- 1) Қозғалыс жылдамдығын біртіндеп төмендетіп, түзу жүре беріңіз.
- 2) Жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлікті қауіпсіз жерге қойыңыз.
- 3) Барлық төрт шинадағы қысымды тексеріп, жүргізуші жақтағы есіктің тіреуінде орналасқан шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілген СҰЫҚ шиналардағы қысымның үш (қалыпты, жүк тиеу немесе сүйреу кезіндегі) мәнінің ең қолайлысына дейін реттеңіз.

Егер бұл шам шинаның қысымын реттегеннен кейін де өшпесе, шина айтарлықтай зақымдалған болуы мүмкін және ауаның қатты шығуы оның тез жоғалуына әкеп соғады. Шинаңыздың ауасы шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тездетіп қосалқы шинамен ауыстырыңыз.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш берілмесе, шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесі барлық төрт дөңгелекті қадағалай алмайтынын көрсетеді. Шина мен датчикті ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз.

Егер шина сұйық герметикпен жөнделсе, шинадағы ауа қысымының датчигі мен таратқыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Егер сұйық герметик қолданылған болса, жақын маңдағы SUBARU дилеріне немесе басқа білікті техникалық қызмет көрсету орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз. Шинаны ауыстырған кезде шинадағы ауа қысымының датчигі мен таратқышты ауыстыруды ұмытпаңыз. Дөңгелек дискісінің зақымдалған жерлері болмаса, ал герметиктің қалдықтары жақсылап жойылған болса, оны қайта пайдалануыңызға болады.

Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексерту үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен (басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан) оталдыру

- Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралар!

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ



Осы нұсқаулықтармен мұқият танысыңыз

Аккумулятор батареясына қауіпсіз және тиісті күтімді қамтамасыз ету мақсатында аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оны тексеру алдында төменде келтірілген сақтық шаралармен мұқият танысып алыңыз.



Қорғаныс көзілдірігін киіңіз

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына жақын жерде жұмыс істеген кезде міндетті түрде көзді қорғау құралдарын киіңіз. Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар, ол көзге тиген кезде көру қабілетінен айыруы мүмкін. Оған қоса, аккумулятор батареясы

жанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Газ жанған кезде міндетті түрде көзді қорғау қажет.



Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар

Электролитте күкірт қышқылы болғандықтан, аккумулятор батареясының күйін тексерген кезде көзді қорғайтын заттар мен қорғаныс қолғаптарын киюді ұмытпаңыз. Аккумулятор батареясын төңкермеңіз, механикалық соққылар тигізбеңіз, себебі электролит ағып кетуі мүмкін.

Ешбір жағдайда электролиттің теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл күйіп қалуға және көру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін. Электродтар шашыраған кезде тамшылары теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиген болса, оларды дереу сумен шайыңыз. Электродтар шашыраған кезде тамшылары көзіңізге тисе, дереу дәрігерге көрініңіз.

Электролит ауыз қуысына, өңешке немесе асқазанға кездейсоқ түссе, дереу көп мөлшерде сүт немесе су ішіңіз, содан кейін дәрігерге көрініңіз.

Электролит — күйдіргіш сұйықтық. Электродтар тамшылары автокөлігіңіздің боялған беттеріне немесе қаптауы матасына тиген кезде, оларды көп мөлшердегі сумен жуыңыз.



Балалардан сақтаңыз!

Аккумулятор батареяларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын онымен жұмыс істеген кезде болатын ықтимал қауіптер туралы хабардар тұлғалар жүргізуі тиіс. Балалардың батареяға жақын болуына жол бермеу үшін арнайы сақтық шараларды қолданыңыз. Аккумулятор батареясын дұрыс пайдаланбау көру қабілетінен айыруы және күйік шалуы мүмкін.



Оттан қорғау керек!

Аккумулятор батареясымен жұмыс бастар алдында немесе тікелей жұмыс жүргізер алдында оған жақын барлық темекі, сіріңке және оттықтарды сөндіріңіз.

Аккумулятор батареясының жанында электр ұшқындарының пайда болуына, сондай-ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз. Аккумулятор батареясы тез тұтанғыш және өте жарылғыш сутекті шығаратындықтан, аккумулятор батареясының жанында ұшқын разрядтарының пайда болуы немесе оның жанында ашық от көздерінің болуы жарылысқа әкелуі мүмкін.

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде жұмыс жүргізген кезде оның клеммаларының (+) және (-) металл аспаптармен өзара тұйықталуына, сондай-ақ оның оң (+) клеммасының автокөлік шанағына тұйықталуына жол бермеңіз. Бұл жағдайда қысқа тұйықталу пайда болады, ол ұшқын разрядтарының пайда болуымен бірге болуы мүмкін, бұл өз кезегінде жарылысқа әкеп соғады.

Аккумулятор батареясымен жұмыс бастар алдында немесе жұмыс жүргізер алдында ұшқын разрядтарының пайда болуына жол бермеу үшін оған тікелей жақын жерде барлық сақинаны, қолсағатты және басқа да металл әшекейлер мен керек-жарақтарды шешіп қойыңыз.



Жарылу қаупі бар!

Қуаттау барысында аккумулятор батареясы тез жанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Жарылыстардың алдын алу үшін автокөліктің аккумулятор батареясын жақсы желдетілетін бөлмеде қуаттаңыз, сондай-ақ оның жанында жанғыш заттардың болмауын қадағалаңыз.

■ Автокөліктің қозғалтқышын сыртқы қуат көзінен оталдыру кезіндегі сақтық шаралар!

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қуаты таусылған аккумулятор батареясы мұздап қалған болса, автокөліктің қозғалтқышын сыртқы қуат көзінен оталдыруға тырыспаңыз. Бұл аккумулятор батареясы корпусының бұзылуына немесе тіпті оның жарылуына әкеп соғуы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзінен оталдыру үшін пайдаланылатын сымдар мен олардың қысқыштарындағы оқшауламаның қатпарланған немесе түсіп қалған жерлерінің жоқ екенін тексеріңіз.

Бұл үшін қолайлы сымдар болмаған жағдайда қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдырмаңыз.

- Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш қауіпті болуы мүмкін. Саусақтарыңызды, қолдарыңызды, киіміңізді, шашыңыз бен жұмыс құралдарыңызды радиатор желдеткішінен, белдіктерден және қозғалтқыштың басқа да қозғалмалы бөліктерінен алыс ұстаңыз. Жұмысты бастау алдында сақиналарды, сағатты және галстукті шешіп қою керек.
- Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру белгіленген тәртіпті бұза отырып жүзеге асырылса, бұл денсаулығыңыз үшін қауіпті болуы мүмкін. Егер автокөлігіңізді сыртқы көзден оталдырған кездегі әрекеттердің дұрыстығына сенімді болмасаңыз, білікті автомеханикпен ақылдасыңыз.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Қозғалтқышты оталдыру үшін пайдаланылатын аккумулятор батареясының кернеуі 12 В болуы керек. Қосалқы аккумулятор батареясының кернеуі талап етілгенге сәйкес келетінін тексергенше қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдырмаңыз.

Егер автокөлігіңіздің аккумулятор батареясының қуаты таусылғанына байланысты оның қозғалтқышын оталдыра алмасаңыз, оны басқа (қосалқы) аккумулятор батареясынан оталдыруыңызға болады, бұл үшін сыртқы қуат көзінен оталдыруға арналған арнайы сымдармен екі аккумулятор батареясын бір-біріне қосу керек.

■ Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру тәртібі

1. Қосалқы аккумулятор батареясының кернеуі 12 В болатынын, ал оның теріс клеммасы «массаға» қосылғанын тексеріңіз.
2. Егер қозғалтқышты оталдыру үшін басқа автокөлікте орнатылған қосалқы аккумулятор батареясы пайдаланылса, оны осы автокөліктердің шанақтарына тигізбеңіз.
3. Оталдыру кезінде қажетсіз барлық электр құралдары мен жарықты ешіріңіз.
4. Суретте көрсетілген реттілікті дәл сақтай отырып, екі аккумулятор батареясын сымдар арқылы бір-біріне қосыңыз.



- A) Қосалқы аккумулятор батареясы.
B) Тіреуді бекіту сомыны.

- (1) Сымдардың біреуін қуаты таусылған аккумулятор батареясының оң (+) клеммасына қосыңыз.
- (2) Сол сымның екінші ұшын қосалқы аккумулятор батареясының оң (+) клеммасына қосыңыз.
- (3) Екінші сымды қосалқы аккумулятор батареясының теріс (-) клеммасына қосыңыз.
- (4) Екінші сымның екінші ұшын тіректі бекіту сомынына қосыңыз.

Сымдар қандай да бір қозғалмалы бөліктерге жақын өтпейтініне және олардың қысқыштары басқа металл бөлшектеріне жанаспайтынына көз жеткізіңіз.

5. Қосалқы аккумулятор батареясы орнатылған автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз және оның иінді біліктің орташа жылдамдығында жұмыс істеуін қамтамасыз етіңіз. Содан кейін аккумулятор батареясының қуаты таусылған автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз.
6. Қозғалтқыш оталғаннан кейін оталдыру үшін пайдаланылған сымдарды дәл осындай кері тәртіппен ажыратыңыз.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Радиатордың қақпағын қозғалтқышты өшірмей және оның толығымен салқындауына мүмкіндік бермей, шешуші болмаңыз. Ыстық қозғалтқыштағы салқындату сұйықтығы қысыммен тұрады. Егер қозғалтқыш әлі салқындамаған болса, онда радиатордың қақпағын ашқанда сіз қайнап тұрған салқындату сұйықтығының төгілуінен қатты күйіп қалуыңыз мүмкін.

Қозғалтқыш қызып кетсе, абайлап жолдың жиегіне шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қою керек.

■ Егер қозғалтқыш капотының астынан бу шықса

- Қозғалтқышты сөндіріп, қозғалтқыш салқындағанша барлық жолаушының көліктен шығуын қамтамасыз етіңіз.
- Мұндай жағдайда SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.

■ Егер қозғалтқыш капотының астынан бу шықпаса

1. Қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қойыңыз.
2. Мотор бөлімін желдетуді қамтамасыз ету үшін капотты ашыңыз. «Қозғалтқыш капоты» бөлімін (☎534-бет) қараңыз. Радиатор желдеткішінің айналып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер радиатор желдеткіші айналмаса, қозғалтқышты дереу сөндіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU ресми дилеріне хабарласыңыз.
3. Жыпылықтап немесе **ҚЫЗЫЛ** түспен жанып тұрған салқындату сұйықтығының жоғары температурасы жөнінде ескерту шамы сөнгеннен кейін қозғалтқышты өшіріңіз. Ескерту шамдары туралы толық ақпарат алу үшін «Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы» бөлімін (☎196-бет) қараңыз.
4. Қозғалтқыш толығымен салқындағаннан кейін кеңейткіш бактағы салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Егер қозғалтқыштың

салқындату сұйықтығының деңгейі «LOW» белгісінен төмен болса, салқындату сұйықтығын «FULL» белгісіне дейін толтырып құйыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру және салқындату сұйықтығын толтыру тәртібі туралы қосымша ақпарат алу үшін «Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы» бөлімін (☎540-бет) қараңыз.

5. Егер кеңейткіш бак бос болса, оған салқындату сұйықтығын құйыңыз. Содан кейін радиатордың қақпағын шешіп алып, салқындату сұйықтығын радиаторға құйыңыз.

Егер ыстық радиатордан қақпақты шешіп алу қажет болса, алдымен радиатордың қақпағын қалың шүберекпен ораңыз, содан кейін баяу, баспай, оны теріс бағытта тірелгенше бұраңыз. Радиатордағы қысымды босатыңыз. Радиатордағы қысым толығымен босаған кезде, радиатордың қақпағын төмен қарай басып, қақпақ босағанға дейін бұрап шешіп алыңыз.

Сүйреу

Автокөлігіңізді сүйреу қажет болса, SUBARU дилеріне немесе автокөліктерді эвакуациялайтын коммерциялық қызметке хабарласқаныңыз жөн. Қауіпсіздік мақсатында келесі ұсыныстарды орындаңыз.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Толық жетекті модельдерді дөңгелектерінің бір жұбы (алдыңғы немесе артқы) жол бетінен көтеріліп тұрған, ал сол уақытта дөңгелектерінің екінші жұбы жолда дөңгелеп келе жатқан күйде тіркеп сүйреуге тыйым салынады. Бұл осьаралық дифференциалдың іске қосылуы немесе зақымдануы салдарынан автокөліктің шетке қарай сырғып кетуіне өкеп соғады.

■ Сүйреу және бекіту құлақшалары


Сүйреу құлақшаларын төтенше жағдайда ғана пайдалану қажет.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Автокөлікті сүйреу немесе бекіту үшін тек осы мақсаттар үшін арнайы жасалған құлақшаларды пайдаланыңыз. Автокөлікті сүйреу немесе бекіту үшін ешбір жағдайда аспа бөліктерін немесе шаңақ элементтерін пайдаланушы болмаңыз.

Алдыңғы сүйреу құлақшасы


1. Жүксалғыштан сүйреу құлақшасын, бұрауышты және домкрат тұтқасын алыңыз.



2. Бампердің бетін сырып алмау үшін жалпақ бұрауыштың ұшын винил таспасымен немесе матамен ораңыз. Жалпақ бұрауышты бітеуіштің саңылауына салыңыз да, бұрауышты тұтқа ретінде пайдаланып, бітеуішті шешіп алыңыз.



3. Сүйреу құлақшасының бұрандасы толық кіргенше сүйреу құлақшасын бұрандалы саңылауға салып, бұраңыз.



4. Домкрат тұтқасының көмегімен сүйреу құлақшасын тартыңыз.

Сүйреп болғаннан кейін сүйреу құлақшасын автокөліктен шешіп алып, оны сақтау орнына қайтарыңыз. Бамперге сүйреу құлақшасы тұратын саңылаудың бітеуішін орнатыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Сүйреу құлақшасын автокөлікті сүйреуден басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Сүйреп болғаннан кейін сүйреу құлақшасы автокөліктен алынғанын тексеріңіз. Сүйреу құлақшасын автокөлікке орнатылған күйде қалдырсаңыз, бұл алдыдан соқтығыс болған кезде қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Бампер мен сүйреу құлақшасының деформациясын болдырмау мақсатында сүйреу құлақшасына шамадан тыс көлденең жүктеме келтірмеңіз.

Артқы сүйреу құлақшасы


1. Жүксалғыштан сүйреу құлақшасын, бұрауышты және домкрат тұтқасын алыңыз.



2. Бұрауышты тұтқа ретінде пайдаланып, сүйреу құлақшасы бұралатын бұрандалы саңылауға қол жеткізу үшін артқы бамперден бітеуішті шешіп алыңыз.



3. Сүйреу құлақшасының бұрандасын толық кіргенше сүйреу құлақшасын бұрандалы саңылауға салып, бұраңыз.



4. Домкрат тұтқасының көмегімен сүйреу құлақшасын тартыңыз.

Сүйреп болғаннан кейін сүйреу құлақшасын автокөліктен шешіп алып, оны сақтау орнына қайтарыңыз. Бамперге сүйреу құлақшасы тұратын саңылаудың бітеуішін орнатыңыз.


▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Сүйреу құлақшасын автокөлікті сүйреуден басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Сүйреп болғаннан кейін сүйреу құлақшасы автокөліктен алынғанын тексеріңіз. Сүйреу құлақшасы автокөлікке орнатылған күйде қалдырсаңыз, ол артқы жақтан соққы тигенде отын сорғысын ажырату функциясының дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін.
- SRVD жүйесімен жабдықталған автокөліктерде тіркемені сүйреу алдында SRVD жүйесін өшіріңіз. Тіркеме жүйенің радар сигналдарына тосқауыл болады және SRVD жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне себепші болады.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Бампер мен сүйреу құлақшасының деформациясын болдырмау мақсатында сүйреу құлақшасына шамадан тыс көлденең жүктеме келтірмеңіз.


Алдыңғы бекіту құлақшалары



Алдыңғы бекіту құлақшалары алдыңғы дөңгелектердің әрқайсысы мен алдыңғы бампер арасында орналасқан.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлігіңізді сүйреу үшін алдыңғы бекіту құлақшаларын пайдаланбаңыз.

Артқы бекіту саңылаулары

1) Артқы бекіту саңылауы.

Артқы бекіту саңылаулары домкратты бекіту нүктесінің әр қаттылық элементінің жаңында орналасқан.


Әрбір артқы бекіту саңылауында бітеуіш бар. Артқы бекіту саңылауларын пайдалану үшін бітеуіштерді алып

тастаңыз. Артқы бекіту саңылауларын қолданғаннан кейін бітеуіштерді орнына қайтарыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Артқы бекіту саңылауларын тек автокөлікті сымарқандармен оларды төмен қарай көріп, бекіту үшін қолданыңыз. Олар автокөлікті бекіту үшін басқа бағытта қолданылса, сымарқандар саңылаулардан шығып кетуі мүмкін, бұл қауіпті жағдайды тудыруы мүмкін.

■ **Автокөлікті платформалық эвакуатормен тасымалдау**



900488

Бұл тәсіл автокөлігіңізді тасымалдау үшін ең қолайлы болады. Автокөлігіңізді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.


1. Селектор тұтқасын «Р» күйіне орнатыңыз.
2. Автокөліктің күйін тұрақ тежегішімен мықтап бекітіңіз.
3. Автокөлікті платформаға бекіту шынжырларымен мықтап бекітіңіз. Барлық бекіту шынжыры бірдей күшпен тартылуы керек.

Бекіту шынжырларының шамадан тыс тартылмауын және автокөлігіңіздің жол бетінен биіктігін төмендетпейтінін тексеріңіз.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлікті платформалық эвакуатормен тасымалдау салдары фаралардың күйін бұзуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті платформалық эвакуатормен тасымалдағаннан кейін фаралардың күйін SUBARU дилерінде тексертіңіз жөн.

■ **Автокөлікті дөңгелектерін жол бетінен көтермей сүйреу**



1. **Автокөліктің тұрақ тежегішін босатыңыз және трансмиссияны бейтарап беріліске орнатыңыз.**
2. **Сүйреу барысында оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болуы шарт.**
3. **Автокөлігіңізге зақым келтірмеу үшін сымарқанның салбырауын жайлап таңдаңыз.**

▲ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- **Автокөлігіңізді сүйреген кезде ондағы оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне ауыстырмаңыз. Әйтпесе, руль мен оның алдыңғы дөңгелектерінің күйі құлыпталып қалады.**
- **Қозғалтқыш сөнген кезде тежегіш жүйесінің күшейткіші мен рульдің күшейткіші жұмыс істемейтінін естен шығармаған жөн. Қозғалтқыш сөніп тұрғанда тежегіш педальін басуға және рульді басқаруға көп күш қажет болады.**

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Автокөлігіңіздің трансмиссиясында ақаулар анықталған жағдайда оны платформалық эвакуатормен тасымалдау қажет.**
- **Кейде автокөліктің зақымдалуына байланысты оны тіркеп сүйреу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда оны тасымалдау үшін платформалық эвакуаторды пайдаланыңыз.**

- Сүйреу жылдамдығы — 30 км/сағ, ал ең үлкен сүйреу қашықтығы 50 км аспауы шарт. Автокөлігіңізді ұзақ қашықтыққа немесе жоғары жылдамдықпен сүйреу үшін платформалық эвакуаторды пайдалану қажет.
- Ұзақ еңістер немесе тік ылдилар болған кезде платформалық эвакуаторды қолданыңыз. Сүйреген кезде қозғалтқышпен тежеу жұмыс істемейтіндіктен, тежегіш педалін ұзақ басып тұрмаңыз. Себебі тежегіш қызып кетуі мүмкін.
- Абайлап қозғалыңыз, күрт қозғалған кезде сүйреу сымарқанының жүлқуына жол бермеңіз.
- Сүйреу үшін арнайы сүйреу сымарқанын пайдаланыңыз. Егер сүйреу үшін болат сымарқанды немесе металл шынжырларды пайдалану қажет болса, бамперді зақымданудан қорғау үшін оған тиіп тұратын жерді матамен ораңыз.

Қашықтан ашу салпыншағы — қашықтан ашу салпыншағының жұмысы бұзылғанда жасалатын іс-қимылдар

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Қашықтан ашу салпыншағы мен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі арасындағы аймақта металл заттарды, магнит өрісі көздерін және радиосигнал таратқыштарын орналастырмаңыз. Олар қашықтан ашу салпыншағы мен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі арасында деректер алмасуға кедергі келтіруі мүмкін.


Төмендегі функциялар қоршаған аймақта күшті радиосигналдарының болуына немесе қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің қуаты таусылғанына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

- Жүксалғыш қақпағын қоса алғанда, есіктерді құлыптау/ашу.
- Электрқуат режимдерін ауыстырып қосу.
- Қозғалтқышты оталдыру.

Егер бұл орын алса, келесі іс-әрекеттерді орындаңыз. Егер қашықтан ашу салпыншағының қуат элементінің қуаты

таусылса, оны жаңасына ауыстырыңыз. «Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру» бөлімін (☎574-бет) қараңыз.

■ Есіктерді құлыптау және құлпын ашу



- 1) Бекіткіш түйме.
- 2) Апаттық кілт.


Қашықтан ашу салпыншағының бекіткіш түймесін басып, апаттық кілтті алыңыз. «Есіктерді сыртынан құлыптау және құлпын ашу» бөлімінде (☎155-бет) сипатталған процедураға сәйкес апаттық кілтпен жүргізуші есігін құлыптаңыз немесе құлпын ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Есіктерді құлыптағаннан немесе құлпын ашқаннан кейін апаттық кілтті қашықтан ашу салпыншағына қайта салыңыз.

■ Электрқуат режимдерін ауыстырып қосу

1. Автокөлігіңіздің тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.
2. Селектор тұтқасын «Р» күйіне ауыстырыңыз.
3. Тежегіш педалін түбіне дейін басыңыз.



4. Қашықтан ашу салпыншағының түймелерін өзіңізге қаратып ұстап тұрып, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін түртіңіз.

Қашықтан ашу салпыншағы мен автокөлік арасында деректермен алмасу процесі аяқталған кезде дыбыс сигналы («динь») естіледі, ал қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жанады. Сонымен қатар қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесінің күйі келесідей өзгереді.

- Егер қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтықтан ашу жүйесі түйме арқылы ажыратылған болса: «ACC».
 - Басқа жағдайларда: «ON».
5. Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтықтан ашу жүйесі түйме арқылы ажыратылған болса, тежегіш педалін жіберіп, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін басыңыз. Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ON» күйіне өзгереді.


ЕСКЕРТПЕ

Электрқуат режимдерін ауыстырып қосу жоғарыда сипатталған процедураны дәл орындағаннан кейін де орындалмаса, Subaru дилеріне хабарласыңыз.

■ Қозғалтқышты оталдыру

1. Автокөлігіңіздің тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.

2. Селектор тұтқасын «Р» күйіне орнатыңыз.
3. Тежегіш педалін түбіне дейін басыңыз.



4. Қашықтан ашу салпыншағының түймелерін өзіңізге қаратып ұстап тұрып, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін түртіңіз. Қашықтан ашу салпыншағы мен автокөлік арасында деректермен алмасу процесі аяқталған кезде дыбыс сигналы («динь») естіледі, ал қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жанады. Сол уақытта қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі «ACC» немесе «ON» күйіне өзгереді.


5. Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесіндегі жұмыс режимінің индикаторы жасыл түспен жанғаннан кейін 5 секунд ішінде тежегіш педалін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқыш жоғарыда сипатталған процедураны дәл орындағаннан кейін де оталмаса, Subaru дилеріне хабарласыңыз.

Жүксалғыш есігі — жүксалғыш есігі ашылмаса

Жүксалғыш есігін жүксалғышты ашу түймесінің көмегімен ашу мүмкін болмаған жағдайда оны жүксалғыштың ішінен аша аласыз.




1. Жүксалғыш есігінің ішкі бетінің орталық төменгі бөлігіндегі технологиялық шағын люкті жалпақ бұрауышпен шешіп алыңыз.
2. Жүксалғыш есігінің ішкі бетінің тақтасының артында жүксалғыш есігін ашу тұтқасын табыңыз.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Жүксалғыш есігін ашу тұтқасын ешқашан саусақтарыңызбен сырғытпаңыз, өйткені бұл жарақат

келтіруі мүмкін. Жалпақ бұрауышты немесе ұқсас құралды қолданыңыз.



Жүксалғыш есігінің электржетегі жоқ модельдер



Жүксалғыш есігінің электржетегі бар модельдер

3. Жүксалғыш есігін ашу үшін тұтқаны жалпақ бұрауышпен немесе басқа ұқсас құралмен оңға қарай бұрыңыз.

Егер сіздің автокөлігіңіз апатқа ұшыраса

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер автокөлігіңіз апатқа ұшыраса, қозғалтқышты оталдырмас бұрын көліктің астындағы жер бетін тексеріңіз. Егер жерде отынның ағып кеткен іздерін байқасаңыз, қозғалтқышты оталдырушы болмаңыз. Отын жүйесі зақымдалған және жөндеуді қажет етеді. Дереву жақын маңдағы автокөлікке техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Өзіңіздің Subaru дилеріңізден кеңес алыңыз.

Автокөлігіңіз отын сорғысын ажырату жүйесімен жабдықталған. Егер автокөлік апат салдарынан соққыға және т.б. ұшыраса, отын сорғысы отынның ағып кетуін азайту үшін жүйеге отын беруді тоқтатады. Алайда, соқтығыс кезіндегі әсер ету жағдайларына байланысты отын сорғысының ажырату жүйесі жұмыс істемей қалуы мүмкін.

Жүйе іске қосылғаннан кейін қозғалтқышты оталдыру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз

Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі жоқ модельдер

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» немесе «ACC» күйіне ауыстырыңыз.
2. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.

Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы орнатылған қашықтан ашу жүйесі бар модельдер

1. Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі арқылы «ACC» немесе «OFF» электрқуаты режимін орнатыңыз.
2. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.

■ Апат болған кезде есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясының іске қосылуы

Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясы қосулы болса, қозғалыс барысында барлық есік автоматты түрде құлыпталады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу» бөлімін (☎ 156-бет) қараңыз.

Егер автокөлік қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуына әкелуі ықтимал қатты соққыға ұшыраса, есік құлыптары автокөліктен жедел шығуды қамтамасыз ету үшін автоматты түрде ашылуы мүмкін.

Әдетте арттан соққы тиген кезде қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайды. Алайда олар іске қосылуы үшін соққы айтарлықтай қатты болса, құлыпты ашу функциясы да іске қосылуы ықтимал.

Мұндай жағдайларда автоматты түрде есіктердің құлпын ашу/құлыптау функциясы қатып қалып, есіктер ашық қалады. Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясын қалпына келтіру үшін алдымен қоршаған ортаның қауіпсіздігіне көз жеткізіп, содан кейін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі жоқ модельдер

1. Оталдыру жүйесінің құлпын «LOCK» күйіне ауыстырыңыз.
2. Оталдыру жүйесінің құлпын «ON» күйіне ауыстырыңыз.

Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы орнатылған қашықтан ашу жүйесі бар модельдер

1. Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі арқылы «OFF» электрқуаты режимін орнатыңыз.
2. Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі арқылы «ON» электрқуаты режимін орнатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Соққы күшіне қарай апаттық жағдайда есік құлпын ашу функциясы іске қосылмауы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

Төменде көрсетілген проблемалар туындаған жағдайда жүйеде ақау болуы мүмкін.

Жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Қозғалыс кезінде есіктер автоматты түрде ашылады.
- Егер барлық есік құлыптанып тұрса, олар есіктерді құлыптау ауыстырып қосқышының құлыптау жағына басқан кезде ашылады.
- Есіктерді автоматты түрде құлыптау/құлпын ашу функциясы жұмыс істемейді.

Автокөліктің сыртқы түріне күтім жасау

Автокөліктің шанағына күтім жасау	516
Автокөлікті жуу.....	516
Автокөліктің шанағын жылтырату және балауызбен өңдеу	518
Жеңіл қорытпалы дискілерді тазарту	519
Коррозиядан қорғау.....	519
Коррозияның ең көп таралған себептері	519
Коррозияның алдын алу шаралары	519
Көліктің салонын тазалау.....	520
Орындықтардың мата қаптауышы	520

Орындықтардың былғары қаптауышы.....	521
Синтетикалық былғары қаптауыш	521
Климат-контроль жүйесін басқару тақтасын, аудиожүйені, аспаптар тақтасын, орталық консольді, аспаптар комбинациясы тақтасын, түрлі ауыстырып қосқыштар мен ажыратқыштар орындарын және басқа да пластик беттерді тазалау.....	521
Монитор (орнатылған болса).....	522

Автокөліктің шанағына күтім жасау

■ **Автокөлікті жуу**

Автокөлікті жуу арқылы оның сырт келбетін тамаша күйде сақтауға болады. Автокөліктің боялған беттеріне жолдың кірі сіңіп кетпес үшін кемінде айына бір рет автокөлікті жуып тұру керек.

Кір губкамен және көп мөлшерде жылы немесе суық сумен жуғанда кетеді. Автокөлікті жуған кезде ыстық суды пайдалануға болмайды. Оған қоса, автокөлікті ашық күн сәулесінің астында жууға болмайды.

Тұздарды, химикаттарды, жабысқан жәндіктерді, гудронды, күйені, ағаш шырындарын және құс саңғырығын жұмсақ жуғыш затты пайдалана отырып жуу керек. Жұмсақ жуғыш зат бейтарап болуы керек. Күшті әсер беретін сабынды немесе химиялық жуғыш заттарды қолдануға болмайды. Барлық жуғыш затты тез шайып тастап, олардың автокөлік шанағының бетінде кеуіп қалуына жол бермеу керек. Автокөлікті мол жылы сумен жуыңыз. Қалған суды күдері былғарымен немесе жұмсақ шүберекпен сүрту керек. Автокөліктің астын, қанаттарының ішкі беттерін және аспаларын жуған кезде резеңке қолғап

киіп, кірді тиімді кетіру үшін қол щеткасын қолданыңыз.

▼ **Сақтық шаралар**

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- **Автокөлікті жуған кезде оның тежегіштері сулануы мүмкін. Соның нәтижесінде автокөліктің тежеу ізі артады. Тежегіштерді кептіру үшін қауіпсіз жылдамдықпен жүріп келе жатып, тежегіш педалін жеңіл баса отырып тежегіштерді қыздырыңыз.**
- **Мотор бөлімін және оған іргелес аймақтарды жумаңыз. Егер су қозғалтқыштың ауа қабылдағышына немесе электр бөліктеріне тисе, қозғалтқыш немесе руль күшейткіші дұрыс жұмыс істемей қалады.**

- **Қанаттардың ішкі беттерін, автокөліктің астын, бамперлерді және шығатын газ шығару құбырлары мен олардың ұштары сияқты шығып тұрған элементтерді жуу кезінде өткір шеттеріне тиіп кетіп, жарақаттанып қалмау үшін абай болыңыз.**
- **Блок-фара қақпағының бетін жуу кезінде органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз. Алайда органикалық еріткіші бар жуғыш зат сыртқы бетті жуу үшін қолданылса, жуғыш затты сумен толық шайып кетіріңіз. Олай болмаған жағдайда сыртқы бет зақымдануы мүмкін.**
- **Жаңбыр датчигімен жабдықталған автокөлікті жуу кезінде эйнектазартқышты өшіріңіз. Егер эйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне орнатылса, онда автокөлікті жуған кезде эйнектазартқыш кенеттен іске қосылып кетіп, жарақат келтіруі мүмкін.**

- **Автокөлігіңізде артқы әйнектазартқыш болғандықтан, автоматты автокөлік жуу щеткалары оның айналасында шатасып қалуы мүмкін, бұл әйнектазартқыштың тұтқасына және басқа бөлшектерге зақым келтіруі мүмкін. Автоматты автокөлік жуу операторынан щеткалар артқы әйнектазартқыштың тұтқасына тиіп кетпейтіндей жуу режимін орнатуды сұраңыз немесе жұмай тұрып, артқы әйнекке әйнектазартқыштың тұтқасын жабысқақ таспамен бекітіңіз.**

▼ **Автокөліктің астын жуу**

Жол бетінен мұзды кетіру үшін қолданылатын химиялық заттар, тұздар мен қиыршық тастардың коррозияға ұшырататын қасиеттері жоғары болғандықтан, автокөлік астында орналасқан пайдаланылған газ шығару жүйесі, отын және тежегіш магистральдары, тежегіш сымарқандары, шанақтың асты, қанаттар және аспа элементтері сияқты тораптардың коррозиясын тездетеді.

Осы заттардың зиянды әсерін азайту үшін автокөліктің астын және дөңгелек қуыстарын жылы немесе суық сумен жиі ері мұқият жуып тұру керек.

Автокөліктің астында орналасқан тораптарға кір мен құм жабысып қалса, олардың коррозиясы тез жүреді. Құмда, жолдан тыс жерде немесе лайлы жолдарда жүргеннен кейін автокөліктің астындағы кір мен құмды жуып тастаңыз. Автокөліктің аспалы элементтері мен білдектерін жақсылап шайыңыз, өйткені олар кір мен құмның жабысуына өте сезімтал. Қатып қалған кірді кетіру үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- **Аспа бөліктерін шаю кезінде тежегіш құбыршектерін, датчиктердің сымдарын және басқа бөлшектерді зақымдамау үшін сақ болыңыз.**
- **Су ағыны қозғалтқыштың астыңғы жағына ұзақ уақыт тимеуі үшін абай болыңыз. Бұл кейбір электр бөлшектерінің зақымдануына әкелуі мүмкін.**

▼ **Автокөлікті жуу үшін жылы су беретін құрылғыны пайдалану**

- Жуу кезінде құбыршектің ұшы автокөліктен кемінде 30 см қашықтықта болуы керек.
- Бір жерді ұзақ уақыт жууға болмайды.
- Егер дақ сумен жуғанда кетпесе, оны қолмен жуып кетіріңіз. Кейбір автокөлік жуу құрылғыларында су қысыммен беріледі және температурасы жеткілікті мөлшерде жоғары болады. Ол полимер бөлшектерді (мысалы, молдингтерді) зақымдауы немесе деформациялауы немесе көліктің ішіне кіріп кетуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер автоматты автокөлік жуу қызметтерін пайдаланғыңыз келсе:

- Ол сіздің автокөлігіңізге сәйкес келетініне алдын ала тексеріп алыңыз.
- Жаңбыр датчигімен жабдықталған автокөлікті жуған кезде әйнектазартқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Егер әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы «AUTO» күйіне орнатылса, онда автокөлікті жуған кезде әйнектазартқыш кенеттен іске қосылып кетіп, щеткалары сынуы мүмкін.

■ **Автокөліктің шанағын жылтырату және балауызбен өңдеу**

Автокөлігіңіздің шанағын жылтырату және балауызбен өңдеу алдында оны мұқият жуып, кептіріп алу керек. Өндірушінің нұсқауларын орындай отырып, тек жоғары сапалы жылтыратқыштар мен балауызды пайдаланыңыз. Автокөлігіңіздің боялған беттері суып тұрған жағдайда ғана жылтыратқыштар мен балауызды жағыңыз.

Автокөлігіңіздің боялған беттерін ғана емес, сонымен қатар хромдалған бөліктерін де жылтыратып, балауызбен өңдеу қажет. Балауыз болмаса, автокөліктің боялған беттері солып, бастапқы жылтырлығын жоғалтады және бояу тезірек ескіреді. Балауыз құрамының қабатын кем дегенде айына бір рет немесе судың беттерден ағуын тоқтатқан жағдайларда қолдану ұсынылады.

Егер бояу оның жылтырлығы мен реңін қалпына келтіру мүмкін болмайтындай күңгірттенсе, бетті жеңіл түрде, майда түйіршікті жылтырату қоспасымен жылтыратыңыз. Тек күңгірт бетті жылтыратумен шектелмеңіз, іргелес аймақтарды да жылтыратыңыз. Жылтырату кезінде міндетті түрде бір бағытта ғана қозғалыс жасау керек.

Жылтырату кезінде түйіршікті № 2000 қоспаны пайдалану ұсынылады. Ірі түйірлі қоспаны қолданбаңыз. Ірі түйірлі жылтырату қоспаларының түйір нөмірі кем әрі бояуды зақымдауы мүмкін. Күңгірттенген беттің бастапқы жылтырлығын қалпына келтіру үшін күңгірт жерлерді жылтырататын қоспамен жылтыратқаннан кейін оларға балауыз қоспасының қабатын жағыңыз. Жылтырату қоспасын жиі пайдалану, сондай-ақ жылтырату процесінің технологиясын бұзу бояу қабатының жойылуына әкелетінін және астар қабаты көрініп қалатынын есте ұстаған жөн. Осы мәселелерге қатысты күмәніңіз болса, SUBARU дилеріне немесе автокөлік бояулары жөніндегі маманға хабарласуға кеңес береміз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Блок-фара қақпағының бетінде органикалық еріткіштері бар өнімдерді қолданушы болмаңыз. Алайда қақпақтың бетіне органикалық еріткіші бар жылтыратқыш немесе балауыз жағылып қойса, жылтыратқышты немесе балауызды сумен толық шайып кетіріңіз. Әйтпесе, қақпақтың беті зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлігіңіздің шанағына балауыз қоспасын қолданған кезде алдыңғы айнекжуғыштың форсункалары бітелмегенін тексеріңіз.

■ Жеңіл қорытпалы дискілерді тазарту

- Жеңіл қорытпалы дискісі бар дөңгелектерді жолдың кірінен немесе жол тазалауға арналған химиялық заттардан мүмкіндігінше жиі тазалап тұрыңыз. Егер мұндай кірді ұзақ уақыт тазаламаса, оны тазалау қиын болады.
- Дискілерді тазалау үшін абразивтері бар тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Бейтарап жуғыш затпен тазартыңыз, содан кейін сумен мұқият шайыңыз. Дискілерді тазалау үшін қатты щеткаларды пайдаланбаңыз. Дискілерді жоғары жылдамдықпен айналатын автокөлік жуу щеткаларымен тазаламаңыз.
- Автокөлікке теңіз суы шашыраса немесе теңіз желінде немесе тұзбен не басқа химиялық заттармен өңделген жолдармен жүргеннен кейін бүкіл автокөлікті (соның ішінде жеңіл қорытпалы дискісі бар дөңгелектерді) мүмкіндігінше тезірек сумен жуып тастаңыз.

Коррозиядан қорғау

Автокөліктің конструкциясы және жасалу технологиясы оның коррозияға жоғары төзімділігін қамтамасыз етеді. Автокөлік бөлшектерінің көпшілігі автокөліктің өдемі келбетімен қатар оның беріктігін, сондай-ақ пайдаланудағы сенімділігін қамтамасыз ететін арнайы материалдардан жасалған немесе оның арнайы қорғау жабындары бар.

■ Коррозияның ең көп таралған себептері

Коррозияның ең көп таралған себептері мыналар:

1. Кірде және басқа да бөгде заттарда, шанақтың жеке панельдерінде, сондай-ақ түрлі қуыстарда және басқа жерлерде сақталған ылғалдың жиналуы.
2. Ұсақ тастар мен қиыршық тастардан немесе болмашы жол апатының нәтижесінде лау-бояу және басқа да қорғау жабындарының зақымдануы.

Коррозияны жеделдететін факторларға мыналар жатады.

1. Автокөлік шанағына жол тұзының немесе шаңмен күресу үшін қолданылатын химиялық заттардың әсері; ауада әртүрлі тұздардың жоғары мөлшерімен сипатталатын жағалаудағы аудандарда, сондай-ақ

елеулі өнеркәсіптік шығарындылары бар аймақтарда автокөлікті пайдалану.

2. Ылғалдығы жоғары жерлерде, әсіресе судың қату температурасынан сәл жоғары температурада көлікті пайдалану.
3. Автокөліктің басқа бөліктері кепкеннен кейін де автокөліктің кейбір бөліктеріндегі ылғалдың ұзақ уақыт сақталуы.
4. Жоғары температура және автокөліктің кейбір бөліктеріндегі нашар желдету, бұл бөліктерден ылғалдың тез кетуіне жол бермеуі.

■ Коррозияның алдын алу шаралары

Автокөлік шанағын, сондай-ақ оның аспа элементтерін коррозияға ұшыратпау үшін автокөлікті үнемі жуу керек. Оған қоса, келесі жағдайларда автокөлікпен жүргеннен кейін оны дереу жуу керек.

- Қыста мұздың пайда болуын болдырмау үшін тұзбен өңделген жолдарда.
- Балшықта, құмда немесе қиыршық таста.
- Жағалау аймақтарындағы жолдарда.

Қыстан кейін автокөліктің түбін өте мұқият жуған жөн.

Қыс мезгілі басталмас бұрын автокөліктің астында орналасқан бөлшектердің, мысалы, пайдаланылған газ шығару жүйесінің, отын және тежегіш магистральдерінің, тежегіш жүйесі кабельдерінің, аспа элементтерінің, руль элементтерінің, шанақ асты мен қанаттардың жағдайын тексеруіңіз керек. Егер осы компоненттердің кем дегенде біреуінде тот табылса, оны коррозияға қарсы өңдеуден өткізу немесе ауыстыру қажет. Осындай жұмыстарды орындауда көмек қажет болса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Егер бояуда сызаттар табылса, оларды дереу жөндеу керек.

Автокөлік ішіндегі еден төсеніштерінің астында су немесе кірдің жиналмағанын тексеріңіз. Бұл да коррозияға әкелетін себеп болуы мүмкін. Еден төсеніштерінің астында су немесе кір жоқ екеніне көз жеткізу үшін осы тексерулерді әр мезгіл қайталаңыз. Көлікжайды құрғақ күйде ұстаңыз. Автокөлікті дымқыл, нашар желдетілетін көлікжайда сақтамаңыз. Мұндай көлікжайдағы жоғары ылғалдық коррозияға қолайлы жағдай жасайды. Оған қоса, сіз автокөлікті көлікжайда жусаңыз және көлікжайға кірер алдында автокөлікті ылғалдан немесе қардан тазартпасаңыз, ылғалдылық артады.

Автокөлікті суық ауа райында және/немесе жолдар тұзбен немесе басқа коррозиялық материалдармен өңделген жерлерде пайдаланған кезде есіктің топсалары мен құлыптарын, сондай-ақ капот ілмегі үнемі тексеріп, майлаңыз.

Көліктің салонын тазалау

Климат-контроль жүйесін басқару тақтасын, аудиожүйені, аспаптар тақтасын, орталық консольді, аспаптар комбинациясы тақтасын және түрлі ауыстырып қосқыштар мен ажыратқыштар орындарын тазалау үшін жұмсақ, дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. (Осы мақсаттар үшін ешқандай органикалық еріткіштерді қолданбаңыз.)

■ Орындықтардың мата қаптауышы

Шаңды, кірді және ұсақ қоқысты шаңсорғышпен тазалаңыз. Егер кір қатып қалып, оны шаңсорғышпен кетіру мүмкін болмаса, оны кетіру үшін жұмсақ щетканы пайдаланыңыз, содан кейін орындықты шаңсорғышпен тазалаңыз. Матаның бетін жақсы сығымдалған дымқыл шүберекпен сүртіңіз, содан кейін орындықтарды жақсылап кептіріңіз. Бүкіл кірді кетіре алмасаңыз, орындық қаптауышын екінші рет жылы, әлсіз сабынды сумен сүртіңіз. Осыдан кейін орындықтарды жақсылап кептіріңіз.

Орындықта әлі де дақтар қалса, сатылатын мата тазалағыш құралдарды пайдаланыңыз. Тазалағыш құралдардың матаға зақым келтірмейтініне көз жеткізу үшін алдымен қаптауыштың жасырын

жерінде тексеріп көріңіз. Тазалағыш құралды пайдалану нұсқауларына сәйкес пайдалану керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

Орындықтарды тазалау үшін бензинді, еріткіштерді немесе ұқсас заттарды қолданбаңыз. Олар бетті зақымдауы және түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

■ Орындықтардың былғары қаптауышы

SUBARU орындықтарды жасау үшін жоғары сапалы табиғи былғарыны пайдаланады. Дұрыс күтім көрсетілсе, ол өзіне тән табиғи сыртқы түрін сақтайды және көптеген жылдар бойы ұстауға жағымды болып қалады.

Сонымен қатар былғары бетінде шаң мен кір жиналса, ол иілгіштігін жоғалтады және мерзімінен бұрын тозады. Былғарыны дымқылдамай және тігістер арқылы орындықтардың ішіне су кіруіне жол бермей, былғарының бетін айына бір рет жұмсақ және дымқыл табиғи шүберекпен сүртіңіз.

Қатты кір дақтарын кетіру үшін жүн маталарды тазалауға арналған жұмсақ жуғыш заттарды қолдануға болады, содан кейін былғарының жылтырын қалпына келтіру үшін былғары беттерді жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүрту керек.

Автокөлігіңіз ашық күн сәулесінің астында ұзақ уақыт тұратын болса, былғары бояуы оңып, былғары отырып кетпес үшін терезелердің пердесін жабу немесе орындықтар мен бассүйегіштерді жапқышпен жабу керек.

Былғарының аздаған зақымдары мен сызылған жерлерін өңдеу үшін аэрозольді қаптамада сатылатын былғарыны өңдеуге арналған лакты пайдалануға болады. Біраз уақыттан кейін былғарыда жұмсақ қатпарлар мен әжімдер пайда болғанын байқайсыз, бұл табиғи былғарыға тән.

■ Синтетикалық былғары қаптауыш

Автокөлігіңіздің синтетикалық былғары қаптауышы бетті шаңсорғышпен тазалағаннан кейін немесе щеткамен кірді кетіргеннен кейін әлсіз сабын ерітіндісімен немесе жуғыш затпен тазаланады. Жуғыш ерітіндіні жағып, оның тазартылатын бетке сіңуін бірнеше минут күтіңіз. Содан кейін жуғыш ерітіндіні таза, дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Қажет болса, сатылымдағы синтетикалық былғары тазалауға арналған тазартқыш құралдарды пайдалануға болады.

АБАЙЛАҢЫЗ

Автокөлік салонының қаптауышында қолданылатын былғары немесе синтетикалық материалдарға ешқашан күшті тазартқыштарды (еріткіштер, сұйылтқыштар, әйнектазартқыштар немесе бензин) қолданбаңыз. Олар бетті зақымдауы және түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

■ Климат-контроль жүйесін басқару тақтасын, аудиожүйені, аспаптар тақтасын, орталық консольді, аспаптар комбинациясы тақтасын, түрлі ауыстырып қосқыштар мен ажыратқыштар орындарын және басқа да пластик беттерді тазалау

Климат-контроль жүйесін басқару тақтасын, аудиожүйені, аспаптар тақтасын, орталық консольді, аспаптар комбинациясы тақтасын және түрлі ауыстырып қосқыштар мен ажыратқыштар орындарын тазалау үшін

жұмсақ, дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Ешбір органикалық еріткіштерді (бояу сұйылтқыштар, бензин) немесе құрамында осындай еріткіштер бар күшті тазартқыштарды қолданбаңыз. Олар бетті зақымдауы және түсінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.
- Құрамында силиконы бар химиялық еріткіштерді автокөліктің аудиожүйесіне, кондиционердің электр бөліктеріне немесе кез келген ажыратқыштарға қолданбаңыз. Силикон осы бөліктерге жабысып қалса, ол электр бөлшектерге зақым келтіруі мүмкін.

■ Монитор (орнатылған болса)

Аудиожүйе/навигация жүйесі мониторын, көп функциялы мониторды тазалау үшін оны силикон матамен немесе қарапайым жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Монитор өте кір болған жағдайда оны бейтарап жуғыш зат ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін мониторда қалған жуғыш зат қалдығын мұқият алып тастаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Бейтарап жуғыш затты тікелей мониторға шашпаңыз. Әйтпесе, монитор бөліктері зақымдануы мүмкін.
- Мониторды қатты шүберекпен сүртпеңіз. Әйтпесе, мониторда сызаттар пайда болуы мүмкін.
- Құрамында еріткіштер, бензин немесе кез келген басқа ұшатын заттар бар тазалағыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Бұл тазалағыш сұйықтықтармен монитордың төменгі жағында орналасқан ажыратқыштардың үстіндегі жазуларды кетіріп алуыңыз мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Техникалық қызмет көрсету кестесі.....	525
Техникалық қызмет көрсету жұмыстары кезіндегі сақтық шаралары.....	529
Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізер алдында	530
Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу кезінде.....	531
Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу	531
Техникалық қызмет көрсету бойынша кеңестер.....	532
Бөлшектерді ауыстыру	532
Бекітіштерді алу және орнату	532
Қозғалтқыш капоты	534
Мотор бөлігі компоненттерінің жалпы көрінісі ..	535
Мотор майы.....	536
Мотор майының шығыны	536
Май деңгейін тексеру	536
Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру.....	538
Ұсынылған май класы және тұтқырлығы.....	538
Синтетикалық май	538
Салқындату жүйесі	539
Радиатор желдеткіші, келте құбырлар және қосылыстар	539
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы.....	540
Ауа сүзгісінің сүзу элементі	542
Ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстыру	542
Оталдыру бітелері.....	543
Жетек белдігі.....	544

Сатысыз трансмиссия сұйықтығы.....	544
Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май.....	544
Ұсынылған май класы және тұтқырлығы	544
Тежегіш сұйықтығы	545
Сұйықтық деңгейін тексеру.....	545
Ұсынылған тежегіш сұйықтығы	545
Тежегіш жүйесінің күшейткіші	546
Тежегіш педалі	546
Тежегіш қалыптарын ауыстыру	547
Жаңа тежегіш қалыптарының үйкелісі (электрлік тұрақ тежегіші жүйесі бар модельдер).....	547
Шиналар мен дискілер	548
Шина түрлері.....	548
Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса).....	548
Шиналардың жағдайын тексеру	550
Шиналардағы қысым және шиналардың тозуы	550
Дөңгелектерді теңгеру.....	552
Тозу индикаторлары.....	553
Шиналардың айналу бағыты.....	554
Шиналардың орнын ауыстыру	554
Шиналарды ауыстыру	554
Дискілерді ауыстыру.....	556
Жеңіл қорытпа дискілер (орнатылған болса).....	556
Әйнекжуғыш сұйықтық	557
Әйнекжуғыш сұйықтықты толтыру	557
Әйнекжуғыш сұйықтық	557
Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру	558
Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасы.....	559

Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасы.....	560
Артқы әйнектазартқыш щеткасы.....	561
Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасы.....	562
Аккумулятор батареясы	563
Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары!	563
Сақтандырғыштар.....	565
Қосымша жабдықты орнату.....	567
Шамдарды ауыстыру.....	567
Фаралар	568
Алдыңғы бұрылу көрсеткіші (егер орнатылған болса).....	568
Тұман фаралары (егер орнатылған болса) / күндізгі жүріс жарықтары (егер орнатылған болса).....	569

Артқы бұрылыс көрсеткіші	569
Артқа жүру шамы	571
Күнқағардағы айнаның көмескі жарық плафоны.....	572
Ашылған есікті ескерту шамы	572
Жүксалғышты жарықтандыру плафоны.....	572
Басқа шамдар.....	572
Қуат элементін ауыстыру	573
Сақтық шаралар.....	573
Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру	574
Қашықтан басқару таратқышының қуат элементін ауыстыру	575
«Таблетка» типіндегі қуат элементтерін қауіпсіз кәдеге жарату	576

Техникалық қызмет көрсету кестесі

Автокөлікті тұрақты түрде жұмысқа жарамды күйде сақтау және оңтайлы пайдаланушылық сапасын қамтамасыз ету үшін автокөлігіңізге ұсынылған техникалық қызмет көрсету жұмысы техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес орындалуы керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Төменде техникалық жағдайды тексеру және техникалық қызмет көрсету бойынша кестеде көзделген жұмыстарды жүргізу үшін **МИНИМАЛДЫҚ ЖИІЛІК** берілген. Дегенмен бұл жұмысты жол жағдайына, ауа райына, атмосфералық жағдайға және автокөлігіңіздің қалай пайдаланылатынына байланысты жиірек орындау қажет болуы мүмкін. Бұл шарттар әр елде әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан еліңіздегі көліктің жұмыс жағдайлары негізгі техникалық қызмет көрсету кестесін өзгертуді талап етуі мүмкін. Автокөлігіңізге соңғы ұсынылған техникалық қызмет көрсету кестесін жақын жердегі SUBARU өкілетті дилерінен алуды ұсынамыз.
- Көп функциялы дисплейі бар үлгілерде жоспарланған техникалық қызмет көрсету таяп қалғанда көрсетілетін еске салғышты орнатуға болады. Толығырақ ақпарат алу үшін «Техникалық қызмет көрсету баптаулары» бөлімін қараңыз **☎263-б.**

120 000 км астам жүргеннен кейін немесе автокөлік 96 ай жұмыс істегеннен кейін, техникалық қызмет көрсету кестесінің төртінші бағанынан бастап автокөлікке бұрынғы жиілікте қызмет көрсетіледі. Бұл кезде кестенің жоғарғы бөлігіндегі автокөліктің жүрілгеніне немесе жұмыс істеген уақытына сәйкесінше 120 000 км немесе 96 ай қосылады.

Қолданылатын таңбалар

R: Ауыстыру.

I: Тексеру, содан кейін қажет болса реттеу, жөндеу немесе ауыстыру.

P: Орындау.

(I): Автокөліктің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін қызмет көрсету ұсынылады.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘНІ		ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ (Пайдалану уақыты, айлармен немесе көліктің жүргені, километрмен, қайсысының бірінші келуіне байланысты)										ЕСКЕРТПЕЛЕР
		Айлар		12	24	36	48	60	72	84	96	
		× 1000 км	5	15	30	45	60	75	90	105	120	
1	Мотор майы	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	1) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
2	Май сүзгісі	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	1) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
3	Жетек белдігі		I	I	I	I	I	I	I	I	I	
4	Салқындату жүйесі, құбыршектер мен қосылыстар			I		I		I		I		
5	Қозғалтқышты салқындату сұйықтығын ауыстыру («SUBARU SUPER COOLANT» салқындату сұйықтығы немесе оның баламасы)	1-ші ауыстыру: 132 ай (11 жыл)/220 000 км 2-ші және одан кейінгі ауыстыру: 72 ай (6 жыл)/120 000 км										
6	Отын жүйесі, отын желілері және қосылыстары			I		I		I		I		2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
7	Отын сүзгісі							R				Әр 90 000 км сайын ауыстырыңыз
8	Ауа сүзгісінің сүзу элементі		R	R	R	R	R	R	R	R	R	Әр 15 000 км сайын ауыстырыңыз
9	Оталдыру бітелелері								R			7) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
10	Дифференциал майы (алдыңғы және артқы) (трансмиссия майы)			I		R		I		R		3) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
11	Сатысыз трансмиссия сұйықтығы			I		I		I		I		4) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
12	Тежегіш сұйықтығы			R		R		R		R		5) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
13	Дискілер және дискілік тежегіш қалыптары/тозаңдықтар және алдыңғы мен артқы жарты осьтің топсалары		I	I	I	I	I	I	I	I	I	2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
14	Тежегіш қалыптары және барабанды тежегіштердің барабаны (соның ішінде тежегіш қалыптары және тұрақ тежегішінің барабаны)			I		I		I		I		2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘНІ	ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМДІЛІГІ (Пайдалану уақыты, айлармен немесе көліктің жүргені, километрмен, қайсысының бірінші келуіне байланысты)											ЕСКЕРТПЕЛЕР
	Айлар		12	24	36	48	60	72	84	96		
	× 1000 км	5	15	30	45	60	75	90	105	120		
15	Тежеу магистральдарын қарау, тұрақ және жұмыс тежегішінің жұмыс жүйесін тексеру			P		P		P		P		2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
16	Руль жүйесі және аспа			I		I		I		I		2) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз
17	Алдыңғы және артқы дөңгелектердің мойынтіректері										(I)	
18	Климат-контроль жүйесіне арналған салонның ауа сүзгісі элементі	12 ай сайын немесе 15 000 км жүрілген сайын қайсысы бірінші келуіне байланысты ауыстырыңыз.										6) ЕСКЕРТПЕНІ қараңыз

ЕСКЕРТПЕ

- 1) Автокөлік төмендегі мысалдарда* сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса, қозғалтқыш майы мен май сүзгісін жиі ауыстыру керек.
- 2) Автокөлік төмендегі мысалдарда* сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса, тексеруді автокөлік әр жүрген 15 000 км сайын немесе 12 ай сайын — қайсысы бірінші келетініне байланысты жүргізу керек.
- 3) Автокөлік тіркемені жиі сүйреу сияқты ауыр жағдайларда жиі пайдаланылса, онда алдыңғы және артқы дифференциалдың майы жиірек ауыстырылуы керек.
- 4) Автокөлік төмендегі мысалдарда* сипатталғандай ауыр жағдайларда пайдаланылса, сатысыз трансмиссия сұйықтығын әр 45 000 км сайын ауыстыру керек.
- 5) Төменде аталған аумақтарда автокөлікті басқарған кезде тежегіш сұйықтығын автокөлік 15 000 км жүрген сайын немесе 12 ай сайын, қайсысы бірінші келетініне байланысты ауыстырыңыз.
 - (1) Ылғалдығы жоғары аймақтар.
 - (2) Таулы аймақтар.
- 6) Көлік төмендегі мысалдарда* сипатталған ауыр жағдайларда пайдаланылса, ауа сүзгісінің сүзу элементін және ауа салқындату жүйесінің сүзу элементін жиірек ауыстыру керек.
- 7) Егер автокөлік төменде келтірілген мысалдарда* сипатталғандай ауыр жол жағдайында пайдаланылса, оталдыру білтелерін ауыстыру қажеттілігін дилер техникалық қызмет көрсету кезінде анықтайды.

* Ауыр пайдалану жағдайларының үлгілері:

- (1) Өте төмен температурада пайдалану (тек 1, 2, 11 және 16-тармақтар).
- (2) Тіркеме сүйреу (тек 1, 2, 10, 11, 12, 13 және 15-тармақтар).
- (3) Кептелістерде немесе қысқа қашықтықта жүру (тек 1, 2, 9, 13 және 14-тармақтар).
- (4) Шаң көтерілетін жолдарда жүру (тек 8, 13, 14, 16 және 18-тармақтар).
- (5) Ойлы-шұңқырлы және/немесе саз жолдармен жүру (тек 11, 12, 13, 14, 16 және 18-тармақтар).
- (6) Жолдары жол тұзымен немесе коррозия тудыратын басқа заттармен өңделген аумақтарда жүру (тек 6, 12, 13, 14, 15 және 16-тармақтар).
- (7) Автокөлікті жағалау маңындағы және таулы аймақтарда пайдалану (тек 6, 13, 14, 15 және 16-тармақтар).

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары кезіндегі сақтық шаралары

Егер техникалық қызмет көрсету жұмыстары қажет болса, оны SUBARU өкілетті дилерінде жүргізуді ұсынамыз.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өз бетіңізше орындамас бұрын, сіз осы тараудағы автокөлікке жалпы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу тәртібі туралы ақпаратты мұқият оқып шығуыңыз керек.

Автокөлікке дұрыс емес немесе толық емес техникалық қызмет көрсету автокөлік жүйелерінің нашар жұмыс істеу жағдайларына әкелуі және оның жұмыс қауіпсіздігіне теріс әсер етуі мүмкін. Кепілдік міндеттемелер автокөлігіңізге дұрыс техникалық қызмет көрсетілмегендіктен туындаған кез келген жағдайға қолданылмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Автокөлікке техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек қауіпсіз жерде орындаңыз.
- Жарақат алмас үшін автокөлікте жұмыс істегенде өте сақ болыңыз. Автокөліктегі кейбір материалдар (мысалы, аккумулятор электролиті) дұрыс пайдаланылмаса, денсаулығыңызға қауіп төндіретінін ескеріңіз.
- Автокөлікке техникалық қызмет көрсетуді тек жоғары білікті мамандар жүргізуі керек. Автокөлікке қызмет көрсетуде жеткілікті тәжірибесі жоқ адамдар ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Осы жұмыс үшін арнайы жасалған және жарамды күйдегі құралдарды пайдаланыңыз.

- Егер автокөлік тек домкратпен ғана көтерілген болса, қандай жағдай болмасын автокөліктің астында болмаңыз. Автокөлікті көтеріп тұру үшін әрдайым арнайы тіреуіш бағандарды пайдаланыңыз.
- Қозғалтқышты жұмыс істеп тұрған күйінде көлікжай немесе басқа жабық кеңістік сияқты нашар желдетілетін жерде ешқашан қалдырушы болмаңыз.
- Ашық оттың жанында аккумулятормен немесе отынмен жұмыс жасамаңыз және мұндай жұмыс кезінде темекі тартпаңыз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Автокөлігіңіздің отын жүйесінде қысым болғандықтан, отын сүзгісін SUBARU дилерінде ауыстыруды ұсынамыз.
- Май мен жұмыс сұйықтығының көзіңізге түсуін болдырмау үшін тиісті көзілдірік киіңіз. Егер май немесе жұмыс сұйықтығы көзіңізге тисе, оларды таза сумен жақсылап жуыңыз.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің немесе қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштарында электрсымдарды өзгертпеңіз немесе олардың ағытпаларын ажыратуға тырыспаңыз, себебі бұл жүйелердің іске қосылып кетуіне немесе жоспарланған жағдайларда істемей қалуына әкелуі мүмкін. Бұл жүйелердің электр тізбегінде электр тестерлерді пайдалануға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Қауіпсіздік жастықтарына немесе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу қажет болса, жақын жердегі SUBARU дилеріне хабарласыңыз.
- Ұмытылған құралдар немесе шүберектер жоқ екеніне көз жеткізу үшін мотор бөлімінің ішкі жағын тексеріңіз. Ішінде ұмытылған жағдайда олар ақау немесе өрт тудыруы мүмкін.

■ Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізер алдында

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Автокөлік қозғалып кетпеуі үшін қозғалтқышты міндетті түрде өшіріп, автокөліктің күйін тұрақ тежегішімен мықтап бекітіңіз.
- Міндетті түрде қозғалтқыш суығанша күтіңіз. Жұмыс кезінде қозғалтқыш бөліктері қатты қызады және ол тоқтағаннан кейін де біраз уақыт ыстық күйде қалады.
- Қозғалтқыш майының, салқындату сұйықтығының, тежегіш сұйықтығының және басқа сұйықтықтардың қозғалтқыштың ыстық бөліктеріне тиюіне жол бермеңіз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.

- Егер оталдыру жүйесінің құлпы «ON» күйінде болса, радиатор желдеткіші қозғалтқыш өшірілген кезде де күтпеген жерден іске қосылуы мүмкін. Егер дене бөліктері немесе киім айналып тұрған желдеткішке тиіп кетсе, ауыр жарақат алуыңыз мүмкін. Жарақат алу қаупін болдырмау үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз.
 - Қозғалтқышты түйме арқылы автоматты түрде оталдыру / сөндіру жүйесі бар модельдер

Міндетті түрде қозғалтқышты іске қосу/тоқтату түймесі арқылы қуат беру режимін «OFF» күйіне қойылғанын және түймедегі жұмыс режимінің индикаторының өшірілгенін тексеріңіз. Содан кейін қашықтан басқару салпыншағын автокөліктен алып шығыңыз.
 - Қозғалтқышты түйме арқылы автоматты түрде оталдыру / сөндіру жүйесі жоқ модельдер

Міндетті түрде кілтті оталдыру құлпынан алыңыз.

- Мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу кезінде



▲ АБАЙЛАҢЫЗ


- Қозғалтқыш қаптамасы бар үлгілерде мотор бөліміндегі бөлшектерді тексерген кезде оған қол тигізбеңіз. Әйтпесе қолыңыз жетек белдігінің қаптамасынан тайып кетіп, жарақат алуы мүмкін.

- Қозғалтқыш толығымен суығанша май сүзгісін ұстаушы болмаңыз. Әйтпесе бұл күйкке немесе басқа жарақатқа әкелуі мүмкін. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда май сүзгісінің қатты қызып кететініне және қозғалтқыш тоқтағаннан кейін де біраз уақыт ыстық болып қалатынына көңіл аударыңыз.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотор бөлімінде тексеру немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш қауіпті болуы мүмкін. Саусақтарыңызды, қолдарыңызды, киіміңізді, шашыңыз бен жұмыс құралдарыңызды радиатор желдеткішінен, жетек белдіктерінен және қозғалтқыштың басқа да қозғалмалы бөліктерінен алыс ұстаңыз. Жұмысты бастау алдында сақиналарды, сағатты және галстукті шешіп қою керек.



- 1) Тірек бағаны.

Қозғалтқышы жұмыс істеп және дөңгелектері айналып тұрған толық жетекті модельдерде тексеру және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін барлық төрт дөңгелекті домкраттар арқылы көтеріп қою керек немесе дөңгелектерді еркін айналатын роликтерге орнату қажет. Қозғалтқышты иінді біліктің жоғарғы айналу жиілігіне дейін жеткізуге немесе тежегіш педалін күрт басуға жол бермеңіз.

Техникалық қызмет көрсету бойынша кеңестер

■ Бөлшектерді ауыстыру

Техникалық қызмет көрсету кезінде ауыстыру туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін кез келген ресми SUBARU дилеріне, жөндеу шеберханасына немесе басқа білікті және жабдықталған кәсіби мамандарға хабарласуды ұсынамыз.


■ Бекіткіштерді алу және орнату

Ауа сүзгісінің сүзу элементін және жеке шамдарды ауыстырмас бұрын, кейбір бекіткіштер мен қанаттардың ішкі қаптамаларын алып тастау керек.

▼ Бекіткіштерді алу


Автокөлігіңізде бекіткіштердің бірнеше түрі қолданылады.

▼ «А» типті бекіткіштер




1. Минус бұрауышты пайдаланып, бекіткіштің орталық бөлігі көтерілгенге дейін бекіткішті теріс бағытта бұраңыз.
2. Иіңтірек ретінде минус бұрауышты пайдаланып, бекіткіштің ортаңғы бөлігін көтеріңіз.
3. Жоғары қарай тартып, бекіткішті шығарыңыз.

▼ «В» типті бекіткіштер




1. Жалпақ бұрауышты пайдаланып, бекіткіштің орталық бөлігін суретте көрсетілгендей итеріп көтеріңіз.
2. Бекіткіштің шығып тұрған ортаңғы бөлігін тартып, бүкіл бекіткішті алыңыз.

▽ «С» типті бекіткіштер




1. Айқыш бұрауышты пайдалана отырып, бекіткіштің орталық бөлігі көтерілгенге дейін бекіткішті теріс бағытта бұраңыз.
2. Жоғары қарай тартып, бекіткішті шығарыңыз.


▼ Бекіткіштерді орнына орнату



«А» типті бекіткіштер



«В» типті бекіткіштер



«С» типті бекіткіштер

Алдымен бекіткішті ортаңғы бөлігісін салыңыз, содан кейін оның ортаңғы бөлігін бекіткіштің тесігіне салыңыз да, батырып басыңыз.


Қозғалтқыш капоты

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Капотты жапқан кезде саусақтарыңызды немесе басқа заттарды қыспау үшін өте сақ болыңыз.
- Капотты жабу үшін оны баспаңыз. Бұл оның панеліндегі металдың деформациясына әкелуі мүмкін.
- Әсіресе қатты желде капотты ашқанда абайлаңыз. Капот кенеттен жабылып, қатты жабылу кезінде жарақат алуыңыз мүмкін.
- Қозғалтқыш капотына SUBARU түпнұсқа бөліктерінен басқа аксессуарларды орнатпаңыз. Егер капот тым ауыр болса, оны газ тіреуіштері ашқан кезде ұстап тұра алмауы мүмкін.


Капотты ашу

1. Егер әйнектазартқыштың щеткалары алдыңғы әйнектен шығарылса, оларды орнына қайтарыңыз.



B01833

2. Аспаптар тақтасының астында орналасқан капотты ашу тұтқасынан тартыңыз.



B02128

3. Радиатор торы мен капоттың ортасындағы тұтқаны солға жылжытып, қосымша бекіткішті босатыңыз.
4. Капотты көтеріңіз.

Капотты жабу


1. Капотты жабық күйінен шамамен 20-30 см биіктікке дейін түсіріңіз, содан кейін капотты жібере салыңыз.
2. Капотты жапқаннан кейін оның мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

Егер жоғарыда сипатталған әрекеттерден кейін капот жабылмаса, онда оны жоғарырақ позициядан жіберу керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалысты бастамас бұрын, капоттың мықтап бекітілгенін тексеріңіз. Әйтпесе қозғалыс кезінде капот ашылып, көріністі жауып қалуы мүмкін, бұл апатқа және ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.

Мотор бөлігі компоненттерінің жалпы көрінісі



B01836

- 1) Тежегіш сұйықтығына арналған бак (545-б).
- 2) Сақтандырғыштар блогы (565-б.).
- 3) Аккумулятор батареясы (563-б).
- 4) Әйнекжуғыш сұйықтық багы (557-б).
- 5) Мотор майының құю аузының қақпағы (536-б).
- 6) Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығына арналған кеңейткіш бак (540-б).
- 7) Радиатор қақпағы (540-б).
- 8) Май сүзгісі (538-б).
- 9) Мотор майының деңгейін тексеруге арналған сүңгі (536-б).
- 10) Салон сүзгісінің корпусы (542-б).

Мотор майы**▲ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Егер май деңгейін тексеру үшін сүңгіні аларда, ол жабысып қалса, сүңгіні оңға және солға бұрап, содан кейін шығарыңыз. Әйтпесе ол сізге соққы беріп, жарақатқа әкеледі.
- Тек ұсынылған кластағы және тұтқырлықтағы мотор майын пайдаланыңыз.
- Толықтырып құю кезінде мотор майын төгіп алудан абайлаңыз. Шығару құбырына майдың түсуі өткір иіс пен түтін шығарып, өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер мотор майы шығатын құбырға түссе, оны мұқият сүртiңiз.

■ Мотор майының шығыны

Қозғалыс кезінде мотор майының белгілі бір мөлшері жұмсалады. Төмендегі жағдайларда май шығыны артып, қызмет көрсету аралықтары арасында толықтырып құюды қажет етуі мүмкін.


- Жаңа қозғалтқышта сынау кезеңі ішінде.
- Мотор майы сапасының төмен деңгейінде.
- Тұтқырлығы дұрыс емес маймен қолданған кезде.
- Қозғалтқышпен тежеу кезінде.
- Қозғалтқыш иінді білігінің жоғары айналыс жиілігінде жұмыс істеген кезде.
- Қозғалтқыш ауыр жүктемемен жұмыс істеген кезде.
- Тіркемені сүйреу кезінде.
- Қозғалтқыш ұзақ уақыт бойы бос жүріс режимінде жұмыс істеген кезде.
- Қозғалтқыш жиі тоқтау және бастау режимінде жұмыс істеген кезде және/немесе қарбалас жол қозғалысы кезінде.
- Автокөлікті ауыр температура жағдайында пайдалану кезінде.
- Автокөлікті жиі үдету мен тежеу кезінде.

Осындай немесе ұқсас жағдайларда, кем дегенде әрбір екінші отын құю кезінде майды тексеріп, оны жиі ауыстырып отыру керек.

Егер май шығыны 2 000 шақырымға 1 литрден асса, бақыланатын жағдайларда сынақтан өткізе алатын SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Май деңгейін тексеру

1. Автокөлікті тегіс жерге орнатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Егер қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірден май деңгейін тексеру қажет болса, барлық май қартер табандығына кері ағуы үшін кем дегенде 5 минут күту керек.




B01300

- 1) Мотор майының деңгейін тексеруге арналған сүңгі.
 - 2) Май құю аузының қақпағы.
 - 3) Май сүзгісі.
 - 4) Майдың тұтқырлығы 0W-20.
- A) МОТОР МАЙЫ.
B) ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер май деңгейін тексеру үшін сүңгіні оңай алу мүмкін болмаса, сүңгіні оңға және солға бұрап, содан кейін шығарыңыз. Әйтпесе сүңгіні күшпен шығаратын болсаңыз, жарақат алуыңыз мүмкін.

2. Май деңгейін тексеру үшін сүңгіні алыңыз, оны сүртіңіз де, қайтадан салыңыз.
3. Міндетті түрде деңгейді тиісті түрде тексеру үшін сүңгіні соңына дейін салыңыз.



B01878

- 1) Жоғарғы деңгей белгісі.
- 2) Төменгі деңгей белгісі.
- 3) Төменнен жоғары деңгейге дейін шамамен 1,0 литр.

4. Май деңгейін тексеру үшін сүңгіні қайтадан алыңыз.
5. Сүңгінің екі жағындағы май деңгейін тексеріңіз. Мотор майының деңгейі екі деңгейдің төменгі деңгейімен анықталуы керек. Егер май деңгейі төменгі деңгейден төмен болса, майды жоғарғы деңгей белгісіне дейін құйыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Абайлаңыз, май құю аузының қақпағын алу кезінде мотор майының сүзгісіне қолыңызды тигізбеңіз. Бұл күйік шалуға, саусақтың қысылуына немесе басқа жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Тек ұсынылған кластағы және тұтқырлықтағы мотор майын пайдаланыңыз.
- Толықтырып құю кезінде мотор майын төгіп алудан абайлаңыз. Шығару құбырына майдың түсуі өткір иіс пен түтін шығарып, өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін. Егер мотор майы шығатын құбырға түссе, оны мұқият сүртіңіз.

Мотор майын құю үшін мотор майының май құю аузының қақпағын шешіп, май құю аузы арқылы мотор майын баяу құйыңыз. Майды қозғалтқышқа құйғаннан кейін, май деңгейін тексеруге арналған сүңгінің көмегімен май деңгейін тексеру керек.

ЕСКЕРТПЕ

Мотор майын артық құймау үшін майды суық қозғалтқыштағы жоғарғы деңгей белгісінен жоғары толтырмау керек.

■ Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру

Май мен май сүзгісін ауыстыру автокөлікке техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізіледі. Қысқа қашықтыққа жиі сапар шегу кезінде, тіркемені тарту кезінде немесе автокөлікті өте төмен температура жағдайында пайдалану кезінде мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілгеннен жиі жасалуы керек.

ЕСКЕРТПЕ

Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыруды жақсы дайындалған маман жүргізуі керек. Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Жақсы дайындалған SUBARU дилерлік механиктері осы

жұмыстарды орындау кезінде арнайы құралдарды, қосалқы бөлшектерді және ұсынылған майды пайдаланады, сонымен қатар пайдаланылған майды дұрыс кәдеге жаратады.

■ Ұсынылған май класы және тұтқырлығы

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Тек ұсынылған кластағы және тұтқырлықтағы мотор майын пайдаланыңыз.

«Мотор майы» бөлімін қараңыз ☞ 580-б.

ЕСКЕРТПЕ

Мотор майының тұтқырлығы (тығыздығы) отын шығынына әсер етеді. Тұтқырлығы төмен майлар отынның аз шығынын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тұтқырлығы жоғары майлар ыстық ауа райында жақсы майлауды және қозғалтқышты қорғауды қамтамасыз етеді.

■ Синтетикалық май

Сіз мотор майларының дәстүрлі түрлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін синтетикалық мотор майын пайдалана аласыз. Синтетикалық майды пайдалану кезінде осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген бірдей классификациядағы, тұтқырлықтағы және кластағы майды таңдауыңыз керек. «Мотор майы» бөлімін қараңыз ☞ 580-б. Сонымен қатар техникалық қызмет көрсету кестесінде келтірілген май мен май сүзгісін ауыстыру аралықтарын сақтау керек. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін қараңыз ☞ 525-б.

ЕСКЕРТПЕ

12-тарауда көрсетілген синтетикалық май класы мен тұтқырлығы қозғалтқыштың оңтайлы сипаттамаларына қол жеткізу үшін ұсынылады. Қарапайым майды қозғалтқыштың ұзақ мерзімділігіне немесе басқарылуына зиян келтірместен қолдануға болады.

Салқындату жүйесі

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Радиатордың қақпағын қозғалтқышты өшірмей және оның толығымен салқындауына мүмкіндік бермей, шешуші болмаңыз. Салқындату сұйықтығы қысыммен тұратындықтан, радиатор қақпағын шешкен кезде шашыраған қайнап тұрған салқындату сұйықтығынан қатты күйіп қалуыңыз мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

• Өндіруші зауытта автокөлігіңіздің салқындату жүйесі жыл бойы қолдануға арналған және -36 °C дейінгі температурада қатып қалуға төзімді жоғары сапалы коррозияға қарсы салқындату сұйықтығымен толтырылған. Өрдайым тек түпнұсқа «SUBARU SUPER COOLANT» салқындату сұйықтығын немесе оның баламасын қолданыңыз (құрамында амин жоқ салқындату сұйықтығы).

- Егер салқындату сұйықтығын сумен сұйылту қажет болса, жұмсақ суды (немесе таза ауыз суды) қолдануды ұмытпаңыз және сұйылтудың қажетті пропорцияларын сақтаңыз.
- Өртүрлі типтегі салқындату сұйықтығын араластыру және/немесе қатты сумен сұйылту қозғалтқыш компоненттерінің беріктігін төмендету, салқындату жүйесінің бітелуі, салқындату сұйықтығының ағуы және қызып кету салдарынан қозғалтқыштың зақымдалуын қоса алғанда, өртүрлі проблемаларға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты өртүрлі типтегі салқындату сұйықтықтарын ешқашан араластырмаңыз және/немесе мұздату температурасы күтілмеген жағдайларда да сұйылту үшін кермек суды пайдаланбаңыз.
- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының боялған бөліктерге шашырауына жол бермеңіз. Салқындату сұйықтығының бойындағы спирт боялған бетті зақымдауы мүмкін.

■ Радиатор желдеткіші, келте құбырлар және қосылыстар

Автокөлігіңіздің радиаторында электр желдеткіш орнатылған, оның жұмысын қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы белгілі бір температураға дейін қызған кезде жұмыс істейтін термодатчик басқарады.

Егер салқындату сұйықтығының жоғары температурасының ескерту шамы жыпылықтаса немесе ҚЫЗЫЛ түспен жанса да, радиатор желдеткіші қосылмаса, бұл радиатор желдеткішінің электр тізбегінде ақау бар екенін білдіруі мүмкін. «Салқындату сұйықтығының төмен температурасының бақылау шамы / салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы ескерту шамы» бөлімін қараңыз ☞ 196-б.

Балқымалы сақтандырғыштың күйін тексеріп, қажет болған жағдайда оны ауыстырыңыз. «Сақтандырғыштар» бөлімін қараңыз ☞ 565-бет.


Егер сақтандырғыш жанбаса, қозғалтқыштың салқындату жүйесін тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Егер сервис орталығына сапарлар арасындағы аралықтарда салқындату сұйықтығын жиі толтыру қажет болса, ағып кетуін, зақымдануын және әлсіреуін

тексеру үшін SUBARU ресми дилерінде автокөлікке диагностика жасау ұсынылады.

■ Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы


▼ Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру



- 1) Толық деңгей белгісі «FULL».
- 2) Төмен деңгей белгісі «LOW».
- A) САЛҚЫНДАТУ СҰЙЫҚТЫҒЫ.
- B) ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫН ҚАРАҢЫЗ.

Салқындату сұйықтығының деңгейін автокөлікке отын құйған сайын тексеріңіз.

1. Салқындату сұйықтығының деңгейін қозғалтқыш қыздырылмаған кезде, салқындату сұйықтығына арналған кеңейткіш бактың сыртқы бетіндегі белгілер бойынша тексеріңіз.
2. Егер сұйықтық деңгейі «LOW» белгісіне жақындаса немесе осы белгіден төмен түссе, салқындату сұйықтығын «FULL» белгісіне дейін толтырып құйыңыз.



A) Радиатор қаппағы.


Қаппақтағы жапсырма

a) НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ.


b) ЫСТЫҚ КҮЙІНДЕ АШУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

c) 108 кПа.

3. Егер кеңейткіш бакта салқындату сұйықтығы болмаса, радиатордың қаппағын ашыңыз да, суретте көрсетілгендей салқындату сұйықтығын құю аузының астындағы деңгейге дейін толтырып құйыңыз.



- 1) Салқындату сұйықтығын осы деңгейге дейін құйыңыз.



4. Салқындату сұйықтығын кеңейткіш бакқа және радиаторға толтырғаннан кейін, радиатор қаппағының резеңке тығыздағыштарының дұрыс орналасқанына көз жеткізіп, оған қақпақтарды орнатыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Құю кезінде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын төгіп алмаңыз. Газ шығару құбырына тиген салқындату сұйықтығынан өткір иіс пен түтін шығуы, сонымен қатар өрт пайда болуы мүмкін. Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы газ шығару құбырына тисе, оны мұқият сүртіп алыңыз.
- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының боялған бөліктерге шашырауына жол бермеңіз. Салқындату сұйықтығының бойындағы спирт боялған бетті зақымдауы мүмкін.

▼ Салқындату сұйықтығын ауыстыру

Салқындату сұйықтығын ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады. Салқындату сұйықтығын ауыстыру қажет болса, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Салқындату сұйықтығын «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет ☎ 525-6.

Ауа сүзгісінің сүзу элементі

Ауа сүзгісінің сүзу элементі торлы сүзгі сияқты жұмыс істейді. Элементтің сүзгі бетінің зақымдануы немесе оның болмауы қозғалтқыштың тозуын арттырады және оның қызмет ету мерзімін қысқартады.


Ауа сүзгісінің сүзу элементі тазалауды немесе жууды қажет етпейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ауа сүзгісінің сүзу элементінсіз қозғалтқыштың жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Ол кіретін ауаны сүзіп қана қоймайды, сонымен қатар қозғалтқыштың кері жалындауында жалын сөндіргіш ретінде қызмет етеді. Қозғалтқыштың кері жалындауы кезінде ауа сүзгісінің сүзу элементі болмағандықтан күйік шалуы мүмкін.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстыру кезінде түпнұсқа SUBARU сүзу элементін пайдалануды ұсынамыз. Түпнұсқа емес сүзу элементін пайдалану қозғалтқыштың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін.


■ Ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстыру

1. Ауа сүзгісі корпусының алдыңғы жағын ұстап тұрған екі қысқышты ашыңыз.

2. Ауа сүзгісінің корпусын ашып, қақпақты көтеріп, артқа шығарыңыз.



3. Ауа сүзгісінің сүзу элементін алыңыз.
4. Ауа сүзгісі корпусының алдыңғы және артқы жағын дымқыл шүберекпен сүртіңіз және жаңа сүзу элементін орнатыңыз.



5. Ауа сүзгісі корпусының артқы жағын орнату үшін ауа сүзгісі корпусының артындағы үш шығыңқы жерді ауа сүзгісі корпусының алдыңғы жағындағы ойықтарға салыңыз.
6. Орнатуды шешу тәртібіне қарсы ретпен орындаңыз.

Оталдыру білтелері

Оталдыру білтелерін ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады. Оталдыру білтелерін ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Оталдыру білтелерін техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес ауыстыру қажет. «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімін қараңыз ☎525-б.

ЕСКЕРТПЕ

Ұсынылған оталдыру білтелері туралы ақпарат алу үшін «Электр жүйесі» бөлімін қараңыз. ☎585-б.

Жетек белдігі

Автокөліктің қозғалтқышы автоматты белдік тартқышымен жабдықталғандықтан, жетек белдігінің бүгілуін мерзімді тексеру қажет емес. Дегенмен белдікті ауыстыру «Техникалық қызмет көрсету кестесі» бөлімінде келтірілген техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес жүргізілуі керек ☎525-б. Оны ауыстыру қажет болса, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Жетек белдігі әлсіреген кезде, сондай-ақ жарықтар немесе тозу белгілері болған кезде, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Сатысыз трансмиссия сұйықтығы

Сұйықтық деңгейін тексеруге арналған сүңгі жоқ. Сатысыз трансмиссия үшін сұйықтық деңгейін тексерудің қажеті жоқ. Алайда қажет болған жағдайда, көлікті тексеру үшін SUBARU дилерінен кеңес алуды ұсынамыз.

Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май

Май деңгейін тексеруге арналған сүңгі жоқ. Трансмиссиялық майдың деңгейін тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

■ Ұсынылған май класы және тұтқырлығы


Әрбір май өндіруші өзінің негізгі майлары мен қоспаларын пайдаланады. Өртүрлі өндірушілердің майларын араластыруға жол бермеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін «Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май» бөлімін қараңыз ☎582-б.

АБАЙЛАҢЫЗ

Көрсетілгеннен өзгеше дифференциал үшін майды қолдану автокөлік сипаттамаларының нашарлауына әкелуі мүмкін.

Тежегіш сұйықтығы

■ Сұйықтық деңгейін тексеру



- 1) «MAX» деңгейінің сызығы.
- 2) «MIN» деңгейінің сызығы.
- A) Сұйықтық деңгейі осы аймақта тексерілуі керек.

Ай сайын сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Бактың сыртқы бетіндегі белгілер бойынша сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Бұл бак тежеу жүйесі үшін пайдаланылатындықтан және әр жүйеге арналған камералары болғандықтан, міндетті түрде **бактың алдыңғы жағындағы** тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз (суреттегі штрихтелген аймақ). Егер деңгей «MIN» белгісінен төмен түссе, бакқа ұсынылған

тежегіш сұйықтығын «MAX» белгісіне дейін құйыңыз. Тек бітеу ыдыста сақталатын тежегіш сұйықтығын қолданыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тежегіш сұйықтығының көзге түсуіне жол бермеңіз, өйткені ол көзге зиянды. Егер тежегіш сұйықтығы сіздің көзіңізге тисе, оны дереу таза су ағынымен шайыңыз. Қауіпсіздік мақсатында осы жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік көзілдірігін кию ұсынылады.
- Тежегіш сұйықтығы ауадағы ылғалды сіңіреді. Тежегіш сұйықтығында ылғалдың болуы автокөліктің тежеу өнімділігін едәуір нашарлатуы мүмкін.
- Сұйықтықты жиі құю қажеттілігі ағатын ақаулар болуын көрсетуі мүмкін. Ақау бар деген күмән туындаған кезде, автокөлікті тексеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Тежегіш сұйықтығын құйған кезде бакқа балшық түсірмеңіз.
- Тежегіш сұйықтығын боялған беттерге немесе резеңке бөліктерге шашыратпаңыз. Тежегіш сұйықтығындағы спирт оларды зақымдауы мүмкін.
- Толтыру кезінде тежегіш сұйықтығын төгіп алмау үшін абайлаңыз. Газ шығару құбырына тиген тежегіш сұйықтығынан өткір иіс пен түтін шығуы, сонымен қатар өрт пайда болуы мүмкін. Егер тежегіш сұйықтығы шығару құбырына тисе, оны мұқият сүртіп алыңыз.

■ Ұсынылған тежегіш сұйықтығы

«Жұмыс сұйықтықтары» бөлімін қараңыз
☎ 584-б.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Әртүрлі өндірушілердің тежегіш сұйықтықтарын араластыруға жол бермеңіз. Оған қоса, егер олар бір өндірушіден болса да, DOT 3 және DOT 4 тежегіш сұйықтықтарын бір-бірімен араластырмаңыз.

Тежегіш жүйесінің күшейткіші


Тежегіш жүйесінің күшейткіші — қозғалтқыш коллекторында жасалған сиретуді пайдаланып, тежегіш педалін басу үшін қажет күшті азайтады.

Егер тежегіш педалі қозғалтқыш тоқтаған кезде басылып тұрса немесе автокөлік ұзақ тұрып қалса, тежегіш жүйесінің күшейткішіндегі сирету жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тежегіш педалін әдеттегіден көп күшпен басу керек.

Тежегіш педалі

Автокөліктің техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес тежегіш педалінің еркін жүруін және еденге дейінгі қашықтықты тексеріңіз.

Тежегіш қалыптарын ауыстыру



Дискілі тежегіштер тежегіш қалыптарының тозуының дыбыстық индикаторларымен жабдықталған. Тежегіш қалыптарының тозу дәрежесі нормативтік шегіне жақындаған кезде, тежегіш педалін басқанда, тозу индикаторы өте қатты шықырлаған дыбыс береді.

Егер сіз тежегіш педалін әр басқан сайын осындай шықырлаған дыбыс естісеңіз, мүмкін болған кезде тежегіш қалыптарын ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер тежегіш қалыптарының тозуының дыбыстық индикаторлары шығарған қатты шықырлауға қарамастан, сіз автокөлігіңізді пайдалануды жалғастыра берсеңіз, онда бұл тежегіш дискіні жөндеу немесе ауыстыру үшін қымбат операцияны қажет етеді.

■ Жаңа тежегіш қалыптарының үйкелісі (электрлік тұрақ тежегіші жүйесі бар модельдер)

Тежегіш қалыптарын ауыстыру кезінде тек SUBARU түпнұсқа қосалқы бөлшектерін қолдануды ұсынамыз. Ауыстырғаннан кейін жаңа бөлшектердің үйкелісін келесідей тәсілмен орындаңыз.

▼ Тежегіш қалыптары

Автокөліктің жылдамдығын 50-65 км/сағ деңгейінде ұстап тұрып, тежегіш педалін аздап басыңыз. Бұл әрекетті кем дегенде бес рет қайталаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тежегіштер үйкелісі үшін қауіпсіз орын мен ортаны таңдау керек.

Шиналар мен дискілер

■ Шина түрлері

Сіз өзіңіздің автокөлігіңізге орнатылған шиналардың түрін білуіңіз керек.

▼ Барлық маусымдық шиналар

Барлық маусымдық шиналар, тіпті қарлы және мұзды жолдарда жүргенде де, жыл бойына жеткілікті дәрежеде басқаруды қамтамасыз етуге, жол жамылғысына ілінісу күшін және автокөліктің тежегіш сипаттамаларын қамтамасыз етуге арналған. Дегенмен барлық маусымдық шиналар борпылдақ қармен немесе қардың терең қабатымен жабылған жолдарда, сондай-ақ қысқы (тікенекті) шиналар қамтамасыз ететін мұзды жолдарда бірдей іліністі қамтамасыз ете алмайды.

Барлық маусымдық шиналардың бүйір бетінде «ALL SEASON» (БАРЛЫҚ МАУСЫМДЫҚ) және/немесе «M+S» (балшық және қар) деген жазу бар.

▼ Жазғы шиналар

Құрғақ ауа райында автомагистральда жоғары жылдамдықпен жүру үшін жазғы шиналар жақсы. Жазғы шиналар тайғақ (қарлы немесе мұзды) жолдарда жүруге жараммайды.

Қарлы немесе мұзды жолдарда жүру үшін міндетті түрде қысқы шиналарды қолдануды ұсынамыз.

Қысқы шиналарды орнатқан кезде барлық төрт дөңгелектегі шиналарды ауыстыруды ұмытпаңыз.

▼ Қысқы шиналар

Қысқы шиналар қарлы және мұзды жолдарда жүру үшін жақсы. Сонымен қатар қысқы шиналар басқа жолдармен жүру кезінде жазғы және барлық маусымдық шиналардан жүру сапасы төмен болады.

■ Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (егер орнатылған болса)

Егер шинадағы ауа қысымы айтарлықтай төмендесе, шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі жүргізушіге әр дөңгелекке орнатылған датчиктерден сигнал бойынша ескерту хабарламасын береді. Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі тек қозғалыстағы автокөлікте жұмыс істейді. Оған қоса, бұл жүйе шинадағы ауа қысымының күрт төмендегенін (мысалы, өткір затты басып кеткен кездегі жарылу) дереу көрсетпеуі мүмкін.

Егер сіз жылы көлікжайда шинаның ауа қысымын реттеп, содан кейін автокөлікті температура едәуір төмен болатын көшеге шығарсаңыз, шинаның ауа қысымының төмендеуі шинаның төмен қысымды ескерту шамының қосылуына әкелуі мүмкін. Бұл мәселені болдырмас үшін жылы көлікжайда шиналардағы ауа қысымын реттеген кезде, шиналардағы қысымның нормативтік мөлшерінің кестесінде көрсетілгеннен гөрі, шиналарды жоғары қысымға дейін үріңіз. Атап айтқанда көлікжайдағы температура мен сыртқы температура арасындағы айырмашылықтың әр 5,6 °C үшін оларды қосымша 6,9 кПа (0,07 кгс/см²) шамасына үрлеп алыңыз. Жоғарыда келтірілген мысалда, егер көлікжайдағы температура 15,6 °C болса, кестеде сыртқы температураның әртүрлі мөлшеріне сәйкес келетін шиналардағы ауа қысымының қажетті мөлшері көрсетілген.

Мысалы:

Шиналардың өлшемі: 225/60R17 99V.

Шиналардағы номиналды ауа қысымы:

Алдыңғы дөңгелектер: 230 кПа

(2,3 кгс/см²).

Артқы дөңгелектер: 220 кПа (2,2 кгс/см²).

Көлікжайдағы температура: 15,6 °C.

Сыртқы ауа температурасы	Шиналардағы реттелген ауа қысымы (кПа (кгс/см ²))	
	Алдыңғы дөңгелектер	Артық дөңгелектер
-1 °C	250 (2,5)	240 (2,4)
-12 °C	265 (2,65)	255 (2,55)
-23 °C	280 (2,8)	270 (2,7)

Шиналардағы ауа қысымын жылы келікжайда реттегеннен кейін, егер автокөлік сыртқы ауаның төмен температурасында қозғалып, шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы қосылса, жоғарыда сипатталғандай қайта реттеңіз. Содан кейін автокөлікті кем дегенде 40 км/сағ жылдамдықпен жылдамдатыңыз және шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы бірнеше минуттан кейін сөнгенін тексеріңіз. Егер шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы сөнбесе, мүмкін онда шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұр. Бұл жағдайда жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек баруды ұсынамыз.

Қозғалыс кезіндегі шина мен жол жабынының арасындағы үйкеліс шинаның қызуына әкеледі. Шинаның төмен қысымы туралы ескерту шамы қосылғаннан кейін, сыртқы ауаның төмен қысымының немесе шинаның қысымының салдарынан туындаған шинаның ауа қысымының кез келген жоғарылауы шинаның төмен қысымы туралы ескерту шамының өшуіне әкелуі мүмкін.

Ауыстырылған дөңгелектерде жаңа TPMS жүйесінің вентильдерін тіркеу үшін (мысалы, қысқы шиналарға ауысқан кезде) 40 км/сағ немесе одан жоғары жылдамдықпен бірнеше минут жүріңіз.

Сату нарығында сатылатын кейбір дөңгелек дискілерінде TPMS жүйесінің вентильдерін орнату мүмкін болмауы мүмкін, сондықтан дөңгелектерді ауыстырған кезде (мысалы, қысқы шиналарға ауысқан кезде) стандартты түрде орнатылған дөңгелек дискілерінің нөмірлерімен бірдей дөңгелек дискілерін қолданыңыз. Дөңгелектердегі TPMS жүйесі вентильдерінің/датчиктерінің төртеуі жұмыс істемесе, TPMS жүйесі толық жұмыс істемейді және аспаптар тақтасындағы ескерту шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады.

Шиналарды ауыстыру кезінде шинаның қысымын бақылау жүйесінің қалыпты жұмысын жалғастыруға кепілдік беретін реттеу қажет, сондықтан дөңгелекті ауыстыру сияқты бұл жұмысты SUBARU дилерінде жүргізуді ұсынамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы оталдыру құлпын «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін қысқа уақытқа қосылмаса немесе шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанса, SUBARU дилерінде шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесін мүмкіндігінше тезірек тексеруді ұсынамыз.

Егер бұл шам қозғалыс кезінде қосылса, кенеттен тез тежемеңіз, жылдамдықты біртіндеп төмендетіп, тіке жүре беріңіз. Содан кейін жолдың жиегіне баяу шығып, автокөлігіңізді қауіпсіз жерге қойыңыз. Олай істемеген жағдайда автокөліктің күрделі ақауларына және жарақат алу жағдайларына ұласатын апат орын алуы мүмкін.

Егер бұл шам шинаның қысымын реттегеннен кейін де өшпесе, шина айтарлықтай зақымдалған болуы мүмкін және ауаның қатты шығуы оның тез жоғалуына әкеп соғады. Шинаңыздың ауасы шығып кеткен болса, оны мүмкіндігінше тездетіп қосалқы шинамен ауыстырыңыз.

Егер қосалқы дөңгелек орнатылса немесе ауыстырылған дөңгелектің жиегіне түпнұсқа қысым датчигі/таратқыш берілмесе, шиналардағы төмен қысымды ескерту шамы шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрады. Бұл TPMS жүйесінің барлық төрт дөңгелекті қадағалауға қабілетсіз екенін көрсетеді. Шина мен датчикті ауыстыру және/немесе жүйені қайта баптау үшін SUBARU дилеріне мүмкіндігінше тезірек хабарласуды ұсынамыз. Егер шам шамамен бір минут жыпылықтағаннан кейін үздіксіз жанып тұрса, жүйені тексеру үшін SUBARU дилеріне тезірек хабарласыңыз.

■ Шиналардың жағдайын тексеру

Күн сайын автокөлік шиналарының жағдайын елеулі зақымдану тұрғысынан тексеріңіз, сондай-ақ қадалған шегелер мен тастардың жоқтығын тексеріңіз. Сонымен бірге шиналардың шамадан тыс тозуын тексеріңіз.

Егер сізде қандай да бір мәселе туындаса, дереу SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Жиекке тигеннен кейін немесе автокөлікті ауыр жағдайда қолданғаннан кейін (мысалы, бұзылған жолдармен жүру), сіздің автокөлігіңіздің дискілері мен шиналары көзге көрінбейтін зақым алуы мүмкін. Мұндай зақымдардың нәтижелері белгілі бір уақыттан кейін ғана айқын болады. Жиектерге кіруден аулақ болыңыз, жолдардағы шұңқырларға түспеуге және бұзылған жолдармен жүрмеуге тырысыңыз. Егер бұл жағдайды болдырмау мүмкін болмаса, жиектер мен басқа кедергілерді дұрыс бұрыштардан өтуге тырысып, автокөліктің жылдамдығын жаяу жүргіншінің жылдамдығына дейін төмендетіңіз. Сонымен қатар тұрақ кезінде

автокөліктің шиналары жиекке жабысып қалмауын қадағалаңыз.

- Егер сіз автокөлігіңізді қозғаған кезде әдеттегідей емес діріл сезінсеңіз немесе түзу жолда автокөлікті рульмен жүргізу қиын болса, онда бұл сіздің автокөлігіңіздің шиналарының және/немесе дискілерінің біреуінің зақымдалғанын көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда автокөлігіңізді тексеру үшін ең жақын ресми SUBARU дилеріне баяу баруды ұсынамыз.

■ Шиналардағы қысым және шиналардың тозуы

Шиналардағы ауа қысымын дұрыс ұстау олардың қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл сіздің автокөлігіңіздің жақсы жүріс сапасын қамтамасыз етудің қажетті шарттарының бірі. Айына кемінде бір рет, сондай-ақ әрбір алыс сапар шегетін кезде қосалқы дөңгелектің шинасымен (орнатылған болса) бірге әрбір шинадағы ауа қысымын тексеріңіз және қажет болған жағдайда реттеңіз.



B00164

Шиналардағы қысымның нормативтік шамасының кестесі.

Шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының кестесі жүргізуші тарапынан орташа тіректе болады. Қысымды тек шиналар салқын кезде тексеріңіз. Өлшеу үшін манометрді қолдана отырып, шинаның қысымын шина қысымының нормативтік шамаларының тақтайшасында келтірілген нормативтік мәндерге сәйкес реттеңіз.

Қысқа сапардан кейін де шиналар қызады және олардағы ауа қысымы артады. Сонымен қатар шиналардағы ауа қысымы сыртқы ауаның температурасына байланысты. Сапар алдында ашық ауада өткізілген шиналардағы ауа қысымын тексеру ең оңтайлы болып табылады.

Шина қызған кезде оның ішіндегі ауа кеңейеді, нәтижесінде шинадағы ауа қысымы да артады. Қателесіп шинадағы қысымды одан ауаны шығару арқылы төмендетпеу үшін абайлаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Шиналардағы ауа қысымын реттеу үшін жылы шиналардан ауаны шығармаңыз. Бұл шиналардағы ауа қысымының төмендеуіне әкеледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Шина қызған кезде ондағы ауа қысымы шамамен 30 кПа шамасына артады.
- Автокөлік кем дегенде 3 сағат қозғалыссыз тұрғанда немесе 1,6 км шамасынан аз қашықтықта жүргенде шиналар суық болып саналады.

Шиналардағы ауаның дұрыс емес қысымы сіздің автокөлігіңіздің маневрлігі мен сапар ыңғайлылығын нашарлатып қана қоймай, сонымен қатар шиналардың қалыптан тыс тозуына ықпал етеді.


- Шинадағы дұрыс ауа қысымы (протектордың тозуы — біркелкі).



B00050


Жол төсемімен ілінісуі жақсы, автокөлік руль бұрылыстарына нақты жауап береді. Тербеліске қарсылық төмен болғандықтан, бұл отын шығынын да азайтады.

- Ауа қысымы шыққан шина (протектордың шеттері тозған).



Тербеліске қарсылық жоғары болғандықтан, отын шығынын арттырады.

- Шинадағы тым жоғары ауа қысымы (протектор ортасынан тозған).



Сапардың жайлылығы төмен. Сонымен қатар шина автокөлікке жол жамылғысының әсерін күшейтеді, бұл автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Егер шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының кестесінде толық жүктеме кезіндегі және тіркемені сүйреу кезіндегі шиналардағы ауаның нормативтік қысымы берілсе, онда шиналардағы қысымды автокөліктің ағымдағы жүктеме режиміне сәйкес реттеңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналардағы қысым өте төмен болған кезде жоғары жылдамдықпен жүру шиналардың қатты деформацияға ұшырауына және тез қызуына әкелуі мүмкін. Температура күрт көтерілсе, протектор қабыршақтануы және шина бұзылуы мүмкін. Осыдан кейін автокөлікті басқара алмай қалып, апаттық жағдай туындауы мүмкін.

■ Дөңгелектерді теңгеру

Сіздің автокөлігіңіздің барлық дөңгелектері автокөлікті құрастыру кезінде дұрыс теңдестірілген, бірақ шиналар тозған сайын автокөлікті пайдалану кезінде дөңгелектердің теңгеруі бұзылады. Дөңгелектердің теңгерімінің бұзылуы руль дөңгелегінің белгілі бір жылдамдықта тербелуіне, сондай-ақ автокөліктің түзу қозғалыстан ауытқуына себеп болады. Сонымен қатар дөңгелектердің теңгерімінің бұзылуы руль жүйесіне және автокөліктің аспасына зақым келтіруі мүмкін, сонымен қатар шиналардың біркелкі тозуына алып келеді. Дөңгелектердің теңгерімі бұзылған деп күдіктенген кезде, дөңгелектердің күйін тексеру және оларды теңгеру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз. Сонымен қатар дөңгелектерді теңгеру шиналарды

жөндеуден кейін және орындарын ауыстырып салғаннан кейін жүргізілуі керек.


▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Дөңгелектерді орнату бұрыштарының бұзылуы шиналардың көбірек тозуына ғана емес, сонымен қатар автокөлік тұрақтылығының төмендеуіне әкеледі. Шиналардың қалыптан тыс тозуы анықталса, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

Тіке қозғалыстың оңтайлы тұрақтылығын, сондай-ақ бұрылыстардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сіздің автокөлігіңіздің аспалы құрылымы әр дөңгелектің басқа дөңгелектерге де, жол төсеміне де қатысты белгілі бір бұрышқа орнатылуын қамтамасыз етеді.

■ Тозу индикаторлары



B00327

- 1) Жаңа протектор.
- 2) Тозған протектор.
- 3) Протектордың тозу индикаторы.

Әрбір шинада тозу индикаторы бар, ол шинаның ойықтарының тереңдігі 1,6 мм дейін төмендеген кезде көрінеді. Тозу индикаторының үздіксіз көлденең жолағы көрінген кезде шинаны ауыстыру керек.


▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тозу индикаторы көрінетін болған кезде, бұл шинаның тозу деңгейі рұқсат етілген шектен асып кеткенін және шина дереу ауыстырылуы керек екенін көрсетеді. Егер сіз осындай шинамен автокөлікті пайдалануды жалғастырсаңыз, онда ылғал ауа райында жоғары жылдамдықпен жүру кезінде автокөлік аквақалықтау режиміне өтуі мүмкін. Осыдан кейін автокөлікті басқара алмай қалып, апаттық жағдай туындауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Жалпы қауіпсіздік мақсатында шиналардың тозу индикаторлары пайда болғанға дейін шиналарды ауыстырып, олардың жай-күйін үнемі тексеріп отырыңыз.

■ Шиналардың айналу бағыты



Бүйір бетінде көрсетілген шиналардың айналу бағытының мысалы

1) Алдыңғы бағыт.


Егер шиналар белгілі бір айналу бағытына ие болса, бүйір бетінде көрсетілген көрсеткішке назар аударыңыз. Дөңгелектерді орнатқан кезде көрсеткіш алға бағытталуы керек.

■ Шиналардың орнын ауыстыру

Әдетте әртүрлі дөңгелектердегі шиналардың тозуы әртүрлі. Әр шинаның қызмет ету мерзімін ұзарту және олардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін оларды әр 10 000 км жүргеннен кейін ауыстыру керек. Шиналардың орнын әр ауыстырған кезде олардың


орналасуын берілген сызбаларға сәйкес өзгертіңіз. Шиналардың орнын ауыстырумен бірге зақымданған шиналарды немесе біркелкі тозбаған шиналарды ауыстыру керек. Шиналардың орнын ауыстырғаннан кейін, шиналардағы ауа қысымын реттеңіз, сонымен қатар дөңгелектерді бекіту сомындарының беріктігін тексеріңіз.

Шамамен 1000 км жүргеннен кейін дөңгелекті бекіту сомындарының тартылуын қайта тексеріп, босатылған сомындарды тартыңыз.



Айналу бағытын анықтамай төрт шинамен жабдықталған модельдер

1) Алдыңғы бағыт.



Бір бағытты шиналармен жабдықталған модельдер

1) Алдыңғы бағыт.

ЕСКЕРТПЕ

Шиналардың орнын ауыстырмас бұрын, шиналардың бүйір беттерін тексеріп, келесі сипаттарға көз жеткізіңіз.

- Барлық 4 шинаның маркасы және протектор суреті бірдей.
- Айналу бағыттары мен өлшемдері сәйкес келеді.

■ Шиналарды ауыстыру

Дискілер мен шиналар сіздің автокөлігіңіздің маңызды және ажырамас бөлшектері болып табылады, оларды өздігінен өзгертуге болмайды. Автокөліктің стандартты жиынтығының құрамына кіретін шиналар жоғары жүріс сапасы мен жайлылығын үйлестіретін,

сондай-ақ сіздің автокөлігіңіздің ұзақ қызмет мерзіміне ықпал ететін автокөлігіңіздің оңтайлы пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін іріктелген. Сіздің автокөлігіңіздің әр шинасы, есептелген өлшем, құрылым, шекті жылдамдық және жүктеме шиналар қысымының нормативтік өлшемдерінің кестесінде келтірілген нормативтік мәндерге сәйкес келуі өте маңызды.

Белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін шиналарды пайдалану автокөліктің басқарылуын, сапарлардың жайлылығын төмендетеді, автокөліктің тежегіш сипаттамасын нашарлатады, спидометр мен одометр көрсеткіштерінің бұрмалануына әкеледі. Бұл дөңгелектер мен автокөлік шанағының арасында дұрыс емес алшақтық жасайды, сондай-ақ осы автокөлік үшін қарастырылған клиренс өзгереді.

Барлық төрт шинаны бір өндіруші шығаруы керек, бірдей маркаға (протектор суреті), бірдей құрылым мен өлшемге ие болуы керек. Шиналарды ауыстыру кезінде, сізге тек автокөлігіңіздің стандартты жинақтамасына сәйкес келетін шиналарды ғана орнатуды ұсынамыз.

Автокөліктің қауіпсіздігін арттыру үшін SUBARU барлық төрт шинаны бір уақытта ауыстыруды ұсынады.

НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Шинаны (шиналарды) ауыстыру немесе орнату кезінде барлық төрт шинаның мынадай параметрлері бірдей болуы шарт.
 - (a) Өлшемі.
 - (b) Шекті жылдамдық белгісі.
 - (c) Жүктеме индексі.
 - (d) Шеңбер ұзындығы.
 - (e) Құрылысы.
 - (f) Өндіруші.
 - (g) Маркасы (протектор суреті).
 - (h) Тозу дәрежесі.

(a) – (c) позицияларына қатысты шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасында көрсетілген талаптарды сақтау қажет. Шиналардағы қысымның нормативтік шамаларының тақтайшасы жүргізуші есігі тіреуінің төменгі бөлігінде орналасқан.

Барлық төрт шина (a) – (h) параметрлерінде бірдей болмаса, автокөліктің беріліс қорабына елеулі механикалық зақым келуі және ол келесі факторларға әсер етуі мүмкін.

- Жүріс сапасы.
- Басқарылу.
- Тежеу.
- Спидометрді/одометрді калибрлеу.
- Шанақ пен шиналар арасындағы саңылау.

Бұл да қауіпті болуы мүмкін және автокөлікті басқара алмай қалып, апатқа ұшыратуы мүмкін.

- Тек радиалды шиналарды қолданыңыз. Радиалды және диагональды немесе диагональды белдікті шиналарды бір уақытта қолдануға жол бермеңіз. Бұл автокөлікті басқаруға қауіпті әсер етуі мүмкін және апатқа әкелуі мүмкін.

■ Дискілерді ауыстыру

Дискілердің зақымдануына немесе басқа себептерге байланысты оларды ауыстырған кезде, жаңа дискілердің автокөліктің стандартты жинақтама құрамына кіретін дискілермен бірдей техникалық сипаттамалары бар екеніне көз жеткізіңіз. Жаңа дискілерді SUBARU дилерлерінен сатып алуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тек техникалық сипаттамалары сіздің автокөлігіңізде қолдануға жарамды дискілерді ғана қолданыңыз. Бұл талаптарға сай келмейтін дискілер тежегіш суппортының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін, сонымен қатар бұрылыс кезінде шиналардың дөңгелек доғаларына үйкелуіне себеп болуы мүмкін. Осыдан кейін автокөлікті басқара алмай қалып, апаттық жағдай туындауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Шиналардың орнын ауыстыру кезінде дискілердің кез келгенін алып тастағаннан және ауыстырғаннан кейін немесе шиналар зақымдалғаннан кейін шамамен 1000 км жүрілгеннен кейін, дөңгелектерді бекіту сомындарының тартылуын міндетті түрде тексеріңіз.

Босаған сомындарды белгіленген қатайту мезетіне дейін тартыңыз.

Жеңіл қорытпа дискілер (орнатылған болса)

Жеңіл қорытпа дискілер оңай жырылады және механикалық зақымға бейім. Мұндай дискілердің қауіпсіз жүруін және қалыпты пайдалану сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оларды пайдалану кезінде олардың сыртқы түрін сақтау үшін абай болу керек.

- Шиналардың орнын ауыстыру кезінде дискілердің кез келгенін алып тастағаннан және ауыстырғаннан кейін немесе шиналар зақымдалғаннан кейін шамамен 1000 км жүрілгеннен кейін, дөңгелектерді бекіту сомындарының тартылуын міндетті түрде тексеріңіз. Босаған сомындарды белгіленген қатайту мезетіне дейін тартыңыз.
- Бұрандалы бөліктерге, дөңгелекті қатайту сомындарына немесе дискілердің конустық беттеріне ешқандай майлау қолданбаңыз.
- Дискілердің шығып тұрған өткір заттарға немесе жиек тастарына үйкелуіне жол бермеңіз.
- Сырғуға қарсы тізбектерді орнатқан кезде, оларды шиналар бойымен біркелкі таратуды қамтамасыз етіңіз,

әйтпесе олар дискінің бетіне сызат түсіруі мүмкін.


- Дөңгелектерді бекіту сомындарын, тепе-теңдік салмақтарын немесе орталық қақпақтарды ауыстырған кезде, SUBARU-дың арнайы жеңіл қорытпа дискілерге арналған қосалқы бөлшектерін пайдалануға кеңес береміз.

Әйнекжуғыш сұйықтық

■ Әйнекжуғыш сұйықтықты толтыру

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Ешқашан қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын әйнекжуғыш зат ретінде пайдаланбаңыз, себебі бұл автокөліктің бояуына зақым келтіруі мүмкін.



B01704


«B» типті аспаптар тақтасы

Егер бакта әйнекжуғыш сұйықтықтың аз ғана мөлшері қалса, әйнекжуғыш сұйықтықтың төмен деңгейінің ескерту шамы қосылады. Солай болған кезде әйнекжуғыш сұйықтықты келесідей тәсілмен құйыңыз.



B01890

«A» типті аспаптар тақтасы



B02018

Әйнекжуғыш сұйықтық багының құю аузының қақпағын алыңыз, содан кейін әйнекжуғыш сұйықтықты бакқа «FULL» белгісіне дейін құйыңыз.

■ Әйнекжуғыш сұйықтық

Арнайы әйнекжуғыш сұйықтықты қолданыңыз. Арнайы әйнекжуғыш сұйықтық болмаған жағдайда таза суды пайдаланыңыз.

Қыста су қатып қалған жерлерде арнайы мұз қатпайтын әйнекжуғыш сұйықтықты қолданыңыз.

Егер сіз бакқа концентрациясы бұрын құйылған сұйықтықтан өзгеше сұйықтық құйған болсаңыз, бак пен әйнекжуғыш форсуноктары арасындағы құбырларды жуғышты біраз уақытқа қосу арқылы жаңа сұйықтықпен шайыңыз. Әйтпесе құбырларда қалған сұйықтықтың концентрациясы орнаған сыртқы

температура үшін қажетті деңгейден аз болса, ол қатып қалуы және форсункалардың қалыпты жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнекжуғыш сұйықтықтың концентрациясын сыртқы температураға сәйкес реттеңіз. Концентрация дұрыс болмаса, алдыңғы әйнекке шашыратылған сұйықтық қатып қалып, көру мүмкіндігін шектеуі мүмкін, сондай-ақ бактың ішінде қатып қалуы мүмкін.
- Бакқа құю кезінде әйнекжуғыш сұйықтықтың бөгде заттармен ластануына жол бермеңіз. Ластану ақауларға әкелуі мүмкін, мысалы, сорғының бітелуі.

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Алдыңғы әйнекке немесе әйнектазартқыштың щеткаларына жәндіктердің, балауыздың, майдың және басқа заттардың жабысып қалуы әйнектазартқыштың біркелкі жұмыс істемеуіне және әйнекте лас жолақтардың пайда болуына әкеледі. Егер әйнекжуғышпен жуғаннан кейін алдыңғы әйнекте лас жолақтар қалса немесе әйнектазартқыш біркелкі жұмыс істемесе, алдыңғы әйнектің (немесе артқы әйнектің) сыртқы бетін, сондай-ақ әйнектазартқыштың щеткаларын бейтарап жуғыш зат ерітіндісімен немесе губкамен не жұмсақ шүберекпен орташа абразивті жуғыш затты қолданып тазалаңыз. Тазалағаннан кейін алдыңғы әйнек пен әйнектазартқыштың щеткаларын таза сумен шайыңыз. Егер алдыңғы әйнекті сумен жуғаннан кейін оның бетінде тамшылар пайда болмаса, әйнек таза деп саналады.

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

- Әйнектазартқыштың щеткаларын отынмен немесе еріткішпен (мысалы, бояуларға арналған сұйылтқышпен немесе бензинмен) тазаламаңыз. Бұл олардың жұмысын нашарлатады.

- Әйнектазартқыштың щеткаларын әйнектазартқыштың иінтіректерінен алу кезінде, әйнектазартқыштың иінтіректерін әйнек үстіне қоймаңыз. Әйтпесе әйнектің беті жырылуы мүмкін.
- Әйнектазартқыштың көтерілген иінтіректерін қайтадан әйнекке түсіргенде, оларды қолыңызбен ұстап, ақырын төмендетіңіз. Әйнектазартқыштың иінтіректері тек қайтару серіппесінің әсерінен әйнекке түсуіне жол бермеуіңіз керек. Әйтпесе әйнектазартқыштың иінтіректері деформациялануы мүмкін және/немесе әйнек беті жырылуы мүмкін.
- Егер сіз әйнектазартқыштың иінтірегін алдыңғы орындықтың жолаушысы жағынан көтергіңіз келсе, алдымен жүргізуші жағынан әйнектазартқыштың иінтірегін көтеріңіз. Әйтпесе әйнектазартқыштың иінтіректері жүргізуші тарапынан және алдыңғы орындықтың жолаушысы тарапынан жанасып, сызаттарға әкелуі мүмкін.

- Жүргізуші жағындағы әйнектазартқыштың иінітірегін бастапқы күйіне қайтармас бұрын, алдыңғы орындықтың жолаушысы жағынан әйнектазартқыштың иінітірегін бастапқы күйіне қайтарыңыз. Әйтпесе әйнектазартқыштың иінітіректері жүргізуші тарапынан және алдыңғы орындықтың жолаушысы тарапынан жанасып, сызаттарға әкелуі мүмкін.


Егер сіз әйнектегі жолақтарды жоғарыда көрсетілген тәсілмен шеше алмасаңыз, төменде сипатталған қадамдарды орындау арқылы әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстырыңыз.

■ Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасы

ЕСКЕРТПЕ

Әйнектазартқыштың щеткасы алынған кезде, әйнектазартқыштың иінітірегін төмендетпеңіз.


1. Әйнектазартқыштың иінітірегін алдыңғы әйнектен алыңыз.



B01729

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Әйнектазартқыштың щеткасын оның иінітірегінен ұстап тұрып ауыстырыңыз. Егер әйнектазартқыштың щеткасын ұстап тұрсаңыз, бұл щетканың деформациясына әкелуі мүмкін.



- 1) Бекіткіш түйме.
2. Әйнектазартқыштың щеткасын қолмен ұстап тұрып, бекіткішті ажырату үшін бекіткіш түймесін басыңыз, содан кейін жинақталған әйнектазартқыш щеткасын тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Бекіткіш түймесін басу үшін қатты затты пайдаланбаңыз. Бекіткіш түймесі жырылуы мүмкін.




B01884

3. Жинақталған әйнектазартқыш щеткасын орнатқан кезде, оны әйнектазартқыш иіңтірегiңiң байланыстырушы бөлігімен қиыстырыңыз, содан кейін орнату үшін алып тастау бағытына қарама-қарсы бағытта жылжытыңыз. Жинақталған әйнектазартқыштың щеткасын орнатқаннан кейін, байланыстырушы бөліктің толық бекітілгенін тексеріңіз.
4. Әйнектазартқыштың иіңтірегін қолыңызбен ұстап тұрып, оны әйнекке баяу түсіріңіз.

■ Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасы


Төмендегі процедураға сәйкес әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын ауыстырыңыз.



B02029


1) Ойық.

1. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын оң жағынан (1), (2) және (3) ретпен әйнектазартқыш щеткасындағы ойық көрінгенше тартыңыз.



B02030


2. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының ұшын оны алу үшін ойық арқылы тартыңыз.



B02031

3. Әйнектазартқыш щеткасының жаңа резеңке таспасын ойыққа салыңыз. Әйнектазартқыш щеткасының

резеңке таспасын дұрыс емес ойыққа салмаңыз.



B02032

4. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын ойыққа салыңыз, содан кейін ұшын орнына қайтарыңыз.
5. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасы дұрыс бекітілгенін тексеріңіз. Егер әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспалары дұрыс бекітілмеген болса, олар алдыңғы әйнекке сызат түсіруі мүмкін.
6. Әйнектазартқыш щеткасын орнатыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын ауыстыру қиындық тудыруы мүмкін. Қажет болған жағдайда, әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын

ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.


■ Артқы әйнектазартқыш щеткасы

1. Әйнектазартқыштың иінтірегін артқы әйнектен алыңыз.




B00061

2. Әйнектазартқыш щеткасын теріс бағытта бұраңыз.




3. Әйнектазартқыш щеткасын иіктіректен шығару үшін оны өзіңізге тартыңыз.
4. Әйнектазартқыш щеткасын әйнектазартқыш иіктірегіне орнатыңыз. Оның мықтап бекітілгенін тексеріңіз.
5. Әйнектазартқыштың иіктірегін қолыңызбен ұстап тұрып, оны әйнекке баяу түсіріңіз.


■ **Алдыңғы әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасы**



1. Пластик ұстағыштан ажырату үшін әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының шетінен тартыңыз.




2. Күш салып, әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасын пластик ұстағыштан алыңыз.




- 1) Металл бағыттауыштар.

3. Егер щетканың жаңа резеңке таспасы екі металл бағыттауышпен жабдықталмаса, онда оларды әйнектазартқыш щеткасының ескі резеңке таспасынан алып, жаңасына орнатыңыз.



4. Пластик ұстағыштың аяқтарын әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасындағы керткітермен қиыстырыңыз және резеңке таспаны орнына қойыңыз.



- Пластик ұстағыштың ұштарында орналасқан резеңке таспаның екі ұшын бекіткіштермен мықтап бекітіңіз. Егер резеңке таспаның сенімді бекітілуі қамтамасыз етілмесе, әйнектазартқыш щеткасы артқы әйнекті жыруы мүмкін.
5. Әйнектазартқыш щеткасын әйнектазартқыш иіңтірегіне орнатыңыз. Оның мықтап бекітілгенін тексеріңіз.
 6. Әйнектазартқыштың иіңтірегін қолыңызбен ұстап тұрып, оны әйнекке баюу түсіріңіз.

Аккумулятор батареясы

- **Аккумулятор батареясымен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары!**

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ



Осы нұсқаулықтармен мұқият танысыңыз

Аккумулятор батареясына қауіпсіз және тиісті күтімді қамтамасыз ету мақсатында аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оны тексеру алдында төменде келтірілген сақтық шараларымен мұқият танысып алыңыз.



Қорғаныс көзілдірігін киіңіз

Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына жақын жерде жұмыс істеген кезде міндетті түрде көзді қорғау құралдарын киіңіз. Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар, ол көзге тиген кезде көру қабілетінен айыруы мүмкін. Оған қоса, аккумулятор батареясы жанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Газ жанған кезде міндетті түрде көзді қорғау қажет.



Электролиттің құрамында күкірт қышқылы бар

Электролитте күкірт қышқылы болғандықтан, аккумулятор батареясының күйін тексерген кезде көзді қорғайтын заттар мен қорғаныс қолғаптарын киюді ұмытпаңыз. Аккумулятор батареясын төңкермеңіз, механикалық соққылар тигізбеңіз, себебі электролит ағып кетуі мүмкін.

Ешбір жағдайда электролиттің теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл күйіп қалуға және көру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін. Электролит шашыраған кезде тамшылары теріңізге, көзіңізге немесе киіміңізге тиген болса, оларды дереу сумен шайыңыз. Электролит шашыраған кезде тамшылары көзіңізге тисе, дереу дәрігерге көрініңіз.

Электролит ауыз қуысына, өңешке немесе асқазанға кездейсоқ түссе, дереу көп мөлшерде сүт немесе су ішіңіз, содан кейін дәрігерге көрініңіз.

Электролит — күйдіргіш сұйықтық. Электролит тамшылары автокөлігіңіздің боялған беттеріне немесе қаптау матасына тиген кезде, оларды көп мөлшердегі сумен жуыңыз.



Балалардан сақтаңыз!

Аккумулятор батареяларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын онымен жұмыс істеген кезде болатын ықтимал қауіптер туралы хабардар тұлғалар жүргізуі тиіс. Балалардың батареяға жақын болуына жол бермеу үшін арнайы сақтық шараларын қолданыңыз. Аккумулятор батареясын дұрыс пайдаланбау көру қабілетінен айыруы және күйік шалуға әкелуі мүмкін.



Оттан қорғау керек!

Аккумулятор батареясымен немесе оған тікелей жақын жерде жұмыс жүргізер алдында барлық сигареттерді, сіріңкелерді және оттықтарды сөндіріңіз. Аккумулятор батареясының жанында электр ұшқындарының пайда болуына, сондай-ақ оның жанында тез тұтанатын заттардың болуына жол бермеңіз. Аккумулятор батареясы тез тұтанғыш және өте жарылғыш сутекті шығаратындықтан,

аккумулятор батареясының жанында ұшқын разрядтарының пайда болуы немесе оның жанында ашық от көздерінің болуы жарылысқа әкелуі мүмкін.


Автокөлігіңіздің аккумулятор батареясына тікелей жақын жерде жұмыс жүргізген кезде оның клеммаларының (+) және (-) металл аспаптармен өзара тұйықталуына, сондай-ақ оның оң (+) клеммасының автокөлік шанағына тұйықталуына жол бермеңіз. Бұл жағдайда қысқа тұйықталу пайда болады, ол ұшқын разрядтарының пайда болуымен бірге болуы мүмкін, бұл өз кезегінде жарылысқа әкеп соғады.

Аккумулятор батареясымен жұмыс істеу немесе оған жақын жерде жұмыс істеу алдында ұшқын разрядтарының пайда болуын болдырмау үшін барлық сақиналарды, қол сағаттарды және басқа да металл әшекейлер мен аксессуарларды өзіңізден алып тастаңыз.



Жарылу қаупі бар!

Қуаттау барысында аккумулятор батареясы тез жанғыш және өте жарылғыш сутегі газын шығарады. Жарылыстардың алдын алу үшін автокөліктің аккумулятор батареясын жақсы желдетілетін бөлмеде қуаттаңыз, сондай-ақ оның жанында жанғыш заттардың болмауын қадағалаңыз.



- 1) Қақпақ.
- 2) Жоғарғы деңгей.
- 3) Төменгі деңгей.

Аккумулятор батареясы қалыпты жұмыс істеуі үшін электролит деңгейін үнемі тексеріп отырудың, сондай-ақ тазартылған суды толтырудың қажеті жоқ.

Сонымен қатар егер электролит деңгейі төменгі деңгейден төмен болса, қақпақтарды шешіңіз. Тазартылған суды жоғарғы деңгейге дейін толтырып құйыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Батареяны зарядтау кезінде зарядтау тогының күші 10 А шамасынан аспауы керек, әйтпесе бұл батареяның қызмет ету мерзімін қысқартады.

Сақтандырғыштар


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Сақтандырғышты ауыстыру кезінде жаңа сақтандырғыштың үлкен номиналға ие болуына жол бермеңіз, сонымен қатар сақтандырғыш ретінде әртүрлі қолдағы материалдарды пайдаланбаңыз, өйткені екі жағдайда да бұл үлкен зақымға немесе өртке әкелуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

Сақтандырғыштың номиналы және ол қорғайтын тізбек сақтандырғыш блоктарының әрқайсысының қақпағының ішкі жағында көрсетілген.

Электр сымдары мен электр жабдықтарының зақымдануын болдырмау үшін электрлік шамадан тыс жүктеме кезінде сақтандырғыштардың конструкциясы олардың қосқышын балқытып ерітуді қарастырады. Сақтандырғыштар екі сақтандырғыш блокта орналасқан.




Олардың біреуі жүргізуші жағындағы аспаптар панелінің астындағы қақпақтың артында орналасқан. Қақпақты ашу үшін оны өзіңізге қарай тартыңыз.




1) Қосалқы сақтандырғыштар.

Басқасы (негізгі сақтандырғыш блок) мотор бөлігінде орналасқан. Сонымен қатар қосалқы сақтандырғыштар сақтандырғыш блоктың қақпағында сақталады.




Сақтандырғыштарға арналған пинцет мотор бөлігінде орналасқан сақтандырғыштардың негізгі блогында сақталады. Сақтандырғыштың жоғарғы жағын пинцетпен қысыңыз, содан кейін оны негізгі сақтандырғыш блогынан алыңыз.



- 1) Жарамды сақтандырғыш.
- 2) Күйіп кеткен сақтандырғыш.

Егер шамдар, қосалқы электр жабдықтары немесе басқа электрлік жабдықтау органдары жұмыс істемесе, тиісті сақтандырғыштың күйін тексеріңіз. Егер сақтандырғыш жанып кетсе, оны жаңасына ауыстырыңыз.

1. Көліктің барлық электр құрылғыларын өшіру үшін оталдыру құлпын «LOCK»/«OFF» күйіне бұраңыз.
2. Қақпақты шешіп алыңыз.
3. Сақтандырғыштардың қайсысы күйіп кетуі мүмкін екенін анықтаңыз. Әр сақтандырғыш блоктың қақпағының ішкі жағын қараңыз.



Қосымша жабдықты орнату

Автокөлігіңізге тұман шамдарын, сондай-ақ басқа электр жабдықтарын орнатпас бұрын, SUBARU дилерінен кеңес алуды ұсынамыз. Егер мұндай қосымша жабдықты орнату дұрыс жасалмаса немесе ол осы автокөлікке арналмаған болса, онда бұл жабдық автокөліктің электрондық жүйелерінің істен шығуына әкелуі мүмкін. Сіздің автокөлігіңізге тек түпнұсқа қосымша SUBARU жабдықтарын орнатуды ұсынамыз. Сонымен қатар автокөлігіңізге радиоқабылдағышты орнатпас бұрын SUBARU дилерінен кеңес алуды ұсынамыз.

4. Сақтандырғышты арнайы сақтандырғышқа арналған пинцетпен алыңыз.
5. Сақтандырғыштың күйін тексеріңіз. Егер ол жанып кетсе, оны бірдей номиналды қосалқы сақтандырғышқа ауыстырыңыз.
6. Қандай да бір сақтандырғыштың қайта жанып кетуі осы сақтандырғыш қорғалуын қамтамасыз ететін электр тізбегіндегі ақаулық туралы куәландырады. Мұндай жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

Шамдарды ауыстыру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жанып тұрған шамдар қатты ыстық болуы мүмкін. Шамдарды ауыстырмас бұрын, жарықты сөндіріңіз де, олар суығанша күтіңіз. Әйтпесе күйіп қалуыңыз мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Шамдарды қуаты техникалық сипаттамаларға сай келетін жаңа шамдарға ғана ауыстырыңыз. Қуаты басқа шамды пайдалансаңыз, өрт шығуы мүмкін. Шамдар қуатының номиналды мәндері туралы ақпарат алу үшін «Пайдаланатын шамдар тізімі» бөлімін қараңыз 586-б.

Шамның әйнек бөлігін жалаңаш қолыңызбен ұстамаңыз. Егер шамның әйнек бөлігін ұстап алмау мүмкін болмаса, шамға ылғал мен майдың түсуіне жол бермеу үшін оны таза, құрғақ шүберекпен ұстаңыз. Сонымен қатар шамда сызаттар пайда болса немесе құласа, ол жарылуы немесе сынуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ


- SRH жүйесі істен шыққан жағдайда, аспаптар тақтасындағы SRH жүйесін өшіруді тексеру шамы «А» типті аспаптар тақтасы бар модельдерде оталдыру құлпы «ON» күйінде болғанда жыпылықтайды. Бұл SRH жүйесінің ажыратылғанын білдіреді. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.
- SRH жүйесі бұзылған жағдайда, ескерту экранында «В» типті аспаптар тақтасы бар модельдерде оталдыру құлпы «ON» күйінде болғанда хабарлама пайда болады. Бұл SRH жүйесінің ажыратылғанын білдіреді. Мұндай жағдайда SUBARU дилеріне жолығып, диагностика жұмыстарын жүргізуге кеңес береміз.

■ Фаралар





Жарықдиодты шамдар дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, жарықдиодты шамдардың ескерту шамы қосылады. Мұндай жағдайда автокөлігіңізге диагностикалау жұмыстарын жүргізу үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте SUBARU дилеріне хабарласуға кеңес береміз.

■ Алдыңғы бұрылу көрсеткіші (егер орнатылған болса)



Оң жағы


1. Бұрауышпен ауа қабылдағыштың қысқыштарын алыңыз, содан кейін ауа қабылдағышты алыңыз.



B01845

Сол жағы

2. Бұрауыштың көмегімен әйнекжуғыш сұйықтыққа арналған бактың бекіткішін алып тастаңыз. Шамға оңай қол жеткізу үшін суретте көрсетілгендей, әйнекжуғыш сұйықтығын құю түтігінің аузын бұраңыз.




B02130

3. Электр ағытпасын шамнан ажыратыңыз және шамды теріс бағытта бұрап шешіңіз.
4. Шамды ауыстырыңыз. Шамның бетіне тимеу үшін қадағалаңыз.
5. Шамды фараға орнату үшін оны сырт еткен дыбыс шыққанға дейін оң бағытта бұраңыз.
6. Электр ағытпасын қосыңыз.
7. Ауа қабылдағышты қысқыштармен бекітіңіз (оң жағы).
8. Әйнекжуғыш сұйықтығын құю түтігінің аузын бастапқы күйіне орнатыңыз және оны бекіткіштермен қатайтыңыз (сол жағы).

- Тұман фаралары (егер орнатылған болса) / күндізгі жүріс жарықтары (егер орнатылған болса)


Шамдарды ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады. Шамдарды ауыстыру қажет болса, SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

- Артқы бұрылыс көрсеткіші




B01883


1. Бұрауыштың көмегімен қапқақ бекіткіштерін алыңыз.




2. 2 тілді ажырату үшін қақпақты алға қарай итеріп, сырғытыңыз.




3. Ажыратқаннан кейін қақпақты алыңыз.




4. Электр ағытпасын ажыратыңыз.




5. Плюс бұрауыштың көмегімен артқы құрама шамды бекітетін бұрандаларды ашыңыз.




6. Артқы құрама шамды артқа сырғытыңыз және оны автокөліктен алыңыз.



7. Теріс бағытқа бұрап, шамның патронын артқы құрама шамнан алыңыз.
8. Шамды патроннан шығарып, оны ауыстырыңыз.
9. Шам патронын артқы құрама шамға орнатыңыз және толық бекітілгенге дейін оң бағытта бұраңыз.
10. Электр ағытпасын қосыңыз.




- 11.2 сұққышты тесіктермен сиыстырып, артқы құрама шамды орнына қойыңыз және автокөлікке бекітіңіз.




12. Бұрамаларды тартыңыз.
13. Қақпақтарды орнына қойыңыз.


■ Артқа жүру шамы




1. Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, тік бұрағышты пайдаланып шамның қақпағын салыңыз да, жүк бөлігінің есігінің шетінен қақпақты алыңыз.



2. Шам патронын теріс бағытта бұраңыз және оны алыңыз.



3. Шамды патроннан шығарып, оны ауыстырыңыз.
4. Шамның патронын оң бағытта бұрап орнатыңыз.
5. Суретте көрсетілгендей сымды төсеңіз.



6. Шамның қақпағын жүк бөлігінің есігіне орнатыңыз.

■ Күнқағардағы айнаның көмескі жарық плафоны

▲ АБАЙЛАҢЫЗ


Шамды ауыстырған кезде күйік шалуы мүмкін, өйткені шам өте ыстық болуы мүмкін. Шамды ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Ашылған есікті ескерту шамы

▲ АБАЙЛАҢЫЗ

Шамды ауыстыру қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. Шамды ауыстыру үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

■ Жүксалғышты жарықтандыру плафоны



Жүксалғышты жарықтандыру плафоны (жүксалғыш есігінде жарықтандыру плафондары жоқ модельдер)

1. Шетін жалпақ бұрағышпен іліп алып, шашыратқышты алыңыз.
2. Шамды патроннан шығарыңыз.
3. Жаңа шамды орнатыңыз.
4. Шашыратқышты орнына қойыңыз.

■ Басқа шамдар

Шамдарды ауыстыру белгілі бір қиындық тудырады. Оны ауыстыру қажет болса, SUBARU дилеріне хабарласуды ұсынамыз.

Қуат элементін ауыстыру

Келесі жағдайлар қашықтан ашу салпыншағының / қашықтан басқару таратқышының қуат элементінің бәсеңдеуін көрсетуі мүмкін.

- Қашықтан кіру функциясының тұрақсыз жұмысы.
- Есік құлыптарының қашықтан басқару жүйесінің тұрақсыз аймағы.
- Қашықтықтан басқару таратқышының стандартты қолданылу аймағы шегінде болған кезде, оның тиісінше жұмыс істемеуі.

Қуат элементін жаңасына ауыстырыңыз.

■ Сақтық шаралар

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Химиялық күйік алу қаупіне байланысты қуат элементтерін жұтуға тыйым салынады.

Қашықтан басқару пультінде / қашықтан ашу салпыншағында «таблетка» типіндегі қуат элементі бар. «Таблетка» типіндегі қуат элементін жұтып қойған жағдайда 2 сағат ішінде күшті ішкі күйіктер шалуы мүмкін және тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

Жаңа және пайдаланылған қуат элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементінің бөлімі сенімді жабылмаса, бұйымды қолдануды тоқтатып, оны балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементін жұтып қойды немесе басқа да жолмен ішке түсті деген күмән туындаса, дереу медициналық көмек алыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ



Бұл таңба құрылғыға қоса берілген әдебиетте пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша маңызды нұсқаулықтың берілгені туралы қолданушыны ескертуге арналған.

- Қуат элементін ауыстыру кезінде қашықтан басқару салпыншағының/таратқыштың қақпағы мен корпусына, сондай-ақ оның ішіне шаңның, майдың немесе судың түсуіне жол бермеңіз.

- Қуат элементін ауыстыру кезінде қашықтан ашу салпыншағының / қашықтан басқару таратқышының баспа схемасына қол тигізбеу немесе зақым келтірмеу үшін ерекше сақ болыңыз.
- Балаларға қуат элементі мен бөлшектерді ұстауына тыйым салыңыз, өйткені балалар оларды жұтып қоюы мүмкін.
- Егер қуат элементі дұрыс орнатылмаса, жарылыс қаупі бар. Қуат элементін ауыстырған кезде тек түрі бірдей немесе оның баламасы бар қуат элементін пайдаланыңыз.
- Шамадан тыс қыздырып алмаңыз, күн сәулесінің, оттың және т.б. әсеріне жол бермеңіз, бұл пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезінде жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылуына немесе ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Ескі қуат элементін өндіруші ұсынған бірдей немесе ұқсас жаңа түріне ауыстырыңыз.

- Пайдаланылған қуат элементтерін кәдеге жарату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуге тиіс.
- Электрориттін ағып кетуіне жол бермеу үшін орнату кезінде қуат элементін дұрыс бағыттаңыз. Клеммаларды майыстырмау үшін абайлаңыз. Бұл оның бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Біз SUBARU дилерінен қуат элементін ауыстыруды ұсынамыз.
- Ауыстыру кезінде тек жаңа қуат элементін пайдаланыңыз.
- Қуат элементін ауыстырғаннан кейін қашықтан ашу салпыншағының/қашықтан басқару таратқышының қалыпты жұмысына көз жеткізіңіз.

■ Қашықтан ашу салпыншағының қуат элементін ауыстыру




АБАЙЛАҢЫЗ

- Қуат элементі қауіпті және балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек (жаңа немесе пайдаланылғанына қарамастан).


- Жұтып қойған кезде немесе дененің кез келген ішкі бөлігіне кірген жағдайда, қуат элементі 2 сағат немесе одан аз уақыт ішінде өте ауыр немесе өлімге әкелетін зақым келтіруі мүмкін.
- Қуат элементі жұтылған немесе дененің кез келген бөлігіне енген деген күмән туындаған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну керек.
- Қашықтан ашу салпыншағының қақпағын шешіп немесе орнына қойып, пластик бөлігі шықпайтынына және дұрыс біріктірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Қуат элементін ауыстырмас бұрын, статикалық зарядты алып тастаңыз.

Қуат элементі: CR2032 немесе балама «таблетка» типіндегі қуат элементі.




- 1) Бекіткіш түйме.
- 2) Апаттық кілт.


1. Апаттық кілтті алыңыз.




2. Жалпақ бұрағышты винил пленкамен немесе шүберекпен орап, қақпақты алу үшін бұрағышты саңылауға салыңыз.



3. Қуат элементін винил таспаға немесе шүберекке оралған жалпақ бұрағышпен алыңыз.




4. Суретте көрсетілгендей оның оң (+) жағы жоғары қарайтындай жаңа қуат элементін салыңыз.




5. Қашықтан ашу салпыншағының қақпағын тіреуіштер мен ойықтарды сыйыстыру арқылы орнатыңыз.

■ Қашықтан басқару таратқышының қуат элементін ауыстыру


Қуат элементі: CR1620 немесе балама «таблетка» типіндегі қуат элементі.




1. Жалпақ бұрағышты винил таспамен немесе матамен ораңыз. Кілттің басын жалпақ бұрағышпен ашыңыз.



2. Таратқыштың корпусын кілттің басынан алыңыз.





3. Ілгектерді ажырату арқылы таратқыштың корпусын ашыңыз.



- 1) Теріс (-) жағы жоғары қарауға тиіс.

4. Ескі қуат элементін жаңасына ауыстырыңыз (**CR1620** немесе оған балама), жаңа қуат элементінің теріс (-) жағы жоғары қарап тұрғанын тексеріңіз.
5. Таратқыштың корпусын корпусқа ілмектерді бекітіп жалғаңыз.
6. Таратқыштың корпусын кілттің бастиегіне орнатыңыз.
7. Бастиектің алынған жартысын орнатыңыз.

Қуат элементін ауыстырғаннан кейін, қашықтан басқару таратқышын қашықтан басқару жүйесінің басқару блогымен синхрондау керек. Блокты синхрондау үшін «» немесе «» түймесін алты рет басыңыз.

■ «Таблетка» типіндегі қуат элементтерін қауіпсіз кәдеге жарату

«Таблетка» типіндегі қуат элементтерін қауіпсіз түрде дереу кәдеге жаратыңыз. «Таблетка» типіндегі қуат элементін пайдалану аяқталғаннан кейін бірден оның екі жағын жабысқақ таспамен ораңыз. Бұл оны балалар үшін тартымды етпейді және өрт қаупін азайтады. Содан кейін оны дереу балалардың қолы жетпейтін көшедегі қоқыс контейнеріне тастаңыз немесе қауіпсіз қайта өңдеуге жіберіңіз.

Техникалық сипаттамалар

Техникалық сипаттамалар	578
Өлшемдер.....	578
Қозғалтқыш	579
Отын	579
Мотор майы	580
Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май	582
Жұмыс сұйықтықтары.....	584
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы.....	584

Электр жүйесі	585
Шиналар	585
Уақытша қосалқы дөңгелек.....	585
Тежегіш дискілері	585
Пайдаланылатын шамдар тізімі.....	586
Автокөлікті сәйкестендіру	588

Техникалық сипаттамалар

Төменде келтірілген техникалық сипаттамалар алдын ала ескертпестен өзгертілуі мүмкін.

■ **Өлшемдер**

Позиция		2.0 L қозғалтқышы бар модельдер	2.5 L қозғалтқышы бар модельдер
Габариттік ұзындығы		4 640	
Габариттік ені		1 815	
Габариттік биіктігі		1 730	
Дөңгелектер базасы		2 670	
Жолтабан ені	Алдыңғы дөңгелектер	1 565	
	Артқы дөңгелектер	1 570	
Клиренсі*1		220	

*1 Бос автокөлікте өлшенген.

■ Қозғалтқыш

Қозғалтқыш моделі	Бензиндік қозғалтқыш	
	FB20 (2.0 L, жоғарыда орналасқан екі үлестіру біліктері бар (DOHC))	FB25 (2.5 L, жоғарыда орналасқан екі үлестіру біліктері бар (DOHC))
Қозғалтқыш түрі	Көлденең-оппозитті, төрт цилиндрлі, төрт тактілі сұйықтықпен салқындатылатын бензиндік қозғалтқыш	
Қозғалтқыштың жұмыс көлемі, см ³	1 995	2 498
Цилиндр диаметрі × поршень жүрісі, мм	84,0 × 90,0	94,0 × 90,0
Қысу дәрежесі	12,5 : 1	12,0 : 1
Оталдыру тәртібі	1 – 3 – 2 – 4	

■ Отын

Отынға қойылатын талаптар*			Отын бағының көлемі
2.0 L қозғалтқышы бар модельдер	Отын түрі	Этилденбеген бензин	
	Зерттеу әдісімен анықталған октан саны		95
2.5 L қозғалтқышы бар модельдер	Отын түрі	Этилденбеген бензин	
	Зерттеу әдісімен анықталған октан саны		95

* Толығырақ ақпарат алу үшін «Отын» бөлімін (≈ 357-бет) қараңыз.

■ **Мотор майы**

Тексеру, құю және ауыстыру процедуралары, сондай-ақ басқа да егжей-тегжейлі мәліметтер «Мотор майы» бөлімінде (☞ 536-бет) берілген.

ЕСКЕРТПЕ

Май мен май сүзгісін ауыстыру процедурасын арнайы дайындықтан өткен маман жүзеге асыруы тиіс. Техникалық қызмет көрсету бойынша өзіңіздің SUBARU дилеріңізге жолығыңыз.

▼ **Рұқсат етілген мотор майы**




Міндетті түрде SUBARU рұқсат еткен мотор майын пайдаланыңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз. Рұқсат етілген мотор майы жоқ болса, келесі бетте сипатталған балама майды пайдаланыңыз.

▼ Балама мотор майы

SUBARU рұқсат еткен мотор майы жоқ болған кезде келесідей балама мотор майын пайдалануға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Мұнда көрсетілген шамалар – нормативті шамалар. Ауыстыруға қажетті мөлшері температура мен басқа да факторларға байланысты сәл өзгешеленуі мүмкін.
- Нарықта мотор майларының сұрыптарының болуы елдерге және өңірлерге байланысты болады.

Май санаты	SAE бойынша тұтқырлығы және қолдану температурасы	Май көлемі
<div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">  <p>ZOM0886</p> </div> <div style="text-align: center;"> <p>немесе</p>  <p>ZOM0293</p> </div> </div> <p>SN — API жіктелімі бойынша «RESOURCE CONSERVING» жазуы бар, SN PLUS — API жіктелімі бойынша «RESOURCE CONSERVING» жазуы бар немесе SP — API жіктелімі бойынша «RESOURCE CONSERVING» жазуы бар</p> <p>ILSAC GF-5 немесе GF-6A — ILSAC жіктелімі бойынша, оны ILSAC (көп ұшты жұлдыз белгісі) белгісі бойынша анықтауға болады</p> <p>немесе</p> <p>A3 немесе A5 — ACEA жіктелімі бойынша</p>	<p>Қозғалтқыштың оңтайлы жұмыс сипаттамасын және оның қорғанысын қамтамасыз ету үшін 0W-20* мотор майын пайдалану керек.</p> <p>Қажет болған кезде құю үшін 5W-30 немесе 5W-40 мотор майын пайдалануға болады.</p> <div style="text-align: center;">  <p>ZOM0333</p> </div> <p>* Ұсынылған.</p>	<p>Майды L деңгейінен F деңгейіне дейін құю: 1,0 л.</p> <p>Мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру: 2.0 L қозғалтқышы бар модельдер: 4,4 л. 2.5 L қозғалтқышы бар модельдер: 4,2 л.</p>

■ Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май

Май	Алдыңғы дифференциалға арналған май
Май санаты	<ul style="list-style-type: none">• SUBARU Extra MT*3• GL-5 — API жіктелімі бойынша (75W-90)
Май көлемі ^{*1}	1,3 л
Түсіндірмелер ^{*2}	«Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май» (☞ 544-бет)

*1 Көрсетілген май мөлшері нормативті болып саналады. Ауыстыруға қажетті мөлшері температура мен басқа да факторларға байланысты сәл өзгешеленуі мүмкін. Трансмиссияға май құйғаннан кейін оның деңгейін тексеру керек.

*2 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша толығырақ ақпарат көрсетілген бөлімде берілген.

*3 Зауытта құйылған майға балама ретінде.

Май	Артқы дифференциалға арналған май
Май санаты	<ul style="list-style-type: none">• SUBARU Extra MT• GL-5 — API жіктелімі бойынша (75W-90)
SAE бойынша тұтқырлығы және қолдану температурасы	—
Май көлемі ^{*1}	0,8 л
Түсіндірмелер ^{*2}	«Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май» (№ 544-бет)

*1 Көрсетілген май мөлшері нормативті болып саналады. Ауыстыруға қажетті мөлшері температура мен басқа да факторларға байланысты сәл өзгешеленуі мүмкін. Трансмиссияға май құйғаннан кейін оның деңгейін тексеру керек.

*2 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша толығырақ ақпарат көрсетілген бөлімде берілген.

■ Жұмыс сұйықтықтары

Жұмыс сұйықтығы	Сұйықтық түрі ^{*1}	Сұйықтық көлемі ^{*2}	Түсіндірмелер ^{*3}
Сатысыз трансмиссия сұйықтығы	Өзіңіздің Subaru дилеріңізден кеңес алыңыз	2.0 L қозғалтқышы бар модельдер: 10,7 л ^{*4} 10,8 л ^{*5} 11,2 л ^{*6} 2.5 L қозғалтқышы бар модельдер: 11,9 л ^{*4} 12,0 л ^{*5} 12,4 л ^{*6}	«Сатысыз трансмиссияға арналған сұйықтық» (☞544-бет)
Тежегіш сұйықтығы	FMVSS №116, DOT 3 немесе DOT 4 тежегіш сұйықтығы	—	«Тежегіш сұйықтығы» (☞545-бет)

*1 Көрсетілген сұйықтықтар типінің бірін пайдаланыңыз.

*2 Көрсетілген сұйықтық мөлшері нормативті болып саналады. Ауыстыруға қажетті мөлшері температура мен басқа да факторларға байланысты сәл өзгешеленуі мүмкін.

*3 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша толығырақ ақпарат көрсетілген бөлімде берілген.

*4 Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесі жоқ модельдер және сатысыз трансмиссия сұйықтығының ауа салқындатқышы жоқ модельдер.

*5 Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесі бар модельдер және сатысыз трансмиссия сұйықтығының ауа салқындатқышы жоқ модельдер.

*6 Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесі бар модельдер және сатысыз трансмиссия сұйықтығының ауа салқындатқышы бар модельдер.

■ Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

Модельдер	Салқындату сұйықтығының көлемі	Салқындату сұйықтығының түрі
2.0 L қозғалтқышы бар модельдер	8,0 л	SUBARU SUPER COOLANT
2.5 L қозғалтқышы бар модельдер	8,5 л	

Салқындату сұйықтығының көрсетілген мөлшері нормативті болып саналады. Ауыстыруға қажетті мөлшері температура мен басқа да факторларға байланысты сәл өзгешеленуі мүмкін. Техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысты толығырақ ақпарат «Салқындату жүйесі» бөлімінде (☞539-бет) берілген.

■ Электр жүйесі

Аккумулятор	Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесі жоқ модельдер	75D23L
Батареясының түрі	Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесі бар модельдер	Q-85
Генератор	12 В–150 А	
Оталдыру бітелері	2.0 L модельдері	DILKAR7B8 (NGK)
	2.5 L модельдері	DILKAR7Q8 (NGK)

■ Шиналар

Шиналардың техникалық сипаттамалары туралы ақпарат алу үшін жүргізуші жақтағы тіреуде орналасқан шина қысымы туралы ақпараты бар тақтайшаны қараңыз.

■ Уақытша қосалқы дөңгелек

Уақытша қосалқы дөңгелек өлшемі	185/65R17
Уақытша қосалқы дөңгелек шинасындағы қысым (салқын шинадағы ұсынылған қысым)	290 кПа (2,9 кгс/см ²)
Дөңгелек бекіту сомындарын тарту моменті	120 Нм (12 кгс-м)*


* Осындай тарту моменті баллон кілтінің ұшына түсетін шамамен 40–50 кгс күшіне тең. Дөңгелектерді бекіту сомындарын өз бетіңізге тартқан болсаңыз, мүмкіндік туған бойда олардың тартылу моментін жақын маңдағы автокөлікке техникалық қызмет көрсету станциясында тексеріп алыңыз.

Дөңгелекті бекіту сомындарын тарту процедурасы туралы ақпарат алу үшін «Шинасының ауасы шыққан дөңгелекті ауыстыру» бөлімін (☎493-бет) қараңыз.

■ Тежегіш дискілері

Егер сізге тежегіш дискілерінің шекті пайдалану өлшемі және оларды өлшеу әдістері туралы ақпарат қажет болса, өзіңіздің Subaru дилеріңізден кеңес алыңыз.

Пайдаланылатын шамдар тізімі



ЕСКЕРТПЕ

Әріптермен белгіленген шамдар — жарықдиодты шамдар. Оларды ауыстыру үшін өзіңіздің SUBARU дилеріңізге хабарласыңыз.

	Қуат	Шам түрі
1) Алдыңғы бұрылыс көрсеткішінің шамы (орнатылған болса)	12 В–21 Вт	WY21W
2) Күнқағардағы айнаның көмескі жарық плафонының шамы	12 В–2 Вт	—
3) Жүксалғышты жарықтандыру плафонының шамы (жүксалғыш есігінде жарықтандыру плафондары жоқ модельдер)	12 В–13 Вт	—
4) Ашық есіктің сигналдық шамы	12 В–5 Вт	W5W
5) Артқы бұрылыс көрсеткішінің шамы	12 В–21 Вт	WY21W
6) Артқа жүру жарығының шамы	12 В–16 Вт	W16W
7) Тұман фарасының шамы (күндізгі жүріс жарықтары жоқ модельдер) (орнатылған болса)	12 В–19 Вт	H16
Тұман фарасының шамы (күндізгі жүріс жарықтары бар модельдер) (орнатылған болса)	12 В–35 Вт	H8
Күндізгі жүріс жарықтарының шамы (орнатылған болса)	12 В–13 Вт	P13W
Алдыңғы бұрылыс көрсеткішінің шамы (орнатылған болса)	—	—
A) Шалғай/таяу жарық фараларының шамы	—	—
B) Нүктелі шырақ шамы	—	—
C) Салон жарығы плафонының шамы	—	—
D) Бүйірлік бұрылыс көрсеткішінің шамы	—	—
E) Жоғарғы стоп-сигнал шамы	—	—
F) Жүксалғышты жарықтандыру плафонының шамы (жүксалғыш есігінде жарықтандыру плафондары бар модельдер)	—	—
G) Артқы габарит жарығының шамы	—	—
H) Стоп-сигнал, артқы габарит жарығының шамы	—	—
I) Жүксалғыш есігіндегі жарықтандыру плафонының шамы (орнатылған болса)	—	—
J) Нөмір белгісінің көмескі жарығының шамы	—	—
K) Артқы тұман жарығының шамы	—	—
L) Алдыңғы габарит жарығының шамы	—	—
M) Күндізгі жүріс жарықтарының шамы (орнатылған болса)	—	—
N) Тұман фарасының шамы (орнатылған болса)	—	—


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жанып тұрған шамдар қатты ыстық болуы мүмкін. Шамдарды ауыстырмас бұрын жарықты сөндіріңіз де, олар суығанша күтіңіз. Әйтпесе, күйіп қалуыңыз мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Шамдарды қуаты техникалық сипаттамаларға сай келетін жаңа шамдарға ғана ауыстырыңыз. Қуаты басқа шамды пайдалансаңыз, өрт шығуы мүмкін.

Автокөлікті сәйкестендіру




- 1) Алдыңғы оң жақ орындықтың еден кілемшесінің астындағы автокөліктің сәйкестендіру нөмірі.
- 2) Сәйкестендіру тақтайшасы.
- 3) Шиналардағы қысымның нормативтік шамасының тақтайшасы.
- 4) Модель нөмірінің тақтайшасы.
- 5) Отын туралы ақпараты бар тақтайша.
- 6) Ауа кондиционерінің тақтайшасы.
- 7) Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстанға арналған модельдер туралы ақпарат	590
Сәйкестендіру тақтайшасы	590
Отын шығыны және көміртегі қос тотығының (CO ₂) шығарындысы	590
Отын үнемдеу бойынша кеңестер.....	591
1999/5/ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясы.....	591
Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі.....	591
Радиотехникалық жабдық бойынша директиваның талаптарына сәйкестік декларациясы (2014/53/EU).....	592
«Таблетка» түріндегі қуат элементін ауыстыру кезіндегі сақтық шаралар.....	592

«Таблетка» түріндегі қуат элементін ауыстыру кезіндегі сақтық шаралары (қашықтан ашу кілті).....	592
Автокөліктің есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің таратқышы	593
Автокөліктің есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің қабылдағышы	594
Қашықтан ашу салпыншағы	594
Иммобилайзер.....	594
SRVD жүйесі	595
Төмен жиілікті сәуле таратқыш.....	596
Техникалық ақпарат	596
Украинаға арналған модельдер	596
Кеден одағы елдеріне арналған модельдер	597

Қазақстанға арналған модельдер туралы ақпарат

■ Сәйкестендіру тақтайшасы



Сәйкестендіру тақтайшасы суретте көрсетілгендей сол жақ ортаңғы тіреуде орналасқан.

■ Отын шығыны және көміртегі қос тотығының (CO₂) шығарындысы

«Euro 5» стандартына сәйкес келетін бензин қозғалтқышы бар модельдер

Моделі мен түрі				БҰҰ ЕЭК № 101R қағидаларына сай келетін отын шығыны (л/100 км)			БҰҰ ЕЭК № 101R қағидаларына сай келетін көміртегі қос тотығының (CO ₂) шығарындысы (г/км)		
				Қалалық цикл	Қала сыртындағы цикл	Аралас цикл	Қалалық цикл	Қала сыртындағы цикл	Аралас цикл
Forester	AWD	2.0 L	CVT	9,0	6,2	7,2	209	143	167

«Euro 6» стандартына сәйкес келетін бензин қозғалтқышы бар модельдер

Моделі мен түрі				БҰҰ ЕЭК № 101R қағидаларына сай келетін отын шығыны (л/100 км)			БҰҰ ЕЭК № 101R қағидаларына сай келетін көміртегі қос тотығының (CO ₂) шығарындысы (г/км)		
				Қалалық цикл	Қала сыртындағы цикл	Аралас цикл	Қалалық цикл	Қала сыртындағы цикл	Аралас цикл
Forester	AWD	2.5 L	CVT	9,3	6,3	7,4	210	144	168

CVT: сатысыз автоматты трансмиссия.

■ Отын үнемдеу бойынша кеңестер

Автокөлігіңіздің отын шығынын, сондай-ақ CO₂ шығарындысы деңгейін азайту үшін төмендегі ұсыныстарды сақтаңыз.

- Автокөлікті жағдайға байланысты басқарыңыз.
- Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсетіңіз.
- Жүргізу кезінде абайсыздыққа жол бермеңіз.
- Тым жоғары жылдамдықпен жүрмеңіз.
- Шиналардағы ауа қысымын қажетті деңгейде сақтаңыз.
- Автокөлік қозғалтқышын бос жүріс режимінде істету уақытын ең төменгі деңгейге дейін қысқартыңыз.
- Тым ауыр жүкті тасымалдамаңыз.

1999/5/ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясы

■ Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі

Қазақша	KZ	Өндіруші: Schrader Electronics Ltd. Мекенжайы: 11 Technology Park, Belfast Road, Antrim BT41 1QS, Northern Ireland United Kingdom. Модель нөмірі: SHR3. Жіліс: 433,92 МГц. Қуаты: -23,1 дБм. Осымен Schrader Electronics Ltd. SHR3 түріндегі радиотехникалық жабдық 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді. ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: http://www.tpmseuroshop.com/documents/declaration_conformities
---------	----	--

English	EN	Manufacturer Schrader Electronics Ltd. Address: 11 Technology Park, Belfast Road, Antrim BT41 1QS, Northern Ireland United Kingdom Model No.: SHR3 Frequency: 433.92 MHz Power: - 23.1 dBm Hereby, Schrader Electronics Ltd. declares that the radio equipment type SHR3 is in compliance with Directive 2014/53/EU The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: http://www.tpmseuroshop.com/documents/declaration_conformities
---------	----	--

Осымен Schrader Electronics Ltd. TPMS құрылғысы 1999/5/ЕО директивасының негізгі талаптары мен басқа да ережелеріне сай келетінін мәлімдейді. Сәйкестік декларациясын emcteam@schrader.co.uk мекенжайынан сұратуға болады.



Радиотехникалық жабдық бойынша директиваның талаптарына сәйкестік декларациясы (2014/53/EU)

■ «Таблетка» түріндегі қуат элементін ауыстыру кезіндегі сақтық шаралар

 Бұл таңба құрылғыға қоса берілген әдебиетте пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша маңызды нұсқаулықтың берілгені туралы қолданушыға ескертуге арналған.

АБАЙЛАҢЫЗ — Қуат элементін дұрыс орнатпаған кезде жарылыс қаупі бар. Қуат элементін ауыстырған кезде тек түрі бірдей немесе оның баламасы бар қуат элементін пайдаланыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ — Қатты қыздырмаңыз, күн сәулесінің, оттың әсеріне ұшыратпаңыз және т.с.с., себебі бұл пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезінде жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтың немесе газдың ағуына алып келуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қуат элементтерін жұтуға тыйым салынады. Химиялық күйік шалу қаупі бар.


Қашықтан басқару пультіңде / қашықтан ашу салпыншағында «таблетка» түріндегі қуат элементі бар. «Таблетка» түріндегі қуат элементін жұтып қойған жағдайда 2 сағат ішінде күшті ішкі күйіктер шалуы мүмкін және тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін. Жаңа және пайдаланылған қуат элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементінің бөлімі сенімді жабылмаса, бұйымды қолдануды тоқтатып, оны балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементін жұтып қойды немесе басқа да жолмен ішке түсті деген күмән туындаса, дереу медициналық көмек алыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ — Қуат элементін отқа немесе ыстық пешке лақтырмаңыз, жаншымаңыз және оларды механикалық жолмен кеспеніз, себебі ол жарылыс тудыруы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ — Биік жерлерде өте төмен ауа қысымының әсеріне ұшыратпаңыз, бұның салдары жарылысқа немесе жанғыш сұйықтықтардың немесе газдардың жылыстауына әкелуі мүмкін.

 This symbol is intended to alert the user to the presence of important operating and maintenance (servicing) instructions in the literature accompanying the appliance.

CAUTION - Danger of explosion if battery is incorrectly replaced. Replace only with the same or equivalent type.

CAUTION - Do not exposed to excessive heat such as sunshine, fire or the like, that can result in an explosion or the leakage of flammable liquid or gas during use, storage or transportation.

WARNING

Do not ingest the battery. Chemical Burn Hazard
(The remote control supplied with) This product contains a coin/button cell battery. If the coin/button cell battery is swallowed, it can cause severe internal burns in just 2 hours and can lead to death.
Keep new and used batteries away from children.


If the battery compartment does not close securely, stop using the product and keep it away from children.

If you think batteries might have been swallowed or placed inside any part of the body, seek immediate medical attention.

CAUTION - Do not dispose of a battery into fire or a hot oven, or give mechanically crushing or cutting of a battery, that can result in an explosion.

CAUTION - Do not subjected to extremely low air pressure at high altitude that may result in an explosion or the leakage of flammable liquid or gas.

■ «Таблетка» түріндегі қуат элементін ауыстыру кезіндегі сақтық шаралары (қашықтан ашу кілті)

 Бұл белгі — қауіпсіздік шараларына қатысты ескерту белгісі.

Қуат элементтерін жұтуға тыйым салынады.

Химиялық күйік шалу қаупі бар.

Бұл бұйымның «таблетка» түріндегі қуат элементі бар.

«Таблетка» түріндегі қуат элементін жұтып қойған жағдайда 2 сағат ішінде күшті ішкі күйіктер шалуы мүмкін және тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

Пайдаланылған қуат элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементінің бөлімі сенімді жабылмаса, бұйымды қолдануды тоқтатып, оны балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыз.

Егер қуат элементін жұтып қойды немесе басқа да жолмен ішке түсті деген күмән туындаса, дереу медициналық көмек алыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Қуат элементін түрі дұрыс емес қуат элементіне ауыстырған жағдайда жарылу қаупі бар.


Қуат элементін ауыстырған кезде тек түрі бірдей қуат элементін пайдаланыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Жанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылу немесе ағу қаупі.

Теңіз деңгейінен өте биік жағдайда пайдаланбаңыз / сақтамаңыз / өте жоғары температура немесе өте төмен қысым жағдайында ұстамаңыз.

Пайдаланылған қуат элементін отқа жақпаңыз, жаншымаңыз немесе кеспеніз.

 This mark is a safety/warning mark.

Do not ingest battery.
 Chemical Burn Hazard
 This product contains a coin / button cell battery.
 If the coin / button cell battery is swallowed, it can cause severe internal burns in just 2 hours and can lead to death.
 Keep new and used batteries away from children.
 If the battery compartment does not close securely, stop using the product and keep it away from children.
 If you think batteries might have been swallowed or placed inside any part of the body, seek immediate medical attention.

CAUTION
 Risk of explosion if the battery is replaced by an incorrect type.
 Replace battery with the same type.

CAUTION
 Risk of explosion or the leakage of flammable liquid or gas.

Do not use in /store in /bring into environment of extremely high temperature or extremely low pressure due to the very high altitude.
 Do not attempt to burn, crush, or cut used battery.

Пайдаланылған қуат элементтері жергілікті заңға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.

■ **Автокөліктің есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің таратқышы**

Радиотехникалық жабдық істейтін жиілік диапазоны: 433,92 МГц.
 Радиотехникалық жабдық істейтін жиілік диапазонында берілетін радиосигналдың максималды қуаты: 3 м кезінде 80,5 дБмкВ/м.
 Өндіруші:
SUBARU CORPORATION.
 Мекенжайы: 1-1, Subaru-cho, Ota-shi, Gunma-ken, 373-8555, Japan.



Осымен ALPS ELECTRIC CO., LTD TB1G077 түріндегі радиотехникалық жабдық 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді.
 ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді:
<http://www.alps.com/products/common/pdf/HandUnit/TB1G077.pdf>

[EN]
 English

Hereby, ALPS ELECTRIC CO.,LTD., declares that the radio equipment type TB1G077 is in compliance with Directive 2014/53/EU.
 The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address:
<http://www.alps.com/products/common/pdf/HandUnit/TB1G077.pdf>

■ **Автокөліктің есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің қабылдағышы**

Радиотехникалық жабдық істейтін жиілік диапазоны: 433,92 МГц.

Өндіруші:
SUBARU CORPORATION.

Мекенжайы: 1-1, Subaru-cho, Ota-shi, Gunma-ken, 373-8555, Japan.



Диапазон радиочастот, в якому працює устаткування: 433,92 МГц.

[KZ] Қазақша	Осымен ALPS ELECTRIC CO., LTD TD1G141 түріндегі радиотехникалық жабдық 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді. EO директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: http://www.alps.com/products/common/pdf/Tuner/TD1G141.pdf
-----------------	--

[EN] English	Hereby, ALPS ELECTRIC CO., LTD., declares that the radio equipment type TD1G141 is in compliance with Directive 2014/53/EU. The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: http://www.alps.com/products/common/pdf/Tuner/TD1G141.pdf
-----------------	---

■ **Қашықтан ашу салпыншағы**

Таратқыш

Модель: 14АНК.

Жұмыс жиілігі: 433,92 МГц.

Максималды шығыс қуаты (тиімді сигнал шығару қуаты): 0,03 мВт.

Өндіруші:

DENSO CORPORATION.

Мекенжайы: 1-1, Showa-cho, Kariya-shi, Aichi-ken, 448-8661, Japan.

Осымен DENSO CORPORATION радиотехникалық жабдықтың бұл түрі 2014/53/EU директивасының талаптарына сәйкес келетінін мәлімдейді. EO директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/
--

Hereby, DENSO CORPORATION declares that the radio equipment type is in compliance with Directive 2014/53/EU. The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/
--

 СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ СОҢҒЫ НУСХАСЫ (DoC) МЫНА МЕКЕНЖАЙ БОЙЫНША ҚОЛЖЕТІМДІ: https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/
--

■ **Иммобилайзер**

▼ **Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы орнатылған қашықтан ашу жүйесі бар модельдер**

Осымен SUBARU CORPORATION SSPIMB02 түріндегі радиотехникалық жабдық 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді. EO директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: http://www.tokai-rika.co.jp/pc/ Жиілік диапазоны: 119-135 кГц. Радиосигналдың максималды қуаты: 10 м кезінде 55 дВмкА/м.
--

Hereby, SUBARU CORPORATION declares that the radio equipment type SSPIMB02 is in compliance with Directive 2014/53/EU. The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: http://www.tokai-rika.co.jp/pc/ Frequency band: 119 - 135 kHz Maximum radio-frequency power: 55 dBµA/m @10m
--



Мекенжайы: 1-1, Subaru-cho, Ota-shi, Gunma 373-8555, Japan.

▼ Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі жоқ модельдер

Таратқыш

Модель: FJ16-2.

Жұмыс жиілігі: 134,2 кГц.

Максималды шығыс қуаты (тиімді сигнал шығару қуаты): 0,000169 мВт.

Өндіруші:

SUBARU CORPORATION.

Мекенжайы: 1-1, Subaru-cho, Ota-shi,

Gunma-ken, 373-8555, Japan.

Осымен SUBARU CORPORATION радиотехникалық жабдықтың бұл түрі 2014/53/EU директивасының талаптарына сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: <https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/>

Hereby, SUBARU CORPORATION declares that the radio equipment type is in compliance with Directive 2014/53/EU. The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: <https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/>



СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ соңғы нұсқасы (DoC) мына мекенжай бойынша қолжетімді:

<https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/>

■ SRVD жүйесі

	ADC Automotive Distance Control Systems GmbH Peter-Dornier-Strasse 10, 88131 Lindau, Germany
ЕО ТАЛАПТАРЫНЫҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН СӘЙКЕСТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ	Осымен ADC Automotive Distance Control Systems GmbH SRR 3-A түріндегі радиотехникалық жабдық 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді. ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: http://continental.automotive-approvals.com/
	Радиотехникалық жабдық істейтін жиілік диапазоны: 24,05-24,25 ГГц.
	Радиотехникалық жабдық істейтін жиілік диапазонында берілетін радиосигналдың максималды қуаты:
	Изотропты сәуле шашудың тиімді шындық қуаты 100 мВт (20 дБм).
	ADC Automotive Distance Control Systems GmbH Peter-Dornier-Strasse 10, 88131 Lindau, Germany
SIMPLIFIED EU DECLARATION OF CONFORMITY	Hereby, ADC Automotive Distance Control Systems GmbH declares that the radio equipment type SRR 3-A is in compliance with Directive 2014/53/EU. The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address: http://continental.automotive-approvals.com/
	Frequency band(s) in which the radio equipment operates: 24.05-24.25 GHz
	Maximum radio-frequency power transmitted in the frequency band(s) in which the radio equipment operates:
	100mW (20 dBm) Peak EIRP

■ **Төмен жиілікті сәуле таратқыш**

Таратқыш моделі: SU19S-3.

Жұмыс жиілігі: 134,2 кГц.

Максималды шығыс қуаты (тиімді сигнал шығару қуаты): 6,195 мВт.

Өндіруші:

SUBARU CORPORATION.

Мекенжайы: 1-1, Subaru-cho, Ota-shi,

Gunma-ken, 373-8555, Japan.

Осымен SUBARU CORPORATION радиотехникалық жабдық 2014/53/EU директивасының талаптарына сай келетінін мәлімдейді.

ЕО директивасының талаптарына сәйкестік декларациясының толық мәтіні Интернет желісінде келесі мекенжай бойынша қолжетімді: <https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/>

Hereby, SUBARU CORPORATION declares that the radio equipment type is in compliance with Directive 2014/53/EU.
The full text of the EU declaration of conformity is available at the following internet address:
<https://www.denso.com/global/en/contact-us/doc/>

■ Кеден одағы елдеріне арналған модельдер

▼ Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі



МОДЕЛЬ: TB1G077

МОДЕЛЬ: TD1G141

ALPS ELECTRIC CO., LTD.

Страна происхождения: Япония,
Мексика

Диапазон частот: 433,92 МГц

Вид модуляции: частотная
манипуляция

D00916

▼ Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі



D00287

А

Автокөлік өлшемдері.....	578	Автокөліктің техникалық жағдайын жүйелі түрде тексеру.....	466
Автокөлік салоны.....	16	Автокөлікті тұраққа қою.....	398
Жарық.....	325	Кеңестер.....	406
Тазарту.....	520	Төтенше жағдайда.....	490
Автокөлік сипаттамалары.....	578	Автокөлігіңізде қолданылатын белгілер.....	4
Автокөлік шанағы (күтім).....	516	Автоматтық және апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары.....	58
Автокөлікті басқару		Айналар.....	294
Алкоголь.....	7	Аккумулятор батареясы.....	499, 563
Дәрілік препараттар.....	8	Зарядтың таусылуы туралы ескерту шамы.....	198
Жолмен және жолсыз жерде.....	469	Зарядтың таусылуын болдырмау функциясы.....	158, 183
Жүруге дайындық.....	361	Алдыңғы әйнек	
Қарлы және мұзды жолдармен жүру.....	474	Әйнектазартқыш.....	289, 291
Қыста.....	472	Жуғыш.....	291
Мобильді телефон.....	9	Жылыту.....	315
Сақтық шаралар.....	4	Алдыңғы әйнектазалағыш щеткасының мұзеріткіші.....	299
Навигация жүйесі.....	9	Алдыңғы орындықтар	
Толық жетекпен.....	467	Бассүйегіш.....	46
Шаршау немесе ұйқы келу жағдайы.....	8	Жылытқыш.....	48
Шет елдерде.....	467	Реттеу.....	39, 40
Автокөлікті басқару кезіндегі сақтық және қауіпсіздік шаралар.....	4	Антенна.....	322
Автокөлікті басқаша жабдықтау.....	9	Апат кезіндегі іс-қимылдар.....	512
Сақтық шаралар.....	70, 130	Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары.....	58
Автокөлікті жуу.....	516	Апаттық жарық сигналын беру жүйесі.....	184
Автокөлікті платформалы		Артқы әйнек	
эвакуатормен тасымалдау.....	507	Әйнектазартқыш.....	292
Автокөлікті сәйкестендіру.....	588	Жуғыш.....	293
Сәйкестендіру тақтайшасы.....	590	Артқы орындықтар	
Автокөліктің салонын тазалау.....	520	Арқалықты жию.....	52
Автокөліктің суық ауа райында тұрақта тұруы.....	473	Арқалықтың еңкею бұрышы.....	55
Автокөліктің сыртқы элементтері.....	14	Бассүйегіш.....	50
Автокөліктің техникалық сипаттамалары.....	578	Жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескерту.....	71

Жылытқыш	49
Шынтақтаяныш	50
Аспаптар	
Климат-контроль жүйесін басқару.....	305
Тақтасы.....	19
Аспаптар тақтасы	19
Аспаптар тақтасы	23
Баптау.....	187
Дисплей	224
Аудиожүйе	322
Ауа қармауыш	
Басқару	314
Тор.....	315
Ауыстыру	
Дөңгелектер.....	493
Шамдар.....	567
Ауыстырып қосқыш	
Әйнектазартқыш	22
Жарықтандыру	22, 271
Тұман фаралары (жарық)	284
Фаралардың шалғай/таяу жарығы	273
Ә	
Әйнек жуғыш сұйықтығы	557
Әйнекжуғыштар	286
Әйнеккөтергіштер	160
Әйнектазартқыштар	22, 286
Артқы әйнек.....	292
Щеткаларды ауыстыру.....	558
Қар жауған кездегі жұмыс	475
Өрекет ету аймағы	
Қашықтан ашу жүйесі	140
Түйме көмегімен қозғалтқышты оталдыру/сөндіру жүйесі.....	181

Б

Батып қалған көлікті ырғау	477
Бақылау-өлшеу аспаптары.....	184
Бақылау шамдары.....	25, 189
Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын қосу.....	206
Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясының іске қосылуы	206
Ақауды анықтау (“Check Engine”).....	195
Алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қосылуы және өшуі	195
Артқы тұман жарығы	220
Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесін өшіру.....	209
Бейімделетін шалғай жарық жүйесі	209
Бұрылыс көрсеткіштері	219
Еңіске түсуді бақылау функциясы.....	220
Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесін ажырату.....	223
Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің жұмысы.....	222
Жүргізушінің күйін бақылау жүйесінің жұмысын уақытша тоқтату	223
Иммобилайзер	217
Кедергіні анықтау.....	425
Круиз-контроль жүйесі.....	219
Круиз-контроль қондырғылары	219
Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесін өшіру (сары)	221
Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру жүйесі іске қосылуына арналған шарттардың орындалмауы.....	222
Қозғалтқыштың автоматты түрде оталу/сөну жүйесі	221
Салқындату сұйықтығының төмен температурасы.....	196
Тежегіш педалін басу қажеттілігі	207
Тұман фаралары	219
Фаралар жарығы.....	219
Фаралардың шалғай жарығы.....	219

Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі	210
Электр тұрақ тежегіші	206
RAB жүйесін ажырату	222
SI-DRIVE жүйесі	218
SRVD жүйесін ажырату	222, 427
VDC жүйесін ажырату	204
VDC жүйесінің жұмысы	203
X-MODE жүйесі	220, 239
Бала бекіту құрылғылары	72
Алдыңғы жолаушының орындығына орнату	81, 84
Балаларды алға қаратып тасымалдау	88
Балаларды теріс қаратып тасымалдау	87
Зәкір белбеуін бекіту нүктелері	98
Қауіпсіздік белбеуі көмегімен орнату	85
Қауіпсіздік бойынша ұсыныстар	74
Қосымша бала жастығы	92
Қосымша бала орындығы	92
Құрылғыларды іріктеу	77
Орнату орындары	74
Сақтық шаралар	72
ISOFIX бекіту қапсырмалары	95
Балалардың қауіпсіздігі	5
Бассүйегіштер	
Алдыңғы орындық	46
Артқы орындық	50
Бекіту	
Балалардан есіктерді бекіту	159
Руль бағанын	368
Селектор тұтқасын	375
Бөтелке ұстағыштар	332

Д

Датчик	
Жаңбыр/жарық	273, 290
Күн сәулесінің қарқындылығы	309
Салондағы ауа температурасы	309
Сонар	444
Радар	429
Фаралардың автоматты қосылу/өшу жүйесі	273
Дефлекторлар	304
Декларация	
Радиотехникалық жабдық бойынша директиваның (2014/53/EU) талаптарына сәйкестік	592
1999/5/ЕО директивасының талаптарына сәйкестік	591
Дискілер	548
Ауыстыру	556
Жеңіл қорытпадан	519, 556
Дисплей	
Аспаптар тақтасы	224
Көп функциялы	233, 240
Дөңгелек	
Дөңгелекті теңгеру	552
Қосалқы дөңгелек	490, 585
Дөңгелектерді теңгеру	552
Дыбыс сигналы	302
Дыбыс сигналын беру жүйесі	
Жылдамдықты шектен асыру	184
Кілтті еске салу	180
Қашықтан ашу жүйесі	210
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы	191

Е

Ескерту шамдары	25, 189
Акумулятор батареясы зарядының таусылуы	198
Алдыңғы орындықтағы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуі	192
Артқы дифференциал майының температурасы	199
Ашық есік	207
Ашық капот	207
Әйнек жуғыш сұйықтығының төмен деңгейі	207
Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесі	209
Бейімделетін шалғай жарық жүйесі	209
Жарықдиодты фаралар	209
Жол төсемін ықтимал мұз басу	223
Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесі	222
Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуі	191
Қашықтан ашу жүйесі	210
Қауіпсіздік жастықтары жүйесі	194
Қозғалтқыштың автоматты түрде оталу/сөну жүйесі	221
Мотор майының төмен деңгейі	198
Отынның төмен деңгейі	207
Руль күшейткіші	208
Салқындату сұйықтығының жоғары температурасы	196
Тежегіш жүйесі (қызыл)	204
Төмен май қысымы	198
Толық жетек	208
Фаралардың жарық шоғы деңгейінің автоматты реттегіші	209
Фаралардың шалғай жарығының көмекшісі	210
Шиналардағы төмен ауа қысымы	200
Электр тұрақ тежегіші (сары)	205
ABS жүйесі	202
ATF температурасы	199
RAB жүйесі	222, 444
SRVD жүйесі	222, 428

VDC жүйесі	203
Есік құлыптарын қашықтан басқару	151
Қашықтан ашу салпыншағы	152
Қашықтан басқару таратқышы	152
Қашықтан басқару таратқышының қуат элементін ауыстыру	575
Есіктер	
Құлыптар	155
Құлыптарды қашықтан басқару	151
Құлыптау және құлыпты ашу	139, 153, 155, 156
Автоматты	144, 154, 156
Құлыпты іріктеп ашу	143, 153
Есіктер құлпы	155
Есіктердегі бала бекітпесі механизмі	159
Есіктердің құлпын іріктеп ашу	143, 153

Ж

Жаңа автокөлікті сынап тексеру	464
Жарықты кешіктіріп өшіру таймері	327
Жарық	271
Жүксалғыш	326
Кешіктіріп өшіру таймері	327
Салон	325
Желдету	304
Жеңілқорытпалы дискілер	556
Тазарту	519
Жетек белдігі	544
Жүйе	
Автокөлік артындағы көлік құралдарын анықтау (SRVD)	420
Автокөлік артында көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту функциясы (RCTA)	422
Көзден таса аймақтарда кедергіні анықтау функциясы (BSD)	421

Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көмектесу функциясы (LCA).....	421
Радар датчиктері.....	429
Артқа жүрген кезде автоматты түрде тежеу жүйесі (RAB).....	430
Ауа тазарту.....	317
Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру/сөндіру.....	413
Сонар датчиктері.....	444
Бейімделетін шалғай жарық (ADB).....	279
Бейімделетін бұрылыс фаралары (SRH).....	278
Есік құлыптарын қашықтан басқару.....	151
Желдету.....	304
Жолаушылардың жайғасуын анықтау.....	110
Жүргізушінің жай-күйін бақылау.....	445
Ескерту.....	452
Қолданушыны тану.....	450
Климат-контроль жүйесін ишаратпен басқару.....	460
Климат-контроль.....	305
Круиз-контроль.....	408
Өрде орыннан қозғалған кездегі көмек.....	406
Руль жылытқышы.....	301
Салқындату.....	539
Тежегіш.....	380
Түйме арқылы қозғалтқышты оталдыру/сөндіру функциясы бар қашықтан ашу жүйесі.....	135
Шиналардағы ауа қысымын бақылау (TPMS).....	394, 497, 548
Электрлі.....	585
ABS (тежегішті бекіту жүйесі).....	382
EBD (тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе).....	383
SI-DRIVE.....	377
VDC (динамикалық тұрақтандыру жүйесі).....	385
X-MODE.....	389
Жүксалғыш.....	162
Ашу/жабу.....	163

Жарық.....	326
Құлыптау/құлыпты ашу.....	154, 162
Перде.....	341
Жүксалғыш есігі.....	162
Ашу/жабу.....	163
Құлыптау/құлыпты ашу.....	154, 162
Ішінен апаттық ашу.....	511
Электржетек.....	164
Жүксалғыш қалқасы.....	341
Жүрілген жолдың қос санағышы.....	185
Жүрілген жолдың санағышы.....	185
Жүруге дайындық.....	361
Жұмыс сұйықтықтары.....	584
Жылытқыш.....	
Алдыңғы әйнек.....	315
Артқы әйнек және сыртқы айналар.....	299

3

Заттарды сақтау және тасымалдау.....	330
--------------------------------------	-----

И

Иммобилайзер.....	150
Бақылау шамы.....	217
Индикатор.....	
Берілістерді ауыстыру.....	11
Дискілі тежегіш қыспақтарының тозуы.....	382
Жол төсемін мұз басу.....	239
Селектор тұтқасының / қосулы берілістің күйі.....	218
Сыртқы ауа температурасы.....	238, 243
Шина протекторының тозуы.....	553
Иісті газ.....	6, 465

К	
Камера	
Бүйірлік көрініс	349
Артқы көрініс	354
Алдыңғы көрініс	345
Каталиттік бейтараптандырғыш	465
Кеңестер	
Аспаптар (реттеу)	188
Жүргізу бойынша	377
Тежеу бойынша	380
Техникалық қызмет көрсету бойынша	532
Тұраққа қою бойынша	406
Кепілдік міндеттемелер	1
Климат-контроль	305
Автоматты жұмыс режимі	308
Температураны реттеу	313
Желдеткіштің айналу жиілігін реттеу	313
Ауа легін тарату режимдері	311
Қолмен басқару	311
Ауақармауышты басқару	314
Ишаратпен басқару	460
Кондиционерді басқару	313
Хладагент	316
Климат-контроль жүйесіне арналған хладагент	316
Климат-контроль жүйесін басқару ишараты	460
Кондиционер	313
Коррозия (қорғаныс)	519
Көмескі жарық	
Оталдыру жүйесінің құлпы	181
Көміртегінің қостотығының шығарындысы	590
Көп функциялы дисплей	233, 240
Көрсеткіш	
Бұрылыс	282
Отын деңгейі	186

Круиз-контроль	408
Күндізгі жүріс жарықтары	277
Күнқағарлар	328
Күшейткіш	
Руль	379
Тежеу жүйесі	381, 546
Кілемше (едендік)	338
Кілттер	134
Апаттық	135, 509
Қашықтан ашу салпыншағы	135, 152
Жаңаны жасау	151
Нөмір	134
Құлыпталудың алдын алу функциясы	157

Қ

Қауіпсіздік белбеулері	56
Автоматтық және апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары	58
Апаттық бекіту функциясы бар қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары	58
Қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстар	56
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескеретін жарық және дыбыс сигналын беру жүйесі	191
Тартқыштар	66
Техникалық қызмет көрсету	66
Қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары	66
Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралар	70
Жүйенің күйін бақылау	69
Техникалық қызмет көрсету	70
Қауіпсіздік жастықтары	99
Автокөлікті қайта жабдықтау кезіндегі сақтық шаралар	130
Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының жұмысы	118
Бақылау шамдары	195

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік қалқа жастықтарының жұмысы	122
Жүйеге техникалық қызмет көрсету	129
Жүйенің ескерту шамы	194
Жүйенің жұмысы	117
Жүйенің күйін бақылау	127
Компоненттер	108
Сақтық шаралар	100
Қашықтан ашу	135
Ескерту дыбыс сигналдары және ескерту шамы	149, 210
Есіктерді құлыптау және ашу	139
Қашықтан ашу салпыншағы	135, 509
Энергия үнемдеу функциясы	147
Қашықтан ашу салпыншағының қуат көзі элементін ауыстыру	574
Сақтық шаралар	136
Сигнал қабылдау аймағы	140
Функцияларды ажырату	147
Энергия үнемдеу функциясы	146
PIN-код арқылы ашу	144
Қашықтан ашу салпыншағы	135
Жұмыс бұзылғанда жасалатын іс-қимылдар	509
Қозғалтқыш	
Автоматты түрде оталу/сөну жүйесі	413
Капот	534
Қызып кету	503
Оталдыру және сөндіру	362, 365
Оталдыру/сөндіру түймесі	181
Салқындату сұйықтығы	540, 584
Сипаттамалар	579
Сыртқы қуат көзінен оталдыру	499
Қозғалтқышты оталдыру/сөндіру түймесі	181
Қозғалтқышты сыртқы қуат көзінен оталдыру	499
Қозғалтқыштың капоты	534

Қозғалтқыштың қызып кетуі	503
Қозғалтқыштың пайдаланылған газдары	6, 465
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы	540, 584
Қосалқы дөңгелек	490, 585
Қосымша жабдық	567
Қосымша жабдықты орнату	567
Қосымша электр жабдықты қосуға арналған розеткалар	333
Қысқартулар (тізім)	3
Қысқы шиналар	476

М

Май

Алдыңғы және артқы дифференциалдарға арналған май	544, 582
Мотор	536, 580
Май сүзгісі	538
Максималды рұқсат етілген	
Автокөлік салмағы	487
Автокөліктің артқы осіне түсетін жүктеме	487
Мотор бөлімі	535
Мотор бөлімінің компоненттері	535
Мотор майы	536, 580

Н

Нүктелі шырағандар	325
--------------------------	-----

О

Одометр	185
Орындық жылытқышы	48

Орындықтар	
Алдыңғы.....	37
Қолмен реттеу.....	39
Электр реттеу жетегі.....	40
Артқы.....	49
Арқалықты жию.....	52
Арқалықтың еңкею бұрышы.....	55
Бассүйегіш.....	50
Жолаушылардың немесе жүктің болуы туралы ескерту.....	71
Шынтақтаяныш.....	50
Жылытқыш.....	48
Оталдыру жүйесінің білтелері.....	543
Оталдыру жүйесінің құлпы.....	179
Көмескі жарық.....	181
Отын.....	357, 579
Деңгей көрсеткіші.....	186
Отын құю аузының люгі мен қақпағы.....	357
Суық ауа райында отын құю.....	474
Талаптар.....	357
Үнемдеу бойынша кеңестер.....	464
Шығын.....	590
Отын құю аузының люгі мен қақпағы.....	357
Отын шығыны.....	590
П	
Пайдалану барысында жөндеуге арналған құралдар.....	492
Пайдаланылатын шамдар тізімі.....	586
Р	
Радиатор.....	539
Радиатор желдеткіші.....	539
Руль.....	21

Бекіту.....	368
Жылытқыш.....	301
Еңкею/шығу бұрышын реттеу.....	301
С	
Сағат.....	239, 243, 265, 268
Сақтандырғыштар.....	565
Сатысыз трансмиссия.....	369
Сигнал беру жүйесі	
Апаттық жарық.....	184
Дыбыс	
Жылдамдықты шектен асыру.....	184
Кілтті еске салу.....	180
Қашықтан ашу жүйесі.....	210
Тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы.....	191
Спидометр.....	184
Стақанқойғыштар.....	331
Сүзгі	
Ауа.....	542
Май.....	538
Салон.....	317
Сүйреу	
Автокөлікті.....	504
Тіркемені.....	480
Сүйреу және бекіту құлақшалары/саңылаулары.....	504
Сұйықтық	
Әйнекжуғыш.....	557
Сатысыз трансмиссия үшін.....	544, 584
Тежегіш.....	545, 584
Сырғытпайтын шынжырлар.....	477

Т	
Тасымалдау	
Балалар	57
Жануарлар	10
Жүктер	478
Жүкті әйелдер	57
Нәрестелер мен кішкентай балалар	57
Тахометр	185
Тежегіш	380
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AVH)	401
Апаттық	405
Салқындату сұйықтығы	545, 584
Тежегіш дискілері	585
Тежегіш жүйесінің күшейткіші	381, 546
Тежегіш қыспақтары	
Ауыстыру	547
Тозу индикаторлары	382
Тежегіш педалі	546
Тежеу бойынша кеңестер	380
Тежеу жүйесі	380
Тұрақ	398
Шұғыл тежеу кезіндегі көмек жүйесі	381
Шұғыл тежеу сигналы	381
ABS жүйесі	382
EBD жүйесі	383
Тежегіш педалі	546
Тежегішті бекіту жүйесі (ABS)	382
Тежеу күшін электрондық тарату жүйесі (EBD)	383
Терезелер	159
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің көмегімен алдыңғы есіктердің терезелерін ашу/жабу	154
Техникалық ақпарат	596
Техникалық қызмет көрсету	525
Кеңестер	532
Сақтық шаралар	529
Техникалық қызмет көрсету кестесі	525
Төбедегі люк	173
Күнқағар қалқа	174
Қысып қалудан қорғау функциясы	174
Төбедегі рейлингтер	479
Трансмиссия (сатысыз)	369
Тұрақ тежегіші	398
Тұтқа	
Әйнектазартқыштарды басқару	22
Бұрылыс көрсеткіштері	282
Жарықты басқару	22
Селектор	371
Бекіту	375
Қолмен басқару режимі	372
«L» режимі	375
Тұтқалар	338
Тіркеме	480
Жарық сигналын беру жүйесі	482
Сақтандыру шынжырлары	482
Сүйреуге қатысты кеңестер	483
Ілінісу құрылғысы	481
Тіркemenің сақтандыру шынжырлары	482
Ұ	
Ұсақ-түйек бөлімі	330
Жоғарғы консоль	331
Жұқсалғыш еденінің астында	344
Ортаңғы консоль	330
Ұсақ-түйек үшін	330

Ф

Фаражуғыштар	293
Фаралар	271
Бейімделетін бұрылыс фаралары жүйесі (SRH)	278
Бейімделетін шалғай жарық жүйесі (ADB)	279
Жарық шоғы деңгейінің реттегіші	283
Жуғыштар	293
«Жыпылықтау»	274
Көшіктіріп өшіру	272
Күндізгі жүріс жарықтары	277
Тұман фараларының ауыстырып қосқышы (жарық)	284
Шалғай жарық көмекшісі	274
Шалғай/таяу жарық ауыстырып қосқышы	273
Фаралардың жарық шоғы деңгейінің реттегіші	283
Функция баптаулары	28
Функциялар (баптаулар)	28

Ш

Шамдар	
Ауыстыру	567
Тізім	586
Шанақты балауызбен жылтырату және өңдеу	518
Шиналар	548, 585
Айналу бағытының көрсеткіші	554
Ауыстыру	554
Ауыстырып салу	554
Жағдайды тексеру	550
Қысқы	476
Қысым мен тозу	10, 550
Тозу индикаторлары	553
Түрлер	548
Шинасының ауасы шыққан дөңгелекті ауыстыру	493
Шылымтұтатқыш	335

Шынтақтаяныш	50
--------------------	----

I**Ілмектер**

Жүксалғыштағы жоғарғы	344
Жүкті бекітуге арналған	343
Көмекші	340
Киімге арналған	339
Семкелерге арналған	340
Ілінісу құрылғысы	481
Бекіту орындары	488

Э

Эконометр	187
Электр әйнеккөтергіштер	160
Бекіту	162
Қайта баптау	162
Қысып қалудан қорғау функциясы	161
Электр қуат көзін кешіктіріп өшіру функциясы	161
Электр жүйесі	585
Электр қуат көзі	
Режимдерді ауыстырып қосу	182
USB ағытпасынан	336

A-Z

ABS	382
ADB	279
AVH	401
BSD	421
EBD	383
ISOFIX	95
LCA	421

PIN-код.....	144
RAB	430
RCTA.....	422
SI-DRIVE	377
SRH	278
SRVD.....	420
TPMS.....	394, 497, 548
USB	336
VDC	385
X-MODE	389

ЖАНАРМАЙ ҚҰЮ БЕКЕТІНЕ АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

■ Отын

▼ Отын түрі

Тек этилденбеген бензин.

▼ Зерттеу әдісімен анықталған октан саны

▽ 2.0 L модельдері

Ұсынылатыны – 95.

▽ 2.5 L модельдері

Ұсынылатыны – 95.

■ Отын багының көлемі

63 л.

■ Мотор майы

Міндетті түрде SUBARU рұқсат еткен мотор майын пайдаланыңыз. Толығырақ ақпарат алу үшін SUBARU дилеріне хабарласыңыз.

Рұқсат етілген мотор майы болмаса, төменде сипатталған балама мотор майын пайдаланыңыз.

Тек келесі түрдегі майларды пайдаланыңыз:

- API жіктелімі бойынша SN «RESOURCE CONSERVING» жазуы бар, API жіктелімі бойынша SN PLUS «RESOURCE CONSERVING» жазуы бар немесе API жіктелімі бойынша SP «RESOURCE CONSERVING» жазуы бар;
- ILSAC GF-5 немесе GF-6A – ILSAC жіктелімі бойынша, оны ILSAC (көп ұшты жұлдыз белгісі) сертификат белгісі бойынша анықтауға болады;
- ACEA жіктелімі бойынша A3 немесе A5.

ЕСКЕРТПЕ

Нарықта мотор майы сұрыптарының болуы елге және өңірге байланысты болады.

Тұтқырлық бойынша талаптар туралы толық ақпарат алу үшін «Мотор майы» бөлімін (☎ 580-бет) қараңыз.

■ Мотор майының көлемі

2.0 L қозғалтқышы бар модельдер: 4,4 л.

2.5 L қозғалтқышы бар модельдер: 4,2 л.

Көрсетілген май мөлшері нормативті болып саналады және мотор майын май сүзгісімен бірге ауыстырған жағдайда бағаланады. Мотор майын құйғаннан кейін оның деңгейін деңгей сүңгісінің көмегімен тексеру керек. Техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысты толығырақ ақпарат «Мотор майы» бөлімінде (☎ 536-бет) берілген.

■ Салқын шиналардағы қысым

Жүргізуші есігінің құлып бекіткіші астындағы ортаңғы тіреуде орналасқан тақтайшаны қараңыз.



SUBARU

ЖШС «SUBARU KAZAKHSTAN»